



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ



ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР БАЙМЫРЗА КОЖАМБЕРЛИЕВТІҢ
70 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ
РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАРДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ
НЕГІЗДЕРІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

Қызылорда қ., 2025 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

**ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
БАЙМЫРЗА КОЖАМБЕРЛИЕВТИҢ 70 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫ
ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«КАЗАХСКАЯ ДУХОВНОСТЬ И СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 70-ЛЕТНЕМУ ЮБИЛЕЮ ДОКТОРА ФИЛОСОФСКИХ НАУК,
ПРОФЕССОРА А БАЙМЫРЗЫ КОЖАМБЕРЛИЕВА**

**MATERIALS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE "KAZAKH SPIRITUALITY AND SOCIO-CULTURAL FOUNDATIONS
OF THE IMPROVEMENT OF SOCIAL AND HUMANITARIAN SCIENCES",
DEDICATED TO THE 70TH ANNIVERSARY OF THE DOCTOR OF PHILOSOPHY,
PROFESSOR BAYMYRZA KOZHAMBERLIEV**

Қызылорда, 2025 жыл

УДК 1/14 (574)
ББК 87.3
Қ17

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бөрібаева М.Ә. – филология ғылымдарының кандидаты, Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор

Сақтағанова Н.А. – PhD, Ғылым департаментінің директоры

Дузельбаева Г.Б. – экономика ғылымдарының кандидаты, Экономика және құқық институты директоры

Әбікенов Ж.О. – PhD, қауымдастырылған профессор, «Философия және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» секциясының жетекшісі

Насимов М.Ө. – саяси ғылымдарының кандидаты, «Философия және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» секциясының қауымдастырылған профессор

Сыздыкова М.Б. – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Философия және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» секциясының қауымдастырылған профессор м.а.

«Қазақ руханияты және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды жетілдірудің әлеуметтік-мәдени негіздері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 4 сәуір 2025 ж. Қызылорда, 2025. – 493 б.

ISBN 978-601-04-7042-2

Жинақта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ұйымдастырған «Қазақ руханияты және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды жетілдірудің әлеуметтік-мәдени негіздері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары ұсынылған.

ISBN 978-601-04-7042-2

© Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 2025.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Баймырза Қожамберліұлы!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы Сізді 70 жасқа толған мерейлі жасыңызбен құттықтайды! Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, философия ғылымдарының ғылым мен қоғамның дамуына қосатын өлшеусіз үлесін атап өткіміз келеді.

Философия адамзаттың даналығы мен ойлау мәдениетінің іргетасы. Философия дүниетанымдық негіздерді қалыптастырып қана қоймай, ғылым мен білімнің дамуына бағыт-бағдар беретін ілім. Философиялық зерттеулер жаңа идеялардың пайда болуына, ғылыми парадигмалардың өзгеруіне және таным үдерісінің тереңдеуіне ықпал етеді.

Қоғамның дамуында философияның атқаратын рөлі де орасан зор. Философия әлеуметтік құндылықтар мен идеалдарды қалыптастырып, мемлекеттің идеологиялық және мәдени саясатына ықпал етеді. Қоғамдық сананы жаңғырту, әділеттілік пен моральдық құндылықтарды орнықтыру, тұлғаның өзіндік санасын дамыту философия ғылымының негізгі міндеттері.

Сізді отандық философия ғылымының көрнекті өкілі, Қазақстандағы әлеуметтік-гуманитарлық білім беру саласына зор үлес қосқан ғалым, шәкірт тәрбиелеу ісінде ерен еңбек еткен ұлағатты ұстаз ретінде танимыз. Сіздің тәуелсіз еліміздің саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ағартушылық дамуы жолында атқарған еңбектеріңізді Сыр жұртшылығы біледі. Ұзақ жылдық еңбек жолыңыздың басым бөлігін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде өткізгеніңіз, Сіздің біліміңіз бен тәжірибеңізді Сыр өңірінің белді оқу орнының дамуына арнағаныңыздың айқын дәлелі.

Сіз өзіңіздің жоғары кәсіби біліктілігіңіз, ғылыми-педагогикалық ізденістеріңіз, жаңашыл бастамаларыңызбен философия ғылымдарының өркендеуіне елеулі үлес қостыңыз. Ұстаздық жолыңызда көптеген талантты шәкірттер тәрбиелеп, олардың ғылыми-шығармашылық дамуына жол аштыңыз. Білім беру мен ғылым саласындағы еңбегіңіз мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, көптеген марапаттарға ие болғаныңыз Сіздің қажырлы еңбегіңіздің айғағы. Сіздің рухани-мәдени құндылықтарды дәріптеу бағытындағы зерттеулеріңіз бен еңбектеріңіз ел игілігіне қызмет етіп келеді.

Мерейтойыңыз құтты болсын! Сіздің әрбір күніңіз мағыналы, әрбір сәтіңіз қуанышқа толы болсын! 70 жас бұл тек жаңа бастамалардың басы, ал Сіздің алдағы өміріңіз осыған дейінгі сәттерден де қызықты және толыққанды болуына тілектеспіз!

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс және отбасыңызға бақ-береке тілейміз! Жаңа белестерді бағындырып, еліміздің ғылым мен білім саласына қосарыңыз сарқылмасын!

Құрметпен,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Басқарма төрағасы- Ректоры
Бейбіткүл Сарсемханқызы Каримова

ҒАЛЫМ. ЗЕРТТЕУШІ. ҰСТАЗ.

Баймырза Қожамберліұлы Қожамберлиев Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Философия және әлеуметтік–гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы.

1955 жылы 20 наурызда Қызылорда облысы, Қазалы ауданының Майдакөл ауылында дүниеге келген. 1972 жылы Қызылорда қаласындағы 4 орта мектепті бітірген. 1975-1980 жылдар аралығында Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің философия және саяси экономика факультетінің философия бөлімінде оқыды. 1980 жылы ҚазССР Оқу Министрлігінің жолдамасымен Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің философия кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, университет кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. 1992 жылы Алматы қаласындағы Философия институтының Ғылыми диссертациялық кеңесінде «Формирование политического сознания тружеников села» тақырыбында философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады (ғылыми жетекшісі философия ғылымдарының докторы, профессор Р.А.Клешева). 1997 жылдан бастап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінде философия және экономика кафедрасының доценті, 1998-2007 жылдар аралығында философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, университет оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы, 2007-2011 жылдар аралығында «Тарих және құқық» факультетінің деканы қызметін атқарды.

2020 жылдан бастап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде философия және мәдениеттану кафедрасының профессоры қызметін атқарып келеді. 2005 жылы 23 желтоқсанда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің жанындағы докторлық диссертациялық Кеңесте «Рухани және әлеуметтік болмыс дамуының ара қатынасы» тақырыбында философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне диссертация қорғады (ғылыми кеңесшісі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор М.С.Аженов). 2005-2010 жылдары аралығында Қожамберлиев Баймырза Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің жанындағы докторлық диссертациялық Кеңес мүшесі болды. Қожамберлиев Баймырза «Мәдениеттану әлемі», «Саяси сана», «Болмыс философиясы» тақырыбында монографиялық еңбектері және ғылыми-саяси танымдық «Үлкен Саясат: Тұлғалар мен тағдырлар», «Сталиннен Горбачевқа дейін» (авторлармен бірлесіп) еңбектерінің және әлеуметтік философия, мәдениеттану, дінтану саласы бойынша жазылған 200-ден астам ғылыми, әдістемелік мақалалардың авторы, көптеген халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға қатысып, баяндамалар жасады. Қожамберлиев Баймырза Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Ж. Тоқаевтың 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалымен, Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың, Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Ж. Тоқаевтың алғыс хаттарымен, Нұр Отан партиясының «Белсенді қызмет үшін» медалымен, Республикалық «Аманат» партиясының төрағасы А. Ж. Қошановтың Алғыс

хатымен марапатталған. Қызылорда облысы әкімінің ғылым, мәдениет саласындағы тағайындалған 2006 жылғы стипендианты, Қазақстан Республикасының Жоғары Оқу орнының «Үздік оқытушысы-2009» грантының иегері. Кожамберлиев Баймырза қала, облыс деңгейіндегі мәдени, рухани және саяси іс-шараларға белсене қатысады. Облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасының орынбасары, «Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалы жанындағы «Мирас» аймақтық кеңесінің төрағасы қызметтерін қоғамдық негізде атқарып келеді. Қазалы ауданының құрметті азаматы, Қызылорда облысының құрметті ардагері, Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшесі. Облыстық және қалалық теледидарларда, облыстық газет бетінде қоғамның өзекті мәселелеріне байланысты сұхбаттар беріп тұрады. Ұжымда беделді ғалым-ұстаз.

ЖАН ЖҰМБАҒЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Ғарифолла Есім

Жазушы, профессор, Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Астана, Қазақстан.

Біз өзімізді философтар қатарында санайтындықтан «Біз кіміз, қай қоғамға дүниеге келіп, ғұмыр кешудеміз» деген сұраққа жауап іздей бастадық.

Қазақстанда философтар дегендер екі топқа жарылды.

Біріншілер философияны пән ретінде Жоғары оқу орындарында студенттерге оқытушылар, соның бірі Қожамберлиев Баймырза, ол философия пәнінің оқытушы ретінде жетістікке жеткен, жаны бай, жомарт ұстаз.

С. М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің философия факультетін (1980 жылдар) тәмамдап, содан беріде 1989-1997 жылдары Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент дәрежесінде ұстаздық қызмет атқарды.

1997 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Философия және мәдениеттану» кафедрасының доценті, профессоры болып, студенттерге дәріс беріп келуде.

Баймырза мырза республиканың қоғамдық өмірінде белсенді, оның еліміздің философтарымен тығыз байланысы бар.

Ғылым докторы, профессор болғандықтан ол жас ғалымдардың қалыптасуына диссертациялар кеңесінің мүшесі, ресми оппонент, сараптамашы болып атқарған жұмыстары ұшан-теңіз.

Баймырзамен өзім де жиі әріптестік байланыста болған адаммын, оның мен туралы Республика басылымдарында жақсы мақалалар жариялағаны есімде.

Ол ешқашан философтардың қатарынан қалған жоқ, қағылез мінезді, ақ ниетті, бірақ өзіне тән берік мінезі бар тұлға.

Әрине, Баймырзаның философ-тұлға болып қалыптасуына туған ата-анасының қамқоры зор.

Жақсы азамат болып қалыптасуы үшін хакім Абай әуелі жақсы ата-ана болуы керек, одан әрі жақсы құрбылары, яғни замандастары, одан әріде жақсы ұстазы болуы керек дейді. Осылардың бәрі жиналып келіп, жақсы адамды құрайды.

Қожамберлиев Баймырза – жақсы адам, яғни жақсы қазақ.

Жақсы адамның дәрістері де, әрине шәкірттерін жақсылыққа баулиды. Баймырзаның алдынан дәріс алып, саналарын салмақтаған шәкірттер жүздеп, мыңдап саналады. Мұндай қызметті қалайша жоғарғы марапатқа лайық демейсің. Құдайға шүкір, Баймырзаның Үкіметтен алған марапаттары жеткілікті, «әлі де кеш батқан жоқ» дегендей, бұл ұстаздың алда алатын марапаттары жеткілікті болады деген сенімдемін.

Жоғарыда философтар екі топқа жарылдық дедім, сол мәселеге тоқталайын. Екінші топтағы философтар, негізінен институтта қызмет еткен, әлі де сонда қызмет атқарушыларға қатысты. Олар өздерін шығармашылық топтың қызметкерлеріміз дейді. Анығын айтқанда, өздерін ерекше санайды. Мейлі. Бола берсін.

Мен 1947 жылы дүниеге ендім, көп кешікпей Баймырза 1955 жылы дүниеге келген.

1944 жылы профессор Фридрих Август Хайек «Дорога к рабству» (Құлдыққа бастайтын жол) деген кітап жазып, ол әлемнің он төрт тіліне аударылып, ол дүниеге белгілі адам атанып, 1974 жылы Нобель сыйлығының иегері атанды.

Біз бұл кезде дүниеге еніп, ғұмыр кешіп, философ атанып, ғылыми атақтарды иеленіп, құлдық қоғамда (социализмде) ғұмыр кешіп жаттық. Өздерін шығармашылық топқа санайтын философия институтының философтары Кеңестік социализмді, яғни

өмір сүріп отырған қоғамды құлдық жолға бастайтын қоғамды диалектикалық тұрғыда дәріптеумен болды. Анығын айтқанда, философиялық авторитаризмге қызмет етті.

Тәуелсіздік Баймырзаны философиялық тынысын ашты. Ол еркін ойлау дәстүріне көшті. Дәрісті Ибн Халдун, әл-Фараби, Ибн Сина, Қорқыт, Абайлардан баяндауға дағдыланды. Мағжан Жұмабаев «Қорқыт» поэмасында, Қорқыттың Жан жұмбағын іздегенін жырлап еді. Профессор Қожамберлиев Баймырза студенттерімен бірге Жан жұмбағын ізденіс үстінде. Қадамыңа құт бітсін, бауырым Баймырза!

ТАНЫМЫ МОЛ, ПЕЙІЛІ КЕҢ ФИЛОСОФ

Лесхан Әмірханұлы Асқар

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан

Берік Мұратұлы Аташ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, философия ғылымдарының докторы, Алматы, Қазақстан

Андатпа. Мақалада әлемдік және ұлттық руханияттағы философия ғылымының алатын орнын айшықтау мәселесі қарастырылған. Бір-бірімен ажырағысыз, біте қайнасқан философия және философ ұғымдарына салыстырмалы талдау жасалынып, олардың диалектикалық байланысына назар аударылады. Қазақ халқының өмір салтын айшықтайтын және олардың өмір сүру тәжірибесінде философиялық ой түю формасында көрініс тапқан дүниетанымының өзіндік төлтумалығы көрсетілген. Өзіндік ой саптау өрнегі бар, танымы мол философ-ғалым, филос.ғ.д., профессор Баймырза Қожамберлиевтің өмірлік бітім-болмысы мен шығармашылығына авторлық талдау жасалынды.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о месте философии в мировой и национальной духовности. Проводится сопоставительный анализ понятий философия и философа, в их диалектической взаимосвязи. Подчеркивается уникальность мировоззрения казахского народа, которая отражается в философских мыслях в форме опыта их жизнедеятельности. Также приводится авторский анализ жизненного пути и творчества философа, ученого, доктора философских наук, профессора Баймырзы Кожамберлиева, обладающего собственной формой мышления и фундаментальным знанием.

Abstract. The article discusses the role of philosophy in global and national spirituality. It compares the concepts of philosophy and philosophy, focusing on their dialectical connection. The uniqueness of the Kazakh worldview, which reflects philosophical thought through their life experience, is emphasized. Additionally, the article provides an authorial analysis of the life path and creative work of philosopher, scholar, Doctor of Philosophy, and Professor Baymyrza Kozhamberliev, who possesses his form of thinking and profound knowledge.

Бірнеше мыңдаған жылдықпен сабақтасқан философия ғылымы Қазақ халқының көне замандардан бері құрылымданған дүниетанымында, өмір салтын айшықтайтын тұрмыс-тіршілігінің тәжірибесінде философиялық ойтолғамдар түзілімі ретінде көрініс тауып, Кеңес үкіметі тұсында академиялық үлгідегі ғылыми философия арнасында қанат жайды. Оған сол кезеңдегі ғылым мен білімге бет бұрған қазақтың зиялы қауым өкілдері өз үлестерін қосты. Солардың бірегейі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, танымы мол философ Баймырза Қожамберліұлы Қожамберлиев еді.

Ол 1955 жылы 20 наурызда Қызылорда облысы, Қазалы ауданының Майдакөл ауылында дүние есігін ашқан. 1972 жылы Қызылорда қаласындағы №4 орта мектепті бітіреді. Ал 1975-1980 жылдар аралығында Алматы қаласындағы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің философиялық-экономикалық факультетінің философия бөлімінде оқыды.

Өркениет ойшылы Абай айтқандай, «Адамның адамшылығы ұстаздан» және «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген сияқты қазақта мағыналы тәмсілдердің

айтылуы тегін болмаса керек. Болашақ білікті маманның дайындалып, пісіп-жетілуіне көп жағдайда ұстаздар қауымының қосар үлесі қомақты болады. Сол кезеңдерде қазақ білімінің қара шаңырағының астында атақ-даңқтары әлемге танымал болған қазақстандық философия классиктері Ж. Әбділдин, А. Қасымжанов, Н. Сәрсенбаев, Қ. Рахматуллин, М. Әженов, О. Сегізбаев, А. Қасабек, Б. Нұржанов, А. Келбұғанов сынды профессор-академиктер шәкірттеріне салиқалы-білікті тәлім беріп, Байекең де сол қайнарлардан сусындап, философиялық принциптермен қаруланып, оны өзінің өмірлік ұстанымына айналдыра алған еді. Университетті философия мамандығы бойынша 1980 жылы сәтті бітіріп, алған терең, салиқалы білім-білігін жастарға үйрету мақсатымен жас маман ретінде Білім және Ғылым министрлігінің арнайы жолдамасымен Е.А. Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетіне ұстаздық қызметке жіберіледі.

Сол жерде философия кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, университет кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. 1992 жылы Алматы қаласындағы Философия институтының Ғылыми диссертациялық кеңесінде «Формирование политического сознания тружеников села» тақырыбында философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация (ғылыми жетекшісі философия ғылымдарының докторы, профессор Р.А.Клещева) қорғады. Ал, 1997 жылдан бастап, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінде философия және экономика кафедрасының доценті, 1998-2007 жылдар аралығында философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, университет оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы, 2007-2011 жылдар аралығында «Тарих және құқық» факультетінің деканы қызметін атқарды.

Баймырза Қожаберліұлының арғы ата-бабалары да өз дәуірінде елге танымал текті ұрпақтар болғандығына халықтық шежірелер куә. Ол – халқымызға танымал тарихи тұлға, әйгілі Жанқожа батырдың ұрпағы болғандықтан, оның рухы Байекеңді өмірдің әрбір саласында желеп-жебеп биік белестерге жетелеп келеді.

Бүгінгі таңда ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде философия және мәдениеттану кафедрасының профессоры қызметін атқаруда. 2005 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің жанындағы докторлық диссертациялық Кеңесте «Рухани және әлеуметтік болмыс дамуының ара қатынасы» тақырыбында философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады (ғылыми кеңесшісі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор М.С. Әженов). 2005-2010 жылдары аралығында Қожаберліев Баймырза Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің жанындағы докторлық диссертациялық Кеңес мүшесі болды. Қожаберліев Баймырза «Мәдениеттану әлемі», «Саяси сана», «Болмыс философиясы» тақырыбында монографиялық еңбектері және ғылыми-саяси танымдық «Үлкен Саясат: Тұлғалар мен тағдырлар», «Сталиннен Горбачевқа дейін» (авторлармен бірлесіп) еңбектерінің және әлеуметтік философия, мәдениеттану, дінтану саласы бойынша жазылған 200-ден астам ғылыми, әдістемелік мақалалардың авторы, көптеген халықаралық және Республикалық ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға қатысып, баяндамалар жасады. Б.Қожаберліев Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың алғыс хаттарымен, «Нұр Отан» партиясының «Белсенді қызмет үшін» медалімен, Республикалық «Аманат» партиясының төрағасы А.Ж. Қошановтың Алғыс хатымен марапатталған. Қызылорда облысы әкімінің ғылым, мәдениет саласы бойынша тағайындалған гранттың 2006 жылғы стипендианты, Қазақстан Республикасының Жоғары Оқу орнының «Үздік оқытушысы-2009» грантының иегері. Қожаберліев

Баймырза қала, облыс деңгейіндегі мәдени, рухани және саяси іс-шараларға белсене қатысатын белсенді тұлға. Облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасының орынбасары, «Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалы жанындағы «Мирас» аймақтық кеңесінің төрағасы қызметтерін қоғамдық жұмыс негізінде атқарып келеді.

Студент кезінде білімге, жаңалыққа жаны құмар, көрсем, білсем деп өскен балаң жігіттің философия ғылымына қарай бет бұруы, бұл ілімнің қыр-сырына терең бойлауы сол студент кезеңінен бастау алса керек...

Философия және философ бір-бірінен ажырағысыз егіз ұғымдар екендігі бесенеден белгілі. Философия тарихының бастауынан-ақ қалыптасқан «Философия дегеніміз не?» деген сауал ғасырлар қойнауынан маңызды сауал ретінде бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан, нақты жауабы әлі де табылмаған пікірталас аясында тұрақтамаған терең маңызды түйткілдердің бірі екендігі сөзсіз. Шындығында, бұл сауалдың түп-төркіні «философ дегеніміз кім?» деген сұрақтан басталуы тиіс. Себебі, біріншіден, философияны тек философ және философиялық ой ойлайтын рухани тұлғалар ғана жасайды, демек, ол да белгілі бір деңгейде өздігінен-ақ философқа айналады. Сондықтан, философияны жасаған философтың ұстанымы қандай екені бұл тұста бастапқы мәселеге өз бетінше өтеді. Өйткені, ол философияны қалай түсінеді, солай қалыптастырады, ал философия тарихы сол философтар ұсынған идеялардан басқа түк те емес. Екіншіден, «философиялық» деп сипатталатын атрибут «философтық» дегенмен сәйкес келеді. Егер де, сол философиялық мазмұнды қамтитын идея, құбылыс, табиғаттың мәні өздігінен-ақ, ішкі мағынасы жөнінен «философиялық» болатын болса, ол нақты дәйектеліп, талданып, сарапталып, философиялық деңгейге көтеріліп, қоғамдық сана оны сондай дәрежеде бағалаған болса, оның субъектісі – философ болып шығады, сондықтан, философия тарихында бәрінің әу-бастан философтық екендігі айқындалады. Ал философ болмаса, оның философиялық мағынасы да ашылмайды, демек, философ, сайып келгенде, бүкіл рухани және материалдық болмысқа философиялық мағына беруші немесе сол мағынаны философиялық деңгейде көтеруші болып шығады. Үшіншіден, бұл сауалды тек философ қана сараптай алады, яғни, мәселе тек философқа ғана тағайындалғандықтан, әуелі сол философтардың, аталған түйткіл аясында ортақ бір жалпылама идеяға тоғысатындығы сөзсіз болғандықтан, «философия дегеніміз не» деген дискурсты философтың өзінің ішкі болмысын зерделеуден туындату да нақты нәтижелер бере алады. Төртіншіден, Протагор ілімінен бастау алатын «адам барлық заттардың өлшемі» деген қағиданы сәйкестендіріп, «философ философияның өлшемі» деп байыптай аламыз. Ендеше, философ, тұтас дүниетанымның, философиялық білімдердің өлшеміне айналады. Бесіншіден, философия дегеніміз – сол философиялық мәселелердің қойылуы, ұсынылуы бұдан басқа ешнәрсе емес. Немесе, философия дегеніміздің өзі философтардың философияны қалай түсінетіндігі бойынша ортақ бір парадигмаларды басшылыққа алып ұсынған идеяларынан ауытқымайды және ол мүмкін де емес деп айта аламыз, кей жағдайда «ерте» және «соңғы» деген мәртебелер де беріледі. Бұл жағдайда, «ерте», яғни, бастапқы ойларын ұсынған кезіндегі философиялық идеяларын, сол философтың өзі тұтастай немесе ішінара жоққа шығарып, «соңғы» мәртебесі бойынша идеяларын басқаша құрылымдауы да ықтимал. Бұл әрине, жағымды мағынасында, философтың философиялық ойлауының жетілгендігін білдіреді.

Біздің Байекең философиялық шығармашылық тұрғыдан ғана емес, өмір жолында да бақытты жан. Бүгінде ағамыз отбасында қадірлі әке, үш немересіне сүйікті Ата, халқына «ғалым ақсақал», «көпті көрген білікті қария» ретінде танымал. Өмірлік жары ЛӘЗЗАТЫН тауып, екеуі жарты ғасырдай бірге ғұмыр кешіп, ата-ана рухына адал, алтындай – Айнұр, Жұлдызай, Айсұлу есімді үш қызды тәрбиелеп, шет елдік жоғары білім иегері етіп өсіріп отыр. Қазіргі таңда олар еліміздегі ірі компанияларда біліктілік танытып, белсенді қызмет атқарып жүр.

Біз, Сізді, танымы мол, кең пейілді философ, болмыс-бітімі зиялылық пен тектіліктің үлгісіне лайық, өмір мен ғылым жолында ақиқаттылықты ту етіп ұстанған, жүрегі ізгілік пен игіліктің мекеніне айналған тұлға ретінде ардақтаймыз!

Құрметті Баймырза Қожамберліұлы бүгінгі кемеңгерлі 70-жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын! Сіздің деніңізге саулық, отбасыңызға береке-бірлік, ғылыми ізденістеріңіз сәтті де, табысты болғай деп тілейміз!

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ӘДІЛЕТТІЛІК ҰСТАНЫМЫ*

Нұрмұратов Серік Есентайұлы

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Философия орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор. Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Ғылыми баяндамада қазақ халқының түркілік заманнан қазіргі кезеңге дейін қордалаған рухани өмірінің қалыптасуында ұлттық рухани қайнарлар мәселесі өркениет мағынада ерекше маңызға ие болатындығы көрсетілді. Ғылыми әдебиетте және қоғамдық өмірде кейінгі жылдары қазақ халқының тарихы, мәдениеті, руханияты мәселелері белсенді өзектендіріле бастады. Кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте пайда болған тәуелсіз мемлекеттерде өздерінің дербес бастауларына және рухани-мәдени тамырларына деген қызығушылығы артты. Кейінгі кезде ұмытылып келген көп қырлы рухани әлемнің, мәдениеттің және тарихтың мәселелері тарихи әділеттілік тұрғысынан ашық және батыл қоюға мүмкіндіктер беріле бастағандығы атап көрсетілді.

Тірек сөздер: адам, әділеттілік, рухани болмыс, мәдени мұра, руханият әлемі, тарих, философия

Аннотация. В научном докладе показано, что вопрос национальных духовных ресурсов имеет особое значение в формировании духовной жизни казахского народа с тюркской эпохи до наших дней в цивилизационном плане. В последние годы вопросы истории, культуры и духовности казахского народа стали активно освещаться в научной литературе и общественной жизни. В независимых государствах, возникших на постсоветском пространстве, возрос интерес к собственным истокам, духовным и культурным корням. В работе отмечается, что в последнее время появились возможности открыто и смело рассматривать забытые вопросы многогранного духовного мира, культуры и истории с точки зрения исторической справедливости.

Ключевые слова: человек, справедливость, духовное существо, культурное наследие, духовный мир, история, философия

Abstract. The scientific report showed that the issue of national spiritual resources is of particular importance in the formation of the spiritual life of the Kazakh people from the Turkic era to the present day in a civilizational sense. In recent years, the issues of the history, culture, and spirituality of the Kazakh people have begun to be actively addressed in scientific literature and public life. In the independent states that emerged in the post-Soviet space, interest in their own independent origins and spiritual and cultural roots has increased. The article describes the factors that, without denying their historical and cultural achievements, strengthened the inner strength of the Kazakh people and strengthened the spirit of freedom. It was noted that in recent times, the issues of the multifaceted spiritual world, culture, and history, which had been forgotten, have become possible to openly and boldly present from the perspective of historical justice.

Keywords: man, justice, spiritual being, cultural heritage, world of spirituality, history, philosophy

Мақала BR20280977 «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер» іргелі ғылыми зерттеулер ауқымында орындалды.

Жалпы руханият саласы адам мен қоғамның мұраттарының қалыптасуына ықпал етіп тұлғаның қалыптасуына, тәрбие, оқыту және білім беру үдерістерінде қатысады және ұрпақтан ұрпаққа сабақтастықпен беріліп отырылуы мүмкін. Белгілі қазақстандық

философ-ғалым Қожамбердиев Баймырза өзінің шығармашылығында рухани болмыс, руханият мәселесі жайлы өзекті мәселелерді табысты зерттеулер жасап келе жатқан елімізге белгілі ғалым және ұстаз. Оның шығармашылығында руханият туралы ойлар келтіріледі. Рухани әлем кез келген қоғамның рухани тұғыры.

Қазақ халқының рухани өмірін тарихи ретроспективасын зерттеу барысында талданатын мәселе түркілердің протоконфессионалды дискурсы және қазақ Ұлы Даласының құндылықтық әлемін қалыптастырудағы рөлі қазақ қоғамының дүниетанымының рухани-адамгершілік мазмұнды тақырыптары болып келеді. Түркі мәдениеті мен тарихы бойынша зерттеу бағдарламаларының жаңа аккорды - үлкен еуразиялық суперконтиненттің түркі халықтарының барлық тарихы түркі руханилығы мен оның тарихи дамуының өткен жолы деп қарастыруға болады.

Түркілік руханилық аясында түркілердің тарихы аймақтық және әлемдік тарихқа ықпалын тигізді деген өмірсүйгіштік идеясы туындады. Саясатта, дәстүрлерде, халықтық ауызша шығармашылығында, күнделікті өмір практикасында көрініс берген бұл идеялар өзінің негізгі мәнділігі бойынша қазақтардың рухани әлемін қалыптастырып қана қоймай көрші жатқан халықтардың рухани мәдениетіне әсерін тигізді. Бұл дерек өзінше алғанда өте маңызды, бірақ әлі кезге дейін толықтай зерделенбей, толық ашыла қоймаған күйінде болып тұр. Көрші Өзбекстан елінде, Ташкентте соңғы уақытта Орталық Азия елдерінің ортақ тарихын кітап түрінде жазып шығу мәселесі бастама ретінде көтеріліп жатыр. Соған біздің гуманитарлық сала мамандары белсенді қатысқаны жөн. Тек тарихшылар ғана емес сонымен қатар философ мамандар да өз үлестерін қоса алады.

Осылардың барлығы зерттеуші ғалымдар корпусының алдына түркілердің рухани дәстүрлерінің мәні мен мазмұнын ашу үшін қажет етілетін қазақ халқының рухани өмірінің түркілік қайнарларын тиімді, объективті және толықтай зерттеуге бағытталған жаңа дүниетанымдық және әдіснамалық мәселелерді қойып отыр. Сондықтан философияның бойындағы сипат, мазмұн және құндылықтар идеологиялық маңызға ие болады және қоғам дамуы үшін ерекше маңызды. Қоғам қандай философияны мойындағанына қоғамдағы рухани-адамгершіліктік ахуал тәуелді және оның сыртқы рухани-әлеуеттік әсерлерді қабылдау тұрақтылығы байқалады. Әсіресе, бұл әділеттілік қағидатын орнықтыру қоғамдағы тұрақтылық пен орнықтылықты күйретуге бағытталғандарға қатысты болады.

Бұл ұлт-мемлекеттерінің қалыптасу үдерісіне қатер төндіріп тұрған жаһаншылдық үдерісі өршіп бара жатқан кезеңде, өз тәуелсіздіктерін алып отырған түркі тілдес халықтар үшін үлкен маңызға ие. Қоғамдық жүйенің тұтастай өзгеруі кезінде, дәстүрлі өмір салттары мен кеңестік кезеңнен мирас болып сақталған қазіргі өмірге енген демократиялық құндылықтар мен нарықтық қатынастар мәдениеті өзара әсерлесуі жағдайында, өзіндік даму жолын таңдаудың күрделі міндеті пайда болады.

Түркілік мәдениетті, тарихты, философияны зерттеудегі әдіснамалық және дүниетанымдық жағынан орны толмас олқылықтарды еуроорталықтық бағыттағы рухани мәдениеттің ең жоғары үлгілері, оның квинтэссенциясы болып табылатын философия «өркениетті» халықтар деп аталатындардың шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі деген ұсыныстарға сәйкес болды. Бұл дүниетанымдық-идеологиялық бағыт тұжырымды түрде Гегельдің «Философия тарихының лекцияларында» және «Тарих философиясында» айтылғаны белгілі. Оның нақыл сөздерін еске алар болсақ: «Философия нақты мағынасында Батыстан бастау алады», «...біз Батыста нағыз шынайы философияның ортасындамыз», «осылайша, Шығыстық ойларды философиядан шығарып тастау керек...», «... бұл жерде философиялық танымға орын жоқ» және т.б. айтылғандар жатады [1, 146, 147 бб.]

Қоғамның рухани өмірінің жоғары түрі – философияны туғызатын зияткерлік іс-әрекетпен көшпенділіктің сәйкес келуі мүмкін емес деген түсінік еуропацентрлік пайымдауда жетекші орын алады. Қазіргі кезде кейбір мамандар бұл көзқарасты жоққа

шығаруда және философия негізінен жүйеленген дүниетаным деген көзқарасты алға тартады [2]. Сонымен қатар философиялық ойды жеткізуде рационалдық тұдырымдармен қатар поэтикалық көркем образдардың маңызы бар екенін алға шығарады.

Қазіргі және өткен жүзжылдықтың философиялық тәжірибелері көп түрлі өмірлік және философиялық практикадан философияның өнердің, ғылымның, поэзияның, діннің шекаралық аймағына шығуға, психологияға килігіп, күнделікті өмір контексіне еруге талпынғанын тауып көрсетті. Жаңа заман философияның көптүрлі, көпбейнелі тарихи әртүрлі болатындығын байқайды. Сондықтан да көшпенділік жағдайдағы әлемді қабылдаудың философиялық түрлерінің дамуы жайлы мәселе қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы және түркі тілдес елдердегі философиялық зерттеулердің өзегі болып табылады. Осы тақырыпқа арналған жұмыстарда, қазіргі кезең әдіснамасы тұрғысынан философия өз алдына теориялық білім және ойлау дәстүрі ретінде тек қана отырықшылық өркениетте пайда болып, дамымайды деген тұжырымдар жасалады. Философиялық әлемді қабылдау дәстүрлі емес тәсілдермен игерілуі мүмкін, өйткені адам санасында әр түрлі деңгейлер мен қабаттар өмір сүреді және өріледі.

Біз оған назар аударып отырып түркі руханилығының қойнауынан туындаған терең онтологиялық байланысты аңғарамыз. Өйткені ол біздің ұжымдық бейсаналығымыздың бастауы бола отырып бізге қоршаған ортаның барлығымен, яғни табиғатпен, адамдармен, ғаламмен үйлесімділікте өмір сүруді аманат етіп қалдырды. Түркі руханилығында табиғат пен қоғамды құрметтеуге, үлкендер мен аруақты құрметтеуге арналған керемет мағынасы бар құндылықтар орын алады және о бастағы дүниендегі бірлікті болмыстандыратын өзара байланыстылық ұстанымдарын және сонымен қатар бір-бірімен өзара қатыстылықты көрсетеді.

Қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде дүниеге келген Әбу Насыр әл-Фараби ортағасырлық Таяу және Орталық Шығыста зияткерлік қозғалысының ірі өкілдерінің бірі болып қалыптасып, антикалық философияның идеяларын, бәрінен бұрын көне грек классиктері Аристотель мен Платонның, ислам дүниетанымы мен антикалық философия жетістіктерін жемісті түрде синтездей отырып дамытты. Әл-Фараби философиясы арқылы ислам, антикалық және түркілік мәдениеттерінің жемісті сұхбаты ғана жүргізілген жоқ, сонымен бірге жалпыәлемдік мәденет, ғылым, философия дамуына әсер еткен энциклопедиялық мұра да қалды. Әл-Фараби заманының еркін ойшылдыққа ұмтылысын білдірген идеялары [3, 196-208 бб], қазақстандық ғалымдардың көзқарастары бойынша, оның дүниетанымдық әмбебаптарына, түркілік діл мен дүниетүсініктердің әсерімен астасып жатты [3, 33-38 бб].

Түркілік руханилыққа әл-Фараби дәуірінде ислам бойлап енді, бірақ оны түгелдей жоғалта алмады. Тәңіршілдік те, ислам да әрқайсысы өзінше діннің сакралды тәжірибе түріндегі кейіпінде орныққан әмбебап принципті, мүмкін деген әмбебап ақиқатты игеру нұсқасын танытты. Титус Буркхарттың «діни формалардың көптүрлілігі тотальді Ақиқат алдындағы кез келген формалды көріністің адекватты емес екенін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар әрбір форманың жанама түрде рухани шынайылығын, оның жалпы принципін қайталанбас, ұқсамайтын екендігін паш етеді» дегені орынды [4, 8 б.]. Қазіргі қазақ руханияты әзірге өзінің жетілдірілмеген элементтерімен айрықшалаанады. Әсіресе, діни дүниетанымға келгенде көзқарастық шашыраңқылық ұлғайып отыр. Саяси саланың дамуының да біршама кенжелеп қалған тұстарын атап өтуге болар еді.

Түркі руханилығы адамның әлемге деген жасампаз өмірсүйгіштік қатынастарының табиғи қуатын әкелді және соның арқасында, Ш.Ш.Уәлиханов көрсеткендей, табиғатқа таңқалуға, құрметтеуге ұмтылдырды, оны қасиеттендіруге мүмкіндіктер берді [5, 49-51 бб.]. Адамның қоршаған ортаға барынша іңкәрлікпен қарауы, оның қанша қауіпті болса да табиғи әлеммен бірлікте және үйлесімділікпен өмір сүре білуі оған деген құрметпен қараушылықты ғана туындатып қоймай, сонымен

қатар онымен бірігіп кетуден бақытты болу қабілетін тапқызды. Бақыт, сонымен материалдық жетістіктен, денсаулықтан, бейбіт өмірден құралған күнделікті өмірлік тәжірибе әлеміндегі игілікті ғана қамтымады, ол сонымен қатар Тәңірі сыйлаған рухани болмыстың толыққандылығына бағытталды.

Түркі әлемінің тағы бір керемет ойшылы Жүсіп Баласағұнның шығармашылығы жалпыадамзаттық идеалдардың, мейірімділік, әділеттілік, ақыл-ойдың дамуына өз үлесін қосты. Ол ортағасырлық ислам философиясындағы ойтолғаулардың едәуір бөлігінен орын алатын бақыт тақырыбын дамытуды жалғастырады. Ол көптеген ортағасыр Шығысы ойшылдарының солардың қатарында, шығыс перипатетиктері – әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ибн Руштың философиялық шығармаларында орын алады. Ж. Баласағұнның «Құтадғу білігінің» («Құтты білімі») мазмұны оның шығыс перипатетиктерінің философиялық-адамгершіліктік ізденістері дәстүрінде жазылғандығын көрсетеді [6]. Бақыт деген не, адам бақытты бола ала ма, адамның жетілуі неде, жетілген адам қанадай болуы керек және әділетті қоғам және т.б. сұрақтарға жауап іздейді.

Жүсіп Баласағұн философиясы әл-Фараби философиясы сияқты өзгерістер дәуірінде және түркі қоғамы дамуының мәдени болашағын таңдауы жағдайында қалыптасқан шығыс перипатетизмі, неоплатонизм, ислам және түркі руханилығы идеяларының өзара байланысы мен астасуын паш етеді. Тарихи персоналдардың ұстанымдарын салыстыра отырып Баласағұнның «Құтты білік» поэмасының мәтінін талдау осы дәстүрлердің поэтикалық аллегориясы болып табылатын дүниетанымдық және аксиологиялық «қақтығыстарға» шығарады. Айтолды – «Бақыт» түркі руханилығын білдіреді; Күнтолды – «Әділеттілік» болса «Сенімнің қорғаушысы», мұсылман дәстүршілдігінің өкілі болып келеді; Оғдөлмеш – «Зерде» өзінің тұжырымдарын рационалды түрде дәйектейді және прагматикалық рационализмді танытады; Оғдырмыш – «Көнбістілік» сопылық даналықтың үлгісі болғанын байқаймыз. Әртүрлі және өзекті тақырыптарға сұхбат жасай отырып, адамзаттың мәңгі сұрақтарына жауаптарды ашықтай іздей отырып бұл рухани практиктер және ұстанымдар қауымдасатын және әр қилы болатын тұстарын аңғарады, бірақ олар адамды асқақтатуға ұмтылуда және оны адамның шынайы болмысы мен тағайындылығына жақындатуда біртұтас бола түседі.

XI ғасырдағы түркі тайпаларының рухани өмірі келесі түркі зерттеушісінің шығармаларында, яғни Махмұт Қашқаридің «Диван лугат-ат-түрк» («Түркі сөздерінің сөздігі») көрсетілген. Бұл еңбек түркі әлемі терминдерін зерделеуде ғана емес, ол түркі тілдес халықтардың әдет-ғұрыптары мен тұрмыс ерекшеліктерін, сонымен қатар тарихтың сол кезеңіндегі жаратылыстану ғылымдарының пайымдауларын тамаша ашып берді [7]. Түркі әлемінің көптүрлілігі терминологиялық мағынада игілікті және тынымсыз жұмыстың арқасында ашылып көрсетілді. Махмұт Қашқари балалардың ойынынынан бастап мифтар мен тарихтың батырларымен аяқталғанға дейін түркілік дәстүрлі өмірінің ұғымының көптеген қырлары көрсетті, әлеуметтік-басқару иерархиясында лауазымды кісілердің аттарын атап берді. Ол түркілік табиғаттың үлкен территорияны дүниеге паш еткен түркінің «әлемдік картасын» ұсынды.

Түркі әлемінің ұлы философтарының шығармашылығы арқылы түркі руханиятының және ислам философиясының жетістіктері, оның руханилығы ашылып көрсетіледі [8]. Қазақ ойшылдарының дүниетанымын, әсіресе Қазақстан аймағына исламның таралуынан кейін, жалпы тарихи-мәдени және рухани саладан бөлек қарастыруға болмайды. Исламды тарихи тұрғыдан зерделеуге және түркі мәдениетіндегі философияға әсерін, сонымен қатар мәдениеттің рухани тамырларының ортақтығы XII ғасырда (қазіргі Түркістан қаласы) Яссы қаласында тұрып қызмет еткен ұлы ойшыл, дана Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылығы ерекше маңызға ие. Оның басты еңбегі «Диван-и-Хикмет» («Даналық кітабы») діни-этикалық құндылықтарға арналған.

Жалпы әлеуметтік және рухани мүдделер кез келген этнос үшін тарихи процестің пәрменді ағымынан, қисынан туындайды. Сондықтан белгілі бір әлеуметтік, саяси және мәдени кеңістікте қалыптасқан және өрбіген ұлттық рухани қазынаның қордалануы кездейсоқ құбылыс емес. Рухани келбет пен мұра ұлт үшін ерекше киелі дүниелер ретінде өзіндік тарихи болмыстың терең қатпарларында шындалып, тарихи процесс пен тарихи сана үшін қажетті құбылыс ретінде қалыптасады. Сонымен қатар бұл рухани факторлар бірте-бірте қоғамдық құрылымдардың өзіндік пәрменді дамуына қажетті және ықпал ететін қозғаушы күшке айналады, әрі сан қырлы саланы қамтиды. Ал, енді осындай өзіндік әлеуметтік және тарихи терең мағынадағы детерминациялық заңдылыққа тікелей бағынбайтын өтпелі құндылықтық негіздерге сүйенетін, үстірт көрініс беретін әлеуметтік құбылыстар жалаң саясаттың шылауында болады.

Жалпы тарихи сананы оң және терең мағынада зерделеп, оны жан-жақты бағамдап, қоғамдық санадағы адами және әлеуметтік прогресті, алға жылжуды қамтамасыз етуші рухани күш екенін көрсете аламыз. Ол халықтың бұқаралық санасында белгілі бір орын алып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік деңгейде руханилық, рухани дамуды қамтамасыз ететін белгілі бір саяси платформа мен әлеуметтік бағдарланған концептуалды парадигманың іргетасы болып табылады. Осындай үдерістер күделікті өмірде үйреншікті құбылыстарға айналғанда ғана қоғамның интеллектуалды сипатта сапалы деңгейге көтерілгені байқалады, өркениетті елдер терезесі тең елдей санаса бастайды.

Қазақ өркениетінің, ұлттық менталитетінің негіздері мен дәстүрлі саяси мәдениеттің іргелі категорияларын талдай келе, қазіргі қазақстандық қоғамдағы билік қатынастары жүйесіндегі саяси дәстүрдің рөлін менталитет пен тарихи сананың өзара байланысы ауқымында ашып көрсетуге болады. Ұлт менталитет негізінен халықтың рухани өміріндегі бейімділіктер мен таптаурындық негізде қалыптасқан ұстанымдардан тұрады. Ал тарихи сана соның белгілі тарихи кезеңдегі және кеңістіктегі әлеуметтік көрінісі.

Жалпы қоғамдағы адамаралық, қауымдастық аралық қатынастарда өзара келісімге, ымыраға келу менталитеті – қазақ халқының руханиятындағы негізгі этикалық ұстанымдардың бірі. Осы этноәлеуметтік құбылыс гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан алғанда жан-жақты зерделеуді қажет етеді. Бұл құндылықтық бағдарлар қазақ ұлтының бірнеше ғасырларға созылған тарихи дамуы барысында саяси дүниетанымдық феномен ретінде қалыптасты. Әсіресе, тарихи санада этникалық ағзаны, құрылымды жою механизмін жүзеге асыруға жол бермейтін факторларды күшейту қадамдары жасалып отырылды, солардың қатарына қоғамдағы рухани және діни жүйелердің, саяси-құқықтық құрылымдардың тетіктерінің тиімді қызмет етуі жатады [9]. Қазақ халқы өзінің ұлттық иммунитетін осы қадамдар арқылы өз тарихында нығайтып отырған.

Әдебиеттер:

1. Гегель Г.В.Ф. Лекции по истории философии. – СПб: Наука, 1993. – 350 с.
2. Сагадеев А.В. Свободомыслие мусульманского средневековья // Свободомыслие и атеизм в древности, в средние века и в эпоху Возрождения. – М.: Мысль, 1986. – С. 152-211.
3. Идеалы аль-Фараби и социогуманитарное развитие современного Казахстана. Коллективная монография. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 232 с. Буркхарт Т. Введение в доктрину суфизма. Таганрог: Ирби, 2009.- 144 с.
4. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4 – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 462 с. – С.48-70.

5. Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание» // Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. – М., 1983. – С. 495-517.
6. Қожа Ахмет Иасауи «Диуани хикмет» Баспаға әзірлеген Қ. Қари, Ғ. Қамбарбекова, Р. Исламзаде. Тегеран: «Әл-Хұда», 2000. – 198 б.
7. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006. – 142 с.
8. Нысанбаев, А., Машан, М., Мурзалин, Ж., Тулегулов, Эволюция политической системы Казахстана. В 2-х томах. Том 1, Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 2001.-345с. 285–303 бб.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ

Нұрышева Гүлжиһан Жұмабайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақ философиясы» Ғылым және білім орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор. Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада цифрлық дәуірдегі қазақ философиясының негізгі даму бағыттары қарастырылды. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің тез дамуы цифрлық қоғам феномені мен цифрландыру процесінің индивид пен тұлғаға әсеріне философиялық рефлексияны қажет ететіні атап өтілді. Цифрлық дәуірдің өзекті мәселелері аясында адам болмысының мәнін түсінуге қабілетті қазіргі қазақ философиясының міндеттері анықталды.

Аннотация. В статье рассмотрены основные векторы развития казахской философии в цифровую эпоху. Отмечается, что стремительное развитие цифровых технологий и искусственного интеллекта требует философской рефлексии на феномен цифрового общества и влияния процесса цифровизации на индивида и личность. В контексте актуальных проблем цифровой эпохи определены задачи современной казахской философии, способной улавливать саму сущность человеческого бытия.

Abstract. The article examines the main directions of the development of Kazakh philosophy in the digital era. It highlights that the rapid advancement of digital technologies and artificial intelligence necessitates philosophical reflection on the phenomenon of the digital society and the impact of digitalization on the individual and personality. In the context of the pressing issues of the digital age, the article identifies the tasks of modern Kazakh philosophy, which is capable of capturing the very essence of human existence.

Отандық философиялық әдебиетте «қазақ философиясы» ұғымы туралы пікірталас ХХ ғасырдың соңында қызу жүргені белгілі. Оның орнына «даналық», «қоғамдық ой», «көзқарас» терминдері ұсынылды. Бұл құбылыс заңды, себебі ұлттық философия туралы сөз ету, оны тереңдеп зерттеу мүмкіндігі еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана пайда болды. Бұрынғы кеңестік жүйе тұсында философияның қоғамдағы рөлі тым әсірелене бағаланып, ол арнайы жоғары білімді мамандар ғана айналыса алатын күрделі ой еңбегінің жемісі ретінде қарастырылғаны белгілі. Сондықтан да тұтас халықтардың (соның ішінде қазақтардың да) өз философиясы болуы мүмкін емес деген көзқарас қоғамда мықтап қалыптасты және бұл пікірге қарсы шығушылар да көп байқала қоймады. Идеология қызметшісіне айналған кеңестік философия бірте-бірте өзінің алғашқы мәнінен айрылып, қоғамнан, әсіресе жеке адамнан жаттана бастады. Бұл жүйеде философия теориялық идеология, адамгершілікті уағыздаушы ілім, универсалдық методология және дүниенің әлеуметтік интерпретациясы ретінде қарастырылып, тұлғаның дүниеге көзқарасының қалыптасуындағы философияның айқындаушы рөлі туралы тұжырым басым болды.

Шындығына келсек, адамның дүниеге көзқарасының қалыптасуы философиядан тәуелсіз, оған дейін жүзеге асатын процесс. Қарапайым сана философияның араласуынсыз-ақ көзқарас тұтастығына, толықтығына және жүйелілігіне ұмтылады және олар философиялық дүниетанымның қалыптасуына негіз болады. Қазақ халқының дүниетанымына аталған сипаттар тән. Қазақ философиясы туралы алғашқылардың бірі болып айтып, жоғарыда аталған пікірталаста өзінің көзқарасын дәлелдеп шыққан және қазақ философиясының тарихын зерттеудің негізін қалаушы ғұлама Ораз Аманғалиұлы Сегізбаев тұжырымдағандай, «Кейбір зерттеушілердің қарама-қарсы пікірді дәлелдеуге тырысатындығына қарамастан, басқа халықтардағы

сияқты, философия қазақтарда да, әрине, болды. Қазақтарда философия, дәл басқа халықтардағы сияқты, адамның өзін қоршаған ортаны бейнелеу, дүниенің не екенін, адамдар үшін, олардың қандай болғанына және немен айналысатынына қарамастан, маңызы қандай екенін түсіну қажеттілік ретінде пайда болды. Әрине, қазақ философиясының басқа елдердің халықтарының философиялық ойымен ортақ жақтары көп болды, бірақ сонымен қатар онда қазақтардың өздерінің өмірінің ерекшеліктері көрініс тапты» [1, 19 б.].

Қазақтың философиялық дүниетанымының бұл ерекшелігін отандық философ, профессор Сергей Колчигин де өте жақсы дәлелдеп берді деп ойлаймыз: «На сегодняшней международной конференции в Челябинске в связи с докладом Дениса Качеева возникла дискуссия. Правомерно ли говорить о казахской философии как именно о философии? Не подменяется ли тут понятие «мировоззрения» понятием «философия»? Денис ответил на эти вопросы вполне убедительно. Но хочу сказать о другом. Вопрос о «философии и не-философии» вновь и вновь всплывает в философском сообществе. И приходится снова и снова к нему возвращаться. Так что же такое философия? Это – размышление человека о мире и о себе. Откуда возникает это размышление? Очевидно, из способности человека мыслить. Мышление свойственно всем людям. Соответственно, размышление о мире и о самом человеке присуще всем людям. Следовательно, в данном случае речь может идти только о ГЛУБИНЕ размышления об этих предметах. Там, где эти размышления глубоки, там есть философия. ...Есть глубина – есть философия. [2].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында отандық философтардың арасында бұрын-сонды болмаған ерекше құбылыс байқалды. Қазақша ойлап, қазақша жазып жүрген философтарымыз ғана емес, ой еркіндігі идеологиялық диктатурамен шектелген заманда философияның басқа салалары бойынша ізденіс жүргізген белгілі ғалымдарымыз ұлттық философияға күрт бетбұрыс жасап, қазақтың философиялық дүниетанымын жарқыратып ашқан сүбелі еңбектерді дүниеге әкелді. Олардың қатарында ұлттық ойлаудың ерекшеліктерін бұрыннан да зерттеп жүрген Ораз Сегізбаевтың «История казахской философии. От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия», Ағын Қасымжановтың «Портреты Степи», Мұқан Орынбековтің «Предфилософия предказахов», Ғарифолла Есімнің «Хакім Абай», «Сана болмысы» еңбектері, Бекет Нұржановтың монографияға татитын «Город и степь» мақаласы ерекше орын алады.

Кейінірек мемлекеттік «Мәдени мұра» аясында академик Әбдімәлік Нысанбаевтың басшылығымен қазақ философиясы бойынша 20 том, әл-Фараби философиясы бойынша 10 том дайындалды. Ал «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әлем философтарының көптеген оқулықтары шет тілдерден қазақ тіліне тікелей аударылып, қазақ балаларының игілігіне айналды.

Философия пәні еліміздің жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқытыла бастады, қазақ халқының философиялық дүниетанымын зерттеуге арналған көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды, қазақ тілінде жазылған оқулықтар жарық көрді. Қазақстан философтарының Конгресі құрылып, көп жұмыстар атқарылды, 2024 жылдың тамызында Рим қаласында өткен XXV Конгреске еліміздің 20-дан астам ғалымдары қатысты.

Қазақ философтарының ғылыми мақалалары, соның ішінде қазақ философиясын зерттеуге арналған мақалалары Scopus, Web of Sciens базаларында жариялана бастады. Мысалы, халықаралық Springer баспасында жарық көрген, қазақтың этикалық категориялары зерттелген мақала (Г.Нұрышева, Ж.Әміребаева, А.Әміребаев) ең көп оқылған және ең көп сілтеме жасалған мақалардың бірі екен [3]. Философияға жастардың қызығушылығы да жылдан жылға артып келеді. Мысалы, республикамыздың жоғары оқу орындарының «Философия» мамандығын таңдап, оқу түсуші бакалавриат, магистратура және докторантураға түсушілердің саны көбейіп

отыр. Яғни, біздің ойымызша, «қазақ философиясы бар ма, әлде жоқ па» деген мәселені енді көтерудің керегі жоқ, қазіргі цифрлық дәуірде ол шешуге тиісті міндеттер туралы айтқанымыз жөн.

Біз өмір сүріп отырған қазіргі кезең цифрлық дәуір деп атала басталды және «цифрлық» ұғымымен байланысты нәрсенің бәрі сияқты бұл сөзтіркес те ғылыми айналысқа тез еніп, оның мазмұны да тез өзгеріп жатыр. Цифрлық дәуір, цифрлық қоғам, цифрлық революция, цифрлық бетбұрыс дегеніміз не?

«Цифрлық қоғам» ұғымын «ақпараттық қоғам» ұғымының синонимі, «ақпараттық қоғам дамуының ең жоғарғы, адам қызметінің барлық салаларын қамтыған цифрлық технологиялар мен цифрлық практикалар кең тараған сатысы деп сипаттасақ болады [4, 21 б.]. Цифрлық қоғамның тез дамып отырғаны соншалық, көптеген терминдер әлі нақтыланып үлгермей жатыр. Мысалы, кейбір ғалымдар «цифрлық революция» туралы айтуға әлі ерте, сондықтан «цифрлық бетбұрыс» терминімен шектелген дұрыс деп есептейді [4, 22 б.]. Біздің ойымызша, нағыз цифрлық революция жүзеге асты, себебі цифрлық технологиялар, әсіресе жасанды интеллект экономика, ғылым, білім, күнделікті өмір саласын түгелдей қамтып, түбегейлі өзгертті.

Осындай өзгерістер бүкіл адамзаттың бойында «цифрлық эйфория» туындатты да, цифрландырудың теріс процестері мен ықпалдары ескерілмей, оларды өткінші, зиянсыз құбылыстар ретінде қарастыру, көп жағдайда терең мазмұнына бойламай, үстіртін, жеңіл түсіну байқалып отыр. Мұндай құбылыстың себебі де бар: ақпараттың көптігі, ақпараттық революция адамның интеллектуалдық қабілетінің революциясын, тіпті эволюциясын да туындатпады, қазіргі адамның ақпаратты қабылдап, өңдеу деңгейі жалпы алғанда цифрландыру дәуірі басталғанға дейінгі деңгейде қалды. Әрине, цифрландыру ақпаратты іздеп, табу процесін жеңілдетті, бірақ ғылыми тұрғыдан дамуымыз автоматты түрде арта қойған жоқ. Керісінше, ғылыми ізденіс саласына оған жат, түсінігі мен деңгейі тайыз мамандар келе бастады, сан жағынан бәрі дұрыс сияқты болып көрінгенмен, сапа төмендеді, тіпті жасанды интеллект технологиясын қолданып жазылған мақалалар да пайда бола бастады. Бұл құбылыс ғылым мен білімді жақсылыққа жетелемейтіні анық.

Елдің ғылымы мен білімін, мәдениетін, жалпы менталитетін, қоғамдық санасын цифрлық, экономикалық және технологиялық дамудың екінші факторы ретінде қарастыру өте қауіпті екені қазір айқын байқалып отыр. Бұл дағдарыстан шығудың жолы қандай?

Қазіргі дағдарыс технология, өркениет және мәдениет арасындағы шиеленіспен байланысты. Өркениет күрделі, әлеуметтік маңызы зор технологиялардың негізінде пайда болды. Мұндай технологиялар материалдық өркениет саласын ғана емес, билікті, әскери істі, ауыл шаруашылығын, транспорт, байланыс және интеллектуалдық қызмет салаларын қамтиды. Өркениет технологияның ерекше социогендік функциясынан туындайды. Технология өзіне қажетті нормативті-реттеу ортасын қалыптастырады. Осы орта «өркениет» ұғымы арқылы бейнеленеді. Яғни өркениет белгілі бір технологияның қалыпты қызмет етуі мен дамуын қамтамасыз етеді. Өркениет біртепті технологиялардың негізінде қалыптасқан қоғамдардағы жалпыны көрсетеді.

Ал мәдениет болса, әрбір қоғамдастықтың, әрбір социумның индивидуалды бастауының көрінісі. Мысалы, қазақ мәдениеті қазақ халқының этнотарихи индивид ретіндегі болмысының, тілінің, тарихи тағдырының, дінінің ерекшеліктерін бейнелейді. Әрбір мәдениеттің мызғымас, ғасырлар бойы қалыптасқан ядросы және оны қорғаушы белдеулері бар. Белдеулер – әрбір ұлтқа тән адамгершіліктік, әлеуметтік, интеллектуалдық реакциялар, олар ядроға сыртқы ортаның теріс әсерін тигізбеуге тырысады. Белдеулері мықты мәдениет өзін сақтап қалады. Өркениет, технология, мәдениет бір-бірімен үндестік тапқан кезде қоғам бірқалыпты дамиды, ал бір-біріне ықпалдасу болмаған кезде дағдарыстар мен шиеленістер пайда болады. Сондықтан да тәуелсіздік жолына түскен біздің мемлекетіміз үшін жаңа технологияны қабылдайтын

менталитетті қалыптастыру, оның теріс жақтарынан қорғайтын мәдени белдеулерді күшейту аса маңызды. Бұл ретте көп нәрсе адамның өзіндік санасын – адамның өзі, өзінің терең болмысы, өзінің кемшіліктері мен теріс қасиеттері туралы білімін нығайтуға байланысты. Өзіндік сана мәдениеттің ядросына үңіліп, ондағы тарихи мұраны тануға қабілетті, ал мәдени-ұлттық құндылықтарды дұрыс қолдана білу арқылы технологияның басымдығына қарсы тұруға болады.

Осы тұрғыдан алғанда, жалпы философияның, әсіресе, біздің елімізде қазақ философиясының рөлін нығайтып, статусын жоғарылату қажет. Бұл – аксиома, Кантша айтсақ, бұлжымайтын императив. Философияның маңызы қоғам дамуының қиын да күрделі сәттерінде арта түсетіні белгілі. Себебі, ол Ғаламдағы адам болмысының мәнін, рухани негіздерін байқап, түсіндіруге қабілетті. Цифрлық революцияның қазіргі кезеңінде оның жетістіктеріне қатысты терең философиялық рефлексия мен бағалау қажет екені айқын байқалып отыр. Керемет ғылыми және технологиялық жетістіктерді дүниеге әкелген цифрлық дәуірді философиялық тұрғыдан талдау әлі де болса жетіспей жатыр, себебі ойшылдар мен философтардың басым бөлігі бүкіл әлемді жаулап алған ақпараттық толқын соншалықты күшті болады деп ойламады [5]. Нәтижесінде цифрлық қоғамды ғылыми және дүниетанымдық тұрғыдан талдаудың жылдамдығы қазіргі заманғы өркениеттің инновациялық цифрлық технологиялардың игеру жылдамдығынан артта қалып қойды.

Әрине, бұл отандық философтар қол қусырып, бос отыр деген сөз емес. ҚР ҒЖЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институтының «Цифрландырудың Қазақстан жастарының саяси мәдениетіне ықпалы» гранттық жобасы бойынша жүргізген зерттеуін, цифрландырудың Қазақстан жастарының көзқарасына, саяси мәдениетіне, мінез-құлқы мен коммуникациясына әсері, қазіргі заманғы цифрлық технологиялардың көмегімен жастарды қоғамның саяси саласына қамтудың жағымды мүмкіндіктерін талдауын және ел азаматтарының цифрлық мәдениетін қалыптастыру бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстар жасалғанын атап айту қажет.

Институт ғалымдары қазір жүргізіп отырған тағы бір маңызды мегажоба – «Қазақстан қоғамы цифрлық трансформация жағдайында: перспективалар мен тәуекелдер» деп аталады. Бұл жоба аясында ғалымдар жаһандық цифрландыру синтегеуріндері жағдайында қазақстандық қоғамның қазіргі жай-күйін, мүмкіндіктерін, шектеулері мен перспективаларын зерттеп, цифрлық әлемде жаңа дағдылар мен құзыреттерді игеру, дүниетаным саласындағы деструктивті үрдістерді төмендету, цифрлық технологияларды пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдіру, қоғамды цифрландыруды басқарудың қоғамдық ортаға теріс әсер ету тәуекелдері мен қатерлерін ескере отырып, оның реинжинирингі, цифрлық қоғамда халықтың мінез-құлық стратегиялары мен өмірлік тәжірибелерін ұтымды қайта құрудың әлеуметтік технологияларын енгізу бойынша нақты тұжырымдарға жетуге мақсаты қойылды.

Цифрлық қоғам, цифрлық этика мәселелерін зерттеу ісіне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары да белсене қатысуда: «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия кафедрасының ғалымдары Гүлжихан Нұрышева, Лаура Тұрарбекова, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғалымы Динара Сапарова, Францияның Экс-Марсель университеті Жиль Гастон Гранже орталығының директоры Паскаль Торонто, Таллинн технологиялық университетінің профессоры Пеетер Муурсепптен құрылған ғылыми топтың «Digital Humanities in the Republic of Kazakhstan: Local Solutions for Global Problems» жобасы 2020 жылы Еуроодақтың Жан Монне Эрасмус+ грантын жеңіп алып, жүзеге асырды және Еуроодақ конкурсының келесі сатысына қатысуды жоспарлап отыр. Бұл жоба әлемде кеңінен дамып отырған цифрлық гуманитаристикамен тікелей байланысты [6, 389 б.]. Яғни, цифрлық қоғам философиясын зерттеу бағытында белгілі бір оң талпыныстар бар. Ендігі мәселе – осы ізденістерді жалғастыру, цифрлық дәуірде қазақ

философиясының алдында тұрған міндеттерді айқындау. Олардың негізгілеріне тоқталайық.

1) Цифрлық дәуірді философиялық тұрғыдан талдау, цифрлық қоғамның мәнін, цифрландыру философиясын, оның стратегиялық және әдістемелік міндеттерін зерттейтін жаңа жобаларды қолға алу өзекті. Бұл мәселелер жас философтардың, әсіресе докторанттардың ғылыми ізденіс тақырыптарына айналуы тиіс. Қазіргі заманда гуманитарлық білімнің, соның ішінде философияның маңызы арта түсетіні туралы пікірлер әлемдік деңгейде жиі айтылып жүр және қоғамымыздағы өзгерістер бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдеп отыр, яғни философияның көкжиегі кеңейе түседі деген үмітіміз бар.

2) Ең әуелі цифрлық қоғамдағы адамның орны мен рөлін, цифрлық технологиялардың оларды тұтынушы индивид пен тұлғаға оң және теріс әсерлерін зерттеу, көзқарастық, аксиологиялық, рухани ұстанымдарға баса назар аудару, өзгермелі заманда өмір сүріп отырған адамның нағыз мәнін, дүниеге жағымды мәдени-жасампаздық көзқарасы мен қатынасын сақтап қалуға, цифрлық қоғамда туындайтын әртүрлі дағдарыстық және жанжалдық жағдайларды шешуге ықпал ететін философиялық тұғырнамалар ұсыну.

3) Цифрлық технологиялар адамның қоғамнан оқшауланып, жаттануын күшейтеді. Сол себепті цифрлық дәуірде экзистенциалдық мәселелер де өзекті бола түседі. Осы жағдайда адамға көмекке келетін ғылымдардың арасындағы ең негізгісі философия десек, артық болмайды. Сондықтан, цифрлық қоғамдағы тұлға мәселесін, оның әлеуметтік-мәдени, рухани болмысының гуманистік және оптимистік өлшемдерін зерттеуді жалғастыру қажет.

4) Руханилық құлдыраған қазіргі заман мен цифрлық қоғамға философиялық рефлексия қазақтың ұлттық құндылықтарына негізделуі тиіс деп ойлаймыз, себебі қазіргі адамды мазалаған сұрақтардың жауабын қазақтың философиялық дүниетанымынан таба аламыз деп сенімді түрде айтуға болады.

5) Қазақ тілінде жазылған оқулықтар тақырыбы да күн тәртібінен әлі түспей тұр. Қазақша түсінікті жазылған жақсы оқулықтар тапшы және олар цифрланбаған. Философиялық терминдерді қазақшалау, әлем ойшылдарының еңбектерін қазақ тіліне аудару ісі жеткіліксіз, жалғастыру керек. Себебі «..қоршаған ортаны философиялық игерудің ұлттық формасының қалыптасуына ең елеулі ықпал ететін – ұлттық тілдің ерекшеліктері екенін атап айту қажет» [1, 18 б.].

6) Отандық философияның кезінде мықты дамыған бағыттары қазір тоқтап қалды: логика, диалектикалық логика, ғылым философиясы, эстетика және тағы басқа бағыттар бойынша ізденістер аз. Мұндай ізденістердің көбеюі цифрлық қоғамның ерекшеліктерін зерттеуге зор үлес қосары сөзсіз.

7) Докторантурада «Қазақ философиясы» білім беру бағдарламасын ашу аталған мәселелерді шешуге оң ықпал етер еді, сондықтан бұл істі тездеткен дұрыс.

8) Осындай күрделі де жауапты мәселелерді шешуге республиканың гуманитар ғалымдарын біріктіріп отырған, мүшелерінің басым бөлігі философтар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң «Қазақ философиясы» Ғылым және білім орталығы белсене қатысып келеді және бұл бағыттағы қызметін жалғастырады.

Әдебиеттер::

1. Сегізбаев О. Қазақ философиясының тарихы. Ежелгі түсініктерден ХІХ-ХХ ғасырдың бірінші жартысының ілімдеріне дейін. Оқу құралы. Орыс тілінен аударған Г.Нұрышева, М.Сәбит. Алматы: Қазақ университеті, 2017. -330 б.

2. Колчигин С. Казахстанский философский конгресс | Facebook

3. Nuryшева, G., Amrebayeva, Z., & Amrebayev, A. The Kazakh Ethical Tradition and Anti-nuclear Ethics | SpringerLink

4. Владимиров В.Н. За цифровым поворотом: история продолжается//Историческая информатика. – 2019. №3.
5. Гурьянова А.В. Судьба философии в цифровую эпоху. **science.sseu.ru**
6. Нұрышева Г.Ж. «Қазақ философиясы» интернет-қоғамдастығы – ұлттық философиялық дүниетанымды дамытудың жаңа формасы//«Әлемдік философияның өзекті мәселелері» IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана, 2023.

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ «НИЕТ» КОНЦЕПТІ, ОНЫҢ БҮГІНГІ ҚОҒАМДЫҚ САНАДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ МӘСЕЛЕСІ

Раев Дәулетбек Садуақасұлы

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің филос. ғ. д., профессор. Алматы, Қазақстан

Сәрсенов Мақсұт Баймұратович

Евразиялық Технологиялық университетінің аға оқытушы. Алматы, Қазақстан.

Андатпа. Мақалада қазақтың дәстүрлі рухани дүниетанымындағы «ниет» ұғымы бүгінгі қоғамдық санадағы дихотомиялық тенденциялармен байланыстырыла қарастырылады. Осыған орай, автор «ниет» концепті бүгінгі Тәуелсіз Қазақстандағы қоғамдық санасының өзегіне айналды деп есептейді. Мәселенің көтерілуіне Мемлекет басшысының үлкен мінберлердегі ресми сөздерінде: «әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет», «пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді», «ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек, онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер» деген тұжырымдары негіз болды. Сол себепті автор, мақалада бүгінгі қоғамдық тәжірибедегі түйіткілді мәселенің түп тамырын әлеуметтік мораль саласымен байланыстыра талдау жасауға алғаш рет қадам жасайды. Мақалада қазіргі мемлекеттік қызметкерлердің, сондай-ақ отаншыл әр азаматтың әр ісі, оның ішкі ниетіне тікелей тәуелді болатынын дәлелдеу мақсат көзделеді. Осы арқылы «ниет» эпистемасының антропоцентристік әрі субстанциялық әлеуетін дәйектеу міндеті атқарылады. Сонымен бірге, қазақ танымындағы «ниет» ұғымының қоғамдық санадағы маңыздылығын дәріптеу – біздің басты миссиямыз болды.

Кілт сөздер: қазақ руханияты, қоғамдық сана, этикалық ұстаным, ұлттың жаңа болмысы, ниет, пиғыл, ұлттық рухани құндылық.

Аннотация. В статье рассматривается понятие «ниет» («намерение») в традиционном казахском духовном мировоззрении, связанное с дихотомическими тенденциями в современном общественном сознании. В этой связи, автор считает, что концепт «ниет» («намерение») стал стержнем общественного сознания в современном Независимом Казахстане. Основанием для постановки вопроса послужили высказывания Главы государства в его официальных выступлениях на больших трибунах: «сознание каждого гражданина должно обновляться», «ничего не меняется, если не меняется воля», «главное, общественное сознание, намерения граждан должны меняться, без этого вся другая работа тщетна». Поэтому автор делает первый шаг в статье к анализу, связывающему корень проблемы в современной общественной практике со сферой социальной морали. В статье преследуется цель доказать, что каждое дело нынешних государственных служащих, а также каждого гражданина Отечества напрямую зависит от его внутренних намерений. Тем самым ставится задача обосновать антропоцентрический и субстанциональный потенциал эпистемы «ниет» («намерение»). Вместе с тем, популяризация значения понятия «ниет» («намерение») в общественном сознании казахов – это наша главная миссия.

Ключевые слова: казахская духовность, общественное сознание, этическая позиция, новое бытие нации, ниет (намерение), стремление, национальная духовная ценность.

Abstract. This article examines the concept of "niyet" (intention) in the context of traditional Kazakh spiritual worldview, linking it to the dichotomous tendencies observed in contemporary public consciousness. The author argues that the concept of "niyet" has become central to the public consciousness of independent Kazakhstan. The discussion is inspired by

the statements of the Head of State in official speeches, emphasizing the necessity of individual cognitive renewal: "Every citizen's consciousness must be renewed," "If intentions do not change, nothing else will," and "The most important thing is the transformation of public consciousness and individual intentions; without this, all other efforts are futile." Consequently, this article takes an unprecedented step in analyzing this pressing social issue through the lens of social morality. It aims to demonstrate that the actions of state officials and patriotic citizens are directly dependent on their inner intentions. In doing so, the study substantiates the anthropocentric and substantial potential of the epistemology of "niyet." Additionally, the article underscores the significance of the concept of "niyet" in Kazakh thought as a fundamental element of public consciousness, reaffirming its crucial role in shaping national spiritual values.

Keywords: Kazakh spirituality, public consciousness, ethical principles, new national identity, niyet, intention, national spiritual values.

Ниет концепті бүгінгі Тәуелсіз Қазақстандағы қоғамдық сананың өзегіне айналғаны байқалады. Оның себебін еліміздің экзистенциялық қозғалысының барлық саласындағы прагматикалық өмірдің тактикалық әрі стратегиялық шешімдеріндегі олқылықтар мен кемшіліктермен байланыстыратын ресми мемлекеттік тұжырымдардан анық аңғаруға болады. Бұл мәселеге қатысты көзқарас соңғы кездегі әлем мемлекеттері саяси мінезінің құбылуы, өз мемлекетіміздің ішкі саясатындағы, оның атқарушы орган өкілдерінің қоғамдық-әлеуметтік мінезіндегі қайшылықты тенденциялардың орын алуы туралы пікірлердің жиі айтылуы негізінде қалыптасып отырғаны анық. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» [1], -деген ойтұжырым соның дәлелі.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы, Қ.-Ж. Тоқаев 2023 жылдың 17 маусымында Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында: «...Түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтсақ, пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді» [2], -десе, сол жылдың күзіндегі халыққа Жолдауында Президент: «Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер» [3], -деп айтқаны соның дәлелі болса керек. Бұл жерде, байқасақ, Президент екі мінберде бір түсінік-эпистеманы: «пиғыл» және «ниет» деген екі айтылымдағы синоним сөздермен көрсетіп отыр. 2024 жылдың 15 наурызда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында да: «Дегенмен нағыз дамыған ел болу үшін тек экономикалық мақсат қою жеткіліксіз. ...Қоғамдық этикаға келгенде, заңдарды өзгерту жеткіліксіз», -дей келіп, «Жасампаздық рухының қоғамда терең орнығуы, ...ел ішіне іріткі салатын жағымсыз әрекеттердің келмеске кетуі өте маңызды. ...Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. ...Біздің нақты құндылықтарымыз болмаса, даму жолында тың серпіліс жасауымыз және көшбасшы елдер қатарына қосылуымыз неғайбыл» [4], -дегенді қадап айтқаны рухани құндылықтармен көмкерілетін ұлттың жаңа мәдени сапасының өзектілігін қазақстандық азаматтарымыздың есіне тағы бір салады. Осының өзі ниет адамның қоғамдағы рөліне ықпал ететін маңызды фактор ретінде көрсетіледі. Басқаша айтқанда, бүкіл қоғамдық істің барысы адамның рухани құндылықтық жүйесі әлеміне тәуелді болатынын меңзейтіні анық. Президенттің сөзімен айтқанда, «Сондықтан біздің міндетіміз – бұл қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша кіріктіріп, халық болмысының,

қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру» [5], -деп санайды. Сайып келгенде, оның бәрі қазақ дәстүрлі мәдени-құндылықтық таным-түсінігінің бірі әрі өзегі – «ниет» категориясына келіп тірелетініне меңзейді. Ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылық ұғым – «ниет» концепті болып отыр деп айтуға ғылыми негіз бар. Ниет ұғымы – еліміздің рухани-мәдени кеңістігінің кілті болатыны анық байқалады. Философия тілімен айтқанда «Ниет» – бүгінгі қоғамның рухани-әлеуметтік субстанциясы болатыны сөзсіз.

Шындығын айтқанда, мәселенің өзектілігіне себеп болған басты фактор – бүгінгі қоғамдағы «моральдық дағдарыс» тенденцияның қалыптасуы десек артық айтпағандық. Қали Сәрсенбайдың 2019 жылы қазіргі адамдардың мінезін сиапттай келіп: «Қолдан жасалған қайраткерлер, орташа таланттар көбейген заман. Әрине, ондай қайраткерлердің мінезі де қолдан жасалынады, кісілік, кішілік қасиеті де аз болады» [6], -деген көзқарасы соның кепілі. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметкерлер тарапынан әдепсіздік жағдайлардың орын алуы, басшылардың жаупкершілігін арттыру, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін күшейту өзекті мәселелер қатарында болуы өзінің өзектілігін жоймай отыр [7]. Міне бұл бүгінгі қоғамдағы әр азаматтың әлеуметтік мінезіндегі моральдық тенденцияларды білдіріп, біздің зерттеу объектіміздің өзектілігін білдірсе керек. Осындай қоғамдық дихотомия біздің «ниет» ұғымын бүгінде ерекше әлеуметтік әрі мәдени-рухани феномен-концепт ретінде философиялық тұрғыда қарастыруымызға ғылыми-теориялық негіз болып отыр. Сол себепті, кез-келген қоғамның даму қарқыны мен жетілу дәрежесі адам мінезіне, нақтырақ айтқанда, адам ниетіне тәуелді құбылыс болуының онтогендік тұстарына талдау жасау қажеттілігі туындайды.

Бұл мәселенің теориялық астарына үңілетін болсақ, қазақтың дәстүрлі қоғамының ұлы ғұламалары осы феноменнің іргелі ғылыми-теориялық негіздерін айтып кеткен. Абайды тыңдасақ, жиырма сегізінші қара сөзінде: «...Жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, ләкин қылдырған Құдай емес... деп, нанып, ұқсаң болар...» [8, 88-89 бб.], -деген тұжырымды оқимыз. Бұдан түйетініміз оны жасайтын адамның өзі. Мұндағы басты моральдық бітім – мінез. Өйткені ол оң іске де, теріс әрекетке жетелейді деген онтогенездік тұжырым аламыз. Ал алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановтың: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден» [9, 8 б.], -дегені соны растай түседі. Қазіргі қоғам үшін адамның моральдық сапасы, оның рухани-құндылықтық әлеуеті басымдық мәртебеде болуы қымбат болып отырғанын мойындауымыз керек. Бауыржан Момышұлының: «Адамның әр қаракетінен оның жан дүниесінің сыры аңғарылады» [9, 125 б.], -дегенінің мәнісі адам мінезі феноменінің терең универсум әлемінен хабар берсе керек. Демек, дүние дидары оны жасаушы жеке адамдардың ой-өрісіне, іс-әрекетіне көп байланысты. Мұның мағынасы ойлау жүйесі мен іс-әрекетінің сипаты жалпыұлттық, мемлекеттік деңгейге көтерілген қайраткерлерді білдірсе керек. Мысалы, француз ғалымы Пьер Тейяр де Шарденнің пікірінше, адам - “эволюция осі мен шыңы” және адамның сырын ашу деген сөз ғалам қалай құрастырылды және ол қалай құрастырылуда дейтінді білуге ұмтылумен бірдей нәрсе болып табылады. [10, 40 с.], -дегенге назар аударуға мәжбүр боламыз. Өз дәуірінде Макиавелли: «Саясатта табысқа жету үшін адам табиғатының қалай болуы керектігіне емес, оның шын мәнінде қандай екеніне сәйкес әрекет ету керек», -десе, ал неміс-америкалық саясаттанушы Ганс Моргентау: «Саясатты адам табиғаты тудырған заңдар басқарады», -дей келіп, «...Адам табиғаты мемлекеттің мінез-құлқын түсіндіруде басты негіз болады» [11, 133, 136 б.], -деп, мемлекеттің кез келген ішкі және сыртқы саясатын жүргізудің өзі адамның рухани болмысына тәуелді болатынын дөп басады. Міне біздің көтеріп отырған ниет феномені осы бір адамның рухани әлемі аясына еніп тұр десек қателеспейміз.

Енді қазақ қоғамындағы рухани құндылықтар жүйесіндегі ниет концептін сөз етер болсақ, ниет ұғымы қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымында маңызды

орын алағаны белгілі. Сол себепті ниет эпистемасы қазақ философиясында маңызды тақырыптардың бірі болғаны анық. Халық мақал-мәтелдерінен бастап, ұлы ойшылдардың еңбектеріне дейін, ниет адамның рухани және моральдық өмірінің негізі ретінде қарастырылады. Ұлттың дәстүрлі философиясында ниет ұғымына үлкен мән беріп, оны адамдық қасиеттердің, адалдық пен әділдіктің негізі ретінде қарастырған. Бұл ұғым адам болмысының тазалығы, адалдығы және шынайылығының көрсеткіші ретінде ерекше орын алады. Ниет ұғымы адамның іс-әрекетінің моральдық бағасын анықтайтын басты критерий ретінде қарастырылады. «Ниет» ұғымының ғылыми анықтамасына тоқалар болсақ, ниет ұғымын қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: «Бір нәрсеге деген пейіл, ықылас, ынта» [12, 617 б.], -деп анықтайды. Қазақ әдеби тілі сөздігінде: «1. Бір нәрсеге, бір іске, біреуге бейіл, ықылас білдіруде алдын ала қалыптасатын мақсатты ой, ынта, тілек. 2. Көңіл, пейіл, ықылас. 3. Филос. Қазақ ұлттық дүниетанымда адам әрекетінің нақтылы мақсатын, мазмұнын бейнелейтін қоғаушы күш» [13, 553 б.], -деген анықтама беріледі. Демек, ниет дегеніміз — бұл адамның ішкі ойы, мақсаты немесе қандай да бір әрекетті орындауға деген саналы шешімі. Бұл ұғым адам өмірінде маңызды орын алады және моральдық, рухани, діни және күнделікті өмірде кеңінен қолданылады. Діни тұрғыда ниет – адамның ойға алған ғибадаты мен атқарар ісі алдында негізгі мақсатын белгілеуі. Исламда ниетін «Бір Алланың разылығы үшін» деп туралау және осы ниетке берік болу парыз етілген бұлжымас басты міндет болған [13, 553 б.]. Олай болса, ниет ұғым – тек адам болмысына тән құбылыс. Олай болса, осы ретте Жүсіп Баласағұн ниет ұғымының бастамлық мәртебесін: «Ниет – барлық істердің бастамасы» [14, 212-213 бб.], -деген тұжырымдық көзқарасы растай түседі. Субъект тұлғасын белгілі бір нысанаға бағыттайтын да, істің мән-мәнісін белгілейтін тірек-күш – ниет дейтін аксиомалық эпистема келіп шығады. Ол – тұлғаны құраушы субстанция болатыны анық. Ниет субстанция болса, қылық пен пиғылы оның акциденциялары немесе модусы деуге болады [15, 42-43 бб.]. Акциденциялар мен модустар ниеттің іске асырылуындағы көріністер дегенге келеді. Мәселен, А. Байтұрсынұлының: «...Жақсы нәрсе ...адам ісінің жүзінде...боады» [9, 29 б.], -дегі соның дәлелі болса керек. Абай Құнанбайұлы өзінің отыз сегізінше қара сөзінде: «Іс істеу үшін ниет керек», -дегенді айтып, шындық, ізгілік, даналық – «бұлар – өз ижтиһадіңмен, шын ниетіңмен ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ», -дей келіп, «Фиғыл (пиғыл – Р.Д.) пенденің қазығы – осы жақсы хакімдер, әр нәрсе дүниеде солардың істерімен бірге айналым табады» [16, 106, 110, 117 бб.], -деп келтіреді. Қазақ мақалдары «Ниетің түзелмей, ісің түзелмейді», «Ниет етсең, жолың ашық» дейді. Мұнда іс-әрекеттің сәттілігі адамның ниетінің тазалығына байланысты, яғни оған тәуелді болуы баяндалады. Демек, ниет субстанция ретінде адамның тұлғалық болмысындағы бүкіл модустар дүниесінің бастау көзі деген тұжырым жасауға ғылыми негіз бар. Сондай-ақ, ниет – адамның ішкі жасырын феномені десек болады. Мәселен, Ж-Ж. Руссо: «Адамның бойында терең жатқан жасырын ішкі болмысы бар...», -десе, Ф. Фукуяма: «Адамның бойында өзге адамдарға көрініп тұратын **сыртқы** «меннен» басқа, жасырын «ішкі мен» болады», -десе, енді Ф. Фукуяма осыған орай өз ойын, «сыртқы «мен» – қоғамдағы нормалар, көп қоғамда сыртқы нормалар **«ішкі меннен»** жоғары тұруы керек делінген» [17, 70-71 бб.], -деген пікірмен жалғастырады. Осыдан үш түрлі тұжырым туындайды: 1) адамның ішкі болмысының бір қыры – ниет; 2) ниет – адамның «ішкі мені» десек қателеспейміз; 3) «ішкі мен» қоғамдық нормалардан жоғары тұрмауы керек дейтін қағида келіп шығады.

Ниет ұғымының тұлғалық мәніне үңілсек, оны рухани және моральдық тұрғыдан қарастыруға болады. Рухани тұрғыда, ниет адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын, оның жақсылыққа немесе жамандыққа деген бейімділігін көрсетеді. Ислам дінінде ниет — кез келген құлшылықтың және әрекеттің негізгі бөліктерінің бірі. Мысалы, намаз, ораза немесе қайырымдылық жасағанда адамның ниеті дұрыс болуы шарт. Моральдық тұрғыдан қарасақ, жақсы ниет адамның дұрыс жолда жүруіне, өзгелерге көмектесуге

және әділ болуға бағыттайды. Жаман ниет керісінше адамды теріс жолға итермелеуі мүмкін. Ниет мотивациямен тығыз байланысты. Адамның ниеті оның әрекеттеріне және жетістіктеріне тікелей ықпал етеді. Ниеттің түрлеріне келер болсақ, ол жақсы, жаман, шынайы, тұрақты болып бөлінетіні жайлы көзқарастар бар [13, 553-554 бб.].

Жақсы ниет – біреуге көмектесуге немесе қайырымдылық жасауға деген ұмтылыс. Осыдан қазақта «Жақсы ниет – жарым ырыс», -деген нақыл сөз қалғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн Құтты білік дастанында: «Жақсы болса ердің ниет құлығы, іс-тілегі түгел болар ғұмыры», -дей келіп, «Ниеті оң – тек жақсылық табады, ниеттен-ақ жанға сауап алады» [18, 572 б.], -деп жырлайды. Осыдан ниеттің тазалығы келіп шығады. Ниеттің тазалығы ислам дінінде құлшылық жасаған кезде немесе қайырымдылық істегенде, ниет тек Алланың разылығын алуға бағытталуы тиіс дейтін ұстаныммен бекітілген. Ислам дінінде ниетсіз амал қабыл болмайды дейтін қағида бар. Мәселен, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) хадисінде: «Әрбір іс ниетке байланысты. Әркімнің ісіне қарай сауап беріледі» [19], -деген. Яғни, ниетсіз жасалған амалдың мәні болмайтыны айтылады. Тағы бір хадиске көз жүгіртсек: «Іс-әрекеттер түпкі ниетке байланысты. Расында, әрбір адам ниет еткеніне ғана қол жеткізеді» [20, 12 б.], -деген мұсылмандық қағиданы көреміз. Мұнда да ниет ұғымы адамның априорлық сапасына байланыатыны анық. Ниет – адамның болмыстық қасиеті болатынына көз жеткіземіз. Ниет – адаммен біте қайнасқан, түпсаналық антропоцентристік шексіз болмыс. Демек, бұл ниеттің субстанциялық әрі оның адам рухани бітімінің континуумдық құрылымындағы константтық құбылыс болатынын шындай түседі. Ахмет Иасауи: «Ізгі ниет дәруіштерге жаным берсем, әр бір басқан іздерін көзге сұртсем» [21, 110 б.], -деп жырлайды өзінің 63-ші хикметтерінде. Мұнда ойшыл «дәруіш» деген анықтауыш ұғымына – оң рухани тазалық жолын ұстанған, мейірімді, сабырлы, тақуа, қарапайым адамның образын сиғызып отырғаны белгілі. Адамзат қоғамы осындай дәруіш мінезді адамдардан болса дейтін арман-тілегін алға тартады. Бақаша айтқанда, ойшыл қоғамдық орта «ізгі ниет дәруіштерге» – айналасына тек жақсылық ойлайтын адамдарға толы болса екен дейтін ниетін жасырмайды. Қазақтың: «Жақсы ниет жақсылыққа бастар»; «Ниетің түзу болса, жолың ашық», -деген нақылдараы мен тәмсілдері содан туындаған болар. Жақсы ниет адамның өз жолын дұрыс таңдауына, өмірде сәттілікке жетуіне себепші болады деген сөз. Мәселен, Мұхтар Әуезов: «Таза ниет — таза әрекет, адамгершіліктің басты белгісі», -деп ниет адамның рухани әлемінің айнасы ретінде қарастырса, Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Қазақ халқының ең басты қасиеті — таза ниетпен әрекет ету», -деген тұста ниет адам рухының негізі ретінде көрініс табады. Бұлар қазақ мәдени философиясындағы адамның ниеті — оның іс-әрекетін анықтайтын негізгі қозғаушы күш дейтін танымдық эпистеманы білдірсе керек.

Жаман ниет – басқа адамдарға зиян келтіру немесе өз пайдасын ғана ойлау дегенді қабылдайтын болсақ та ниет ұғымының адами эпистема болатынына көз жеткіземіз. Мәселен қазақ мақалында «Жаман ниет – жарға жығар» деген ұстаным біздің ұлттық құндылықтық эпистема әлеуетін көрсете отырып, тағыда ниет ұғымының тек-тұғырлық мәртебесін анықтай түседі. Оның мәні жаман ниетпен басталған іс жақсы нәтижеге жеткізбейді, жаман ниет адамның өзін және айналасын жамандыққа ұшыратады дегенге келіп тіреледі. Құттықұл (Құлжан) би: «Жаман ниет қашан да жолдан жаңылады», -дегенді айта отыра ниеттің адамның өміріне ықпалын ескере отырып, жаман ниетпен жасалған әрекеттердің адамды дұрыс жолдан тайдыратынын айтады. Ал «Жаман ниет жақсылыққа апармайды», -дейтін тұжырымдық нақылымен Мөңке би адамның ішкі дүниесінің оның іс-әрекеттеріне қалай ықпал ететінін көрсетіп, жаман ниеттің жақсы нәтижеге әкелмейтіні туралы ой түйіндейді. Жақсы ниет жақсы нәтижеге, ал теріс ниет керісінше теріс салдарға әкелетіні шындық. Ниет пен әрекет арасында үйлесім болуы маңызды. Сонымен, Ұлы ойшылдар мен шешендердің шығармаларында ниет адамның ішкі жан дүниесі мен оның қоғамдағы рөлімен тығыз

байланысты болып, адамның ниеті мен іс-әрекеті қоғамға пайдалы болатыны немесе зиянды болатыны туралы ойлар айтылады.

Қазақ шешендік сөз өнерінде ниет ұғымы көбінесе адамның ниеті, пейілі, жүрегінің тазалығы, адалдық пен әділдік сияқты қасиеттермен байланысты қарастырылады. Шешендік сөздерде ниет — адамның істеген ісінің сапасын анықтайтын негізгі фактор ретінде сипатталады. Мысалы, Ескелді би: «Қас та, дұшпан да, дос та адамның өзінен. Жүрегің жұмсақ, пейілің кең болса, дос көп. Жүрек – адам денесінің төрешісі. Төреші әділ болса, жұрт айналаңа жиналады...» [22, 132 б.], -десе, Абай да он жетінші қара сөзінде «жүрек – адам денесінің патшасы, қан содан тарайды, жан сонда мекен қылады, онысыз тіршілік жоқ» [16, 42 б.] деген уникал идеяны көтере отырып, ниетіңе сеніп, жүрегіңе сен, онда жақсылық бар, жүректің тілін тапқан адам, өзінің ниетін таза ұстаған адам, онысы арқылы қоғамға пайдалы болады деген көзқарасты білдіреді. Қазақтың би-шешендері ұлттың дәстүрлі құндылықтарын, адамгершілік нормаларын, рухани мұрасын насихаттай отырып, ниет ұғымына да терең мән берген. Олар ниетті адамның іс-әрекеттерінің дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтайтын басты фактор ретінде қарастырған. Ниет туралы айтылған нақыл сөздер, би-шешендердің ғибратты сөздері қазіргі күнде де адамзаттық мораль мен этикалық қағидаларды сақтаудың негізі болып есептеледі. Мысалы, Қазыбек би: «Ниетің түзу болса, жолың ашық», -деген шешендік нақылында адам ниетінің тазалығы мен пейілінің дұрыстығы оның өмір жолын жеңілдететінін айта келіп, қазақ қоғамында адалдық пен таза ниеттің өзіндік маңыздылығын көрсетеді. Төле бидің: «Жақсы ниет — жарым ырыс», -деген шешендік нақылы да ниеттің адам өміріндегі маңызды рөлін көрсетіп, адамның ниетінің тазалығы мен шынайылығын ерекше бағалайды. Оның көзқарасында, дұрыс ниетпен жасалған іс нәтижелі болмақ. Әйтеке бидің де, «Ниетіңе қарай көресің, пейіліңе қарай бересің», -деген шешендік шиырында адамның ішкі дүниесінің және ниетінің қоғамдағы өміріне ықпал ететінін айтады. Оның пайымдауынша, адам қандай ниетпен әрекет етсе, соған сай нәтиже алатын болады дейтін тұжырым жасайды. «Ниетің адал болса, жолың да ақ болады», -дей келіп, Бұқар би адамға өз ниетін тазалап, адалдықты сақтаудың маңыздылығын жеткізеді. Ниеттің адалдығы адамгершілік пен әділдік жолында зор қуат көзі болатынын көрсетеді. Қазақ би-шешендері ұлттың дәстүрлі философиясында ниет ұғымына үлкен мән беріп, оны адамдық қасиеттердің, адалдық пен әділдіктің негізі ретінде қарастырғаны анық байқалады. Олардың нақыл сөздері бүгінгі күнге дейін өмірлік тәжірибе мен адамгершілікке қатысты маңызды ескертпелер ретінде қабылданады. Қазіргі уақытта да бұл шешендік сөздер адамның дұрыс жолды таңдап, жақсы ниетпен әрекет етуіне шақырады.

Қорытындылай айтқанда, Ш. Құдайбердіұлы: «...Алдында өнегелі көрерің болсын. ...Кейінгілер үлгі алып, өнеге үйренсін дедім» [23, 539-540 бб.], -дегендей, алдында қазақтың ғибрат алатын жақсы сөздері бар кезде дұрыс жолға түсер заман орнайтынына сеніміміз мол. Жүсіп Баласағұнды тыңдайтын болсақ та: «Ақ ниетті, ақ жүректі тектілер, жұртын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер» [14, 238 б.], -деп жырлайды дастанда. Президенттің: «Біз осы мәдени кодымызды сақтап, бабалар жолымен жүруіміз керек. ...Әр азамат Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетуі қажет. ...Біз әділетті мемлекет пен отаншыл, адал азаматтардың күш-жігерін үйлестіріп жұмылдыру және халқымыздың мәдени кодын үнемі заман талабына сай бейімдеп отыру арқылы ғана ең маңызды міндетімізді орындай аламыз, яғни қастерлі Тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта түсеміз» [4], -дегенінің мәнісі сонда болар. Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда: «Қазақтың бас адамдары! ...Көсемдіктеріңді, қызметтеріңді адаспай, түзу істеңдер! Сендер адассандар, арттарыңнан алаш та адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сендер қаласыңдар!» [9, 31 б.], -дегіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат// Egemen Qazaqstan, 05 Қаңтар, 2021.
2. Тоқаев Қ-Ж. 17 маусым Түркістанда Ұлттық құрылтайдың "Әділетті Қазақстан – Адал азамат" атты екінші отырысында сөйлеген сөзі //Егемен Қазақстан, 17.06.2023.
3. Тоқаевтың Қ-Ж. "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Egemen Qazaqstan, 02. Қыркүйек 2023.
4. Тоқаев Қ-Ж. Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі// Egemen Qazaqstan, 16. наурыз 2024.
5. Тоқаев Қ-Ж. «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деген Мемлекет басшысының «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты 2025 жылғы 03 қаңтар//Ана тілі, 03 қаңтар, 2025.
6. Сәрсенбай Қ. Мінез мектебі//Almaty Akshamy №118 (5781), 03.10. 2019.
7. Басты мақсат – мемлекеттік қызмет заңнамасы мен әдеп нормаларын сақтау. //Almaty Akshamy №27 (5846), 05.03. 2020.
8. Абай. Қара сөздер. –Алматы: «Әлем», 2021. -180 б.
9. Ұлт рухы: қанатты сөздер. /Е.Зәңгіров –Алматы: «Арна-б», 2015. -160 б.
10. Тейяр де Шарден П. Феномен человека. Вселенская месса /Пер. с франц. Н.А. Садовского, М.Л. Чавчавадзе; Предисловие В.А. Никитина. –М.: Айрс-пресс, 2002. -352 с.
11. Бейлс Дж., Смит С., Оуэнс П. Әлемдік саясаттың жаһандануы: халықаралық қатынастарға кіріспе. –Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. -652 б.
12. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. /Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк Пресс, 2008. -968 б.
13. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том./ Құраст: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. -752 б.
14. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік/Көнет түркі тілінен аударып, алғы сөзін мен түсініктерін жазған А.Қ. Егеубаев. –Алматы: «Таймас» баспауы, 2007. -536 б.
15. Философиялық энциклопедия. –Алматы: «Лантар Трейд», 2021. -614 б.
16. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Қара сөздер. –Алматы: «МЕЛОМАН» Publishing, 2020. -152 б.
17. Фукуяма Ф. «Либерализм және оған айтылатын сын. Ағылшын тілінен аударған – Орынбек Кенжебаев. –Алматы: CARS Unlok, 2023. -208 б.
18. Баласағұн Ж. Құтты білік. –Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022. -680 б. <https://www.muftyat.kz/kk/nasihath/zhuma-minberi/2018-04-18/21867-shyyn-mnnde-amaldar-nietke-bailanyisty-zhuma-uayiz>.
19. Музиддин Әбу Зәкәрия Яхия ибн Шәрәф ибн Мурри. Хадистер жинағы (риядус-салихин). –Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2014. -656 б.
20. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға аударғандар: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. –Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993. -262 б.
21. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Құрастырғандар: Тоғысбаев А., Сужикова А. –Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. -376 б.
22. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов. –Алматы: Жазушы, 1988. -560 б.

ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ АДАМ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАР

Әбдірашит Бәкірұлы

философ-публицист, «Қазақ әлемі» республикалық қоғамдық бірлестігі
вице-президенті, Алматы қаласы, Қазақстан

1-тезис:

ЖАҒАНДАНУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қарапайым тілмен айтсақ, бұл түсінік Жер шары және Адамзат ұғымының динамикалық бірлігін, тұтастығын, синкреттілігін білдіреді. Қазіргі ғылым алыс-жақын космосты зерттей келе, өздерінің шамасы жеткен космос әлемінде Жер шарына ұқсас, тіршіліктің пайда болуына қолайлы қандай да бір өзге планетаны таппады. Егер, ондай планеталар табылып, адамзаттың ол жақта да тіршілік етуіне мүмкіндігі бар екені ғылымда белгіленсе, онда адамзат бүгінде *«Жер бетіндегі жаһандану» мәселесін емес, «Космостық деңгейдегі жаһандану»* не болмаса «космостану» мәселесін көтере бастайтын еді...

Өзірге «космостану» ілімі бар, ал «космостық жаһандану» деген мәселе жоқ. Себебі, біз білетін космоста Жер шарындай планета табылмады. *Бірақ, космос әлемі шексіз болатындықтан, «космостық жаһандану» сұрағы адамзат санасында үнемі өзекті болып тұра береді... Теориялық тұрғыда мұны жоққа шығаратын ешбір негіз жоқ, болмайды да. Сондықтан, адамзат ғылым көкжиегін кеңейте отырып, шексіз космостан «екінші Жерді» табу үмітін ешқашан үзбейді...*

2-тезис:

ЖАҒАНДАНУДЫҢ ЖЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

Ендеше, қазіргі біз қолданып жүрген «жаһандану» түсінігі «жалпыадамзаттық» мәселеге ретінде қарастырылады.. Бұл - жер бетіндегі барлық тіршілікке, өмірге қатысты мәселе. Өйткені, Жер шары адамзаттың ортақ үйі. Сондықтан *«Өзіміз тұрып жатқан үй қандай болуы керек, онда тұратын адамдар қандай болуы керек?»* деген сұрақты барлық халықтар, ұлттар өздеріне қояды. Ендеше, ол сұрақты біз - қаласақ та, қаламасақ та - үнемі де өзімізге қоямыз, қоймай қала алмаймыз. Бұл адамзат алдында тұратын мәңгілік сұрақ қана емес, бұл әрбір халықтың алдында тұрған *өмірмәндік сұрақтар* болып табылады..

Сұрақ өте өзекті, себебі:

Біріншіден - сұрақтың астарында сан түрлі мәдениеттен құралған адамзат қауымының «өмір сүруі, не сүрмеуі» мәселесі үнемі сақталып тұрады. Мысалы, адамзатты тек «адамзаттық» сұрақтар ғана емес, жер бетіндегі түкпір-түкпірлерде өмір сүріп жатқан халықтардың, олардың тағдыры, тілі мен мәдениеті, тұрмысы мен денсаулығы және т.б. сұрақтар – толғандырады. Осылай болуы тиіс, әрі заңды. Өйткені, ортақ үйміз - Жер шары болса, онда осында өмірге келген әрбір этнос, ұлт, халық – қайталанбас мәдени құбылыс, мәдени феномен! Бұл шарт ЮНЕСКО арқылы бекітілген.

Екіншіден, әр халықтар өздерінің «өмір сүру мүмкіндіктері» жағынан бірыңғай емес. Оларда бір біріне ұқсамайтын географиялық аймақтары бар: бірі –мамыржай, бірі – қатал... Сондықтан, *адамдардың және халықтардың өз өмір сүру ареалының табиғатына сай «өмір сүру ережелері» де өзгеше болып келеді...*

Мысалы, кейбір аймақтардың адамзаттың өміріне қауіптілігі соншалық, ол жердегі халықтың өмірін де, өзін де «күнделікті ерлікке парапар өмір кешу» деп бағалауға болады! Оның үстіне, қазіргі жаһандану заманында ондай қауіпті аймақтарды және нүктелерді адамдардың өздері қолдан жасап жатқаны да белгілі. Мысалы, қазіргі жүріп жатқан Ресей мен Украина мемлекеттері арасындағы соғысты

айтсақ – адамдардың жердегі тозақты қалайша өздері жасайтынының куәсі бола аламыз.

3-тезис: СЕН БАСҚАСЫҢ, МЕН БАСҚАМЫН

Жер шарының ерекшеліктеріне сай, адамзаттың өзі де физиологиялық тұрғыдан да, мәдени-өркениеттілік тұрғысынан да бертекті болып қалыптаспаған – біреулер оны Құдайдың жаратуы осы дейді, біреулер – бұл эволюциялық дамудың нәтижесінде пайда болған табиғи ерекшелік дейді...

Қалай болса да, - мейлі – діни қалыпта, мейлі – ғылыми нұсқада болсын - біз Адамзаттың, ең әуелі, нәсілдік бөлініске ие болып қалыптасқанын бүгінгінің «де факто ақиқаты» деп мойындауымыз керек. Және, ол «түрлердің» әрқайсысының өз тарихы бар екенін мойындап, оны есте ұстауымыз қажет. Бір замандарда осындай «нәсілдік бөлініс» адамзатқа үлкен қауіп төндірді, ол көптеген нәсіл аралық соғыстарды тудырған еді. Мысалы, африкалық нәсілдің жаппай құлдық саудаға салынуы, еуропалықтардың американдық үндістерді жаппай қырғынға ұшыратуы, Ресей империясының қазақ халқына ашаршылық әкелуі, халықтың тең жартысының қырылуы – адамзат тарихындағы болған оқиғалар. Одан кейінгі кезеңде де адамзат «ұлттық бөлініске» ие бола отырып, әрбір ұлт өз тілін, өз мәдениетін қалыптастыра отырып, өздері өмір сүретін ареалды игеру тәжірибесін жасап шыққан. Мысалы, қазіргі біздің алып Евразия даласында өмір сүрген номадтар көшпенді мал шаруашылығының ең үздік үлгісін жасай алған. Соның бел ортасында біздің қазақ халқымыз тұр десек болады! Ендеше, бұл кеңістікте қазақ халқы тек «қазақ» болып қана өмір сүре алады, өзгелері тек «қазақтану» арқылы ғана десек – шындық.

4-тезис: ҚҰДАЙЛАРДЫҢ МЕКЕНІ

Адамзат ешқашан «мен өзім пайда болдым» демейді. Оны қалай айтсын, егер оның көретіні үздіксіз «жаратылыс» болса: адам баласы туылады, адам баласы өледі – затқа айналады... «Ендеше, – дейді де адам – «Туатынды туатын кім?» деген мәңгілік жауабы жоқ сұрақты қояды өзіне. Сұрақ қойылды, енді оған жауап та болуы тиіс. Бұл - міндет, бұл – сана мен ақыл табиғаты. Сөйтіп, тарихи дамуы барысында адамзат Ұлы Жаратушыны мойындады – онысы дін болып шықты. Бірақ, адамзаттың өзі, жоғарыда айтып өткендей, әртүрлі болғандықтан - енді «*діндік бөліністі*» ойлап тапты.

Бекерден бекер ойлап таба салған жоқ, өйткені, бұл «бөлініс» әртүрлі халықтардың «мемлекет құру» не болмаса «мемлекеттенуі» кезеңдерімен сәйкес келетіндіктен пайда болды. Шынында да, тарих көрсеткендей, халықты мемлекетке біріктіру тек «ұлттық негізде» жүзеге аспайды екен. *Мемлекет өз аумағындағы бар халықты бір дін төңірегінде топтастыра отырып та мемлекеттігін іске асыра алады екен.*

Бірақ, *адамзатқа тән әртектілік пен өзгешілік қашанда «ыдыратушы» күшке ие болғандықтан* – бұл адамзатты тарихи тұрғыда «*діни бөлініске*» келді. Сол себепті тарихтың өзң де «ізі қалған аса ірі діни соғыстармен» жалғасып отырған. Бұл үрдіс бүгінгі күнге дейін көрініс тауып келеді. Кейде, бір елдің азаматтары дін төңірегінде бөлініске түсіп, өз мемлекеттерінің болуына, өздерінің өмір сүру ареалына қауіп төндіре бастайды. Ондай жағдай қазіргі Қазақстанда да аз да болса көрініс тауып отыр...

Адамзат діннен айныған жоқ. Тек қана, діндер адамзатқа тән салт-дәстүрлерді жуып-шайып, бәрін «Бір Жаратушы қалпына» келтіруге ұмтылуда. Ерікті не еріксіз түрде. Яғни, мұндай жағдайда, әркімге де «Құдай мекені» өз үйінің төрінен болғаны керек. Ал, ол Құдайға ұнай ма, ұнамай ма – ол адамзатты қызықтырмайды!

5-тезис: СЕНІҢ АҚЫЛЫҢ САҒАН, МЕНІҢ АҚЫЛЫМ МАҒАН

Адамзат бөлінісі мәдениет-руханият деңгейінде орын алды. Бұл ғасырлардан – ғасырларға ұласатын алапат рухани күш ретінде жалғасып келді де, адамзат әбден толысқан шағында «рухани құндылықтар» түрінде көрініс тапқан ерекше әлемге айналды. Жалпы, Руханият - Құдайдың жердегі көлеңкесі.

Бірақ ол әр ұлт тілінен, салт-дәстүрінен, шаруашылық тәсілінен, дүниетанымынан, ділі мен дінінен көрініс табатындықтан, осы руханиятқа ие болған әр халық та «Құдай көлеңкесінің» аясында тұр деуге болады... Яғни, бар халықтардың Құдай алдындағы дәрежесі де тең, мәртебесі де тең – үлкені мен кішісі жоқ! Бұлардың бәрі әр қилы болса да, өмір сүруге қақылы. Қайсыбіріне жасалған қиянат – Құдайға жасалған қиянат. Бұл қазіргі замандағы адамзаттың «өмір сүру формуласы».

Міне, осындай жалпы дүниетаныммен адамзат 21 ғасырға аяқ басты.

Енді, жаңа мыңжылдықта адамзат жаһандану мәселесіне жаңа көзқараспен келуді үйренуі тиіс. Ондағы басты принциптер мынау:

- Жер шары адамзаттың ортақ үйі, Ортақ үй – Жер шарын қорғауға, табиғатын сақтауға, экологияны ластауға қарсы жұмылып күресуі керек.

- Жер шарында өмір сүруші адамзат – мына шексіз космостағы жалғыз ғана саналы тіршілік иесі. Адамзат нәсілге, ұлттарға бөлінсе де, оның бір ғана аты бар, ол – АДАМ. Яғни, барлық адамның өмір сүру құқы бірдей.

- Жер бетінде пайда болған барлық тілдер, барлық мәдениет үлгілері – бүкіл адамзаттың ортақ құндылығы. Олар жойылмауы керек, Жойылып бара жатқанын сақтау керек, жойылғанын ескерткіш ретінде қастерлеу керек.

- Адамзат өзара құрмет пен сыйластықпен өмір сүріп, бейбітшілікті сақтауы керек.

Бұл ережелер қазіргі адамзат үшін ең басты шарт және өмір сүрудің бұлжымас қағидалары болып табылады. Ол ережені адамзат мызғымас заң ретінде қабылдап алған. Ол заңды бұзуға ешкімнің адамгершілік тұрғыда, адамзаттық деңгейде қақы жоқ.

6-тезис: ЖАҒАНДАНУДЫҢ ОБЪЕКТИВТІ ЖӘНЕ СУБЪЕКТИВТІ ЖАҚТАРЫ

Жаһандануды объективті және субъективті себептерін айтпаса болмайды.

Жаһандану – болмай қоймайтын құбылыс. Оған барлық елдер табиғи түрде араласады әрі ұмтылады. Бұл – объективті процесс. Мәселен:

- **Біріншіден**, әлемде ғылым мен технологияда көш бастап отырған елдер бар. Олар адамзаттың қазіргі дамуының басты бағыттарын, соның ішінде – экономикалық дамуын айқындап отырушы елдер;

- **Екіншіден**, адамзаттың ойлап тапқан ғылымы мен технологиясын жемісті қолданып отырған елдер бар. Ол елдерді «адамзаттың тұрмыстық және басқа қажеттерін өтеп отырған елдер, «яғни, адамзаттың бал арасы» дейтін елдер;

- **Үшіншіден**, ғылым мен технологияны ұқсата алмай, өз елдерін асырай алмай отырған елдер бар. Ол елдерді нарық заңына сай «тұтынушы ел» деуге болады. Олардың өзін екіге бөліп қараймыз: бірі - табиғи қазба байлығы мол, бірақ, оны игеруге, өңдеп технологиялық тауар теңгейіне жеткізуге қабілетсіз елдер болса, екіншісіне - не табиғи байлығы жоқ, не ғылымы мен технологиясы дамымаған елдерді жатқызамыз. Мысалы, қазіргі адамзаттың ғылыми технологиясы көшін бастап отырған елдерге Еуропа елдерінің көшбасшыларын, АҚШ, Жапония, «Азияның кіші барыстары» елдерін айтуға болар еді. Олар әлемдік Әлемдік Жалпы Өнімнің өте жоғары пайызын өндіреді;

- **Төртіншіден**, әлемдік технология жетістіктерінен нәтиже шығарған Қытай сияқты елдерді айтамыз. Олар, әуелі, технологияны көшіру арқылы экономикалық өрлеуге қол жеткізді. Енді, технологиямен бірге өздерінің ғылыми қуатын да арттырып, ғаламдық жаңалықтарды ойлап табуда;

- **Бесіншіден**, өздерінің қазба байлықтарын сатумен күн көріп отырған елдер тұр. Өкінішке орай, тәуелсіздік алғаннан кейін, біздің елде «Үлкен технологиялық секіріс» жасау мүмкіндігі көрші Қытай мүмкіншілігінен жоғары еді. Бірақ біз оны дұрыс қолдана алмадық. Елдің орасан зор капиталы шағын ғана криптократиялық топтың жеке мүддесін қамтамасыз етуге жұмсалып кетті...

Субъективті жағдайға келер болсақ, онда олай деп «Жаһанданудан әрбір халық кашуы» дегенді айтуға болады. Неге?

Себебі, әрбір халық уникалды, қайталанбас адамзаттық құндылық. Сондықтан, ондағы әрбір адам – сол құндылықтың тасымалдаушысы, өкілі. Ендеше, ол құндылықтардың әрқайсысының жаһандануға жұтылып кетпей, өз бетінше дербес өмір сүруге қақы бар. Ол оның «өмір сүру құқы» ретінде халықаралық заңдармен қорғалады. Бірақ, әрбір халықтың мәдениеті дербес бола отырып, объективті жаһандану процесінің әсерімен мәдени тұрғыда түрлене береді. Бірақ, бұл түрлену халықтың болмыстық тұтастығына зиянын тигізбейтіндей болуы керек. Болмаса, біз *түрлі-түсті адамзаттық мәдениеттен* ажырап қалар едік....

Ал, *«түрлі-түсті адамзаттық мәдениет»* қазіргі замандағы адамзаттық дамудың, адамдар арасындағы өзара силастық пен құрметтің, мәдениеттіліктің, татулық пен бейбітшіліктің қайнар көзі болып табылады. (Егер олай болмаса, «өзара силасу, өзара құрмет» деген қайдан шығады?). Бірақ, өкінішке қарай, сонымен қатар «өзара жауласу» деген де етектен жармасып қалмай келеді. Соның арқасында бейбітшілік бұзылып, соғысқа жол ашылууда. Адамзат одан шаршаған. Сондықтан, бүгінде ол жалпы соғыс атаулыға, әсіресе әділетсіз соғысқа - бір елдің бір елге жасаған агрессияға біртұтас қарсы шығуда. Бұл – ақылы толысқан адамзаттық көрініс...

Мысалы, екі жыл бұрын Ресей Украинаға тікелей әскери шабуылды бастады. Бұл соғыстың ешқандай негіздері жоқ. Соғыс бір саяси топтың «өзім білем» деген көзқарасынан туындады. Сондықтан, әлемдегі 142 ел оны «ашық агрессия» деп айыптап отыр. Агрессорға дүниежүзілік санкциялар салынды... Сол сияқты, жақында ғана Палестинадан «Хамас» билеуші тобы бейбіт халыққа оқ жаудырып, соғыс бастады. Ол да әлем елдері тарапынан наразылық тудырды.. Бұдан нендей қорытынды шығару керек?

- Қазақстан, ең алдымен, өзінің мемлекеттік дербестігін сақтауын ойлауы тиіс. Содан кейін, сол мақсатта әлеммен тең дәрежеде бейбіт қарым-қатынас жасауы керек. Бізге одан өзге жол жоқ.

Ал, мемлекеттік дербес даму - алдымен, халқымыздың өмір сүру деңгейі жоғары болуынан және еліміздегі адам капиталының тұрақты және үдемелі дамуын қамтамасыз ету мақсаттарынан құралады.

Оған қалай қол жеткіземіз? Ол үшін экономикалық-әлеуметтік саясаттан тыс, мемлекеттік басқару жүйесінде идеологиялық ұстаным орнауы керек. Идеологиялық тетіктер қозғалысқа келуі керек. ...Міне, осы жерде біз «Қазақстан мемлекеті – қазақ халқының құрған тәуелсіз мемлекеті» деген идеологиялық бағдаршамды алға шығарып, осы бағытта бүкіл Қазақстан халқын ғылым-білімге, жаңа өндірістік технологияға, қазақы мәдениетке және ұлттық өнерге жұмылдыруды бастап кете аламыз. Сонда ғана біз Алаш арыстары армандаған, әлемге танымал «Жапондық үлгінің» жаңадан пайда болған «Қазақстандық үлгісін» өмірге келтіре аламыз... Бар-жоғы осы ғана - адамзаттың ұлы көші алға жылжып барады...

ҚОРҚЫТ АТА: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Ғазиз Телебаев

ҚазҰУ, философия кафедрасы, Алматы, Қазақстан

Қорқыт туралы ең алғашқы тарихи деректер Рашид ад-Дин, Қадырғали Жалаири және Әбілғазыдан кездеседі. Олар Шыңғыс ханның Орта Азия мен Таяу Шығыстағы жаулап алуларын сипаттауға ұмтылып, оғыздардың батырлық эпосын тарихи дерек ретінде пайдаланды.

Аталмыш еңбектерде Қорқыт есімі оғыз батырларының ерлік істерімен қатар дәріптеледі. Жоғарыда аталған авторлардың еңбектерінде Қорқыт не қайы оғыз руының тумасы, не баят руынан шыққан бек, ұзақ өмір сүрген қария деп аталады.

Рашид ад-Диннің «Джами ат тауарих» еңбегінде Қорқыт баят руының тумасы, Қара Қожаның баласы. Ол Инал хан Сыр Ява (Жабғу) тұсында өмір сүрген, өте зерделі, дана адам болған. Қорқыт ұзақ ғұмыр кешіп, жасы 295-ке жетті.

Осы мәліметті негізге ала отырып, Әбілғазы Баһадүр хан өзінің түрікмен шежіресінде («Шежіре-и таракима») сәл басқаша нұсқа береді. Қорқыт Қарақожаұлы Қай және Салор тайпалық одақтарын басқарған Инал Ява ханның кеңесшісі. Хан оның кеңесін тыңдайды. Хан қайтыс болғаннан кейін оның мұрагері Дуйлы-қай хан мен одан кейінгі ұрпақтары бұл дәстүрді жалғастырады. Қорқыт Дуйла-қайдың ізбасарларының бірі дүниеге келген кезде қатысып, оған «Тұман» атын таңдаған. Тұман таққа отырғаннан кейін Күнханға (күн тәрізді) айналады.

Оғыз интерпретациясында Қорқыт халық арасындағы беделді, болашақты болжауға қабілетті қарт данышпан ретінде суреттеледі: «Баят тайпасында Қорқыт деген білгір, хабаршы және пайғамбар өмір сүрген. Ол дүниедегінің бәрін білді, айтқанының бәрі орындалды. Ол адамдарға беймәлім болашақтың сырын Жаратушыдан үйрене отырып айтты».

Деде Қорқыт туралы қазақ аңыздары мифтік дүниетанымның көне мотивтеріне толы және оларды бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топ Қорқыттың тууы мен шығу тегіне арналған. Екінші топтың тақырыбы Қорқыттың өліммен күресі төңірегінде. Үшінші топ ұлы хикаяшының өміріндегі түрлі жағдайларды суреттейтін Қорқыттың музыкалық шығармаларын біріктіреді.

Ұлы әңгімешінің туғаны туралы аңыздар Қорқыт есімінің шығу тегін түсіндіру әрекеттерін көрсетеді. Бұл халықтық этимологияның өзіндік көрінісі. Қорқыттың туған жері Қараспан тауы дейді. Анасы Қорқытты туар алдында жабайы құланның етін жегісі келіп, баласын үш жыл тоғыз күн құрсағында көтеріп жүреді. Қорқыттың анасы осы үш жыл ішінде жыл сайын толғақ бастан кешіп, баласының дүниеге келуіне дайындалып, азап шегеді. Бірақ бірінші жылы да, екінші жылы да бала дүниеге келмеді. Үш жыл тоғыз күннен кейін Қорқыт дүниеге келеді. Ол дүниеге келген күні жерді қара бұлт басып, мұңды күн айналаны түнерген. Найзағай жарқылдап, күн күркіреп, айналаның бәрі төңкеріліп жатқандай. Мұның бәрі баланың дүниеге келген сәтімен бірге жүреді, бұл жергілікті тұрғындар арасында үрей мен қорқыныш туғызады.

«Қайда барсаң да Қорқыттың бейіті бар» деген сөз бар. Бұл философиялық нақыл Қорқыттың сәуегейлік түс көруі аңызына байланысты. Түсінде бейтаныс адамдар оған бейіт қазып жатыр екен. Қорқыт: «Кімге бейіт қазылып жатыр?» деп сұраған. Олар оған Қорқыттың моласына ор қазып жатқандарын айтады. Кенет шошып оянған Қорқыт ажалдан қалай құтылуды ойлайды. Ол жердің төрт бұрышын айналып шығуды ұйғарды. Әр жерде ол үшін қазылған шұңқырларды кездестіреді. Ажалдың болмай қоймайтынын түсінген Қорқыт өзінің туған жері – Сыр бойына қайта оралады. Өліп қалмас үшін өзенге кілем төсеп, қобыз тартады. Бірақ бір күні ол шаршағандықтан ұйықтап қалады. Оған өлім жылан кейпінде келіп, шаққаннан кейін өледі.

Басқа нұсқада Қорқыт түйеге мініп, жер шарының әр жағын (батыс, шығыс, оңтүстік және солтүстік) кезіп: «Таңертең Желмая түйесін ертіп, батысқа (мағруб) барды. Сол жерде қабір қазушыны көрді. Одан кейін Қорқыт оңтүстікке (жүнуб) және солтүстікке (шавал) кезектесіп келеді. Әр жерде қабір қазушыны кездестіреді. Еріксізден құтылуға тырысқан Қорқыт өлімнен қайдан, қалай сақтануға болады деген сұрақпен Құдайға жүгінеді. Сол кезде аспандық дауыс естіледі: «Ақымақ, туған жеріңе қайт! Тек сонда ғана тыныштық табасың, туған жерің – жердің кіндігі».

Е.Тұрсынов Қорқыт туралы аңыздардың сюжеттерін көне түркі халықтарының мифтік қиссаларының мазмұнымен салыстыра отырып, олардың бақсылық ырыммен типтік ұқсастығына тоқталып, ұлы әңгімеші образында «аспаннан мәңгілік өмір сұрайтын» ежелгі ұлы бақсының ерекшеліктері сақталғанын атап өтеді. Ғалым мұндай дүниетаным түркілер арасында қолданылған дана, ұлы тұлғаның сипатына қайшы келмейді деп есептейді.

Ежелгі мифтік дүниетанымға негізделген, «аспаннан мәңгілік өмір сұраған» ұлы бақсы бейнесін қамтитын Қорқыт туралы аңыздар түркі халықтарының баға жетпес рухани мұрасы болып табылады. Жалпы алғанда, біздің алдымызда адам санасындағы тәңіршілдік пен мұсылмандық сенім арасындағы қайшылықтың панорамасы тұр.

Аңыздарда Қорқыттың музыкалық шығармалары (күй) «бүкіл әлемді жаулап, тіпті өлімді де бағындыруға қабілетті» деп атап өтіледі. «Қорқыттың күйлері шырылдап, аспандағы құстар ұшып, ысқырған жел тоқтағанда, Сарыарқаның аңдары Сырдың жағасына жиналып, ән тыңдайды. Сырдарияның ағысы тоқтайды, Қорқыттың суға батпайтын кілемі қозғалыссыз кемең, өлімнің өзі кіре алмаған аралдың қасиетін алады».

Қорқыт ата философиясына көзқарас тағы мына қырымен анықталмақ. Түркі философиясында болмыстың модальділігінің нақты концепциясын кездестіруге болады. Бұл концепция әлемді бір өлшемді емес, көп өлшемді етіп көрсетеді. Дүние әртүрлі модальділігі бар бірнеше болмыстан тұрады. Ең алдымен, олар өмір сүру ықтималдығының дәрежесі бойынша ерекшеленеді. Бұл жерде концепция Юм мен Расселдің идеяларына жақын. Алайда, олардан айырмашылығы, түркі философиясының концепциясында болмыс модальділігін көбірек субъектілеу байқалады. Басқаша айтқанда, өмір сүрудің үлкен немесе аз ықтималдығы көп жағдайда адамға, оның әрекетіне, оның көзқарасы мен бағалауына байланысты.

Болмыстың модальділігі туралы мұндай өзіндік ойды түркі халықтарының ұлы ойшылы Қорқыт атаның тұжырымдарынан аңғаруға болады. Оның сан ғасырлар бойы ауыздан-ауызға ауысып келген «Тәрбие сөзінде» болмыстың мынадай түрлері жазылған.

Бірінші. Олар, ең алдымен, шынайы болмысты, оның табиғатына сәйкес келетін және ақиқат емес, жоқ сияқты, толық емес, ақаулы болмысты ажыратады. Нағыз болмыс өзінің табиғаты бойынша осындай болатын нәрсеге тән, мысалы, «ұлы» табиғатынан осындай болуы керек, ал «біреудің баласы» ешқашан бола алмайды (бірақ «Басқа баласы жоқ басқа адамның баласы бола алады»). Немесе, мынадай мысалдар: «Кәрі құрақ тай болмас, ескі жау дос болмас», «Ескі қамыс – біз болмас. Ежелгі душпан – дос болмас», сонымен қатар: «Көл – төбе болмас, күйеу бала – ұл болмас».

Шынайы болмыстың өз өлшемі бар, ол өлшем шекарасынан аса алмайды. Оның үстіне бұл шекараларды табиғаттың өзі белгілеп, адам бағынуға мәжбүр («Ер жігітке қара құрым мал бітсе, жияр, көбейтер, талап етер, бірақ несібесінен артығын жемес»).

Екінші. Қорқыт ата басқа болмыстың себебі болып табылатын болмысты бөліп көрсетеді. Себеп болып табылатын болмысты қажетті, анықтаушы деп түсіндіруге болады. Ал сол нәрсенің салдары тәуелсіз емес, тәуелді.

Тәуелді болмыс, ең алдымен, адамға қатысты, болмысты анықтаушы жоғары күштерді білдіреді: «Тәңірі бермесе, адам байымайды», «Тәңірі бермейінше, ер

байымас», «Өлім уақыты келгенше ешкім өлмейді», «Ажал уақыты келмейінше, ешкім де өлмес».

Бірақ адамның табиғаты да болмыстың бір немесе басқа түрінің болуы немесе болмауының себебі болуы мүмкін: «Адамның табиғаты оның болмауының себебі».

Болмыстың бұл түрлері дүниедегі себеп-салдарлық байланыстарды да білдіреді: «Атың шаршамайынша, жолды жеңе алмайсың», «Міңген атың қыналмайынша, жол алынбас», «Ердің аты малын жұмсамайынша білінбейді», «Ер малын қымайынша, аты шықпас».

Үшінші. Қорқыт болмыстың модальділігі идеясына қалаған, орынды және карама-қарсы – қалаусыз, орынсыз нәрсенің болуын қосады. Соңғы бар болғаны сондай, ол мүлде болмағаны жақсы болар еді! Болмыстың қалаусыздығы, ең алдымен, оның шындыққа сәйкес келмеуі, табиғатқа, мақсатқа және адам қажеттіліктеріне сәйкес келмеуімен байланысты.

Мысалы: «Адам ішпес ашы су жылға құйып аққанша, ақпағаны игі», «Адам ішпес ашы су жылға құйып аққанша, ақпағаны игі», «Ат жемейтін ашы шөп біткенше, бітпегені игі».

Қалаған болмыс басқа нәрселермен қатар моральдық нормалар мен өлшемдерге сәйкес келуі керек. Мысалы: «Қонақ келмеген үй құласа жақсы болар еді», «Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық».

Төртінші. Қорқыт білімді болмыстың қосымша белгісі деп таниды. Басқаша айтқанда, егер біз бір нәрсе туралы білмесек, онда оның бар екенін айту кем дегенде менмендік болар еді. Оның үстіне болмысты қабылдау субъектісі үшін бұл болмыс ең маңыздысы болатыны сөзсіз. Өз кезегінде, дәл осы тақырыптың айғағы: «Жердің соны шөбін киік білер», «Айырым-айырым жол сүрлеуін түйе білер», «Ұлдың кімнен туғанын анасы білер», «Ердің батқанын ат білер», «Ер жомартын, ер бақылын жырау білер».

Бесінші. Ақырында, болмыстың тағы бір күмәнсіз қасиеті - оның әдемілігі. Сонымен бірге, Қорқыт үшін сұлулықтың эстетикалық немесе этикалық жақтары емес, метафизикалық жағы маңыздырақ. Ол үшін Сұлу, демек, болмысының даусыз қадір-қасиетіне ие болған Тәңірі, Мұхаммед пайғамбар, Құран және оның аяттары, Мекке мен қазы, жұма мен намаз, ақ шашты қария мен емізетін ана, қамқор туыстар мен тәрбиелі бала, т.б.

Сонымен, Қорқыт философиясында философия тарихындағы «болмыс дәстүрі» рухында болмыс заттардың біртұтас негізі ретінде емес, көп өлшемді, көп деңгейлі құбылыс ретінде көрінеді. Бір нәрсенің болуы басқаға қарағанда көбірек. Біз кейбір заттардың бар екенін білеміз, бірақ басқалары туралы білмейміз, сондықтан олардың өмір сүру тәсілі әртүрлі. Ақырында, басқаларға қарағанда өмір сүруге лайықты заттар мен құбылыстар бар. Демек, адам да өз қызметі арқылы болмысқа үлес қоса алады немесе, ең болмағанда, шынайы, әдемі, таңдануға лайық болмысқа таңдана алады.

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БАЙМЫРЗА

Рауан Кемербай

«Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» - деген қазақтың мағынасы терең, тағылымы мол сөз бар. Бұл жерде өз туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімі мен отаншылдық қасиетіне мән берілсе керек. Қазақтың дархан даласында туған жердің қадірін, қасиетін түсінген ерлер елін, жерін қорғап, оның еркіндігі мен болашағы үшін талай ерлік жасаған. Бұл сөздің астарында адамның туған жерге деген терең жауапкершілігі мен жанашырлық сезімі жатқандығы анық.

Әрбір қазақ үшін туған жер тек географиялық кеңістік қана емес, ол балалық шақтың, алғашқы армандардың куәсі. Туған жер адамның мәдени, рухани негізін қалыптастырады, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ халқы ежелден ата-баба жерін киелі санап, оны қастерлеуді, көздің қарашығындай сақтап ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп отырған. Қазақ халқы үшін жер – тек қана өмір сүру ортасы емес, ол ата-бабалардың ізі қалған, рухтары ұялап «күт» қонған қасиетті мекен. Сол себепті де, жерді қорғау, оған адал болу – әр қазақтың азаматтық парызы деп білемін. Асан Қайғының «Жерұйық» идеясының бастауында жерге ұю, ел болуға деген ұмтылысын көреміз. Әр қазақ үшін өзінің туған жері жұмақ, қасиетті мекен. «Мен қазақпын!» дейтін әр бір азамат өзінің шыққан тегін біліп, жеті атасын тарқатып айта алуы, ата жұртын, туған елін қастерлеп жүретіндігі қанға сіңген қасиет.

Сол себептен де біз үнемі ауылымызды, туған жерімізді сағынып жүретіндігіміз бар.

«Өмір дегеніміз - адамдық болмысты нақтылау, өзінің адам екенін дәлелдеу. Әр адамның өмірі – оның болмысының, қасиетінің жарыққа шығу, көріну тәсілі. Өмір арқылы ғана адам өзінің адамдық болмысын дәлелдей алады. Әр адамның өз өмірі бар, бұл тұрғыдан алғанда әрбір адам – өз алдына жекелік. Сондықтан адамның бұл өмірде биік белестерге жетуі немесе төмен құлдырауы, ең алдымен, адамның өзіне, өз қабілетіне, өзінің өмірлік құндылықтары мен дағдысына байланысты, басқаша айтқанда, адам – өз тағдырын жасаушы, адамның жақсылықта да, жамандықта да болуы өз қолында» - деп автордың өзі айтқандай ғалым, ұстаз Баймырза Қожамберлиев өзін өзі жасаған, болмысы бөлек тұлға. Өз өмірін ғылым, білім жолына арнаған философиядағы сцентизм бағытын қолдаушы.

Сонау замандар да Қорқыт бабамыз да өзінің желмаясына мініп шартарапты кезіп, мәңгі өмірді іздегенін аңыздардан білеміз. Дегенмен, Қорқыт атамыз қайда барса да, өзінің туған жеріне деген ыстық сезімін сөндірмеді. Өзінің кіндік қаны тамған, қастерлі туған жері Сырдарияға келіп дүние салған деген деректер бар. Оған дәлел ретінде Қорқыт ата мазары Қызылорда облысы Қармақшы ауданында және «Қорқыт Ата» мемориалды музейіде бүгінгі күнге дейін қызмет жасап тұр.

Бұл жерде мен өзіндік болмысы бөлек Қызылорда өңірінің рухани-мәдени өсіп өркендеуіне үлес қосып келе жатқан философия ғылымдарының докторы, профессор Баймырза Қожамберлиев туралы айтқым келеді. Баймырза ағамызда өзінің туған жеріне кіндігі байланғандығын аңғару қиын емес. Қасиетті құт қонған Қызылордамен бірге өсіп, дамып келеді. Туған жерге қазығынды қадап, өмір кешу адамның өмірлік құндылықтарын айқындайды, оның болашаққа деген ұмтылысын, жауапкершілігін арттыратындығы сөзсіз. Туған жерін сүйген адам ғана өзіне және еліне пайдалы болуға тырысады, сол арқылы өз өмірінің мәнін табады. Бұл сезім адамды тек патриот қана емес, сонымен қатар рухани кемел адам ретінде оның мәртебесін өсіреді.

Қазақ халқының тарихында ақын, жыраулар өздерінің жыр, дастандары мен шығармаларында туған жерге деген ыстық сезімдерін жырлап, әспеттейді. Атақты батырларда бір уыс жер үшін бір қасық қаны қалғанша күрескенін білеміз.

Ғалым Баймырза Қожамберлиев те батыр болмаса да, үлкен ғалым ретінде туған жерінің гүлденіп, үлкен рухани орталық болуына өзінің білімі мен бай тәжірибесімен бөлісіп келеді.

Баймырза Қожамберлиев – Қазақстандық философия ғылымында өзіндік орны бар ерекше тұлға. Белгілі ғалым, қоғам қайраткері деуге толықтай құқымыз бар. Себебі ағамыз Қызылорда өңірінің мәдениетін, тарихын, әдебиетін және рухани мұрасын зерттеуге көңіл бөліп келеді. Әсіресе, білім, ғылымның жанашыры ретінде ұстаздық қызмет жасап келе жатқандығын атап өткен дұрыс.

Бүкіл саналы ғұмырын білім, ғылымға арнап келе жатқан Баймырза Қожамберлиев Қызылорда облысының ел ағасына айналды. Өмірі өнеге, елге сыйлы азамат. Қазақстандық патриотизм, конфессия аралық үйлесімділік, ұлттық бірегейлік, Қазақ менталитеті, діни экстремизмнің алдын алу, руханият туралы ғылыми-көпшілік мақалалары үздіксіз шығып келеді. Ондағы ойлар мен сүбелі сөздер еліміздің рухани жаңғыруына әсер етендігі анық.

Баймырза Қожамберлиев қазақ халқының мәдениетін, салтдәстүрлерін және рухани құндылықтарын зерттеу арқылы ұлттық сананы көтеруге тырысып келеді. Оның еңбектері ұлттық идеологияны қалыптастыруға, жас ұрпақтың өз болмысын тануға, өз мәдениеті мен тарихын құрметтеуге арналған. Қазақтың мәдени мұрасын, тарихын, философиясын терең тану арқылы Баймырза Қожамберлиев қазақ халқының рухани жаңғыруына жол ашатындығына сенім артады.

Сонымен қатар, ғалым Баймырза Қожамберлиевтың ұлттық сананы қалыптастыру жолындағы «Сана философиясы» еңбегінің құндылығын атап өткен дұрыс. «Сана деген – объективті дүниенің субъективті бейнесі» - дей келе ең әуелі санада серпіліс болуы керектігіне мән береді. Сана адамның өмірін айқындайтын негізгі күш, рухани құбылыс. Демек, ең алдымен сананың тазалығына ерекше мән беруді атап өтеді ғалым. Бұл ойлар Президентіміздің «Жаңа Қазақстан». «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауымен үйлесім тапқан.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформаларын жергілікті жерде түсіндіріп, еліміздің өркендеуі үшін өзекті мәселелерді көтеріп, сол мәселелердің оңды шешілуіне ықпал жасап жүргенін мерзімді басылымдардан, әлеуметтік желілерден байқаймыз.

Бүгінгі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры болып қызмет жасап келе жатқан ғалым ағамыздың мерей тойы құтты болсын дегім келеді. Бұл тек қана Баймырза ағамыздың тойы емес, бүкіл Қызылорда халқының тойы деп білемін. Себебі Қызылорда мен Баймырза Қожамберлиев егіз ұғымдар. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» - деген сөз тура мағынасында Баймырза ағамызға айтылғандай. Себебі бүкіл ғұмырын, білген, түйгенін Сыр елі, жыр елі – Қызылорданың өсіп, өркендеуіне арнап келеді.

ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ: ЖАҢА ИДЕОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ӘСЕРІ

Болатбекова Назгуль Жоламановна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жаһанданудың қазақ руханиятына және дәстүрлі құндылықтарға әсері зерделенеді. Жаһандану үрдістері мәдени нормалардың, қоғамдық сананың өзгеруіне және тарихи қалыптасқан дәстүрлердің жойылуына әкелетіндігі айтылады. Қоғамды даралау, тілдік өзгерістер және олардың ұлттық бірегейлікке әсері мәселелеріне назар аударылады. Автор қазақ қоғамының алдында тұрған заманауи сын-қатерлерді талдайды және білім беру бағдарламалары, ұлттық мәдениетті насихаттау арқылы рухани мұраны сақтаудың мүмкін жолдарын ұсынады. Мақала жаһандық қоғамдастыққа кірігу мен қазақ халқының бірегей құндылықтарын сақтау арасындағы тепе-теңдік қажеттілігін атап көрсетеді.

Аннотация. В статье изучается влияние глобализации на казахскую духовность и традиционные ценности. Отмечается, что тенденции глобализации приводят к изменению культурных норм, общественного сознания и разрушению исторически сложившихся традиций. Обращено внимание на вопросы индивидуализации общества, языковых изменений и их влияния на национальную идентичность. Автор анализирует современные вызовы, стоящие перед казахским обществом, и предлагает возможные пути сохранения духовного наследия через образовательные программы, пропаганду национальной культуры. В статье подчеркивается необходимость баланса между интеграцией в глобальное сообщество и сохранением уникальных ценностей казахского народа.

Abstract. The article examines the impact of globalization on Kazakh spirituality and traditional values. It is noted that the trends of globalization lead to a change in cultural norms, public consciousness and the destruction of historically established traditions. Attention is drawn to the issues of individualization of society, linguistic changes and their impact on national identity. The author analyzes the modern challenges facing Kazakh society and suggests possible ways to preserve the spiritual heritage through educational programs and the promotion of national culture. The article highlights the need for a balance between integration into the global community and preserving the unique values of the Kazakh people.

Жаһандану – бұл қоғам өмірінің барлық салаларына, соның ішінде мәдениетке, экономикаға және рухани құндылықтарға айтарлықтай әсер ететін күрделі және көп қырлы процесс. Қазақ елінің тарихы бай және мәдени мұрасы бар бола тұра, әлемдік идеологиялармен өзара белсенді байланысқа түсу жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау сын-тегеуріндерге тап болуда. Сондықтан да жаһандану үрдістерінің әсерінен қазақ руханиятындағы өзгерістер және дәстүрлі құндылықтарды сақтаудың мүмкін жолдарын қарастыру зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін айқындайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз» - деп атап өткен болатын [1]. Бұл жерде елдегі қоғамдық келісім мен бірлікке негізделген саяси ұстанымды байқаймыз. Әртүрлі көзқараста болғанымызбен, ортақ құндылықтар мен ұлттық мүддені сақтау маңызды екендігін түсінеміз. Яғни, бірнеше уақыт өтсе де Жолдауда айтылған мәселелер, бүгінгі күнге дейін өзекті болып отыр. Осы орайда біз, біртұтас ұлт ретінде дәстүрлі құндылықтарға негізделген руханиятымызды қалыптастыруда белсенді ғылыми-практикалық зерттеулер қатарын көбейтіп,

ұсынылып жатқан шешім жолдарына өз үлесімізді қосу тиіспіз. Себебі, өзіміздің дәстүрлі құндылықтарға негізделген руханият әлемін өскелең ұрпақ бойында дамытып, қастерлете алмасақ басқа ұлт өкілдері алдында құрметке ие болып, жаһандану көшіне ілесіп, ұлт ретінде қарқынды дами аламыз деп толық айта алмаймыз.

Бұл, қазақ қоғамының мәдени және әлеуметтік өміріндегі бірегейлікті сақтау және ескі мен жаңаның үйлесімділігі туралы сұрақтарға әкеп соғатындығы сөзсіз. Осы орайда Д. Кішібеков: «Әрине, алдымен ол туған географиялық ортаға, сондай-ақ материалдық, әлеуметтік саяси, идеологиялық жағдайларға сәйкес және сонымен тығыз байланыста қалыптасады. Осы факторларға сәйкес адамның рухани дүниесі, ойлау жүйесі, мінез-құлқы, қайрат-жігері, әдет ғұрпы, ойын-сауығы т.б. өзіне ғана тән қасиеттері тұрақталады. Солар арқылы бір ұлт бір ұлттан ерекшеленеді. Сол ерекшеліктер арқылы қоғамның рухани байлығы артады» – деп сипаттайды [2]. Ғалымның пайымдауынша, ұлттың ерекшеліктері оның рухани байлығын арттырады. Әр ұлттың ойлау жүйесі, мінез-құлқы, салт-дәстүрі, ойын-сауығы өзіндік ерекшелікке ие, сол арқылы әрбір мәдениет өзіндік сипат алатындығын жеткізеді. Ұлттық ерекшеліктердің кездейсоқ құбылыс емес екендігін, керісінше, белгілі тарихи жолдармен, әлеуметтік және географиялық факторлардың әсерімен қалыптасатынын атап өтеді. Яғни, руханилығымызды берік ұстануымыз қажет екендігі белгілі.

Қазақ руханияты саласындағы зерттеулерде, руханилық – тек адамға тән маңызды қасиеттердің бірі екендігі айтылады. Руханилық бастауы әр адам бойында азды-көпті бар, бірақ ақылдың көмегімен, білім алу арқылы руханилыққа жетемін деуге болмайды. Өз бойында адами қасиеттерді дамытып, өз білімін адамгершілікпен ұштастырғанда ғана шын руханилыққа жетеді. Адамгершілікке адам ең жоғарғы құндылықтарға ұмтылу арқылы жетеді. Ар-ұят, адалдық, еңбек, махаббат, бақыт, достық, шығармашылық, әділдік тағы да басқа көптеген құндылықтар арқылы адам өз өміріне мән беріп, руханилыққа жетуге ұмтылады [3]. Жоғарыда айтылғандай, руханилық адамға ғана тән қасиет екендігі атап өтіледі, бірақ оны тек білім немесе ақыл арқылы дамыту мүмкін емес. Шынайы руханилыққа жету үшін білім мен адамгершілікті бірге ұштастыру қажет. Адамның рухани дамуын тек біліммен емес, этикалық және моральдық құндылықтармен үйлестіру қажеттігін баса көрсетеді. Бұл идея қазақ мәдениетінің адамгершілік пен рухани кемелденуге негізделген дәстүрлі құндылықтармен үндесіп жатады.

Жаһандану және қазақ руханияты мәселесі сөз болғанда, руханияттың мәні, оның қоғамдағы рөлі жайында Ә.Кекілбаевтің мына бір жалынды сөзіне тоқтала кету мүмкін емес: «Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін –рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін – рухани байлық керек», –дейді [4]. Руханият алыбының меңзегені рухани жұтаңдықтан аулақ болу, өз ұлтыңның рухани құндылығын бойыңа сіңіре отырып, ұлттық болмысымызды қалыптастыру екендігі сөзсіз.

Дегенмен де, жаһандану үрдісі өскелең ұрпағымыздың дүниетанымына, рухани құндылықтарына әсер ететін көптеген жаңа идеологияларды тудырды. Бұл идеологиялар экономикалық, саяси, мәдени және технологиялық факторлардың әсерінен қалыптасады және көбінесе қоғамның дәстүрлі нормаларына қайшы келіп жататындығы белгілі. Ұлттың өзін-өзі сақтау механизмі – оның дәстүрлі құндылықтарын келесі ұрпаққа жеткізу жайында Т.Ғабитов: «өз тарихын, рухани мұрасын, құндылықтарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін келесі ұрпаққа таныту-ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті» – деп сипаттайды [5, 339 б.] Ғалымның пікірінше, ұрпақтар арасындағы мәдени сабақтастық үзілсе, халықтың өзіндік ерекшелігі жойылып, ұлттық бірегейлік әлсірейтіндігін жеткізеді. Бұл әсіресе жаһандану дәуірінде маңызды, өйткені батыс мәдениетінің ықпалы көптеген дәстүрлі қоғамдарға сын-қатер төндіріп жатқандығы жасырын емес.

Осы мәселені тереңнен зерделеу барысында жаһанданудың негізгі жаңа идеологиялары ретінде бірнеше көріністерін ажырата аламыз:

Біріншіден, индивидуализм және өзін-өзі жүзеге асыру мәдениеті.

Қазіргі жаһандық мәдениет индивидуализмге, жеке бас бостандығына және өзін-өзі жүзеге асыруға көбірек көңіл бөлуде. Қазақ қоғамына тән дәстүрлі ұжымдық құндылықтардан айырмашылығы, индивидуализм жеке мақсаттарға, тәуелсіздікке және таңдау құқығына баса назар аударады. Бұл отбасылық құндылықтардың өзгеруінен, өскелең ұрпақтың өміріндегі туыстық қатынастардың немесе отбасылық рөлінің әлсіреуінен және неке мен отбасылық міндеттерге деген немқұрайлы көзқарастан көрінеді.

Екіншіден, либерализм және адам құқықтары.

Либерализм идеологиясы жеке бас бостандығы, заң алдындағы теңдік, толеранттылық және демократия принциптерін қамтиды. Жаһанданудың әсерінен Қазақстанның жас ұрпағы сөз бостандығы және гендерлік теңдік сияқты өзінің азаматтық құқықтарын қорғауға ұмтылуда. Алайда, кейбір жағдайларда бұл үлкенге құрмет, кішіге ізет, яғни, әлеуметтік иерархияны және ұжымдық жауапкершілікті құрметтеуге баса назар аударатын дәстүрлі қазақ құндылықтарымен қақтығысқа әкеліп жататындығы сөзсіз.

Үшіншіден, жаһандық капитализм және тұтыну мәдениеті.

Жаһандық нарық-тұтыну мәдениетімен байланысты жаңа мінез-құлық үлгілерін жасайды. Жастар санасы жарнамаға, әлеуметтік медиаға және халықаралық брендтерге ауады, бұл қажет болмаса да қымбат заттарды сатып алуға, сән трендтерін ұстануға және материалдық құндылықтарды қандай да жолмен болсын қанағаттандыруға деген ұмтылысты қалыптастырады. Бұл құрмет, ар-намыс және қадір-қасиет сияқты рухани құндылықтар материалдық байлықтан маңыздырақ деп есептелетін дәстүрлі қазақ философиясына қарама-қайшы келіп жатқандығын да байқап жүрміз.

Төртіншіден, постмодернизм және дәстүрлі биліктен бас тарту.

Батыс елдерінде постмодерндік идеология ғылымға, өнерге, әлеуметтік нормаларға және адамдардың дүниетанымына айтарлықтай әсер етті. Ол әмбебап шындықтардан бас тартумен, дәстүрлі институттарды сынаумен және пікірлердің плюрализмін растаумен сипатталады. Бұл дәстүрлі құндылықтарды қайта қарастыруға, жаһандану жағдайында жаңа мағыналарды іздеуге әкеледі, нәтижесінде қазақ қоғамындағы діни және мәдени құндылықтардың рөлінің әлсіреуіне әкелуі мүмкін екендігін болжамдауға болады.

Бесіншіден, сандық трансформация және ақпарат мәдениеті.

Технологиялық прогресс ақпаратқа қол жетімділікке, цифрлық сәйкестілікке және интернеттегі сөз бостандығына негізделген жаңа идеологияны тудырды. Қазақстан жастары білім беру, өзін-өзі көрсету және саяси көріністерге қатысу үшін әлеуметтік желілерді, блогтар мен бейне контентті белсенді пайдаланады. Алайда, артықшылықтармен қатар, цифрлық мәдениет жеке құпиялықты жоғалтуға, виртуалды әлемге тәуелділікке және нақты әлеуметтік байланыстардың үзілуіне әкелуі мүмкін екендігі белгілі. Бұл өз кезегінде жастарымызды бойында рухани жатсыну көріністерін де тудырып жатады.

Жалпы алғанда жаһанданудың жаңа идеологиялары дәстүрлі құндылықтардың өзгеруіне кері ықпалын тигізіп жатқан жайттары да бар екендігін мойындауымыз керек. Бір жағынан, бұл идеялар тұлғалық өсуге, мансаптық дамуға және құқықтар мен бостандықтарды кеңейтуге жаңа мүмкіндіктер берсе, екінші жағынан, олар ұрпақтар арасындағы мәдени алшақтықты, дәстүрлі отбасылық құндылықтардың әлсіреуін және ұлттық бірегейліктің бұлыңғырлануын тудыруы мүмкін.

Осы орайда, С.Нұрмұратов өз зерттеулерінде рухани құндылықтарды жеке тұлға мен қоғамның рухани дамуының тірегі ретінде қарастыра келіп, олардың тарихи сабақтастығы мен жаһандану жағдайындағы өзгерістеріне назар аударады [6]. Рухани

құндылықтардың қоғамдық рөлі мен – руханилықтың көпқырлылығы – ол тек мораль мен этикадан тұрмайтындығын, сонымен қатар мәдениет, дін, өнер, ғылым сияқты салалармен байланысты болатындығы белгілі екендігін жеткізеді. Сонымен бірге, қазақ мәдениетіндегі руханилық – ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар арқылы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, ұлттық рухтың болуы айдан анық екендігін байқаймыз.

Ұлттық рух – еркіндік пен бірліктің қайнар көзі, ал оның дамуы адамның рухани кемелденуімен тығыз байланысты. Ол жайында ғалымдарымыз, Матаев М., Б. Қожамберлиев «Ұлттық рух мәселесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет, себебі, мұның өзі – әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын, халық даналығынан жинақталған еркіндіктің түрі» – деп баяндаған болатын [7,3 – 466]. Бұдан түйетініміз, ұлттық рухани жетілу – адамның өзін-өзі рухани дамытуы тек жеке басының емес, ұлттың да маңызды міндеті екендігінде.

Сондықтан ұлттық дәстүрлерді сақтау мен рухани мұраны жоғалтпау үшін, сонымен бірге әлемде бәсекеге қабілетті болу үшін заманауи жаһандық үрдістерге бейімделу арасындағы тепе-теңдікті іздеу қазақ қоғамы үшін басты міндет болып табылады. Біз осы мақсатта жаһанданудың және қазақ руханиятына әсерін зерделеу арқылы дәстүрлі құндылықтарымыздың өскелең ұрпақ бойына сіңіре білудің жолдарын анықтай аламыз.

Жаһандану үрдісінің жаңа идеологиялары Қазақстан жастарына рухани әсері маңызды және көп қырлы тақырып болып табылады, өйткені жаһандану үрдісі өмірдің әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде мәдениетке, дүниетанымға, әлеуметтік нормалар мен мінез-құлыққа енеді. Жастар қоғамның ең белсенді және қабылдаушы бөлігі ретінде жаңа идеяларға тап болады, бұл олардың рухани бағдарлары мен дәстүрлі құндылықтарына айтарлықтай әсер ететіндігі белгілі.

Тарихи жадымыз бен рухани мұрамыз – дәстүрлі құндылықтарды сақтауға көмектесетін негізгі фактор болып табылады. Бірақ оны күшейту үшін мәдени-ағарту жұмыстары, ұлттық бірегейлікті нығайту, рухани мұраны дәріптеу қажет.

Сол үшін де, жаһандану жағдайында қазақ руханиятын сақтау барысын мынадай шараларды қамтитын кешенді тәсілдерді атқарған дұрыс:

1. Ұлттық мәдениетті насихаттау. Ұлтымыздың төл өнерін сақтай отырып, қазіргі заманғы шындыққа бейімделген қазақ әдебиетін, музыкасын, киносы мен өнерін дамыту дәстүрге деген қызығушылықты сақтауға көмектеседі.

2. Білім беру бағдарламалары. Қазақ халқының тарихын, философиясын және дүниетанымдық негіздерін зерттейтін пәндерді оқу бағдарламаларына енгізу ұлттық бірегейлікті нығайтады.

3. Ана тілін сақтау және дамыту. Ана тіліне баса назар аудара отырып, көп тілді білім беруді қолдау оның жастар арасында сұранысын қамтамасыз етеді.

4. Рухани тәрбие. Түп-тамырды құрметтеуге негізделген моральдық-этикалық құндылықтарды насихаттау дәстүр мен қазіргі заман арасындағы тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі.

Жаһандану – бұл халықтардың рухани дәстүрлеріне оң және теріс әсер ететін сөзсіз процесс. Қазақстан үшін жаңа жағдайларға бейімделіп қана қоймай, өзінің мәдени және рухани тамырларын белсенді түрде сақтау маңызды. Өзгерістерге саналы және теңдестірілген көзқарас арқылы ғана оның бірегей сәйкестігін сақтай отырып, қоғамның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге болады.

Ұлтымыздың рухани мәдениетінің тамыры тереңнен бойлап, нық болатын болса, жаһандану үрдісінде пайда болып жатқан жаңа идеологиялар рухани құндылықтарымызға кері әсерін тигізбей, жаңа заманмен үндесе өмір сүреміз сөзсіз.

Әдебиеттер::

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы. [Электронный ресурс] URL <https://www.akorda.kz>. (дата обращения 29.01.2025).

2. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б
3. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 177 б
4. Ә. Кекілбайұлы. Шандоз: деректі-тарихи баян. Батыс Қазақстан облысы әкімшілігі мен «Арыс» қоры... – Алматы : Арыс, 2004. – 353
5. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. –Алматы: Раритет, 2013. – 400б
6. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау - Алматы: Рауан, 2000. – 180 б.
7. Матаев М., Б.Қожамбердиев. Тәуелсіздік тұғырымыз. Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты. Хабаршы. 2014, №4 (42). 3-4 б.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ САНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ РУХАНИ ДАМУЫ

Шадинова Гульзира Абиласановна

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
филол.ғ.к., доцент м.а. Түркістан, Қазақстан

Мадияр Қарақат

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті.
Түркістан, Қазақстан

Жұмыс «Болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту» (ЖТН: АР19679946) тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Аңдатпа: Бұл мақалада цифрландыру және білім негізінде қазақстан жастарының сандық дәуірдегі рухани даму мәселесі қарастырылады. Цифрландыру дәуірінде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Қазақстан жастары үшін технологиялар тек ақпарат алу құралы ғана емес, сонымен қатар рухани және зияткерлік дамудың маңызды факторы болып табылады. Сандық ортада білім алу процестері жылдам әрі қолжетімді бола отырып, жастардың танымдық әлеуетін кеңейтеді. Алайда, технологияның шексіз мүмкіндіктері дәстүрлі рухани құндылықтардың маңызын төмендетпеуі тиіс. Осы зерттеу білім мен цифрландырудың өзара әрекеттесуін қарастырып, олардың жастардың рухани дамуына әсерін талдайды.

Аннотация: В данной статье рассматривается проблема духовного развития казахстанской молодежи в цифровую эпоху на основе цифровизации и образования. В эпоху цифровизации система образования претерпевает значительные изменения. Для казахстанской молодежи технологии являются не только средством получения информации, но и важным фактором духовного и интеллектуального развития. Процессы обучения в цифровой среде становятся более быстрыми и доступными, расширяя познавательный потенциал молодых людей. Однако безграничные возможности технологий не должны снижать значимость традиционных духовных ценностей. Данное исследование рассматривает взаимодействие образования и цифровизации, анализируя их влияние на духовное развитие молодежи.

Abstract: This article examines the issue of the spiritual development of Kazakhstani youth in the digital age based on digitalization and education. In the era of digitalization, the education system is undergoing significant transformations. For Kazakhstani youth, technology is not only a tool for accessing information but also a crucial factor in spiritual and intellectual development. Learning processes in a digital environment are becoming faster and more accessible, expanding young people's cognitive potential. However, the limitless possibilities of technology should not diminish the importance of traditional spiritual values. This study explores the interaction between education and digitalization, analyzing their impact on the spiritual development of youth.

Қазіргі заман – цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мен олардың қоғам өмірінің барлық саласына ену дәуірі. Білім беру жүйесі, мәдениет, экономика және әлеуметтік қарым-қатынастар түбегейлі өзгеріске ұшырап, жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлер туындауда. Қазақстан жастары үшін бұл өзгерістер сандық технологияларды

игеру арқылы білім алудың жаңа жолдарын ашып, рухани дамуға тың серпін береді. Цифрландыру үдерісі жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, интеллектуалды әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Алайда, сандық дәуірде тек техникалық дағдыларды меңгеру жеткіліксіз. Жастардың ұлттық құндылықтар мен рухани мұраны сақтау, цифрлық мәдениет пен ақпараттық қауіпсіздік қағидаттарын меңгеру мәселелері де өзекті болуда.

Жоғары білім беру саласындағы бүгінгі күнгі алға қойылған мақсаттардың бірі – жаңа ақпараттық технологияны білім беру жүйесіне пайдалана алатын, ақпараттық мәдениеті жоғары, білімді тұлғаны қалыптастыру. Білім беруді ақпараттандыру нәтижесінде әрбір студент ақпаратты еркін пайдалануға, оны қажетіне қарай талдай білу мүмкіндігіне ие болуы қажет. Өйткені, бұл білім беру үдерісіне қатысушылардың интеллектуалдық белсенділігінің артуына, сол арқылы білім беру жүйесінің дамуын жетілдіруге негіз болады.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар еңбек өнімділігін, өндіріс көлемін, инвестициялар мен еңбекпен қамту арасында өзара байланыстарды беріктендіруде елеулі үлес қоса алады. Желі бойынша таратылып отырған қызметтердің жаңа түрлері көптеген жұмыс орындарын ашуға қабілетті, мұны соңғы кездегі тәжірбиелер растап отыр [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа әдістерді пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды нарықта қолданудың ең маңызды факторы, негізгі қозғаушы күші — адам, сол себепті нарықтың негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс. Жаңа технологиялардың жастардың білім алуына және өмір сапасына әсері бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Цифрлық революция заманына аяқ басқанымызбен, технологиялардың білім беру мен жастардың өміріне тигізетін ықпалы аса маңызды [2].

XXI ғасырдың аралығында жүргізіліп отырған ақпараттық технологиялар саласында жүргізіліп отырған саясат біздің қоғамымыздың анағұрлым осал, әлсіз мүшелерінің мұқтаждықтарын есепке ала отырып, барлық жеке тұлғалардың өз қабілеттерін дамытуына жағдай туғызғаны абзал. Адамдық құндылықтарды басты бағытқа алатын экономика мен қоғамдық мұқтаждықтардың мәселесі ақпараттық дәуірдегі әлеуметтік және саяси философияның аса маңызды мәселелері болып табылады. Ақпараттық саясат–қоғамдағы ақпараттар желісін дамытуға бағытталған мемлекеттік органдардың реттеушілік қызметі. Бұл тек телекоммуникацияларды, ақпараттық жүйелерді немесе бұқаралық ақпарат құралдарын ғана емес, барлық түрдегі – іскерлік, ғылыми-танымдық, хабарламалық және т.б. сипаттағы ақпараттарды жасауға, сақтауға, өңдеуге, көрсетуге, таратуға байланысты өндірістік үрдістер мен қарым-қатынастардың бүкіл жиынтығын қамтиды. Ақпараттық саясатты бұлайша түсіндіру ақпарат индустриясының әркілі секторларының арасындағы кедергілерді жоя отырып, қарқынды дамып келе жатқан телекоммуникацияларды, компьютерлік технологияларды жаңалау үрдісіне, ақпараттарды цифрлау ісіне негізделіп отыр. Мемлекет өзінің экономикалық, әлеуметтік-саяси, ұлттық мүдделеріне сәйкес ақпараттық саясат ұстанады. Мемлекет тарихындағы түбірлі реформалық өзгерістерге орай дұрыс таңдап алған ақпараттық саясат қоғамның мүдделі мұраттарына жол бастап, өзіндік материалдық-рухани құндылықтарын сақтай отырып, әлемдік өркениет деңгейіне көтерілуге қызмет етеді. Цифрлық технологияларды дамыту бүкіл Еуразиялық экономикалық кеңістіктің басымдығы деп аталады.

Цифрлық мемлекетке көшу – халыққа және бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын оның қажеттіліктерін алдын ала отырып, қайта құру бағыты. Цифрлық Жібек жолын іске асыру-яғни деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жоғары жылдамдықты және қорғалған

инфрақұрылымын дамыту болып табылады. Жаңа технологиялар уақыт өткен сайын қуса жеткізбестей қарқынмен дамып жатыр. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Бүгінгі ақпараттандыру заманында қазіргі өмірді ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Ақпараттық революцияның екпінді дамуы нәтижесінде ақпарат мемлекеттік басқарудың басты ресурсына айналды. Тіпті ақпараттық мемлекет деген жаңа термин пайда болды. Тұңғыш президенттің жарлығымен 2013 жылы 8 қаңтарда «Ақпараттық Қазақстан -2020» Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Осы мақалада біз оның негізгі міндеттері мен бағыттарын толық анықтауға тырысамыз [3].

Алдымен, білім алу саласындағы өзгерістерге тоқталсақ. Қазіргі таңда ғаламтор, мобильді құрылғылар, оның ішінде телефондар және түрлі желілер, түрлі онлайн платформалар жастарға білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуде. Дәстүрлі білім беру әдістерімен қатар, онлайн курстар мен вебинарлар жастардың өз уақытында және өз қарқынында білім алуға мүмкіндік береді. Мысалы, Coursera платформасы әлемнің жетекші университеттерінен сабақ алуға мүмкіндік беріп, жастардың әртүрлі саладағы білімін тереңдетуге ықпал етеді. Мұндай технологиялар, әсіресе, білім алуға шектеулі мүмкіндігі бар жастар үшін үлкен артықшылық. Бұл платформаны көптеген ЖОО студенттер қолдануда, себебі дәл осы платформа арқылы жастар түрлі дағдыларды игеру үстінде.

Технологиялардың білім алудағы тағы бір артықшылығы – білім беру әдістерінің интерактивтілігі. Заманауи білім беру құралдары, мысал келтіре кетсек, білім алу ойындары, симуляторлар мен виртуалды шындық технологиялары, студенттердің қызығушылығын арттырып, теорияны практикада қолдану мүмкіндігін ұсынады. Бұл әдістер арқылы жастар өздеріне қажетті дағдыларды ойын арқылы үйреніп, материалды жеңіл меңгере алады.

Абай атамыз айтқандай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен оздым, ой демектің бәрі бекер [4, 78 б.]».

Бүгінгі таңда жастардың саяси мәдениетін тәрбиелеуге жаңашыл тәсілдерді енгізу қажет. Әсіресе жастардың саяси мәдениетін тәрбиелеуде мына тәсілдерді басшылыққа алған мақсатқа сай деп есептейміз:

- Ақпарат ауқымы кең қазіргі жағдайларда жастардың саяси ақпаратқа, негізінен, Қазақстан мемлекеттік саясаты туралы білімдерге деген қызығушылықтарын, оларды меңгеруден жеке мүдделіліктерін арттыру;
- Жастардың қоғамдық үрдістерге, қоғамдық басқару, өзін-өзі басқару процестеріне көбірек тарту;
- Жастардың қоғамдағы әлеуметтік үрдістерді саяси ұғынуға деген ұмтылыстарына қолдау көрсету;
- Мемлекет органдары мен жастар ұйымдарының серіктестігін күшейту, жастарды мемлекеттік органдар жұмысына көмек көрсету, қоғамдық қадағалауға, қоғамдық-саяси процестерге қатыстыру;
- Қазақстан қоғамының саяси құндылықтарын жастар бойына сіңіру, оларды қорғауға баулу, теріс саяси әсерлерге қарсы иммунитетті тәрбиелеу;
- Жастарға өз азаматтық сапаларын толық көрсетуге жол ашу;
- Жастардың қоғам дамуына, ел бірлігіне қызмет ететін, мемлекет пен қоғам алдындағы міндеттерде шешуге бағытталған саяси бастамаларына қолдау көрсету;
- Жастардың саяси көңіл-күйін ұдайы қадағалау, дұрыс бағыттау. Саяси ақпаратқа қызығушылықты оятудың тәсілдері ретінде:
- Студенттердің бұқаралық ақпарат құралдарынан жаңалықтарды көру, қысқаша тезистер құрастыру және кішігірім баяндамаларды әзірлеп, кураторлық сағаттарында группаластарына хабарлауы;
- Саяси ақпараттарды студенттердің болашақ мамандығымен байланыстыра пайдалану (мысалы, «Мұнай-газ» мамандығы студенттеріне мұнай саласындағы

әлемдік саясат туралы нақты деректерді келтіру, оның мұнай өндірудегі мәселелерге әсерін суреттеу);

- Мамандық саласындағы саяси тақырыптарда пікірталас;
- Мемлекеттік, өңірлік деңгейдегі қайраткерлермен сұхбаттар, кездесулер барысында қалыптасатын саяси мәдениеттілік үлгілеріне еліктеу (қызықты, өміршең саяси ақпарат, шешенділік үлгілері, кең дүниетаным, ой-өрісті таныту);
- Университет көлемінде өтетін саяси-тәрбиелік, ағарту іс-шараларында белсенді қатысу (мысалы, Елбасы Жолдауларын жастар арасында насихаттау) [5].

Жаңа технологиялар жастардың өмір сапасына да айтарлықтай ықпал етеді. Мысалы, мобильді қосымшалар мен онлайн платформалар жастардың денсаулығына, спортпен айналысуына, қаржы басқаруына және әлеуметтік байланыстарын нығайтуына көмектеседі. Денсаулық сақтау саласында қолданылатын фитнес - трекерлер мен қосымшалар жастардың физикалық белсенділігін бақылауға және денсаулығын жақсартуға көптеп мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың жастардың білім алуына және өмір сапасына әсері екі жақты деп білеміз. Олар білім алу мүмкіндіктерін кеңейтсе, әлеуметтік байланыстарды нығайтып, өмір сүру сапасын арттыра алады. Алайда, оларға жауапты түрде қарап, теріс әсерлерін азайту үшін белсенді жұмыс жасау қажет. Мемлекет, білім беру мекемелері және ата-аналар жастардың жаңа технологияларды тиімді әрі қауіпсіз пайдалануына бағыт беріп, оларды дұрыс қолдануға үйрету керек.

Осылайша, жаңа технологиялардың жастардың өміріндегі орны мен рөлін түсіну, оларды дұрыс пайдалану арқылы жастардың білім алуын және өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы жаңа технологиялардың жастардың білім алуына және өмір сапасына әсері туралы бірнеше нақты мысалдар келтіре кетсек:

1. Онлайн білім беру платформалары

Bilimland және Daryn online: Қазақстанда білім беру процесін жаңартуға бағытталған **Bilimland және Daryn online** платформасы онлайн курстар мен білім беру ресурстарын тереңдетіп ұсынады. Бұл платформада мектеп оқушылары мен студенттер үшін түрлі пәндер бойынша интерактивті материалдар, видео - сабақтар, тесттер бар. Сонымен қоса, Ұлттық Біріңғай Тестілеуге қатысатын мектеп оқушылары үшін зум сабақтар мен онлайн сабақтар, тесттер қамтылған. Бұл жастарға білім алуды жеңілдетеді, әсіресе ауылдық жерлерде тұратындар үшін, әрине егер интернет желісі қиындық туғызбаса.

Open University: Қазақстанның жоғары оқу орындары студенттерге онлайн білім алу мүмкіндігін ұсынады, өз курстарын платформаларда жариялауға мүмкіндік береді. Мысалы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті онлайн курстарды ашып, жастардың білім алуын кеңейтуге мүмкіндік береді [6].

2. Цифрлық оқыту құралдары

Smart School: Қазақстандағы мектептерде цифрлық оқыту құралдарын енгізу үрдісін белсенді жүргізуге ықпал етеді. Smart School жобасы аясында мектептер заманауи жаңа технологиялармен жабдықталып, интерактивті тақталар, планшеттер мен ноутбуктар, компьютерлер арқылы білім беру әдістерін жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл оқуға деген қызығушылығын арттырады деген ойдамын.

3. Денсаулық сақтау технологиялары

Денсаулық сақтау мобильді қосымшалары: Қазақстанда денсаулық сақтау саласында заманауи мобильді қосымшалар жедел дамуда. Мысалы, **Densaulыq** қосымшасы арқылы жастар медициналық қызметтерге қол жеткізе алады, дәрігерлермен байланысуға мүмкіндік бар, денсаулығын бақылауға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде жастардың ғана емес, әр Қазақстан Республикасының азамат пен азаматшаларына да денсаулықтарына назар аударуына ықпал етеді.

4. Стартаптар мен инновациялық жобалар

Astana Hub: Астанадағы Astana Hub технологиялық паркі стартаптарды қолдауға бағытталған болып саналады. Мұнда жастар өздерінің бизнес жобаларын жүзеге асыра алады, идеяларымен бөлісе алады, инкубация мен акселерация бағдарламаларынан өтеді. Бұл жастарға кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [7].

5. Электронды үкімет қызметтері

Egov.kz: Барлығымызға белгілі Қазақстандағы электронды үкімет платформасы жастарға мемлекеттік қызметтерді онлайн алуға мүмкіндік береді. Бұл жастардың уақытын үнемдеп, түрлі қызметтерді (жұмысқа орналасу, білім алу, әлеуметтік көмек) алу процесін жеңілдетеді.

Қоғамды цифрландырудың негіздері Қазақстанда он жылдай бұрын басталғандығына мәліметтер арқылы көз жеткіземіз. Қазіргі таңда Қазақстанда оны табысты бастауға қажетті инфрақұрылым қалыптасқан. Цифрландырудың базалық деңгейі экономиканың барлық салаларында бар деуге болады. Электронды үкімет құрылып, табысты жұмыс істеуде. Оңтүстік Корея үлгісінде жасалған eGov жүйесінің көмегімен жүздеген операцияларды ешқайда бармай-ақ компьютер алдында отырып жүргізу мүмкіндігі туды. Қазіргі таңда құжат рәсімдеу, түрлі анықтамалар алу, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын, салықты, айыппұлды, сақтандыруды және өзге де қызмет түрлерін үйде отырып төлеуге кез келген азаматтың мүмкіндігі бар. Цифрландыру заманауи қоғамның дамуында ерекше рөл атқарып, оның тиімділігін арттыруда айтарлықтай мүмкіндіктер береді. Бірақ, кез келген технологиялық үдеріс сияқты, цифрландырудың да өз тәуекелдері мен жағымсыз жақтары бар, оларды ескеру маңызды.

Қазақстан өзін ең жоғары құндылықтары адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын әлеуметтік мемлекет ретінде көрсетіп келеді. Тәуелсіздік жылдарында еліміз әлеуметтік әл-ауқаттың өзіндік моделін қалыптастырып, тұрақты даму мақсаттарына жету үшін маңызды қадамдар жасады. Бұл қадамдар халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құруға, денсаулық сақтау саласын жетілдіруге және жұмыс орындарын көбейтуге бағытталған.

Цифрландыру үдерісі адамзат тарихындағы жаңа кезеңді айқындап отыр. Бұл кезеңде технологиялар басты рөл атқарады және адамның бастамашы, прогрестің қозғаушы күші ретіндегі рөлі біртіндеп өзгеріп, технологияларға тәуелділік артып келеді. Жаңа социотехнологиялық жағдайларда адамдар жаңа мәселелерге тап болып, цифрлық болмыспен бетпе-бет кездесуде, бұл күрделі өзгерістерді терең бағамдауды қажет етеді.

Қорытындылай келе, цифрландыру білім беру жүйесіне жаңа мүмкіндіктер ұсынып, жастардың интеллектуалды дамуына серпін беруде. Қазақстандық жастар үшін технологиялар ақпаратқа қолжетімділікті арттырып қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтетін маңызды құралға айналды. Сандық ортада оқыту үдерістері жедел әрі ыңғайлы болғанымен, оның жастардың рухани дамуына қалай әсер ететіні маңызды сұрақ болып қала береді. Технология мен руханияттың өзара байланысы жастардың өзіндік құндылықтарын қалыптастыруына ықпал етуі тиіс. Жас ұрпақтың цифрлық дәуірде адами қасиеттерін сақтауы білім беру мен тәрбиенің үйлесімді жүргізілуіне байланысты. Рухани даму технологиялық жетістіктердің көлеңкесінде қалып қоймауы керек, керісінше, оларды толықтырып, байытуы қажет. Цифрландыру рухани дағдарыс емес, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын құрал болуы тиіс. Сондықтан білім беру жүйесі жастарға тек техникалық дағдыларды ғана емес, рухани құндылықтарды да сіңіруі керек. Жаңа заман талаптарына бейімделу мен дәстүрлі құндылықтарды сақтау арасында тепе-теңдік табу өте маңызды. Осылайша, цифрландыру мен білімнің өзара байланысы жастардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізуі тиіс.

Әдебиеттер:

1. Қазақстанда ақпараттық технологиялар нарығын дамыту жолдары // URL <https://startinfo.kz/buisness/qazaqstanda-atn-damuty-joldar/>
2. Цифрландырудың басты мақсаты – бәсекеге қабілеттілікті арттыру// <https://adyrna.kz/post/48906>
Таким образом, для казахских мыслителей характерны преемственность при рассмотрении философских проблем. Эта же преемственность наблюдается и у плеяды казахских мыслителей, т.е. гениями одного генеалогического древа казахов являются Абай, Шакарим и Мухтар. Каждый из этих мыслителей представляют три этапа эпохи Просвещения.

Три гения казахского народа развивали свои мировоззрения в зависимости от окружающих действий людей, т.е. номадистских традиций и обычаев. Многие с этими представлениями остаются навсегда, у других ум с годами растет и перерастает в более высокие духовно-нравственные ценности. Шакарим племянник Абая, сын брата Кудайберды.

Идеи гуманизма и просвещения он принял у Абая. «После смерти Абая, который был для меня образцом, я принял на себя как единственно приемлемый путь человечности, чистоты и честности, а потому поскорее освободив свою голову от всего путанного и наносного вступил, на путь накопления знаний». [7, с.7]

Таким образом, Шакарим после смерти своего духовного наставника Абая сначала со страхом, потом все более подвергая сомнению заложенные в него знания ищет «пробел» проблемы человека и человечности. «За семьдесят два года, прожитых мною, мне пришлось быть свидетелем событий малых и великих, много повидал я

доброе и скверное, немало и сам совершил ненужных и пустых. Говорят, «Найди себе кумира для подражания». Кумиром для меня стал покойный Абай. Следуя ему, рано отстранился я от межродовой распри и унижительных междоусобиц, избрал путь истины и справедливости, занялся науками. Специального образования я не получил, но постоянно пребывал в кропотливых поисках знаний - изучал труды известных мыслителей, знакомился с взглядами на жизнь писателей разных времен и народов, встречался — имел беседы со знающими, разумными людьми, много времени посвятил писательскому труду». [7, с. 6]

Накопление и распространение знаний, просвещение людей, превращается в цель и смысл жизни этих великих дюдей. Абай был наставником Шакарима, Ауэзов же возвеличивает Абая, а Абай в свою очередь возвеличивает казахский народ. Заново познав их в условиях суверенитета национального духа, сегодня мы имеем полное основание говорить о преемственности, конгениальности Шакарима, Абая и Мухтара.

Человеческая культурная жизнь — сплошной поиск истин. Но необходимо понять, что философская мысль может достичь своих мыслей тогда, когда она находится в постоянном движении, в процессе сопоставления и борьбы идеи. Пытаясь исследовать проблему, мы обязаны отнестись предельно критически и к собственным обобщениям и выводам, рассматривая их как материал для дальнейших размышлений и выработки, объективно истинных в животрепещущих вопросах, каким, несомненно, являются и вопросы, касающиеся философских проблем человека и гуманизма в отечественной философии в контексте мировой философии.

Отечественные философы ищут сегодня правильные критерии, которые адекватно отражали бы всю сложность человеческой природы, в том числе ее нравственную глубину, ее духовные измерения философии Шакарима, Абая, Ауэзова.

Для каждого периода человеческой истории характерна своя интерпретация Истины. Каждый период, характеризующийся деятельностью философов, представляет значительный интерес, когда круг философских, гуманистических идей, начинает определять основные направления теоретических поисков, обретая особую остроту, всё более отчётливое социально – этическое звучание, и, необходимо понять, что философская мысль может достичь своих целей в поиске.

Истина лишь тогда, когда она находится в постоянном движении, в процессе сопоставления и борьбы идей. Но бесспорна одна Истина, которая должна быть присуща каждому отдельно взятому Человеку. Бесчисленные мифы и легенды, религиозные учения, философские системы, фантастические грезы, утопии и антиутопии порождены человеком - найти ответ на эти вопросы, познать свое предназначение и судьбу.

Как драгоценную находку, как награду после долгих и мучительных поисков, надежду и разочаровании должен принять современный человек следующую истину: через нравственность, гуманизм к прогрессу науки и культуры – вот ключ для понимания человеческих проблем, вот тот «магический кристалл», сквозь который просматривается Новый Казахстан.

Литература:

1. О человеческом в человеке. Под общ. Ред. И.Т.Фролова Политиздат, 1991с - М.:349
2. М. Мырзахметұлы. Восхождение М. Ауэзова к Абаю. Л., 1994.
3. Платон. Избранные диалоги. М.1965.
4. Л. Н. Гумилев. Древняя Русь и Великая степь. М.: Мысль, 1989
5. Платон. Избранные диалоги. М.1965.
6. Абай. Книга слов. Алматы: «Ел», 1993.
7. Шакарим. Мысли разных лет. Простор, 1989. № 8 с. 138

ҒҰН ЖӘНЕ АЛТАЙ АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ «ЖЕР» МӘСЕЛЕСІ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Калназаров Абылайхан Мамырайханович

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты, Астана, Қазақстан

Аннотация. Ғылыми мақалада ғұн мен Алтай аңыздарындағы «жер» мәселесі саяси-философиялық призма аясында ежелгі тасымалдаушылар мысалында қарастырылады.

Басты мақсат – қазақ мәдениетіндегі ғұн-алтайлық қабаттардың 200-ге жуық аңызының ішінен таңдалған нақты екі үлгілік аңыздағы «жер» ұғымының әртүрлі саяси-рухани интерпретацияларын анықтау, сондай-ақ ондағы идеялар мен сюжеттердің заманауи Қазақстан қоғамының мемлекеттілігі мен саяси-философиялық көзқарастарына әсерін зерттеу. Ал әдістемесі бойынша мәтіндерді салыстырмалы талдау арқылы ондағы символизмінің әртүрлі астарларын сыни тұрғыдан зерттеп зерделеуге басымдық берілген. «Жер-аумақты» адамның қоршаған әлем және ғарышпен күрделі қарым-қатынасын бейнелейтін символдық-философиялық архетип ретінде ғана емес, саяси ұғым ретінде қарастыру басты назарда.

Алынған нәтижелер «кеше-бүгін-ертең» танымы аясындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға, олардың ежелгі қоғамдардың саяси және философиялық тұжырымдамалары мен шешімдеріндегі рөлін концептуальдық трансляциялауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы жаңа көзқарастарды қазақ тарихы мен философиясының мәдени қалыптарын танып біліп, мыңжылдықтарды қамтитын тарихи контексті мен сабақтастықты да ескере отырып, ағымдағы саяси-қоғамдық процестерге қолдану мүмкіндігінен көрінеді.

Зерттеу ілкі де көне ғұн және Алтай мәдениеттерінің саяси философиясын түсінуге ықпал етіп, жалпы түркілердің тарихи геосаясатының ориентирлерін жүйелеу мен осы этногенезден өрбіген халықтардың ортақ дүниетанымын моделдеуге көмектеседі.

Кілт сөздер: аңыз, мифология, саяси философия, жер, ғұн, Алтай, қазақ мәдениеті, мемлекет, мемлекеттілік, түркі өркениеті, түркі әлемі, геосаясат.

Аннотация. В научной статье рассматривается проблематика «земли» в гуннских и алтайских легендах сквозь призму политико-философских воззрений их носителей.

Ключевая цель – выявить различные политические, духовные, этические и ценностные интерпретации понятия «земля» на основе отобранного материала, состоящего из почти 200 легенд гунно-алтайского происхождения в казахской культуре. Также авторы изучают влияние идей и сюжетов на политико-философские взгляды современного казахстанского общества. В части методологии приоритет отдается критическому изучению символического наполнения материалов посредством сравнительного анализа текстов. Основное внимание уделяется рассмотрению земли как политического понятия, а не только как символической и философской архетипической категории, отражающей сложные отношения человека с окружающим миром и космосом.

Полученные результаты позволяют выявить сходства и различия в рамках познания временных арок «вчера-сегодня-завтра», концептуально передать их роль в политических и философских концепциях и решениях древних обществ.

Практическая значимость работы проявляется в возможности применения новых подходов к текущим политическим и общественным процессам с учетом исторического контекста, охватывающего двух тысячелетний период.

Исследование также способствует пониманию политической философии древнегуннской и Алтайской культур, помогает систематизировать изучение геополитики тюрков в целом и моделировать общее мировоззрение народов, вытекающее из процесса их этногенеза.

Ключевые слова: легенда, мифология, политическая философия, земля, Гунн, Алтай, казахская культура, государство, государственность, тюркская цивилизация, тюркский мир, геополитика.

Abstract. The scientific article examines the problems of the «earth» in the Hunnic and Altai legends through the prism of the political and philosophical views of their bearers.

The key goal is to identify various political, spiritual, ethical and value interpretations of the concept of «earth» based on selected material consisting of almost 200 legends of Hunno-Altai origin in Kazakh culture. The authors also studies the influence of ideas and plots on the political and philosophical views of modern Kazakh society. In terms of methodology, priority is given to the critical study of the symbolic content of materials through comparative analysis of texts. The main attention is paid to the consideration of the earth as a political concept, and not only as a symbolic and philosophical archetypal category reflecting the complex relationship of man with the outside world and the cosmos.

The results obtained make it possible to identify similarities and differences in the framework of cognition of the time arches «yesterday-today-tomorrow», conceptually convey their role in political and philosophical concepts and decisions of ancient societies.

The practical significance of the work is manifested in the possibility of applying new approaches to current political and social processes, taking into account the historical context covering the millennial period.

The research also contributes to the understanding of the political philosophy of the Ancient Hunan and Altai cultures, helps to systematize the study of the geopolitics of the Turks as a whole and to model the general worldview of the peoples arising from the process of their ethnogenesis.

Key words: legend, mythology, political philosophy, earth, Hun, Altai, Kazakh culture, state, statehood, Turkic civilization, Turkic world, geopolitics.

Қазіргі заманғы әлемдік күрделі геосаяси ахуал аясында ұлтымыздың этностық алтын тамыры – ғұндық және ежелгі қарашаңырақ – алғаш таралу ареалы ретінде Алтай аңыздарындағы жер мәселесінің саяси қыры жоғары өзектілікке ие болуда. Бұл тақырып түркі-моңғолдық ілкі де ортақ мифологиялық мұра мен қазақта мемлекеттіліктің қалыптасуы арасындағы байланысты ашатын терең философиялық мәнге ие. Бұл мәселені қарау дала мәдениетінің дүниетанымдық бағдарларын және олардың аумақ, бірегей-сәйкестілік пен мемлекеттік құрылымға қатынасына жаңа инсайттар алуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – ғұн және Алтай аңыздарындағы (барлығы 200-ге жуық), атап айтқанда әрқайсынан үлгілік модел ретінде таңдалған нақты екі аңыздағы «жер» ұғымдарымен байланысты саяси философиялық аспектілерді анықтау және талдау, сондай-ақ олардың дала мемлекеттіліктерінің қалыптасуы мен дамуына ықпал-әсеріне баса назар аударылады. Талдау Қазақстан тарихының үздіксіздігі мен этникалық мәдениеттің дүниетанымдық негіздерін және оның саяси институттардың қалыптасуына әсерін терең түсінуге ықпал етеді.

Зерттеудің негізгі міндеті көшпенділер мәдениеті контекстіндегі жер туралы мифологиялық басты идеяларды жүйелеу мен сыни талдау, олардың саяси реаль-шындыққа әсерін ашу. Қосымша міндеттерге ғұн және Алтайдың өзге де мазмұндас аңыздарының мәтіндерін зерделеп түсіндіру мен қазіргі қазақ қоғамында көрініс табуын анықтау кіреді.

Қазақ мәдениетіндегі мемлекеттік идеология және мифология саласындағы филолог-философтар Н.И. Букетова, Г.К. Каримова секілді ғалымдардың алдыңғы зерттеулерінде шешілмеген рухани аспект немесе жеткіліксіз қамтылған бірқатар идеологиялық сабақтастыққа байланысты проблемалар белгіленді [Букетова және т.б. 2016: 58]. Қысқасы, жер туралы мифологиялық идеялардың философиялық негіздерін және олардың саяси процестерге әсерін тереңірек зерттеу қажет.

Еңбектің орталық гипотезасы ғұн мен Алтай аңыздары жалпы сипат-қызметі мен идеяларында қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру мен нығайтуда маңызды рөл атқарады деген болжам. Осы гипотезаға сүйене отырып, зерттеудің негізгі мақсаттары оны дәлелдеуге және одан әрі теориялық негіздеуге бағытталған.

Зерттеу нысаны ғұн мен Алтайдың екі базалық аңызындағы «жер» туралы мифологиялық түсінік пен оның «Әлемнің тоғызыншы территориясына» айналуындағы қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен бұдан әрі дамуына әсері. Тақырыптас басқа да аңыздар мен мифтер мәтіндері де, олардың заманауи Қазақстан мәдениетінде түсінілуі және қазіргі саяси реаль-шындықта көрініс табуы да талданады.

Археолог-шығыстанушы Ә. Марғұлан «Қазақ – Азия даласындағы үш түрлі толқыннан – орал-алтайлар, сақ-скифтер, ғұндардан кейін пайда болған халық» деген. Академик Ә. Қайдардың түсіндіруінше, бұл ойын ғалым: орал-алтайлықтар мен сақ-скифтерден – сақтардың өздері және қаңлы, үйсіндер тарап, олар Ұлы жүздің негізін құраса, ал ғұндардан Орта жүз және Кіші жүз құрамындағы тайпалар пайда болған» деп тарқатқан [Қайдар, 2008: 10]. Ежелгі Алтайдың мұндағы орнына қатысты сауал да жоқ. Қазіргі Қазақстанның шығыс аудандары мен РФ Алтай Республикасы орналасқан жерлер – көптеген халықтардың, ең алдымен, түркілердің ата жұрты, кіндік кескен Отаны [Жанайдаров, 2006: 6].

Олай болса бұл жұмыс қазақ саяси мәдениетінің саяси-әлеуметтік философиялық астарларын осы үштік толқынның кемінде екі пунктінде түсінуге және оның көшпенді мемлекеттіктердің қалыптасуына ықпалын зерттеуге елеулі үлес қосады.

Зерттеу нәтижелері қазақ қоғамындағы мифология, мәдениет және саяси үрдістер арасындағы өзара байланысты терең түсінуге ықпал ететін жаңа теориялық және эмпирикалық деректерді ұсынуымен құнды. Бұл нәтижелер мифология, этникалық зерттеулер және саясаттану саласындағы зерттеулер үшін пайдалы болмақ.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалдары отандық және шетелдік әралуан қайнарларда ұсынылып, түрлі этнографиялық-археологиялық бағыттағы ғұн-алтайлық еңбектерге, оның ішінде нақты түрік-түркиялық версиядағы «Метенің алғашқы жорығы» (Мөде) және алтайлық «Әлем қалай бөлісілді» екі аңыз мәтіндерін талдап салыстыруға негізделген. Негізгі қайнарларға тарихи-әдеби шығармалар (Алаштанушы Т. Жұртбаевтің «Дулыға: Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар» және т.б.), эпикалық-мифологиялық әңгімелер (алтайлық филолог Е. Кандаракованың «Легенды северного Алтая» (105 аңыз), мифтанушы О. Жанайдаровтың «Ежелгі Қазақстан мифтері» (Алтайлық 49, ғұндық 2 аңыз қамтылған), «Бабалар сөзі» жүзтомдығының қазақ мифтеріне арналған 78 томы және т.б.), сондай-ақ этнография, философия және мифология салаларына маманданған зерттеушілердің жазбалары кіреді.

Ғұн блогі үшін негізгі дереккөздер түркітанушы Ж. Фейзиеттің (әзербайжан) «Түрк әлемі» зерттеуінің бірінші кітабы және көне қытай тілінен аударылған «Ғұн тарихының жылнамасы» сияқты ежелгі мәтіндер, сондай-ақ тақырыпты арнайы зерттеген философтар (Р.А. Кемербайдың «Асан Қайғы: қилы заман философиясы» (PhD) диссертациясы және т.б.) мен тарихшылардың (түркиялық Ө. Баһаддиннің «Ұлы Хун империясының тарихы» және т.б.) пікірлері мен зерттеулері болып табылады. Алтай блогіне келетін болсақ, негізгі дереккөздерге жоғарыда аталып өткен еңбектермен қатар фольклоршы Н.Я. Никифоровтың Императорлық Орыс

Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің әкімшілік Комитетінің қаулысы бойынша 1915 жылы басылып, алғашқы беті Г.Н. Потанин ескертпелерімен жарық көрген «Аносский сборник: Собрание сказок алтайцев» (26 аңыз-ертегі қамтылған) секілді бірегей этнографиялық материалдар жинақтары, мифологиялық аңыздардың жазбалары және аймақта жұмыс істеген этнографтардың зерттеулері кіреді.

Зерттеу әдістері әдістемеші Ф.А. Кузин ғылыми шығармашылықтың жалпы құралдары ретінде ұсынған мәтіндерді, рәміздер мен бейнелерді феноменологиялық талдауды, мифологиялық нормалар мен құндылықтарды аналитикалық оқуды, сондай-ақ мәдени-тарихи контексттерді салыстырмалы зерттеуді қамтитын кешенді әдіснамалық тәсіл негізінде жүргізді [Кузин, 2006: 2].

Талдау процесінде әртүрлі мәдени дәстүрлердегі «жер» ұғымының семантикалық мән-мағыналары мен өзгерістерін анықтауға бағытталған салыстырмалы философия, ойлау археологиясы және семиотикалық талдау әдістері қолданылады.

Әдістеменің негізгі аспектілеріне символдарды түсіндіру, лингвистикалық құрылымдар мен мәдени контексттерді талдау және мифологиялық ұғымдардың адам дүниетанымын қалыптастырудағы рөлін түсіндіру үшін дерексіз-философиялық модельдерді қолдану жатады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Ұлыдалалық түркі өркениетінің мәдени ландшафты ғұн-алтайлық тамырларының нышандарын сақтап, уақыт пен кеңістіктің тереңінен арна тартатын көптеген элементтермен байытылған. Бұл тамырлар түркі өркениетінің тікелей жалғасы – қазақ мәдениетінің де мәнін анықтап, тарихи мұраны ғана емес, сонымен бірге халықтың өмір салтына енген философиялық ойлаудың негізін білдіреді.

Ғасырлар бойы халқымыз әртүрлі еуропойдық-моңғолойдтық тектер және өркениеттермен (Қытай, Иран, Үнді, Араб, Еуропа, Славян) өзара іс-қимыл жасап, көшпенділік пен отырықшылық арасында химияланып синтезделген мәдени матрицаны қалыптастырды. Алайда өзінің төл – ғұн-алтайлық өзек-генераторы мен тамыры қазақ өмірінің түрлі салаларына, соның ішінде тіл, ділге, өнерге, әдет-ғұрыптар мен дүниетаным, өмір салтына, оның арғы жағында философ-тарихшы ғалымдар С. Әбушәріп пен С. Мәдуан әйгілеген мемлекет құру – «ил болу, ил ұстау (ил тутмак)» [Әбушәріп және т.б. 2009: 42] тәжірибесіне әбден орныққан. Ал сол мемлекет құрудың базалық ұғымында жер мәселесінің тұғырлы орында тұрғаны жасырын емес. Онда да жер мәселесі жәй материалдық-болмыстық емес, үлкен философиялық рухани-концепцияның үстіне жайғасқан. Алаштанушы Т. Жұртбаев көшпелі халықтың нысаналық атауына сүйеніп, «жер» деген сөздің мағынасының ұлы ұғымдық астардан шыққанын айта келе, «Жер. Біз жердің жемісін жеп, ырыздығымызды айырамыз. Есесіне ол біздің тәнімізді қойнына жасырады, денемізді азық етеді. Көне түркі пайымдауынша: «Түбінде бәрімізді осы топырақ жер, қорек қылар. Тек жанымыз ғана Көк Тәңіріне ұшып кетпек» деген қисынмен «Жер» атанған» [Жұртбаев, 1994: 5] дейді.

Профессор С. Қасқабасов «Аспан мен жердің телегей теңізден бөлініп жаралғаны туралы түсінік жаһанда үш түрлі әлем – аспан, жер, жер асты бар деген сенім тудырған. Ш.Уәлиханов мұндай сенімнің қазақта да бар екенін айтқан» деп мынадай дерек келтірген:

«Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал, жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, олардың өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар» [Бабалар сөзі, Т. 78, 2011: 18].

Мәдениет тарихшысы Е. Мелитинскийдің айтуынша, мифологиялық ойлау – белгілі бір дәрежедегі абстракция. Сондықтан оның нақтыланбайтындығы адамзат мәдениеті тарихының, тіпті сананың өзінің дамуының көне, синкретті кезеңімен төркіндестігіне байланысты [Мелитинский, 1971: 161].

Ғұндар мемлекеттік бірлестігі ыдырап, көк түріктердің үстемдігіне дейінгі 450 жылды қамтыған, түркі генезисін дәріптей жырлаған «Ергенекон» дастаны бар. Ол бойынша ертеде түріктердің елін Иль хан басқарды. Соғыс жариялаған көрші елмен шайқаста жеңілгенде, көп ішінде Ильдің кенжесі Қаян (Қиян) мен Тоғуз (Нүкүз) деген жиені де тұтқынға түседі. Күндердің бір күнінде олар бастарына бостандық алып, отбасы құрып, төрт түлік малдың әрқайсысынан бір-бір жұппен ұзақ сапарлап жүріп, тұмса табиғаты тамылжыған тау мекеніне тап болады. Міне, осы екеуінен ақырында үлкен ел өсіп-өніп, тау қойнауына сыймай, дала жазығына қайта жол тауып шығады. Жай шықпай, дүниені қайта бөліске салған Түрік қағанатын құрып, тарих сахынасына ендігісі ұмытыла бастаған ғұн тегеуінін жаңғырған сын-сапада қайта оралтады. Кейіннен сол ата-бабаларының Ергенеконнан шыққан күнін күллі түркі жұрты жыл сайын наурыз мейрамы түрінде тойлай бастайды.

Қазақ мәдениетіндегі ғұн-алтайлық тамырлардың түркіленуінің аңыздық-образдық репрезентациясын философиялық пайымдау оларды халықтың менталитетін қалыптастырудың негізі ретінде қарастыруға осындай мифтік айналма жолдармен мүмкіндік береді. О. Жанайдаров берген анықтама бойынша адамның қиялдан, ойдан шығарған барлық көне дүниелері мифтер, аңыздар және ертегілер болып үш жанрға жіктеледі. Оның ішінде аңыздар нақты тарихи оқиғаға негізделуімен ерекше [Жанайдаров, 2006: 4]. Осынау жанрлардағы табиғатпен байланыс, ғарышпен рухани бірлік және қоршаған әлеммен үйлесімділік концепциясы ғалам және адам болмысы бойынша қазақ саяси танымында да өз көрінісін тапты. Айталық, бұл сипатты Ж. Фейзиев жалпы түркі этногенезисіне қатысы бар ұлттардың бәріне қатысты «Ғұн мұрагерлігі» [Фейзиев, 2019: 30] деген ұғыммен анықтап, түркі әлемі концепциясы аясында түсіндіруге тырысқан. Ол бойынша ғұн мұрагерлігі тарихтың өнебойындағы ірі империялардан бастап жекелеген саяси құрылымдарға негізделген мемлекеттіліктер тізбегімен де және олар меңгеріп иелік еткен саяси кеңістіктермен де байланысты.

«Философиялық сөздік» бойынша мемлекет дегеніміз белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы. Егемендікке, заңдастырылған зорлықты пайдалануға монополияға ие және қоғамды басқаруды арнайы механизмдер (аппарат) арқылы жүзеге асыратын қоғамдағы саяси билікті ұйымдастырудың ерекше түрі, саяси жүйенің орталық институты [Философиялық сөздік, 1996].

Осы жерде грек ойшылдары Платон, Аристотель, римдік Цицерондардың мемлекетке берген әмбебап анықтамаларын мойындай отырып, қазіргі қолданыстағы араб тілінен енген «Мемлекет» сөзінің қазақша аудармасы «иелік ету, иелену» дегеннен шыққанын айта кету керек. Яғни белгілі бір аумаққа, сол аумақты мекендейтін халыққа иелік етуді білдіреді. Ал түркі тілдестердің кейбірінде «мемлекет» сөзінің орнына «дәулет» сөзін пайдаланатынын ескерсек, оның халықтың саулығы мен байлық-қазынасын сақтаушы қызметі мәлім болады.

Батыстың аса танымал әлеуметтанушылары Д. Бринкерхов, Р. Уейтс, С. Ортега тұжырымына салсақ, мемлекет өз аумағында күш көрсету мен мәжбүрлеуді заң жүзінде қолдана алатын қоғамдық құрылым [Бринкерхов және т.б. 2018].

Этносаяси сөздікпен келсек, мемлекет – кеңірек мағынасында қоғамы, аумағы, табиғи ресурстары, мемлекеттік басқару жүйесі, мәдениеті, салт-дәстүрі және инфрақұрылымы бар ел дегенді білдіреді [Тоғжанов, 2014].

Бұлардың бәріне ортақ қандай ұғымды байқаймыз? Әрине, ол – жер-аумақ ұғымы. Ендеше, мемлекетті ең әуелі «жер», яғни латынша «territorium» тұжырымдамасына салып, қандай да бір территория – «Белгілі шекара арқылы бөлінген жер, аймақ» [Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 14-том. 2011] ретінде анықтаймыз.

Өз кезегінде бұл да саяси философия нысанының бірі. Философияның бұл түрі – саяси теорияның әдіснамалық, жалпы дүниетанымдық және құндылық негіздерін, яғни

саясат әлемін зерттейді. Саяси философия саясаттың рухани өлшемі мәселелерімен айналысады. Саяси философия пәнін үш түрлі топқа бөлуімізге болады:

- саяси құндылықтар, шынайы саясатты мораль, ірі қоғамдық топтар мүддесі тұрғысынан бағалау;

- саясаттың терең негіздері (саяси-философиялық білімдер тиімді ізденістерге негізделеді);

- саясатты танудың құралдары мен тәсілдерін таңдау (саяси түсініктер мәнін анықтайды) [Саяси түсіндірме сөздік, 2007].

Бұл ретте аумақ-территория концепті мәселесіне назар саламыз. Философиялық дискурста «территория» ұғымы емес, сөзі ұзақ уақыт бойы қолданылып келеді. Антикалық дәуірде аумақ ең алдымен саяси кеңістікпен тікелей байланыста қаралған болса, мәселен, Аристотельден мемлекет аумағын қалай түсіну керектігі туралы пайымдау-топшылауларды әртүрлі жерлерден табуға болады [Аристотель. Политика., 1983: 423]. «Аумақтың» саяси контекстін Макиавелли, Локк, Руссодан да табамыз. Философ А. Радеев атап өткендей, қазіргі саяси философия да аумақ ұғымын белсенді қолданады. Осымен қатар кеңістіктің нақтыланған философиясы пайда болуда, онда ол болмыс идеясын реттеуге мүмкіндік беретін категориялардың бірі ретінде түсініледі. Кеңістік категориясының философия үшін классикалық болғаны сонша, көптеген ұғымдар, соның ішінде «территория» да оның субститут-алмастырғыштары немесе ерекше жағдайлары ретінде осы категорияға бағынады [Радеев, 2013: 30].

Бірақ территория өзіндік идеяға ие кеңістік – «ел» болып тұрса да тиісті егеменді мемлекеттілігі болмаса толыққанды мемлекет бола алмайды. Мысалы, «мемлекет» және «ел» ұғымдары синонимдер емес және бір-бірін теңдей білдірмейді. Әлемде БҰҰ ресми таныған дербес мемлекеттерден елдердің саны көп. Өйткені елдерге тек тәуелсіз мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар тәуелді аумақтар, мойындалмаған немесе ішінара танылған және басқа мәртебелері бар аумақтар да кіреді. Мәселен, Өзбекстан өз-өзінен бір мемлекет болғанымен, ішіндегі Қарақалпақстанмен екі ел. Ал Ресей Федерациясын бір құрылым деп қарастырғанмен, оны елдер шоғырының буылған бір букеті деуге болады.

Осылайша, қазақ мәдениетінің ғұн-алтайлық жер-аумаққа және одан өрбиетін елдік-егемендікке қатысты таным-тамыры тарихи мұраны ғана емес, сонымен бірге оның әлемге, ондағы орынға және болмыстың мәніне деген көзқарасын айқындай отырып, халықтың бүкіл өміріне енетін философиялық кодты білдіреді.

Ал енді талданатын екі аңыздың нақты мәтіндеріне келсек: 1-кесте

1-Ғұн аңызы	2-Алтай аңызы
<p>Мете (А.Қ: «Мөде» деп оқы) таққа отырған кезде дұнхулардың да күшті болып тұрған кезі еді. Дұнхулар Метенің әкесін өлтіріп, өзін таққа шығарғанынан хабардар болады да, арнайы елші жібереді. Кезінде Тұман хан тақымына басқан, күніне мың мил жол баса алатын тұлпарын қалап сұратады.</p> <p>Мете елінің бетке ұстарларын түгел шақыртып алғызады. Қасқа мен жайсандар бас қоса келіп Метеге былай дейді: «Мың милдік тұлпар хундардың (А.Қ: «ғұн» деп оқы) қастерлі аты еді. Сондықтан да бұл ат дұнхуларға берілмейді».</p> <p>Сол кезде Мете оларға былай деп жауап қайтарды:</p> <p>– Е, бір атты көрші елден артық көргеніміз бе?</p> <p>Сонымен жүйрік тұлпарды апарып дұнхуларға</p>	<p>Аспанда ағайынды үш құдай өмір сүрді. Ағайындылар өзара жер-дүние мен ондағы тіршілік атаулыны жаратуға кімнің көбірек еңбегі сіңгенін анықтай алмай көп дауласты. Ақырында олар бір тоқтамға келе алмай, әлемді бөліске салды. Аға – Үлкен Тәңір (Түпнұсқада: Улген) көк өрі – аспанда қалды. Енді ол сол маңның толық қожайыны: адамдарға аяз бен аптап ыстық, найзағай-жасын, жаңбыр мен қар, боран мен жел жібереді.</p> <p>Ортаншы бауыр – Жер Жасағаны (Түпнұсқада: Тьайашы) жерге</p>

береді.

Атты алған кезде дұңхулар Метенің оған қатты ашуланарын жақсы білетін. Оның үстіне Метеден хун әміршісінің қатындарының бірін тарту ретінде беруін жеткізуге тағы бір елшісін аттандырады.

Мете өзінің оң, сол қолдарын тағы да алдына шақыртты. Жиналғандар бірден дұңхулардың бұл қылығына тарс ашуланып былай деді:

«Мынау дұңхулар ұят-аяттан жұрдай болған екен! Енді бір қатын сұрата қалыпты! Біз олармен тек соғысу керек деп қараймыз».

Мете былай деп жауап қайтарды:

– Е, біз бір қатынды көршілес елден артық көреміз бе?

Сөйтті де сүйікті қатынының бірін дұңхуларға беріп жібереді. Осыдан кейін дұңхулардың бастығы есіріп, бұрынғысынан да еркінсіп кетті.

Хундар мен дұңхулар арасында шөпсіз, сусыз иен дала болушы еді. Ол жерде көптен бері ешкім тұрмайтын, ауқымы мың мил жер болатын.

Дұңхулар Метеге тағы бір елшісін аттандырып тұрып былай деді: «Арамызда иен жатқан осы өңір, әр екі жақтың да әскери, яғни күзет қосымыздың сырт жағында қалды. Біз сізден осы жерді алғымыз келеді.

Мете тағы да елінің жақсы-жайсаңдарын жинап, олардан не істеу керегін сұрады. Олардың кейбіреулері былай десті:

– Осынау иен бос қалған жерді біреуге берудің де, бермеудің де пәлендей мәні жоқ.

Оған Мете ашуланып, қаһарлана:

– Жер – мемлекеттің негізі әрі түп тамыры. Біз бұл өңірді қалайша сауға етіп бере салмақшымыз, – деді. Сонымен бірге әлгі иен даланы дұңхуларға бере салайық дегендердің бәрінің басын алғызды. Міне, содан былай қарай ғасырлар бойы естен кетіп, ұмытылмастай қанды қырғын – дұңху-хун соғысы басталды да кетті (Түрікшеден аударған Ә. Дәулетхан) [Баһаддин, 2018: 175].

Ескертпе: Бұл аңызда баяндалатын уақиғаның тап осылай болмаса да өмірде болып өткеніне еш күман келтіруге болмайды. Себебі «Ғұн тарихының жылнамасы» бойынша бұл Хан патшалығындағы Гауди патшаның 1-жылы, Ғұнның Мөде тәңірқұтының 4-жылындағы, яғни бізше қабылданған өлшемде б.з.д. 206-жылы болып өткен және Мөде дұңхуларды жеңіп, кейін үлкен империя құрған [Ғұн тарихының

түсіп, көкөрай-шалғындар мен шөптер, өзен-көлдер мен теңіздер, жан-жануарлар мен құстар, ормандар мен өсімдіктерді және адамды жаратты. Ең кенжесі Еркілік (Түпнұсқада: Эрлик) жер астына кетіп, тұңғиық-түнек патшалығының иесі болды. Жер астында қалып, ол ортаншы ағасы Жер Жасағанынан жер сұрауға шешім қабылдады. Ол ағайынына келіп, тек бір ауыл сыйып жайлайтындай жер беруін жалынып өтінді. Ағасы бұл істің соңы жақсылықпен бітпейтінін бірден ұқты да, інісінің қолын құр қайтарды. Бірақ Еркілік қайтпады. Тағы да ағасына келіп, ең болмаса темір ошақтың үш бұтын қоятындай бір шөкім жер беруін сұрады. Ағасы ой толғай келе тағы да жер бермеді. Еркілік алған бетінен қайтпай, мұның дәрегейіне үшінші рет келіп, енді жоғарыдан тірегенде қалатын таяқтың ұшы көлеміндей жер сұрайды. Жер Жасағаны ойланып: «Таяқтың ұшындай ғана көлемдегі жермен не істеуге болады?» деп ақырында шешім қабылдады. Сөйтті де сұрампазға таяқтың ұшының көлеміндей ғана бір ойым жер берді. Еркіліктің іздегені де осы еді, ол дереу таяғын тіреп қойып, оның ұшымен жерді айналдыра бұрғылап тесті және ол тесіктен адамзатқа мүлдем пайдасы жоқ барлық тіршілік иелері: жыландар, кесірткелер, адамдарға, жануарларға, құстарға, жануарларға зиян келтіретін жәндіктердің барлық түрлері дүние бетіне қаптай өріп шықты.

Аңыздың моралы өте қарапайым: мекен-аймағында мамырайхан тыныштық заман болуын ойласаң, қарсыласқа жердің бір ойым пұшпағын да берме (Мәтінді осы мақала үшін тұңғыш рет қазақшаға аударған А. Қалназаров).

[Кандаракова, 2011: 113].

1-Ғұн аңызы

2-Алтай аңызы

Сонымен, бірінші аңыздың саяси философия призмасына көбірек азық беретінін ескере отырып, жекедара өзін талдауға салып көрелік.

Аталмыш аңызда бірнеше негізгі философиялық ұғымдар бар:

Біріншіден, биліктің легитимділігі: Әкесінің көзін жойып билікке келген Мөде билігінің заңдылығы туралы мәселе туындайды. Бұл заңдылық пен өз халқының алдындағы борыш тақырыбын көтереді. Бір сөзбен айтқанда, бұл оның билікке қалай келгені мен ғұндардың құдіретін қалпына келтіру қажеттілігі арасында дилемма тудырады.

Екіншіден, дипломатия мен соғыс: Елшілік дипломатияны, сыйлықтар мен көнбістікті қақтығыстарды шешу құралы ретінде пайдалану концепциясы, күш қолдану және соғыс бастау туралы шешіммен бірге таразы басында келеді. Бейбітшілік пен қақтығыстарды шешуде дипломатия мен сыйлықтарды пайдалану оған балама – соғысты ұлт мүддесін қорғау үшін пайдалану туралы шешіммен қарама-қайшылықта тұрады.

Үшіншіден, жеке және ұжымдық мүдделер: Мөденің жеке құрбандық беру туралы шешімі, атап айтқанда, ханшасын Дұңху билеушісіне жіберуі үлкен қадам.

Төртіншіден, жер мемлекеттің негізі ретінде: Мөденің жерге қатысты философиясы жер-аумақ мемлекет пен халықтың ажырамас бөлігі және басқаларға берілмеуі керек деген идеяны білдіреді.

Бесіншіден, әділет пен жаза: Жер беруді ұсынғандарды өлім жазасына кесу туралы шешім әділеттілік философиясына баса назар аудартады және ұлттық мүддеге қызмет ету, халықтың ортақ игілігінің қол сұғылмаушылық қағидатын да баса көрсетеді.

Сайып келгенде, бұл ұғымдар тәуекел-рискке толы саяси-әскери шиеленіс жағдайындағы моральдық және философиялық шешімдердің күрделі бейнесін жасау арқылы өзара реакцияласып әрекеттеседі. Бұл ұғымдардың барлығы өзара әрекеттесіп, жеке моральдық дилеммалар, дипломатиялық шешімдер мен әділеттілік актілері саяси-әскери кесім нүктесінде тоғысатын күрделі философиялық панорама-пейзаж жасайды.

Өз орайында біз америкалық экономист-стратегияшылар – Авинаш К. Диксит, Барри Дж. Нейлбаффың «Thinking Strategically. The Competitive Edge in Business, Politics, and Everyday Life» (Бизнес, саясат және жеке өмірдегі стратегиялық ойлау) кітабында үлгі етілген «Шешім ағашы» әдістемесіне жүгінеміз (2-кесте) [Dixit және т.б. 1991: 50].

Екі аңыздың шешімдік-салыстырмалы философиялық талдауы

2-кесте

1.	2.
Билік және шешімдер тақырыбы:	
Бірінші аңыз: Мұнда билік философиясы шиеленіс жағдайында Мөденің шешімдері арқылы көрінеді. Өз халқының ар-абыройы мен жерін сақтау туралы шешім лидердің халық алдындағы борышы философиясы мәселесін көтереді.	Екінші аңыз: Бұл аңыздағы билік философиясы ағайынды құдайлар арақатынасы арқылы ұсынылған. Олардың әрқайсысының өз міндеттері бар. Жер Жасағанының кішкене ғана жер беруге қатысты шешімі өзгелерге қатысты шешімдер қабылдаудағы жауапкершілік мәселесін көтереді.
Өмірдің құндылығы және мәселелерді шешу:	

Бірінші аңыз: Аңыз өмір мен аумақтың құндылығын көрсетеді. Мұнда әрбір шешім, тіпті иен жатқан бос жер мәселесі де ауыр зардаптарға әкеледі.	Екінші аңыз: Мұнда жердің кішкене бөлігінің де өзіндік құндылығы болуы мүмкін екендігіне және жан-жақты ойластырылмаған шешімдер теріс салдарға әкелуі мүмкін екендігіне баса назар аударылады.
Шешімдер үшін жауапкершілік:	
Екі аңыздағы да философиялық сабақ – лидер-көшбасшылар, тіптен құдайлар да өз шешімдері үшін жауап береді. Бірінші аңызда Мөде ауыр шешімдер қабылдайды, ал екіншінде ортаншы құдай жерге қатысты шешімінің салдары үшін жауап береді.	
Достық пен ар-намыстың құндылығы:	
Бірінші аңыз: Бұл тұрғыда «абырой» ұғымы Мөденің қақтығыс жағдайында да сақтауға тырысатын басты құндылығы ретінде танытылады. Әйтсе де ол үшін көршілермен ынтымақтастық пен достық қарым-қатынас маңыздырақ.	Екінші аңыз: Мұнда достық философиясы онша айқын емес. Бірақ Жер Жасағанының таяқтың ұшындай ғана көлемдегі сыйлығы бауырластарға қамқорлық ретінде кең контекстте де түсіндірілуі мүмкін.
Шешімдер мен құрбандықтардың мәні:	
<p>Екі аңыз да «Шешімдер, тіпті құрбандықтар да мағыналы және ойластырылған болуы керек» деген ойды қуаттандырады. Бірінші аңызда Мөде «Жер мемлекеттің негізі» деп санайды және оны ешқандай жағдайда да сыйға тартуға болмайтынын өзінің батыл іс-әрекетімен дәлелдейді. Екіншісінде Еркіліктің мінезін білетін ортаншы ағасы жердің үлкен проблемалар тудыруы мүмкін екенін түсінеді. Алайда сол позицияда соңына дейін тұруға еркі жетпейді. Екіншісінің өз мәтінінде айтылғандай, ондағы мораль өте қарапайым: егер аймағыңызда мамыражай тыныштық заман болсын деген ниет болса, бәсекелес-қарсыласқа жердің бір пұшпағын да беруге болмайды. [Кандаракова, 2011: 113].</p> <p>Екі аңыз да басшылық, билік, шешімдер үшін жауапкершілік және өмір құндылықтары туралы аса мазмұнды философиялық сабақтар береді. Олар бүге-шігесіне дейін тыңғылықты ойластырылған әрекеттердің маңыздылығы мен шешімдердің салдарын саналы түрде болжап бағамдауға таптырмас мысал.</p>	

Философиялық және символдық сыр-қырларды ашатын негізгі аспектілерді мыналар деп анықтадық:


- Ғұн аңызындағы «жердің» символикасы бірінші кезекте саяси мәнге ие. Оны талдау «жерді» мемлекеттің, саяси өміршеңдіктің және үздіксіз мемлекеттілік репрезентациясының нышан-символы ретінде анықтауға мүмкіндік берді. Бұл ретте ол Ө. Баһаддинның: «Метенің (А.К: «Мөде» деп оқы) жауы қалап сұраған жер – иен жатқан бір өңір еді. Алайда Метенің кәміл сеніп айтқанындай, мемлекеттің сүйенер өмір нәрі әрі жалғыз тірек-тұғыры – жер топырақ болатын. Ат пен қатын тәрізді жеке адамға тән әрі өткінші дүниелер салт-дәстүр бойынша қаншалықты қастерлі болса да, мемлекетті мемлекет етіп тұрған элементтермен салыстырып, теңестіруге келмейтін нәрселер еді» [Баһаддин, 2018: 180] деген пікірімен үндесіп тұр.

Ғұндар «жер» образынан тек табиғи-мекендік негізді ғана емес, сонымен бірге халық болашағын қамтамасыз ете алатын саяси принципті де көрген. Бұл анық жайт. Оның көптеген дәлелдерін «Ғұн тарихының жылнамасы» хроникаларынан табамыз. Мұндай сарындағы пікірлерді осы іргелі еңбектің қытайша түпнұсқасының (1984 жылы

Бейжің қаласында басылған кітап) авторы, қытай түркітанушы-тарихшысы Линган да талай айтқан [Ғұн тарихының жылнамасы, 2004: 9 / «Қазақша аудармасы туралы» бөлімі]. Ал Алтай мифологиясындағы «жерді» түсіну оның метафизикалық болмысынан туындайды.

- Алтай аңыздарының контекстінде «жер» адамды ғарышпен және тылсым күштермен байланыстыратын қасиетті кеңістік ретінде ерекше маңызға ие. Алтай мәдениетіндегі «жер» шамамен делдалдығымен Н.Я. Никифоров ескерткендей, адамның табиғатпен үйлесімділігі мен бірлігінің символына айналады [Никифоров, 1915: 256 «Ескертпе» бөлімі]. Ал оған иелік ету мәртебе ғана емес, абыройлы міндет пен зор жауапкершілік.

Жалпы, мифтік үш әлемнің вертикальді түрде тізбектеліп орналасуы космос-ғарыштың моделі. С. Қасқабасов атап өтпекші, аспан әлемі жерден бөлініп, өзінше реттелген болса, жер, мифтік түсінік бойынша, ортадағы әлем. Дүниежүзіндегі елдер мифі бойынша жер алуан түрлі болып суреттеледі: алып бұғы, тасбақа немесе жыланның басы және т.б. түрде көрсетіледі. Оны, яғни жерді, зор балық, өгіз, кит, піл, яки жылан көтеріп тұрады [Бабалар сөзі, Т. 78, 2011: 18]. Бұл жағынан тағы да «Аносский сборник» Еркіліктің адамзатқа зұлымдықпен жан үрлеуі мен кейін оны жойқын қаруы арқылы бұқараның ең жайсаңдарын жайратып жаппай алуын суреттеу арқылы осы үштік моделдің арасында өткен трансцендентті оқиғалардың бір парасын көрсетеді [Никифоров, 1915: 241].



1-сурет. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының сирек кітаптар қорынан

Бұл жерде төмендегідей бірқатар параллельдер мен айырмашылықтар да жоқ емес:

- Ғұн мен Алтай аңыздарын салыстырмалы талдау символдық және метафизикалық объект ретінде қазақтық «жер» ұғымдарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

- Екі қабат та «жерге» жоғары рухани мағына берді, дегенмен акцент-екпіндер мен түсіндірулер сәл өзгеше болды. Яғни философиялық импликациялар және практикалық маңыздылығы бірінші орынға шығып тұр. Айталық, зерттеу нәтижелері адамның дүниетанымы мен мәдени бірегейлігін түсіну үшін «жер» туралы мифологиялық түсініктерді философиялық сабақтастықпен жіктеп жүйелеуді қажет етеді (Мұны біз қорытынды бөлімде жасадық)». Сондай-ақ олар заманауи қазақ және

бүкіл түркі мемлекеттерінің табиғат пен рухани құндылықтарды терең құрметтеуге негізделген экологиялық және әлеуметтік-мәдени стратегияларын әзірлеуде мәңгілік құндылықтық қазыналар жасырылған «алтын сандық» ретінде пайдалы болуы мүмкін.

- Ұсынылған нәтижелер «жер» туралы мифологиялық идеялардың байлығын ғана емес, сонымен қатар олардың саяси-әлеуметтік, тіптен, адамзаттық дағдарыс пен рухани тамырларды іздеу, геосаяси текетірес пен соғыс немесе дипломатия философияларында қазіргі қоғам үшін маңызды болып табылатын философиялық тереңдігін көрсетті.

Тарихқа бір шолу жасар болсақ, тарихшы М. Қозыбаевтың «Қазақ – бас бостандығын, атамекенін, жері мен малын өмір бақи қорғаған халық» деп бағалауы аса маңызды тұс. Автор қазақты: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп арын, адамгершілік қасиетін бәрінен жоғары ұстаған ол. Халықтың жоғалып кету қаупі бір сәт толастамаған сол бір кездерде күнделікті қарекеті де, тұрмыс салты да, өмірге көзқарасы да Отанын, елін, жерін, арын қорғауға бағындырылған. Тіпті сол бірнеше ғасырға ұласқан жаугершілік заманнан да хандық құру, ел билеу, қол бастау мәселелері де халқымыздың бірлігі мен тірлігіне келіп тірелген» дей келе, бұл ойын: «Ел намысы – ер намысы» [Қозыбаев, 1994: 58] деп тоқтаған. Алайда мұның ұлт селекциясы үшін де біршама теріс салдары болғанын ащы да болса мойындау керек. Ел-жұрт, асыл генофондты сақтамай, жерді сақтаймын деп жүріп, ұлан-байтақ аумағы болса да демографиясы сол кеңістікті толық жаба алмайтын елге айналды. Жерді сақтау немесе елді сақтау дилемасында хандар да ылғи ескі мәделік саяси дәстүрге тарих диалектикасы мен күштер арасалмағын пайымдамастан қатып тұрып алды. Бұл бергі практикасы болса, әрідегі пәлсафасында – Асан Қайғының толғауларынан алғашқы қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи оқиғалар мен дүниетаным негіздерін ғана емес, осы ғұн-алтайлық тамыр нышандардың әрмен қарай эволюциялануға тырысқанын да көреміз. Асан Қайғы жан-жақтан ентелеген жаудың бетін, әсіресе, жылдан жылға күш алып, ұлғайып жатқан Мәскеу патшалығының арынын көріп, жер мәселесін шешудің жаңа формасын – «Ел аман болса, жер табылады» деген принциппен әл жиып, өсіп-өніп, технологиялануға шанс беретін бір ғасырлық мұрсат алуға құралған уақытша стратегиялық шегініс нұсқасын ұсынды. Ордасының сулы-нулы, шөбі шүйгін, Қаян-Тоғыздықтардың есін жиғызған «Ергенеқон» тәрізді жаңа құтты қоныс тауып, адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін, мамыражай еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерұйық» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл бойына жайлы қоныс қарап, қазақ жері мен оңтүстіктегі түркілер ареалындағы Байсұнтауға дейінгі аралықты түгел аралап шығады. Әр қоныс, мекенге байланысты сипаттамасын беріп, артында нақыл қалдырып жүре берген. Бұл сипаттамалар әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді.

Р. Кемербай бұған қатысты «Асан Ата мал иеге емес, жерге бітетіндігін өте жақсы білген. Жердің киесі бар екендігін біліп, жерге ерекше қараған. Сол себептен жерді анаға теңеп, «Жер-Ана» деп қадірлеген. Асан Ата жер мен адам өмірін бір-бірімен байланыстыра қарайды. Адам өзі өмір сүріп отырған жердің бағасын, құнын білуі керек» [Кемербай, 2020: 68] деп тұжырады.

Рас, еліміздегі елдік сана, жер мен аумақ-территорияға деген саяси-әлеуметтік, философиялық-ментальдық көзқарасы осыдан ширек уақыт, бір ғасыр, тіптен мың жыл бұрынғы дүниетанымдар мен түсініктерге қарағанынан мүлдем өзгеше сипатта. Негізгі себеп – посткеңестік кеңістікті қамтыған тәуелсіздіктен бергі қоғамдық-формациялық өзгерістерге байланысты жер секторында орын алған жекеменшіктік процестер мен нарықтық-сауда дүниетанымның, «тауар» деп қараушылықтың күш алуы мен қатар батыстан келген индивидуализм құбылыстарымен орайлас. Одан қалса ХХІ ғасырдың ақпараттық-цифрлық, технологиялық спецификасына байланысты адамдардың тұрғылықты бір жерге байланбауға, яки ел-елдің арасындағы иммиграциялық қатынастардың жеңілдеуіне байланысты «Жер шары азаматы» болу мүмкіндігі артты.

Ұзақ мерзімді перспективада шекаралардың шайылуы мәселесі екі деңгейде – аймақтық ірі мемлекеттер немесе әлемдік-жалпыадамзаттық мемлекет туындауымен аяқталады деп болжануда.

Аймақтық деңгейдегі басты мәселе Еуроодақ секілді әр аймақта ірі «отбасылық» географиялық құрылымдардың көбеюі үрдісі арқылы көрінбекші. Бүгінгі таңдағы Ресей мен Украина арасындағы соғыстың бір себебін де бұрынғы метрополияның өзінің 1991 жылғы иелігіндегі кеңістік-шекарасын қалпына келтіруге талпынысы, КСРО-02 жасауға әрекеттенуі деп бағалауға болады. Ердоғандық Түркияның қуаттануымен бірге қайта жандана бастаған Тұран идеясын да осы ракурста қарастырсақ қате емес.

Жаһандық тұрғыдан алғанда, футурологияға сәйкес алдағы заманаларда адам баласы ерікті түрде бірігіп немесе күш-манипуляциялармен ортақ бір мегамамлекет құрады. Кейбір антропологтар дүниежүзілік тарих барысының өзі де әлемдік мемлекет келешегін түзу үстінде деп есептеп, 2300 жылды мемлекетаралық шекаралардың жойылу нүктесі ретінде атап отыр. Соған қарамастан, саяси шолушы Т. Сысоев жазбақышы, жаһандық мемлекет мәселесін талқылау пайдалы, өйткені мұндай талқылау жалпы адамзаттық интеграцияның белгілі бір көкжиегін жасайды және бір қызығы, мемлекетті институт ретінде бұрынғыдан да нығайтады [Сысоев, 2023: URL].

Футуролог Дж. Суини айтқандай, болашақтың қалай боларын ешкім нақты айта алмайды, бұл тұрғыда тек моделдеуге болады. Бірақ бір нәрсені ұмытпау керек. Дербес мемлекеттілік концепциясы бұл ұлттар мен ұлыстар, мемлекетшілдік сана мен ұлттық қорғаныс қабілеті бар кезде жақын арада «сәннен» қалмақ емес. Ал бұл концепцияның ең басты тірегі – жеке тәуелсіз территорияның болуы. Бұл зерттеудің қолданбалылығын осы шиеленіп байланып жатқан түйін анықтайды. Яғни мемлекеттік биік идеология деңгейінде Шәкәрім айтқан балалық пен айуандықтан шықпаған ірі жыртқыш державалар бәсекесі қызған уақытта тәуелсіздікті қорғау және егемендікті өз аумағында сақтап қалудың заманауи философиялық тұжырымдамасын әзірлеу әрбір азат елге стратегиялық-саяси қажеттілік. Қазақ халқының да әлдебір ішкі бағдарламалық түйсікпен басқаға көнсе де, жер мәселесіне келгенде әлі де шыдамайтыны осыдан болса керек.

Р. Кемербай бұл турасында да: «Қоғамда белгілі бір топтар мен ұйымдар немесе жеке адамдар заман ағымын мүлде өзгертіп жіберсе, онда заман ыркы адамға тәуелді болып шығады. Мәселен, мемлекетімізде жерді шет елдіктерге сату мәселесі қойылған кезде, бұқара халық оған қарсы шығып, нәтижесінде, қазақ жері шет ел азаматтарына сатылмайтын, жалға берілмейтіндігіне тоқтады. Егер де жер сатыла қалған жағдайда, 200-300 жылдан кейін не болатындығы туралы ойлаудың өзі қорқынышты. Жоғарыдағы жер туралы мысалда, заманды түзеуге айтарлықтай ықпал еткен ол – халық екендігін көрдік» [Кемербай, 2020: 26] деп тұжырады.

Алайда бұл жерде жер концепті арқылы жүзеге асатын қазақ мемлекетшілдік иммунитеті мен геосаясатының шын мәнінде одан да үлкен геосаяси жүйенің – түркілердің тарихи геосаясатының құрамдас бір бөлігі ретінде өз миссиясы бар екендігін жадымыздан шығармау керек. Ол жүйе Ж. Фейзиев тұжырымдағандай, үш кезеңнен тұрады:

I. Ұлы ғұн империясының қалыптасуынан (б.з. IV ғасыр) Көктүрік империясының соңына дейін (VIII ғасыр) жалғасқан кезең;

II. Ислам дәуірі (IX-XIX ғасырлар);

III. XX ғасырдың басынан қазіргі кезеңге дейін жалғасқан дәуір [Фейзиев, 2019: 39]. Қазіргі қазақ елі соның соңғысында дербес субъект ретінде өзі үшін ғана емес, түркі әлемі үшін де өз майдан-күресін жүргізіп жатыр.

Қазақ даналарының «Жеріне лайық елі туады» (Ескелді би), «Сулы жер – нулы жер, нулы жер – рулы жер» (Бөлтірік шешен), «Жері байдың – елі бай» деген тұжырымдарының төркініне үңілесек, жер жүзі, оның табиғаты барша адамзатқа ортақ кеңістік. Демек, табиғат үшін ұлт жоқ, бірақ сол табиғат аясында, оның жүйесінің

айналымы негізінде ұлт қалыптасты. Ұлттың ұлт болып қалыптасуында басты детерминант – геожүйе. Түптеп келгенде, адам баласының жер бетінде этностарға топталуының себепшісі де жердің ыңғайы, табиғат бедері болып шығады [Раев, 2001: 196].

Шетелдік (Құқық тарихшысы И.А. Исаевтың «Воображаемая государственность. Пространство без территории» монографиясы, Ө. Баһаддин және т.б.) және отандық ғалымдардың бірқатарында (Ғ. Есімнің «Ғұлама-наме» ғылыми трилогиясы, тарихшы Ж. Артықбаевтың «Кочевники Евразий в калейдоскопе веков и тысячелетий» кітабы, Т. Жұртбаев, С. Әбушәріп пен С. Мәдуан және т.б.) да осы тақырыпты әлемдік геосаясат және «елестетілген саяси құрылым» риторикасы аясында тереңінен түсіну бар. Осы орайда оның мемлекет пен мемлекеттілік арақатынасын екі аспектіде – бірінші, нақты саяси философия мәселелері және екінші, мифология философиясының мәселелері тақырыптары аясында қозғап өтетінін де ұмытпаған ләзім.

Осы зерттеуде біз ғұн-Алтай аңыздарындағы «жер» мәселесіне философиялық тұрғыдан мәдениет пен дүниетанымындағы символдық және метафизикалық мағынасын ашу мақсатында жүгіндік.

Ең алдымен, «Жер» туралы талданған мифологиялық түсініктер философиялық және саяси-әлеуметтік ғылымдар контекстінде Н.И. Букетова, Г.К. Каримова ұсынған идеологиялық мифтердің метатілін зерттеудің жаңа перспективасын ұсынды.

Ғұн аңыздарының мәтіндері мен символикасын талдау «жерді» болмыстың физикалық-рухани және саяси өлшемдерін біріктіретін символдық образ ретінде көруге мүмкіндік берді. Ол ежелгі ғұндардың терең мәдени-философиялық ұмтылыстарын бейнелейтін мемлекеттіліктің, жеңімпаздық пен қайраткерліктің қайнар көзін нышаналайды. Қанша дегенмен, ғұндар ата тарихта үлкенді-кішілі бірнеше мемлекет және шығыс пен батыста екі даңқты империя құрған жұрт (Тұман-Мөде және Атилланың ұлық ұлыстары) [Жанайдаров, 2006: 136]. «Мемлекетшілдіктің ең алғашқы теориясын ғұндар жасаған» деген лепес те тегіннен тегін емес. Айтып өткеніміздей, территория ел болып тұрса да тиісті суверендік яки нақты қожайындық-иеленушілік болмаса мемлекет бола алмайды. Ал бұл «түркі өркениеті» ұғымының өзге өркениеттерден ерекшелігінің бірі – түркі-моңғолдардың осы өркениет аясындағы жасаған тарихының барлық кезеңдерінде өздерін мемлекеттің ажырамас бөлігі ретінде көрсете білуіне себеп болды. Мифтік дүниетаным да бұл жерде осы ұлы мұратқа қызмет етумен түркілік мемлекетшілдік архетиптердің тарихи санада жаңаша мазмұндалу формаларынан көрініс тауып келеді [Фейзиев, 2019: 12]. Сол себепті де Р. Кемербай пайымдамақшы, тарихи сана үзілмейтін ұзақ үрдіс десек, оны жеке-жеке қарастырып, бөлшектеуге мүлде болмайды. Тарихи сананы тұтас организм ретінде, тіптен мифология аясында да қараған жөн [Кемербай, 2020: 38].

Алтай мифологиясымен салыстырмалы талдау көрсеткендей, Алтай дәстүріндегі «жер» де орталық орын алады, бірақ оның қасиетті табиғаты мен рухани маңыздылығына баса назар аударады. Бұл интерпретацияда «жер» адамның табиғатпен және ғарышпен бірлігінің үлгісіне айналады.

Зерттеу – ғұн-алтайлық аңыздардағы «жер» ұғымдары ежелгі әлемнің дүниетанымы мен идеялық проекциясын көрсетіп қана қоймай, философ Ғ. Есім қазақ мемлекеттілігіне көлденеңнен қойған «Қазақ халқы неге азбаған, тозбаған халық?» деген сауал аясында олардың этикалық көзқарастарын, әлеуметтік-мәдени тәжірибелері мен салт-дәстүрлерін түсінудің кілтін берді. Ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин «Азбаған, тозбаған халықпыз» дегенде кең байтақ жерімізді меңзеген. Себебі қазақ әзелден өз атамекенінде тұрып, жер сұрап ешқайда барған жоқ. Өз атамекенінде рухани болмысынан айырылмады [Есім, 2020: 142].

Айта кетейік, ғұндық әлемнің орталық персонажы – Мөде тұлғасын елдік деңгейге көтерудің бір репутациялық қатер мәселесі бар. Ол «Таққа әкесіне қастандық жасау арқылы келді» деген сыңаржақ тұжырым. Бірақ т.ғ.к. Ж. Ошан айтқандай, одан

кейінгі ғұндар тарихында мұндай өрескелдіктің жоқтығын, өзгеге қатыгез болса да өзіне қол салмайтын мінезі болғанын атап өткен жөн [Ошан, 2023. URL]. Қалай дегенде де бұл оқиғада тарих тасасында қалған, уақыт машинасы болмаса ендігісі ақ-қарасын анықтау мүмкін емес, әке мен бала арасын бұзған бір сарайшілік интрига бар. Тұман қағанның тірлікті жаттың қолымен істемек болып, юэчжи еліне аманатқа жіберіп, үлкен ұлы Мөдені тақ мұрагерлік құқынан айырмақ болғаны, қытайлық ханша тоқалдан туған кіші ұлын мирасқорлыққа бекітпекке талпынғаны да тарихи шындық.

Сонымен қатар Алтай аңызы да қазіргі мұсылмандық өркениет өрісіндегі бізге, оның ағайынды құдайлар бейнесіндегі кейіпкерлері сондай ыстық та етене емес. Алайда ондағы рух пен идея маңызды. Сол жағын ескерсек, оның да маңызы жоғарылай түседі. Ғ. Есім Андатпакші, отарланған кезеңде қазақ рухани әлемінің алданыш-жұбанышы оның фольклоры – аңыз, жыр, дастандары ғана болды [Есім, 2016:159]. Ендігі тәуелсіздік дәуірінде де ол идеологиялық мифология ретінде мемлекет пен мемлекеттілік стратегиялық саясаты мұрат-мақсаттарына, сондай-ақ патриоттық сезімдерді нығайту мен ұлттық бірегейлікті негіздеуге клейковина болуға жарайды.

Біздің зерттеуіміз Атазаңда атап көрсетілген «Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығының» [Қазақстан Республикасының Конституциясы, 91-бап, 2. URL] өзгермес ережесіне сәйкес «Біртұтас Қазақстан» ұғымын орнықтырудың маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар оның қазіргі қоғам үшін, әсіресе геосаяси және идеологиялық сын-қатерлер контекстінде жастар тәрбиесіндегі практикалық мәнін де көрсетеді. Алысқа бармай-ақ бұл ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ағымдағы Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнында көрініс тапса, тіпті, оң болар еді. Әрі қарайғы зерттеулерде мәдени шаблондардың қазіргі адамның санасы мен құндылықтарының қалыптасуына әсерін талдауды тереңдету, сондай-ақ қазіргі әлемде қолдану тәсілдерін зерттеу мәселесі туындайды.

Қорытындылай келе, «жер» туралы мифологиялық идеяларды философиялық талдаудың өзектілігін және олардың ұлт санасы мен мәдени бірегейліктің қалыптасуына зор әсерін кезекті рет растаймыз. Бұл зерттеудің жаңа айқындамалары саяси ұғымдарды символдық-мифологиялық түсіндіру саласындағы зерттеулерге, сондай-ақ қазіргі геосаяси және елдегі әлеуметтік-мәдени сын-қатерлерді сауатты басқарып меңгеру үшін пайдалы болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Аристотель. Политика // Соч.: в 4 т. Т. 4. М.: Мысль, 1983. С. 644.
2. Әбушәріп С., Мәдуан С. Қазақтар және Түркі әлемі: мемлекеттіліктің бастаулары. Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 360 б.
3. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана, «Фолиант», 2011. Т. 78: Қазақ мифтері. – 448 бет.
4. Баһаддин Өгел. Ұлы Хүн империясының тарихы. 1-том / ауд. Әлімғазы Дәулетхан – Астана, «Ғылым» баспасы, 2018. – 508 б.
5. Бринкерхов Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, 9-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл - 464 б.
6. Букетова Н.И., Каримова Г.К. Идеологический миф и его интерпретаций: моногр. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2016. – 232 б.
7. Ғұн тарихының жылнамасы. Көне қытай тілінен аударғандар: А. Мүтәліп, Т. Жиылұлы. Түркістан, Тұран, 2004. 411 бет.
8. Dixit, K. Avinash, Nalebuff, J. Barry. Thinking Strategically. The Competitive Edge in Business, Politics, and Everyday Life. New York: Norton. W. W. Norton & Company. 1991. – 393 pp.

9. Есім Ғарифолла. Жазушы Ғарифолла Есім 2019 жыл. Оқу-әдістемелік құралы. (2019 жылғы тамыздан – 2020 жылғы тамызға дейін). – Нұр-Сұлтан: «Академия Абай» ЖШС, 2020 жыл. – 329 б.
10. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2006. – 252 бет.
11. Жұртбаев Т. Дулыға: Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар – Алматы: Жалын – К. 1 – 1994 – 368 бет.
12. Кандаракова Е.П. – Легенды северного Алтая. Горно-Алтайск. – 2011. – 128 с.
13. Кемербай Р.А. Асан Қайғы: қилы заман философиясы. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Нұр-Сұлтан, 2020. 129 бет.
14. Кузин Ф.А. Кандидацкая диссертация. Методика написания, правила оформления и порядок защиты: Практическое пособие для аспирантов и соискателей ученой степени. – 8-е изд., стер. – М.: Ось-89, 2006. – 224 с.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. 800 б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Мендибаева Мулдир Болатбековна

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, Қызылорда,
Қазақстан

Тютебаева Жанар Усенбековна

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, Қызылорда,
Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Әл-Фараби шығармалары, оның қазіргі кезеңдегі өміршеңдігі туралы айтылған. Жұмыста сонымен қатар автордың басты көтерген мәселесі - қайырымдылық және оның қазіргі өмірмен байланысы зерделенді.

Аннотация. В статье рассказывается о произведениях Аль-Фараби, его жизнеспособности на современном этапе. В работе также была изучена главная поднятая автором проблема - благотворительность и ее связь с современной жизнью.

Abstract. The article tells about the works of Al-Farabi, his vitality at the present stage. The work also examined the main problem raised by the author - charity and its connection with modern life.

Біз игі іспен айналысу, адамдарға жақсылық жасау дәстүрін сақтап қалуымыз керек. Себебі біреуге қол ұшын созып, қолдау көрсету – қанымызға сіңген қасиет.

Қ.Ж.Тоқаев

Адамзат қоғамы қаншалықты дамып жатырса да, бүгінгі ақпараттық технология үстемдік құрған ғасырда да ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық әлеуметтік ортаның тереңдігін айқындап, мемлекеттің болашағын шешетін құндылық ретінде өзінің тарихтан бері келе жатқан орнын сақтап қала бермек. Алаш зиялысы Ж.Аймауытов жазып кеткендей, «Мәдениет жүзінде адам баласы құс болып ұшып, балық болып жүзіп, алысты жуық болдыруды анық қалап отырса да, бірін-бірі өлтіруді, зорлығы қиянаты қалмай отыр. Неге? Адам тәрбиенің құлы болуға жатпай, әлі күнгі табиғаттың құлы болып жүргендігі. Адам баласы табиғатқа қашан құл болудан құтылады? Анық ақылға билетіп жалпы жұрт жақсы тәрбиелі болғанда құтылмақ».

Қоғамның негізі, болашағы ұлттық тәрбиеге тәуелді, ұлттық тәрбие болмаса қоғамдық ортада кісілік қалыптаспайды. Кісілігі жоқ қоғам мемлекетке, оның болашағы ұрпаққа қажетті құндылықтарды бере алмайды, бұндай орта тарихтың бойындағы рухани дүниелерді кейінгі уақытқа жеткізуге, мемлекет мүддесін қорғауға қабілетсіз келеді. Сондықтанда өркениетті мемлекеттің бет-бейнесі оның мәдениеті, әлеуметтік ортада адам бойында кісілік қасиеттің орын алуымен көрінеді. Мемлекеттің рухын қоғамдағы адамгершілік, қайырымдылық, әділеттілік, шынайылық, тұрақтылық, ізгілік көтереді, рухани құндылықтар ғана сақтай алады.

Қайырымдылық, ізгілік, адамгершілік тәрізді құндылықтар Шығыс ойшылы әл-Фараби еңбектерінде кеңінен көрініс табады.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды.

«Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби ат-Түрки мәңгі ғұлама! Ұлы Ұстаздың шығармалары ұлтының жан жүрегіне жетіп, ақылына терең сіңіп, өлмейтін, өшпейтін ұрпақтан-ұрпаққа тарар асыл әм киелі құндылығы

болып қалуын Тәңірден тілеген» , - деген Роллан Сейсенбаевтың да пікірі өз өзектілігін жоймай, ғұламаның құдіретін айқындай түседі.

Әлемдегі үйлестіктің сырын білмей, кәміл қоғам құру мүмкін емес. Ойшылдың кемел қоғам концепциясы осындай терең сенімге арқа сүйейді. Оның этикасының жоғарғы категориясы – бақыт, оған білімсіз жету мүмкін емес.

Ғұламаның шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия.

Ол ғылымды 2 топқа бөлген:

Бірінші: теориялық ғылымдар. Бұл топқа жаратылыстану ғылымдары мен метафизиканы енгізген.

Екінші: практикалық ғылымдар. Бұл топқа этика, фикһ, кәләм (исламдағы өзекті тақырыптарын қамтыған ғылым саласы) ғылымдарын жатқызған.

Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады.

Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесін жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да, адамзат индивидтері көбейе түсіп, жер жүзіндегі әр түрлі мекендерге қоныс тепті, осының нәтижесінде адам қоғамдары пайда болды, ал бұлардың біреулері – толық мәніндегі қоғамдар, екінші біреулері – толық емес мәніндегі қоғамдар. Оның бер жағында толық мәніндегі қоғамдар үш түрлі болады: ұлы, орташа және шағын қоғамдар.

Қайырымды қала кемелденген, сырқатсыз денеге ұқсайды, ал оның барлық мүшелері тірі жанның өмірін аман сақтау үшін, оны барынша қызғылықты ету үшін бір-бірін көмектесіп отырады. Оның пайымдауынша, «Қайырымды қала тірі ағзаның өмірін сақтау үшін барлық мүшелері бір-біріне көмектесетін сау тән тәріздес». [3]

Қайырымдылық адамның табиғатында бар нәрсе. Адам баласынан рухани өмірдің шегі қайырымдылықты, ізгілікті талап етеді.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Тарихи Отанымызды қаншама ұлт өкілдері мекен етіп жатыр. Қайырымдылық - асыл қасиет. Біздің бабаларымыздың санасында жақындарына ізгілік көрсету қажеттілігі туралы ұғым сонау ерте заманда-ақ қалыптасты әрі бұл әрбір қазақтың бауырмалдық, туыстық міндетіне айналды.

Қайырымдылық тек жеке дара адамдарға ғана жасаумен шектелмейді. Сонымен қатар қоршаған орта мен жалпы халық үшін де жасалуы әбден мүмкін.

Қайырымдылық - көмекті қажет етушілерге білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады. Қайырымдылық — адамның асыл қасиеттерінің бірі. Айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар. Бірі — рухани-экономикалық жағы, басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау, ал екінші қыры-іс-тәжірибелік жағы, іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу.

Қазіргі таңда елімізде көптеген қайырымдылық қорлары, ұйымдары жұмыс жасап, көптеген адамдарға көмек көрсетіліп жатыр. Өзім білім алатын М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде, атап айтар болсақ, өз тобымыз да көпбалалы аналарға, қарт кісілерге қол көмегімізді беру үйреншікті жағдайға айналған. 2017 жылдан бастап «Мейірім акселераторы» дәстүрлі жұмыс жасайды. Ұйым құрамындағы еріктілер осы кезеңге дейін түрлі форматтағы іс-шараларды атқаруда. Атап айтсақ: қарттар, сәбилер үйлері, «Атамекен» балалар ауылы, Облыстық балаларды оңалту орталықтарында қайырымдылық шараларын өткізуде. Еріктілік қызмет колледжде атаулы жыл бекітілместен бұрын қалыптасып, жоғарғы

деңгейде ұйымдастырылып, жүргізіліп келеді және еріктілер жылы аяқталғаннан кейін де бекітілген жоспары бойынша өз жалғасын табатынын жеткізгім келеді.

Бақытты болу үшін адамдар бір-бірінің бақытты болуына көмектесуі керек. Адам адамға көмектесуі керек. Қала–қалаға, халық–халыққа. Оның еш қиындығы жоқ. Адамдар бір-біріне бақыт сыйлауға ұмтылса, біз бақытты үйлерде тұратын боламыз, бақытты қалалар мн бақытты елдерге сапар шегеміз... Біз бәріміз – біздің барлық туыстарымыз және сіздер мен сіздердің туыстарыңыз – барлығымыз бақытты планетада бақытты өмір сүретін боламыз! [1] Әл-Фарабидің осындай пайымдары әлі күнге өз өзектілігін жоймақ емес.

Қорытындылай келе, қайы–рымдылық тек қоғамда әлеуметтік ынтымақтастық атмосферасын құру үшін ғана маңызды емес екенін атап өту қажет. Қайы–рымдылық - Қазақстанның болашағы үшін өте маңызды болып табылатын, экономикаға әлеуметтік сипат беретін, әкімшілік тәсілмен либералдық-нарықтық балама болуы әбден мүмкін.

Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп бекер айтпаған. Қайырымдылық пен мейірімділік – қанымызға сіңген қасиет. Қазақта асар жасап, бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсету дәстүрі бар. Оның волонтерлікпен үндесетіні сөзсіз. Сондықтан алдағы уақытта сол дәстүрді заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Құл-Мұхаммед. Әл-Фараби. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна», 2006
2. Ж.А.Алтаев Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 234
3. Ж.Тілепов Қазақ прозасы. Хрестоматия. Үш томдық. Бірінші том. – Алматы: «Ғылым», 2001
4. А.Тұрғынбаев Әлеуметтік-этикалық талаптар. – Алматы: «Ғылым»
5. Ә.Нысанбаев Әбу Насыр Әл-Фараби. 10-томдық шығармалар жинағы. 3-том. Логика. Астана, 2007.
6. Әбу Насыр Әл-Фараби: 7 томдық жинағы: - Алматы: Халықаралық Абай клубы. – 2019.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДОГОГИКА ІЛІМІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСЫ

Сүлейменов Пірімбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті саяси ғылымдарының кандидаты, доцент. Алматы, Қазақстан

Саидкулов Нуридин Акрамқулович

Гулистан мемлекеттік педогогикалық институтының саяси ғылым бойынша (PhD) докторы, доцент. Гулистан, Өзбекстан

Қоғам мен мемлекеттегі алуан түрлі жайттарды қамтитын Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы ең алдымен адамзатқа арналған. Өйткені ол саналы ғұмырында қалың жұртшылыққа қызмет етуге ат салысты. Еңбектерін жекелеген тұлғаға, адамның игілігіне, елге, жерге, күллі әлем мен ғаламға арнап, көпшілік ортада қызу талас-тартысқа түскен немесе қордаланған мәселелерді шешуге ұмтылды. Сондықтан да болар оның ғылыми ізденістері әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді.

Осы бай қазыналарды алғашқы тәлімгерлер қандай педагогикалық әдістемелермен жеткізіп келді, қалайша антикалық заманнан бастап орта ғасырда энциклопедист ғалымдар дүиеге келді, олардың педагогикалық әдістемелері заманауи білім беруден несімен ерекшеленеді деген тақырып осы уақытқа дейін шешілмеген мәселелердің бірі болып табылады. Болашағымызды болжай алу үшін өткенімізді дұрыс саралап, одан белгілі бір қорытынды шығаруымыз керек. Ғылым ретінде қалыптасқан философияның отаны болып табылатын Грекияның алып тұлғалары Сократ, Платон, Аристотель, Ефклид, Пифагор, Птолемей және басқа да грек даналарының педагогикалық идеяларын жаңғыртып, одан әрі дамытып, теориялық білімдер мен практикалық өнерлерді ұштастыра білген ортағасырлық отырар ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерін зерделегенде кейбір сұрулардың шешімін тапқандай боламыз. Бұл тұрғыдан ғалымның шығармалары толыққанды, берері мол шынайы ғылыми білімдерді игерудің кілті болып табылады. Мұндай білімдер математика, физика, метафизика, логика, грамматика, риторика салаларын қамтитын жалпы философия болып табылады. Әл-Фарабидің ғылыми еңбектерінде "мінез-құлық", "адамгершілік", "еңбек ету", "оқу", "білім", "таным", т.б. педагогикалық терминдер классикалық педагогиканың "тәрбие теориясы" мен "оқыту теориясына" тікелей қатысты екендігін және педагогика ғылымы философияның бір бөлімі ретінде дамығандығын айқындайды.

Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала біліп, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бір де бір ғылым саласы жоқ деуге болады [1]. Әл-Фарабидің әлем мен адамзатты түсінуге, адамның әлемдегі орнын анықтауға және дүние мен қоғамның толық интеллектуалды бейнесіне қол жеткізуге деген құштарлығы зор болды. Ойшылдың интеллектуалды мұрасы тікелей антикалық философия өкілдері, оның ішінде Платон мен Аристотельдің философиялық ілімдері мен аудармаларына толы, сонымен қатар, өзінің көптеген ғылым салалары бойынша еңбектері де жетерлік. Ғалымдардың пайымдауынша, әл-Фарабидің жетпістен жүз алпысқа дейін трактаттары бар [2]. Ол оқытудың сөздік практикалық әдістері мен көрнекілік, жүйелілік принциптеріне тоқталып, олар туралы диалектикалық, логикалық ой-тұжырымдар жасаған. Сонымен бірге бұл әдістер мен принциптерді оқушылардың (шәкірттердің) жас ерекшеліктеріне қарай біртұтас педагогикалық процесте іске асыру қажеттігін ұсынған.

Әл-Фарабидің пікірінше ғылымдарды оқып-үйрену көп тәсілдермен жүзеге асады, бірақ қайсысын басшылыққа алғанда да ғылымдағы бастапқы ұғымдарды, қағидаларды, алғышарттарды біліп алудан бастау қажет. Осының нәтижесінде түпкі

шындық-болмыс оның көріністері танып білінеді. Оқу, үйрену біздерге болмыс бастауларын білуге алып келеді, ал олардан шығарылған қорытындылар ғылыми пәндерді игерудің құралы болады.

Ғұлама білім алудың, оқудың әдіскерлік, философиялық және әдістемелік, педагогикалық мәселелерін біріктіре, байланыстыра тұтастай алып қарастырады. Өйткені зерттеліп, қарастырылып отырған нәрселердің, ұғымдардың шығу төркінін, гносеологиялық түп-тамырын білу, оларды жемісті түрде оқып-білудің әдістемелік тура жолын табуға жәрдемдеседі. Мұндай білім алудың тиімділігінің өлшем-таразысы үйрену мен болмыс бастауларының сайма-сай келуі болып табылады. Оның еңбектерінде қазіргі педагогикалық ғылымның жүйелілік және бірізділік, көрнекілік, қонымдылық, тәрбиелік, оқу т.б. дидактикалық принциптерінің нышандары бой көрсетеді.

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінде білім және педагогика әлеуметтік феноменнің бірі болып табылған. Бұл феномен тікелей адам жанымен тығыз байланысты, сонымен қатар, әрбір жеке тұлға қоғамның мүшесі болуға, өзінің жеке кемелінің деңгейіне жетуге, соның нәтижесінде өзіне қойылған басты мақсатқа жетуге ерте жастан бастап дайындалатынын растайды. Әл-Фарабидің тікелей білім мен педагогика жайлы ерекше арналып жазылған еңбектерінің болмауына қарамастан, оның «Бақытқа жолды бағыттау», ««Интеллект» сөзінің мағынасы туралы», «Философияны үйренуге дейінгі алғышарттар туралы», «Азаматтық саясат» және тағы басқа философиялық ойларын жете меңгерген адам олардан анық педагогикалық ілім элементтерін аңғаруға болатынына көз жеткізе алады. Бұл еңбектерде оқытудың мақсаты мен әдістемесі, білімнің беріктігі, жүйелілігі, оқытудың қолжетімділігі, көрнекілігі, білім алушының белсенділігі мен мақсатқа ұмтылушылығына көңіл бөлінген. Дағдылар, әдеттер, қабілеттілік сияқты педагогикалық ұғымдар, тәрбиенің әдістері талданған. Білімге бағытталған іс-әрекеттердің барлығы әл-Фарабидің ойынша, белгілі бір кезеңде және қоғамда құндылықтар, ілім мен тәжірибелік мүмкіншіліктерді тұлғаның игеруі деп тұжырымдайды [3]. Білім алудың басты мақсаты жеке тұлғаны кемеліне жеткізу болса, ал әлемде адамзаттың өмір сүруінің басты мақсаты абсолюттік жақсылық – жоғарғы деңгей деп танылатын бақытқа жету деп анықталады. Кемеңгер тұлға, ғалымның ойынша, интеллектуалды білімін қорытындылайтын теориялық ізгілік пен қайырымдылықты, адамгершілікке толы тәрбиенің шегіне жеткен тәжірибелік ізгілікті бойына сіңірген адам. Бұл теориялық және тәжірибелік ізгілікті шынайы күшпен сабақтастырған тұлға қоғамның басқа мүшелерінің алдында көшбасшы болып, саяси басшылыққа ие болады деп танылған.

Әбу Насыр әл-Фараби моральдық және эстетикалық құндылықтарды біріктіре отырып: жақсылық ол әдемілік, ал әдемілік жақсылықтың бейнесі, сұлулық ақылдылықпен өлшенетін құндылық деп тұжырымдайды. Әл-Фарабидің еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал ете отырып, Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды және сол кезеңдегі білімнің дамуына ықпал жасады [4]. Білім берудің тағы бір мақсаты ретінде әл-Фараби саяси көшбасшыларды тәрбиелеу деп түсіндіреді, себебі кез келген қоғам өзін бағыттап, дұрыс жолға салушы көшбасшыға зәру болады. Сондай-ақ әл-Фараби шығармашылық қабілеттілікті алға тартады, оның басты себебі ретінде теориялық және тәжірибелік шығармашылықтағы кемелділік данагөйліктің белгісі деп қорытындылайды. Ғалымның пікірінше, білім алу мақсаттарының барлығы үйрену мен тәжірибені бірдей деңгейде біріктерді: кез келген алынған теориялық білім тәжірибе жүзінде іске асылыруы тиіс деп тұжырымдайды. Ғылыми теория тәжірибелік сыннан өтпесе ешқандай да құндылығы болмайтынын аңғартады [5]. Осы аталған мақсаттарды жүзеге асыру барысында білім алу мен оқытуды негізге ала отырып, әл-Фарабидің көзқарастары Платонның ойымен ұштасатынын байқаймыз.

Әл-Фараби «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік секілді қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру үшін қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндап, өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін қатар алып қарастырады. Ол баланың жеке және жас ерекшелігіне мән беріп, балаға қамқорлықпен қарап, қарым-қатынас жасауға баса көңіл бөледі. Ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды нұсқайды. Ол оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен назар аударып, бұл тұрғыда көптеген түбегейлі, терең пікірлер айтқан.

Әл-Фараби нұсқау беру мен тәртіпке үйретудің аражігін анықтайды. Алдыңғысы теориялық мәдениетке үйретсе, соңғысы тәжірибелік және техникалық қабілеттіліктерді бойға сіңіруге үйретеді. Сондықтан екеуі екі түрлі дүние[6]. Ғалым сезімдік қабылдауға ерекше маңыздылық берумен Платоннан ерекшеленеді. Ол сезім мүшелерін адамзат білімді қабылдайтын жолдар деп түсіндіреді. Мұнан шығатын тұжырым, әл-Фараби білімді сезімдерден бастау алатын концепция ретінде түсіндіреді. Сонымен бірге, ол Аристотельдің «The Book of Demonstrations»(түсіндірмелер) атты еңбегінде «Кімде-кім өзінің сезім мүшелерінен айырылса, білімнен айырылады» деп жазылған ойына үлкен көңіл бөлген [7]. Сезіммен тығыз байланыстағы білім беруге әл-Фарабидің көп көңіл бөлгеніне қарамастан, ұлы ойшыл сезімдер тек сананың құралдары ғана, ал сана өз кезегінде түсінік алуға/үйренуге бағытталған деп түсіндіреді. Ол үйренудің негізгі табиғаты есте сақтау деп түсіндірген Платонның ойын негізге алған.

Білім әл-Фарабидің түсінігінде кемелділік пен бақытқа қол жеткізуге мақсатталған қоғамның барлық мүшелеріне қажет деп танылады. Сондықтан, білім беру әдістері қандай қоғам тобына бағдарлануына байланысты бейімделуі тиіс.

Білім беруде екі негізгі әдіс бар: оның біріншісі жалпы халыққа арналған наным-сенім болса, ал екіншісі билеуші қауымға арналған әрекет-қимыл көрсету деп танылды. Көрсету әдісі сөз арқылы қол жеткізілсе, нанымдық әдісте сөзбен бірге іс-әрекет басшылыққа алынады. Платонның білім беру моделін басшылыққа ала отырып, әл-Фараби диалог және сөз жарыстыру әдістерін де білім берудің маңызды бөліктері деп тұжырымдайды. Жалпы халыққа білім беру олардың сана деңгейіне қарай жүргізілу керектігіне де ойшыл көңіл бөлген. Осындай қоғам мүшелерін үйретуде білім берудің тағы бір әдісі – қиялдау арқылы түсінуге қиын құбылыстарды метафора және басқа да ұқсас бейнелермен түсіндіру қажет деп танылды.

Жоғарыда аталған әдістерден басқа, әл-Фараби білім алудың маңызды бөлігі ретінде қайталау мен жаттауды атап көрсеткен. Ойшыл соңғысын екі секцияға бөлген: біріншісі оқушының сөздерді есте сақтағанша қайталап отыруы болса, екіншісі жай жаттап алудан тереңірек ойда тұжырымдауға бағытталған. Отырарлық ғалым жаттап алу мен түсінудің қайсысы білім алуда маңыздырақ деген сұраққа түсіну есте сақтаудан әлдеқайда жақсырақ екенін, сонымен бірге, есте сақтау тек білімнің бөлшектерін жаттап алумен шектелетінін, ал түсіну үйретіліп жатқан құбылыстарды толығымен ой-санада мазмұндап, нәтижелеуге итермелейтінін айтып жауап қайтарған болатын. Жалпы білім берудегі басты қатысушылары яғни оқушы мен оқытушы жайлы әл-Фарабидің ойларына тоқтала кетелік.

Ойшылдың тұжырымы бойынша, оқытушы оқыту мәдениетін өз еркімен, ешқандай міндетсіз бойына сіңіру қажет. Жалпы оқытушы тұлғасы келесідей ғылыми және моралдық талаптарға сай келуі керек: өзінің мамандығы бойынша жоғары деңгейдегі білімді, көрсетуге болатын құбылыстарды оңай көрсете білетін, өзі білетін білімді басқаларға тоқи білетін, түрлі мәселелерге төтеп бере алатын тұлға болуы керек.

Ал оқушы болса мынадай қасиеттерге ие болуы тиіс: білім концепцияларын түсіну қабілеті, оны қабылдау қабілеті және сол концепцияларды түсіндіре алу қабілеті.

Сонымен қатар, әл-Фарабидің пікірінше ізденуші әрқашан білім алуға күштар, басқаға көңіл бөлмей тек білім алуға бағытталған тұлға. Себебі оқу немесе білім алу ұзақ уақытты талап ететін дүние.

Ғалым білім беру мәні, оның қатысушыларының негізгі қасиеттерінен бөлек білім беру пәндері тізіміне де ерекше мән берген. Әр кезеңде өз мақсатына жету үшін білім беру белгілі бір бағдарлама арқылы жүзеге асуы тиіс, яғни білім беру кезектілігі болуы керек. Әл-Фараби білім беруде бағдарлама құрылымын тек адамның өз халқының мәдени құндылықтарын игеруге, ал екінші жағынан, өз сезімдерінің шарықтау шегіне, кемеліне жеткізуге септігін тигізетін білім берудің маңызды бөлігі ретінде қарастырған. Осындай түсінікпен ойшыл ғылым салаларын жүйеге келтіріп қана қоймай, мұсылман философтарының ішінде ең алғашқы болып оларды білім беру мақсатымен жіктеуге көңіл аударған. Оның «Ғылымдарды жіктеу» атты трактаты ғылым тарихында алатын орны ерекше, себебі ғылымдарды жіктеу әдіснамасы әлемдік деңгейдегі ғылым философиясының іргелі туындысы болып табылады[8]. Ұлы ойшылдың пайымдауынша, білім берудің бастамасы ретінде тілден және оның құрылымынан бастау алу керек. Жалпы тілдерді меңгерген тұлға басқа ғылым салаларын үйренуге бастама ашады. Ойшылдың тілге үлкен мән беруін, оның түрлі мәдениеттермен қоғамдарды салыстыруға септігін тигізген бірнеше тілдерді меңгеруінен аңғаруға болады. Тілдерді үйренуден соң білім беру бағдарламасы - логиканы үйренуге бағытталуы тиіс деп санады. Себебі, араб тіліндегі 'logic' (mantiq) түсінігі сөз бен интеллектуалды үрдістерді біріктірген, сондықтан ойшылдың ойынша, тіл үйрену адам санасын күрделі біліми дәрежеде жұмыс істеуге бастама деп танылды.

Білім беру бағдарламасының келесі құрылымдық бөлшегі математикаға тоқталады. Әл-Фараби теориялық ғылымдардың алғышарты ретінде арифметиканы меңгеру қажеттілігін атап өткен: 'Кімде-кім теориялық шығармашылықты үйренгісі келсе, сандардан, өлшемдерден бастауы тиіс, себебі бұл жүйелер оптикалық, астрономиялық, табиғи ғылымдардың барлығына тән құрылғылар. Математиканы ойшыл бірнеше түрлерге бөліп қарастырған: сандар (арифметика), геометрия, ғылыми астрономия, музыка, динамика мен құрылғы-машиналар ғылымы.

Осындай нақты ғылымдардан соң теология мен метафизика, одан кейін саяси ғылымдар, құқық, академиялық теология бағдарламада қарастырылады. Қысқаша айтқанда, әл-Фарабидің білім беру бағдарламасы мынадай ғылым салаларының топтарынан құралады: тілдер ғылымы, логика, математика, жаратылыстану ғылымдары, теология, саяси ғылымдар, құқық пен академиялық теология. Қазіргі уақытта орта және жоғарғы оқу орындарындағы білім мазмұнының жаңартылуы тұсында аталмыш ғылымдар жүйесін, олардың мазмұнының пәнаралық байланыстары арқылы қолдану логикасын басшылыққа алу аса тиімді, әрі түсінікті үдеріс болар еді.

Әл-Фарабидің пікірінше, философия құбылыстарды ең жақсы жолмен зерттеуге мүмкіншілік береді, сонымен қатар, ол бақытқа бастар жол.

Сонымен бірге оның еркі шындыққа бағытталу үшін ол парасатты жанның күшін жақсартуы керек. Аристотельге еліктегенде, оған деген сүйіспеншілік оны (Аристотельді) ақиқаттан да артық санауға (ешуақытта) дейін асқынып кетпейтін болсын, бұл оған өштік туғызып оны бекерге шығару қаупіне де ұшырамайтын болсын"[9].

Әл-Фарабидің осы пайымдарынан ең алдымен ғылымды зерттеушінің ақиқатты мақсат тұту керектігін айтады және бұл жолда өз жанының парасатты болуы үшін барлық уақытта ізденісте болу керектігін меңзейді. Зерттеу объектісі, мысалы Аристотель болғанда, оған жан-тәнімен беріліп Аристотельді ақиқаттан жоғары қоймауға, яғни жеке басқа табыну қаупінен сақтандырады, немесе оның идеяларын бұрмалап түсінуде оған өшпенділікпен қарамауға шақырады. Сондықтан да ғалым өз зерттеулерінде тұлғаны идеал тұту ойынан аулақ болу керектігін айтады.

Көп жағдайларда жеке тұлғалар жөнінде естеліктер немесе оның ғылыми жетістіктерін көпшілікке танытуда зерттеушілер асыра мақтауға немесе зерттеу объектісінің кейбір тұстарын қателік ретінде көрсетіп, оны даттау істері белең алып жатады. Отырар ойшылы осындай харекеттердің ғылым жолында көптеген зиян алып келетіні жөнінде баса айтып отыр.

Әл-Фараби жалпы қауым мүшелерін, оның ішінде, әсіресе жастарды оқыту, тәрбиелеу процесінде «қатты әдіс» пен «жұмсақ әдісті» ұйымдыстырып қолдануды талап етіп: “Ұстаздың мінез-құлық нормасы тым қатал да болмауы тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет, өйткені бұлар - жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді. Сондай-ақ ол өзінің сабақтарын бір ғана ғылымның шеңберінен асырмағаны дұрыс, өйткені түрлі пәндермен сабақты ауырлата беру тәртіпсіздікке және белгілі бір жүйеден айырылып қалуға апарып соқтырады. Осының бәрі шәкірт өмірін ұзартады, өйткені тәнді емдеу, Гиппократтың сөзімен айтқанда, өмірді ұзартатын болса, жанды емдеу онан да жақсы нәтижеге жеткізуге тиіс”[9].

Ұстаздың мінез-құлқын суреттегенде, әл-Фарабидің осы принциптерді өзі қолданғаны көз алдымызға елестейді. Салмақты да салиқалы, рухани әлемінің маржандары болып табылатын ғылыми ойларын шәкіртіне шашпауын шығармай қарапайым да түсінікті тілмен жеткізе білетін ұстаздың алып тұлғасын жоғарыда айтылғандай әл-Фараби керемет сомдам берді. Отырар ойшылы қиын ғылыми тұжырымдамаларды басқа зерттеуші ғалымдарға немесе шәкірттеріне оңай да түсінікті ойлармен жеткізу шеберлігін өзінің ұстазы Юханна ибн Хайланнан алғаны жөнінде ортағасырлық араб ғылымының тарихшысы Жамал әд-дин әл-Қифти (1172-1248) атап өткен болатын [10]. Бұл да күні бүгін күшін жоймаған педагогикалық қағида. Шынында, ойды әр нәрсеге бөліп, жеңілтекке салыну, денсаулық күтпеу ғылымды игерудің, білім алудың дұшпаны деген өте орынды пікірмен келіспеуге болмайды.

Ұстаздың шәкіртке білім беру процесінде шыдамдылығын әл-Фарабидің тасты тесетін су тамшысымен теңеуі - асқан сабырлылық пен өз ісіне деген табандылығын көрсетіп отыр. Сондай-ақ ойшыл білім беруде бір ізгілікті, яғни бір ғылым саласын басқа ғылымдармен араластырып қиындатпай, алдымен бір ғылымды толық игеріп алу керектігін айтады.

Адам бойында туа біткен білім болмайды деген гносеологиялық принципті дәйектілікпен қолдана отырып, Әбу Насыр әл-Фараби этикалық қасиеттер туа бітеді деген пікірді теріске шығарады. Бұл қасиеттер дағды мен тәрбие күші арқасында көрініс табады. Адам парасатты күйінде тумайды, онда тек парасаттылық қабілеті ғана болады, дәл сол секілді ол әуелден жауыз немесе бұзақы, хатшы немесе тоқымашы болып тумайды дейді ғалым.

Жалпы адамзатта қоршаған екі әлем бар - бірі өзін қоршаған сыртқы әлем болса, екіншісі адамның қалыптасқан ішкі әлемі. Өз сана-түйсігімен, пайымдауымен адам субъективті түрде дүниеге деген көзқарасын қалыптастырады. Күнделікті дағды мен тәрбие, білім алуда немесе кәсіп үйренуде адам бойында белгілі бір кәсіпке деген өзінің икемі қалыптасады. Табиғат берген, өз бойындағы кейбір іске деген икемділікті дамытқан кезде ғана адам өз ісінің кәсіби шебері болып машықтанады. Мұндайды атам қазақ туа біткен қасиет дейді. Бұл да көп еңбек ету мен ыждаһаттылықтың арқасында келеді.

Әл-Фарабидің ілімдері дүние жүзінде философия мен білім берудің антикалық кезеңнен ортағасырлық кезеңге өтуі мен заманауи кезеңге сіңісуінің бейнесі болып табылады. Уақыт өте ғылымның жаңа жетістіктерінің пайда болуына қарамастан, әл-Фараби мұрасының маңыздылығы күннен-күнге артуда. Білім беру мен тәрбиеде қазіргі таңға дейін ұлы ойшылдың ілімдерінің элементтерінің қолданылуы, оның ішінде,

білімнің негізінде әлі күнге дейін тілдер мен математиканы үйрену қажеттілігі, білім берудің тәрбиелеусіз, ал тәрбиелеудің білім берусіз жүзеге аспайтындығы соның айқын дәлелдері екені сөзсіз.

Әл-Фарабидің дидактикасында «Музыканың ұлы кітабы» еңбегінің алатын орны үлкен: бұл еңбек музыка сияқты аса қиын да күрделі ғылымды методикалық жағынан шеберлікпен қиюын тауып құрудың қазіргі күнге дейін мәнін жоймаған тамаша үлгісі болып табылады. Автордың дидактикалық үлкен бір жаңалығы - музыка ғылымының әдіснамалық, әдістемелік, тарихи мәселелерін қамтуы. Музыканың теориялық және әдістемелік жағынан құрудың логикасы арқылы бүгінгі күні ғылыми пәннен оқу пәніне көшудің үлгісін көрсеткен[11]. Осы уақытқа дейін оқу пәнін ғылымның пәндік матрицасына сәйкес құру әдіскер ғалымдардың дидактика аясында зерттеуі жалғастырылуда. Әбу Насыр әл-Фараби музыкалық білім беру мазмұнын меңгерудің тәсілдері мен деңгейлерін анықтап берді. Ғұлама музыкалық білім беру мазмұнын музыка және оны орындау тәсілдері туралы білім (әуенді қабылдау, түсіну және есте сақтау, әуенді қайта шығаруға мүмкіндік беретін қабілетке ие болу, табиғи қабілеттіліктерге сай дарындылық дәрежесіне жету), музыканы орындау тәсілдерін іске асыру тәжірибесі (әуенді үлгі бойынша орындау, әуенді ұғынып орындау), музыкалық шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі (жаңа музыкалық пішіндерді жасау әрекеті - музыкалық кемелдік) деп көрсетеді.

Отырар ойшылының дидактикасында оқытудың екі негізгі формасы бар: біріншісі, зерек шәкірттерге арналған дәлелдеу, абстракциялық қиялдау жәрдемімен сендіру, көз жеткізу; екіншісі: орташа оқушыларға арналған көрнекілік, яғни бейнелеу. Сендіру, көз жеткізу әдісі, біздіңше, қазіргі жай әңгіме эвристикалық әңгіме, дәріс, проблемалы оқыту әдістеріне жақын келеді. Ғалым осыған байланысты практикалық өнер, қол өнерін үйрету методикасы мәселелеріне де тоқталып, мұнда ауызша сабақты шәкірттің жаттығу, машықтану әрекеттерімен ұштастыра жүргізуді ұсынады. Бұл түсініктемелерде ежелгі авторлардың ғылыми еңбектерінің маңызын өңдеп, жөндеп ықшамдап түсіндіріп, көпшілік оқушы қауымға оқып түсінуге ыңғайлы методикалық түрге келтіреді.

Әл-Фараби — педагогика тарихында алатын үлкен орны бар асқан дидактик методист, ғұлама болған адам. Ғұламаның бұл саладағы мұралары сұрыптап, қазіргі педагогика ғылымының даму игілігіне пайдалану — абзал міндеттердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Кұл-Мухаммед М. Аль-Фараби. – Алматы: Аруна, 2007.-96 б.
2. Тәжібаева Т.Л. Музей Аль-Фараби: наследуя и преумножая // Вестник КазНУ. 2011.с.89//.
3. Ауданбек Көбесов Әбу Насыр әл-Фараби. Алматы, 2004 ж. 13 б
4. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. Алматы, 1975.с.352-353
5. Алтаев Ж. Қазақ халқының рухани мұрасы. Алматы.,1997.67б.
6. Абу-Насыр аль-Фараби. Добродетельный город: Философски трактаты. – Алматы: RS: Международный клуб Абая, 2014. – 504 б.
7. Көбесов А. Әл Фарабидің ашылмаған әлемі. Алматы.,2002. 87б.
8. Аль ДжиндиНазих Ахмад. Педагогические наследие аль-Фараби: автореф.:13.00.01. – М., 1991. – 26 с.
9. Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. – Алматы: RS: Халықаралық Абай клубы, 2018. – 706 б.
10. Дербісәлі Ә. Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы: жинақ. – Алматы: Қазақ уни-ті, 2020. – 418 б.
11. Көбесов А. Әл-Фарабидің дидактикасы // Қазақстан мектебі.№11.1988.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫНЫҢ РУХАНИ МӘНІ ЖӘНЕ РӘМІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ МАЗМҰНЫ

Ахмет Таиқын

Хаджы Байрам Вели Университетінің профессоры. Түркия, Анкара

Мейрманов Аманжол Досжанович

Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері. Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи мұражайының қақпа есігіндегі (XIV ғ.) ою-өрнектер мен жазуларға семиотикалық талдау жасалып, олардың символикалық мағынасы ашылады. Ясауи тарихи-рухани мұрасына тән жалпы өзекті мазмұн – «адамды рухани кемелдікке бағыттау» екендігі нақтылы мысалдар негізінде көрсетіледі. Мәдени ескерткіштердің эстетикалық талғамды байытатын көркем мазмұнының астарында этикалық ғибрат беретін дидактикалық-насихаттық терең мағына жатқандығына назар аударылады.

Кілт сөздер: символдық бейнелер, қазақ дәстүрлі қоғамы, кемел адам, семиотикалық таңбалар, рухани жадтағы архетиптер, этномәдени ақпарат, эстетикалық талғам, көркемдік таным, ұлттық дүниетаным, герменевтикалық әдіснама, тауилдік түйсіну әдісі.

Аннотация. В статье приводится семиотический анализ орнаментов и надписей на входных дверях мавзолея Кожы Ахмета Яссауи (XIV в.) в городе Туркестан, раскрывается их символическое значение. На конкретных примерах показывается, что основным смыслом, характерным историко-духовному наследию Яссауи, является «направление человека на достижение духовного совершенства». Уделяется внимание содержанию глубокого дидактико-назидательного смысла, способного показать этический пример в художественном замысле, обогащающем эстетическую составляющую культурных памятников.

Ключевые слова: символические образы, традиционное казахское общество, совершенный человек, семиотические знаки, архетипы духовной памяти, этнокультурная информация, эстетический вкус, художественное познание, национальное мировоззрение, герменевтическая методология, метод интуитивного постижения (тауил).

Abstract. The article provides a semiotic analysis of patterns and lettering on the front door of the mausoleum of Kozha Ahmet Yassau (XIV c.) in the city of Turkestan, their symbolic value is revealed. On the clear examples shown that the basic meaning that characterizes historical and spiritual heritage of Yassau is "human direction to achieving spiritual perfection". Attention to the content of the deep-didactic propaganda sense, that able to show ethical example in the artistic conception, enriching the aesthetic component of cultural monuments is paid.

Keywords: symbolic image, a traditional Kazakh society, the perfect man, semiotic signs, archetypes of spiritual memory, ethnic and cultural information, aesthetic taste, artistic understanding, national worldview, hermeneutic methodology, the method of intuitive comprehension.

Қожа Ахмет Ясауи — жалпы түркілік мәдени және дүниетанымдық кеңістіктегі ішкі тұтастықты қалыптап, исламдық құндылықтарға негізделген философиялық-этикалық ар-ождан ілімін жүйелеген рухани тұлға. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет

Ясауидің кесенесі және ондағы жәдігерлер адамзат қолынан шыққан ортағасырлық сәулет және бейнелеу өнерінің ғажайып туындысы. Онда ертеден келе жатқан жергілікті құрылыс дәстүрі мен қолөнер шеберлігі сол заманның ең озық жетістіктерімен ұштастырыла пайдаланылған, сонымен қатар, ол мәңгілік рухани құндылықтарды исламдық мән-мазмұнмен байыта паш етіп тұрған нысанға айналған.

Ең ғажабы шеберлердің ортақ іске жұмылуына Ясауидің сопылық ілімінің елеулі ықпалы айқын. Себебі, олардың жасаған туындылары жергілікті құндылықтарға рәміздік белгілерге, архетиптерге негізделген. Рухани ілімнің күдіреті сонда ол сан ғасырлық рухани құндылықтарды жаңғыртып мәнге толтырып, адамдарды да ортақ мақсатқа жұмылдырды. Әралуан мәдениеттің өкілдері бола тұра шеберлер өз кәсіби шеберліктерін рухани іліммен байыта қолдану арқылы жалпыадамзатқа ортақ рухани мәні бар туындылар жасай білуі руханияттың әмбебаптығының нақты мысалы. «Мәдениет – құндылықтар мен мән-мағыналар әлемі, себебі символизация үрдісі – адамзат мәдениетінің табиғи байланысы оның дамуы мен ұғымын ашатын көкжиегі» [1,138б.] деген А.Я.Гуревич.

Ақиқатты – түпмақсат еткен сопы ар-ождан тазалығымен, рухани-интеллектуалдық кемелденуімен Ақиқатқа ұласып, осы хәлге сәйкес өмір сүруге ұмтылады. Мағрифат, яғни, құдайлық таным сопылық философияда арылу, жолға шығу, жақындау, кемелдену және Хаққа қауышу сияқты рухани тәжірибелері арқылы берілген трансцендентальды, Жоғарыдан (көктен) рухқа енген сәуле-нұр, сый ретінде берілген ілкі ілім ретінде түсіндіріледі. Сол себепті сопылық әдебиетте, мәдени мұраларда рухани нұрлану, нұрлы ақыл – «ладуни ілімді» рухани сый ретінде иелену идеясы негізгі тақырып. Сопылықтағы құндылықтар жүйесі – нұрлы ақылды иеленген толық, әмбебап адам (инсан) идеялына құрылатындықтан, сол ілімге жетудегі таным органы, сол ілімге лайықты мекен болатын жүректің тазалығын басты орынға қояды. Сананы жалаң діни догмалар шырмауында, қасаң қағидалар құрсауында қалдырмау үшін жүрек танымын, жүрек таразысын іске қосуды, ол үшін сол жүректі оятып, тірілтп, тазартып, о бастағы тағайындылығы мен қызметін қалпына келтіруге шақырады.

Рәміздік тұрғыда жүректі – ар-ожданға баласақ, осы жүрек демек, ар-ождан – басты моральдық құндылық ретінде сопылықтағы негізгі тақырып болып табылады. Кесенедегі тарихи жәдігерлерде осы жүрек ілімі және жүректе сақталатын құндылықтардың нышанын белгілейтін арнайы рәміздер жүйесі бар. Жүректің құндылықтарға мекен болуы үшін, таным құралы қызметін атқаруы үшін қажетті шарт – жүректің тазалығын қамтамасыз ету, оны тірілту. Сонда ғана таза және тірі жүректі нұрландыратын өлшеусіз сый – нұрлы ілімді иелену мүмкіндігі берілетіні жайлы айшықты баяндайтын рәміздік тіл кесенеді және тарихи жәдігерлерден ишарамен астарлап таңбаланған. Мақалада қазақ топырағындағы сопылық дәстүрдің осы рәміздік тілінің әдеби және мәдени мұралардағы айқын айшықтарын бағамдап, оның астарына үңіліп, өзіндік ерекшеліктері мен мән-мазмұнын танып, этикалықғибратына назар салуға арналған.

Этномәдени ақпаратты берудің құралы ретінде сөз өнері, музыка, бейнелеу өнерінің туындылары қолданылып, рухани мазмұнды астарлап ұсыну үшін, олардың әрқайсына тән өзіндік көркемдік әдіс тәсілдері пайдаланылады. Осы көркемдік әдістердің ішінде терең сыр-сипатқа ие рәміздік ұғымдар да бар. Күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдардың өзі қолданыстағы мағынасы рухани астарлы мәнмен байытылуы арқылы рәміздік мазмұн иеленді. Олар діни-ғұрыптық, салт-жоралғылық мақсатта пайдаланылу арқылы тұрмыстық қолданыстағы мағынасы рухани және ритуалдық мәнмен толыға түседі, осылайша этнографиялық бұйымдар айырықша символикалық айшықты таным жүйесін туғызады. Сопылықтағы руханилықтың қазақ топырағында дәстүр сабақтастығын үзбестен өткенді, өз заманын, болашақты сан ғасырлық жалғастықпен ұштастырып, өркендегенін, қоғамның рухани, әдеби, мәдени

бүкіл өмірін толықтай қамтығанын Қожа Ахмет Ясауи мәдени мұрасынан айқын көреміз.

Адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінде жиі қолданылатын есік – халықтың дүниетанымында да, дәстүрлі ислам діні арқылы санамызда берік орныққан рухани әлемімізде де киелі, қасиетті саналады. Есіктің халық санасындағы киелілік мәні мен рәміздік мағынасы босағаға, табалдырыққа, тағы басқа есік бөліктеріне байланысты ырымдар мен тыйымдардан айқын көрінеді. Халық әдебиетінде есікке байланысты бейнелі ойлар, астарлы сөздер, мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Бұдан дана халқымыздың әрбір тұтынған мүлкі мен заттарын мағыналандырып киелілік, қасиеттілік сипат дарытқаны, олардың әрқайсысына терең мән бере тұрып, әрбір қолданған сәтінде ғибрат алуға ұмтылғаны көрінеді. Сондықтан да кесенедегі есіктерге зор мән беріліп, айрықша шеберлікпен, асқан талғампаздықпен, ғажап көркемдікпен әшекейленуі заңды. Осы құнды жәдігерлер біздің дәстүрлі мәдениетіміздің терең мазмұнынан, діліміздің сырлы әлемінен хабар беріп, әрқайсымыздың жүрегімізден терең тамыр алатын ел-жұртымызға, туған халқымызға, төл мәдениетімізге сүйіспеншілігімізді қозғайтыны, өткеніміз бен бүгініміз арасында жанды байланыс түзетіні хақ. Әзірет Сұлтан кесенесіндегі XIV ғасырдан сақталған, Жамағатхана бөлмесінің есігі – «Қақпа» және Қабырхана есігі – «Қапсырманы» толық аты-жөні белгісіз Сафар есімді шебер жасаған. Кесененің қалған есіктері 1978 жылы түгелімен жаңадан қойылған. Шеберлер есіктің берік және әсем жасалуымен қатар, рәміздік мән-мағынасын арттыру үшін оған символдық мәнге ие ою-өрнектер, терең мағыналы хадистер мен нақыл сөздердің бедерленуіне көңіл бөлген.

Жамағатхана бөлмесінің Қақпа-есігі (өлшемі – 3,7x2,1 м) екі жаққа ашылатын – ғимараттың оңтүстік порталының тереңінен орын алған негізгі есік. Ол екі бетінен ағаш, сүйек, алтын, күміс әшекей-өрнектермен әрленген. Өртүсті ағаш қиындыларымен және піл сүйектерімен жапсырып әшекейленген өрнектерінің біразы тозып, жойылған. Есіктің сыртқы бетіндегі өрнегі бедерлі белдеумен үш бөлікке бөлінген. Сегіз ұшты жұлдызшалардың өзара ұласуынан құралған бұл бедерлі өрнектермен тек белдеулер ғана емес жалпы есік жақтаулары да жиектей көмкерілген. Жоғарғы бөліктегі төрт бұрышты екі картуштың бетінде екі қатар араб жазуының алғашқы жартысы оң жақтауда, екінші жартысы сол жақтауда бедерленген. Бірінші қатардағы жазудың әріптерінің ұзындығы 0,10 м, жуандығы 3 мм, гүлденген куфа (куфи тазйини) қолтаңбасымен бедерленген. Екінші қатардағы жазу сулус қолтаңбасымен жазылған. Әріптердің ұштары барынша ұзартылып картуштың ішін тұтас алып тұр. Қақпа-есіктің жікжапқыш жарты бағанының орта белдеуінде сулус қолтаңбасымен таңбаланған сөздер бар. Бұл өрнектер ағашқа ойып өрнек салу арқылы таңбаланған. Есіктегі өрнектер үш деңгейлі тереңдікте бір-бірімен астаса ұласып, ғажайып симметриялық үйлесімде, қайталанбас әсем ою-өрнектер композициясын түзеді. Бұл келісім мен үйлесімнің сырлы әлемі Ислам дінінің жасампаз рухын, ғаламның сұлулығын паш етерлік рәміздермен айшықталған [2,103б.].

Рәміздердің архетиптілігі көбінесе өзінің ішкі мағынасын, қасиеті мен ұлттық сипатын, яғни ұлттық мәдениеттің белгісін жоймастан, мәдениет ақпараттарын жинақтап, нақтылап, ертеңгі күнге жеткізуімен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруымен айқындалады. Ол тұтас ұлттың дүниетанымынан хабар беретін қазына, ғаламның тілдік бейнесі, күрделі әрі әмбебап категория. Сонымен рәміздің табиғи тамыры тереңге кеткен, ықылым заманғы мифология мен сан ғасырлық тарихқа ұласар ықшамдалған мәдени мәтін бола алады.

Белгілі бір затты ишаралайтындай символдық мағынаның өрнекке ұласуы немесе мән-мағынасы терең жазулар мен сөз тіркестерінің ою-өрнекке ұқсатылып немесе ою-өрнектермен астасып жатуы хәл ілімінің астарлы сырлы әлеміне бастайды. Жаратушы иенің шексіз ғылымына меңзеуімен қатар, Ақиқатты танып білу үшін Жаратылыс әсемдігіне ой жіберіп, ой-пікір толғауға шақырады.

Мифті рәміз ретінде қарастырған отандық зерттеуші-ғалым С.Қондыбайдың пікірінше «біз мынау жалған дүниені тек рәміздер арқылы ғана кескіндей аламыз, өйткені шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанын да, Жаратушы иенің оны қалай жасағанын да шын мәнінде көре, біле, тани алмаймыз. Сондықтан осылардың барлығын да пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да универсал жолы рәміз арқылы кескіндеу болмақ. Мифология дегеніміз де – рәміздер» деп түйіндейді [3, 34б.]

Есікте таңбаланған араб тіліндегі мәтіннің қазақ тіліндегі мағынасы: «Аллаға мадақ! Йә, Алла Тағала! Аллаға шүкір! Йә, Алла Тағала!», «Әулие жақсылардың қақпасы – бақыттың кені, әулие жақсыларды сүю – бақыттың кілті». [2,105 б.]

Есіктің көрнекі жерінен орын алған жазулардың Аллаға шүкір етуден және Оны мадақтаудан басталуы – ислам дініндегі құлшылық-ғибадаттың асыл негізін көрсетеді. Сопылық ілім бойынша әулиелердің, яғни Құдайдың достығына жеткен адамдардың адам баласына екі дүниенің бақытына бастайтын жетекші болатынына нұсқайды. «Әулиенің (саиидтың) қақпасына» келген, яғни олардың насихат сөздері мен өсиеттеріне ден қойып, мән-мағынасына жеткен Адам ұрпақтары үшін оларды бақытқа кенелтетін қазына бар. Ал, ол қазынаның қақпасын ашатын кілт – әулиенің махаббаты, яғни рухани ұстаздың назарын иелену екендігі айтылған. Тағы бір парсы тіліндегі таңбаның қазақ тіліндегі мағынасы: «Астанаңдағы (қасиетті табалдырығыңдағы) қызметші дәулетті болғай!» [2,106] Әулиенің басындағы қызмет – рухани жолды қалаған шәкірттердің әрқашан да зор құрметпен атқарған істері болған. Себебі, әулиенің шарапатынан үміт етіп келген халыққа қызмет жасау – Қожа Ахмет Ясауидің «топырақ болу» яғни, адамға риясыз қызмет жасау қағидасына сай келеді. «Қырықтың бірін – Қыдыр» деп білген халық нанымына сай зияратшылардың дұғасының шарапаты Әулиенің жолында қызмет жасаған әрбір адамға да тиіп, бақ-дәулет әкелетініне сенген. Қақпа-есіктің орта бөлігінде есікті қағуға арналған екі қола алқа мен оларды орнататын топса-тұғырлары бар тік төртбұрышты тақташалар орналасқан. Тақташалардың әрқайсысы ағаш есікке әшекейлі, үлкен төрт шегемен бекітілген. Алқаның топса-тұғырлары барыстың басы бейнесінде сомдалып, одан төменірек алқаның өзінде барыстың екі кішкене аланының бейнелері сомдалған. Бұл барыс бейнелерінің сол жақ алқадағыларының көздері ашық және үлкенінің жалы бар болса, оң жақ алқадағыларының көздері жабық және жалдары жоқ. Қола тақташада алқаның ұрылып дыбыс шығаруына арналған сегіз жапырақшалы гүл бейнесіндегі кішкене төстігі бар. Екі алқаны қаққанда дыбыс жиілігі әралуан, екі түрлі дыбыс шығатыны көңіл аудартады. Қола тақташаның жоғарғы жағы оймышты құйылған қошқармүйіз оюлардың жалғаса біріккен композициясынан тұрады. Тақташаның бетінде де өсімдік тектес, қошқар мүйіз және құс қанаты, құс тұмсығы, т.б. бейнелейтін оюлардың ерекше сәнді, үйлесімді өрнегі бедерленген. Алқалардың жалпы пішіні жүрекке ұқсайды, жиектері иректелген он төрт жапырақшадан құралған өрнектермен жиектелген және ортасындағы өсімдік тектес, қошқармүйіз оюлардың әсем де күрделі өрілімінен түзілген үйлесімді композиция орын алған. Тайқазан құлақтарының, ту Лаухасының сырт пішіндерінің жүрекке ұқсас етіп жасалуы, осы және басқа да кесене мүліктеріндегі оюларда жүрекке ишаралайтын өрнектер композицияларының көптеп кездесуі Ясауидің хәл ілімі хикмет дәстүріндегі жүрек танымына нұсқайды. Алқалардың үш жағында балық және құс бейнелері таңбаланған. Көктегі, жердегі, судағы жануарлар әлемін бейнелейтін – құс, барыс, балық сияқты хайуанаттар суреттері осы есік сыртындағы алқалардан басқа жерде кездеспейді. Бұл алқаларды жиектей және тақташалардың жоғарғы бөлігінде ойылып жазылған, алтынмен апталып, күміспен күптелген парсы, араб тіліндегі насх жазуы бар. Қазақ тіліндегі мағынасы: «Пайғамбар айтты, ол кісіге сәлем болсын: «дүние өткінші, сен дүниеде (Аллаға) бағынып өт» [2,115б.]. Қола тақташалардың оң жағындағысында басталып, сол жағында аяқталған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадисінде дүниенің баянсыздығы

айтылып қана қоймай, Аллаға мойынсұнуға бұйрық берілген. Шындығында адамның жалған дүниедегі өмірінің мәнге толып, мағынасы артуы үшін оның ақиқат жолды қалап, Аллаға мойынсұнуы, Оны жадынан шығармай әмірлерін бұлжытпай орындауы шарт дегенді білдіреді. Парсы тіліндегі тағы бір жазудың қазақ тіліндегі мағынасы: «Біздің мақсат артқа өрнек қалдырсақ, Жаралыстың баяны жоқ андасақ, Ақ жүректі адам ұлы кез болса, Еске алып, дұға қылсын, біз бейбақ. (Сағди, Гүлстан) Жеті жүз тоқсан тоғызыншы (1396-97) жылы, Құдайдан ғана үмітті, міскін ‘Изз ад-дин ибн Тадж ад-дин ал-Исаги жасады. Бұл кең есік әр қашан достарға – құтты һәм ашық, жауға – тар әрі жабық болсын». [2,117б.] Жаратылыс сырына үңіліп, пікір толғауға жетелейтін, терең символдық мәнге толы өрнекті алқаларда жазылған сыр шумақтардың мағынасы да аса терең. Шебер өзінің қолынан шыққан өнер туындысын ғибратты өрнектермен әшекейлегенде, өзінің де бұл дүниеде мәңгі емес екенін, жаратылыстың да баянсыздығын ескере отырып, болашақ ұрпаққа өнеге, өрнек қалдырып, оның бағыштаған дұғасына мұқтаж екенін де айтады. Яғни, алқаларда адам бақилыққа сапар шеккесін де оның еңбегінің, ізгі ісінің жемісі – қоғам игілігіне пайдаланатын заттарының сауабы және жақсылыққа бастар өнегесінің сауабы, сондай-ақ дұға бағыштаған ұрпағының сауабы ретінде тоқталмай жетіп тұратыны жайлы Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінің мәнісі таңбаланған. Халқымыздың бұл дүниедегі пенделердің тілек-дұғасының Алла дәрәжесінде қабыл болуы үшін Әулиелердің дәнекер боларына деген сенімінің Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисіне негізделгенін, осы сөздердің Әулиелердің сұлтанының кесенесі есіктерінде таңбалануынан да байқаймыз. Адамның бұл ілімнен жан-дүниесінің бәһәра тауып, мейірі қануы үшін Әулиелердің сұлтанының сырлы сұхбатына, осы күнге дейін жиылмаған Хақтықтың дастарханына ізгі ниетпен, таза көңілмен келіп, үлес алуы керек дегенге ишаралайтын нақыл сөзі таңбаланған. Ал, бұл ілімді дұрыс түсінбей немесе бұрыс мақсатта пайдалану ниетіндегі адамның жанына ешбір пайда таппасы, тіптен өзі теріс пиғылының зардабын шегуі хақ. Сондықтан да бұл есік досқа ашық дұшпанға жабық. «Менің хикметтерімді дертсізге айтпа, Баға жетпес гауһарымды наданға сатпа», «Ясауи хикметін даналар естісін, Естіген жандар мұратына жетсін, Жауһар кенінен бір түйір алсын, Естімегеннің бәрі қасіретте қалсын», «Менің хикметтерім – кемел пір, Кім Құдайды таныса, жанымен бір», [4,435б.] – деген Ясауи мінажаттарында бұл ілімнің салмағы мен жауапкершілігі, қадір-қасиеті ашылып айтылады.

Терең мағыналы хадистерді Қақпа есіктің жоғарғы картушына және қола тақташалардың да жоғарғы жағына таңбалануы, қола алқалардың барынша биік орнатылуы – Алла қаләмін қасиет тұтқан халықтың салт-санасынан хабар береді. Биік орнатылған қола алқалардың есікті ашатын тұтқа қызметінен гөрі, есіктің ашылып жабылғанын, яғни келушінің кіріп-шыққанын білдіретін есік қаққыш қызметін атқарып, әулие есігіне қадам басқан шәкірттің мойынсұну ниетінен хабардар қылатын символдық мәні басым болса керек. Кіреді есіктегі барыстың көзсіз болуы – мойынұсынуды білдіріп, ұстаздың жолбасшылығына толықтай бағынған шәкірттің ханака табалдырығынан тәуекелмен аттағанының ишарасы десек, көзі ашық, жалы бар барыс бейнесі – ілкі ілімді иеленіп, хақиқат жолының күрескері болып шыққан, рухани-адамгершілік кемелдікті мақсат еткен адамды ишаралайтындай. Шеберлердің жасаған бұйымдарында өз есімдерін таңбалап қалдыра отырып, әрдайым өздерінің дұғаға мұқтаж, Құдайға ғашық ғаріптік хәлдерін білдіруі олардың да Хаққа ғашықтықтың үлгісі болған Әзірет сұлтанның шарапатынан үміт күтетінін көрсетеді. Кесене ғимаратының, эпиграфиялық таңбаларының, ондағы жәдігерлердің аса көркем өрнектелуімен қатар, терең символдық мән-мағынамен байытылуы ол замандағы шеберлердің Машаихтардың ұлығының ілімінен сусындаған Ясауи тариқатының өкілдері екендігін айқындайды. А.Ф.Лосевтің көзқарасы бойынша: «рәмізде бейнеленген шындықтың тереңдігі мен жан-жақтылығы соншалықты ол оның неғұрлым маңызды негізгі қырларын және оның ішкі сыр-сипатына толықтай тәуелді,

кездойсоқ сыртқы қырларын толықтай қамтиды. Мазмұндық жалпылаудың осыншалық байытылуымен қатар, өз бойында жекеліктер мен жалқылықтардың да пайда болу заңдарын сиғызады»[5,199б.]. Мәдениет жүйесіндегі рәміздің бұл қызметінен байқайтынымыз оның маңызды қозғаушы бастамасы, қоғамның мақсат-мұраты мен оның болашағының әлеуметтік қажетті үлгісі екен. Сопылықтағы сабақтастығын сақтап үзілмей келе жатқан руханилық идеясы адамның рухани кемелдікке жетуі, осылайша хақтың айырықша сыйы – ладуни ілімді, нұрлы хикметті иелену. «Алланың сыйы» – ладуни ғылым, яғни Ясауидің хикмет дәстүріндегі хал ғылымы, Шәкәрімнің сыр сөздеріндегі ар ілімі деп білсек, онда осы ілкі ілімді иеленуге кім лайықты? Бұл ілімнің – «Оның қақпасына келіп сұраған момынға» берілетіні айтылуы хадистің мағынасына терең үңілуге жетелейді. «Қал ғылымына оқындар, хал ғылымына жетіндер, жоқтық ішіне батындар, барлықтардан алындар» деген Ясауи хикметтерінің астарына үңіліп, осы ладуни ілім жайлы білуге болады. Адамның тек оқып білумен меңгеретін ілімі қал ілімі болса, онымен қатар Алла тарапынан сый ретінде беріліп, жүрек тереңіне үңілгенде қол жеткізетін, хал ілімі бар. «Жүрегіңнің түбіне терең бойла, одан тапқан – шын асыл тастай көрме» (Абай) дегендегі осы ілімнің жауһары – Хақ тағаланың Өзіне толықтай мойынсұнып сенген құлдарына беретін сыйы. «Мен ілімнің қаласы болсам, Әли сол қаланың есігі» деген пайғамбар (с.ғ.с.) хадисіне орай Әулиенің кесенесі, оның бүкіл құрылымы, ою-өрнектері, онда сақталған киелі заттардың барлығы, сондай-ақ кесене есіктерінің өздері де адам баласын екі дүниенің бақытына, сый-құрметіне, шексіз игілігіне еге қылатын тек осы ладуни ілім екеніне нұсқап, соны иеленіп, рухани-адамгершілік кемелдікке жетуге шақырып тұр. «Хаққа наньп, момын болсаң тағат қылғыл, Тағат қылған Хақ дидарын көрер достар», «Хай зікірін айтып ішкен жами шарап, Жол үстінде ғазиз басың мысал топырақ, Алла үшін хәлі – харап, бауыры – кәуап, Жан мен ділде хай зікірін айтқын достар», «Заһир бұзып, батин түзе ғалым болсаң», «Ғамал қылған шын ғашықты дана қылды», «Хақиқаттың дариясына шомған кісі, Өзі мұңлық, көңлі сынық, көзде жасы, қорлық, зарлық, машақат қой дайым ісі, Дидарына ынтызар боп, табар достар» [4,299б.] деген хикмет жолдарында Әулиелердің сұлтаны иман келтірген құлдың сипатын Хақ дидарына ғашықтық деп көрсетеді. Хаққа ғашық момынның таубасымен күнадан тиылуы, тәуекелімен Ақиқатқа бел бууы тақуалығымен құлшылық-ғибадатын арттырып, зікір мен пікір амалдарын күшейтуі осы Алланың сыйы – ладуни ілімді иеленуге апаратын жол екені белгілі болады.

Адам баласын «Махаббатпен жаратқан» Алла Тағала оған бұл дүниеде сый-құрметке бөлейтін, ақыретте де шексіз рахыметке жолықтыратын әрекет-амалдарды міндеттеп, оның ішінде маңыздысы рухани ілім үйренуді парыз еткені хақ. Адам дүниелік сый-құрметті иелену үшін бақ-дәулетке ұмтылатын болса – бұл ізденісі оны түбінде жалған дүниенің құлдығына салып, ақыреттегі бақытынан айыруы мүмкін. Ал, мәңгілік дүниедегі сый-құрметті қалаған Адам дүниелік байлықтың құлдығынан бас тартып, бұл дүниедегі өмірін ізгі істерді мейлінше мол атқарып ақыреттің байлығын жинауға арнағаны абзал. Бүкіл парыз етілген ізгі амалдардың, құлшылық-ғибадаттардың басты мақсаты, асыл мұраты адамды рухани-интеллектуалдық кемелденуге жеткізу болса, осы жолда ілім үйрену де игілікті істерді мейлінше көп атқару әр адамның парызы екенін жоғарыдағы Пайғамбар өсиеттерінің мән-маңызынан ұғамыз.

Әдебиеттер:

1. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры.-М.: Искусство, 1972.-363с.
2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Құрастырушылар: Ә.Қ. Муминов, Б. Қорғанбек, С. Моллақанағатұлы, т.б. Алматы -2009. 200б.
3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. -Алматы: Дайк-Пресс, 2004.- 512б.

4. Исауи Қ.А. Хикмет жинақ, - Алматы: Жалын, 1998.-654 б.
5. Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. –М.: Искусство, 1976-367с.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫ ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

Апенев Болат Мейрамұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Төрешұратов Қанат Маманұлы

М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжі, Қызылорда,
Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының әдет-ғұрыптар жүйесі құқықтық сана формасы ретінде тұжырымдалып, ұлттық руханилықтың маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Сонымен бірге қазақтың дәстүрлі құқықтық санасы оның әдет-ғұрыптар жүйесіндегі көрінісі арқылы талданып, оның жоғары деңгейде қалыптасқандығы туралы тұжырым жасалады. Сондай-ақ, әдет-ғұрыптар жүйесінің дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқықтық реттеушілік маңызы айқындалады.

Аннотация. В статье система обычаев казахского народа формулируется как форма правосознания и рассматривается как важная часть национальной духовности. При этом анализируется традиционное правосознание казахов через его проявление в системе обычаев и делается вывод о том, что оно сформировано на высоком уровне. Также определено нормативно-правовое значение системы обычаев в традиционном казахском обществе.

Abstract. In the article, the system of customs of the Kazakh people is formulated as a form of legal consciousness and is considered as an important part of national spirituality. At the same time, the traditional legal consciousness of the Kazakhs is analyzed through its manifestation in the system of customs and the conclusion is drawn that it is formed at a high level. The regulatory and legal significance of the system of customs in traditional Kazakh society is also determined.

Қазақтың құқықтық санасы көшпелі дүниетанымының тереңдігін, кендігін өз тұрғысынан бейнелейді. Дала заңы халықтың ұлттық сипатымен, мәдениеті мен тілімен, әдет-ғұрыпты мен дәстүрімен тығыз байланысты. Дала заңы философиялық және этикалық мағыналы сипатта, өйткені ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып пен дәстүрге негізделген. Ол адамның өмірге деген табиғи құқығымен сәйкестенген. Тарихи кезеңдегі қазақтардың ұлттық ділі дәстүрлі құқықтық сананы да қамтиды. Дүние де, заман да өзгереді, соған сәйкес қоғамдық құбылыстарға деген көзқарас та өзгереді. Сондықтан, дәстүрлі құқықтық сананы сақтау мәдени мұраның бір бөлігі. Құқық халықпен бірге өседі, халықпен бірге күш алады және ұлт өз жекелігін, өзгешелігін жоғалтқанда жойылады, құқық жалпы халықтық рухта, жалпы ерік жігерде өмір сүреді. Бірақ жеке адам өз ойымен, өз тілегімен еркіндікте. Құқық ұлттың ерекше сипатымен, ұлттық рухымен анықталады. Әрбір халықтың белгілі-бір дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын тиянақты зерттеу арқылы ғана құқықтың түпкі мазмұнын табуға болады, себебі, әдет-ғұрыптар құқықтың табиғилығын, алғашқы сипатын береді. Қазақ жерінде әдет-ғұрыптар мұрагерлік, некелік, отбасылық қатынастарды, адамдардың өзара қатынасын, олардың қауіпсіздігін, әскери қақтығыстарды, жер дауларын реттеп отырды. Дегенмен, билер сотының пайда болуы мен кодекстер жинағының болуы олардың құқықтық сипатқа ие болуына ықпал етті, олар тұрақты және міндетті болды, оларға дауларды шешуде әрдайым сүйеніп отырды. Қазақ мемлекеттілігінде билер соты әдет-ғұрыпқа құқықтық сипат берді, әдет-ғұрыпты құқықтың бір формасы – құқықтық әдет ғұрыпқа, ал құқықтық әдет-ғұрыптардың жиынтығын әдет-ғұрып құқығына

айналдырды. Қазақ халқының әдет-ғұрып құқығы әлемдік құқық тарихының ажырамас бөлігі. Қазақтар секілді, басқа халықтардың да әдет-ғұрып құқықтығы нормаларының даму ерекшелігі халықтар тарихындағы ортақ заңдылықтарының бар екенін көрсетеді.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы туралы айтқанда, әдет-ғұрыпты білдіретін «Әдет» ұғымының мағынасын ашу қажет. Ол әдет-ғұрыпты, әдетті білдіреді, онда құқықтық және құқықтық емес әдет-ғұрыптар ажыратылмайды. Қазақ қоғамында ұзақ уақыт бойы экономикалық және әлеуметтік жағдайларға негізделген әдет-ғұрып құқығының негізгі нормалары қызмет етті. Көптеген қоғамдық қатынастар әдет-ғұрып құқығы нормаларымен реттеліп отырады. Қазақ халқының ғасырлық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары моральдық құқықтар мен міндеттер ретінде болды. Әдет-ғұрып құқығының құрамы біркелкі болған жоқ. Ол әртүрлі сипаттағы нормалар мен институттарды қамтыды, олар бір-бірінен ажырамай, бір-біріне ықпал етіп, өзара әрекет етті. Әдет-ғұрып құқығының ерте кездегі нормаларын кейінгілерінен ажырату қиын. Әдет-ғұрып құқықтарының дәл пайда болған уақытын табу мүмкін емес деуге болады.

Әдет-ғұрыпты дәстүрден тыс қарауға болмайды, өйткені дәстүр олардың негізінде қалыптасады. Олар ұрпақтан ұрпаққа берілетін рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызды элементін құрайды және жалпы адамзат мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Ұлттық әдет-ғұрып пен дәстүрлер ұлттық болмыс пен ұлттық мәдениеттің маңызды сипаттары мен ерекшеліктерін береді. Ежелгі жазба мәдениет ескерткіштері – бұл маңызды, құқықтық құжаттар, жетілген мәтіндегі құжаттар, ең алдымен, жазба мәдениеті қарым-қатынастың ауызша формаларына негізделген. Ауызша шығармашылық әдет-ғұрып құқығы нормаларына тән болды, өйткені халықтың негізгі бөлігінің жазу мәдениеті болмады, тек қоғам өкілдерінің бір бөлігі әдет-ғұрыптарды жинақтап, жүйелеп, түсіндіре алды, ал ақсақалдар оны насихаттап отырды [1, 364 б.].

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы көшпенділердің заттық-практикалық іс-әрекетінде белгіл-бір әлеуметтік құндылық ретінде болды, өйткені халық өмірінің дүниетанымдық аспектілерін және рухын бейнеледі. Жалпы көшпелілердің әдет-ғұрып құқығы нормалары қоғамдық дамудың ұзақ процесінде ұрпақтан ұрпаққа беріле отырып, заманға сай өзгерістерге түсе отырып, біртіндеп қалыптасты. Еуразия аймағында көшіп-қонған сан-алуан тайпалар сапырылысында өз ру-тайпа мүдделерін қорғау, қоғамдық қатынастарды реттеу барысында әдет-ғұрып нормалары шындала түсті. Яғни, өмірдің өзі, тұрмыс-тіршілік қажеттілігі әдет-ғұрып құқығының мазмұнын толықтырып, рөлін күшейтті, жетілдіріп дамытып отырды. Жан-жақты дамыған институттарын өмірге әкелді. Сөйтіп, өзіндік болмысы мен кейпі бар, адамгершілікке нұқсан келтірмейтін дала заңдары қалыптасты. Түркі тайпалары өздеріне лайықты әдет-ғұрып заңдарын жасады. Бұл заңдар мемлекеттің орнығуына, әлеуметтік жағдайларды бейбіттендіруге, экономикасын көтеруге, мәдениетін дамытуға әсер етті. Көшпелі қоғам заңсыз өмір сүруге болмайтынын түсінді. Заңдарды күнделікті тұрмыс-тіршіліктерінде таныстырып, ақын-жыраулар тыңбай еңбек етіпті. Тіпті, күн сайынғы айтыс, өлең-жыр сайыстарындағы басты тақырыптар осы әдет-ғұрып заңдарынан туындайтын мәселелер болды. Соның нәтижесінде қоғам мүшелерінің құқықтық санасы көтерілді, құқықтық мәдениеті артты. Оның үстіне әрбір отбасы өз балаларын бесіктен тәрбиелеп, құқықтық тәлім-тәрбиелер молынан насихатталды. Осылардың нәтижесінде көшпелілер қоғамындағы құқықтық сана биік деңгейге көтерілді.

Өз уақытында алғашқылардың бірі болып Шоқан Уәлиханов қазақтың әдет-ғұрып құқығының демократизміне және гуманизміне назар аударды. Құқықтық институттарды зерттей отырып, қазақтардың көшпелі қоғамының саяси-құқықтық құрылымын зерттеушілерге теориялық маңызды пікір айтады. «Қырғыздардың әдет-ғұрып құқығы мұсылман, қытай, орыс заңдарына қарағанда мейлінше гуманды сипаттарға ие. Қырғыз заңдарында жаңа еуропалық кодекстерде толы ескертуші және үрейлендіруші шаралар жоқ. Қырғыздарда тәнді жазалау ешқашан болмаған. Ал ру

мүшелері өз руластары үшін жауап беретін құқықтық заңдар көптеген практикалық пайда әкеледі» [2, 141 б.].

Өмірдің нақты жағдайларында құқық нормаларының қолданылғаны туралы көрнекті қазақ қайраткерлері Бұқар жырау мен Қабан жырау шығармаларынан көруге болады. Бұл оның күнделікті жағдайда қолданылғанының айқын дәлелі. Көшпелі өркениеттің моральдық ұстанымдарының жүйесі туралы айта отырып, үлкенге құрмет, қонақжайлық секілді жалпы адамзаттық әмбебап құндылықтарды атауға болады. Олар әр түрлі халықтардың қарым-қатынасы сипатын анықтайды, бірақ мәселе бұл моральдық ұстанымдардың мүлтіксіз сақталғанында және қазақ әдет-ғұрып құқығының нормаларында берілгендігінде болып отыр.

Руханилықты жеке адамдар іс-әрекетінің тарихи пайда болған және ерекше формасы ретінде зерттеу халықтық ерте кезден қазіргі уақытқа дейінгі дамуының тарихи жағдайларының эволюциясын талдауды талап етеді. Руханилық өзінің ішкі жабық формаларында халықтың дербестігін, ерекшелігін, өзіндік болмысын жинақтады. Көшпелі мәдениет қарым-қатынасының қарапайым формалары өзіндік сипатқа ие, бірақ мәдениеттің бір бөлігі ретіндегі қазақ құқығының түсініксіз құбылысы болып табылады. Сондықтан, қазақ құқығының құндылықтық мазмұнын зерттеу салыстырмалы жаңа құбылыс.

Халық руханилығы әрекет құндылығы мен формаларына, нормалар мен әдет-ғұрып салаларына жақын. Қазақ халқының өмірі қалыптасқан ережелерге мүлтіксіз бағыну негізінде, адамдар арасында қарым-қатынастың қатаң сақталуы, ата-баба дәстүрін сақтау, әдет-ғұрыптарды орындау негізінде құрылды. Олардың көпшілігі қазақ қоғамының әлеуметтік шынайылығының нақты сипатын бейнелей отырып, ерекше адамгершілігімен ерекшеленеді. Қазақтың әдет-ғұрып құқығының кейбір институттарына тоқталайық.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы рулық экзогамия принципін қатаң сақтауды бекітеді, яғни қандас туысқандардың некелік қатынаста болуына тиым салады. Бұл талап дені сау ұрпақ пен деннің саулығы мәселесімен тікелей байланысты. Осы талапқа сәйкес руластар арасында жеті атаға дейін некеге отыруға тиым салынып, көп жағдайда әйелді бөлек рудан алуға тырысқан. Экзогамиялық тиымды бұзғандар қатаң жазаланған, жеңіл жаза қолданғанның өзінде елден қуылған [3, 31 б.]. Ағайынгершілік институты қазақ қоғамының сан ғасырлық даму тәжірибесінің жетістігі болып табылады. Ағайынгершілік институты қоғам дамуының бірнеше кезеңінде түрленіп, толығырақ дамыған жүйеге айналған күрделі құрылым. Ағайынгершілік институты өзінің ішінде бірнеше түрлерге бөлінеді. Ағайынгершілік институтын құрайтын құрылымдық жүйелер тұтастай осы институттың бейнесін көрсетеді. Ағайынгершілік институтының ішкі құрылымы өзара байланыста, тарихи тәжірибеге негізделген, жеке-жеке құрылымдық бөліктердің жиынтығынан құралады. Ағайынгершілік институтының құрылым жүйесіне мына төмендегілер кіреді: аманат мал, жылу, жұртшылық, асар, қызыл көтеру, ағайынгершілік, қонақжайлылық, шүлен тарату т.б.

Қазақ қоғамындағы шүлен тарату институты ежелгі дәуірден келе жатқан ағайынгершілік жүйесінің бір элементі болып табылады. Шүлен тарату ежелгі ғұн, үйсін дәуірлерінде қалыптасып, эволюциялық дамудан өткен күрделі құрылым. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығында қонақжайлық ғұрпы да заңды түрде бекітілген. Бұл аталған институт өз түбірін сонау ерте кезден алады және қазіргі күнге дейін сақталған. Қазақ халқының әлеуметтік мүддесін, өмір салтын беретін бұл әдет-ғұрып құқығы нормалары «ат-тон» деп аталатын айып төлеуді бекіткен, яғни айыпты адам ат мінгізіп, шапан кигізуі керек болған. Сондай-ақ, бұл әдет-ғұрыпты сақтамаған адамды руластары мен ауылдастары айыптаған, яғни бұл әдет-ғұрыпты сақтау өте маңызды болған. Өмірдің қиын жағдайында әрбір көшпенді болуы мүмкін, өйткені қатал ауа-райы, көшпелі ауылдардың бір-бірінен шалғай болуы, сондай-ақ патриархалды-феодалдық қатынастардың үстемдік етуі өмірдің қатаң шарттарын негіздеді. Көшпелі

қауым мүшелерінің өзара көмегінсіз, қолдауынсыз көшпелі қоғамның болуы мүмкін де емес. Осыған сәйкес Ш. Уәлиханов бұл әдет-ғұрыптың халықтың көшпелі өмір салтына, қажеттілігіне сай келетінін айтқан.

Қонақжайлылықтың болуын шалғай жерлерде, өмірдің әлеуметтік ауыр жағдайында, қатал табиғатта өмір сүрген қазақтарға тән гуманизм мен адамсүйгіштіктің өзіндік көрінісі ретінде бағалау қажет. Қонақжайлық принципі кез-келген халықтың моральдық кодексіне кіреді, құқықтық жүйеде жоғарғы орын алады. Өткен ғасырларда Қазақ даласын аралаған кез-келген еуропалық осыған ерекше назар аударып, қазақтардың ұлттық сипатының осы ерекшелігіне шынайы таңданыс білдірген. Қонақжайлықты сақтау қажеттігін Махмуд Қашқариде атаған. Алыс жолдан шаршаған, шөл мен аштықтан қажыған кез-келген жолаушыны қазақтар күтіп, паналатқан. Қонақжайлық – қасиетті парыз. Үй иесі өзіне таныс емес қонағын қорғау үшін өлімге бас тігуге барған. Қонақжайлық дәстүрі ерекше әлеуметтік маңызға ие. Елді-мекендердің алыс жатқан жағдайында қонақ сыртқы әлемнен келген хабаршы, бөлек мәдениеттің өзіндік тасымалдаушысы болды. Ұлты мен жасына қарамастан кез-келген қонақ құрмет пен сыйға ие болды. Сондай-ақ, қазақ әдет-ғұрып құқығының институты болып табылатын «асар», яғни кедейленген руласқа қайтымсыз ұжымдық көмек беру де үлкен ғылыми қызығушылық тудырады.

Ш. Уәлиханов өз халқының қоғамдық қатынастарын және өмірінің көшпелі сипатын дұрыс бағалай отырып, қазақтардағы жақынына деген сезімталдығы мақтауға тұрарлық екендігін, бай немесе кедей болсын, өз үйіне келген адамға сөзбен ғана емес, барынша қажеттігімен көмек беретіндігін айтады. Кейінірек, Бөкейханов пен Байтұрсынов қазақтарда бай мен кедей арасындағы таптық қайшылық жоқ екенін, олардағы рулық мүдде немесе жалпы қазақтық мүдде таптық мүддеден жоғары екендігін тұжырымдайды. Өзара көмектің барлық осы түрлері парыздың жоғарғы сезімін бейнелейді.

Қазақ халқының некелік, отбасылық қатынастарында ерекше орын алатын институттардың бірі – «Әмеңгерлік». Кеңестік кезеңде әмеңгерлік қазақ әйелінің еріксіздігінің, бас бостандығы жоқтығының көрінісі ретінде айтылып келді. Бірақ, егер тереңірек үңілетін болсақ, әмеңгерліктің сол кездегі жаугершілік жағдайындағы қазақ қоғамының қажетті нормаларының бірі болғанын түсінуге болады. «Әмеңгерлік» - күйеуі өлген әйелді күйеуінің бауырына немесе жақынына қосу. Ол әйелді жесірліктен, балаларын жетімдіктен құтқарудың бірден-бір жолы болды. Сондықтан, «Әмеңгерлік» институты әйелге деген адамгершілік қатынастың, қиын жағдайда да тағдыр тәлкегіне қалдырмаудың, қолдаудың, қамқорлықтың айқын көрінісі. Қазақтың отбасылық құқықтық қатынастарында ерекше атап өтетін мәселелердің бірі – отбасы мүшелерінің әрқайсысының тек өзіне міндеттелген құқықтық еркіндігінің бекітілгендігі, атап айтсақ, отбасындағы әкенің, шешенің, үлкен ұл мен кіші ұлдың әрқайсысының отбасында өзіндік орны мен рөлі айқындалған. Бұл да отбасылық қатынастарда қайшылықтардың болмауының маңызды алғышарттарының бірі. Некелік қатынаста ері мен әйелінің некелік міндетті бұзып, ажырасуы қазақ қоғамында болмаған құбылыс деп толық айтуға болады. себебі, қазақ дәстүрінің әрбір элементі белгілі-бір жауапкершілікті қамтиды. Отбасы құрудың өзінде де «қарғы бау» тағу, «құйрық-бауыр» жеу, «қалың мал» секілді әдет-ғұрып жоралғылары бар. Бұл жоралғылардың өзіндік міндеті мен құны дәстүрлі түрде құқықтық санада қабылданған. Егер өзара келісім бұзылған жағдайда, «екі жағы құйрық-бауыр жегендерін мойындаса, билер бата бұзған жағына дереу айып кесетін» [4, 185 б.]. Сондықтан, некелік қатынастарды бұзғандығы үшін төленетін айып отбасыны сақтаудың маңызды шарттарының бірі, өйткені Ж. Ақбаевтың айтуынша «қарғы бау» арқылы байланысқан шартты бұзған жақ әдетте «қарғы бау» сыйлығының құнының үш есе мөлшерінде айып төлейді» [5, 151 б.].

Қазақтың дәстүрлі некелік отбасылық қатынастарына қатысты және одан да басқа қатынастарда реттеушілік қызмет атқаратын құқықтың нормалардың бірі – «Жол».

Жолдар – көшпелі қазақ қоғамындағы орталық мемлекеттік биліктің жеке-дара дербестенуінің бір көрінісі, оның қалыптасқан құқықтық мәдениетті жаугершілік, әскери заманға сай бейімдеп пайдалануға талпыныс жасаудың нышаны, мемлекеттің құқық жасау дүниетанымының қалыптасуындағы үлкен бір құбылыс және белес. «Жолдардың» пайда болуы мемлекеттік билікті, елді басқару ісін, қоғамдық қатынастарды реттеу мәселесін жаңа негізде құқықтық-мәдени арнада және сатыда құруға батыл қадам жасағандығының айғағы. Және осы қадамды мемлекет функциясының тұрақты да жүйелі бағыты себінде орнықтыруды мақсат етіп қойғандығының тұңғыш дәлелдері [6, 76 б.]. «Жол» ұғымы қазақ дүниетанымында әрбір қоғам мүшесінің өзіндік алатын орнын, міндетін, қызметі мен рөлін, құқығын білдіреді. Қазақтың дәстүрлі сөздігінде «Сіздің жолыңыз», «жолдан таймаңыз» деген секілді сөз тіркестері әлі де жиі кездеседі. Мұның өзі «Жол» ұғымының әлеуметтік-мәдени, саяси-құқықтық қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқаратындығын білдіреді. Сонымен бірге «Жол» ұғымы ағайын-туыстың және некелік-отбасылық қатынастарды реттеудегі ерекше құбылыс және бұл аталған қатынастарда әлдебір қайшылықтардың туындауына ешбір негіз қалдырмаған. Саяси-биліктік қатынастарды қарастыратын болсақ, елді тек «төрелердің» басқаруы, ол хан билігіне қанында хандық ұрпақтың болған, яғни тек атасы хан болған адамды ғана сайлау да тікелей «Жол» ұғымымен байланысты. Мұның өзі де хандық немес сұлтандық билікке деген талас-тартыстың болмауын реттеп отыратын ерекше институт болғандығының дәлелі. «Жолдар» көшпелі қазақ қоғамында пайда болған әдет-ғұрып құқығы нормаларының тұңғыш ресми жинақтары ретінде болды және олар ауызша қабылданған. Дегенмен, «Жол» ұғымы салт жағдайында өмір сүрген қазақ халқы психологиясының ерекшеліктеріне сай келетін құқық ұғымын білдіре алатын және шын мәнінде білдірген терминнің нақ өзі [5, 131 б.]. Шындығында «Жолдар» объективті әлеуметтік-құқықтық қатынастарды білдіретін дәстүрлі құқықтық сананың ерекше формасы ретінде болды және мұндай қатынастарды реттеуде ешбір субъективті реттеушілікке және әлдебір беделділік, билік тұрғысынан бұрмалаушылықтың орын алуына жол берілмеген. Сондықтан «Жолдар» қазақ қоғамының таза, қайшылықсыздық сипатының айқын дәлелі. Әрине, «Жол» ұғымының қазақ дүниетанымында көптеген түсінігі бар, бірақ та бұл ұғымның қай сипаты болмасын, құқықтық сананың әлдебір формасының реттеушілік элементін білдіреді.

Қазақ халқы дүниетанымында ұрпақ салауаттылығы ерекше орын алады және некелік-отбасылық қатынастар тікелей оны сақтауға бағытталған. Осы мақсатта «жеті атаны білу», «тек» секілді ұғымдарман қатар, «құда түсу», «атастыру» секілді салт-дәстүрлердің тұтас кешені қалыптасқан. Қазақ мемлекеттілігінде ел басқаруды белгілейтін билік жүйесі де көп жағдайда осы ережеден аттап кетпегенін, атап айтсақ, ел басқарған сұлтандардың тек «төрелерден» сайлануы, ал хан тағайындауда оның қанында міндетті түрде хандық биліктің болуының шарттылығы осыны білдіреді. «Жеті жарғы» жүйесінде «бүгінгі күн талаптарымен ұштасып жатқан мәселелердің бірі – экзогамиялық табу, яғни жеті атаға дейін қыз алыспау мәселесі. «Жеті жарғы» нормаларында жеті атаға дейін неке қиылатын болса, күйеуі мен қалыңдығы өлім жазасына кесіледі. Ата-бабаларымыз аса көрегенділік танытып, сол заманның өзінде-ақ тұқым салауаттылығына ерекше назар аударған [3, 31 б.].

Ежелден-ақ, қазақ елінде қылмыс ұғымының орнына жаман іс, жаман қылық, күнә, қаскүнемдік және тағы басқа түсініктер қолданылды. Яғни, құқық бұзушылықты басқаша қарап, оны обал мен сауап, ақ пен қара, шыңдық пен өтірік, адал мен арам, рұқсат етілген және тыйым салынған және тағы басқа әрекеттерге бөлді. Сондықтан, қылмыс жасаған адамдарды қылмыскер деп танымай, оларды «құдай атқан», «күнәһар» деген ұғымдармен алмастырып қарайды. Осыған байланысты «Жеті Жарғыда» қылмыстың түрлерін адамның жеке басына қарсы қылмыстар, неке және отбасы тәртібіне қарсы қылмыстар, меншікке қарсы қылмыстар, қалыптасқан қоғамдық

тәртіпке қарсы жасалған қылмыстар және құдай тағала алдында күнәһар болу деп бөліп, талдап көрсетеді [7, 71 б].

«Жеті Жарғының» және жалпы қазақтың әдет-ғұрпының негізгі талаптарының бірі – жасалған қылмыстық әрекетке сай жазаға тарту болды. Қылмысы үшін ең көп таралған және анықталған жазаның түрі – бұл жәбірленушіге материалдық және моральдық келтірілген зияны үшін айып төлеу. Өйткені, «Жеті Жарғыда» таллион принципі айтылғанымен, бұл ережелер тек қана ежелгі заңнамаға құрмет ретінде сақталды және ол қағида қазақ қоғамында өз дамуын таппады. Ал, жаратылысынан кешірімшіл қазақ халқы кісі өлтіру немесе әдет-ғұрып нормаларының басқа да бұзушылық түрлеріне жауапкершілік мәселелерін жекеше тәртіпте, өзара келісім жолымен шешіп отырған. Сондықтан, кісі өлтіру, мүшені жарақаттау жазалары үшін құн төлеу дәстүрі қолданылды. Сондай-ақ әдеттік құқықта қылмыс үшін жеке жауапкершілікпен қатар ұжымдық жауапкершілік те қолданылды. Бұл жеке адамдардың көп жағдайларда құн төлеуге шамасы келе бермеуімен байланысты жүзеге асырылды. Бірақ, қазақ қоғамында таллион принципі көп қолданылмағанымен, өлім жазасынан кем түспейтін ел-жұрт алдында масқаралау жазалары болды. Мысалы, ауыл тәртібін бұзған жағдайда айыптыны қара сиырға мінгізіп, бетіне күйе жағып, мойнына құрым киіз іліп, ауылды айналдыру, нәпсіқұмарлыққа байланысты қолға түскен еркектің атының құйрығын кесу, әйелдің бұрымын кесу және т.б. Жалпы, қазақ елінде жазаның мынадай түрлері қолданылды: өлім жазасы, дүре соғу, масқаралау, құн төлеу, айып, құлдыққа беру, айыпкердің жәбірленушіге қызмет етуі, айыптыны жәбірленушінің немесе оның туысқандарының тәлкегіне тастау, айыптының бүкіл мүлкін тәркілеу, қауымдастықтан қуып шығу [7, 36 б.]. Сонымен бірге, қазақтың әдет-ғұрып нормаларында түрме, зындан және қоғамдық жұмысқа тарту жазалары мүлдем қолданылған жоқ.

Қазақ халқының дәстүрлері әдет-ғұрып құқығының бұл аталған нормалары көшпелі қоғамдағы адамгершілік қағидаларының бір бөлігі ғана деп айтуға болады. Қазақ қоғамының құқықтық жүйесіндегі ерекше институты билер билігі, ол шын мәнінде халық даналығы мен әділдігінің айқын көрінісі. Ежелгі дәуірдегі далалық мәдениет пен құқықтық тәртіптерді саралаған сайын, олардың өзіндік болмысын көріп, оның ішкі сыр-сипатына құқықтары мен еркіндігін асқақтата көтергенінің куәсі боламыз. Құқықтық тәртіптердің белсенді де әсерлі болуы оны жүзеге асырушыларға да байланысты. «Қазақ құқығы» нормаларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші әрі реформаторы, сот билігін ел билігіне арнаған, көне дәстүрді берік ұстаған билер деп аталатын ерекше тап еді. Бұл қазақ билері шығыстағы басқарушы билерден өзгеше болып қалыптасты. Олар әрі ақын, әрі шешен, философ, әрі ойшыл, әдет-ғұрып құқығының білгірі және оның реформаторы, әскери қолбасшы және басқарушы еді, ал көзқарас негізінен өз қызметінде жергілікті ру мүдделерінен бұрын қазақ халқының мүддесін жоғары ұстаған, сонымен бірге олар қоғамдық пікірдің бақылауында болды» деген

С.З. Зимановтың тұжырымы өте дұрыс [8, 18 б.]. Жүзеге асырушылар ақыл-ойымен, іс-әрекетімен көптен озып шыққан ақсақалдар, елбасшылары, билер болғаны даусыз. Құқық сол халықтың тарихымен, экономиканың саяси-әлеуметтік жағдайларымен, әдебиетімен, философиялық ой-өрісімен, наным-сенімімен тығыз байланысты өрбіп отырады. Яғни, құқықтық үлгі нормалары халықтың көкейіндегісін тауып, оны мақыл-мәтел, нақыл сөздермен бедерлейді. Бұл қасиет түркілерде ерекше орын алды. Ол бейнелі, тұспалды сөздерден тұратын қайрауы жетілген құрал секілді өткір де ұтқыр сипатқа ие болды. Көптің көкейінен шығу оның атқаратын қызметін күнделікті күйбең тірішіліктен аулақтатып, жалпақ жұрттың өмірлік мүдделеріне, мұрат-мақсаттарына ұштастырған, тыңдаушысын ар мен намысқа жүгіндіргендіктен бүкіл қоғамдық деңгейге көтерілген. Бұл жолда халқымыздың ақын-жыраулығы, данагөйлігі ауыз әдебиетін қарыштап дамытты. Билердің атқарар рөлі күшейе,

жауапкершілігі молая түсті. Ұлан асыр кең байтақ түркі жерінің батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі бір-ақ тілде сөйлеп, түсінісуі тіл байлығының қуатында жатыр.

Қазақ қоғамы тарихында би атану үшін, біріншіден, даналардың астарлы да, мазмұнды сұрақтарына жауап беріп, өз ақыл-ой тереңдігін дәлелдеуі, екіншіден, елдің назарына ілініп, данагөй қариялардан бата алуы қажет. Билер билігінің бір ерекшелігі, онда билер көп жағдайда дауды жалғыз емес, өзара кеңесіп отырып шешкен. Осы алқа билер жүйесін қазіргі күні де сот жүйесіне кеңінен енгізу оң шешімге ие болып отыр. Мұның өзі бұл жүйенің тиімділігі мен өміршендігінің айғағы болып табылады. Билер билігі шындық пен әділдікке жетуге бағытталған. Осыған байланысты қазақ даналығында «мал – жанымның садақасы, жан – арымның садақасы» деген аталы сөз бар, яғни ар тазалығы ең жоғарғы құндылық болып табылған.

Қазақ халқының құқықтық санасындағы реттеуші нормалардың бірі «Барымта». «Барымта» - бұл ұрлық емес, қазақ халқының өзара дау-жанжалдарын шешудің өзіндік бір жолы. Шоқанның пікіріне сүйенсек, «барымта тападай-тал түсте, қажет болған жағдайда күшпен немесе жасырын, түнделетіп жасалады. Жасырын барымталағанда үш күннен қалдырмай егескен адамына мәлімдеп, не үшін жасалған себебін айту керек. Өйтпеген жағдайда барымтасы ұрлық саналады. Мұның бәрі малды айдап әкету болғандықтан қылмысты іс деп айыпталмайтын [2, 142 б.]. К.Р. Усейнованың пікірінше, «барымта әлімжеттік элементтерін болдырмау, оны реттеу және өз құқығын қорғаудың заңды тәсіліне айналдыру ретінде сипатталады. Барымта билер сотының шешімін орындауда қамтамасыз ету тәсілі ретінде болды. Бұл мағынада барымта билер институты секілді ежелгі институт [9, 49 б.]. Демек, барымта билер шешімі немесе құн төлеу орындалмаған жағдайларда жасалынып, дауды шешудің өзіндік жолы ретінде орын алған. Қазіргі терминологиямен айтсақ, барымташылар сол заманның шын мәніндегі сот орындаушылары болды.

Ғылыми әдебиеттерде айтылмай жүрген қазақтың құқықтық жүйесінің бір нормасы «Аманат». «Аманат» қазақ халқы дәстүрінде екі мағынада қолданылады. Біріншісі, аманат ету, яғни бір адамның өтінішін немесе сәлемдемесін екінші адам орындауды өзіне парыз ретінде мойнына алады және оны орындау үшін қолына келгенін жасайды. Осыған байланысты қазақта «Аманатқа қиянат жүрмейді» деген сөз бар. Яғни аманат қазақ қоғамындағы ар тазалығының ең жоғарғы орында тұрғандығының бір айғағы. Екінші, аманатқа алу – бұл дауды шешу барысында айыпты жақтың өз айыбын өтеуін қамтамасыз ету үшін өзінің жақын адамын кепілге қалдыруы. Бұл үрдіс қазақ қоғамында сирек болса да қолданылған. Дегенмен, аманатқа қалған адамға қиянат жасау, зорлық қылу үлкен айып саналып, оны құрметтеуге, оған жақсы қарауға тырысқан.

Сонымен, қазақ халқының құқықтық санасының формалары болып табылатын әдет-ғұрып нормалары қазақ қоғамы тарихында ұзақ уақыт жинақталып, жазылмаған заңдар жүйесіне айналған, қазақ қоғамының барлық қабаттарына бірдей ыңғайлы, үйлесімді нормаларға айналған. Әдет-ғұрып құқығының мемлекет тарапынан бекітілген нормалары билер билігінің сүйенетін негізі болды. Жоғарыда аталған әдет-ғұрып құқығы нормалары қазақ халқы құқықтық санасының реттеушілік қызметі саяси, некелік-отбасылық, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік қатынастарды реттеуді толық қанағаттандырып, жеткілікті деңгейде өз міндетін атқарғанын айғақтайды. Осыған сәйкес, қазақ дүниетанымындағы құқықтық сананың өзіндік жоғары деңгейде қалыптасқаны туралы сенімді түрде айтуға болады. сондықтан, әдет-ғұрып құқығының осы нормаларын талдай отырып, елімізде зайырлы құқықтық мемлекет қалыптастыру барысында құқықтық реформаларды өз діліміз бен санамызға сәйкестендіріп жүргізу қажет деп тұжырымдаймын.

Әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш.Ш. Сот реформасы жайындағы хат // Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1984. – Т.1 – 126-124 бб.
2. Өсерұлы Н. Тәуке хан және оның билік құрған кезеңі // Қазақтың ата заңдары: 10 т. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005. – ІҮ т. – 552 б.
3. Өзбекұлы С. Тәуке хан. Жеті Жарғы. – Алматы: Санат. 1994. – 320 б.
4. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1979. – 327 б.
5. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 224 б.
6. Кенжалиев З.Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы көшпелі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 191 б.
7 Артықбаев Ж.О. Жеті Жарғы. – Алматы: Заң әдебиеті. 2005. – 148 б.
8. Зиманов С.З. Қазақтың Ата Заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т.2 – 530 б.
9. Усейнова К.Р. К вопросу о соотношении принципа талиона и барымты // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сер. – 2007. – №1(41). – С. 45-50

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ РУХАНИЯТЫ ДАМУЫНЫҢ МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Даненова Маржан Калкабаевна

Қызылорда қаласы №212 мектеп-гимназиясының
тарих пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Кеңестік кезеңде қазақ халқының руханияты мен мәдениеті белгілі бір шектеулер мен идеологияларға бағынды. Сол кезеңде коммунистік тәрбие мен марксизм-ленинизм идеологиясы басым болды, бірақ соған қарамастан қазақ халқының дәстүрлері мен мәдени мұрасы сақталып қалды. Қазіргі заманда, тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ руханияты өз еркіндігін тауып, ұлттық құндылықтар мен тарихқа негізделген жаңғыру үрдісі басталды. Бүгінде қазақ халқының рухани дамуы әлемдік деңгейде кең ауқымда танылып, мәдениет пен философияның өзекті мәселелері қарастырылып жатыр. Бұл процесс ұлттық өзіндік сананы нығайтып, халықтың рухани байлығын жаңғыртуға ықпал етуде.

Аннотация. В советский период духовность и культура казахского народа подвергались определенным ограничениям и идеологиям. В тот период преобладали коммунистическое образование и идеология марксизма-ленинизма, но, несмотря на это, традиции и культурное наследие казахского народа были сохранены. В современное время, после обретения независимости, казахская духовность обрела свободу, начался процесс возрождения на основе национальных ценностей и истории. Сегодня духовное развитие казахского народа широко признается на мировом уровне, рассматриваются актуальные вопросы культуры и философии. Этот процесс укрепляет национальное самосознание и способствует обновлению духовного богатства народа.

Abstract. During the Soviet period, the spirituality and culture of the Kazakh people were subject to certain restrictions and ideologies. At that time, communist education and the ideology of Marxism-Leninism prevailed, but despite this, the traditions and cultural heritage of the Kazakh people were preserved. In modern times, after gaining independence, Kazakh spirituality has found its freedom and a process of revival based on national values and history has begun. Today, the spiritual development of the Kazakh people is widely recognized at the world level, and topical issues of culture and philosophy are being considered. This process strengthens national self-consciousness and contributes to the revival of the spiritual wealth of the people.

Қазақ халқының руханияты – оның тарихы, мәдениеті мен философиялық ойлау жүйесімен тығыз байланысты. Рухани даму әрқашан қоғамның әлеуметтік, мәдени және саяси жағдайларына тәуелді болған. Кеңестік кезең мен қазіргі уақыттағы қазақ халқының руханиятындағы өзгерістер мен дамулар, сондай-ақ олардың мәдени-философиялық қырлары қазақтың ұлт ретінде қалыптасуында, тарихи және рухани мұрасының сақталуы мен жаңғыруында үлкен рөл атқарды. Осы баяндаманың мақсаты кеңестік кезең мен қазіргі замандағы қазақ руханиятының философиялық және мәдени аспектілерін салыстыра отырып, олардың даму ерекшеліктерін талдау болып табылады.

Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының руханияты Кеңестік кезеңде қазақ халқының руханияты мен мәдениеті ауыр сынақтарды бастан өткерді. Кеңес үкіметі ұлттардың өзіндік мәдениетін, дінін, тілі мен дәстүрлерін шектеу арқылы оларды біртекті социалистік мәдениетке айналдыруға тырысты. Бұл кезеңде қазақ халқының руханиятына кең ауқымды өзгерістер енгізілді.

Кеңестік саясаттың мәдениетке әсері Кеңес үкіметінің ұлт саясаты ұлттық руханияттың дамуына тікелей әсер етті. Қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтары мен мәдениеті орталықтандырылған социалистік идеяларға қарсы

тұрды. Кеңес үкіметі көп ұлтты мемлекет ретінде ұлттық ерекшеліктерді шектеуге тырысты, сондықтан ұлттық тіл мен мәдениетке қарсы шектеулер, әсіресе 1920-30 жылдары орын алды. Бірақ осыған қарамастан, қазақ мәдениеті кеңес дәуірінде бірқатар маңызды мәдениет қайраткерлері мен әдебиетшілерді тәрбиелеп, ұлттың рухани дамуына үлкен үлес қосты.

Атеизм мен діннің шектелуі Кеңестік кезеңде атеизмді насихаттау мен дінді шектеу басты саяси бағыттардың бірі болды. Бұл қазақтың дәстүрлі дінін, исламды тереңінен танып-білуге кедергі келтірді. Дегенмен, қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуында ислам мен дәстүрлі діни ұғымдар маңызды рөл атқарды. Кеңестік кезеңде діни оқу орындары жабылып, дінге деген теріс көзқарас қалыптасты, бірақ қазақ халқының дінге деген қызығушылығы сөнген жоқ.

Қазақ әдебиеті мен өнері Кеңестік кезеңде қазақ әдебиеті мен өнері коммунистік идеологияға сәйкес қайта құрылды. Қазақ жазушылары мен ақындары социалистік реализм бағытында шығармашылықтарын өрбітіп, жаңа қоғамның идеалдарын насихаттады. Алайда, дәстүрлі қазақ әдебиеті мен мәдениетінің негіздері сақталып, көптеген шығармалар ұлттың рухани мұрасы ретінде халықтың жүрегінде қалды.

Қазіргі заманғы қазақ халқының руханияты Қазіргі кезеңде қазақ халқы өзінің ұлттық руханиятын жаңғырту мен сақтау жолында үлкен өзгерістерге ұшырады. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ мәдениетіне деген қызығушылық артып, рухани жаңғыру мен ұлттық бірегейлікті сақтау қажеттілігі басты мәселеге айналды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі рухани жаңғыру Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқы өз мәдениетін, тілін, дінін және дәстүрін жаңғыртуға күш салды. Бұл процесс барысында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу үшін тарихи әділеттілік орнатуға тырысу байқалады. Қазақ қоғамы өз өткеніне тереңірек үңіліп, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту үшін философиялық, мәдени және діни тұрғыдан зерттеулер жүргізілді.

Қазақ философиясының дамуы Қазіргі қазақ философиясы ұлттық дүниетаным мен руханияттың сақталуына зор үлес қосып келеді. Философияның ұлттық ерекшеліктері, әсіресе философиялық ойдың негізі ретінде қазақтың көшпенділер мәдениетін, дүниетанымын, қазақтың дәстүрлі түсініктерін зерттеу қажеттілігі жоғары. Қазақ философиясының бағыттары – адамгершілік, әділеттілік, қоғамның гармониясы мен табиғатпен үндестік мәселелері.

Ұлттық руханиятты жаңғыртудағы мәдениеттің рөлі Қазіргі қазақ руханиятының басты құрамдас бөліктерінің бірі – мәдениет. Қазақ халқының ұлттық мәдениетін сақтап қалу және дамыту мақсатында көптеген мәдени шаралар ұйымдастырылып, ұлттық өнерді қолдауға бағытталған бағдарламалар іске асырылуда. Бұл қазақтың дәстүрлі өнері, ұлттық музыкасы, биі мен киімдері, әдебиеті мен тілін насихаттау ерекше маңызды орын алады.

Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының рухани дүниесі екі әлемнің бетпебет келуімен сипатталады. Дәстүрлі қазақ руханилығы мен жаңашыл батыс әлемі. Сөйтіп, сенімді ақыл ығыстырып, ғылым дінді жеңіп, олар өмір салты мен дүниетанымның негізіне айналды. Бұл жерде ең бастысы философиялық дүниетанымдар мен көзқарастардың ортақ мәселесі қазақ қоғамын жетілдіру мен ұлт тәуелсіздігі еді.

Кезінде Алаш зиялылары ұлттық мүддені Батыс Еуропалық демократиялық күрес аясында жүргізді. Кеңестер Одағының құрамында болған кезден бастап дәстүрлі, даналық түріндегі философиялық ойжүйелерді түгелдей дерлік коммунистік партияның ресми философиясы сыни көзқарас тұрғысына сай келмегендер ретінде жоққа шығарды. Кеңестік кезеңге дейінгі қазақ философиялық ойы адамдардың өмірлік басты бағдарларды көрсетуші ретінде өзінің қоғамдағы орнын анықтаған болатын. Оның негізгі мәселелері «Адам мен Әлем», «Адам мен Адам» қатынасы келген еді.

Ұлы Далада уақыт пен кеңестік аясында әрқашан ірі көлемде қауымдасқан әлеуметтік тіршілік құрған қазақ деген халық болғаны белгілі. Ондағы жеке адамдар ортақ руханият негізінде қоғамды біріктіруші күшке айналды. Ал енді, жетпіс жыл

бойы кеңес адамдарының санасына сіңірілген философияның негізгі өзегін Сталиннің 1938 жылы жарық көрген «Диалектикалық және тарихи материализм туралы» деген жұмысы құрды. А.А.Хамидов ол жұмыс жайында: «катехезис пен әскери жарғыны елестетеді» – деп сипаттайды [1]. БКП (б) Орталық Комитетінің жарлығымен Сталиннің бұл жұмысы қағидаға айналып мемлекеттік философия дәрежесіне көтерілді. Осылайша Кеңестер Одағында Мемлекеттік философия пайда болды. Философиядан Табиғат пен Тарихты біріктіруші және оның өзегі мен мәселесі болып табылатын Адам ғайып болды.

Сондықтан да ұлттық философиялық ойлар өрісі тарылып, оларға ендігі жерде мемлекеттік ресми идеологиямен қатар тұруға мүмкіндік болмады.

Қазақ халқының философиясының дамуының осылайша тоқырауын қазақ философы М.С.Орынбеков: «Өзінің жеке философиясы болмаған елдің дербес рухани тұрмыс пен өркендеуге мүмкіндігі болмай, бөгде тектік факторларға тәуелділігі күшейе түседі» деп атап көрсеткен болатын [2].

Қазақ философиясының кеңестік кезеңдегі даму барысы социализмнің алғашқы жылдарындағы жазалау мен қудалауға ұшыраған көрнекті қайраткерлердің шығармашылығымен өрнектеледі. Олардың философиялық еңбектері Қазақстандағы халық өмірінің алуан түрлі мәселелеріне арналған қоғамдық ойларды құрады. Қазақ философиясы, рухани ой кешу үрдістері социализм жеңісінің бағыты мен социалистік сананы қалыптастыру жолына түсті. Қазақ халқы өзінің мәдени-рухани, дәстүрлі ерекшелігі мен өзіндік болмысынан ажыратылды. Жаппай диалектикалық және тарихи материализм үстемдік құрды.

Ресейлік, кейінгі Кеңестік империялар қазақ халқының басқа халықтар сияқты мәдени өзгешелігінен, тәуелсіздігінен қаншалықты ажыратуға ұмтылса да, шын мағынасында әлсірете де, толық жойып жібере алған жоқ. Дегенмен қандай жолды бірден-бір құндылық деп таңдаса да, ондай құндылықтардың ар жағында жататын, бүкіл адам баласына тән түпкілікті құндылық – ол еркіндік. Тіпті құлшылықтың өзін адамдар таңдайтын болса, ол да сол еркіндіктің салдары. Онсыз ешбір таңдау болмас еді. Тәуелсіздік үшін күрес дегеніміздің өзі де осы түпкі құндылыққа ұмтылыстың көрінісі. Қазақ халқының тәуелсіздіктен айрылып, орыс империясының құрамында тіршілік ете бастаған кезеңде қазақ зиялыларының бастамасымен «Алашорда» үкіметі дүниеге келді. Бірақ қазақ халқы еркіндік пен тәуелсіздіктің дәмін тұщынып, кең тыныс ала алмады. Сол кезеңнің аласапыранында тәуелсіздік тұншықты. Ол жөнінде ағылшын ғалымы Р.Конквест былай деп жазады: «Демократиялық және автономиялық республика құруға тырысқан қазақтардың ықпалды ұлтшыл ұйымы 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен съезінде «Алашорда» атты үкіметін құрды. 1918 жылғы 17 қаңтарда большевиктер әскерлері қалаға басып кірді, сонымен тәуелсіз қазақ мемлекеті қысқа ғана өмір сүрді [3, 21 б.]. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде ұлттық теңдік пен саяси бостандықты, ұлттық мемлекеттік тұтастықты халық сезіне де алмады.

Қазақ халқының тағдыры патшалық Ресейге, одан кейін Кеңестік Империяға қараған дәуірде жағдай осылай болды. Бірақ ондай мойынсұну, дербес, автономды субъект болудан қалу – халықтың өзіндік өзгеше рухани әлем ретінде ғайып болудың жолына түсу болуы мүмкін. Қоғамдық ой-сана көтерген мәселенің түп тамыры ішкі бірлік, біртұтастықпен қатар, сырт күшке басыбайлы болмау. Осы дәуірді біртұтас халықты ішкі бірлікке құрастыра алатын құндылықтардың қалыптасу кезеңі деуге болады. Бүтін өмірлік негізін ойсыратып жатқан бөгде күштің өктемдігіне ыдыраңқы бейғам елді жұмылдыра алатын нәрсе. Осы дәуірдегі бүкіл рухани күйзелістің негізгі сарыны, әлі де халықтық тұтастыққа жете алмаған елдің зиялыларының осы ахуалдан шығу жолдарын іздеп шарқ ұруы болып табылады. Алашордалықтардың ұсынып отырған автономиясы демократиялық Республика болатын. Алашорда автономиясы таптық жікке бөлінушілікті жақтамады. Олардың басты арманы, мақсаты егеменді ұлт

мемлекетін құру. Алғашында кадеттер партиясының мүшесі болған Әлихан Бөкейхан одан қалай шыққаны жөнінде былай деп жазады: «Біздің ұлттық автономия құруымызға кадеттер қарсы. Осы жол айырылған соң мен қазаққа Алаш партиясын құруға тырыстым», – дейді.

Осылай Алашорда өкіметі талқандалып, Кеңес өкіметі орнады. «Ақтар да, қызылдар да» қазақ халқының тәуелсіз мемлекет болуын қаламай, оның халық ретінде өмір сүруін неше түрлі демографиялық апаттар мен аштықты қолдан жасағаны барлығымызға аян. Зиялы қауымды қуғын-сүргінге түсіріп, ақырында ату жазасына бұйырып, сол арқылы ұлтты ойөрісін тарылтып, тілін кесіп, тұншықтырып отырды. Ендігі жерде дәстүрлі тұрмыс тіршілігі шайқалып, жойылуымен қатар, өзі үшін адамдықпен бара бар деп түсінетін, өз болмысын қалап, өзі анықтайтын күйден мүлдем айырылды. Өзіндік әлемге деген өзгеше бір қатынас бүкіл өмірді, әлемді өзгеше түйсіну, онымен өзгеше бір үйлесу жарық дүниеден кетеді. Ол дүниесіз «қазақ» деп аталатын осындай дүниені құрғандардың әлемі болмайды. XX ғасыр басындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік, ғылымтехникалық түбегейлі демократиялық өзгерістер адамзаттың тарихында жаңа диалектикалық даму процесін тудырғаны белгілі. «Кеңес Одағында жаңа тапсыз қоғам орнату, адамзаттың тағдырының жұмбағын шешуге бағытталған бүкіл әлемдік, әлеуметтік-саяси тәжірибелер, жобалар жасалынып, олар «социализм» деген атпен практикалық түрде жүзеге асырыла бастады, осы идеяның қаншама миллиондаған жандарды осы процестің жолына құрбандыққа шалды» – дейді Ә. Нысанбаев пен Т. Әбжанов [4, 141 б.].

Кеңестер Одағындағы көшпенділер құндылықтық дүниетанымдық дамуы жайлы ой шолу біздің философиялық әдебиетте әлі де өз зерттеушілерін күтуде. Қазіргі Қазақстандағы рухани әлемнің қалыптасуы мен адамдарда өмірлік құндылықтар қалыптасуы жайлы әлі байыпталмаған мәселелер баршылық. Кеңес өкіметі орнаған соң көшпелілердің рухани құндылықтары тоталитарлық жүйенің толық идеологияландырылған жалған құндылықтарымен алмастырылды. Қалыптасқан экономикасы негізінен мал шаруашылығымен айналысқан елді колхоздар мен совхоздарға күштеп біріктірді. Далалық демократиясы қалыптасқан қоғамнан тоталитарлық жүйеге негізделген социалистік қоғам орнатты. Социалистік қоғамда ең бастысы адамның субъектілік өзгеруі болды. Бұл жердегі тереңнен біліне бермейтін дүниетанымдық тұрғыдағы өзгерістер әрине құндылықтарды рухани қайта бағалау. Ұлы Абайды толғандырған, шығармашылығына арқау болған қазағының рухани даму мәселесі кеңестік кезеңде де, қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында да өзектілігін жойған жоқ. Адамзаттың өсіп-өркендеуінің, жетілуінің, рух әлемінің мәңгіліктігін көрсетеді.

Қазақстанда ұзақ жылдар бойына күштеу идеологиясының үстемдік етуіне байланысты құндылықтық-бағдарлы және реттеуші-тәрбиелік комплексер этникалық субъектілердің өмір сүру мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіншілік бермеді [7]. Иә, батырлық пен батылдық, ерлік пен қаһар- 4. Кеңестік кезең мен қазіргі замандағы қазақ халқы 279 руханияты дамуының мәдени-философиялық қырлары мандықтың небір үлгісін жасаған, эпостар қалдырған ұлттың рухын басып жаныштаған қандай күш деген сұрақ туады. Кеңес Одағы ыдырағаннан соңғы кезеңде ғана руханиятымызды қайта қарастыру мүмкін болды. Кеңестік философияны қайта жаңғыртып, оның негіздеріне ғылыми тұрғыдан талдаулар жасалынды. Мысалы, Д.Кішібеков Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының менталитетіндегі өзгерістерге былайша тоқталады: 1) 20 жылдардың аяғында мыңдаған жылдық көшпелі тұрмыстан күрт өзгеріске ұшырап, отырықшылыққа көшті. Бұл оңай болған жоқ. Елдің үрдісі, дағдысы, өмір сүру тәсілі өзгерді. 2) Өндіріс құрал-саймандарына жеке меншік жойылып, қоғамдық меншік үстемдік құрды, мемлекеттік, қоғамдық меншікті көздің қарашығындай қорғау қажеттігі катал әрі ауыр заңдар арқылы халық санасына сіңірілді. 1932 жылғы 7 тамызда қабылданған. 1946 жылғы ауыл шаруашылық артелінің Жарғысын

бұзушылыққа қарсы қабылданған заңдар осының дәлелі. Бұл заңдармен мыңдаған адамдар қоғамдық, мемлекеттік меншікке қол сұққаны үшін сотталып, тіпті ату жазасына бұйырылды. [8].

Кеңестік кезеңнің солақай саясаты халқымыздың мәдени мұраларының жойылып кетуіне себепші де болды. Большевиктер «мешіттер мен кесенелерді, шіркеулерді қирату керек» деген айдармен вандализмге жол ашты. Кеңестік кезеңнің осындай сорақылықтарын отандық философ М.С. Бурабаев өз зерттеулерінде ашып көрсеткен болатын. Сол кезеңнің өзінде араб әрпімен жазылған әдеби мұраны құртудың қате екені жайында: «қазірге шейін «мұсылмандық» әдебиет деп аталып жүргендердің барлығы діншіл деп есептеді. Ол дұрыс емес. Оның «мұсылмандық» деп аталуы оның мұсылман халықтарының тілінде араб әрпімен басылуында. 284 Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер Ол әдебиеттердің арасында социал-демократтық, марксистік басылымдар болды» – деп жазды [15]. Дін дінсіздікпен, атеизммен алмастырылды. Халықты діннен бездіру дөрекі түрде талап етілді. Діннің өзі рухани бастаулардың негізгі тіректерінің бірі. Ал, өздерін әлмисактан мұсылманбыз дейтін қазақтарды патшалық Ресей де, кеңестік Ресей де шоқындыру мақсатын көздегенімен, дінінен бездіре алмады. Большевиктер қорқыныш пен үрей тудыра отырып өздеріне құлақ кесті, бас шұлғитын құлдық сана қалыптастыруға тырысты. Ұлттық құндылықтар «отаншылдық», «ұлтшылдық», ендігі жерде «интернационализм», «тапшылдық» деген ұғымдармен жаңа-жасанды моральдық қағидаларды ұстанумен айырбасталды. Сол кездегі саяси атқа айналған «пантүркішіл», «панисламшыл», «ұлтшыл-уклонистер» деген жарлық біздің ірі Тұлғаларымыз бен ұлттық зиялыларымызға тағылды.

Қазақ мың өліп, мың тірілсе ол оның рухының мықтылығынан дер едік. Руханилық тарихта сан түрлі тоқырауларға ұшырайды. Сыналады, шығын болады бірақ өмір сүруін тоқтатпайды. Руханилықты «халық болмысының адамгершілік қабаты, саналылық пен бейсаналылықтың қоспасы» деп анықтайды А.Қасымжанов. Қазақ халқының руханилығы кеңестік кезең идеологиясының әсерінен архаикалық құбылыс ретінде қарастырылды. Даму үдрісі «таптық», «пролетарлық мәдениет» деп аталатын әдіспен ұлттық мәдениеттердің ерекшеліктерін қырқып тастау әсерінен тоқырады [17].

Қазақ халқының руханиятының даму барысының кеңестік кезеңі жайлы ой өрбітер болсақ, Сәкен Сейфуллиннің қызметі мен шығармашылығына тоқтамай өту мүмкін емес. Шығармашылығының негізгі өзегі – әділдік, теңдік, егемендік сияқты әрқашан прогресшіл ойшылдыққа тән ұғымдар болды. Сәкен Қазақстан үкіметін басқарған кезде ұлтының болашағы үшін көптеген шаралардың жүзеге асуына атсалысты. 1923 жылы «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген айбатты мақала жазып, орыс тарихында, тілінде «қырғыз», «Киргизия» болып келген «елдің 1925 жылы Қазақстан» аталғаны рас болса, онда Сәкен ұлтжандылығының үлесі жоқ деп кім айта алады? «Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірісуге біреу «ұлтшыл» деп айтады деп бой тартады. Бірақ ол – қулық, бұл коммунистік қылық емес, ол жарамсақтық, жағымпаздық. Кейбір сасық, жалмауыз, демагог өзін «жақсы коммунист екен» деп айтсын деп қазақ тілін кеңсеге кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл дер, одан сескенбеу керек» дегенді Сәкеннен басқа кім айтыпты, кім жазыпты? Сәкен ой-пікірінің, жанды екені осыдан-ақ көрінеді [22]

С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы тарихи-деректерге сүйене отырып жазылғандығымен қоса шығарма кезеңнің шындығын ашып көрсетуімен құнды. Н.Ақыш: «Сәкеннің Кеңес дәуірінде қозғалмауға тиісті ұлт араздық мәселесін бүркемелей алмай, ашық айтқандығын бүгінгі таңда да батылдық ретінде жоғары бағалағаны абзал» деп қазақ совет әдебиетінің классигі, шығармалары таптық көзқараста жазылған деген сыңаржақты талдаудың заманы өткендігін атап көрсетеді [24].

Кеңестік кезең мен қазіргі заманғы қазақ халқының руханияты арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар терең философиялық және мәдени ізденістердің нәтижесі болып табылады. Кеңестік кезеңде руханият шектеліп, үкіметтік идеологияға бағындырылды, ал қазіргі уақытта қазақ халқы өзінің ұлттық болмысын, мәдениетін және руханиятын қайта жаңғыртуға күш салуда. Бұл процесс халықтың өткенін танып-білуге, ұлттық бірегейлікті сақтауға және рухани дамуды алға жылжытуға бағытталған. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі рухани жаңғыруы ұлттың жаңа философиялық ойлау жүйесін қалыптастыруға, мәдениетінің дамуына және ұлттық руханиятының нығаюына өз ықпалын тигізуде.

Әдебиеттер:

1. Хамидов А.А. О диалектике мнимой и подлинной // Адам Әлемі №1, – 2002, 50-51 с.
2. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. А, 2001. – 211
3. Конквест Р. Соңғы Империя // Қазақтар. Шетел әдебиетінде. – А: Атамұра; Қазақстан, 1994. – 21 б.
4. Нысанбаев Ә.Н., Әбжанов Т.Ы. Қысқаша философия тарихы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 141б..
5. Малинин Г.В. Известия МОН РК. Серия общественных наук. №6. С. 9. А, НИЦ «Ғылым».
6. Кішібеков Д. Қазақ халқының мінез-құлқы, ойын-сауықтары, рухани тіршілігі // Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. А: Ғылым, 1999, – 81-99 б
7. Бурабаев М.С. Становление социалистического сознания в Казахстане. Алма-Ата, Наука, 1981. – 249 с.
8. Қасымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. А: Қазақ университеті, 2001. – 197 с.
9. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин қазақты мәдениетті, өркениетті елдер қатарына қосуды армандаған тұлға // Ана тілі, 9-15 маусым, 2011. №23 (1071) 23. Нұрмұратов С.Е. Жаһандану және философиялық пайымдаудың ұлттық типі // Әлемдік және қазақ философиясындағы антропологиялық дискурс. Халықаралық ғылыми конференция материалдары – А: Қазақ ун-р. 2008. – 471 б.
10. Ақыш Н. 1920-30 жылдардағы қазақ романындағы ұлт-азаттық идея // Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. А: Қазақ энциклопедиясы, 2011, – 304 б.
11. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. А: Қазмемкөркемәдебас, 1960. – 38 б.

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӨЗАРА ҮНДЕСТІГІ

Чермухамбетов Ерлан Нурмухаметович

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2 курс докторанты, Алматы,
Қазақстан

Фырат Яалдыз

PhD., қаум.проф., Кастамону университеті, Анкара, Түркия

Аңдатпа. Мақалада ортағасыр ойшылдардың шығармаларындағы адам мәселесіне қатысты идеяларының үндестігі мен ұқсастығы қарастырылып бағамдалады. Қорқыттан бастап Дулатиге дейін түркі философиялық дәстүріндегі жалпы философия тарихында басты мәселе болып саналатын адам және оның құндылықтары, рухани болмысы, әлемге деген көзқарасы ерекше орын алатыны айқындалады.

Аннотация. В статье исследуется преемственность и созвучие идей средневековых тюркских мыслителей, посвященных проблеме человека, его духовной сущности, ценностных ориентиров и взаимоотношений с окружающим миром. Человеческая природа, ее онтологические и этические аспекты, а также стремление к истине и гармонии остаются ключевыми вопросами философии на протяжении веков.

Abstract. The article explores the continuity and resonance of the ideas of medieval Turkic thinkers regarding the human being, their spiritual essence, value orientations, and relationship with the surrounding world. Human nature, its ontological and ethical aspects, as well as the pursuit of truth and harmony, have remained central questions of philosophy for centuries.

Адам мәселесі жалпы философия тарихындағы ең басты және өзекті мәселелердің бірі деп толық негізден айтуға болады. Соның ішінде Орта ғасырлық түркі философиялық дәстүрінде адам мәселесі ерекше орын алады. Зерттеушілердің пікірінше, қазақ философиясының батыстық философиядан басты айырмашылығы да, оның онтологиялық және гносеологиялық мәселелерден гөрі, этика мен антропологияға көбірек көңіл бөлуі мен аксиологиялық мәселелерге, әсіресе, рухани құндылықтарға ерекше назар аударуында [1, 48 б.]. Біз бұл мақаламызда, VIII ғ. өмір сүрген ісі түркі жұртына ортақ тұлға, кемеңгер Қорқыт ата, мұсылман әлемінің ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қазақ философиясындағы сопылық дәстүрдің негізін қалаушы Қожа Ахмет Иассауи және Мұхаммед Хайдар Дулати философиясындағы адам мәселесіне қатысты идеялардың үндестігі жөнінде ой қозғамақпыз.

Бұл ойшылдардың ішінен батыстық дәстүрдегі философияны меңгеріп, философияның таза теориялық мәселелерін зерделеген әл-Фараби болғанымен, аталған өзге ойшылдардың барлығының да шығармашылығы философияның маңызды мәселелерін ұғымдар мен категориялардан бөлек, өмірмәндік универсалиялар тұрғысынан пайымдауымен ерекшеленеді. Осыған орай, ф.ғ.д., этнограф Ақселеу Сейдімбек «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегінде: «Қазақтың дәстүрлі қоғамында философия жеке-дара білім саласы тұрғысында зерделенбеген. Философия – көшпелі қазақтар үшін өмір-салты (образ жизни), мағыналы да мазмұнды өмір сүрудің қалыбы (формасы) болған. Яғни, философияға жеке пән тұрғысында қарамаған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамдар философияға сүйеніп өмірді өзгертуді ойламаған. Керісінше, өздерін философ (кемел адам, бүтін адам, көшелі адам, көргенді азамат, жөн-жоба білетін адам) деңгейіне көтеру арқылы қоғамдық өмірдің үйлесімді де ретті

болатынына сенген. Бұл ретте, қазақтың дәстүрлі философиясын шын мәнінде даналық биігіне көтерілгендердің нақтылы өмір туралы айтқан абсолютті ақиқаты деуге болады» [2, 19 б.] деп, оның ең бірінші өмірлік тәжірибеге негізделген практикалық философия болғандығын тұжырымдайды.

Филос.ғ.д., профессор Досай Кенжетай болса, өзінің «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы» атты еңбегінде, түрік философы Х.З. Үлкеннің, Ежелгі түркі философиясының ерекшеліктерін көне үнді, грек және иран философиясымен салыстыра зерттеп, түркілердің үнділер сияқты томаға тұйық, жабық, мистикалық табиғаттағы ұлт еместігін, көне гректер сияқты табиғат пен космостық жүйеге (низам-и алам) тұтқын, тағдырға оңай мойынсұнатын ұлт еместігін бағамдап, Түріктердің әртүрлі мәдениет және өркениеттер арасындағы екі жақты сұхбаттың (диалог) арқасында, өте терең реалистік дүниетанымға ие болғаныны туралы жазғанын айтады [3, 42 б.]. «Дәстүрлі түркілік дүниетанымда әлем – ерекше мән-мағынаға ие болмыс. Әлем – Тәңірдің құты ретінде киелі, бақыттың көзі болып саналады. Әлем – адамның мәдени тіршілігінің кеңістігі. Бұл кеңістік әрдайым метафизикалық уақыт пен циклдық жаңару-жаратылу үстіндегі жанды болмыс. Адам да жанды болмыс ретінде өзін үнемі әлеммен үндестікте және тұтастықта қарастырады. Өйткені әлем адам үшін – ұстаз, танымның көзі, тәңірің айнасы, мәдени құндылықтардың тұғыры» [3, 58 б.] дейді.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ философиясының, соның ішіндегі оның басты тақырыбы адам мәселесінің негізгі ерекшелігі оның ең бірінші халқымыздың сан ғасырғы тарихы, дәстүрлі мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрінде көрініс тапқан халықтық танымға негізделген білім түріндегі – даналық екенін бағамдауға болады. Өйткені, көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз үшін білімнің көзі – ұлттық фольклор, елдік пен ерлікке үндеген жыраулар поэзиясы, би-шешендердің өнегелі өсиеттері ғана емес, тұтас дүние, табиғаттың өзі, қалыптасқан шаруашылық тәсілі, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, наным-сенімдер мен ырым-тиымдар, жөн-жоралғылар, отбасындағы тектілік тәрбиесі болатын.

Түркі-қазақ метафизикалық сырына да үңілген кеменгерлік үлгісі болатын. Зерттеушілер пайымдағандай, «Қорқыт есімі тарихи дәуірлерді, әртүрлі замандарды өрлеп өтіп, қазіргі философиясы даму тарихының әртүрлі кезеңдерінде адам мәселесі әр түрлі қырынан көрініп отырған. Мысалға, Қорқыт философиясы адам өмірінің мәніне қатысты этикалық және антропологиялық мәселелермен бірге, мәңгі мен өткінші, ақиқат пен жалған аражігін ажыратуға ұмтылып, дүние болмысының онтологиялық және жаһандану заманның адамымен өз даналығы арқылы сұхбатқа түседі, дүниенің барлық қиындықтарын жеңуге болатын рухани күштердің адам бойында мол екендігіне меңзейді, күйкі тірліктің мұқтаждығының арқауында жүрген пендені өмірдің мәні туралы бір сәтке болса да ойлантады, рухани қуат беріп, толғантады» [1, 54 б.]. Яғни Қорқыт мұрасын зерделеу, бүгінгі қоғам дамуының өзекті мәселелерін де, сол қоғамды құрайтын жеке адам және оның ішкі жан дүниесімен байланысты экзистенциалдық мәселелерді де тереңірек пайымдауға мүмкіндік беретін әдіснамалық тұрғыр деуге болады. Зерттеушілер ұсынған, герменевтикалық, мифсіздендіру және компаративистік тәсілдерге [1, 73 б.] сүйене отырып пайымдасақ, Қорқыт туралы аңыздардың жеке адам мәселесін ғана емес, қоғамның да өзекті философиялық мәселелерін қамтып тұрғанын көреміз.

Мысалы, қоғам қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің пайымдауынша, Қорқыттың өлімнен қашуының сыры, сол дәуірде қалыптасқан түрлі саяси қақтығыстар мен әлеуметтік қайшылықтардың тереңдеуімен байланысты заман қыспағын білдіретін де метафора. Яғни Қорқыт қайда барса да алдынан өз көрін қазып жатқан адамдар шығады [4]. Демек, бұл тек жеке адамның ғана өлімнен қорқуы, өлгісі келмеуі ғана емес, сол замандағы жан-жағы анталаған жау, билік пен байлыққа таласқан қантөгістер, елдік пен егемендікке қауіп төнген алмағайып замандағы бүтіндей қоғамдардың басындағы ахуал, «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» дейтін жағдайларда не істеу керек

деген сауалдың жауабы десек болады. «Аңыз бойынша Қорқыт бабамыз артына адамның өлімнен қашып құтылмайтындығы, оның ғұмырын жарық дүниеде бітіріп кеткен жасампаздық ісі мен өшпес өнері ғана жалғастыра алатындығы туралы данышпандық пәлсапалық байлам қалдырды» [1, 54 б.]. Сан жылдар бойы қобызын тартып, өлімге қарсы тұрған Қорқыт ақыр аяғында қалжырып, көзі ілініп кеткен кезінде қапысын тапқан ажал оны қайрақ жылан болып келіп шағып өлтіреді. Мұнда да аңызды тікелей қабылдауға болмайтынын ескеріп, астарлы мағынасына зер салсақ, соншама заман өлімге бой бермеген Қорқыттың ұйықтап кетіп, ажал құшқанын көреміз. Яғни ұйқының өзі мұнда адам табиғатына тән әлсіздік пен жетілмегендікті білдіретін рәміз рөлін атқарып тұрғандығы аңғарылады.

Ал Қорқыттан кейін өмір сүріп, өзінің терең білімі мен парасатының арқасында әлемнің Екінші ұстазы атанған ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.) көшпелі өркениет қалыптастырған философиялық танымды Батыстың теориялық ғылымы және философиясымен ұштастыра отырып, өзінің философиялық жүйесін құрады. Адам өмірінің мәні мен мақсаты, өзінің уақыт аралығындағы шектеулілігін жойып, бақытқа жету, дені сау ағзаның мүлтіксіз жұмыс істейтіні тәрізді, әр мүшесі бір-біріне көмектесу арқылы игілікке жететін ізгілікті қоғам құруда екендігін тұжырымдайды. Дүние жаратылысы, болмыс құрылымын сараптай келіп, ондағы ақыл-парасатты тіршілік иесі ретінде ай асты әлемінің ең жоғары сатысында орналасқан адамның орнын анықтайды. Қоғамдық қайшылықтардың болмысын зерделей отырып, ұлттық мәдениет жеке адамның мінез-құлқынан басталатынын дәлелдеп, мінез әдеттен бастау алып, «абзал әрекет» инабатты (мәдениетті) болу керек дейді. «Тәрбиесіз» (мәдениетсіз) білім адамзаттың қас жауына айналады» - деп жазады [5, 68,89 б.]. «Қайырымды қала» мәдениетін арттыратын негізгі мәселелер білім, өнер, әдебиет (поэзия), музыка деп көрсетеді. Ойшыл философиясында адам мәселесін философияның онтологиялық және гносеологиялық мәселелерімен бірлікте қарастырады. «Фарабидің ойынша, адам өзінің болмыстық тіршілігін таным арқылы жүзеге асырады. Оның түсінігінде таным мен болмыс немесе таным арқылы бар болу тең ұғым» [6].

Адамды жетіле түсуге, бақытқа, молшылыққа жетелеуді көздеген Фарабидің әділілетті қоғам құру идеясы, оның болмыс туралы ілімінің де, әлеуметтік философиясының да негізгі өзегін құрайды. Халықтар достығын насихаттау, мәдениетті, ғылымды жасауда барлық адам бірдей екенін насихаттаған гуманистік идеялары, оның өз заманындағы Шығыс елдерінің, әрі дүниежүзі халықтарының көкейкесті проблемаларымен үндесіп жатады. «Ойшыл адамды мақұлықаттардың ішіндегі ең кәміл және «ақыл-парасатты жануар» деп атайды. Әл-Фарабидің ойынша жеке, нақтылы нәрселерді пайымдаудың құралы түйсік, қиял және елестету болып табылады, бұлар адам үшін де, хайуан үшін де ортақ нәрсе, ал енді теориялық ойлаудың арқасында абстрактылы ұғымдарды танып білу қабілеті тек адамға ғана тән» [7, 227 б.] екенін айтады.

Ал Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи және Мұхаммед Хайдар Дулатиге келсек, бұл ойшылдардың да философиялық-поэтикалық шығармаларындағы адам мәселесінің әл-Фараби идеяларымен үндес екенін көреміз.

Айталық, әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Азаматтық саясат» еңбектерінде адам, қоғам мәселелер қарастырарда, дүние жаратылысы, болмыс құрылымын зерделеп, сол иерархиядағы адам мен қоғам орнын анықтайды. Қоғам түрлерін ажыратып, оның басында тұратын басшы жайын әңгімелейді. Жүсіп Баласағұн да өзінің әлеуметтік-этикалық мәселелерге арналған «Құтты білік» еңбегінде дүние жаратылысын қарама-қарсылықтың тұтаса келіп, татулық тапқанын баяндаумен суреттейді. Дүние бастауын от, су, ауа, жер стихияларының бірлігінен туындайтынын, үштік қағидаға негізделген Ғалам мен өмір пайда болуының сырын былайша шебер суреттейді:

Үші - көктем, үші - күздің жұлдызы,
Үші - қыстың, үші - жаздың жұлдызы,
Үшеуі - су, үшеуі - жел, үшеуі - от,
Үш - топырақ - ғалам солай жаралды.
Бір-біріне жаулар бұлар өлгенше,
Жауды жауға салып, қойған сөнгенше,
Қатыспас жаулар, іштей тынып жарасқан
Көріспес жаулар, өшіп бүгін тарасқан,
Жаратушы хақ жаратып апарып,
Жаратты да, жарастырды қатарын [8, 72,62 б.].

Одан бөлек Баласағұн, әл-Фараби пайымдағандай, елді дұрыс жолға салушы басшы жайын және әділ заңның үстемдік етуін:

Біл, әділ заң – басшылықтың тұғыры,
Бегі әділ ме?! Берік елдің жұлыны!

.....
Бас көтерсе жаман: жақсы қорланар,
Бас көтерсе жақсы: жаман жорғалар.

.....
Болса бектер ізгі, құтты қордалы,
Бөрі де ізгі, қараша тоқ болғаны [8, 229 б.] – деп жырласа, білім, кісілік сияқты қасиеттерге байланысты:

Білімсізге төрден орын болса, көр:
Төр – босаға, ал босаға болды төр!

Орын тисе данаға есік көзінен,
Есік – биік, төр – тағыңның өзінен!

Күллі құрмет білімдіге тиесі,
Мейілі, ол төр, мейілі есіктің иесі! [8, 234 б.] – деп, адамды ілім-білім игеруге үндейді.

Адам болмысының рухани дені қандай болу керек дегенде, адамда ізгілігі ұят, сабыр, ар, мейірімділік, білімділік болуы, сонымен қоса Аллаға деген ыстық ықылас пен таза сезімнің болуын қастерлейді. Ж. Баласағұнның бұл еңбегіне кісіліктің, парасаттылықтың, адам болмысын жақсартатын күш екені, бүкіл бір қоғам болмысы адамның осы ішкі әлемнің сұлулығынан туындайтын, содан жалғасатын тірек екендігі айқын көрінеді.

Фараби философияға логика арқылы қадам басып, кейіннен метафизикаға ден қойған және де алғаш рет философия мен дін байланысының ерекшеліктеріне тоқталған философ. Сондықтан да, дін мен философия арасын жақындатуға, табыстыруға тырысқан философ ретінде танылды. Фараби адамды Тәңірге ұластырудың әр түрлі жолдары бар екендігін айтады. Оның ойынша, Тәңірі сезім мен ақыл әлемнің үстіндегі, одан жоғары болмыс. Сондықтан да адам осы әлемдердің де үстіне, жоғарыға көтерілуі тиіс. Осылайша сана-рух кемелдікке қауышатын шынайы танымға ұласып, экстаз арқылы Тәңірмен байланыс құрады. Тәңірде саф әрі абсолюттік сана мен ой бар. Адам Тәңірге осы принциптерді жүзеге асыру арқылы жақындай алады. Тәңір де өзіне жақындаған құлына мейіріммен жақындай түседі.

Фарабидің осы көзқарастармен Ахмет Иассаuidің ілімі арасында ұқсастық айқын көрінеді. Ахмет Иассауи хикметтерінде өзін ұмытып, экстазға түсу арқылы көкке ұшқандығын айтады. Тәңірінің қасына барып, онымен бірлескендігінен мағлұмат

береді. Фарабидің Тәңір түсінігі, Тәңірі-Әлем байланысы мәселесі, жақсылық пен жамандық, тәңірінің бар екендігінің дәлелі, пайғамбар жайындағы жүйелі көзқарастары Иассауидің де өз хикметтерінде қарастырған негізгі мәселелер. Дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам өркениеті негізінен сусындаған екі ойшыл даналарымыздың бірі – философия, бірі – хикмет-даналық жолы арқылы адам мәселесі төңірегінде ой толғаған. Бірі – «инсани фазыл», яғни парасатты адам тұлғасын сомдаса, екіншісі «инсани камил», яғни кемел адамды мұрат еткен. Фараби ұлы бақытқа жету жолында рух-сананың тазалығын, Иассауи хаққа жету үшін рухты нәпсіден арылтудың жолын көрсетіп отыр. Дін – адамды иман арқылы ақиқатқа жетелесе, философия – сол иманды рационалдық жолмен нығайтуға негізделген ойлау жүйелерін қалыптастырады.

Сопылық философиясының ең басты мәселесі – адам және оның рухани кемелдігі. Ол Тәңірді тануды және Оған қауышуды мақсат етіп, “өзін таныған Хақты да таниды” деген ұстаным негізінде адамның ішкі және сыртқы әлемін терең тануға көңіл бөледі. Яғни Ақиқат пен тұтастыққа жетудің жолы адамды танудан, оның сырын ұғынып, таба білуден басталады. Сондықтан да сопылық ілім адамды жан-жақты зерттеп, түсінуге ұмтылады. Сопылық Адамзат жаратылысының себебі Құдайдың шексіз махаббатында деп біледі. Яғни Құдай өзінің махаббатының нысаны ретінде адамды жаратты. Адамзат бүкіл жаратылыстың шіндегі жауһары, ең сүйіктісі. Махаббат әрбір адамның әлемдегі, қоғамдағы, отбасындағы өзінің орнын белгілеуге, өзін-өзі тануға, жаратылыс сырын пайымдауға мүмкіндік беретін маңызды таным-түйсігі. Сондықтан да махаббаттың сипаты да түрліше. Мысалы, Адам мен Алла арасындағы махаббат – имандылықтың, ер мен әйел махаббаты – отбасының, Отанның беріктігінің, ұстаз бен шәкірт махаббаты – білімнің, ата-ана мен бала, туысқандар арасындағы махаббат – елдіктің, т.б. қастерлі құндылықтардың кепілі әрі бастауы. Осындай басқа да махаббаттардың барлығы – пенденің Аллаға деген махаббатының алғашқы сатыларының бірі. Адамның Хақты тану құралы ретінде ақыл мен жүректі атасақ, махаббат осы жүрек танымының азығы, күш-қуаты, жебеушісі. Осы тұрғыдан махаббат сопылық ілімдегі хақты танудың ең басты гносеологиялық категориясы болып саналады [10].

Әл-Фараби мен Мухаммед Хайдар Дулатидің философиялық көзқарастарының ұқсас жақтарына келсек, олардың концепцияларындағы этика жөніндегі – жақсылық, мейірбандық категорияларына қатысты идеялары назар аударады. «Жақсылық, – дейді әл-Фараби, – мазмұн-мағынаның бір бөлігі, сондықтан ол материяның өзінде бітіп қайнап жатыр. Ал жамандық жақсылық сияқты емес, ол болмыс жоқ жерден пайда болған” – дейді [11, 389 б].

Адам мен адам арасындағы қарым-қатынас дүниедегі ең күрделі мәселеленің бірі. Оның сырын ұғуға барша адамзат қашаннан-ақ мүдделі болып келгені белгілі. Бірақ адам жөнінде қанша айтылып, қанша жазылса да, оның сыры әлі күнге дейін түгел ашылып болған жоқ. Адамдар арасындағы қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты, махаббат пен зұлымдықты, адамды сүю мен оның іс-әрекетін, қиял-арманын құрметтеу жайлы мағлұматтарды біз, М.Х. Дулатидің Тарих-и Рашиди еңбегінде таба аламыз. Дулати адам бойында жамандық ойлау, жеңілтектік, өзінің қара басын ғана ойлау, жалақорлық, өтірікшілік, т.б. қасиеттер адам асқақтаған кезде араны ашылып, тойымсыз ниет пайда бола бастайды деп түсіндіреді. Сондықтан мемлекет басшысы, осы қасиеттерді ауыздықтап алмаса, бүкіл халқын апатқа ұшырататыны сөзсіз. Басшы әрқашан қарапайым халықпен ой бөлісіп, санасып, жарлық шығарарда шарият заңдарын бұрмаламай, әділ болу керектігін ескертеді. [12,315 б.]

Адам дүниеге қонақ, оның өмірі өткінші, ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы тиіс. Екі жүзді болмай, сөз бен істі бір жерден шығару керек. Ойшыл, адамды моральдік содықтан жағынан жетілдіруде, ақыл-ойға ерекше мән берген.

М.Х.Дулатидің шығармаларындағы ұлағатты лебіздер, бейнелі салыстырулар мен теңеулер, нақылдар мен мақал-мәтелдер күні бүгінге дейін өзінің мәнін жойған жоқ.

Қорыта айтсақ, қазақ халқы үшін өмір сүру, мәнді өмір сүру ең басты құндылықтардың бірі. Халық өмірді, жарық дүниені жоғары бағалайды. Өмір бар жерде өлімнің бар екенін әсте естен шығармайды, олар өлімді – мәнді өмір жеңеді деп пайымдайды. Дүниенің бір күйде тұрмайтын, бәрі алдамшы, өзгеріп, ауытқып отыратын табиғатына мән береді. Ортағасырлық түркі философиясындағы Қорқыт, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи және Мұхамед Хайдар Дулати мұрасы адамзат ақыл-ойы дамуының осы арналарына өлшеусіз үлес қосып, түркі дүниесінің ғана емес, адамзат баласының рухани құндылықтарын еселей түскен рухани байлығымыз. Парықтап білгенге, бүгінгі адамзат өркениеті қол жеткізген барша жетістіктер мен игіліктер осындай ұлы тұлғалардың тынымсыз еңбегі мен қажыр-қайратының арқасында тамшыдан теңіз болып құралған игілікті нәтижесі деп білеміз. Сол тұлғалардың адам мен қоғам мәселесіндегі айтқан ойлары мен көрсеткен бағыт-бағдарлары, түйген ойлары мен қалдырған өсиеттері ешқашан да өзектілігін жоғалтпақ емес.

Әдебиеттер::

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. 1-том. – 400 б.
2. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: шежірелік деректерді пайымдау: зерттеу / А. Сейдімбек. – Астана: Фолиант, 2008. – 726 б.
3. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы: монография / Д. Кенжетай. ҚР мәдениет және ақпарат м-гі, Мәдениет ком. – Алматы: Арыс, 2008. – 355 б.
4. Байтасов А. Большое интервью Мурата Ауэзова. Часть 1. https://www.youtube.com/watch?v=_tFPwGaLSRQ
5. әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1972.
6. Кенжетай Д. Фарабидің түркі-ислам философиясындағы орны // Әл-Фараби. – 2012. – № 4(40). – Б. 16-24.
7. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 5-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. (2 бөлім) Астана: ТОО «Лотос – Астана», 2007. – 299 б.
8. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 615 б.
9. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.17: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер / Қ. Өмірәлиев, Н. Келімбетов, А. Егеубаев – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013. – 380 б.
10. Мейірманов А. Қожа Ахмет Ясауи рухани мұрасының философиялық қырлары // Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. 1-том. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2014. – 400 б.
11. әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973.
12. Мұхамед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Санат, 2003. – 616 б.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКА МЕН ФИЛОСОФИЯНЫ ҰШТАСТЫРУУ ЖӘНЕ БҰЛ ТҰЖЫРЫМДАРДЫҢ БҮГІНГІ ЗАМАНҒА ӘСЕРІ

Койшагова Гүлжауһар Ерболатовна

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің музыка пән оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Әл-Фарабидің музыка саласы бойынша жазған еңбектеріне тоқтала отырып, музыка мен философияны ұштастыруы туралы жазылады және бұл тұжырымдардың бүгінгі заманға әсері айтылады.

Аннотация. В данной статье рассматриваются труды Аль-Фараби в области музыки, а также его объединение музыки и философии, а также влияние этих концепций на современность.

Abstract. This article discusses the works of Al-Farabi in the field of music, as well as his integration of music and philosophy, and the influence of these concepts on modern times.

Музыка – адам жанының, оның ең сырлы сезімдерінің, ұмтылысы мен арманының негізі. Ол адамның ішкі дүниесінің терең негіздерін қозғайды.

Музыка – халық жанының, оның дерті мен қайғысының, ұмтылысы мен шабытының көрінісі.

Музыка мәдениетте алғашқы орында тұрады. Әл-Фарабидің – «қозғалыс музыкасы» мен өлеңдер қарапайым халық өмірінде «көңіл жұбату», ал зәулім сарайларда қоғамның элитасы үшін бал татыған шекер болған. [1.6-8]

Әлемдік музыка мәдениеті тарихында музыка туралы ғылыми білімнің қарқынды өсуін білдіретін кезеңдер бар: осы саладағы барлық алдыңғы тәжірибені жалпылау музыкалық өнер ғылымының болашақ қайшылықтарын алдын-ала болжауда жаңа және нақты түсінік береді. Зерттеушілердің ойы оларға қайта оралып, өткен теориялық ілімдерден қазіргі мәдениеттің қайнар көздері туралы ақпарат алады. Шығыс музыка ғылымының аса ірі өкілі Әл-Фарабидің есімін музыка туралы тұтас ілім жасауға еңбегі сіңген Августин және Боэций сияқты Орта ғасырлардағы аса көрнекті ғалымдардың аттарымен қатар қоюға болады.

Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби (870-950) – философияның, логиканың, жаратылыстанудың және нақты ғылымдардың дамуына елеулі үлес қосқан ірі араб-мұсылман ойшыл-энциклопедисті, музыкалық тарихнамада ерекше орын алады. Фарабидің музыкалық-теориялық мұрасы орта және Таяу Шығыс халықтарының музыка тарихы мен теориясын зерттеуде негізгі рөл атқарады. Бұл тұрғыда оның «Музыканың үлкен кітабы» (Китаб әл-мусика әл-кабир) еңбегінің маңызы зор. Бұл шығармада Фараби Орта ғасырдағы ең ірі музыкатанушы ретінде көрсетеді. Ол дыбыстардың арақашықтық қасиеттері туралы ғылыми түсінік беріп қана қоймай, үйлесімділік пен музыкалық әуендердің пайда болуының математикалық негіздерін ашады. Әл-Фарабидің музыкалық еңбектері шығыстану ғылымында монографиялық, арнайы еңбектерде, сондай-ақ таяу және Орта Шығыстағы музыка ғылымы бойынша зерттеулерде бірнеше рет қарастырылды [2,24].

Әсіресе, Араб және Еврей музыка зерттеушісі А. Шилоах «Ислам мәдениетіндегі музыка: әлеуметтік анализ» кітабында Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» еңбегінде музыкалық философиялық тұжырымдамалар мен жасырын шығыс көзқарасының бар екендігін атап өткен [3]. Дж.К. Михайлов, «Музыка мәдениетінен» бөлек ғылымда «өңірлік өркениет» тұжырымдамасын қалыптастырған. Алайда, музыкадағы өркениет тілдік, діни, философиялық-идеологиялық, мәдени-тарихи халықтың дамуын бір жүйеге топтастырады. Музыка мәдениеті–әлеуметтік-мәдени, мәдени-философиялық,

саяси-идеологиялық феномен ретінде көруге болады. Дәл осындай феномендер Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы», «Ғылымдар классификациясы», «Трактат және өлеңдер», «Бақытқа жол сілтеу» және «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаттарында» кездеседі [4,84-85].

Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» еңбегі XV ғасырда-ақ латын тіліне аударылып, Европа музыка ғылымы мен өнерінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Бұл еңбегінде тек бір шығыс (араб) музыкасының теориялық және тәжірбиелік мәселелері емес, Аристотель, Платон, Птоломей негізін қалаған ежелгі Грек (Рим) мәдениеті, Таяу шығыстағы Соғда, Хорасан, Сасанид, Кушан, одан қалды Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпалардың тұрмыс-тіршілігі туралы да көптеген құнды деректер келтіреді [4,47]. Бұл елдердің өзара мәдени рухани байланыстары туралы айта келіп әл-Фараби: «Бұл халықтарда ас-ауқат, нан-су, өмір табиғи құбылыс болып саналады. Олардың оңтүстік қапталында алыста жатқан (Эфиопия мен Судан елдері сияқты) халықтар, шығыстағы солтүстікке қарай созылған көшпелі түркі тайпалары батыстағы солтүстікке қарай орналасқан славян (сакалиба) елдері де бұл дәстүрге жақын жатады. Бұлардың түр-түсі, асы-суы, үй тұрмысы, музыкалық аспаптар мен әуендері өте ұқсас халықтар» - деп жазып, көп халықтар жайлы олардың мәдени байланыстары туралы аса бағалы деректер келтірген. Фараби жалпы музыка жайлы пікірлер айта отырып, музыка әуенімен оның қоғамдық қызметі туралы тоқтала келіп адамды ләззатқа бөлейтін әуен, эмоциялық әсер тудыратын әуен және әдеби текспен (өлшем) байланысты әуен деп үшке бөледі. «Музыканың ұлы кітабының» екінші бөлімінде, адам құлағына жағымды әуендер, дыбыстың табиғи сезілуі, гармония және үндестік, музыкалық тондардың әрқандай ерекшеліктері, сөз болады [4,46].

Әл-Фарабидің «Ғылымдар классификациясы» атты еңбегінде де музыка ілімі туралы негізгі ойлары айқын көрінеді. Мұнда Фараби музыка теориясын практикалық жағынан бірнеше салаға бөлді. Олар: музыка ырғағы, әуені, тондары, өлең айту тәсілдері, композициялары. Бұл еңбегінде Фараби, музыканың адамға беретін әсерін оның қалай шығарылғандығын емес қалай әсер ететіндігіне нақты назар аударған. Табиғат пен адамның үндестігін музыка ғана жақындастыратындығын атап көрсеткен. Құстардың ән салуы мен шыбын-шіркейдің шырылдауынан шығатын үннің әуені адамға музыка шығаруға шабыт береді [5]. Фараби табиғаттан шыққан сан алуан әуендерді бір ортаға біріктіріп бір композиция шығару, тек адамға ғана тән қасиет. Сондай-ақ композиция мен шығарылған өлең сөздерімен ән айтуға адам ғана қабілетті болып табылады деген.

Музыканың адам өмірінде болатын бақыт пен қуаныш, қайғы мен мұң сәттерінде алатын орны ерекше. Мысалы: Қазақ халқының салт-дәстүрлеріндегі сыңсу, беташар, жоқтау т.б. дәстүрлері әуенмен жеткізіледі. Бұның өзі Әл-Фарабидің осы тұжырымына мысал бола алады [5,18]. Тағы бір көңіл бөлетін жай әл-Фараби музыка мен поэзия арасындағы табиғи бірлікті мойындайды. Себебі, Әл-Фарабидің поэзия және әдебиет теориясымен айналысқандығындығын «Трактат және өлеңдер», «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаттарында» зерттелген ғылыми еңбектері айқындай түседі. Осы еңбектеріндегі бірнеше музыкалық дыбыстардың бір мезгілде айтылуы туралы теориясы туралы: «Өзара кемел байланысқа түскен ноталарды, аккорд, туыстық үндестік (гармония) деп айтамыз» деген жерлері бүгінгі музыкалық теориялармен анықтамалармен үндесіп жатыр [6,125].

Әл-Фараби музыкадағы «бақыт» пен «ләззат» түсінігін былай тарқатады. Фараби үшін «бақыт» пен «ләззат» дегеніміз екі түрлі түсінікті білдіреді. Бақыт дегеніміз ақылдан да биік тұратын сезім ретінде таныса, ләззатты рухтың бір бөлігі ретінде қарастырды. Ол – құмарлық. Адамды бақытты қылатын нәрсе – өз құмарлығын жеңу арқылы айқындалады.

Әл-Фараби бақытты білім, музыка, өнер арқылы кемелденуге теңестіреді. Рухани байлықтың мол болуы бақыттың кілтін тапқандай болып көрінеді деген. Білімнен кем

түспейтін музыкада құштарлықтың себептерінен туындайтындығын көрсеткен. Құштарлық шынайлы сезімді айқындайды. Құштар адам шабыттанады, ләззатқа бөленеді. Фараби, «бақыт» пен «ләззаттың» үндестігін музыкадан табуға болатынын атап өткен. «Бірақ бақыт пен ләззаттан болатын қуаныш сезімі музыкада орынын таба алмас еді» дейді. Фараби үшін Қуаныш – өткінші, жасанды бақыт сияқты ұғым. Ал, музыкада жасандылық деген жоқ. Әр әуеннің дыбысталуы шынайы. Күлдіретін, қуаныштың дәмін таттыратын әуен мен қайғыдан жылататын әуеннің астарында тек бақыт пен ләззат жатыр. Фарабидің «бақыт» түсіндігі материалдық игіліктен тәуелсіз, адамның жаны мен тәнінің қасиеттерінен туындайтын қабілеттілікке сүйенетінін түсіндірген. Музыкадағы шығармашылық өнер бұл тұжырымға мысал бола алады. Сан түрлі ноталардан дыбысталып бір адам бойынан әуенделіп шығуы бір бақыт болса, оны тыңдау ләззат болып табылады [6,77].

Әбу Насыр әл-Фарабидың «Музыка туралы үлкен кітабы» ислам әлемі музыкалық эстетикасының бір қырынан көрсетеді. Ислам музыкасының феномені ретінде Фарабидің еңбектері ең үлкен рухани мирас болып табылады. Фараби айтқандай «музыканы әшекейлеу» адамның баға жетпес қабілеті, бақытқа жету жолы. Ол түрік – ислам музыкасының тарихында музыкамен байланысты шығармаларды жүйелі түрде ашып көрсетіп, музыкалық өнердің теориялық принциптерін жан-жақты қарастырған. Фарабидің музыкаға қызығушылық танытқандығынан бөлек, ол осы өнерге қарқынды зерттеулер жүргізіп, еңбектерін мирас етіп қалдырды. Табылған дереккөздердің арасында-Фарабидің іс жүзінде музыканттық пен қатар музыка біліміне сарапшы болғандығына көз жеткіземіз. «Ғылымдар классификациясы» атты еңбегінде музыка негізгі ғылымдардың ішінде бесінші орынға қойды. Фарабидің музыкалық тұжырымдамалары бүгінгі күнге өзінің әсерін тигізіп, дәрежесін айтарлықтай жалғастырып келеді[7,303]. Музыка ғылымын зерттеу үшін, біріншіден, музыкалық сауаттылық, екіншіден, есту қабілетің күшті болу керек», - дейді Аристотель. Ал осы қасиеттердің бәрі әл-Фарабидің бойынан табылады. Ғалымның музыка ғылымы мен өнерінің дамуына қалдырған үлкен қолтаңбасы жайында шетелдің көптеген ғалымдары зерттеулер жазған. «Музыка саласында әл-Фараби бір өзі ғана бас король болып табылады. Басқаша айтқанда, музыка саласында әл-Фарабиге үлгі боларлық, бірінші ұстаз боларлық адам болмаған», - деп бағалайды ағылшынның музыка зерттеушісі Г.Фармер. Әл-Фарабидің музыкалық еңбектері мен Шығыс халықтар аспаптарының шынайы энциклопедиясын жасауы оның есімін ғылым көкжиегіне одан әрі көтерді және музыка саласындағы құндылығы өте жоғары еңбек болып қала береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақтың музыкалық аспаптары.—Алматы: Өнер,1980
2. Н.Т. Ошанова. МУЗЫКАНЫҢ ӘЛ-ФАРАБИ БОЙЫНША МАТЕМАТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ. ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия «Физико-математические науки», №3(71), 2020 г.
3. Дербисали Ә. Б.Абу Насыр Аль-Фараби, «Большой трактат о музыке». -2009ж.-700 б.
4. Абу Насыр Аль-Фараби, «Естественно-научные трактаты»: араб. Ауд. / Алма-Ата: Издво АН КазССР, 1987ж.- 495 с.
5. Жәнібеков, Е. «Әл-Фарабидің физикалық көзқарасы»Алматы: Рауан, 1993ж.- 111 б.
6. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. «Көне мәдениет жазбалары».-Алматы: Қазақ университеті, 1991ж.-398 б.
7. Б.А.Аманиязова, А.А.Кулманова. Әбу Насыр Әл-фарабидің музыка туралы тұжырымдамалары.Вестник Актыобинского регионального государственного университета им. К. Жубанова, №1(59), март, 2020. Искусство, культура и спорт

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ ИДЕЯЛАРЫ

Есіркенова Гулзина Киргизбаевна

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада М. Шоқайдың қоғамдық көзқарастары қарастырылған. Оның саяси қызметі туралы материалдар келтірілген. М. Шоқайдың қазақ халқының азаттық қозғалысына қосқан үлесі атап өтіледі.

Аннотация. В данной статье рассмотрены общественные взгляды М.Шокай. Приведены материалы по его политической деятельности. Отмечается вклад М.Шокай в освободительном движении казахского народа.

Abstract. This article examines the social views of M.Shokai. The materials on his political activities are given. M.Shokai's contribution to the liberation movement of the Kazakh people is noted.

Отан тарихындағы айрықша бір еңсесі жоғары тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқай болып табылады. Мұстафа Шоқай - Қазақстан және Орта Азияның тәуелсіздігі жолында өзін құрбан еткен нағыз халық қаһарманы. Мұстафа Шоқай туралы соңғы он бес жылда көп жазылып жүр. Мұстафа Шоқайдың өмір жолы, Қазақстандағы және шетелде эмиграцияда жүргендегі саяси қызметі, ұлттық тәуелсіздікке қатысты идеяларының қалыптасуы мен дамуы мәселелерін кешенді түрде зерттеу әлі де жүріп жатыр. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметі туралы деректер Қазақстанда жоқ екенін, олардың тек шетелдердің мұрағаттарынан табыларын кәсіби тарихшылар білетіні белгілі. Францияда, Ресейде, Өзбекстанда, Қазақстанда – барлығы 12 мұрағаттарда Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне байланысты материалдар сақталған. Оларда ұлт көсемінің өзі тұстас эмиграцияға кеткен түркі зиялыларымен жазысқан хаттары, кездесулері мен пікір алмасу деректері және шеттілдегі зерттеулер орын алған.

XX ғасырдың бірінші ширегінде саяси аренаға шыққан қазақ зиялыларының көзқарасы мен идеялық бағыттарын зерттеуді көптеген авторлар олардың Ресей социалистеріне (большевиктер мен меньшевиктерге) қатысты позициясын көрсетумен ғана шектеліп келді. Шындығында, Шоқайдың саяси көзқарастарының қалыптасуын оның басты мақсатымен – Түркістанның тәуелсіздігі жолында күресу мақсатымен байланысты қарастырған жөн болады. Демек, Мұстафа Шоқайдың университетте оқып жүрген кезіндегі Петербург қоғамының саяси өміріне белсенді түрде енуі, солшыл және центристік ағымдардың әртүрлі бағыттарының өкілдерімен танысуы олардың идеяларының Түркістанның азаматтық алуы мәселесіне тиімділік тұрғысынан іске асты деуге болады. Шоқайдың студенттік жылдарында шет аймақтардағы халықтардың тәуелсіздігі мәселесі патша өкіметіне қарсы күрестің аясында жүргізілді, сондықтан Шоқай патша өкіметіне оппозицияда болған топтармен танысуға тырысты. Ол жұмысшы қозғалысына да мән берді.

1917 жыл 27 ақпанда Ресейде болған буржуазиялық-демократиялық төңкерістен кейінгі Уақытша үкіметтің қазақ өлкесіндегі жергілікті органдары 1917 жылдың наурыз-сәуірінде құрылды. Облыстарды басқаруға қазақтың ұлттық зиялылары сайланды: 1) Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов – Торғай облысының; 2) Мұхамеджан Тынышбаев – Жетысу облысының; 3) Мұстафа Шоқай – Түркістанның уақытша үкіметінің комиссары болды. Қазақ өлкесінде 1917 жылдары саяси партия мен ағымдар құрыла бастады. 1) Верныйда – «Қара жұмысшылар одағы» (Жетекшісі Жүсіп Бабаев); 2) Сергиопольде (Аягөз) – «Солдаттардың орыс-мұсылман ұйымы»; 3)

Петропавлда – «Жас арбакештер ұйымы». Сондай-ақ жастар ұйымдары құрылып, белсенді жұмыс жүргізді. 1) Әулиеатада, Меркеде «Қазақ жастарының революцияшыл одағы»; 2) Ақмолада – «Жас қазақ» ұйымы; 3) Петропавлда – «Талап» ұйымы; 4) Спасск зауытында – «Жас жүрек» ұйымдары құрылды. Қазақ зиялылары құрған қозғалыстар: 1) 1905 жылы – Алаш қозғалысы; 2) 1917 жылы – Алаш партиясы болып жұмыс жүргізді. Бұлардың әдеуметтік негізі – капиталистік даму жолына бағыт алған зиялылар еді. Олардың мақсаты: 1. Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету; 2. Автономиялық ұлттық мемлекет құру. Бағыты – реформистік капитализм жолы. Жетекшісі - Әлихан Бөкейханов, Ресей либералдық-демократиялық қозғалысының қайраткері, бұрынғы кадет партисының мүшесі. Алаш партиясының мүшелері: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ш. Құдайбердиев, Мұхамеджан Тынышбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ғ.Қарашев, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, Досмұхамедовтар болды. «Алаш» партиясы жетекшілері қазан төңкерісіне дейін Қазақстанның дамуына өз көзқарастарын білдіріп, бағдарламаларын насихаттады. Федеративтік Республикаға кірген әр мемлекет басқа мемлекеттермен өз бетінше жұмыс істей алады деп санады. «Алаш» партиясы ақиқат жағында еді.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың тоғысында Ташкент қаласы мен Түркістан өлкесінің әлеуметтік-саяси өмірінде жергілікті қазақ зиялыларының ұлттық санасы мен саяси мәдениетінің дамуына күшті әсер еткен маңызды өзгерістер болып өтті. Осы қауымның өкілдері (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, С. Асфендияров, М. Шоқай және т.б.) мұсылман дүниесінде басталған реформаторлық қозғалыстың белсенді қайраткерлері атанды. Билік басына большевиктерді әкелген 1917 жылғы Қазан төңкерісі көптен күткен ұлттық бостандық пен өзін-өзі билеу құқығына қол жеткізу туралы ұлт зиялыларының қиялдарын теріске шығарды. Түркістан мұсылмандарының табиғи азаматтық және саяси құқықтарын мойындамаған Ташкент большевиктерінің арандатушылық әрекеттері жергілікті халықтың өз бетінше Түркістан Автономиясын жариялау туралы шешім қабылдауына мәжбүр етті. М.Шоқай, М.Тынышбаев, М.Бехбуди, У. Ходжаев, Х.Ю. Ақаев, А.Оразаев, О.Махмудов және т.б. бастаған Түркістан Автономиясының басшылығы Түркістан халқының барлық әлеуметтік топтарына, саяси бірлестіктеріне автономияға қолдау көрсету мен оның Үкіметі және Халық Кеңесі (парламенті) маңына жұмылуға үндеді.

Тарихи мәлімет бойынша, XX ғасырдың 30-жылдары Ахмет Байтұрсынов бастаған бірнеше қазақ зиялылары түрмеге жабылғанда, большевиктер тарапынан «өз қателіктеріңді мойындап, кеңес үкіметіне адал қызмет ететіндерің жөнінде ашық хат жазыңдар» деген ұсыныс түскен көрінеді. Сонда Ахаң Мұхтар Әуезов пен Әлімхан Ермековты былай шығарып алып: «Сендер жассыңдар, бізге екеуіңнің аман қалғандарын керек. Қателесіппіз деп мойындап хат жазыңдар. Тек біз көтерген Алаш идеясын болашаққа жеткізіндер»- деп айтқан екен. Біздің Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Әлихан бөкейханов және т.б. Алаш азаматтарын еске ала беруіміздің себебі, олардың Рухы жойылмаған. Олардың рухын ту етіп ұстаған адамдар арамызда бар, олар ертең де болмақ. Әр заманда қоғамда рухты сабақтастырушы, жалғастырушы адамдар болады. XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ қайраткерлерінің саяси күресінің ең басты мақсаты – ұлт тәуелсіздігіне жету еді. Бізге 1991 жылы келген егемендік осы ерлік іс, характертердің нәтижесі.

Алаш ұғымы қазақ халқының шығу тарихымен байланысты. Алаш – ертедегі түркі тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы деп түсіндіреді тарихшы Хадиша Ермұханова («Қазақстан тарихы» 836.) Ол «Алаш» сөзі IX-X ғ.ғ. алғаш рет айтылған деп тұжырымдайды.

Қызыл Арыстан хан – Алаш: Үйсін батыр; Болат батыр; Алшын батыр. Үйсін батыр – Ұлы жүз; Болат батыр -Орта жүз; Алшын батыр – Кіші жүз.

«Қазақ» этнонимі туралы М.Ақынжанов болжамы: еркіндік аңсаушы, батыл. Қазақ елінің, қазақ жұртының тағдыры сынға түскен тарихи кезеңдерде, алмағайып

замандарда әсіресе қазақ зиялылары жанқиярлық еңбек көрсетті. Ұлт болашағын ойлап қам жеген, халқы үшін от пен суға түскен, азап шеккен, керек болса осы мақсатта басын бәйгеге тігіп, жан қиған да осы Алаш арыстары болды. Әсіресе, ұлттық тәуелсіздік үшін күресте олардың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тізе біріктіріп, ел санасын оятудағы қыруар еңбегін ұмытуға болмайды.

Алайда, 1937 жылғы қырғында қазақтың қаймағы болған арыстарымыз қуғын-сүргінге ұшырап, көпшілігі ату жазасына кесілді. Ажалдан аман қалғандарының өзі ұзақ жылдар бойында ескерусіз қалдырылды. Тәуелсіздік алуымызбен байланысты кешегі кеңес өкіметі кезінде қатаң тыйым салынып келген Алаш қозғалысы мәселесі қазіргі таңда отандық тарихымыздың негізгі әрі маңызды құрамдас бөлігі ретінде қайта құрылып, зерттелуде. Бұл арада биыл қараша айында өтіп жатқан «Алаш идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға жиналған зиялы қауым өкілдері алаштану ғылымына қатысты құнды пікірлер айтары сөзсіз. Алаштың 90 жылдық мерейтойын өткізуге мүмкіндік туғызып, қолайлы жағдай жасауының өзі алдағы 10 жылда атқарылар істерді алдын-ала ойластырып алуды жүктеп отыр деп ойлаймыз.

«Алашорда» үкіметінің белсенді мүшелерінің бірі Мұстафа Шоқай болатын. Әлихан, Мұстафа, Міржақып үшеуі қол қойып, «Алаш ұлына» деген тақырыппен «Қазақ газетінде жариялаған хатта» олар өз сезімдерін мынадай сөздермен білдірді: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз һүкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі һүкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе, оны артып, ақырында Ресей қол астындағы халықтардың бәріне дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді». Осы сөздерде Алаш қозғалысы басшыларының болған оқиғаға көзқарасы мен бағасы да, олардың болашақтағы іс-қимылға бағдар етіп алатын жөн-жобасы да бар еді.

Уақыт туғызған мүмкіндікті пайдаланып, еркіндікке қол жеткізер кезде Түркістан мұсылмандары бірлік таныта алмай, екі топқа бөлініп: бірі – консервативті, екіншісі – прогресшіл бағытты ұстанады. Екінші бағыттың басында тұрған Мұстафа Шоқай осы кезде құрылған Түркістан автономиясының Уақытша үкіметінің сыртқы істер министрі, кейін Бас министр қызметін атқарады. Мұстафа Шоқай Түркістанның бостандығын аңсаған, сол үшін жан тәнімен күрескен ер. Бұл күрес жолында ол жалғыз болған жоқ. Өзінің «Жас Түркістан» деген еңбегінде «Өткен жолдарымызда жіберген қателіктеріміздің ащы сабағын ескеріп, оған Түркістанды тәуелділіктен түпкілікті құтқарудың тиісті шараларын қабылдауымыз керек» – деп жазды. Мұстафа Шоқайдың айтар аталы сөзі: «Түркістан – күллі түркі тілдес халықтардың ортақ отауы, ол ешқашан бөлінбейді». Ол Түркістанды ата-мекенім деп ардақ тұтатын түркі халықтарын біртұтас бірлікке шақырды. Бірақ ол кезде бұл шешілмейтін түйінді мәселе еді. Соның өзінде ол осы ойынан тайсалмады. Мұстафа Шоқай Түркістанның өз тағдырын өзі шешуге қабілеті бар демократиялық егемен мемлекет болатына сенді.

Ташкент жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі өзін бірден-бір билік иесімін деп есептеп, Қоқандағы Мұсылман автономиясына қарсы қанды қырғын ұйымдастырады. Қоқандағы болшевиктер ойранынан зорға қашып құтылған Мұстафа Шоқай Иргаш құрбашының бандыларының қолына түседі. Әйтеуір аман қалады. Бұдан кейінгі басталған оның эмиграциядағы өмірі де қиыншылыққа толы еді. Жат жерде қаржы қаражатсыз жүргеніне қарамай, тынымсыз саяси-ғылыми-баспагерлік қызметімен айналысады. Бұл - Мұстафа Шоқайұлының өз халқының тәуелсіз болашағы үшін білек сыбанып, ымырасыз күреске түскен жылдары еді.

«Қайтсек жұрт боламыз?» деген сауал толғандырған Алаш арыстары: «Жұрт елдігі бүгінгі күнгі тірі жүрген адам баласына ғана хас емес, кейінгі нәсіл, үрім-

бұтақтың қор болмауы үшін керек зат. ...Кейінгі буынның ата-бабасы – бүгінгі тірі жүрген біздер. Біз келешекті ойламасақ, кейінгі нәсіліміз бізді қарғамай ма? Алла хұзырында, барих алдында біз жауапкер емеспіз бе?» Естіген адамның санасын селт еткізгендей осы сөздерден байқағанымыз, алаш қайраткерлері өздеріне үлкен жауапкершілікті арта білген. Мың жылда бір туар, Конфуций айтқан «текті азамат» осы алаш көсемдері болар дейсің, кейде аңлап отырып. Олар шынайы патриотизмнің үлгісі бола алады. Қазіргі заманғы жастарды тәрбиелеу процесінде осындай ұлыларымызды ұлағат тұтқанымыз тиісті. Мұстафа Шоқай адамзаттық құндылықтарды жоғары бағалады, гуманизм принципін ұстанды. Неміс басқыншылығын адамзатқа жасаған зұлымдықтары үшін айыптады. Әділеттік, өркениеттік, мәдениеттілік адамзат үшін қажет екенін түсіне білді.

Мұстафа Шоқай халық бақыты үшін күреске бел байлап кіріскен адамдар үшін айқын үміт, берік сезім, қалтқысыз иман сияқты қасиеттерімен қатар терең білім қажет дейді. Ол: «Жеңіске жету үшін осы аталған қасиеттермен қатар білім қуаты керек. Техникалық білімге ие болу, қару-жарақтарды емін-еркін қолдана білу ...азаттық күреске аса қажет... Адамға үшін, адаса қалғанда дұрыс жолды қайта табу үшін де білім керек» [1, 81б.]. Осы ой орамдарында Жүсіп Баласағұнның өсиеттерінің сарыны белгі беріп тұрады. Мұстафа Шоқай күрескер тұлға болу үшін үміт, иман, сенім тәрізді рухани моралдық факторлармен бірге ғылыми-техникалық білімнің өзара тығыз бірлігі қажеттігін айтады. Білім орындарындағы оқушылардың ұлттық құрамының мардымсыздығын ерекше көрсетіп, бөлінген қаржылардың қазақ мектептеріне жетпей жатқандығына қынжылады.

Мұстафа Шоқай білімділікке қол жеткізудің басты шарты – адамның ұлттық рұхының күшті болуына байланысты дейді. Оның пікірінше, ұлттық рұхтың көтерілуі, оның негізі ұлттық тіл болып табылады. Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде жастардың ұлттық тәрбиесі туралы мәселелер ерекше көтерілген. Алаш қайраткерлеріне қатысты деректерді ғылыми тұрғыда, шынайы ғалымдық көзқараспен салмақтап, саралап ала білуіміз керек. Семей мемлекеттік университетінің жанынан Алаштану ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Семей қаласы - тұңғыш Алашорда өкіметі ту тігіп, тәуелсіздігін жария еткен және де Алаш көсемдері Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған қазақ зиялыларының өшпестей болып ізі қалған қала.

Өзіндік айрықша орны бар туындылар ретінде Дархан Қыдыралиевтің және Көшім Есмағамбетовтың «Әлем таныған тұлға (Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы)» атты кітабын - Мұстафа Шоқай туралы зерттеулердің ұтымды үлгісі деуге болады. Зерттеуші ғалым Алаш арысы өмірінің бұрынғы шыққан басылымдарда әртүрлі айтылып жүрген фактілерін де қарастырып, шетелдік деректерді салыстыра отырып, дәлелді түрде жүйелеген. К.Есмағамбетов Мұстафа Шоқайдың мемлекеттік қайраткер, саясаткер, ғалым ретінде қалыптасу жолын жеке кезеңдерге бөліп, «М. Шоқай дүниетанымының қалыптасуы», «Бостандық үшін күрес жолында», «Түркістаннан Парижге», «Ұлттық қозғалыстың ұйымдық негіздерін қалау», «Ұлттық қозғалыстың стратегиясы мен тактикасын айқындау» деген тақырыптармен топтастырған. М.Шоқайдың бейнесін жан-жақты сомдаған ғалым Көшім Есмағамбетов болып отыр.

Шынында да Шоқайдың халықаралық мәселелерге жазған мақалалары оның дүниежүзілік соғыстар аралығындағы халықаралық қатынастарды, ондағы ірі мемлекеттердің рөлін, өзіндік мақсаттары мен дипломатиялық «ойындарын» терең түсініп, талдау жасағанын көре аламыз. Мұндай ой түйюімізге М.Шоқайдың Париж мұрағатында сақталып, осыдан аз уақыт бұрын отанына оралған жазбалары мен еңбектері негіз болады. Шоқай дарынды ғалым, ол сол зерттеушілік қызметінің де туған халқының азаттығы жолындағы күреске зиянын тигізбеуін көздейді. «Көрнекті түріктанушы ғалымдармен және Батыс елдерінің зерттеу орталықтарымен шығармашылық байланыстар орнатуға мүдделілік танытқанымен, М.Шоқай өзінің

саяси ұстанымдарына қайшы келетін қадамдарға бармайтын, - деп жазады К.Есмағамбетов. – Ол орыс бодандығындағы мұсылман халықтарының дербес өмір сүруге құқылығын мойындамайтындармен қандай да болсын қарым-қатынастан ашық түрде, ешбір күлбілтесіз бас тартып отырды» [2, 154б.]. Шоқайдың еңбектері Батыс елдерінде сенімді дерек көзі ретінде саналды. Жалпы алғанда, кеңес өкіметі басшыларының Шоқайды ұнатпауының бір ұшығы осында жатқан тәрізді.

«Жат жерде қаржы-қаражатсыз жүргеніне қарамай, тынымсыз саяси-ғылыми-баспагерлік жұмыстармен айналысады. Бұл – Мұстафа Шоқай ұлының өз халқының тәуелсіз болашағы үшін білек сыбанып, ымырасыз күреске түскен жылдары еді» [3, 280б.]. Соңғы жылдарда мұрағаттардың бұрын құпия болып келген көптеген қорларының ашылуы белгілі қазақ зиялыларының өмірін, өзара қарым-қатынастарын толық зерттеуге мүмкіншілік берді. «Біздің заманымыздың адамына тән барлық адасулардан бір ұрпақтың өмірі барысында толық арыламыз деу қиын, мүмкін адамзат өз тарихының тар өлшемінен шығып, жаңаша ойлауға ие болғанша ұзақ жылдар керек болар», - деп Э.Фромм айтқандай, еліміздің тарихындағы аса бір күрделі де қайшылықты болған кеңес заманындағы жеке тұлғалардың қазақ халқының азаттық қозғалысы тарихындағы орнын анықтау талай-талай дау-дамай туғызатын да шығар [4, 105б.]. Демек, болашақ зерттеушілердің алдында тарихымыздағы белгілі жеке тұлғалардың әрқайсысының өмірі мен қызметін, көзқарасы мен ой-дүниесін объективті түрде ғылыми тұрғыдан зерттеу міндеті тұр.

Әдебиеттер:

1. М.Шоқай. Таңдамалы шығ., II том, 87б., I том, 201б.
2. Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға. Алматы, 2008. -251 б.
3. Жолдасбеков М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. Астана, 2001. - 279 б.
4. Фромм Э. Человек для себя. Москва, 1998. -116б.
5. Чокай-оглы М. Туркестан под властью Советов. – Оксфорд, 1985. – 148 с. (на русск.яз.)
6. Нұрпейсов К. Алаш және Алашорда. Алматы, 1995. -156б.
7. Тәкенов А.М. Шоқай туралы естелік. Алматы.
8. Қойгелдиев М. Біртұтас Түркістан. М.Шоқаев. Алматы, 1997. -265 б.
9. Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы.- Алматы: Санат, 1995. – 368 б.

АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

Абенов Ербол Мубараквич

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, саясаттану ғылымдарының кандидаты, Қызылорда, Қазақстан

Қазақ диаспоралары мен ирреденттерінің және эмигранттарының қоғамдағы сан түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың әсерінен ең бірінші жақын шетелдерге шашырап қоныстанатыны заңды құбылыс.

Осыған сәйкес, ұлтымыздың ирреденттері мен диаспоралар көпшілік бөлігі көрші Ресей, Қытай, Өзбекстан мен Монғолия елдерінде қоныс тепсе, қалған бөліктері өзге Азия мемлекеттерінде шоғырланған.

Ресей территориясының кейбір өлкелерінде біздің жыл санауымызға дейін-ақ скиф, сармат тайпаларының тұрағы, кейіннен ғұн, түркі тайпаларының ата мекені болды. Бұған археологиялық қазба деректермен сол дәуір ескерткіштері – тас мүсіндер, жер-су атаулары дәлел бола алады. Осы мәліметтерді негізге алсақ Орынбор қазақтарының автохтонды өлкенің ежелгі тұрғындары екендігі күмән тудырмайды.

XIV–XV ғғ. өмір сүрген атақты Асан қайғы, қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Әз Жәнібек XV ғасырдың екінші жартысында Еділ өзені аймағына көшіп келгені туралы былай деп айтқан: Еділ деген қиянға, Енкейіп келдің тар жерге. Мұнда кеңес қылмасаң, Кеңестің түбі нараду... [Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989. 2, 46-б.] Бұл деректен, Еділ өзені жағалауы бойындағы жерлердің қазақтардың ата қонысы болғанына толық көз жеткіземіз.

1731 жылы басталған қазақ жүздерінің Ресейге қосылу үдерістерінен кейін қазақтардың Ресей территориясы бойынша көшпенді орын ауыстыруы басталды. Нәтижесінде, кейінгі жүз жылда Ресей Қазақстанның барлық жерін жаулап алды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының ішкі экономикалық жағдайы төмендеп, ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырай бастады. Оның негізгі себептерінің бірі орталық қара топырақты аудандарда жердің тарылып, шаруалардың күйзеліске ұрынуы болды. Патша өкіметі бұл экономикалық жағдайдан шығу үшін, өз иелігіндегі отар елдердің жерлеріне орыс шаруаларын қоныстандыру саясатын қолға алды. Бұл қоныс аудару реформасы XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап I-ші дүниежүзілік соғыс қарсаңына дейін жүзеге асырылды. Нәтижесінде, жерсіз қалған немесе құнарсыз жерлерге ығыстырылғын қазақтар Қытай жерлеріне қоныс аударуға мәжбүр болған.

1914 жылы басталған I-ші дүниежүзілік соғыс Ресей империясының қол астындағы халықтарға зор қайғы-қасірет шектірді. Соның ішінде, қазақ халқына да бұл соғыс ауыр зобалаң тудырды. Соғысты сылтау еткен патша өкіметінің шенеуніктері жергілікті жерлерде ойына келген әрекеттер жасап, халыққа қорлық көрсетумен болды. Халықтан ауыр алым-салық жиналып, шұрайлы жерлер тартып алынды. Жаппай жерсіз қалған және ауыр алым-салықтан қатты күйзелген қазақтар, патша өкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы 19 бен 43 жастың аралығындағы ер-азаматтарды соғыстағы қара жұмысқа алу туралы Жарлығына қарсы көтеріліске шықты. Бұл көтеріліс бүкіл Қазақстан жерін қамтып, ұлт-азаттық сипаттағы көтеріліске айналды. Осы көтерілісті аяусыз басып-жаншу мақсатындағы жазалау шараларының нәтижесінде қазақ халқының тағы бір бөліктерінің Қытай, Монғолия жерлеріне ауа көшуі, шетелдердегі қазақ диаспораларының пайда болуының келесі тарихи кезеңінің басталуына түрткі болды.

Қазақ халқының басына қара бұлт үйірілген 1916 жыл оқиғасына жалғасқан азамат соғысы, 20-шы жылдар соңындағы байлардың мал-мүлкін тәркілеу, 30-шы

жылдардағы зұлмат нәубет аштық, «жапонның т.б тыңшыларын әшкерелеу», ұлтымыздың ақиқаты мен ары іспетті бар қаймағын сыпырып алған 37-нің қасіретті қырғыны – қазақ диаспорасының алыс-жақын шетелдердегі санының еселеп артуына әкелді.

1931-1933 жылдардағы зұлмат аштық жылдарында Қазақстан тұрғылықты халқының 64 процентінен айрылған. Қазақстан халқының саны 1930 жылы 5,9 миллион адам болса, 1933 жылы 2,5 миллион адамға дейін азайып кеткен. Осы алапат ашаршылық жылдары Қазақстан шекарасынан шығып, босқыншылыққа ұшыраған қазақтар саны – 1 миллион 31 мыңға жеткен. Олардың 165 мыңы бұрынғы Кеңестер Одағының шекарасынан әрі асып, Қытайға, Монғолияға, Ауғанстанға, Иранға, Түркияға өтіп кеткен. Олардың көпшілігі туған жерлеріне қайтып оралған жоқ. Ал, жақын көрші елдерге және Ресейге қоныс аударып, орнығып қалғандар санын дерек көздері 450 мың деп көрсетеді.

Қазақ халқының өмір сүру тарихында ғасырлар бойы көршілес Қытай елінің жүргізіп келген саяси әрекеттері ықпал жасап келгені көпшілікке мәлім. Осы елмен экономикалық, сауда-саттық және саяси қарым-қатынастарда, сан түрлі тарихи оқиғалар мен әлеуметтік қақтығыстарда қазақ халқы бірнеше рет демографиялық ассимиляция мен миграциялық көші-қон үдерістеріне ұшырады.

Сондықтан да, қазіргі заманда Қытай жеріндегі қазақ ирреденттері мен диаспорасы ең үлкен шоғыр болып саналады. Қазіргі уақытта ондағы қазақтардың саны түрлі мәліметтер бойынша 2 миллионға жуықтайды. Көптеген есептеулердің сәйкессіздігінен мұның өзін де нақты деп санауға болмайды.

Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік экономикасы мен оқу-ағарту істері өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап құлдыраған болатын. Ол үрдіс ХХІ ғасырда да жалғасып отыр. Оның басты себебі, Шынжанды қауырт игеру науқаны ондағы қазақтарды табиғи түрде әлеуметтік-экономикалық құрылыс процесінен ығыстырып тастады.

ХХІ ғасырдың басынан бастап Қытайдағы қазақтар өте ұлы әлеуметтік өзгерістерді бастан кешіруде. Қытайдың ішкі интеграциясы мен модернизациясы Шынжандағы қандастарымыздың отырған ортасын, өндіріс түрін және тұрмыс тәсілін тез қарқынмен өзгертуде.

Шетелдердегі қазақ диаспоралары негізінен екі түрлі жолмен пайда болды. Бірінші, Ресей мен Қытай қазақ жерлерін түгелдей отарлағаннан кейін, олардың осы жерлерді өзара бөліске салу нәтижесінде дүние-мүлкі, жер байлығымен қоса аталмыш елдердің боданында қалған қазақ ирреденттері болса (Қытай, Ресей және Өзбекстандағы қазақтар), екіншісі Қытай мен Ресейде болған революциялық төңкерістер, саяси қуғын-сүргін, азаматтық соғыстар, геноцид, тәркілеу секілді тағы басқа толып жатқан зұлматтардың кесірінен, тарихи Отанынан бас сауғалап басқа елдерді паналауға барған босқындардың диаспораларға айналуы.

Қазіргі уақытта қазақ диаспорасының ауқымды бір бөлігі Өзбекстанда орналасқан. Ондағы қазақтардың саны 1 миллионнан асады деп есептелінеді.

Өзбекстанның солтүстік-шығысын ежелден-ақ қазақ тайпалары мекендегені тарихтан белгілі. Әсіресе, б.з.д. IV-III ғасырлардың өзінде Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы қаңлы тайпаларының Үлкен тайпалық одаққа біріккені белгілі.

К.Қобландин мен Г.Меңдіқұлованың зерттеуінде Өзбекстан қазақтарының тарихын 4 кезеңге бөліп қарастырады. Біріншісі, қазіргі Өзбекстан аумағында қалып қойғанымен, Қазақстанмен іргелес жатқан аудандардағы, бұрыннан қазақ руларының жайлап қоныстанған атамекені екенін дәлелдейді.

Соңғы 20 жылда қазақтардың атамекенге жиі көшуінің бірнеше себептері бар: 1.Келешек балаларын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуын және жұмысқа орналасуын көргісі келгендер; 2.Ағайын-туыстарға қосылғысы

келгендер; 3.Әлеуметтік-экономикалық факторлар; 4.Көшіп жатқан азаматтарға еліктеп көшу және тағы басқа.

Өзбекстаннан Қазақстанға қазақтардың көшуі жалғасады, бірақ Өзбекстандағы қазақтардың барлығы көшпейді. Себебі, сол жердегі қазақи тамыры терең кеткен, сол жердегі қазақша өмір сүру дағдысы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі биік деңгейде қалыптасқан, ұлттық сана-сезімі шындалған, қаймықпаған, ұлттық сана-сезім басқа рухани сезімдерден басым екені анықталған. Қазақ ұлты өкілдерінің Түркменстан жеріне қоныс аудару тарихы XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезеңінен бастау алады. 1910-1911 жылдары Батыс Қазақстанда болған үлкен жұттың әсерінен 2000 астам отбасынан құралған адай руының қазақтары Ашхабад темір жолы желісінің бойына қоныс аударады. Ел жұтқа ұшырап, қалай жанын сақтап қалудың амалын ойластырумен күн кешіп жатырса, билік басындағылардың ойлағаны – салық жинап алудың әрекеті болды. Жалпы, 1927-1928 жылдарғы Маңғыстауды шарпыған жұттың нақты дерегі, қанша адамның өлгені және қанша адамның өзге елдерге көшіп кеткені туралы мәліметтер жоқ.

Қазақтардың Түркіменстан жеріне босуы саяси оқиғаларға байланысты XX ғасырдың 30-жылдары да толастаған жоқ. Оның үстіне, күйзелген шаруашылықты одан сайын дiңкелеткен тәркілеу мен ұжымдастыру науқаны келіп жетті.

Қазіргі күні соңғы санақ мәліметтері бойынша Түркіменстанда 110 000 қазақтар тұрады.

Ежелгі заманнан бері тарихи үдерістің даму барысында байланысымыз бен қарым-қатынасымыз үзілмеген көршілес Қырғызстан елінің халқымен қазақ жұртшылығы қоян-қолтық өмір сүріп келеді. Сондықтан, әлеуметтік-экономикалық, саяси ахуалдарға байланысты осы екі ел аймағындағы жерлерде халықтың көші-қон үдерісі толастаған емес.

Жалпы алғанда, Қырғызстандағы біздің отандастарымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайы орташа көлемде. Кейінгі қазақ ұрпақтарының бір бөлігі аралас некеден туғандықтан, ассимиляция қаупін арттырып отыр. 1999 жылғы ұлттық халық санағының мәліметтеріне қарағанда 42 657 қазақтың 7546-сы ана тілін қырғыз тілі, 2449-орыс тілі, 95-сі өзбек тілі деп көрсеткен. Мұның басты себептерінің бірі қазақ диаспорасы жинақы тұратын аудандарда қазақ орта мектептері мен балалар мекемелері жоқ деуге болады. Қырғызстанда қазақ тілінде теле және радио бағдарламалар таратылмайды.

Түркияға қазақ диаспорасы негізінен өткен ғасырдың 50-ші жылдарында Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Алтай округінен («алтай қазақтары») көшіп барып, қоныстанған. XX ғасырдың 80-ші жылдары, оларға Ауғанстан мен Ираннан босқын ретінде қоныс аударған қазақтар барып қосылған.

Түркияда тұратын қазақтар жинақы орналасқан. Түркиядағы қазақтардың саны туралы әртүрлі мәліметтер келтіріледі. негізі 19 000-нан 25 000 сандар аралығы жиі айтылады.

Алыс шет мемлекеттерде қазақ диаспорасының басым көпшілігі 1920-1930 жылдары ашаршылық, қуғын-сүргін, ұжымдастырудың кері салдары, басқа да түрлі себептерге байланысты отандарын тастап кетуге мәжбүр болған. Қазақ халқының бір бөлігі осындай тарихтың аласапыран жылдарында тағдыр тәлкегіне ұшырап, небір қиыншылықтарды бастарынан өткізіп, Қазақстанның батыс аймағы Маңғыстаумен теңіз арқылы көршілес мемлекет болып саналатын Иранға қоныс аударды.

1927-1928 жылдың қысында, одан кейінгі жылдарда да жұттан күйзелген Маңғыстау халқының көпшілігі көршілес Красноводск, Байрамәлі, Тедженге қоныстанды, одан әрі Түркменстан жері арқылы Иранға босқындыққа түсті.

1931 жылы аяусыз қырғын адай халқына жан кешті қырғын, саяси қуғын-сүргін, геноцид әкелді. Босқындар мен ауа көшкендер Түркімен жері мен Қарақалпақстан арқылы әрі қарай шет елдерге – Ауғанстан мен Иранға өтті.

Ирандағы қазақ диаспорасы бұрынғы заманнан сол елді мекендеп келе жатқан халық емес. Үкімет тарапынан жүргізілген қуғын-сүргіннен және аштықтан қорыққан қазақтар республикадан тысқары жерге және шетелге жаппай көшуге, өздерінің туып-өскен жерінен безуге мәжбүр болған.

Қазақтар Иранда қазақ мақалласын (ауылын) құрап отыр. Иран қазақтары бастапқы жылдары тек күнкөрістің қамын ойлап, әр түрлі кәсіппен айналысып, бір жапырақ нан үшін тіршілік кешті. Ауғанстан еліне қазақтар алғаш рет шамамен 1865 жылдары Тәжікстан арқылы көшіп барған көрінеді. Олар Адай руының Қосай, Еміл тобы екен. Аталған топ Тәжікстанның Гүлаб деген жеріне барып, сондағы таулы аймағындағы бір тесіктен өтуді ұйғарып, ойын іске асырыпты. 1917 жылы Кеңес өкіметі орнағаннан кейін бұл ел басына нәубет келіп, қайта босып Ауғанстанға барлық мал-мүлкімен өтіп кетеді. Бірақ, Ауғанстан жерін жерсінбеген мал түгелдей қырылып, халық ашаршылыққа ұшырайды. Жан бағуды күйттеген азаматтар Кеңес еліне өтіп, басмашыларға қосылып, ел тонауға кіріседі. Қалған бөлігіне Ауғанстан өкіметі Бағлан, Гори деген жерлерден жер-су беріп, шыбындылық жерлерге орналастырып, шаруашылыққы бейімдейді. Шеттегі қазақ диаспорасының ішінде Моңғолиядағы қазақтар тілін, дінін сақтап келе жатқан топтың бірі. Моңғолияның Ұлттық статистикалық басқармасының мәліметтері бойынша этникалық қазақтардың жалпы саны 102 983 адам, яғни монғолдардан кейінгі екінші орынды иеленеді. Олардың ішінде Баян-Өлгей аймағында 83 776 адам, Хобда аймағында — 12 215, Улан-Батор мен оның төңірегінде – 7 504, ал Эрдэнэт, Дархан, Бэрх және Шарыгол өнеркәсіптік аудандарында – 4 245 адам тұрады. Қазақстан Республикасы Елшілігінің нақтыланған мәліметтері бойынша Моңғолияда 126 000-нан астам қазақтар тұрады. Республикаға қазақтардың қоныс аударуы Қазақстан мен Моңғолия арасындағы еңбек нарығы мен халықты жұмыспен қамту саласындағы өзара ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес 1991 жылдың қыркүйегінен басталды. Барлығы 83 000 адам көшіп келді. Кейіннен 12 000-нан астам қазақ Моңғолияға кері оралды. 70 278 адам Қазақстанда өзінің жаңа отанын тапты.

Әдебиеттер:

- 1.Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989. 2, 46-б.
- 2.Мендикулова Г.М. «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие.» А., 1997.
- 3.Халифа Алтай. «Алтайдан ауған ел». – Алматы, 2014.
- 4.Қозғамбаева Г.Б., Қалыш А.Б. «Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы»: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
- 5.Кобландин К.И., Мендикулова Г.М. История казахов Узбекистана и их сегодняшнее развитие. Алматы, 2009.
- 6.Қамиева Г.Б. Түркіменстан және қазақ диаспорасы. N 3-4.
- 7.Е.Арын, Е.М.Әбенев, Қ.Бодауханұлы. Қазақ диаспорасының көші-қонын үйлестіру жәйттері. Саясат ақпараттық талдау бюллетені 1997 жыл, наурыз. №3

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТОҒЫСУЫ: ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Насимов Мұрат Өрленбайұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қызылорда,
Қазақстан

Аңдатпа. Бұл зерттеуде тұлғаның өзін-өзі анықтауы шеңберіндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар зерттеледі. Заманауи қоғамдағы әлеуметтік-мәдени контексте жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау ерекшеліктері талданады. Киберәлеуметтенудің дәстүрлі құндылықтарға ықпалы және инновациялық үрдістерге бейімделуі қарастырылады. Зерттеу нәтижелері жеке тұлғаның рухани және кәсіби дамуындағы өзгерістерді көрсетуге бағытталған. Алынған нәтижелерді білім беру мен әлеуметтік саясат саласында қолдануға болады.

Аннотация. В данной исследовании рассматривается самоопределение личности с точки зрения традиционных и инновационных ценностей. Анализируются особенности самоидентификации личности в социокультурном контексте современного общества. Изучается влияние киберсоциализации на традиционные ценности и адаптацию к инновационным процессам. Результаты исследования направлены на выявление изменений в духовном и профессиональном развитии личности. Полученные выводы могут быть использованы в сфере образования и социальной политики.

Abstract. This article explores personality self-determination in the context of traditional and innovative values. The features of personal self-identification within the socio-cultural environment of modern society are analyzed. The impact of cybersocialization on traditional values and adaptation to innovative processes is examined. The study results aim to reveal changes in the spiritual and professional development of individuals. The findings can be applied in the fields of education and social policy.

Құндылықтар біздің ойлауымыз бен мінез-құлқымыздың негізі саналады және бағалау, артықшылықтар, негіздемелер мен шешімдер қабылдауға әсер етеді. Құндылықтар белгілі бір этикалық стандарттар мен моральдық борыштарды шабыттандырып, адамгершілікке бағыттайды. Сондай-ақ қоғамдық және жеке мақсаттарға басымдық беру әлеуметтік «жақсы» мен «жаман» айналасындағы сенімдерді құрылымдайды.

Әлеуметтік тұтастық салыстырмалы түрде тұрақты ортақ құндылықтардан тұрады және бұл қоғамның кодификацияланған жасырын сценарийлер деңгейіндегі нормалардан білінеді. Осылайша, құндылықтар жеке, ұжымдық әрекеттерді «жасырын» түрде басқарады және дербес тәжірибелер арқылы өзгереді. Өйткені қоғам азаматтарды олардың әрекеттері мен мінез-құлық ниеттері үшін сынайды әрі марапаттайды. Сонымен қатар, өзгелермен құндылықтарды, мінез-құлық пен тәжірибені бөлісу топтық ұлттық сезімдерді қалыптастыру, қолдау және әлеуметтік бірегейлікті нығайтуға көмектеседі. Отбасы, құрдастар, мектеп пен үкімет саяси қатысуды қамтитын әлеуметтену процестері шеңберінде оңшыл, солшыл немесе орталықшыл құндылықтарды теориялық және практикалық жүзеге асыруға септігін тигізеді. Сондықтан осы құндылықтардың тұжырымдалуы қарастырылып отырған қоғамды түсінудің негізгі құралдары болып табылады. Сайып келгенде, қоғамдағы белгілі бір топтардың келісілмеген мінез-құлқы кемсітуге әкеледі және әлеуметтік өмір мен наным-сенімдерді өзгерте алатын басқа басым құндылықтарды күшейтеді.

Құндылықтарды зерттеу жеке шешімдер және қоғамның ұжымдық болашағын қалыптастыру қабілетіне байланысты іргелі мәселе екенін көрсетіп отыр. Дегенмен, құндылықтардың даму процесіне байланысты олардың анықтамасы мен тұжырымдамалық негіздері өзгереді. Себебі жоғалып кеткен және бүгінгі күні ең жоғары әлеуметтік тәжірибеге қайта оралған ұзақмерзімді құндылықтар инновациялық қағидаларды білдіреді. Демек, өзгерістер парадигмасы басым болған кезде құндылықтардың мәні өзгереді.

«Дәстүрлі құндылықтар» термині тамыры тереңде жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа ұзақ жылдар бойы жалғасқан барлық құндылықтарға қатысты қолданылады. Құндылықтар адамдардың физикалық, психикалық және моральдық өміріне ықпал жасайды. Дәстүрлі құндылықтар саласының басымдығы өзгерістерден тұрақтылыққа, жаһандық ынтымақтастықтан жергілікті басымдыққа, дербес пайдадан ортақтыққа және жастарды жаңашылдыққа шақыруда халық даналығын пайдаланумен ерекшеленеді. Керісінше, өнеркәсіптік, ғылыми-техникалық революция бастаған өркениетпен анықталатын инновациялық құндылықтар өткенге қарағанда болашаққа көбірек бағытталады. Бұл құндылықтар еркіндік пен өркендеудің негізін құра алатын технологиялық дамуға негізделеді. Инновациялық құндылықтар адамзат қоғамының эволюциясын ынталандырады және ғылым мен білімге қарсы мифтерге басымдық береді. Дәстүрлі құндылықтарды қолдаушылар пікірінше, қауымдастықтың практикалық және моральдық игілігі үшін сақтауға болатын барлық құбылыстарды кез келген құралдармен сақтаудың шұғыл қажеттілігі бар. Сондықтан инновациялық немесе дәстүрлі құндылықтарды таңдау, оған қарсы тұру адамның күнделікті іс-әрекеттерінің барлығына әсер ететін таңдаулар жиынтығын білдіреді. Азаматтардың жеке және қоғамдық өмірі, саяси және әлеуметтік шешімдерін көрсетеді. Демек, инновациялық құндылықтарды дәстүрлі құндылықтарға қарағанда артықшылық беру және жаңашылдықты қабылдау кезінде дәстүрлі құндылықтарды жоққа шығару ауыр зардаптарға әкелуі ықтимал.

Осы тұста мынадай сауалдар туындайды: «Неліктен кейбір адамдар жаңа және әдеттен тыс әрекеттер жасауға ұмтылады, ал кейбіреулері дәстүрлі мінез-құлықтан ауытқуға қарсы тұрады? Дәстүрді қолдайтын құндылықтар әлеуметтік өзгерістердің екпіні артқан сайын қарқындылық пен сапалылыққа ие бола ма? Қазіргі заманда дәстүрлі құндылықтарды инновациялық құндылықтар алмастыра ма?»

Осы сауалдар құндылықтар өзгерісі парадигмасының жаңа түсініктерін қалыптастыруға және зерттеуге себеп болып отыр. Құндылықтарды зерттеу қазіргі теориялық бағдарлардың негізгі әдіснамалық тұжырымын дамытады. Жаһандану және технологиялық дамумен сипатталатын өзгермелі ортада өмір сүретін азаматтар дәстүрлі құндылықтарды инновациялық құндылықтармен алмастыра отырып әлеуметтік өзгерістер процестеріне бейімделеді. Жылдам әлеуметтік өзгерістер кезеңін бастан өткеріп жатқанымызды ескерсек, ұзақмерзімді қоғамдық өзгерістерді түсінудің негізгі жолы құндылықтардың өзгеретін әлеуметтік нормалармен өзара әрекеттесуін айқындау өзекті мәселе. Сондықтан әлеуметтік өзгерістер ілгерілеуін үдетіп бара жатқан тұста, бұрынғы өзгерістер кезеңдерінде қоғамда қалыптасқан ескірген құндылық бағдарлары қазіргі өмір салтына сәйкес дәйекті түрде ауыстырылатындығы анық. Дегенмен, «Дәстүрлі құндылықтар енді сақталмайды және ұмытылады деп айтуға бола ма?», - сауалы туындайды. Осы тұста «Инновациялық құндылықтар дәстүрлі құндылықтармен қатар дамып келе ме, әлде оларды толығымен алмастыра ала ма?» сауалының қосымша қойылуы да занды.

Әрине, әлеуметтік бейімделу шеңберіндегі өзгермелі қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік күрделілік жаңа құндылықтардың пайда болуына ғана емес, қоғамдық интеграцияны өзгеше деңгейге ауыстырады. Ұзақмерзімді құндылық процестерімен сипатталатын жаһандану дәстүрлі құндылық бағдарларының сақталуын тежейді және инновациялық құндылықтарды таратады. Осы сұрақтарға лайықты жауаптардың қазіргі

элеуметтік ғылымдарда үлкен маңызы бар. Біріншіден, адамзат ілгері дами беретіндігі дәлелдеріне қарамастан, дәстүрлі құндылықтар халық санасының құндылық құрылымы деңгейінде қала береді. Екіншіден, дәстүрлі құндылықтардың нығаю ескі дәстүрлі құндылық базасының құнсыздануына әкеледі, орнын өзгерген жаңашыл дәстүр басады.

Қалай айтсақ та, дәстүрлі құндылықтар инновациялық құндылықтармен ауыстырылса да, бұл процесс екеуінің тығыз араласуына әкеледі. Құндылықтардың бұл үйлесімі инновациялық құндылықтарды дәстүрлі құндылықтардан ажыратуды қиындатады. Бұл факторлардың мазмұны мен уақыты бірге жүзеге асады. Өйткені құндылықтар құрылымы осы екі жиынның өзара әрекеттесуінен қалыптасады. Дәстүрліліктің құлдырауына және инновациялық құндылықтардың пайда болуына көптеген факторлар мен күштер үлес қосады. Ықпал жасайтын факторлардың өзара әрекеттесетінін және бір «драйвердің» үстемдігі көбінесе оның өзгерістер мәнімен шектелетінін білдіреді. Дәстүрлі құндылықтармен үйлесетін жаңа құндылықтардың енуі осы өзгерістерді шапшаңдата түседі. Осы өтпелі кезеңде саясат, экономика, қоғам, технология және мәдениеттегі түрлендірулерге негізделген элеуметтік өзгерістердің орны жоғары.

Дәстүрлі қоғамнан инновациялық қоғамға көшуге ықпал еткен элеуметтік өзгерістердің бірнеше негізгі қозғаушы күштері бар. Елеулі өзгерістердің бірі экономикаға негізделген элеуметтік өзгерістер еді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дамыған елдер жылдам индустриясыздандыруды бастан өткерді. Өнеркәсіптік базадан қызмет көрсету базасына ауысу кең тарап, трансформацияланған құндылықтарға сәйкес экономикалық нормалар, әдет-ғұрыптар, көзқарастар мен тәжірибелер өзгерістерге ұшырады. Дамушы елдер мен білім экономикасының жалақысы төмен бәсекелестікке негізделген жаңа жаһандық экономикалық ортаның пайда болуы осы өзгерістердің жаңашыл құндылықтары, нормалары мен тәжірибелерін ұсынды. Сонымен қатар, жаһандану процесі элеуметтік және моральдық экономиканың құнсыздануын білдіретін тиімсіз тұтынушылық әдетіне әсер етіп, жаңа элеуметтік постулаттардың таралуына үлес қосты. Коммуникациялық технологиялардың дамуы мен жаһандануы да маңызды рөл атқарды. Ғылым мен технологиядағы инновациялар жаңа құндылықтар жасалатын білім экономикаларының дамуына әкелді. Ақпараттық қоғам мен жаңа коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы элеуметтік өзгерістер шекараларын кеңейтіп, постиндустриалды қоғамнан постақпараттық қоғамға көшуді жеделдетті. Тұтыну мәдениетінің өсуі, бос уақыт табудың маңыздылығы артып, ақша мен сатып алу қабілеті салыстырмалы түрде мағыналылығы жоғарылады. Еңбек бөлінісі, мүдделер мен ұмтылыстар әртараптандырылуының күшеюінің нәтижесінде қоғам басқаша дами бастады. Моральдық екпін өндірістік еңбек, ізгілік, тақуалықтан азғындаушы моральға негізделген қоғамдық тұтырудың салмақтылығын арттыруға ауысты.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар тепе-теңдігі саяси өзгерістер ахуалында өзекті мәселеге айналады. Дәстүрлі құндылықтарды қатаң ұстанатындар көп жағдайда қазіргі заман тудырған мәселелердің белгілі бір аспектілерін біз бұрын ұстанған құндылықтарға нұқсан келтіреді және қауіп төндіреді деп ойлайды. Дәстүрлі рухани және мәдени құндылықтарды шектен шыққан тұтынушылық қоғам көтерген құндылықтар алмастыруы мүмкін екендігін айтатындар да кездеседі. Сонда адамзат алдында екі таңдау тұр ма: «Дәстүрді қорғап, заманауилықтан бас тарту керек пе? Заманауилықты қабылдап, дәстүрлі құндылықтарды ұмыту қажет па?» Дегенмен, екі нұсқа да жадыда сақталатын құндылықтарды жоғалтуға әкелетіні анық. Өйткені тарихи тұрғыдан алғанда, екі құндылық жүйесін дамытудың маңыздылығы өте жоғары. Екі құндылықтар жүйесін қабылдау туралы диалог пен сыни ойлауды дамыту өзгермелі әлемге ашық көзқарасты ілгерілетеді. Гибридті құндылықтар жүйесінің болуы екі құндылықтар жүйесінің әлеуетті жақтарын үйлестірудің және біріктірудің үйлесімді

әдісін көрсетуі ықтимал. Тарихи құндылықтар мен дүниетаным шеңберін білдіретін дәстүрлер қауымдастық үшін мағыналы процесс.

Қорытындылай келе, қазіргі әлеуметтік әлемде инновациялық құндылықтарды бекіту «заттарымен белгілі әлемнен» «құндылықтарымен танымал әлемге» ауысқанын қалаймыз. Назарымызды бұл тұжырым азаматтар мен ұйымдар қатысатын түрлі іс-әрекеттерден көрінетін моральдық және әлеуметтік құндылықтар арқылы мағыналы өмір сүруге аударады. Дегенмен, инновациялық құндылықтарға көшу осы тұжырымның заманауи әлеуметтік өмірдегі өзектілігін толық түсінуге мүмкіндік беретін қатарлас үдерістермен жүргенін дұрыс көреміз. Мұны дәстүрлі құндылықтардан инновациялық құндылықтарға көшудің азаматтар үшін түрлі мәселелерге қатысты жауаптар мен дилеммаларды қамтамасыз ететін жеке және әлеуметтік тұжырымдардың кең ауқымынан байқаймыз.

Инновациялық құндылықтардың қазіргі әлеуметтік өмірдегі құндылықтарды бекітуге байланысты артықшылықтарын қанша айтсақ та, қоғамның болашақ құрылысының моделін анықтау үшін түрлі кемшіліктерін де ескеруіміз керек. Сондықтан, тек инновациялық құндылықтарды бекітуді жақтаудан гөрі, біз құндылықтардың екі түріне теңдестірілген көзқарас қалыптастыруымыз қажет. Біз дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қоғамдық өмірде қатар өмір сүруін қолдаймыз. Инновациялық құндылықтардың беделі мен танымалдылық табиғатына қарамастан дәстүрлі құндылықтарды әлеуметтік «патология» ретінде бағаламай, қоғамдық даму кеңістігін құру мүмкіндіктеріне де мән берген жөн. Өйткені, қоғамдағы құндылықтарға негізделген бірегейлік бойынша консенсусқа қол жеткізу бейбіт және мазмұнды диалогқа қатысатын тараптардың әралуандылық стратегиясын құрметтеуді талап етеді.

***Қаржыландыру.** Берілген зерттеу жұмысы «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант AP19577138.*

ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛЕНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

Насимов Мұрат Өрленбайұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қызылорда,
Қазақстан

Аңдатпа. Этникалық бірегейленудің болашақ зерттеу бағыттарын айқындау үшін саяси, әлеуметтік және мәдени аспектілерді пәнаралық әдістермен талдау қажет. Бұл тәсіл этникалық топтар арасындағы өзара қарым-қатынастарды, олардың әлеуметтік құрылымға ықпалын және ұлттық саясаттағы рөлін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Осылайша, этникалық бірегейленудің динамикасын түсіну қоғамдағы тұрақтылық пен мемлекеттік саясатты дамытуға үлес қоса алады.

Аннотация. Для определения будущих направлений исследований этнической идентификации необходимо проанализировать политические, социальные и культурные аспекты с использованием междисциплинарных методов. Такой подход позволяет глубже изучить взаимоотношения между этническими группами, их влияние на социальную структуру и их роль в национальной политике. Таким образом, понимание динамики этнической идентификации может способствовать развитию стабильности в обществе и государственной политике.

Abstract. To determine future directions of ethnic identification research, it is necessary to analyze political, social and cultural aspects using interdisciplinary methods. Such an approach allows for a deeper study of the relationships between ethnic groups, their impact on the social structure and their role in national politics. Thus, understanding the dynamics of ethnic identification can contribute to the development of stability in society and public policy.

Этникалық бірегейлену жеке тұлғаның қалыптасуындағы негізгі құрамдастардың бірі болып табылады. Жеке тұлғаның белгілі бір топқа мүшелігі дербес көзқарастардан алдын ала анықталып, айрықша топтық сипаттар иеленеді. Қазіргі әлем этникалық топтар әлемі. Түсінікті саяси, мәдени, тарихи, әлеуметтік және басқа да белгілері бойынша мүлдем басқа адамдар топтарының «конгломераты» ретінде белгілеуге болады. Этникалық айырмашылықтардың осы түрі тәжірибеде бір мемлекеттің құрамындағы бірнеше этностардың үйлесімді және дағдарыссыз өмірінен көрінетінін атап өткен жөн. Дегенмен, кез келген этникалық бірегейлену қоғамға қауіпті жасырын қайшылықтар мен қақтығыстар әкелуі мүмкін. Бұл этникалық бірегейлену мәселесінің өзекті екендігін білдіреді. Аталмыш мәселелерді түсіну қазіргі заманғы мемлекеттер мен заманауи әлемнің қарқынды дамуы үшін маңызды.

Этникалық қатыстылық пен этникалық бірегейлену туралы әлеуметтік ғылым теорияларының кеңінен таралуы елеулі концептуалды және эмпирикалық жұмыстар тудырды. Этникалық бірегейлену мен оның негіздерін түсінудің ең танымал теориялық тәсілдері мен шеңберлерін әлеуметтік бірегейлік теориялары, модернизация теориялары және примордиализм құрайды. Бұл теориялар мен түсіндірмелер этникалық бірегейленуді ұғынуға пайдалы теориялық бағдар берді.

Басқа теориялардан ерекшеленетін әлеуметтік бірегейлік теориясы дербес этникалық бірегейлену бастапқы сипатты қабылдайтындығын ескертеді. Бұл теорияда этникалық шекаралардың қорғаныстық қалыптасуы кең таралған. Азаматтар өз топтарының мүддесіне бейтараптықпен қараса да, басқа топтарға қарағанда тартымды екенін түсіндіреді. Демек, әлеуметтік бірегейлік теориясы ішкі қабылдау және басқа

топтармен өзара әрекеттесу арқылы өздерінің әлеуметтік бірегейленуін құрады идеясына негізделді. Модернизация теориясы қоғамдағы күрделі қала өмірі, әлеуметтік байланыстардың артуы, этносаралық неке, электронды БАҚ және көлік пен байланыстың заманауи түрлері этникалық бірегейлену маңыздылығын төмендететінін айтады. Теориядағы түсініктерге сәйкес, бірегейлік құлдырайды және қоғамдағы түйінділігі азаяды. Зерттеушілердің пікірінше, модернизация процестері этникалық бірегейлену ықпалын әлсіретіп, жаңа үстем бірлескен бірегейлікке басымдық береді. Примордиализм жеке этникалық бірегейленудің қайнар көздері мен мазмұнын биологиялық тұрғыда негізделген және мәні бойынша өзгермейтін факторлар нәтижесі ретінде бейнелейді. Осы көзқарасқа сәйкес, дербес этникалық бірегейлік өткен тәжірибелерге сүйенеді және өмір сүрудің биологиялық негізделген мұқтаждық талаптарына тіреледі.

Жоғарыдағы тұжырымдар этникалық бірегейленуге қатысты қолданылатын көптеген көзқарастар бар екенін меңзейді. Азаматтар өздерін қандай да бір этникалық санаттарға сәйкес жіктеу қажет болғанда, зерттеушілер арасында түсіндіруге болатын тұжырымдарда келіспеушіліктер туындайды. Түсінікті жәйт, этностың қауымдық тұжырымдамасы бөлшектенген қауымның көзқарасынан басталады. Этностың түпнұсқа тұжырымдамалары осы ұжымдық бірегейліктің оқшаулану себебін түсіндіруге тырысады. Ахуалдық тәсіл мұндай ұжымдық бірегейліктің шектеулі әсер ету күшін нақтылайды, ал жеке дағдылар бірегейлену ахуалын бекітеді. Ұжымдық бірегейліктің ортақ «қан» тұжырымдамасы отбасының шығу тегі, туыстық идеялардан бастау алады. Теорияның ақырғы нұсқасы ұлттар санасының біртұтастығы бірегейлігіне сәйкес келеді. Осылайша, кез келген этникалық бірегейлену тұжырымдамасының мазмұны әлі де талас тудырып отырғанын мойындаймыз.

Көптеген елдердегі мемлекеттің негізгі әлеуметтік-саяси және экономикалық мәселелері этникалық бірегейленуге әсер етеді. Коммунизм беделі бар кезде жұмысшы қоғамы идеясын белсенді түрде жақтаса, капиталистік қоғамда таптық айырмашылықтар мен қарама-қайшылықтар белгіленді. Бүгінгі таңда ғылымда таптық және гендерлік айырмашылықтар этномәдени мәселелер, ал ұлтшылдық қақтығыстар экономикалық құрылымдардан туындайды пікірі жиі кездеседі. Дегенмен, таптық және гендерлік қақтығыстар бұл мәселелердің бір бөлігі ғана пікірін ұстанады. Түрлі экономикалық құрылымдар этникалық араздық пен сенімсіздікті шеше алмайды. Өйткені кез келген мемлекеттің экономикалық мәселелерін елді құрайтын этникалық топтар бірдей қабылдай бермейді. Сол сияқты, кез келген саяси шиеленіс ұжымдық санада қалыптасады және индивидуалдылық негізін сақтамайды. Саяси және экономикалық бөліну осы этникалық жіктелудің мәнінен туындайды.

Жаһандану көпөлшемді және ғаламдық процесс екенін бұрыннан дәлелдеді. Сонда да ішкі саяси, экономикалық, әлеуметтік құрылымдар мен процестер этникалық бірегейленудің жандану, этномәдени және ұлтшылдық идеологиялар мен тәжірибелердің күшею ықпалын дәлелдеп жатқан ғалымдар кездеседі. Бұл тұста этникалық бірегейлену түсінігін арттырған либералдандыру, демократияландыру және көпұлтты даму секілді ұлттық және халықаралық саясат жаһанданудың құрылымдық күштері секілді қомақты үлес қосады. Жаһанданудың дәстүрлі формалары салдарынан бөлек, жаһанданудың жаңа күштері этникалық бірегейлену процесінің құрылымдық және институционалдық өзгерістер қарқындылығын арттырады.

Әлеуметтік өзін-өзі қабылдау ерекшеліктеріне қоғам мен ұлт, олардың салт-дәстүрі әсер ететіні сөзсіз. Оқу-тәрбие процесі этникалық және ұлттық мемлекеттілікті қалыптастырып жатқанын байқай бермейміз. Демек, қазіргі қоғамдағы тұлға дамуының мәнді факторларына білім беру процесі жататыны анық. Білім берудің негізгі міндеттерін тұлғаның шығармашылық қабілеттерін тану және рухани білімді азаматты тәрбиелеу арқылы жүзеге асыру әлеуметтік факторларға байланысты. Түрлі этникалық қауымдастық өкілдерінің білім беру процесіне қатысуында идеологиялық

элеуметтендірудің қажеттілігі мол. Бұл ретте білім беру қазіргі заманғы ұлттық-саяси даму контекстінде түрлі этникалық топтардың өзіндік ерекшеліктерін ескереді. Осы қадам этникалық бірегейленудің өзіндік сананы қалыптастырудағы ерекше фактор екенін де айқындайды. Оның үстіне психологиялық феноменология этникалық бірегейлену мен өзін-өзі қабылдау қатынастарының жаңа аспектілерінде шоғырлану мүмкіндіктеріне назар аударады. Сондықтан білім беру процесінде тарихи-саяси оқиғалар мен қоғамдық даму жетістіктерін насихаттау басты орын алады.

Этникалық санамен дербес жұмыс істеудің гетерогенді түрлері мен құралдары білім беру тәжірибесінде кездеседі. Ұстаздардың шығармашылық әлеуетін оқушылар мен студенттердің интерактивті өзара әрекеттесу жүйесін құру, мәдени мұрамен жағымды сәйкестендіру үшін қолдануға болады. Тарихи дамуымыздың қазіргі кезеңінде ұлтаралық қарым-қатынас, аралас неке мәселесі, ұлттық-этникалық бірегейлікті анықтау барысында өскелең ұрпақ тәрбиесімен айналысатын орта мектеп пен жоғары мектеп, ғалымдар алдынан шығып отыр. Бұл тұста мәселеге қатысты негізгі ұғымдарды анықтау ең алдымен қоғамдық өмірдегі маңыздылығынан туындайды. Сондықтан ұлттық-этникалық мәселелерді шешудің ақылды тәсілдері туралы көбірек ойлануымыз қажет.

Этникалық бірегейленуге саяси ғылымдарда көп назар аударылатынына қарамастан, элеуметтану, демография, мәдениеттану және экономика салаларындағы зерттеулерді біріктіретін пәнаралық тәсілден ғылымдағы көптеген ашық сұрақтарға жауаптар алуға болады. Осы жауаптар ерекше назар аударатын кейбір негізгі мәселелер мен болашақ бағыттарды анықтайды. Мәселен, этникалық бірегейлену мәселелерінде аз көңіл бөлінетін өмірлік цикл тәсілі азаматтар тәжірибесі уақыт өте келе этникалық бірегейлікті қалай өзгертетінін айшықтай алады. Ғылымдағы тереңдетілген сұхбат қазіргі ұлттық шарттарда азаматтардың бірегейленуіне әсерін дәйектеп, тұлғалық бірегейлік вариацияларын айқындайды. Сонымен бірге, ретроспективті тәсілді қолдану арқылы өзгерістер ықпалын зерттеуімізге болады.

Жоғарыда аталған мәселелерге сәйкес, қазіргі қоғамдағы этникалық бірегейленудің негізгі мәселелері ұлттың саяси және элеуметтік қауымдастық ретінде бірігуі процестері арасындағы түсініктермен байланысты. Қоғамда өмір сүретін түрлі топтардың бірігу процестерінің күшеюі қоғамның жіктелу деңгейінің жоғарылауын көрсетеді. Бұл мәселелердің өмірдің түрлі аспектілерінде дамуы этникалық бірегейліктің қазіргі жеке тұлғаның және тұтастай алғанда қоғамның сүбелі элементі екендігін бекітуге мүмкіндік береді. Жеке адамдардың этникалық бірегейленуі қалыптасқан саяси және этникалық мұраны көрсетуіне байланысты бірегейлік қазіргі өмірде құнды құбылыс екенін танытып отыр.

Қаржыландыру. Берілген зерттеу жұмысы «Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі этникалық ашылықтардың этникалық бірегейлену үдерістерін кросс-мәдени және аксиологиялық талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант AP19677146.

ҚАЗАҚ ӘДЕТ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ РУХАНИ НЕГІЗДЕРІ: ДӘСТҮР МЕН ЗАМАНАУИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Кипшакбаев Канат Зейнуллаевич

Қызылорда «Болашақ» университеті, «Филология, журналистика және тарих»
кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Қызылорда,
Қазақстан

Гажданбеков Абзал

Қызылорда «Болашақ» университетінің И-23 оқу тобының студенті,
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада, қазақ құқығының тарихи дамуы мен рухани бастаулары (әдет-ғұрып құқығы, билер соты), қазіргі құқықтық жүйеде қазақ құқықтық дәстүрлерінің орны, қазақ қоғамының әлеуметтік үдерістеріне руханият пен құқықтың ықпалы, сондай-ақ құқық пен моральдың өзара байланысы: ұлттық құндылықтардың құқықтық мәдениетке әсері секілді кейбір мәселелер қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются историческое развитие и духовные истоки казахского права (обычное право, суд биев), место казахских правовых традиций в современной правовой системе, влияние духовности и права на социальные процессы в казахском обществе, а также взаимосвязь права и морали: влияние национальных ценностей на правовую культуру.

Abstract. The article examines the historical development and spiritual origins of Kazakh law (customary law, the court of biys), the place of Kazakh legal traditions in the modern legal system, the influence of spirituality and law on social processes in Kazakh society, as well as the interrelation of law and morality: the impact of national values on legal culture.

Қазақ әдет - ғұрып құқығы – ғасырлар бойы қалыптасқан, халықтың өмір сүру салтына, дүниетанымына негізделген құқықтық жүйе. Ол қазақ қоғамының рухани-мәдени болмысымен тығыз байланыста дамып, әділеттілік, теңдік, ынтымақ қағидаларына сүйенді. Қазіргі құқықтық жүйелер жазылған заңдарға негізделгенімен, қазақ әдет - ғұрып құқығының көптеген нормалары бүгінгі заңнамамен сабақтасып жатыр.

Қазақ әдет - ғұрып құқығы – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарының, мәдени мұрасының және қоғамдық өмірінің ажырамас бөлігі. Оның негізінде әділеттілік, адамгершілік, ұрпақ сабақтастығы мен әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормалар жатыр. Бұл жүйе түрлі рухани және тарихи факторлардың ықпалымен қалыптасты [1].

Қазақ халқы Ислам дінін қабылдағаннан кейін әдет-ғұрып нормалары шариғат қағидаларымен тығыз байланыста дамыды. Ислам діні әділеттілік, аманат, келісім, шыншылдық сияқты моральдық-этикалық құндылықтарды жоғары қояды, бұл қазақ құқығының негізгі принциптерімен сәйкес келеді.

Құран мен шариғат нормаларының әсері. Исламда қоғамдық қатынастарды реттеудің негізгі құралы – шариғат. Қазақ қоғамында шариғаттың элементтері әдет-ғұрып нормаларымен қатар қолданылды. Мысалы, мұрагерлік, неке және жанұя қатынастарына қатысты мәселелер шариғат негізінде шешіліп отырды [2].

Билер соты мен шариғат заңдарының үндесуі. Қазақ билері өз шешімдерінде әділеттілікті басты орынға қойып, шариғат нормаларын да негізге алды. Алайда қазақ әдет - ғұрып құқығы шариғаттан біршама ерекшеленіп, халықтың тұрмыс-салтына бейімделген болатын. Мысалы, қанды кек мәселесінде шариғат “қысас” (тең жаза)

қағидасын ұстанса, қазақ билері күн төлеу арқылы дауларды бейбіт жолмен шешуді жөн көрді.

Қазақ әдет-ғұрып құқығының түп-тамыры ежелгі түркі мемлекеттерінің құқықтық жүйесіменде үндесіп жатыр. Түркі қағанаты дәуірінен бері қалыптасқан “жарғы” заңдары қазақ құқығының негізгі үлгісі болды.

Билер институты. Ежелгі түркі дәуірінде-ақ билер институты қалыптасып, әділ шешім қабылдайтын, халықтың мүддесін қорғайтын жүйе ретінде танылды. Бұл дәстүр кейін Қазақ хандығында жалғасын тапты [3].

Кеңесу дәстүрі. Түркілерде шешім қабылдау кеңесу арқылы жүзеге асқан. “Той, мәжіліс, құрылтай” сияқты қоғамдық жиындарда билер, ақсақалдар мен халық өкілдері маңызды шешімдерді қабылдаған. Бұл дәстүр қазақ қоғамында да сақталып, билер соты мен халықтық жиындар арқылы құқықтық мәселелер шешіліп отырды.

Қазақ әдет-ғұрып құқығының маңызды заңнамалық жинағы – Жеті Жарғы. Бұл құжат 17 ғасырдың соңында Тәуке ханның бастамасымен қабылданып, дәстүрлі құқықтық жүйені жүйеледі.

Жеті Жарғы негізінен түркілік құқықтық дәстүрге және ислам қағидаларына сүйенді. Ол жеті негізгі бағытты қамтыды:

1. Жер дауы
2. Отбасы-неке қатынастары
3. Қылмыстық істер
4. Әскери міндеттер
5. Салық жүйесі
6. Жеке меншік құқығы
7. Айыптар мен жазалар жүйесі

Билер сотының рөлі. Жеті Жарғының басты ерекшелігі – билер сотының құқықтық мәртебесін күшейтуі. Билердің шешімдері халық арасында әділеттілік пен моральдық нормаларды сақтау негізінде қабылданды.

Рухани негіздері. Жеті Жарғы исламдық, түркілік және дала заңдарының синтезі ретінде қазақ құқығының рухани мәнін айқындады. Ондағы нормалар қазақ халқының әділеттілікке, адамгершілікке, бірлікке және келісімге деген ұмтылысын көрсетеді [4].

Қазақ әдет-ғұрып құқығы – халқымыздың тарихи тәжірибесі мен рухани құндылықтарының айнасы. Ол исламдық құқық, түркілік заңдар мен дала демократиясының үйлесімінен қалыптасып, ғасырлар бойы қазақ қоғамының құқықтық тәртібін реттеп келді. Бұл құқықтық жүйе әділеттілік, адамгершілік және келісім қағидаларына негізделгендіктен, қазіргі заманғы құқықтық жүйемен де сабақтастығын жоғалтпай, ұлттық заңнаманың дамуына өз үлесін қосуда.

Қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасып, қоғамдық өмірдің тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі қағидаларға сүйенді. Бұл қағидалар қазақ халқының өмір салтына, мәдениеті мен дүниетанымына сәйкес келетін құқықтық нормалар жүйесін құрады.

Әділеттілік – қазақ әдет-ғұрып құқығының басты қағидаларының бірі. Қазақ қоғамында даулар мен қылмыстық істер билер сотында қаралып, билер әділеттілікке негізделген шешім қабылдауға тырысты.

Билердің әділетті шешімдері. Билер өз шешімдерін қабылдағанда тек құқықтық нормаларды ғана емес, халықтың әдет-ғұрыптары мен моральдық құндылықтарын да ескерді. Әділ шешім қабылдамаған би халық алдында беделінен айырылып, билік жүргізу құқығынан айрылатын.

“Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ”. Бұл қағида билердің шешім қабылдауда жеке мүдделерден жоғары тұруын талап етті. Би өз туысына да, бөтен адамға да бірдей әділ үкім шығаруға міндетті болды.

Қазақ құқығы дауларды сот арқылы емес, келісім арқылы шешуге бағытталған. Бітімгершілік – қазақ қоғамында құқықтық тұрақтылық пен татулықты сақтаудың маңызды тәсілі болды.

Құн төлеу және дауды бейбіт жолмен шешу. Егер адам біреудің өміріне қиянат жасаса, оның отбасы кек алуға емес, құн төлеу арқылы дауды шешуге мүмкіндік берді. Бұл әдіс кек қайтару арқылы руаралық жанжалдарды ушықтырмау мақсатында қолданылды.

Дауларды шешуде үшінші тараптың рөлі. Дауларды тек билер емес, ру ақсақалдары мен беделді адамдар да шешуге атсалысты. Олар дауласушы тараптарды ортақ шешімге келуге шақырып, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға көмектесті.

Қазақ құқығында жеке адамның ғана емес, оның руының да жауапкершілігі қарастырылған. Бұл жүйе руаралық қатынастарды реттеуге және әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз етуге ықпал етті.

Қылмыс жасаған адамның руының жауапкершілігі. Егер бір рудың өкілі басқа рудың адамына зиян келтірсе, оны бүкіл ру жауапкершілікке алды. Мысалы, егер біреу кісі өлтірсе, құн төлеуді бүкіл ру көтеруге міндетті болды. Бұл жүйе адамдарды жауапкершілікке тәрбиелеп, қылмысты болдырмауға бағытталды.

Өрекетсіздік те жауапкершілікке тартылатын. Егер біреу қылмыс жасап, оны көрген адам үнсіз қалса немесе қылмысты жасыруға тырысса, ол да жауапты болып саналды. Бұл норманың мақсаты – қоғамның әділдікке бейімделуін қамтамасыз ету.

Қазақ билері дау шешуде тек өзінің пікіріне сүйенбей, халықтың пікірін де ескерді. Кеңесу мен ашық пікір алмасу құқықтық шешімдердің әділ болуын қамтамасыз етті.

Билер кеңесі. Билер соты маңызды дауларды шешкенде бірнеше бидің кеңесін қажет ететін. Бұл билер арасындағы әділеттілікті сақтауға және шешімнің біржақтылығын болдырмауға көмектесті.

Халықтың пікірін ескеру. Дауларды қарау кезінде халық өкілдері жиі қатысып, билердің шешімін тыңдап, оған пікір білдіруге мүмкіндік алды. Осылайша, қазақ әдет-ғұрып құқығы халықтың көзқарасын ескере отырып, әділеттілікті қамтамасыз етуге тырысты.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы әділеттілік, бітімгершілік, қоғамдық жауапкершілік және кеңесу қағидаларына негізделген. Бұл құқықтық жүйе тек заңдық нормалар жиынтығы ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының моральдық-этикалық құндылықтарын көрсететін қоғамдық тәртіптің негізі болды. Бұл қағидалар қазіргі құқықтық жүйеде де өзектілігін жоғалтпай, қазақ құқығының тарихи сабақтастығын сақтауға ықпал етуде [5].

Қазақ әдет-ғұрып құқығының қағидалары мен нормалары қазіргі заманғы құқықтық жүйеде де өз орнын тауып, мемлекеттік заңнамамен үйлесімді түрде дамуда. Қазақстан Республикасының заңнамасында дәстүрлі құқықтық институттардың кейбір элементтері сақталып, жаңартылған түрде қолданысқа енгізілді.

Қазақ құқығының маңызды ерекшеліктерінің бірі – дауларды бітімгершілік жолымен шешу болды. Бұл қағида қазіргі заманғы құқықтық жүйеде медиация институты арқылы жаңғыртылды.

ҚР «Медиация туралы» заңы (2011 жыл). Қазіргі заңнамада медиация – соттан тыс дауларды реттеу әдісі ретінде енгізілді. Қазақ қоғамындағы билер соты сияқты, кәсіби медиаторлар да әділдікке, екі жаққа да тиімді шешім табуға ұмтылады.

Келісімге келу қағидаты. Қазақ билері дауласушы тараптардың бірін жазалау немесе айыптау емес, керісінше, екі жаққа да тиімді әділ шешім табуға тырысатын. Қазіргі медиация жүйесі осы қағидатқа негізделген.

Қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесі әлеуметтік әділеттілік пен құқықтық теңдікке ерекше мән берген. Бұл қағидалар Қазақстан Республикасының негізгі заңдарында бекітілген.

ҚР Конституциясы (1995 жыл). ҚР Конституциясында әділеттілік, заң алдындағы теңдік, құқықтардың сақталуы сияқты қағидалар қамтылған. Қазақәдетқұқығындада бұл принциптер билер сотында орын алған.

ҚР Азаматтық кодексіндегі әділдік қағидаты. Азаматтық кодексте (1994 жыл) қоғам мүддесін қорғау, әділетті шешім қабылдау, құқықтық қатынастардағы адалдық принциптері бекітілген. Бұл қазақ құқығындағы әділеттілік қағидатымен үндеседі.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы қазіргі құқықтық мәдениеттің негізін қалыптастырды. Бүгінгі таңда ұлттық құқықтық дәстүрлер мен заманауи заңнаманың өзара байланысы сақталуда.

Құқықтық сана және ұлттық дәстүрлер. ҚР құқық қорғау органдары ұлттық құқықтық мәдениетті дамытуға ерекше назар аударады. Халықтың құқықтық санасын көтеру, дәстүрлі заң нормаларын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Дәстүрлі құқықтық нормалардың заңнамамен үндесуі. Қазақстанда жергілікті құқықтық тәжірибеде қоғамдық пікір мен билер кеңесінің дәстүрі сақталуда. Мысалы, ауылдық елді мекендерде кейбір даулар билер институтына немесе ардагерлер кеңесіне жүгіну арқылы шешіледі [6].

Қазақ әдет-ғұрып құқығы мен заманауи құқықтық жүйе өзара сабақтастықта дамып келеді. Дәстүрлі құқықтық нормалар бүгінгі заңнаманың негізінде көрініс тауып, әлеуметтік әділеттілік, құқықтық теңдік, бітімгершілік және медиация сияқты институттар арқылы іске асуда. Бұл сабақтастық Қазақстанның ұлттық құқықтық мәдениетін сақтауға және оны заманауи заң жүйесімен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Қорыта айтар болсақ, қазақ әдет-ғұрып құқығы ұлттық құқықтық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып қала береді. Оның әділеттілік, келісім, бітімгершілік қағидалары қазіргі құқықтық жүйеде өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Дәстүрлі құқықтық жүйе мен заманауи заңнаманың үйлесуі қоғамдағы құқықтық мәдениетті нығайтып, ұлттық құқықтық сананы қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан қазақ әдет құқығының рухани негіздерін зерттеу мен оны құқықтық жүйеге бейімдеу өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Алауханов, Е. Қазақ әдет-ғұрып құқығы: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
2. Нұрмағанбетова, Б. Қазақ әдет-ғұрып құқығы және ислам нормалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
3. Зиманов, С. Қазақтың билер соты – дәстүрлі құқықтық мәдениет феномені. – Алматы: Ғылым, 2005.
4. Жеті Жарғы: Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық нормалары / Құраст.: С.Зиманов. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003.
5. Баймаханов, М. Құқықтық реформа және қазақ құқығының сабақтастығы. – Алматы: Құқық, 2015.
6. Айтқұлов, Б. Қазақ құқықтық мәдениетінің заманауи заңнамадағы көрінісі. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАСЫ-ОҚУ АҒАРТУ ІСІНІҢ АРДАГЕРІ, АҚЫН ШУАҚБАЕВ НАУҚАНБАЙ

Аяпова Мөлдір Сансызбайқызы

Алдаберген Бисенов атындағы №38 орта мектеп мұғалімі, Қызылорда,
Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада оқу ағарту ісінің ардагері, ақын Шуақбаев Науқанбай атамиздың еңбек жолы мен атқарған еңбектеріне талдау жасалады. Туған жерден шыққан тұлғаларды дәріптеу, оны жас ұрпаққа таныту мақаламыздың негізгі мақсаты болып табылады. Алғаш әріп танытып, өмірдің қыр сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниеге нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алатынын жас ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз. Сондықтан «Ұстаз» деген ұғымды дәріптей өте маңызды.

Аннотация. В статье будет проведен анализ трудовой деятельности и проделанной работы ветерана просвещения, поэта Шуакбаева Кампбая. Главной целью нашей статьи является популяризация лиц родного края, популяризация их подрастающим поколениям. Наша задача-донести до подрастающего поколения, что именно образ учителя, впервые проявившего себя и познавшего все тонкости жизни, углубленного понимания феноменов сан-килы, принесет свет в душу и принесет нравственность. Поэтому очень важно превозносить понятие "учитель".

Abstract. The article will analyze the work and work done by the veteran of enlightenment, poet Shuakbaev Kampbai. The main purpose of our article is to popularize the people of their native land, to popularize them to the younger generations. Our task is to convey to the younger generation that it is the image of a teacher who has shown himself for the first time and has learned all the subtleties of life, an in-depth understanding of the phenomena of San Kila, that will bring light to the soul and bring morality. Therefore, it is very important to extol the concept of "teacher".

Туған жердің дамуына, рухани кемелденуіне үлес қосқан азаматтар қай кезде де халқының мақтанышы. Сондай ардақты жандардың бірі – оқу-ағарту ісінің ардагері, ақын Шуақбаев Науқанбай. Ол саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнап, елдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты.

Науқанбай Шуақбаев ұзақ жылдар бойы білім беру саласында еңбек етіп, көптеген шәкірт тәрбиеледі. Оның ұстаздық жолы – жас ұрпаққа сапалы білім беріп қана қоймай, олардың бойына ізгілік пен адамгершілік дәнін себуге бағытталды. Өз ісіне адалдықпен қараған ұстаз әр баланың болашағына алаңдап, олардың өмірден өз орнын табуына көмектесті.

Ұстаздық қызметінің барысында ол жаңашыл әдістерді қолданып, шәкірттерінің жан-жақты дамуына ықпал етті. Оның білім саласындағы еңбегі тек оқушыларға ғана емес, әріптестеріне де үлгі болды. Ұстаз ретінде жас мамандарға тәлімгерлік жасап, олардың кәсіби шыңдалуына жол ашты.

Өлеңмен өрілген өмір

Науқанбай Шуақбаев – ұстаздық қызметімен қатар, қазақ әдебиетіне де өзіндік қолтаңба қалдырған ақын. Оның шығармалары туған жерге деген сүйіспеншілікке, ел мен жер тағдырына, адамгершілік пен рухани құндылықтарға негізделген. Ақынның өлеңдері терең ойға, көркемдікке толы, ол туған жердің табиғатын, ауылдың тыныс-тіршілігін шынайы суреттей білді.

Шуақбаевтың шығармалары халықтың жүрегінен орын алып, оқырмандарға рухани азық болуда. Оның поэзиясы – өмірдің мәні мен мағынасы жайлы толғаныстардың, халқына деген сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі.

Ұстаз – білім мен тәрбиенің шамшырағы, жас ұрпақтың болашағына жол сілтейтін рухани жетекші. Қай қоғам, ұстаздың орны ерекше, ол адамзат өркениетінің дамуы, ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне үлес қосатын ең маңызды маман. Ұстаз – тек білім беретін ғана емес, басқа оқушының жан дүниесін түсінетін, оның өмірінде дұрыс бағыттайтын тәлімгер. Қазіргі заманға сай, мұғалім тек пәнді үйретіп қана қоймай, оқушының ойлау қабілетін дамытып, оның өзіндік көзқарасын қалыптастыруға талап етеді. Ұстаздың бір ауыз сөзі, оның оқушы үлгісінің болашағына үлкен әсер етуі мүмкін. Осындай ұстанымда болған, Сыр өңірінің тумасы, Шуақбаев Науқанбай Ералыұлы (1930 ж. т.) – оқу – ағарту ісінің ардагері. 1930 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққұм ауылында дүниеге келген. 1947 жылы Шымбөгет орта мектебінің 9 сыныбын бітіріп, Қызылорда педучилищесіне оқуға түсіп, 1949 жылы бітіреді. 1949-1953 жылдары Қызылорда педогогикалық институтының тарих факультетінде оқып, қызыл дипломмен үздік бітіреді. Оқу бітірген жас маман Қазақ ССР Оқу министрлігінің жолдамасымен Қостанай облысы, Таран ауданы, Сталин атындағы колхоздың Қоржынкөл орта мектебіне жіберіледі. Бұл мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарып, 1955 жылы елге келеді. 1955 жылдан бастап орта мектептерде мұғалім қызметтерін атқарады. Қазақ қоғамында қай кезде де ақсақалдар институтының орны бөлек болды. Қанға сіңген қасиетіміз, ұлттық дәстүріміз болғандықтан, үлкенді сыйлау, құрметтеудің ел өмірінде, қоғамда қаншалықты маңызды болғаны түсінікті болса керек. Дуалы ауыз ақсақалдарымыздың айтқанына құлақ түріп өскенімізден, небір қиын-қыстау кезеңдер мен уақыттарда қарияларымызға ақыл салып, арқа сүйеп тіршілік ететінімізден ұтылмағанымыз ақиқат қой. Даналықты ойына да, бойына да жианаған қарттарымыз шын мәнісінде ұлттық бай қазынамыз болды, болып қала береді де.

Шындап келгенде, адам өмірінде көпті көру, ұзақ жасау дегендер – тағылымды тіршілік. Данышпандар «Ұзақ жасау да ақылға келетін іс» деп тегін айтпаған. Өлең жолдарында «Қарттарым-асыл қазынам» деп айтылатындай, көріп-біліп жүргеніміздей біздің халқымыздың ұлттық сипатын, мінезін басқалардан ерекшелеуде және айрықшалауда қарттарымыздың, ақсақалдарымыздың орны ерекше. Ұлттық тәлім-тәрбиенің бастау бұлағында ата мен әженің тұруы, әке-шешенің, ортаның содан кейінгі кезектерден орын алуы мен бағалануы міне, бұлар да жоғарыда айтқанымыздай, қазақ қоғамындағы, өміріндегі ақсақалдар институтының қаншалықты мәнге ие екеніне дәлел бола алады.

Дүниеге келген әрбір адам ата-анасының тәрбиесімен өсіп жетіледі. Балалық бал дәуренді ойын мен айналадағы дүниені танумен өткізіп, мектеп жасына да жетіп, бірінші класқа оқуға барады. Алғашқы ұстазы-мұғалімнің жетекшілігімен сауаттанады, білім алады, бірте-бірте ой өрісі кеңейіп, дүниетанымы, айналадағы адамдарға, табиғи ортаға көзқарасы қалыптаса бастайды. Ата-анасының көмегімен, үйретуімен, үй шаруасындағы әр түрлі әлі келетін жұмыстарды атқарып, еңбек етуге дағдыланады. Оқып жүргенде бірге оқитын балалармен дос, жолдас болып, сыйласып өседі. Осындай жағдайда бастауыш мектепті бітіріп, оқуын одан әрі жалғастырады. Әр сыныпты бітірген сайын білімі молайып, дүниетанымы артып, жан-жақты тәрбие ала бастайды. Онжылдықты бітіріп, қолына кәмелеттік аттестат алуы өмірдің бір белесті кезеңі деуге болады. Бұдан соң бақытына, біліміне, сәтіне мамандық білім алуынан бұйырған нанына қарай жоғарғы оқу орнындағы студенттік кезең иә болмаса шаруашылыққа, еңбекке араласу кезеңі басталады. Бұл екі кезеңнің де өзіндік ерекшелікері, қиындықтары, қызықты сәттері сан алуан болатынын әркім әрқалай өз басынан өткен жайлардан байқайды.

Өмір ағымы өз заңымен ілгері жылжып, адам да қоғамның бір мүшесі ретінде дамиды, өсіп жетіле береді. Осындай кезеңдерден соң ЖОО –ның бітіріп, мамандығы бойынша еңбекке араласып, қоғамның белсенді мүшесі болып қалыптаса түседі. Өзінің оңын, солын айқын бажайлап, тұрмыс құрып, үйленеді, балалы-шағалы болады, қызмет бабында әр түрлі кезеңдерден өтеді. Мамандығынан басқа қызметтерге араласып, оларды меңгертіп, атқарып келеді. Осылардың арасында мемлекет, халық алдындағы азаматтық борышы-әскери міндетін атқарып, одан да біраз тәрбие, білім алып қайтады, мемлекеттік тәртіптің, заң талаптарының мәні мен мағынасын терең түсінеді, қоғам, мемлекет, халық алдындағы жауапкершілігі артады.

Осындай жағдайлармен өмір ағымы одан әрі жалғасып, адам орта жасқа келеді, еңбек демалысына шығады, балаларын тәрбиелеп, жоғары білімді мамандық алып шығуына араласады, өмірден өз орнын табуына басшылық жасайды, атсалысады. «Мынау қалай?» дегенге ақыл айтатын, өмір құбылыстарындағы сан алуан мәселелерге әділдікпен баға беретін жасқа келеді. Бұл жағдайлар әр адамның ақылына, біліміне, өмірлік тәжірибиесіне байланысты шешіліп жатады. Осы жоғарыда айтылған өмір кезеңдерінде әр адам өз басынан еңбек, өмір белестерін өткізеді.

1955-56 жылдары өз мамандығым бойынша ауылдағы орта мектепте қызмет атқара жүріп, мектептегі, колхоздағы қоғамдық-саяси көпшілік жұмыстарына қатысып, теориялық біліміміз арқылы халыққа партияның, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын, қабылданған қаулы-қарарлардың мазмұнын түсіндіріп отырумен айналыса бастадық. Мектептегі мұғалімдердің саяси оқуына қатысып, біраздан соң оған насихатшы болып белгілендім. Кеңес үкіметі мен партияның басшылығы кезінде кейбір мекемеде немесе колхоздардағы жұмысшы-қызметкерлермен халық арасындағы идеологиялық, саяси тәрбие, үгіт- көпшілік жұмыстарына назар аударылып, мән беріліп отыратын. 1956 жылдың аяғына мектептің бастауыш партия ұйымы мені КОКП мүшелігінің кандидаттығына қабылдады.

1967 жылдың басында «Қазақстанның 40 жылдығы» колхозы «Аққұм» совхозы болып құрылған кезде совхоз партия комитетінің хатшысы болып, істеп жүргенімде, Алматыда ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық кеңесі өтетін болды. Оған облыс, аудан, колхоз, совхоз басшылары, ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысы бар басқа да республикалық, облыстық мекемелердің басшылары, мамандар қатысатын болды. 1967 жылдың наурыз айында Алматыға бардық. Кеңес Абай даңғылындағы Ленин атындағы сарайда өтті. Кеңесте Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. А Қонаев «ҚР ауыл шаруашылығының жағдайлары, табыстары, олқылықтары, оларды жою жолдары, алдағы міндеттер» туралы баяндама жасады.

1960-85 жылдар аралығында Қазақстан экономикасы үлкен қарқынмен өсу-өркендеуінің дүбірлі дәуірі болды. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, қатынас, ғылым, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, халықтың тұрмыс жағдайлары едәуір жақсарды. 1967 жылдың көктемінде Алматыдағы республикалық ауыл шаруашылығы кеңесі аса маңызды тарихи оқиғалардың бірі болды. Кеңеске қатысқан әрбір қызметкер партия өзіме міндеттеген қызметімді қайткенде ойдағыдай атқарамын деген толғаныста ой-сезімде болып қайтты.

1967 жылы Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнағанына елу жыл толды. Кеңес үкіметінің алдымен Қызылордада орнағаны-тарихи оқиға. Қызылорда облысы осы елу жылдың ішінде Қазақстанның басқа аймақтарымен бірге өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, мәдениет, денсаулық сақтау орасан зор табыстарға жетті.

XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап күріш егісімен айналысып келе жатқан даңғайыр дихан Ыбырай Жақаев күріштен мол өнім алды. Дүниежүзілік рекорд жасап, оның жолын қуып, күріш егісімен айналысуға тілек білдірген жоғары білімді жастар облысымызға жақаевшылар қозғалысының көшін бастады. Солардың қатарында Өткелбаев Зәкіман, біздің ауылдан Нұрлыбек Тоқтыбаев алғашқы тегістелген жерлерге күріш егіп, өздеріне бекітілген 40-50 гектар жердің әр гектарынан 50-60 центнерден

өнім алып, еңбек табысын тасытып, күріш дақылының мол өнімді астық екенін айқын көрсетті. Шиеліде күріш егудің агротехникасын үйрететін арнаулы жақаевшылар мектебі ашылып. жұмыс істеді. Қызылорда облысы халық шаруашылығының дамытудағы орасан зор табыстары үшін Кеңес үкіметінің 50 жылдығына орай КСР Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Ленин орденімен наградталады. Бұл награданы тапсыруға арналған облыстық салтанатты жиналыс облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің басшылығымен 1967 жылы күзде өтті.

1970-1980 жылдар аралығында бір-екі рет облыстық педагогикалық оқуға қатысып, баяндама жасап, облыстық ағарту қызметкерлері кәсіподағының грамотасы мен сыйлығын алғаным бар еді. Педокуда жасайтын баяндамаң жазбаша түрде дайындалып, алдын ала облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тарих кабинетіне тексеру, байқаудан өтеді екен. Сол жылдары ондағы тарих кабинетін Рахат Жәніенов деген кісі басқарады екен, менің баяндамамды оқып көріп, «Мынау сауатты, білімі бар кісі екен, осы кезге дейін неге белгісіз болып келген деп, сол кездегі аудандық оқу бөлімінің басшысы Зияда Ижановтан сұрайды. Зияда мені институтты қызыл дипломмен бітірген аудандағы білімді, сауатты жігіттің бірі деп таныстырады. Осыдан кейін мені Жәніенов облысқа шақыртты. Жәніенов мені жазда, көктемде өткізілетін мұғалімдердің білімін көтеру курстарына баяндама жасап, лекция оқып тұрасыз деп бекітті.

1986-87 жылдың бірінде Шымкент қаласында тарих, қоғамтану, құқық пәндері мұғалімдерінің республикалық кеңесі өтетін болды. Сол кеңеске мен де қатыстым. Осы жылдардағы есте қалған маңызды оқиғалардың бірі 1988 жылы наурызда облыстық оқу білімінің Қазалы ауданы мектептерінің оқу тәрбие жұмысының барысын тексеретін облыстық оқу бөлімінен құрылған облыстық оқу бөлімінен құрылған комиссияның жұмысына қатысуым болды. Комиссия жасақталған кезде ондағы мені білетіндер өз пәнінің маманы ретінде №38 мектептегі мені қатыстыру керек деп шешіпті. Қатардағы жай мұғалімге мұндай беделді комиссияның құрамына ілініп, жұмыс істеуі аса жауапты әрі дәрежелі жұмыс деп түсіндік.

Кеңес үкіметі мен коммунистік парияның билігі жүріп тұрған заманда халық аянбай еңбек етті. 1968 жылы көктемде кезекті еңбек демалысына шығып, облыстық партия комитетінен Қара теңіз жағалауындағы Сочиде «Фрунзе» атындағы курортқа жолдама алып, демалдым.

Қорыта келгенде, дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару - екінің бірінің қолынан келе де бермейді. Ұстаз болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз болу – шәкіртке ата-анасындай болып тәрбие сыйлау. Ұстаз болу – жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру. Орыс ойшылы Анатолий Луначарский айтпақшы, «ұстаз – бұл жас ұрпақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған барлық асылдарды сіңіруші, ал оларды соқыр сезімдерден, жамандықтардан және жұқпалы мерездерден аулақтатушы адам». Ал қазақтан шыққан қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов «мұғалім –

мектептің жаны» деп бағалаған. Осыдан-ақ, ұстаз деген – ұлы есім екенін талассыз аңғаруға болады. Себебі, ұстазға деген құрмет бәрінен биік тұрады.

Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. «Тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді» (әл-Фараби) жандарға ілтипат таныту – адамгершілігінің ілгері басуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Білімді құрметтемеген, ұстазын қадір тұтпаған шәкірттің ғылымда нәтижеге қол жеткізе алмайтындығы, қол жеткізсе де, тиісінше кәдеге асыра алмайтындығы қасиетті Құранда да жазылған. Тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым бір ізетпен еске алғаны мәлім. Айталық, Ескендір Зұлқарнайын - Аристотельді, Абылай хан - Төле биді, Шәкәрім - Абайды, Бердақ - Күнқожаны, Жамбыл - Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, олар өздерінің өмірде бағындырған зор асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алатын болған екен. Сондықтан да, ұстазды сыйлау – өмірдегі бір борышың. Ұстазға құрмет – адамзатқа міндет.

«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық.

Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы-жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі-мұғалім.

Жаһандану заманында ұлт-тық бәсекеге қабілетті болудың көр-сет-кіші – білім деңгейімен өлше-неді. Сондықтан, әлемдік білім ке-ңістігіне кірігіп, білім беру жүйе-сін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті - ұс-таздардың қолында. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» – деген еді. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату – екінің бірінің қолынан да келе бермейді. Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады.

Қорыта келе, біз мынадай ұсыныстарды ұсынғымыз келеді: осы орайда Шуақбаев Науқанбай атаның мектепте оқытылатын «Өлкетану» сабақтарында «Ұлы Отан соғысының шежіресі» атты кітабы пайдалануға ұстаздарға әдістемелік құрал жазу; Аққұм елді мекенінен Науқанбай Шуақбаев атамыздың есімімен мұражай ашу немесе мүсін қойылса, жастарға үлгі болар еді.

Науқанбай Шуақбаевтың есімі туған жерінде үлкен құрметке ие. Оның еңбектері мен шығармашылық мұрасы өскелең ұрпаққа үлгі боларлықтай. Ол тек өз заманында ғана емес, кейінгі ұрпақ үшін де рухани жетекші, парасатты тұлға болып қала береді.

Бүгінде ұстаздың есімі жас ұрпақтың жадында, елдің жүрегінде сақталуда. Оның еңбегі мен шығармашылығы келешек ұрпаққа бағдаршам болары сөзсіз.

Ұстаз, ақын, тұлға – осы үш қасиеттің бір бойына тоғысқан Науқанбай Шуақбаевтай азаматтар әрқашан ел мақтанышы болып қала бермек!

Әдебиеттер:

1 Науқанбай Шуақбаев «Тарих тағылымы» Астана 2014 жыл

2. Жалғасбек Аманов. Кендебай Сейітов «Аққұм- Атақоныс» Алматы 2013ж
3. Сыр бойы газеті «Тарихтан тін тартқан шежіре» мақала 7 мамыр 2021 жыл
Мақала авторы: Тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайманов
4. Тұрмағанбет Асанов «Ұрпағымыз керейттің» Алматы 2013жыл
5. Науқанбай Шуақбаев «Ұлы Отан соғысының шежіресі» Қызылорда қанағаты 2020 жыл

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Опанова Нұргүл Маратбекқызы

Алдабергелен Бисенов атындағы №38 орта мектеп, Қызылорда, Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада сандық технологиялардың оқу сауаттылығын дамытудағы рөлі қарастырылады. Сандық құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың мәтінді түсіну, ақпаратты өңдеу және саралау қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік бар. Мақалада оқу процесінде қолданылатын сандық технологиялардың негізгі түрлері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері талқыланады. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибелер мен Қазақстандағы жағдайға талдау жасалады.

Кілт сөздер: Оқу сауаттылығы, сандық технологиялар, білім беру, цифрлық құралдар, интерактивті оқыту, электрондық ресурстар.

Аннотация. В этой статье рассматривается роль цифровых технологий в развитии грамотности чтения. Благодаря эффективному использованию цифровых инструментов можно улучшить способность учащихся понимать текст, обрабатывать и дифференцировать информацию. В статье обсуждаются основные виды цифровых технологий, используемых в учебном процессе, их преимущества и недостатки. Кроме того, будет проведен международный опыт и анализ ситуации в Казахстане.

Ключевые слова: грамотность чтения, цифровые технологии, образование, цифровые инструменты, интерактивное обучение, электронные ресурсы.

Abstract. This article examines the role of digital technologies in the development of reading literacy. Through the effective use of digital tools, students' ability to understand text, process and differentiate information can be improved. The article discusses the main types of digital technologies used in the educational process, their advantages and disadvantages. In addition, international experience and analysis of the situation in Kazakhstan will be conducted.

Keywords: reading literacy, digital technologies, education, digital tools, interactive learning, electronic resources.

Бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы маңызды. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Демек, оқу сауаттылығы бүгінгі таңда заман талаптарына сай дайындық ретінде қарастырылады.

Қазіргі білім беру жүйесі технологиялық өзгерістер мен инновацияларға бейімделіп келеді. Бұл үдеріс шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін оқытуға айтарлықтай ықпал етеді. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оқу үдерісін жаңа деңгейге көтеріп, мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктер туғызуда. Ағылшын тілі сабағында цифрлық технологияларды қолдану, оқыту әдістерін жетілдіруге, оқушылардың ынтасын арттыруға және оқу материалын игеруге көмектеседі. Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында цифрлық технологияларды тиімді қолданудың жолдары, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері, сонымен қатар білім беру үдерісін жақсартуға көмектесетін цифрлық құралдар мен платформалар талқыланады. Цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіндегі рөлі Цифрлық технологиялар бүгінгі күні білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Олар білім берудің

сапасын жақсартуға, білім алушылардың белсенділігін арттыруға және олардың білім деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Ағылшын тілін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану тілдік дағдыларды дамытуға, жеке оқыту әдістемесін енгізуге және оқушылардың өз бетімен білім алуына ықпал етеді. Цифрлық технологиялардың артықшылықтары

1. Оқушылардың белсенділігін арттыру. Цифрлық құралдар сабақтарды интерактивті және қызықты етуге көмектеседі. Мультимедиялық материалдарды қолдану (бейне, аудио, анимация) оқушылардың назарын аударып, олардың белсенділігін арттырады. Интерактивті ойындар мен тапсырмалар оқушылардың тілдік дағдыларды ойын түрінде меңгеруіне көмектеседі.

2. Жеке оқыту мүмкіндігі Цифрлық технологиялар арқылы әрбір оқушының жеке қабілеттеріне қарай тапсырмалар беру оңайырақ болады. Әр оқушының оқу қарқынына сәйкес жаттығулар мен тапсырмалар жасауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тілді меңгерудің бастапқы кезеңінде маңызды.

3. Дербестік және өз бетімен оқу. Онлайн платформалар мен қосымшалар оқушыларға өз бетімен оқуға мүмкіндік береді. Олар интернетте түрлі тапсырмалар орындап, өз білімдерін жетілдіре алады. Бұл оқушылардың жауапкершілігін арттырып, өз оқуын басқаруға мүмкіндік береді.

4. Қол жетімділік Цифрлық технологиялар оқушыларға кез келген уақытта және кез келген жерде оқу материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл олардың оқу процесін үздіксіз жүргізуге ықпал етеді, сабақтан тыс уақытта да өз білімін жетілдіруге жағдай жасайды. Ағылшын тілі сабағында қолданылатын цифрлық құралдар.

1. Интерактивті тақталар. Интерактивті тақталар ағылшын тілі сабағында кеңінен қолданылатын тиімді құралдардың бірі болып табылады. Олар арқылы мұғалімдер мәтінді көрсету, бейнелерді ойнату және интерактивті тапсырмалар орындау мүмкіндігіне ие. Бұл тақталар бірлескен жұмысты жақсартып, оқушылардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

2. Оқу қосымшалары мен бағдарламалар Duolingo, Memrise, Quizlet сияқты оқу қосымшалары ағылшын тілін оқып-үйренуге арналған тиімді құралдар болып табылады. Бұл қосымшалар оқушыларға сөздік қорын байытуға, грамматикалық ережелерді меңгеруге және тыңдалым дағдыларын дамытуға көмектеседі.

3. Онлайн платформалар Edmodo, Google Classroom сияқты платформалар оқыту процесін ұйымдастыруға және басқаруға мүмкіндік береді. Бұл платформалар мұғалімдер мен оқушылар арасындағы байланысты нығайтып, тапсырмаларды беру және орындау процесін оңайлатады.

4. Виртуалды және кеңейтілген шынайылық VR және AR технологиялары ағылшын тілін оқытуды иммерсивті етеді. Виртуалды шынайылық арқылы оқушылар шетел тілінде сөйлейтін ортаға еніп, тілдік дағдыларын нақты жағдайларда жаттықтыра алады. Кеңейтілген шынайылық құралдары физикалық әлемге цифрлық ақпаратты орналастырып, интерактивті тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды қолданудағы қиындықтар Цифрлық технологияларды қолдану көптеген артықшылықтармен қатар қиындықтар да туғызады. Олардың бірі – технологияларға тең қолжетімділіктің болмауы. Барлық оқушыларда қажетті құрылғылар мен интернет байланысы болмауы мүмкін. Сондай-ақ, мұғалімдерге технологияларды тиімді пайдалану үшін тиісті даярлық қажет. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы мен цифрлық құралдарды қолдану дағдылары жетілдірілуі керек. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану стратегиялары:

1. Жоспарлау және мақсат қою Цифрлық құралдарды енгізу кезінде мұғалімдер нақты мақсаттарды анықтап, оларды қалай тиімді қолдануға болатынын жоспарлауы керек. Технологияны қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге, белсенділігін арттыруға және сабақтың тиімділігін арттыруға бағытталуы тиіс.

2. Біртіндеп енгізу. Цифрлық технологияларды біртіндеп енгізу маңызды. Оқушылар мен мұғалімдер жаңа құралдарға бейімделуі үшін бастапқыда қарапайым құралдар қолданылып, кейіннен күрделі технологиялар енгізілуі мүмкін.

3. Үздіксіз қолдау және оқыту. Мұғалімдерге цифрлық технологияларды тиімді қолдану үшін үнемі кәсіби даму бағдарламалары ұсынылуы қажет. Сондай-ақ, мектептер мұғалімдерге қажетті құралдар мен ресурстарды қамтамасыз етуі керек.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі сабағында цифрлық технологияларды қолдану қазіргі заманғы білім берудің маңызды бөліктерінің бірі болып табылатынын айтқымыз келеді. Олар оқыту әдістерін жетілдіріп, оқушылардың белсенділігін арттырып, оқыту процесін жеңілдетеді. Дегенмен, оларды тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы мен даярлығына ерекше көңіл бөлу қажет. Цифрлық технологияларды дұрыс пайдалану арқылы оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін айтарлықтай жоғарылатуға болады.

Әдебиеттер:

1. Ардашев Р.Г. Метаморфозы сознания: образы идентичности в виртуальном пространстве // Социальная реальность виртуального пространства. материалы II Международной научно-практической конференции. Иркутск, ИГУ, 2020. С. 25–28.
2. Дудина О.В. К вопросу о структуре цифровой социализации в контексте современного образования // Вестник ЧГПУ им. И.Я. Яковлева. 2021. № 3 (112). С. 161–166.
3. Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз Том 15, №5, 2022

КАЗАХСКО-МОНГОЛЬСКАЯ ДУХОВНОСТЬ И ИСТОРИЯ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЫ ЧИНГИСХАНА

Вандангийн Алзахгуй

Доктор исторических наук, профессор Международного Университета ИХ
ЗАСАГ имени Чингисхана г. Улан-Баатор

Место Монголии и Казахстана в системе международных отношений определяется целым комплексом геополитических, географических, политических, экономических факторов. Геополитические реалии и глобальные процессы современного мира оказывают влияние на международные отношения, на современном этапе они носят позитивный взаимовыгодный характер. Все международные документы о сотрудничестве вывели отношения Монголии и Казахстана на новый уровень. Оба государства Казахстан и Монголия взаимодействуют на основе доверия и сотрудничества в различных сферах — от торговли и инвестиций до культуры и образования, налажены авиасообщения между странами. Монголия имеет дипломатические отношения с 181 странами мира, в том числе со всеми государствами Центральной Азии. Следует постоянно проводить на высокопрофессиональном уровне аналитические исследования положения международных дел.

Монголия также, как и Казахстан не имеет выхода к морю и является крупнейшим по площади государством, окружённым другими государствами. Казахстан и Монголия являются давними соседями, (хотя не имеют общих границ, нас разделяет 30 километровая полоса территория России) это сотрудничество носит стратегический характер, оно очень важно для обеспечения спокойствия и безопасности на обширной территории евразийского континента. Казахско-монгольские отношения динамично развиваются в духе дружбы, взаимопонимания и сотрудничества на протяжении долгих столетий.

Сегодня во всем мире возрос огромный интерес к истории и культуре Монголии, интерес не только историко-научный, но и туристический. Культура и традиции монголов и тюрков очень богаты, они на протяжении многих веков проживали в аридной зоне степях Центральной Азии, монголы издревле вели кочевой образ жизни, и до сих пор не отказались от него.

В древней Монголии сохранилось большое количество уникальных историко-архитектурных и археологических памятников письменности Таньюкока, Культегин, Бельги-кагана. Туристов в Монголии привлекает удивительная природа, уникальные исторические памятники и самобытная культура монголов. Доказано, что наша Великая Степь была колыбелью своеобразной степной цивилизации, сочетавшей в себе симбиоз культуры земледельцев и скотоводов.

Казахская и монгольская системы управления функционировали фактически без перебоев довольно продолжительное время вплоть до Нового времени, пока не изменилась геополитическая обстановка. В Европе произошли технологические революции, возникли империи и начался передела мира. В новых условиях преимущества достаточно демократической системы Казахского ханства стали уязвимыми местами – Великая Степь начала уступать технологичному и деспотичному напору соседних культур. На протяжении всей своей истории наши народы черпали из нее знания, необходимые для воспитания молодого поколения.

Причем традиции взаимодействия наших народов прослеживаются и ранее в эпоху бронзы. Монголо-тюркская цивилизация, явление самобытное и сложное, она дала миру неповторимые историю и культуру тюркоязычных народов, как духовную, так и материальную. На протяжении всего исторического развития, от наскальных и рунических надписей до современной этнопедагогике — казахский и монгольские народы придавали большое значение нравственному воспитанию.

Центральная Азия включая Монголию исторически была сферой геополитических и торгово-экономических интересов Китая и России. Когда-то через эти территории проходил оживленный Великий Шелковый путь, и сотни караванов с европейскими товарами направлялись за китайским шелком и другими уникальными товарами.

Монголия, которая в XIII–XIV в. держала под своим руководством большую часть огромного Евразийского континента, в конце XVII в. попала под сюзеринитет Циньской династии Китая и находилась в этом положении вплоть до начала XX в. К счастью, этот XX в. оказался очень знаменательным для приобретения независимости и возрождения Монголии. Именно с национально-освободительной революции Монголии 1911 г. началась новая эра развития Монголии.

На рубеже 1911 и 1912 гг. в Китае произошла синьхайская революция, которая ослабила и свергла Циньскую династию. Пользуясь этим падением Циньской династии монгольские патриоты во главе духовного лидера Богда хаана выгнали из столицы её министра-посланника и объявили независимость Монголии. Тем самым Внешняя Монголия освободилась от более чем двухсотлетней зависимости от Циньской династии Китая.

Советская Россия стала отправлять своих советников и представителей Коммунистического интернационала в Монголию во главе с Турар Рыскуловым, чтобы повлиять на ход её дальнейшего развития. Вслед за народной революцией в 1924 г. в Монголии произошли три важных события. Во-первых, третий съезд МНП (Народная партия) объявил о некапиталистическом пути развития Монголии как генеральной линии партии. Во-вторых, первый съезд Великого государственного хурала принял первую конституцию Монголии, в которой она была провозглашена как Монгольская Народная Республика. В-третьих, духовный лидер монголов Богд хаан умер в 1924 г. и тем самым стало возможным превращение Монголии из ограниченной монархии в народную республику.

Если в 1921 г. менее 1% населения считалось грамотным, то в 1980-х гг. она стала одной из немногих стран мира, где неграмотность среди населения была преодолена полностью. По числу врачей с высшим образованием на душу населения Монголия вошла в группу передовых стран мира. Создана национальная академия наук, первый космонавт Монголии Ж. Гурагчаа полетел в космос в 1981 г. То есть, за 70 лет после народной революции 1921 г. Монголия превратилась из отсталой скотоводческой страны в современную страну со многими отраслями экономики и развитой социальной сферой.

Анализ тюрко-монгольского вклада в правовую науку, по мнению М.С. Нарикбаева, однозначно показывает, на что на огромном Евразийском пространстве, в Великой Степи, уже издавна существовали юридические институты, свое судопроизводство. Возникли они еще до нашей эры. И что в это время уже существовала отлаженная преемственность судебной власти, власти биев, возможно, единственно реальной власти в те времена и в тех исторических условиях [1, с. 139-189].

К примеру, уже в древних тюркских государствах был свой определенный свод законов, которым строго должны были следовать все подданные. Исполнение законов и правопорядок в этих государствах достигались тремя путями:

- строгое следование традициям и обычаям предков, почитание старейшин, старших и родителей;
- исполнение религиозных предписаний и установок, культов и обрядов;
- строгое исполнение приказов и распоряжений кагана, вышестоящих сановников, при этом особое внимание уделялось тому, чтобы приказы и распоряжения были на благо народа.

Важные государственные вопросы, такие как война, выборы кагана, заключение договоров и другие, решались на курултае. На курултае могли участвовать не только

избранники народа от родов и племен, но и любой способный носить оружие, а также женщины. Каждый участник курултая имел право голоса и мог высказать свое мнение.

Высшим достижением тюркской правовой мысли является свод законов, созданных лично Чингисханом. «Потрясатель Вселенной» знал, что без справедливости единство недостижимо. Но справедливость, согласно кагану, не может быть претворена в жизнь без использования силы. Поэтому он создал «Великую Ясу» – свод законов, который явился для тюрков и монголов политическим, юридическим, военным и этическим кодексом империи, ее сакральным культом. Справедливое общество с монархическим укладом, где царствует закон равный для всех – суть философии Потрясателя Вселенной.

В основе законов Чингисхана лежит популяционная идеология единства, сплоченности, взаимопомощи и поддержки.

Содержательное деление Великой Ясы может быть предположительно реконструировано на основе имеющихся в различных редакциях фрагментов. Следующие выдержки могут дать общую идею.

«Следует возвеличивать и уважать чистых, непорочных, справедливых, ученых и мудрых, к каким бы людям они ни принадлежали; и осуждать злых и несправедливых людей» (Аб-уль-Фарадж, разд. 2). «Первым является следующее: любите друг друга; во-вторых, не совершайте прелюбодеяние; не крадите; не лжесвидетельствуете; не предавайте кого-либо. Уважайте стариков и бедных». (Григор из Алканца). «Он (Чингисхан) запретил им (монголам) есть что-либо в присутствии другого, не приглашая его разделить пищу; он запретил любому человеку есть больше, чем его товарищи» (Макризи, разд. 12).

«Поскольку Чингис не принадлежал какой-либо религии и не следовал какой-либо вере, он избегал фанатизма и не предпочитал одну веру другой или не превозносил одних над другими. Напротив, он поддерживал престиж: любимых и уважаемых мудрецов и отшельников любого племени, – рассматривая это как акт любви к богу» (Джувейни, разд. 2).

«Он (Чингисхан) приказал уважать все религии и не выказывать предпочтения какой-либо из них» (Макризи, разд. II). Эта часть Ясы стала основанием монгольской политики религиозной терпимости [2, с.114.].

Примерно три четверти (по оценке Л.Н. Гумилева) законов направлены на наказание людей, не оказавших помощи товарищу. Например, если монгол едет по степи и встречает того, кто хочет пить, и не дает ему напиться – смертная казнь. Аналогичное наказание или ссылка в Сибирь, если монгол не спасал товарища в трудном переходе, не возвратил ему потерю и т.д. Подобное поведение особенно необходимо в тех условиях, где людей подстерегает опасность и, конечно, в период военных походов и сражений. Самоотверженность и взаимовыручка друг друга считались нормой в поведении монголов, а личная преданность особенно ценилась и поощрялась военачальниками [3, 153].

Что касается международного права, то в Ясах были разработаны такие вопросы международного права, как объявление войны, неприкосновенность послов. Также в Ясах, согласно Г. Вернадскому, указывалось: «Когда необходимо писать восставшим и посылать им представителя, не запугивайте их силой и великим размером вашей армии, а только скажите: «Если вы добровольно сдадитесь, то вы найдете хорошее обращение и покой, но если вы сопротивляетесь – что с нашей стороны можем мы знать? Вечный Бог знает, что случится с вами» [4, с.115].

С точки зрения Ясы, каждая нация, отказывающаяся признать высший авторитет великого хана, рассматривается как восставшая. Как указывает Эрик Фогелин, это противоречит нашим представлениям о международном праве, которое предполагает существование суверенных государств: «Монгольская империя не есть... государство среди других государств мира, а *imperium mundi in status nascendi*, Мировую-империю-

в-Процессе-Становления». Следует вспомнить, что письма великих ханов Гуюка и Мункэ к правителям Запада, верно, следовали вышеприведенному предложению Ясы.

Важным принципом монгольского международного законодательства был принцип неприкосновенности послов. И в каждом случае, когда враг нарушал этот принцип, следовало суровое возмездие. Не существует, однако, прямого выражения такого в существующих фрагментах Ясы.

Что касается уголовного права, то у татаро-монгол оно, как правило, своей главной целью имело поддержание мира и порядка в государстве и обществе. Обычно в тюркском государстве преступления делились на тяжелые и легкие. К тяжелым преступлениям, за которые полагалась смертная казнь, относились: предательство Родины; надругательство над женщиной; убийство человека; трусость во время боя или переход на сторону врага; ошибки и упущения в дипломатической, посольской работе; вмешательство некомпетентного человека в государственные дела; выступления против своего государства. К легким преступлениям, за которые были установлены различные телесные или имущественные наказания, относились следующие: воровство скота; воровство привязанного коня; ссоры, драки. В целом в обществе правопорядок достигался не только соблюдением законов, традиций и обычаев, но и ответственностью за совершенные преступления, наказанием.

Общее моральное предписание уголовного права, по Григору Алканцу, заканчивалось следующей санкцией: «Если нарушитель этого будет найден среди них, то преступники подлежат смерти». Несмотря на то, что финальная цель казалась в широком смысле гуманной, то есть, поддержание мира и порядка в государстве и обществе, закон утверждался с непреклонной жестокостью.

Главной целью наказания, в понимании «Яса», было физическое уничтожение преступника. Поэтому смертная казнь играет важную роль в этом кодексе. Яса признает временную изоляцию преступника через заключение в тюрьму, депортацию, смещение с должности, а также запугивание через причинение боли или наложение штрафа. В некоторых случаях не только сам преступник, но и его жена, и дети подлежат наказанию [4, с.115].

Смертная казнь, предписывалась почти за все виды преступлений. Она следовала за значительную часть преступлений против религии, морали или установленных обычаев; за большинство преступлений против хана и государства; за некоторые преступления против собственности; за третье банкротство; за конокрадство – в случае, когда вор не мог заплатить штраф.

Наказание через тюремное заключение и депортацию предусматривалось за нарушение Ясы и членами ханского рода. Каждый офицер военного соединения подлежал разжалованию, если не справлялся со служебными обязанностями. Воины и охотники наказывались путем причинения боли за мелкие проступки против военной дисциплины. Убийство каралось штрафом. За кражу коня преступник подвергался репрессиям, штрафу или даже смертной казни [4, с.119].

Исполнение законов и распоряжений также реализовывалось и сложной удельно-лестничной системой управления и административными структурами. О них мы говорили выше. Государство было разбито на уделы. Экономической основой законности и правопорядка была частная собственность. Она распространялась на землю, скот, жилище. Каждый собственник имел свою тамгу, которой отмечал свой скот. Купли, продажи земли и скота как таковой не было. Только путем переговоров и соглашений на взаимовыгодных условиях земля и скот могли передаваться в пользование другому человеку. Два процента полученного урожая, скота отдавалось в государственную казну.

Другим основополагающим законом жизни тюркских народов был закон «ника» – гражданского брака. Для соединения брачными узами требовался договор двух сторон, соглашение. Обязательным условием «ника» являлось согласие стороны девушки. Со

стороны джигита должен был быть уплачен калым (обычно скотом). Если умирал муж, то женщина получала наследство в доме мужа и дети оставались при ней. Также существовал обычай, когда жену умершего брата брал в жены один из братьев [6, с. 224].

В контексте вклада тюрко-монгол в правовую науку можно рассмотреть правовую сферу и казахского общества как одну из значимых ветвей правовой науки и культуры тюркских народов. Она, по мнению известного казахского юриста, профессора Сакена Узбек-улы, имеет огромное общечеловеческое и гуманистическое содержание. Значимым в этой связи является то, что сила, мудрость, жизненность обычного права казахов ставятся основополагающим началом. То есть мораль в обычном праве казахов была выше права. Отсюда посягательство на сложившиеся веками моральные ценности объявляется весьма опасным антиобщественным поступком, даже преступлением, расшатывающим незыблемые основы, ценностные ориентиры кочевой цивилизации казахов. Именно поэтому социальная практика кочевого общества выше всех благ ставила магическую силу совести, которая закреплена как формула, аксиома во многих пословицах: «Жизнью жертвую ради чести», «Зайца может убить и шелест камыша, а герой погибает за свою честь» и т. д.

Во-вторых, кочевое право казахов в нормативном порядке закрепляет коллективную взаимопомощь в форме отдельных институтов: жұртшылық, ағайыншылық, қонақжайлық и т.д., обеспечивающие благополучие, достаток, справедливое распределение богатства, защитный механизм общества от тяжелых природных условий.

В-третьих, обязательным атрибутом номадного правосознания является провозглашение принципа родовой и коллективной ответственности за совершенные преступления членом общины. Поэтому за любые правонарушения индивида морально и материально ответствен род.

Как видим, у тюрков кочевников, в частности казахов, нравственный компонент в системе права не только вплетен, но и более того стоит выше права. Это существенное отличие кочевого права от европейского, где оно имеет инструментальный характер. В ней нравственный компонент, по существу, уже утрачен. По мнению отечественных юристов, правовая сфера казахского общества, имеет огромное общечеловеческое и гуманистическое содержание.

На наш взгляд, также заслуживают внимания следующие идеи С. Узбек-улы, об обычном праве казахов: «...обычное право казахов, проверенное опытом предметной деятельности кочевников, есть в то же время проявление своеобразной оригинальной духовной культуры, соответствующее экономическому базису экстенсивного кочевого общества, где жизнь отдельных индивидов еще находится в прямой зависимости от единства кочевников, и подчинения воли отдельной личности социальному интересу всего общества...». Автор имеет в виду, что условия ведения кочевого образа жизни были жесткими и его социальное благополучие и нормальное функционирование находились в прямой зависимости не только от климатических условий, но и от действия, выработанного обществом гуманистических социальных институтов.

В таком понимании право кочевой цивилизации казахов являлось важнейшей этнической моделью мировоззрения с определенной ценностной ориентацией, своеобразным вариантом норм, функционирование которых несло общегуманистические элементы родоплеменной демократии – коллективную взаимопомощь, родовую ответственность и господство духовного начала над материальными факторами. Помимо вышеуказанных достоинств, кочевое право имеет гуманистическое содержание. Отмечая это, профессор Узбек-улы С. пишет: «Впервые на гуманистическое содержание, демократические и духовные традиции, права казахов обратил внимание Чокан Валиханов [7, с.224].

Ч.Ч. Валиханов пишет «... право киргиз (казахов) по той же аналогии высшего развития с низшим, на которое мы так любим ссылаться, имеет более гуманные стороны, чем законодательство, например, мусульманское, китайское и русское по Русской правде. В киргизских (казахских) законах нет тех предупредительных и устраняющих мер, которыми наполнены и новейшие европейские кодексы. У киргиз телесные наказания никогда не существовали. А законы родовые, по которым члены рода ответственны за своего родича, при родовых отношениях приносят много практической пользы» [8, с.94].

Подобную оценку гуманистического содержания институтов родоплеменной демократии можно найти и у других исследователей, изучавших правовые обычаи казахов. Так, по мнению видного исследователя и знатока обычного права казахов Л.Ф. Баллюзека, «в деле вспомоществования ближнему киргизы нисколько не отставали от других народов и многих даже опередили. Помогать родственнику – это долг всякого киргиза и обратилось в неприменный обычай» [9, с.211].

Обращая внимание на гуманистические институты обычного права казахов, Ч. Валиханов писал: «Чувствительность в кайсаках и участие, принимаемое ими в несчастьи ближнего, стоят внимания и похвалы... низший, куда бы он ни пришел, в кибитку ли богача или в хижину бедняка – везде ему приют, везде выражают ему сострадательность и не только словом, но всегда чем-нибудь более или менее существенным...» [8, с.199].

Другими словами, «...значение казахского права выходило далеко за пределы своей собственно регулятивной нормативной роли в этнокультурных границах Казахии. Оно несло и выполняло одновременно несколько функций: регулятивную, управленческую, объединительную, охранительную и гуманистическую. Оно было в широком смысле законом и властью, источником общественного бытия и нравственности, искусством и духовной ценностью. Этими чертами, видимо, обусловлены его жизненность и удивительная устойчивость перед лицом целенаправленного и мощного натиска мусульманского права, монгольского права и других иноземных систем права, таких же кочевых, полукочевых сообществ, оседлых и земледельческих культур и государств, в том числе русского законодательства» [6, с.38].

Важным показателем наличия политических прав тюрков, в том числе у казахов, является институт выборности ханов, или, если быть точнее, юридическая процедура легитимации власти хана, который в обществе уже признан лидером. Власть ханов не передавалась по наследству, а имела выборный характер. Из истории известно, что провозглашали ханом и поднимали на белой кошме лишь наиболее достойных кандидатов.

Литературы:

1. Нарикбаев М. От наших великих биев до Верховного Суда / Перевод с казахского Б.М. Джилкибаева; Вступительное слово М. Жолдасбекова. Алматы: Атамұра, 2000. – с. 139-189.
2. Георгий Вернадский. Монголы и Русь. М.: Изд-во «Ломоносов», 2011. – С. 54.
3. Гумилев Л.Н. Конец и вновь начало. М.: Астрель, 2010. – С. 153.
4. Георгий Вернадский. Монголы и Русь. М.: Изд-во «Ломоносов», 2011. – С. 54.
5. Тургун А. Уйгуры // Перевод Хамита Хамраева. Алматы: Мир, 2008. – С. 82.
6. Зиманов С. Древний мир права казахов и его истоки. /Древний мир права казахов. - Алматы, 2001. – С. 38.
7. Озбекулы С. Право кочевой цивилизации. Алматы: Мектеп, 2012. – С. 224.
8. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти ТТ. т. 4. Алма-Ата, 1985. – с.87.
9. Гумилев Л.Н. В поисках вымышленного царства. М. , 1971. – с. 279.

МОҢҒОЛИЯНЫҢ ЗАМАНАУИ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЛЕЛЕРІ

Зулькафиль Маулет

Моңғолия мемлекеттік университетінің Журналистика кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Улаанбаатар қаласы, Моңғолия.

Қазіргі Моңғолия журналистикасының ірге тасын 1913-жылы 6-наурызда Урга (қазіргі Улаанбаатар) қаласында жарық көрген “Шинэ толь хэмээх бичиг” (“Жаңа айна атты парак”) газеті қалағаннан бері бір ғасырдан астам уақыт өтті. Осы мерзімнің 70-тен астам жылы коммунистік дәуірде, 30-ға тарта жылы демократиялық қоғамда өтуде. Моңғолияның бұқаралық ақпарат құралдары қайсы кезеңде болсын қаншама қиыншылықтары артқа тастап, қазіргі қоғам тақауырына сай дамып, 1970- жылдары БАҚ-тың системасы құрылып, бүгін демократиялық ерікті баспасөзді дамыту жолында алға жылжуда. 1990-жылдан тәуелсіз журналистиканың ірге тасы қаланып, бүгін жартылай ерікті баспасөзді 70-дей елдің қатарына қосылды. Бұл 70 жыл тоталитардық қоғамда, коммунист журналистикалы Моңғол елі үшін ауыз толтырып айтарлықтай табыс деуге болады. Себебі бүгін әлемнің көш бастаушы ірі елдерінің қатарындағы біздің алдыңғы және артқы көршілеріміз Ресей, ҚХР-сы қазірге дейін еріксіз (тәуелді) баспасөзді елдің қатарында екенін әлемнің “Freedom forum”, “Freedom house” сияқты беделді ұйымдарының зерттеулерінен көруге болады.

Бұл мақаланың мақсаты 1990-жылдан кейінгі Моңғолия журналистикасының даму ерекшеліктері мен көкейтесті мәселелерін БАҚ-тың қазіргі практикалық қызметі, авторлардың осы салада жүргізген зерттеулерінің қортындысына, нақты мысалдар мен деректерге сүйене отырып анықтауға бағытталған.

Моңғолияда тәуелсіз журналистика пайда болуға әуелі төмендегі бес фактор әсерін тигізгені байқалады. Олар:

- 1980-жылдардың соңында Кеңестер одағында өріс алған қайта құру әсері Моңғолия қоғамының барлық саласында, соның ішінде БАҚ саласына әсерін тигізіп, БАҚ материалдарының мазмұнына төтенше бақылау қоятын Баспасөзді бақылау орнының қызметіне (Главлит) тиым салынды. Басқаша айтқанда цензура жойылып, журналистер еркін жаза бастады.

- 1990-жылдан демократиялық төңкеріс жеңіп, қоғам жүйесі толығынан өзгеріп, бір партиялық жүйеден көп партиялық жүйеге көшті.

- 1992-жылы жаңа Ата заң бекітіліп, онда азаматтардың сөз және баспасөздің бостандығына кепілдік берілді. Қысқасы Моңғол елі алғаш рет пікіралуандығын (плюрализм) толық мойындап, оны шартарапқа ашық жариялады.

- Жаңа Ата заңның нұсқауы бойынша Моңғолия үкіметі 267-қаулы қабылдап, онда осы елдің кез келген азаматы БАҚ-ын иемдену, жұмыстатуға құқылы болды.

- 1998-жылы 26-тамызда Моңғолия Ұлы Құрылтайы (парламент) “Баспасөз ақпарат бостандығы туралы” заң қабылдап, осы заң бойынша 1999-жылдың 1-қаңтарынан бастап Мемлекеттің билігіндегі барлық БАҚ-ты меншікке өткізді [6, б.254-255].

Жорғарыда аталған факторлардың ықпалымен Моңғолия журналистикасына аз уақыттың ішінде төмендегі бірнеше бағытта үлкен өзгерістер жүрілді.

Бірінші, БАҚ-тың системасы толығынан өзгеріп, коммунистік партияның қарауындағы барлық БАҚ меншікке өтіп, бейресми ұйымдардың, жаңа партиялардың, жеке азаматтардың, оқырман, көрермен, тыңдаушылардың жасы, жынысы, маманы, саяси көзқарасына бағытталған баспасөздің жаңа үлгісі, формалары пайда болып, журналистиканың жаңа бағыттары байқала бастады. БАҚ пікіралуандығы мен жариялылықтың нақты мінбесіне айналды. Егер 1990-жылдың алдында небәрі 84 газет, журнал, 20-дан астам радио, телевизия [4, б.457] жұмыстаған болса 1990- жылдардың

ортасында БАҚ саны 2500-ге жетті. Қазір ақпарат сайттарды қоспаған да 500-дей БАҚ жұмыстауда [7, б.192-193]. Бұл нақты ақпарат тұтынушылар саны 1.5 млн-нан аспайтын Моңғол елі үшін жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

Екінші, тұрақты баспасөздің материалдары, радио, телевизияның бағдарламаларының мазмұны өзгеріп, тақырып көлемі кеңейді. Бұрын БАҚ-тың пайымынан тысқары қалған, жазуға қатаң тиым салынған сан мыңдаған тақырып, мәселелер күнделікті ақпараттың негізгі өзегіне айналды. Шыңғысханнан бастап демократиялық төңкеріске дейінгі тархитың көлеңкелі жақтары, Моңғол елі Кеңестер одағы арасындағы достық қарымқатынаста бұрын-соңды баспасөзден тысқары қалған “эттеген-айлар”, парақорлық, экология мәселелері, жемқорлық, коррупция, нашақорлық, жоғарғы лауазымдылардың, саясаткерлердің, бизнесмендердің моральдық кемшіліктері, экономикалық қылмыстары, заң және қарулы күштер ұйымдарының олқылықтары, түрме өміріне дейінгі барлық мәселелер БАҚ бетінен кеңінен орын алып, көпшілік қауымның құлағына шалынып, көзіне іліне бастады. Қысқасы БАҚ өзінің қоғамды бақылау міндетін атқаратын мүмкіндік туды. Бірақ БАҚ саны молайған сайын оқырмандарды тарту, тұрақты баспасөзге жазылушылардың, сатып алушылардың санын молайту үшін от қасы, ошақ басының өсек-аяңынан шығалмай, айқай-шу көтеру, түймедейді түйедей болдырып тұтынушылардың психологиясымен ойнау да етек алды. Бұл бұрын-соңды Моңғолия журналистикасында болмаған көшенің “сары” газеттері мен журналдарын алып келді. Осы үдріс күні бүгінге дейін жалғасуда.

Үшінші, журналистердің жазу шеберлігенде белгілі деңгейде өзгерістер байқала бастады. Бір тақырып, жанрға ұсталмай, бұрынғы құр мақтау, бір стандартқа табыну, ресми жазбадан бірте-бірте алшақтап, қандай тақырыпта жазса да еркін жазатын, өз көзқарасы, ойлан ойын, айтайын дегенін толық жеткізе алатын болды. Бірақ еркін жазудың аясында қалай болса солай жазатын, әріп пен стилистикалық қатеге толы, жай бір оқырманның күнделігінен аспайтын, айтары аз, берері жоқ “шімайлар” да молайып, мамандар тұрғой жай бір оқырмандардың сынына ілініп, мазағына айналу да етек алды. Бұл журналистиканың мамандық деңгейне, абыройына кері әсерін тигізіп, көпшіліктің БАҚ-қа деген сенімі күрт төмендеді. Қорыта айтқанда бүгін моңғол журналистерінің жазу шеберлік деңгейі 1990- жылдардың алдындағыдан көп төмендеді деуге болады.

Төртінші, БАҚ-тың материалдарының жанры, тұтынушыларға жеткізу әдістері мен формаларына (пішін) үлкен өзгерістер кірді. БАҚ-тың көпшілік қауымды ақпаратпен қанымдау міндеті артып, БАҚ-тар арасындағы бәсекелестік үдеуіне байланысты информациялық жанрлар баса орын алып, көркемдік және сықақ жанрлары азайды. Бұрын айтылмаған тақырыптар молайып, олқылықтар мен кемшіліктерге ерекше назар аудара бастағаны проблемалық, сыни мақалалар, радио, телевизияның сыни хабарлары, бағдарламалары 5 жылдың ішінде 4.5 есе қосылды [5, 138]. Кейбір жанрлар жойылып, қайсы бірі жаңадан пайда болып, жанрлар арасынан бір біріне жақындап, бірінің белгісі келесінен орын ала бастағаны байқалады. Бұл тек Моңғолияның ғана емес әлем журналистикасында кеңінен орын алған үрдіс екені белгілі. Сондай-ақ БАҚ материалдарын дайындайтын Батыстың “төмен қараған пирамида”, “екпінді қозғалыстар бірлігі”, “ирек сызық ұстанымы” т.б. секілді әдістер, формалар БАҚ жұмысының күнделікті практикасында орын ала бастады. Бұл жақсы бастама болғанымен БАҚ-тың жанр саласында кемшіліктер аз емес. Хабар, сұхбат, репортаж секілді бірнеше ғана жанр аясынан шығалмай, очерк, фельетон, памфлет, рецензия секілді журналистерден еңбек, уақыт, ізденіс, талант тақауырлайтын жанрлар күрт азайғаны журналистердің ауырлау жанрлардан бас тартып, жанрға ат үсті қарауының белгісі.

Бесінші, заман талабына сай БАҚ-ты басқару, яғни менежмент, маркетинг саласында ауыз толтырып айтарлықтай өзгерістер жүріп жатыр. Мемлекет билігіндегі барлық БАҚ меншікке өткені оны бұрынғыша басқарудан бас тартып, нарықтық экономика заңы бойынша алып жүруге тура келді. Сондықтан БАҚ редакциялары

оқырмандар үшін бәсекелесте ақпарат нарығында өз орнын табу, пайдалы жұмыстау үшін осы саладағы әлем журналистикасының табыстарымен танысып, тәжірибелерін игеруге ұмтылуда. Ірі газет, журналдар материалдық базасын нығайтып, өзіндік баспа өндірісін орнатып, барлығы онлайн үлгісін жүзеге асырып, жексембілік көп парақты, кіші форматты қосымша, жарнама газеттерді шығарып, жанында ақпарат веб сайтының жұмыстатып жатса, радиостанция, телевизиялар бағдарламаларын дерлік интернет арқылы берумен қатар негізгі бір тақырып бойынша 2, 3-каналдарын жұмыстата бастады.

Қазір әлем журналистикасының даму бағытын айқындап отырған жаһандану (globalization), топтасу (conglomeration), ыдырау (demassification), жақындау (convergence) секілді негізгі төрт фактор [2, б.130] Моңғолия журналистикасына нақты ықпалын тигізуде. Әрі қарай осы факторлар Моңғолияның журналистикасына қалай әсер етіп, қандай орын алып жатқаны жайлы қысқаша баяндайық.

Бүгін Моңғолияда тек БАҚ-тың саны тұрақты өсумен қатар интернет журналистика, экологиялық журналистика, журналистік зерттеу (investigative journalism), мобайл журналистика, азаматтық журналистика, экономикалық журналистика, аналитик журналистика, кабель телевизиясы, қысқа толқынды радиостанция (FM), БАҚ жарнамасы секілді журналистиканың жаңа бағыты мен жаңа құралдары нақты құбылыс болып, көпшілік әлемнің қай бұрышынан да хабар алып, ақпаратын жалғастыратын, қоғамдық жүйе арқылы өз көзқарасын еркін білдіре алатын мүмкіндік туды. Қысқаша айтқанда ақпарат кеңістікке де, уақытқа да бағынбайтын болды. Жалғыз мысал келтірсек, бүгін Моңғолияның көрермендері кабель телевизиясының 200-дей каналы арқылы 30-ға тарта тілде ақпарат қабылдап, 201 тұрақты баспасөз (111 газет, 90 журнал, оның 11-і күнделікті газеттер) оқып, 154 телевизия бағдарламасын (оның 36-сы еліміз көлемінде бағдарлама таратады) көріп, 84 радиостанциясынан хабар тыңдап, 200-ден астам сайттан ақпарат алуда [1]. 2005-жылдан 25-канал, ТВ5, ТВ9 секілді 10-нан астам телевизия бағдарламасын 24 сағат, басқа телевизиялар орта есеппен 16-18 сағат көлемінде беруде. Интернет тұтынушылар саны 2002 жылмен салыстырғанда 400 есе өсіп, қазір 2.6 млн-ға жетті. Ұялы телефон пайдаланушылар саны 5 млн-ға жетіп, 100 адамға 165 ұялы телефон сай келіп, осы көрсеткіш бойынша Гонконг (240), Арабтың Біріккен Эмираты (204), Монтенегро (178), Сауд Аравиясынан (169) кейін ғана кіреді. Ұялы телефон тұтынушылар жылына 4.5 млрд.-тан астам минут телефонмен хабар алмасуда [5]. Моңғол елі бүгін 1000 адамға сай келетін БАҚ және телефон тұтынушылар саны бойынша әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылды. Бұл 1960-жылдары Канаданың белгілі философы Маршал Маклюэннің алдын ала болжап айтқан “жаһан ауылжайы” бүгін нақты көрінісін тапқанының бір мысалы болмақ.

Соңғы жылдары Моңғолияның БАҚ-ында біршама екпінді жүріп жатқан үрдістің бірі ақпарат құралдары бір компанияның билігіне топтасу болып табылады. Бүгін 6-12 БАҚ бір компанияға топтасып, ақпарат құралдары арасынан бірігу үрдісі жедел жүріп жатыр. Монгол Ньюс, Монгол Масс Медиа, Масс медиа группа, Женко группа сияқты медиа компаниялар күнделікті және апталық газет, журнал, ақпарат сайты, телевизия, қысқа толқынды радиостанцияны иемденуі оның нақты мысалы. Тек Моңғолияның алғашқы медиа группасы Моңғол Ньюс компаниясының билігінде “25-канал” телевизия, фотостудияның сыртында күнделікті “Өнөөдөр” (“Бүгін”), апталық “Таван цагираг” (“Бес шығырық”), “UB Post” (ағылшынша), “Ням гариг” (“Жексенбі”) газеттер, “Тэрэг” (“Елік”), “Миний гэр” (“Біздің үй”) журнал, баспа тарататын АБМ компаниясы бар. Кейбір медиа компаниялар жергілікті жерлерде филиалдарын ашып, 2, 3-каналдарын жұмыстатуда. Бұл бағыттың жақсы жағы артында ірі компания болғандықтан ақша қаражаттан мұқтаждық көрмейді, осал жағы сол компанияның, оның артындағы саясаткерлер, бизнесмендер мен биліктегілердің көзқарасы, пікір талабының мінбесіне айналып, ақпараттың тепе-теңдігі жойылып, көпшілік қауымға

теріс түсінік тудыруы мүмкін. Осындай жағдайлар қазіргі медиа компаниялардың қызметінен жиі байқалады.

Қазір ақпарат тұтынушылардың таңдау мүмкіндігі айтарлықтай жақсарғандықтан БАҚ-тың аудиториясы көптеген кішкентай группаларға бөлініп, жасы, жынысы, маманы, білімі, қоғамдағы иеленетін орны бойынша жекелену үрдісі екпінді жүріліп жатыр. Интернет журналистиканың дамысы тұрақты баспаның оқырмандарының саны жыл сайын азаюға әсер етуде. Әсіресе газет, журнал оқитын жастардың саны азайып, олардың пайдаланатын негізгі ақпарат құралы интернет, телевизияның энтертайнмент бағдарламасы болды. Күнделікті шығатын сапалы газеттерді негізінде орта жастан асқан, білім деңгейі мейлінше жоғары адамдар оқитын болса апталық, он күнде бір рет шығатын газеттерді бизнеспен шұғылданатын адамдар, жергілікті жердің тұрғындары, білім деңгейі сәл төмендеу адамдар оқитын көрінеді. Сондай-ақ блогшылар өзіндік оқырмадарын тауып, күн санап қосылып жатқан сайттардың тұтынушылар саны өсуде. Көп паракты, көркем суреттермен безендірілген, заманауи дизайн шешімін тапқан журналдардың саны көбейіп, дәстүрлі БАҚ-тардың тұтынушыларын өзіне тартуда. Моңғолияның барлық халқының 94 пайызы радио хабарын тыңдайтын, 80 пайызы телевизия бағдарламасын көре алатын, тұрақты баспасөздің бір реткі барлық данасын қосып есептегенде бір оқырманға 4-5 дана сай келеді [7, б.112-113]. Бұл бүгінгі Моңғолия журналистикасының даму деңгейін көрсете алатын тағы бір ауыз толтырып айтарлықтай көрсеткіш болары шындық.

Моңғолия журналистикасында 2000- жылдардан айқын байқала бастаған тағы бір үрдіс бір ақпарат құралы басқа бірнеше ақпарат құралының белгілерін өзіне сіңістіріп, таратып жатқан ақпараты, оны дайындайтын қызметі өзара ұқсас бола бастауы. Бұған нақты ықпалын тигізіп жатқан негізгі фактор ақпараттың жаңа технологиясы, заманауи тілімен айтсақ new media болатыны түсінікті. Журналистиканың қызметіне дигитал технологиясын қолдану нәтижесінде тек интернет, кино және телевизияның қозғалмалы кескінін, радионың дыбыс үнін, фото журналистиканың қозғалыссыз кескінін, тұрақты баспаның мәтінінің барлық түрін, электрон кітапты, пошта байланыс саласының мүмкіндігін кеңінен пайдалануда. Барлық газет, журналдар онлайн үлгілі болып, радио, телевизия бағдарламасын интернет арқылы жалғастыратын болды. Дәл осы фактордың нәтижесінде қазір ақпарат та кеңістік, уақыт деген түсінік жойылып, оның жедел де жеткілікті болу деңгейін жаңа сатыға шықты. Ақпарат сыйымдылығы айтарлықтай жақсарумен қатар БАҚ-тың интерактив мүмкіндігі азаматтық журналистиканы дамытуда аса маңызды рөл атқаруда. Қоғамдық қатынас мамандары жоғарыда айтылған өзгерістер және қоғамдық жүйе, интернет күн сайынғы тұтыну құралы болғаны ақпарат тұтынушылардың жаңа дәуірінің басталғанын ескертуде. Бұл біздің пайымдауымызша төмендегі факторларға тікелей байланысты.

Информациялық технологияның дамысы БАҚ-тың жаппай қамту жүйесін кеңейтіп, көпшілікке жеткілікті болу мүмкіндігі бұрын - соңды болмаған деңгейде жақсарды.

Дәстүрлі журналистика туралы түсініктің өрісі кеңіп, сыйымдылығы, мазмұны өзгеріп, журналистика жекелей қызмет жасауы азайып, қоғамдық ақпарат қатынасының яғни Mass communication-нің бір құрамдық бөлігіне айналды. Ақпарат тауар, бизнеске айналып, оны БАҚ-тың көбі ең негізгі мақсаты деп санайтын болды.

Ақпарат нарығында БАҚ-тың сан алуан түрі қатар жұмыстап, олардың арасында оқырмандар үшін бәсекелестік аса екпінді жүрілетін болды.

Социал медиа қоғамдық қызметтің барлық саласында нақты орын алып, журналистердің кейбір міндеттерін блогшылар атқаратын болды. Жаңа ақпарат дайындауды тек журналистер ғана емес оны кез келген сайт, кез келген азамат атқарып, журналистердің міндетін карапайым адамдар атқаратын болды. Қандай бір жаңа ақпараттың көзі (источник) оны дигитал технологияның көмегімен журналистсіз жалғастыратын мүмкіндік туды.

Ақпараттың жеделдік деңгейі жоғарлап, кеңістік пен уақыт факторларына бой ұрмайтын болды. Жаһанданудың ықпалымен көпшілік қауымның ақпаратты қабылдайтын мүмкіндігі ерекше жақсарды.

Моңғол мемлекеті “көп тіректі” еркін сыртықты саят жүргізе бастағаны БАҚ ақпаратын көптеген шет тілдерде жүздеген каналмен қабылдайтын мүмкіндік туды.

Қоғам дамысына байланысты адамдардың ой-сана, білім және мәдениет деңгейі үздіксіз жоғарлап келе жатқаны БАҚ-қа бұрынғыдан басқаша қарауға ықпалын тигізді. Бұл БАҚ-тың міндеті мен мақсатын, жұмыс әдістерін қайта қарап, жаңа заман, жаңа оқырмандардың талабына сай жұмыстауды талап етуде.

БАҚ-тар менежмент, маркетингі мәселесіне ерекше назар аударып, нарықтық экономика кезеңінде ақпарат тұтынушылардың талап-тілегі, тақауырын ең басты мәселе деңгейіне қоятын болды. Қысқасы журналистика ақпарат нарығында “тұтынушы хан” деген қағидатты қатаң ұстанатын болды.

1990-жылдан бұрын БАҚ-қа нені жазам дегенді партия ұйымдары, бастықтар білетін болса бүгін оны ақпарат тұтынушылар анықтайтын болды. Қазір кез келген БАҚ оқырмандардың ақпараттық талап-тілегінен тысқары жұмыстайтын ешбір мүмкіндік жоқ екені анық.

Нарықтық экономика кезінде жарнамасыз күн кешу мүмкін емес болғандықтан осы бағытта жеке газет, журнал, радио, телевизияның жеке каналдары пайда болды. Қазір күнделікті газеттердің 25-40%-ын жарнама иеленуі [7, б. 197] осының куәсі.

Соңғы 15 жылда Моңғолияның БАҚ-тың саны 2 есе азайып, ақпарат құралдары арасынан бірігу, бірнеше БАҚ-тар бір адамның немесе бір компанияның билігінде топтасуы тұтынушылардың факторына байланысты. Басқа жағынан қарасақ бұл нарықтық қоғамның заңдылығы болып табылады.

Қазір ақпарат тұтынушылардың жасы, әлеуметтік құрамында үлкен өзгерістер байқалуда. Тұрақты баспаның оқырмандар саны азайып, оны зиялылар мен қариялар көптеп оқыса, телевизия мен сайттардың тұтынушыларының дені жастар, ал радио малшылар мен дихандардың негізгі ақпарат құралына айналды.

Қазіргі Моңғолия журналистикасында осындай өзгерістер, игі бастамалар болғанымен болашақта шешімін күтіп тұрған мәселелер аз емес. Оларды төмендегі бес топқа бөліп қарауға болады.

1. Журналистика туралы мемлекеттік саясат айқын болумен қатар тәуелсіз БАҚ мәселесі жөніндегі заңнаманы жетілдіру, журналистиканы дамытуға бағытталған құқықтық органы қалыптастыру;

2. Жауапты, этикалы журналистиканы қалыптастыру. Журналистердің бейресми, маманды ұйымдарының жұмысын жақсартып, редакцияның ішкі бақылауын, журналистердің өзі өзіне қоятын бақылауды нығайту;

3. Журналистерді дайындау, маманын жетілдіру, біліктілігін арттыру қызметін жаңа сатыға шығару;

4. Журналистиканы зерттеу, БАҚ қызметі, басылымдар жайлы сынды дамытып, журналистиканы зерттейтін жеке ғылыми ұйым орнату;

5. Журналистердің жұмыс жасайтын ортасын жақсартып, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған шараларды қолдану бүгінгі Моңғолия журналистикасының көкейтесті мәселелері болып табылады.

Қортынды

Әлем журналистикасының даму тенденциялары Моңғолияның заманауи журналистикасына зор ықпалын тигізіп, БАҚ-тың системасы, тұрақты баспа материалдары мен радио, телевизияның бағдарламасы, журналистердің шеберлігі, БАҚ жанрында үлкен өзгерістер байқалды. Бұл Моңғолия журналистикасы әлемнің демократиялық ерікті журналистикасының дамысынан қалыспай дұрыс бағытта дамып келе жатқанының белгісі.

Моңғолия журналистикасы либертарлық журналистикадан жауапты, этикалы журналистикаға қарай нақты қадам жасай бастады. Бірақ шешімін таппай жатқан мәселелер аз емес.

Моңғолия журналистикасы бір ғасырдан астам уақыттағы дамысының дәстүрлерін нақты деңгейде ұстанып, оны жаңа заманның өзгеріс, жаңартуларымен қоса қолданып келеді. Бұл әсіресе тұрақты баспасөзде айқын байқалуда.

БАҚ саны жағынан қамтамасыз болғанымен көпшілік қауымның ақпаратқа деген ізденісі, қажеттілігі, жаңа заман тақауырынан кейін қалып барады. Сондықтан саннан сапаға көшу үшін айқын бағытты, мәнді мақсатты саясат жүргізіп, батыл қадам жасау керек.

Әдебиеттер:

1. Баасансүрэн Т. Монголын хэвлэл мэдээллийн өнөөгийн байдал, цаашдын чиг хандлага (Моңғолия БАҚ-ының қазіргі жағдайы, даму ерекшеліктері) //“Зууны мэдээ”. 2014.05.02, №102.
2. Бакулев Г.П. Массовая коммуникация. Задачные теории и концепции. М.: Аспект пресс, 2010. -190 с.
3. Дэлэг Г. Монгол тогтмол хэвлэлийн түүхэн тэмдэглэл (Моңғол тұрақты баспасының тарихи очерктері). УБ.: УХХЭХ, 1965. -416 б.
4. Дэлэг Г. Монголын хэвлэл. Боть II. (Моңғолдың баспасы. Т.II). УБ. 1971. х.175. -480 б.
5. Жаргалсайхан Д. Тоон технологийн хөгжлийн товгүй унац (Дижитал технология дамысының жарымаған үлесі) // “Өнөөдөр”. 2016.03.02, №052.
6. Зулькафиль М. Орчин үеийн сэтгүүл зүй (Моңғолияның заманауи журналистикасы). УБ., 2015. – 300 б.
7. Зулькафиль М. Орчин үеийн Медиа: шинэчлэл, чиг хандлага. (Заманауи Медиа: жаңарту, даму ерекшеліктері). УБ.: “Удам соёл” ХХК, 2017. -304 б.
8. Зулькафиль М. Монголын олон нийтийн мэдээлэл: нэг үзэл суртлаас олон ургальч үзэл хүртэл (Моңғолияның бұқаралық ақпараты: бір идеологиядан плюрализмге дейін). УБ.: “Удам соёл” ХХК, 2017. -304 б.
9. Монголын хэвлэл мэдээлэл өнөөдөр-2019. (Моңғолияның қазіргі ақпарат құралдары-2019). МХХ: УБ.: “Мөнхийн үсэг” ХХК, 2019. – 114 б.
10. Мониторнгийн судалгаа. (Мониторлық зерттеу). УБ.: “Мөнхийн үсэг” ХХК, 2014. -85 б.

СЫР РУХАНИЯТЫНДАҒЫ Т. ІЗТІЛЕУОВТІҢ ТӘЛІМДІК ЖЫРЛАРЫ

Әбілов Алдажар Әбдіресуллұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Қызылорда, Қазақстан

Құдайбергенова Күнімжан Тыныштықбекқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, PhD, аға оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Сыр елі сонау Қорқыт жырларынан бастап, бүгінге дейін өнер-жырды құрметтеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, рухани байлыққа айналдыра алғаны белгілі. Бұл арнада өзіндік ерекшелікпен көрінер Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуов – қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, ерекше ақын. Оның дидактикалық ағартушылық бағыттағы үгіт-насихат, өсиет өлеңдерінен бастап барлық шығармаларында ұрпақ, ұлт тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген. Оның ақындық, азаматтық позициясы да ұлттық тәрбие, ұрпақ тәрбиесі жетекші орын алғаны анық. Сол себепті өлеңді ұлттық рух биігіне көтеруде Абай, Ыбырай, Міржақып, Сұлтанмахмұт сияқты классик ақындармен сарындас екені аңғарылады.

Мақалада Т.Ізтілеуов шығармаларындағы ар-ұят, иман-адамгершілік туралы айтқан ой-пікірлері қазіргі заман тілегімен үндесіп, отбасылық тәрбиемен сабақтасып жатқандығы баяндалады.

Аннотация. Известно, что страна Сыр начиная с песен Коркыт и до сегодняшнего дня, сумела передать искусство из поколения в поколение, превратить его в духовное богатство. Особое место в истории казахской литературы занимает поэт Сыра Турмагамбет Изтлеуов. Во всех его произведениях, начиная с дидактических просветительских агитационных, заветных стихов, особое внимание уделяется воспитанию поколения, нации. Его поэтическая, гражданская позиция также является ведущей в национальном воспитании, воспитании поколений. Поэтому в поднятии стихотворения на высоту национального духа видно, что оно сравнимо с такими классическими поэтами, как Абай, Ыбырай, Миржакып, Султанмахмұт. Его высказывания о совести, вере и нравственности в произведениях созвучны современным желанием, сочетаются с семейным воспитанием.

Abstract. It is known that the country of Syr Darya, from the songs of Korqyt to the present day, has managed to pass art from generation to generation, to turn it into spiritual wealth. A special place in the history of Kazakh literature is occupied by the poet Syry Turmagambet Iztleuov. In all his works, starting with didactic educational propaganda, cherished poems, special attention is paid to the education of a generation, a nation. His poetic, civic position is also leading in national education, education of generations. Therefore, in raising the poem to the height of the national spirit, it can be seen that it is comparable to such classical poets as Abai, Ybyrai, Mirzhakyp, Sultanmakhmut. His statements about conscience, faith and morality in the works are consonant with modern desires, combined with family education.

Жер жаһандық мәдениеттің адамзат дамуымен тығыз байланыстылығы қандай болса, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің де әлемдік дамудағы орны барлығы даусыз ақиқат. Осы тұрғыдан қарасақ ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің рөлі айрықша көрініп, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, ұлт руханиятының дамуында ерекше маңыз атқарғаны асқақтай түседі.

Адамзат дамуының сан ғасырлық тарихы әлемдік өркениетте адам баласының жан-дүниесін, ішкі әлемін адамгершілік-имандылық ұлағатымен байытып келе жатқан рухани құндылық – әдеби-мәдени туындылар екені белгілі. Кеңес билігі жылдарында ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне қатысты шығармашыл тұлғалар шығармашылығын екі бағытқа бөле: ескішіл, діни бағыт өкілдері және ағартушылық-демократтық бағыт өкілдері деп зерттеп, оқытқаны белгілі. Діншіл бағыт шығармашылық тұлғалары туралы тек жалпылама ақпарат қана берілді. Ал, оларға қатысты зерттеу еңбектер олардың жалпы шығармашылық жолын ашумен ғана шектеліп, сол діншіл ақындар деп отырғандардың өзінің ұлттық дамудағы рөлі зор болғанын, олардың да ағартушы екенін, ұлт тәрбиесінде, ұлттық сананы қалыптастыруда, ұлттық руханиятта және қазақ елі дамуында маңызды болғандығын көлеңкеде қалдырып отырды. Әрине, бұл сол кездің талабы еді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Сыр бойы ақын-шайырлары шығармашылығы жан-жақты зерттелуде. Соның бір бағыты – сол ақындар шығармаларының ұлттық руханияттағы орнын анықтау.

Бүгінгі күні ұлттық рухани құндылықтар мәселесіне қайта оралып, ұрпақ тәрбиесіндегі оның маңызына мән берілген тұста Сыр өңіріндегі тәлім-тәрбиеге қатысты ой-пікірлер, өсиет өлеңдер, тәлім-тағылымдық жырлар маңыздылығы биіктей түседі. Осыған орай Тұрмағанбет ақын шығармашылығына назар аударар болсақ Сыр бойы әдебиетінде ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінде ерекше орны бар Т.Ізтілеуовтің толғау, терме, мысал, дастандарындағы өсиет, тәлім, тағылым, тәрбие үлгілері ұрпақ тәрбиесінде ерекше рөл атқарғаны және атқара берері де анық. Оның шығармаларындағы философиялық ой, ұлттық тәрбиенің негізгі түйіні – адамгершілік, имандылық, еңбек, білім, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге тіреледі. Бұл тек Т.Ізтілеуов шығармашылығына ғана тән емес, бүкіл Сыр бойы ақын-шайырларына ортақ жәйт. Жалпы Сыр сүлейлері шығармаларында ұлтымыздың тұтастай мәдениеті, тарихы, тәрбиесі сақталғаны белгілі, сонымен қатар, олардың шығармаларында тәрбиенің негізгі қызметінің бірі – адамгершілік, имандылық арқылы көрінетіні ашылған. Алайда бұл айтылған жәйт Сыр сүлейлерінің әрқайсысында өзіндік өрнекпен, өзіндік қолтаңбамен көрінеді. Бұдан Сыр сүлейлерінің барлығы да еліне, ұлтына, қазақ білімі мен тәлім-тәрбиесіне қызмет еткен деп топшылауға болады. Сондықтан имандылық пен сыйластықты ұрпаққа өсиет еткен Сыр сүлейлерінің тәрбиелік-тәлімдік қағидалары бүгінде құнды мұра, ғибраттық үлгі екені анық.

Болашақ дегеніміздің өзі өткен тарихты, өткен кезеңді қорытудан басталады десек, Х ғасырда өмір сүрген ғұлама ойшыл Жүсіп Баласағұн адам басының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен анықталатынын: «Білік берді – адам бүгін жетілді, ақыл берді – талай түйін шешілді», [1, 63 б.] - деп ой түйген.

Осы ойды тұжырымдай айтар болсақ, Сыр сүлейлер шығармашылығы да аспаннан аяғы салбырап түсе қалған дүние емес, оның бастауында өзінен бұрынғы ұлттық поэзиямыз жатқаны да, біздің бүгінгі поэзиямыздың шеберлік биігіне көтерілуінде Сыр сүлейлері шығармаларының да үлесі барлығы ақиқат. Өзіндік сипатқа ие Сыр сүлейлері шығармаларындағы этика, эстетика, дидактикаға қатысты ой-желілерінің қазақ мәдениеті мен әдебиеті, руханияты дамуында маңызы зор екені айқын. Солардың бірі, Сыр сүлейі Т.Ізтілеуов шығармаларындағы ұлттық тәрбие халқымыздың мәдениеті мен тәрбиесінде, әдебиеті мен руханиятында аса маңызды екені сөзсіз.

Сыр елі сонау Қорқыт жырларынан бастап, бүгінге дейін өнер-жырды құрметтеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, рухани байлыққа айналдыра алғаны белгілі. Бұл арнада өзіндік ерекшелікпен көрінер Сыр сүлейі Тұрмағанбет Ізтілеуов – қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, ерекше ақын. Оның дидактикалық ағартушылық бағыттағы үгіт-насихат, өсиет өлеңдерінен бастап барлық шығармаларында ұрпақ, ұлт тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген. Оның ақындық, азаматтық позициясы да ұлттық

тәрбие, ұрпақ тәрбиесі жетекші орын алғаны анық. Сол себепті өлеңді ұлттық рух биігіне көтеруде Абай, Ыбырай, Міржақып, Сұлтанмахмұт сияқты классик ақындармен сарындас екені аңғарылады. Оның шығармаларындағы ар-ұят, иман-адамгершілік туралы пікірлері қазіргі заман тілегіне үндес, отбасылық тәрбиемен сабақтасып жатыр. Абай Құнанбаев он бірінші қара сөзінде: «Қашанда бір бала білім, ғылым, махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», [2, 621 б.] - деп адамның тәрбиесіне сипаттама берген. Олай болса, біз сөз етіп отырған Т.Ізтілеуов шығармаларының үлкен арнасы – лирикалық дидактикалық өлеңдері тұнып тұрған тәрбие, адам болам дегенге үлгі-өнеге екені анық. Оның әдеби бай мұрасы фольклордан тамыр тартып, ауыз әдебиетінде жиі кездесетін мотивтер, халықтық көріністерді тәрбие көзіне айналырып, халық поэзиясының дәстүрлі сипаттарымен байланыстырғаны байқалады.

Өскелең ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіруді, ұғындыруды мақсат еткен ел тарихының көркем шежіресін жасап, оны ұрпаққа ұлттық нақышта жеткізіп, сөз өнерімен өнеге, өсиет қалдырған. «Адамға бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» [3, 56 б.] - деп ұлы ғұлама әл-Фараби айтқандай, адам тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесін өзіне орасан жауапты іс қып алған Тұрмағамбет ақын шығармаларында ұлттық тәрбие даралана көрініп, үлгі-өнеге, тәлім, тәрбие басым келеді. Мысалы:

Кейбіреу сәл бақытқа маз болады,
Шабактай шалпылдаған қайрандағы.
Адамдық ісіңе жұрт аңсап тұрсын,
Не керек қарныңның құр майланғаны,
Көңіліне: «Мен де адаммын!»- деп жүрген көп,
Кілегей майға ұқсаған айрандағы.
Ер болсаң, елің үшін ет қызмет,

Сыбанып білегінді салсаң-дағы, [4] - деп адам бойындағы асыл қасиеттерді, халқымыздың қайырымды, мейірбандығын көрсете отырып, келеңсіздіктен бойды аулақ ұстауға шақырады, елге, ұлтқа қызмет ету керектігін жыр желісінде ұрпаққа тәлім етеді.

Түркі-қазақ өркениетінің сан ғасырлар бойы игерген ұстанымы – ұрпақтардың азаматтық тұлғасын, үлгілі болмысын насихаттау. Әлем әдебиетінде осы үрдіс, яғни, ұрпақ тәрбиесі ең негізгі дүниетаным болып отыр. «Сыр сүлейлері дүрлер мен шайырлардың, ақын-жыраулардың өсиеттері – адамгершілікке, өнер-білімге, әділеттілікке үндейді», [5, 2 б.] - деп ой түйеді профессор Б.Кәрібозұлы. Осы пікірді қуаттап: «Т.Ізтілеуов ұлтын тәрбиелеп, басқа өнегелі елдер қатарына көтеріп, өнер-білім жоғары, парасатты ұрпақ өсіруді армандайды. Осылайша, қазақ халқының іргелі ел болып, өнерін өркендетуге септігін тигізуді борыш санаған», [6, 21б.] - деп ой қорытады ғалым Ұ.Жанбершиева.

Т.Ізтілеуов шығармаларында рухани құндылық, тәлім-тәрбие, білімге шақыру, адалдыққа, имандылыққа үндеу жалаң насихат түрінде көрінбейді, керісінше, ол ұлттық пәлсапамен, мақал-мәтелдермен көмкеріле, жалпы жұртқа түсінікті, ұлттық дәстүр-салт, тұрмыс-тіршілік болмысымен тұтастықта ашылады. Бұдан шығатын қорытынды оның шығармалары ұлттық тәрбиемен өзара сабақтас екендігі. Ақындық пен ұстаздықты ұштастырған оның шығармалары көп жағдайда діни-ағартушылықтан гөрі таза тәрбие ұлағатымен ұштасып жатады. Қазақтың отбасылық тәрбиесі, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарды қалыптастыру, адамгершілік, ұлтқа, халыққа қызмет ету парызы, елді, ата-ананы қадірлеу дәстүрі ұлттық тәрбие аясында жыр кестесіне түседі:

Тұлпардың тұқымының туымы бар,
Белгілі ат болары тайдан-дағы -
Алда аға, артта іні жетіп тұрса,

Жігітке ол бір құрал, сайман-дағы,
Деген бар: «Төртеу түгел – төрге шығар!»
Төрің сол – бақыт құстың байланғаны.
Алтау боп аузың ала бола қойса,
Дұшпанға құл боп анық байланбағы [7].

Осы шумақтың өзінен оның адамдардың ізгілік жолдан айнымауын ескерте, ұрпаққа өнеге болатын ұлтымыздың жақсы қасиеттерін үлгі ете тәрбие сабақтастығын өлең өрнегіне айналдырады. Бұл орайда оның ұрпақ тәрбиесіне қатысты ой-пікірлерін қазақтың даналық ойларымен түйіндей, дәйектей отыруы оның өзіндік қолтаңбасын танытатын жәйттердің бірі. Мұны біз ақынның барлық шығармаларынан аңғарамыз, бұл бір шығармасында ашық айтылса, енді бірінде ой астарында жатады да қазақтың ұлттық дүниетанымымен, ұлттық тәрбиесімен сабақтастықта өріледі.

Адамзат баласы үшін ұрпақ тәрбиесінен асқан құндылық жоқ екенін, ұрпақ тәрбиесі арқылы ұлт тәрбиеленетінін, білім-ғылым арқылы биікке жететінін, ғибрат, насихат-өсиет адамды тәрбиелеудің құралы екенін анық түсінген Тұрмағамбет ақын шығармаларында ата-баба дәстүрінде қалыптасқан адам мінез-құлқындағы жақсы мен жаман қасиеттерді ғибрат, тәлімдік ойлармен әдіптеп, өрнектей білген. Мұны біз оның адамзат ықылым замандардан жауап іздеп келе жатқан сауалы – жақсы қайдан шығады, жаман қайдан шығады, - деген мәселеге баруынан да көре аламыз. Ғасырлар көшінде, қоғамдар сұранысында сәл өзгерістері болғанмен жақсы мен жаман түсінігінің адам баласы жер бетінде ғұмыр кешсе бола берері белгілі. Себебі, жалпы айтқанда жақсы мен жаман – философиялық категория, адам баласы пайда болғаннан бастап келе жатқан ұғым. Мұны Тұрмағамбет ақын атадан-балаға мирас болатын осы өсиет, ғақлия, тәмсіл, тәлім арнасына салады да:

Жаманға жақсы адам ақыл айтар,
Жақсыға жаман көзін бақырайтар.

«Тудым» деп, өзің туған мен де атадан,

Едәуір аузын керіп нақыл айтар [4, 72 б.], - деп, өмірде нені қадірлеп, неден үлгі алу керек екенін қос өрім ете жаткізеді.

Ұлттық сана мен ұлттық жады кез-келген халық үшін ең қастерлі, баға жетпес құнды қасиет деп ұққан ақын өз танымында тәрбие – адамтанудың негізі деп білген. Келешектің тұтқасы болашақ ұрпақ екенін пайымдаған ақынның жақсы мен жаманды өлең өзегінде салыстыра беруі – ұлттың рухани жетілуін көздеуінен туған ойы екені анық. Ұлтымыздың кейінгі ұрпаққа тәрбие берудегі тиімді құралының негізі халық ауыз әдебиетінде жатқанын ақын жақсы білген. Қазақ ертегілерінде, эпостық шығармаларда әдет-ғұрып, бақыт үшін күрестің бастауы, адамдардың өзара қарым-қатынастары, қазақ халқының ең жақсы қасиеттері – елін, жерін сүюі бейнеленетінін түсінген ақын өз шығармаларында бұл үлгіні да шеберлікпен пайдаланады. Үлкенге құрмет көрстеу, әйелді қадірлеу, адамгершілік, мейірбандықты жырлау арқылы адамның ойлау қабілетін, тілін дамытып тұлға болып қалыптасуына септігін тигізетінін ақын өз шығармаларында сан мәрте дәлелдейді. Сонан соң Тұрмағамбет ақын өмірдің өзінен алынған қорытынды ой түйінін сөз асылымен көмкереді. Мәселен:

Ердің ісі – келіс,

Жаманның ісі – керіс,

Ақылсыз адам, ауыздықсыз ат,

Керіспеймін – деп мақтанба,

Кек сақтамаймын -деп мақтан [7], - деп қысқа тұжырымды тұспал өсиетпен ұрпақ тәрбиесіне үлес қосады. Ол өмір шындығынан қорытынды түйін айтып, қанатты сөздер мен халықтық мақал-мәтелдерді жиі қолданады. Әр халықтың өзі жасаған логикалық ережесі не өмірлік пәлсапасы - мақал мен мәтелдердегі тәрбиелік ойларды тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйіндеп, бір-ақ ауыз сөзге сыйғызу,

оның тәрбиелік мәнін ұрпақ санасына беретіні белгілі. Осы ойдың тізбегінде «Ердің өзіне қарама, сөзіне қара», «Өлімнен ұят күшті», - дегендерді айтудың өзі біздің жоғарыдағы оймызға дәйек бола алатыны анық. Енді бұл ақын шығармашылығында қалай көрінеді десек Т.Ізтілеуовтің «Данышпан қарт» дастанында:

Кем болмас, кеңнің ісі қалайда да,
Қате емес қарттар айтқан нақлиқат.

«Тұтқын қыз» дастанында:

Жол табам жалғыз өзім дегендерден,
Өшпесе, өсірмейді оның бойын.

«Рауа бану» дастанында:

Еңбегім есесізге еткен еш болар,

Не ексең, соны орасың [7], - деп мақал-мәтелдер арқылы халық ұғымына сай ұлттық тәрбиеге бағыт алады.

Ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін сазаңды,

Ат қадірін білмесең, жаяушылық берсін сазаңды [7].

Ұлт болашағы – ұлттық тәрбие деп ұққан ақын ас пен ат қадірін біліп, ұлттық рухты, ұлтжандылықты ұрпақ бойына сіңіруге атсалыса отырып, ақын күллі қазақты халқымыздың салт-дәстүрін әдет-ғұрпын, елді, дін мен тілді сүйіп, жаман әдет, жат қылықтардан аулақ болуға шақырады.

Ол өсиеттік ғибраты мол өлеңдерінде адам бақыты оның дәулетімен өлшенбейтінін, жігіттің асыл қасиеті, бақыты - халқына адал қызмет ету екенін жыр кестесіне салып, елге өнеге, тағлым етеді.

Бақ қонып, бастарыңа бітсе дәулет,

Көзің сал, көкірегі шерленгенге.

Қолайлы өз халқыңа қызмет қыл,

Белгілі бедеу сыры ерленгенге – [4].

Адамгершіліктің ең жоғарғы сатысы – өнер, білімді игеріп, халыққа қызмет ету деп білген ол жеке бастың тәрбиесі – адам болашағын белгілейтін бастау екенін «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», - деген халықтық қағидамен байланыстырады. Сөйтіп ұлттық тәрбие беру арқылы отбасында парасатты ұрпақ өсіруді армандайды.

Тұрмағамбет ақын шығармаларының түпкі ниеті – халыққа адал қызмет ету деген түйінге тіреледі. Ақынның «Шәкірттерге», «Балаларыма», «Ұстаз ұсынысы», «Адамдық іс», «Халық үшін туған хас жомарт», «Татулық», «Күн шықса нұр қашады айдан -дағы» т.б. өлеңдері халықтық тәрбиеге тұнып тұр.

Тұрмағамбет пайымында адам үшін ұрпақ тәрбиесінен асқан байлық жоқ, осы құндылықты ұрпақ бойына сіңіруде ұлтымыздың ұлағатына сүйене отырып, болашақты болжайды. Халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт-санасында үлкенге құрмет, аға мен іні, әйелі мен ері, ана мен бала арасындағы сыйластық, жарасымдылық, ауызбірлік сияқты қасиеттер тәрбие қағидасына айналған. Осы ойларды Тұрмағамбет «Тәлім» өлеңінде кестесін жатық, көңілге қонымды етіп береді.

«Аға» деген ініні,

Жаным – десе болады.

Ерін күткен әйелді,

Ханым – десе болады.

Қызғалдақтай ұл-қызды,

Сәнім – десе болады.

Ойлы туған ұлдарды,

Ғалым – десе болады.

Осындай айтқан үгітті,

Ел біткенге таратып,

Мәлім – десе болады [4].

Осы шумақтың өзі Тұрмағанбет ақын шығармаларындағы тәлім мен тәрбиелік ойлардың аса құнды екені аңғартпай ма?! Бас-аяғы он балдық шумаққа адами дамудың негізгі ұстанымын сиғызып жіберген ақын адамдар арасындағы татулық, ауызбірлік, сыйластық, ұрпақ үшін күрес, келешекке ұмтылыс, өнер, білім, ғылымға деген ынта, ықылас барлығын сиғыза отырып, осыны ұққан адамның кем болмайтынын, оны өзі ұққасын ел ішіне тарту, яғни, өзгелерге тәлім беру керектігін ишара жасайды. Академик З.Қабдолов: «Әдебиеттегі тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы жасанды жалт-жұлт күлді бадамда болуда емес, сөздің табиғилығы мен қарапайымылығында, халықтылығы мен тазалығында жатады, әдеби тіл – жай тіл емес, демек, сұлу сөз» [8, 214 б.], - деп түсіндіреді. Осы пікірге сай ақын қолданған бейнелі сөз арқылы өмір шындығы, тәрбие өрісі көз алдына келіп, ақынның сұлу сөзбен тәрбиелік өрнек салғанын аңғарамыз.

Бүгінгі таңда ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан дәстүр сабақтастығын жалғап, өмір шындығын ұлттық тәрбиемен үндестіре жырлаған Т.Ізтілеуов шығармалары ұлтымыздың жадында сақталып, қайта жаңғырып, жалғасын тауып отыр.

Қазақ әдебиетіне баға жетпес үлес қосқан Т.Ізтілеуов шығармаларындағы ұлттық тәрбиеге қатысты ойларды, олардың қазақ руханиятындағы рөлін ашу ісі жалғаса береді деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтты білік. //Аударған Егеубаев А. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
2. Құнанбаев А. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. - 720 б.
3. Табылды Ә. Халық тағлымы: қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 240 б.
4. Т.Ізтілеуов шығармалары. – Алматы: «Дешті Қыпшақ» баспа үйі, 2007. - 588 б.
5. Кәрібозұлы Б. Игенбаева Р. Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық тәлім-тәрбиелік тағлымы. - Қызылорда: Тұмар, 2019. -113 б.
6. Жанбершиева Ұ. Т.Ізтілеуовтің әдеби мұрасы. – Алматы:Арыс, 2003. - 336 б.
7. Ізтілеуов Т. Шығамалар жинағы. Назым. - Алматы: Ғылым, 1982. - 320 б.
8. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 294 б.

БІЛІМ БЕРУ МЕН ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Паридинова Ботагөз Жаппарқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда, Қазақстан

Мемлекетіміздің тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудің негізгі жолы білім беру және тәрбие беру жүйесін жоспарлы түрде құру болып табылады. Бүгінгі күнде ХХІ ғасырдың көшбасшы мемлекеті болу білім беру арқылы тәрбиелеудің тиімді жүйесін қалыптастыруда жатыр. Білім әлемдегі барлық мемлекеттердің негізгі басымдықтарының бірі болып саналады. Тәрбие жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Сондықтан қазіргі бәсекелестік заманындағы шарттар бойынша оқытудағы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар жүйесінің маңызы зор. Қазіргі заманғы философияның өзі гуманизм дағдарысына ұшырағаны жасырын емес. Дағдарыстың негізгі себебі – адамзаттың рухани-адамгершілік дамуы ғылыми-техникалық прогрестен артта қалуында деген пікірдеміз.

Білім беру тұлғаның қоғам талаптарын игеру жағдайындағы және оны реттеп отыратын тұлғаның қалыптасу процесі болып табылады. Бұл адам баласының оқу нормасы, тәрбиесі және әлеуметтік құндылықтарды игеру дағдысы ретінде саналады. Сондықтан білім беру процесі арқылы тәрбие жүргізу келесі сатылар негізінде дамиды: имитация – ересектердің мінез-құлқын кішкентай балалардың көшіруі; ойындық – бала мінез-құлқыты оның мағыналық рөлі ретінде атқаруы; топтық ойындар – рөлдер негізінде күтілетін мінез-құлқы. Жастарға білім беру мен тәрбиелеудегі негізгі міндеттер тұлғаның рухани, адамгершілік, шығармашылық дамуының жоғарғы деңгей сапалық белгілеріне сәйкес болуы тиіс. Білім берудегі жаңа міндеттер тәрбие мәніне жаңа түсініктер береді. Тәрбие қызметінің қазіргі заманғы тұжырымдамалары бойынша негізгі мәселелер төмендегідей: 1) тұлға дамуын басқару үрдісі; 2) тұлға дамуының шарттарын құру бастамасы; 3) тұлғаны әлеуметтендіру үрдісін бақылау; 4) тұлға дамуындағы психологиялық және педагогикалық қолдау үрдісі. «Технология» термині тек ғылымда ғана емес, күнделікті өмірде де кеңінен қолданылады. Сонымен бірге қазіргі шетелдік және қазақстандық ғылымда берілген түсінікке қатысты нақты ұғымдар жоқ. Ғылыми әдебиетте «технология» ұғымы алғаш рет машина, фабрикалар мен өндірістік индустрияның ХVIII ғасырларда Еуропада дамуы барысында, ал Кеңестік ғылымда бұл термин ХІХ ғасырдың басында қалыптасты. Оның пайда болуы И.А. Двигубскийдің химиялық технологияға қатысты «Начальные основания технологии, или краткое показание работ, на заводах и фабриках производимых» (1808 ж.) оқу құралы, «Технологический журнал» (1840 ж.) топтамасының жарық көруі мен «Курс химической технологии» (1851 ж.) оқулығының шығуымен байланысты.

Демек, химияда «технология» арнайы ғылыми термин ретінде бекітілді. Қызметтің өзге салалары мен ғылыми әдебиетте «технология» түсінігінің орнына «өнер», «іс» секілді терминдер жиі қолданылады.

Сонымен бірге, технология ұғымын жеке түсінік ретінде ғылымға енуіне «техника» терминінің қолданылуы кедергі келтіріп, көп жағдайда «технология» ұғымын ауыстырып отырды. Сондықтан ғылыми пәндер классификациясында технология ұғымын техникалық ғылымдармен байланыстырылып отырады. Дегенмен, кейбір зерттеушілер технологияның техникалық пәндерінен бөлек ғылым салаларында кеңінен пайдалануға болатынын дәлелдейді. М. Корач пікірінше, техника адамның табиғатты игеруін көрсететін өркениет пен мәдениеттің бір саласы болып табылады және бұл салаға экономикалық қызметтегі материалдық құралдарға жетудің мақсаттарын енгізеді.

Басқа зерттеушілер техникалық ғылымдарды екі үлкен топқа бөледі:

1) техника мен еңбек құралдарының материалдық құрылысы туралы ғылым;

2) техникалық жүйелердің құрылымы мен қызметтері туралы ғылым. Олар технологияны ғылымның екінші тобына жатқызып, оның көптеген бағыттарын ерекшелейді: металл өңдеу технологиясы, машина жасау технологиясы, құрылыс өндірісінің технологиясы, химиялық технология және т.б. А.Д. Бондаренко «техника» және «технология» терминдерінің эволюциясын сараптай келе, оның келесі хронологиялық кезеңдерін көрсетеді:

Бірінші (XIX ғ. басы – XIX ғ. үшінші ширегі): «технология» терминінің арнайы әдебиетке енуі және оның химия мен химиялық өндірісте бекітілуі.

Екінші (XIX ғ. үшінші ширегі – XIX ғ. соңы): «техника» терминінің кең тарауы және оның табиғат күшін игерудегі дағдылар, икемдер, тәсілдер мен білімдердің жиынтығы ретінде түсініктеме берілуі.

Үшінші (XIX ғ. соңы – XX ғ. бірінші ширегі): «техника» терминінің үстемдігі және оның адамзат қызметінің жеке салаларында кәсіпқойлық ретінде түсініктеме берілуі.

Төртінші (XX ғ. екінші ширегі): «технология» терминінің дамуы, оның өндірістің барлық салаларында таралуы және бекітілуі. Технология ғылымы және тәжірибелік дифференцияға ұшырады. «Техника» терминімен еңбектің материалдық нұсқалары белгіленді.

Бесінші (XX ғ. үшінші ширегі): «техника» мен «технология» терминдерін қолдануға қатысты қатал талаптар. Теориялық технологияның пәнін негіздеу қолға алынды. «... материя өмірінің формалық өзгерістерін зерттеуге бағытталған процестерді зерттейтін ғылым...» Берілген кезеңді зерттеушілер ғылыми технологияның бекітілуімен байланыстырады.

Алтыншы (XX ғ. соңғы ширегі): технологияның әрі қарай дифференциялануы, теориялық бөлімінің қалыптасуы мен дамуы. Техника термині бөлінді және жеке категориялық түсінік ретінде қалыптасты [1]. Бүгінгі күндегі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайлар педагогикалық ұстанымдарды қайта қарап, тәжірибелі, сапалы білім беру арқылы болашақ мамандарды даярлаумен қатар, білім берудегі рухани-адамгершілік, ақпаратты шығармашылық және сыни өңдей алатын, құбылыстарды терең сараптайтын технологияларды қажет етеді. Оның негізгі рөлін гуманитарлық технологиялар атқарады. Гуманитарлық технологиялар – стратегиялық сипаттағы болашаққа болжам жасау, көпшілікке жария ету және даралығын танытатын әлеуметтік жүйелерді басқару әдістерінің кешені болып табылады. Сондықтан «технология» түсінігінің мазмұны көпқырлы. Оның ғылыми шеңберінде теориялық және тәжірибелік салалары қоғамдық даму мәселесін шешу барысында қиындықтар туындатады. «Технология» түсінігі ең алдымен шаруашылық өндірісі, техникалық прогресс, техникалық конструкциялар мен өндірістік процесс жүйелерімен байланысты. Сонымен бірге, технология материалдық өндіріс саласының пайда болуы арқылы дамыды. Гуманитарлық технологиялар бойынша индивидтің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерді айқындауда «мінез-құлық стратегиясы» термині кеңінен қолданылады. Бұл ұғымды институтталған жүйешіктердің келісім теориясындағы өзара байланыстарды қарастыратын «әлем» түсінігімен қарастыруға болады. Ғылымда мұндай әлемнің жеті түрі көрсетілген:

1) нарықтық әлем; 2) индустриалдық әлем; 3) дәстүрлік әлем; 4) азаматтық әлем; 5) қоғамдық пікір әлемі; 6) экологиялық әлем; 7) шабыттану және шығармашылық қызметі әлемі.

Көрсетілген әлем түрлері сипаты мен құндылықтарына қарай бөлінеді:

1. Ақпарат көзіне қарай: нарықтық әлем – баға; индустриалдық әлем – техникалық және технологиялық стандарттар; дәстүрлік әлем – дәстүр, сенім аңыздар мен салт-дәстүр; азаматтық әлем – заңдар, мінез-құлық ережелері; қоғамдық пікір әлемі – саяси

жарнама, өсек-аяң; экологиялық әлем – қоршаған ортаның жағдайы туралы мәлімет; шабыттану және шығармашылық қызметі әлемі – дарындылық.

2. Мінез-құлық нормаларының басымдығына қарай: нарықтық әлем – индивид қажеттілігінің жоғарылығы; индустриалдық әлем - өндіріс үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз ету; азаматтық әлем – жеке мүдделерді ұжыммен байланыстыру; қоғамдық пікір әлемі – танымалдылық жетістігі; экологиялық әлем – адамдар арасында өзара байланыстарды экология талаптарымен байланыстыру; шабыттану және шығармашылық қызметі әлемі – қайталанбас нәтижеге жету мүмкіндігі.

3. Институтталған жүйешіктер пәндік белгілері бойынша бөлінеді: нарықтық әлем - әлеуметтік өзара байланыстардың негізі болып табылатын тауар мен ақша; индустриалдық әлем – құрал-жабдық; дәстүрлік әлем – табыну құралдары; азаматтық әлем – қоғамдық игілік; қоғамдық пікір әлемі – мәртебе көрсеткіштері; экологиялық әлем – табиғат нысандары; шабыттану мен шығармашылық әлемі – өнертабыс және инновациялар [2, 58-68 бб.]. Демек, аталған жеті әлем бір-бірімен өзара байланысты және өз кемшіліктерін біріге реттеп отыруға мүмкіндіктері бар. Жалпы гуманитарлық технологияларды білім берудегі инновация ретінде қарастырамыз. Білім беру процесінде инновацияның маңыздылығы зор. Инновация – жүйені жаңарту, дамуын қамтамасыз етуге бағытталған, жаңа сапалық белгілерге өту жолы. Білім берудегі инновациялық ізденіс гуманитарлық технологиялар түсінігіндегі парадигмалар өзгерісіне байланысты. Сондықтан оқыту процесіне инновациялар енгізу уақыт талабына сай болуы тиіс. Бұл бағытта гуманитарлық технологиялардың білім беру процесіндегі маңыздылығын ескерген жөн. Инновациялық педагогикалық процестер әлеуметтік зерттеулер мен педагогикалық тәжірибе салаларының пәні ретінде зерделенуі елімізде кеш қалыптасты. Әлемдік педагогикалық қауымдастық бұл мәселеге ерекше қарайды. Мәселен, ЮНЕСКО жанында әлемнің барлық елдеріндегі педагогикалық тың жаңалықтар жиынтығын жүйелеп, ақпарат беретін білім беруді дамытудағы педагогикалық инновациялар орталығы қызмет атқарады. Инновация адамзат секілді өмір циклінен өтеді. Инновация дамуының келесі кезеңдері бар: 1) инновацияның пайда болуы; 2) оның қалыптасуы және нақты ортада жылдам өсімі; 3) кемелденуі, оның өзге ортаға кең таралуы; 4) жаңа бастамалардың дәстүрге айналуы. Дәстүрге айналған инновацияның төртінші сатысы ұзақ уақыт қоғам үшін қажетті болады. Бірақ, оның қажеттілік шарттары өзгерсе, инновациялық дамудың бесінші кезеңі қалыптасып, дағдарысқа ұшырау байқалады [3, 125 б.]. Еліміздегі гуманитарлық технологиялардың қазіргі жағдайын талдауға байланысты оның екі мен үшінші сатылары арасында десек те болады. Бүгінде ол қоғамның барлық салаларына кеңінен тарап, білім беру мен тәрбиелеудегі маңызы артты. Біздің ойымызша, саяси-әлеуметтік, философиялық, діни, ұйымдастыру-басқару, әлеуметтік-мәдени инновациялардың педагогикалық инновацияларға ықпалы мол. Қорыта айтсақ, гуманитарлық технологиялар білім берудегі инновациялық дамудың деңгейі мен жастар тәрбиесіндегі құндылықтарды айқындауға ықпал жасайды. Болашақ мамандарға қазіргі қоғамға қажетті кәсіби шеберлікті орындауға тәрбиелейді. Білім беру мен тәрбиелеу интеграциясы әлемнің жаһандық мәдениеті мен өзара түсіністік арасындағы байланыстың адамзат тұлғасының даму көрсеткішін танытады. Сондықтан білім беруді модернизациялау қоғам мүшелерінің ойлары мен қызметінің нәтижесі саналады.

Әдебиеттер:

1. Насимова Г.О. Политическая конфликтология. – Алматы, 2008. – 246 с.
2. Олейник А. В поисках институциональной теории переходного общества // Вопросы экономики. – 1997. – № 10. – С. 58-68.
3. Соломин В.П. Гуманитарные технологии как инновация в образовании // Вестник ТГПУ. – 2011. - №4 (106). – С. 125.

СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ ЗНАНИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Фурсова Валентина Владимировна

доцент кафедры общей и этнической социологии Казанский
Федеральный Университет, к.с.н, Республика Татарстан, Россия

Аннотация. В статье излагаются принципы развития современного социально-гуманитарного образования. Она представляет собой сложную динамическую систему, исторически обусловленный, развивающийся организм, в котором присутствуют субъекты, сферы и средства человеческой деятельности, сама деятельность.

Ключевые слова: социальная сфера, современное общество, глобализация, образование

Abstract. The article outlines the principles of the development of modern socio-humanitarian education. It is a complex dynamic system, a historically conditioned, developing organism in which there are subjects, spheres and means of human activity, activity itself.

Keywords: social sphere, modern society, globalization, education

Орудийно-трудовая деятельность людей в ходе исторического развития преобразуется в материально-производственную и духовную жизнь, в результате чего складываются определенные соотношения между природным и социальным, материальным и духовным началами, определенные комбинации между ними. «Именно из этой комбинации проистекает социальная жизнь, – писал Э. Дюркгейм, – а потому эта комбинация и объясняет ее»¹. В своем дальнейшем развитии общество воспроизводит и обогащает социальную жизнь человека.

Социальная жизнь людей — это непрекращающийся процесс деятельности множества человеческих индивидов, которые, образуя различного рода объединения, группы и т.д., направляют свои кооперированные усилия на решение всевозможных социально значимых задач с помощью особой системы средств. Она представляет собой сложную динамическую систему, исторически обусловленный, развивающийся организм, в котором присутствуют субъекты, сферы и средства человеческой деятельности, сама деятельность.

Человеческая деятельность в социальной жизни общества играет первостепенную роль, а движущей силой ее является удовлетворение потребностей в материальных благах, общении, семейной жизни, воспитании детей, познании, самовыражении. Деятельность людей и удовлетворение их потребностей составляют самую глубокую необходимость общественной жизни. Любое общество в своем движении вбирает в себя социальные, культурные, экономические, экологические, правовые и иные формы развития. На этих направлениях развития идет борьба между новой и старой тенденцией, что является движущей силой развития общества.

В процессе человеческой деятельности обе тенденции находятся в диалектической взаимосвязи. То, что направляет развитие, есть новое, а то, что тормозит — это есть старое. Новое вырастает из старого. Все положительное и ценное, что было в старом, остается в новом. Развитие нового и старого, борьба между ними может осуществляться и осуществляется при самом различном понимании истории, в том числе и при материалистическом ее понимании.

Согласно материалистическому пониманию истории уровень развития производительных сил предопределяет соответствующие изменения производственных отношений, а развитие последних обуславливает функционирование системы общественных отношений. Тезис о «базисе» и «надстройке» отводил феноменам политического и идеологического плана роль несамостоятельных элементов «второго

порядка», лишь «отражающих» структуру и изменения базиса. На определенном этапе развития производительные силы приходят в противоречия с производственными отношениями, которые превращаются в их оковы. Наступает социальная революция, происходит переворот во всей надстройке.

Материалистическое понимание истории, таким образом, знаменует прямолинейное восхождение по ступеням от одной формации к другой. Оно открыло новую страницу в освоении богатства исторического процесса и явилось колоссальным завоеванием научной мысли.

Однако формационный подход к истории обладает определенной *ограниченностью*. Развитие общества при таком подходе не прямолинейно. «Прямолинейное развитие, – писал А.Дж. Тойнби, – это не что иное, как простейший образ волшебного бобового стебелька из сказки, который пробил землю и растет вверх, не давая отростков и не ломаясь под тяжестью собственного веса, пока не ударится головой о небосвод» [1].

Всякое общество не следует ограничивать и сводить только к экономическим аспектам социальной жизни. Оно не может развиваться, не включив в себя культуру и нравственность, которые не только глубже экономики, но и фундаментальнее ее. Формационный подход к истории, охватывая преимущественно материальные факторы развития, фактически не указывает на ту созидательную, творческую силу, которая обеспечивает собственное движение производительных сил и функционирование производственных отношений как двух сторон общественного организма — *самого человека*.

В России давно разгадали опасность монолинейного развития. Прежде всего для нее характерно то *общее* свойство, что присуще для общества вообще. К общим свойствам общества относятся пространство и время, которые определяют его исторический и культурный характер, целостность и устойчивость, способность к саморазвитию и решению общих проблем. Общее знает социальные процессы и изменения, динамику и статику, системы и структуры, противоречия и конфликты, монологи и диалоги и др. Общее повторяется в каждом обществе, на каждом этапе развития формирует общие закономерности, его основы.

Общее объединяет людей в единое целое. Оно проявляется через особенности развития, выявляя и устанавливая соотношение между деятельностью и потреблением, спросом и предложением, потребительной стоимостью и стоимостью. Разнообразие природы, сложившееся в России, потребовало от ее народов выработки своеобразной культуры как способа взаимодействия со «своей» частью биосферы. У каждого народа свое расселение, свой союз с природой, своя географическая среда, своя этническая история, свой язык, своя культура, свой характер.

Общее и особенное в обществе действуют одновременно. Они, будучи в неразрывном единстве друг с другом, заключают в себе противоположности, которые выражают собой внутренний источник всякого движения, корень жизненности, принцип развития.

Особенности развития России (сложные погодные условия, своеобразие формирования государственности, своеобразный характер общества, многонациональность, православие, специфика культурного развития с его мессианской идеей) позволили установить, удержать и развить государство, оставив его в основном крестьянским, с неоднородной культурой, с «догоняющим» характером экономики.

Все это указывает на то, что развитие российского общества — не прямолинейно. Первым разгадал опасность монолинейного развития в мире В.Г. Белинский. После своего непродолжительного «примирения» с действительностью, которое у него состоялось на почве гегелизма (вспомним высказывание Гегеля: «Что разумно, то действительно, и что действительно, то разумно» [2]), Белинский решительно

отбрасывает философский «капкан» «Егора Федоровича» (Гегеля), мотивируя его тем, что в системе немецкого философа «всеобщее» упраздняет «отдельное». Абсолют мешает развитию индивидуальности — не только личной, но и национальной. Всякий народ есть нечто целое, особое, частное и индивидуальное, у всякого народа своя жизнь, свой дух, свой характер.

Русская философия и социология изначально осознала ту великую идею, что поле (пространство) мировой истории не для однолинейного «марширен», а для широкого всестороннего и многообразного движения. «Прогресс, - подчеркивал Н.Я. Данилевский, – состоит не в том, чтобы идти всем в одном направлении . . . а в том, чтобы исходить все поле, составляющее поприще исторической деятельности человечества, во всех направлениях» [3].

Н.Я. Данилевский, размышляя в духе идей Белинского и ранних славянофилов, создал целую теорию *культурно-исторических типов*, ставших стержнем идеологии поливариантного развития. Не случайно идеи Данилевского были сразу же подхвачены такими западноевропейскими мыслителями немарксистского направления, как О. Шпенглер, А. Тойнби и др.

Каждое общество формируется со своими отличительными чертами, с национальными особенностями, со своим своеобразием. Концепция развития российского общества представляется нам более объемной, чем «простейший образ волшебного бобового стебелька из сказки».

Исторический путь России занял «срединное» положение в мире. На этом пути столкнулись Запад и Восток. Российский народ оказался не чисто европейским и не чисто азиатским. Он соединил в себе, в своей душе два мира — западный и восточный. Развитие России проходило в основном под знаком триумфа естественных наук. В этих условиях «гуманитарные науки нигде в мире, - по утверждению Ю.Н. Афанасьева, - не заняли достойного и принадлежащего им по праву места» [4].

В то же время социально-гуманитарные науки призваны заблаговременно предупреждать общество об ожидающих его трудностях, разрабатывать альтернативные варианты решений и обосновывать выбор оптимальных. Их смысл и предназначение состоят в том, чтобы обеспечивать надежное социальное прогнозирование. Гуманизация и демократизация общества, его культурное, научное, образовательное развитие, проведение социально-экономических реформ, решение экономических, межнациональных, правовых и иных проблем невозможны без одновременного развития социально-гуманитарных наук, приращения и генерирования новых научных знаний.

Развитие цивилизации немислимо без знаний о человеке и обществе. Обществоведение (человекознание) столь же необходимо, как необходимо естествознание.

Социальные процессы, породившие в обществе культ личности, субъективизм, застой, развал СССР и вхождение России в рыночную экономику, не могли не сказаться на социально- гуманитарных науках. Очевидная потребность научного осмысления социальных процессов и возможность ее реализации оказались далеко не адекватными.

Во-первых, многие философские, политико-экономические, юридические и другие работы в недавнем прошлом носили схоластический, догматический, конъюнктурный характер. Это привело к тому, что они, как правило, ограничивались лишь повторением, разъяснением и одобрением уже принятых политических решений и представляли собой набор цитат из произведений основоположников марксизма-ленинизма в защиту той или иной точки зрения. В социально-гуманитарной литературе преобладали наивно-романтические (утопические) представления о способностях общества, желаемое часто выдавалось за действительное. Мы, нередко воспитанные на идеалах, исходили только из них.

Несмотря на исключительную потребность гуманизации общества и необходимость возрождения самих социально-гуманитарных наук общественная практика, как правило, не стремилась к общественно-научному выбору предлагаемых новаций, шла сама по себе методом «проб и ошибок». Социально-гуманитарные науки развивались в отрыве от практики, не будучи востребованными со стороны общества. На социально-гуманитарные науки по существу отсутствовал социальный заказ. Трудности осуществления радикальных преобразований были обусловлены отсутствием должных теоретических заделов в познании закономерностей и тенденций общества, развития в нем человека — главного субъекта всех перемен.

Наукам о человеке и обществе предлагался узкий путь, на котором нагромоздилось слишком много ненужного, ложного. На этом пути что-то не было востребовано и утрачено, чему-то не позволялось родиться и расти. В результате Россия пыталась двигаться вслепую, нащупывая дорогу вперед.

Во-вторых, научная деятельность в области социально-гуманитарных наук сводилась к сбору сложившейся тематики и механическому сбору в так называемый координационный план. Основным показателем научной деятельности было планирование тем и количество публикаций, а не актуальных проблем. Малоактуальность тематики, далекой от практики, формализм в планировании и отчетности, отсутствие должной координации, отрыв их друг от друга вели к мелкотемью, дублированию.

Произошедший разрыв между естественнонаучным и социально-гуманитарным представлением о мире существенно препятствовал развитию как естественных, так и гуманитарных наук. Основное внимание обращалось на развитие производительных сил, а не на систему общественных отношений, их носителей — людей. «Что касается людей, то они, - писал В.Я. Ельмеев, - как бы оставались в тени; их развитие как главной производительной силы изучалось явно недостаточно» [5].

В этих условиях развитие социально-гуманитарных наук было заложницей устойчивого технократизма. Оно было подчинено жестким идеологическим установкам, при которых приоритеты человека могли обосновать антигуманные по своей сути ценности и теории. Технократизация и идеологизация социально-гуманитарных наук свидетельствовали о том, что многие пласты гуманистического мировоззрения не так очевидны и требуют особой теоретической и практической разработки.

В-третьих, ныне в мировой науке господствует дисциплинарная расчлененность и разобщенность всех отраслей знаний. Но наряду с дисциплинарными исследованиями на передний план все более выдвигается *интегральный способ познания* и проблемно ориентированные формы исследовательской деятельности. Интегральный подход определяет комплексные исследовательские программы, в которых принимают участие специалисты различных областей знания.

XX век оставил нам наследие прошлого, а нынешний XXI век выявляет проблемы настоящего и ростки будущего российской науки, которые надо осмыслить и дать возможный прогноз.

В российской науке на смену централизованной (закрытой) приходит децентрализованная плюралистическая (открытая) модель науки. Демилитаризация и деидеологизация всех сфер науки изменяют социальные ориентиры научной деятельности. Заметно обозначается интернационализация науки. Возникает негосударственный сектор науки. Создаются научные фонды, формируются исследовательские программы, вводятся гранты на конкурсной основе. Ученые России входят в мировое научное сообщество. В социально-психологическом плане идут процессы адаптации ученых к новым условиям.

Переход России к рыночной экономике и реформирование всех общественных отношений требуют инициативы, самостоятельности, творческого порыва людей,

разработки новой стратегии развития — обеспечить в обществе высший приоритет науки в ее гуманистическую ориентацию. Сейчас как никогда важно, чтобы общество осознало, что без мощной, эффективно функционирующей науки не может быть великой России. Целью (главным приоритетом) научно-технического развития является построение сильного, экономически развитого, демократически, гуманистически ориентированного, просвещенного общества.

Особую значимость в этой связи приобретают проблемы современного реформирования российской науки — реализация различных форм собственности, установление социальных ориентиров, определение принципов и форм организации, нахождение источников и способов финансирования, формирование новых связей с высшей школой. Все очевиднее становится вывод о том, что XXI век станет веком единого человечества, либо вызовет катастрофу, не сопоставимую ни с чем, знакомым человечеству ранее. Общественная жизнь немыслима без знаний, отражающих собой действительность, внутренний мир. Отражая и воспроизводя действительность в мышлении, человек вырабатывает определенные знания о мире, формируя ту или иную науку. Есть основание предполагать, что XXI век будет веком приоритетного интенсивного развития гуманитарного знания.

В конце XX в. возникают многочисленные общественные организации, получившие статус «академий». В 1993 г. в Санкт-Петербурге была создана Академия гуманитарных наук, которая объединила представителей наук, изучающих человека, общество, культуру. В эти же годы создается и реализуется научная программа «Народы России: возрождение и развитие» [5]. Академия гуманитарных наук и научная программа «Народы России: возрождение и развитие» объединили вокруг Санкт-Петербургского университета всех ведущих гуманитариев страны, объединили вузовскую и академическую науки, реализовав тем самым петровский принцип неразрывности науки и образования.

В настоящее время созданы 32 отделения Академии гуманитарных наук, в состав которых входят около 700 действительных членов. За пределами СНГ функционируют Финляндское и Польское отделения. В число членов академии входят ученые Германии, Кореи, Польши, США, Франции, Швейцарии, Югославии. В 1997 г. академия получила статус наблюдателя в Межпарламентской ассамблее государств — членов СНГ. По инициативе академии в 1996 г. в Санкт-Петербурге был проведен международный научный конгресс «Народы Содружества Независимых Государств накануне третьего тысячелетия: реалии и перспективы». Исторически сложившееся геополитическое и экономическое единство народов Евразии должно быть направлено на формирование гуманитарной среды в обществе и обеспечено духовно-культурным многообразием.

Всякое академическое образование обычно связывают с «деланием» науки, с местом, где обучают науке. Академия гуманитарных наук призвана прежде всего извещать научное сообщество России о возрождении и развитии научных школ, направлений, течений, основных и смелых исследованиях. Приоритетное место занимают здесь междисциплинарные разработки, которые объединяют ученых самого разного профиля и вызывают потребность в междисциплинарном, комплексном подходе к постановке исследовательских задач.

Ученые-гуманитарии, объединенные в Академию гуманитарных наук, отдают себе отчет, что одним из важнейших направлений возрождения российского общества является развитие новой генерации научных работников и специалистов, способных выработать новую парадигму развития, нетривиальные подходы к видению социальных проблем. «На фоне усиливающейся дифференциации наук, — отмечал А.С. Мильников, — все более заявляет о себе тенденция к интеграции, к комплексному подходу изучать не отдельные дисциплины, а темы. Это особенно важно для гуманитарных наук, сверхзадачей которых является изучение человека как социокультурного феномена».

Академия гуманитарных наук, сосредоточив в своих руках усилия ученых разных направлений, способствует объединению их знаний, умений и помыслов.

Доктрина развития российского общества, которая многие десятилетия внедрялась в наше сознание, считалась единственно верной и не подвергалась какому-либо сомнению, исходила из монотического понимания истории. В основе такого понимания лежал монофакторный подход, согласно которому классификация общества строилась главным образом на основе его экономической структуры, экономического устройства. Человек в этих условиях оказывался в плену всеобщего экономического детерминизма.

В соответствии с парадигмой поливариантного развития общества предполагается не одна, а несколько моделей общественного устройства, причем не одного, а нескольких типов. Разнообразие в мире не является чем-то вторичным, произведенным, обусловленным сущностью единого основания. Напротив, внешнее разнообразие — это скорее результат многообразия внутреннего, сущностного, субстанционального.

В современных условиях общественного бытия на передний край выходят проблемы человека (экология, социальные отношения, формирование личности) и вместе с тем возрастает значение социально-гуманитарных наук в обществе. Передвижение центра тяжести в мире наук с физики на биологию, с биологии — на социологию, а с нее — на психологию и весь круг антропологических дисциплин является влечением времени. С созданием Академии гуманитарных наук появилась возможность координировать усилия специалистов в области гуманитарного знания, опираться на крупные коллективы специалистов в своей области при решении кардинальных проблем.

До последнего времени деятельность российского общества и развитие социально-гуманитарных наук шли в отрыве друг о друга. Произошло отставание социально-гуманитарных наук. Практика в реальной действительности не стремилась к общественному научному выбору предлагаемых новаций и учету их социальных последствий.

Все это вело и привело к глубочайшему кризису самих социально-гуманитарных наук. Выйти из него можно только одним способом — объединяя усилия лучших умов России, интегрируя и активизируя научные направления по всем отраслям социально-гуманитарных наук. Российскому обществу необходима не только технико-экономическая и экологическая, но и социально- гуманитарная экспертиза.

Всемерно стимулировать развитие социально-гуманитарных исследований, активизировать разработку социальных проектов, направленных на возрождение и развитие России — важнейшая задача академии. Практическим результатом ее работы явилось создание фонда инновационных социальных идей.

Одним из основополагающих моментов деятельности Академии гуманитарных наук явилась идея междисциплинарного социально-гуманитарного синтеза, которая призвана ответить на вопросы : что является объектом синтеза, что является его целью и как работать с этим объектом? В реальной человеческой жизни объектом деятельности является *диалог культур*.

Академия объединила ученых гуманитарных наук, при этом «гуманитарность» понимается в самом широком смысле, охватывающем прямое изучение не только человеческое, но и всего того, что входит в его практический и духовный опыт — от экономики, политики, права до языка, искусства. Вот почему деятельность академии должна предусматривать систематическую, целенаправленную и все более широкую (по охвату сфер, проблем и участников) организацию конференций, симпозиумов, семинаров, обсуждающих методологические принципы взаимодействия наук, науки и искусства, их обоих и философии.

Долгое время две главные составляющие гуманитарных изысканий — академическая и вузовская — за редким исключением не пересекались, каждая из

них существовала (да и ныне существует) в своем замкнутом организационном и информационном пространстве. Кратко- срочные и локальные взаимосвязи до сих пор базируются на личной инициативе и не представляют собой специальную, интегративную, самовоспроизводящуюся структуру.

В российской гуманитарной науке многие научные школы были либо забыты, либо основательно разрушены. Академия гуманитарных наук должна помочь восстановить связи между вузовской и академической наукой, между преподавателями высшей школы и научными сотрудниками академических исследовательских институтов для дальнейших синтезирующих осмыслений, построений, подходов к устройству и функционированию общества, жизни и деятельности человека в нем. Объединяя академическую и вузовскую науку, академия способствует соединению, интеграции их знаний, усилий и помыслов. Самое важное и самое нужное в жизни человека — это его деятельность, ведущая к знаниям. Наука как «всеобщее знание» становится основной производительной силой общества. В знаниях концентрируется, систематизируется и кристаллизуется общественная сила человека.

Академия гуманитарных наук, возникшая как социальный заказ практики в процессе реализации государственной научно-исследовательской программы «Народы России: возрождение и развитие», объединила представителей наук, изучающих человека, общество, культуру.

Объединение всех отраслей гуманитарного знания, интеграция академической и вузовской науки, развитие исследований на междисциплинарной основе, разработка социальных проектов и прогнозов, направленных на обновление России, формирование научных коллективов и междисциплинарных исследовательских групп, консолидация и активизация научной деятельности ученых разных национальностей, политических ориентаций из разных республик, краев и областей — вот что составляет основное содержание деятельности Академии гуманитарных наук.

Литературы:

1. Пуляев Вячеслав Тихонович, e-mail: niiksi@niiksi.spbu.ru 1 Дюркгейм Э. О разделении общественного труда. Метод социологии. Л. – М., 1991, с. 493. 1 Тойнби А.Дж. Постигание истории. М., 1991, с. 85.
2. Гегель. Философия права. Соч., т. VII . М., 1990, с. 15-16. 3 Данилевский Н.Я. Россия и Европа. СПб., 1995, с. 92.
3. Афанасьев Ю.Н. Модель гуманитарного знания современной России // Возрождение культуры России: гуманитарные знания и образование сегодня. Вып. 2. СПб., 1994, с. 5.
4. Ельмеев В.Я. Коммунизм и развитие человека как производительной силы общества. М., 1964, с
5. Бюллетень АГН, 1994, № 1, с. 34.

ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әбдіраманова Айгүл Темірханқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Қызылорда, Қазақстан

Қазақ елі егемендікке ие болып, қоғамның саяси, экономикалық, мәдени өзгерістерге ұшырауына байланысты, халқымыз тарихи дамудың жаңа серпінді сатысына көтерілді. Осыған орай бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруда, ұлттық дүниетанымда, ұлттық санада елеулі идеялардың жаңғыруымен, халықтың табиғи болмыстық ерекшеліктерін толықтай танып-түсінуге бетбұрыс жасалына бастады. Қазақ халқы ежелден тамырын тереңге жайған, қилы замандарда өз салт-санасын, дәстүрін, тілін, дінін сақтап келе жатқан ұлт. Ежелден қазақ халқы жастардың тәрбиесіне ден қойған. Ұлы тұлғалардың өнегесі арқылы ұрпақты тәрбиелеу қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан ұрдіс.

Жеке адамның индивид қалпынан тұлға тұғырына көтерілу процесіне қоғамдағы қалыптасқан ахуал, отбасындағы этностық тәлім тәрбие, білім берген оқу ордасы, ата бабасынан мирас болып бойына сіңетін генетикалық ерекшеліктері, жоғарғы психикалық процестердің жүзеге асу ерекшеліктері әсер етеді. Ұлттық тәрбиенің өлмес негізі, рухани күші оның өмір сүру болмысынан туындаған өзіндік ұлағаты, тәжірибесінің молдығы, рухани мұрасының тереңдігі мен өнегелігінде жатыр.

Қазақ қашанда ұрпағының толыққанды тұлға болып қалыптасуына атсалысып жырлары, әпсаналары, ертегілері арқылы бала кезінен ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп отырған. Бауырмашылдық, адалдық, адамгершілік, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық сияқты қасиеттерді Қаз дауысты Қазыбек былай суреттейді:

Біз қазақ елі мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізді жау басынбасын деп
Ордамыздан құт қашпасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз,
Дұшпанның аяғына жаншылмаған елміз,
Басымыздан намысты асырмаған елміз,
Адалдықты әрқашан жасырмаған елміз.
Атаның өсиетін балаға,
Баланың өнерін атаға
Айтып, тарата білген елміз.
Құлақтың құрышын қандырып
Әділ сөзді халыққа айта білген елміз [1].

Ұлттық тәрбиенің адамгершілік ұстанымдары қоғам дамуының кең көлемдік, әлемдік мәселесі ретінде қарастырылуда қазақ халқы тәрбиесінің өне бойынан табылады. Жеке адам туралы сөз болғанда, жеке адам — көптің бірі, ол әлі тұлға емес. Осы мағынада алғанда «жеке адам» және «тұлға» ұғымдары көлем жағынан да, мазмұны жағынан да бір-бірінен қарама-қарсы болып табылады. Жеке адам ұғымында адамның жекеше ерекше түрі, сапасы бейнеленбейді, сондықтан оның мазмұны аз болады, бірақ өте көлемді, өйткені әрбір адам-индивид. Әр адам өзінше жеке тұлға. Жеке адамның айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі — оның өзіне тән мінез-құлқында, іс-әрекетінде, көзқарасындағы ерекшеліктерімен даралануы.

Жеке адам болу дегеніміз — азаматтың адам ретінде сезіну, сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі туғызған рухани мәдениеттің мәңгілік игіліктерін бойына дарытып, осы игіліктерді еңбекке, әлеуметтік мәнді қызметке, қоғамдық өмірге, адамдар қатынасы, күнделікті тұрмысқа енгізу. Адам немесе жеке тұлға өзінің сана-сезімін, көзқарасын, рухани-саяси дүниетанымын үнемі білім мен еңбектің арқасында

жетілдіріп отыруы керек. Тұлғаны құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға және әділдік жолымен жүруге, әділдік жоқ жерде адамшылық жоқ деген пікірді айтады ұлы ойшыл М. Х. Дулати [2].

Жеке тұлғаның, яғни құндылықтар дүниесінің қалыптасуына оның дүниетанымының ықпалы зор. «Жеке тұлғаның дара ерекшеліктері оның жас ерекшеліктерімен тығыз байланыста болады. Жеке тұлғаның жас ерекшеліктері деп белгілі бір адамға тән оның мінез құлқындағы, ақыл ойындағы, қабілетіндегі, тағы басқа басты қасиеттерін басқа адамдардан елеулі айырмашылығын айтуға болады. Оқыту мен тәрбие жұмыстарының мақсатын, мазмұнын жүзеге асыруды қолданылатын формалармен әдістерді таңдау, көптеген жағдайда жас және дара ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан да мұғалімнің педагогикалық әрекетін нәтижелі ұйымдастыру шарттарының бірі — балалардың жас және дара ерекшеліктерінің даму заңдылықтарын жете меңгеру» [3].

Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды. Даралық, әдетте, адамның мінезі және шығармашылық қызмет — әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігінің өзгешелігі арқылы ерекшеленеді. Даралық ұғымы бір адамды басқа бір адамнан, бір тұлғаны басқа бір тұлғадан ажыратып, оған өзіне тән сұлулық мен қайталанбас қасиеттерден тұрады. Бүкіл адамзат тегіне тән, жалпы белгілермен қатар, оның өзгелерден ерекшеленетін өздеріне тән қасиеттері бар. Әлем әрқашан түрлі дауыстар, түрлі үндерден тұрады. Бір-біріне даралығы жағынан ұқсамайды әр адамның бойы, түрі, салмағы, дене бітімі, әлеуметтік дамуының интеллектуалдық деңгейі, психологиялық қатпары, рухани мәдениеттің әр түрлі-деңгейі сияқты ерекшеліктер болып табылады. Адам дүниедегі ең басты құндылық. Құндылықтар оның қоршаған дүниеге қатысты ұстанымдары мен қатынасын қалыптастыру, күрделі әрі өзгермелі әлемде бағыт-бағдарын айқындауға әсер етеді. Тек тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде адами әрекет құндылықтар арқылы реттеліп отырады. Аксиология құндылықтар табиғаты оларды реалдылықтағы орны және құндылық әлемінің құрлысы, өзара әлеуметтік және мәдени факторлармен, жеке тұлғаның құрлысымен байланысы туралы философиялық ілім. Кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін, оның адамгершіліктік санасын білдіреді.

Құндылықтар қоғам мен адамға жақсы мен жаманды, пайда мен зиянды, ақиқат пен жалғанды, сұлулықпен ұқсынсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, тиым салынған мен рұқсат етілмегенді, маңыздылық пен мәнсіздіктің ара жігін ашуға көмектеседі. Яғни құндылықтар табиғатында адамзат тегінің өзі өмір сүріп отырған әлемді рухани-практикалық тұрғыдан игерудің тәжірибесі жинақталған. Осы тұрғыдан мәдениет пен құндылық ажырамас бірлікте болады, құндылық мәдениет болмысының құрамдас бөлігі болып табылады.

Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрып, нормалар мен мағыналар қызметін өзіне бағындыра отырып, оны реттейді. Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттермен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Кең мағынасында алсақ, құндылықтар әлемі- мәдениет әлемі. Адам әрқашан кез-келген құбылысқа немесе объектіге өзінің бағасын береді. Бір затты немесе құбылысты бағалау сана жұмысын талап етеді. Адамның шындыққа құндылықты қатынасы тек сананың негізінде ғана мүмкін болады. Алайда құндылықты сананың танымдық санадан ерекшелігі, ол зат немесе құбылыс не болып табылады деген сұраққа жауап іздейді. Сондықтан құндылықтар адамның рухани әрекет саласы, оның санасының (өзіндік санасының) жетілгендігінің, тұлғалық қалыптасу-деңгейінің, рухани байлығының көрсеткіші болып табылады.

Адамның еркін таңдауына байланысты құндылық адами қажеттіліктердің қанағаттануын да білдіреді. Бірақ қанағаттану құндылықтардың табиғатын бұрмалап қабылдауға алып келуі-де мүмкін. «Мақсатыңа жету үшін құралдың бәрі жақсы» деген ұстаным адамды құндылық емес, мақсаттың құралы ретінде қарастыруға жол ашады. Бұл ұстанымда тұлғалық құндылықтар мен қасиеттерге қарағанда функционалдық тиімділік, пайдалылық алдыңғы қатарға шығады. Сондықтан шынайы құндылықтар мен жалған құндылықтардың аражігін аша білу, тани білу маңызды болып табылады.

Шынайы құндылықтар деп — адамға игілік әкелетін, оның бойында адамдық қасиеттерді қалыптастыратын, бақытқа бастайтын, қоғам мен жеке адамның ілгерлей дамуына ықпал ететін құндылықтарды айтамыз. Алдамшы жалған құндылықтар, уақытша жылтырап көрінгенімен, қоғам мен жеке индивидтің дамуына пайдасын тигізбейді. Шынайы құндылықтар уақыт өткен сайын жарқырай береді, сан ғасырлар өтседе өзінің мәні мен мағынасын жоғалтпайды. Шынайы құндылықтар өмір мектебінің дәрістері тәрізді, онда бізге дейінгі адамзаттың маңдай алды өкілдерінің рухани ізденістері, ой-толғамдары, аңсаған армандары мен күңіренген күрсіністері көрініс табады.

Адам өз мінез-құлқын, әрекетін басқа адамдардың қылықтарымен салыстыра отырып, өзінің кім екенін түсінеді, өзін-өзі тану қабілетіне жетеді. Қазақ халқының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттері мен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Қазақ халқының ұлы, ағартушысы Ыбырай Алтынсарин өзінің еңбектерін ана тілінде жазып, «бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тағлым болса, оның сана-сезімінің дамып, жетілуі-де ұлты мен халқына қызмет ететін көкірегі ояу, тұлға болып өседі» деп ой түйіндеген. Еңбекті сүю, үлкенді құрметтеу, мейрімділікке, кішіпейлдікке сияқты қасиеттерді жастарға түсінікті болатындай еңбектері арқылы жеткізе білді.

Қазақ ағартушылығында, қазақ халқының мәдениеті тарихында орасан үлкен орын алған ұлы, ақын ойшыл Абай Құнанбаев. Ақынның эстетикалық және этикалық мәселелер жөніндегі ой-пікірлері сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен белесі болып табылады. Оның шығармаларындағы басты тақырыптарының бірі моральдық мәселелер болып табылады. Адамгершілік адамның тұлғалық сипаты болып саналады да, мейрімділік, парасаттылық, адалдық, шыншылдық, әділдік, еңбек сүйгіштік, ұжымдылық деген қасиеттерді біріктіреді. Абай шығармашылығының негізгі өзегі — адамның адамгершілік, ар-ұяты, ақылдығы болып келеді. Жеке тұлғалардың қалыптасуында моральдық ілімдерін, олардың теориялық дейгейін айтап қана қоймай, іс жүзінде ұстанатын парыз, әділеттік, мейрімділік, адамдық, өзіне ғана емес, басқаларға да қызмет ете білу, жан-жақты жетілгендікке ұмтылу және басқа моральдық принциптерді танып — білу, оны өзіндік өмірлік тәжірибеде жүзеге асыруға, мақсаттық жүйеге айналдыруға талпыну-индивидтенбірте-бірте тұлғаның қалыптасуына қажетті принциптердің бірі. Еркіндік адамның немесе жеке ұлттың халықтың өз мүдделері мен мүмкіндіктеріне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыру. Адамның дүниеде болуының негізінде жатқан қасиет, ол еркіндік. Жеке адам мен ұлттың еркіндік дәрежесінің артуы тұтастай алғанда қоғамның ілгерілеу үрдісінің өзекті өлшемі болады.

Адамдардың дүниедегі объективті жағдайда таңдау еркіндігі болғанымен, олар өзіндік мақсаттарды көздей алады және оған жетудің әр түрлі мүмкіндіктер қатарын неғұрлым тиімді жолды ерікті түрде пайдаланады. К.Маркс «Еркіндік қажеттілігін және заңдылықтарды білумен, оны игерумен байланыстырады», Ф.Энгельс «Еркіндік әлдебір нәрседен тәуелсіздік нышаны емес, керісінше ол адамның жаратысының күштеріне, қоғамдық қарым-қатынастарға және өз болмысына

үстемдігі», Б.Спиноза «Ең бастысы — адамның еркіндігі оның ақыл-ойының еркіндігін жария етеді» деген пікірді айтады [4].

Адам рухы әрқашан өзінің себебін біліп, жоғарыға көтеріп, адамнан жоғары не бар деген сауалға тоқталуы тиіс. Сонда ғана өзін-өзі жетілдіреді. Адам жападан-жалғыз болмайды, адам қоғамда ғана толық қалыптасады және оның да өзіндік ішкі дауысы бар.

Рух материалдық әлемге сәйкес келмейтін өзінше ерекшелігі бар әлем болып табылады. Ғаламда рухтың екі түрлі көрінісі болады, біріншісі барлық материалдық нысандардың, құбылыстардың (органикалық, немесе органикалық емес дене болса да) өзіндік табиғи рухы болады, яғни кез-келген материалдық денеден, оның ішінде, тіптен, табиғаттың бір бөлігі ретінде көрініс беретін адам, ағзасынан да белгілі бір табиғи қуаттың күштің әлемге тарап отыратыны белгілі.

Руханилық — ізгі, ақылдың шешімі, ізгі жүрек өмір ізгі сезім, жанашырлықтың саналы және санадан тыс әрекеттерден көрінуі болса, Абайдың айтуынша «адамгершілік — махаббат пен әділдік, олар барлық нәрседе болады және шешіледі», яғни рухани тәрбие — адамдарды адамгершілікке, білімге, еңбек пен имандылыққа, бір сөзбен айтқанда жан дүниелерінің сұлулығына тәрбиелеу деген сөз. Адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамдық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамдардың рухани мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі. Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі [5]. Тұлғаның рухани мәдени құндылықтарын қалыптастыру қоғамның дамуындағы маңызды мәселелердің бірі. Ол тұлғаның ішкі дүниесін байытып, рухани өсуіне ықпал ететін құнды дүние. Рухани құндылықтар арқылы адам өзінің болмысын түсініп, қоғамдағы орнын анықтайды. Осылайша ұлттық мәдениет сақталып, жаңа ұрпақтың саналы және парасатты азамат болып өсуіне негізі қаланады.

Әдебиеттер:

1. Билер сөзі. — Алматы: Қазақстан, 1996. — 237 б.
2. Дулати М. Х. Тарих-и-Рашиди. Алматы.1999.
3. С Ш Әбенбаева, А.М Құдиярова Ж.Ә . Әбиев педагогика 2003 ж.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Алматы. 2001. 3 том. 398 б.
5. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық конференция материалдары. Алматы 2006. 176 б.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕРІНДЕГІ РУХАНИЯТТЫҢ РӨЛІ: ДӘСТҮР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЫҚПАЛЫ

Қуаңбаева М.М

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, информатика пәнінің оқытушысы, магистр. Қызылорда, Қазақстан

Амангелді Арай

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, информатика мамандығының студенті. Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ қоғамындағы руханияттың маңызды аспектілерінің бірі мұрагерлік және ұрпақ тәрбиесі жан-жақты қарастырылады. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған әндер, жырлар, аңыздар мен дәстүрлер балаларды тәрбиелеудегі маңыздылығына ғылыми талдау жасалады.

Кілт сөздер: руханият, әлеуметтік өзгерісте, қазақ қоғамы, ұлттық мәдениет, дәстүрлер, діни сенімдер, әдебиет, моральдық құндылықтар, тәуелсіздік, кеңес үкіметі, рухани мұра, халықтық өнер.

Аннотация. В статье подробно рассматривается один из важнейших аспектов духовности в казахском обществе-наследование и воспитание потомков. Проводится научный анализ важности песен, псалмов, легенд и преданий, унаследованных от поколения к поколению, в воспитании детей.

Ключевые слова: духовность, социальные изменения, казахское общество, национальная культура, традиции, религиозные верования, литература, моральные ценности, независимость, Советское правительство, духовное наследие, народное искусство.

Abstract. The article examines in detail one of the most important aspects of spirituality in Kazakh society is inheritance and the upbringing of offspring. A scientific analysis of the importance of songs, songs, legends and traditions inherited from generation to generation in the upbringing of children is carried out.

Keywords: spirituality, social changes, Kazakh society, national culture, traditions, religious beliefs, literature, moral values, independence, Soviet government, spiritual heritage, folk art

Қазақ қоғамы өзінің тарихында көптеген әлеуметтік, мәдени және саяси өзгерістерді басынан өткеріп, бірқатар әлеуметтік үдерістерді өткерді. Осындай үдерістердің ішінде руханияттың алар орны ерекше болып табылады. Руханият, дәстүрлі қазақ қоғамында адамгершілік құндылықтар, білім, өнер, әдебиет, дін және басқа да рухани аспектілердің жиынтығын білдіреді. Бұл құндылықтар қазақ халқының әлеуметтік құрылымына, қоғамның рухани дамуына және оның күнделікті өміріне әсер еткен. Бұл мақалада қазақ қоғамының әлеуметтік үдерістеріне руханияттың ықпалы кеңінен қарастырылады.

Қазақ қоғамы, өз алдына тәуелсіз халық болғанымен, ертеден бастап үлкен әлеуметтік-мәдени әсерлерге ұшыраған. Қазақтардың руханиятының негізі көне түркілік дәстүрлерден бастау алады. Түркі халықтары үшін руханияттың маңызы үлкен болған, өйткені олардың дүниетанымында адам мен табиғаттың, жаратылыс пен рухтың бірлігі туралы түсінік орныққан. Қазақтардың ата-бабаларынан мұра болып қалған дәстүрлер, наным-сенімдер, аңыздар мен жырлар руханияттың маңызды құрамдас бөлігі болды. Әсіресе, қазақ халқының фольклорында көрініс тапқан ғажайып

бейнелер, эпостық жырлар, халық даналығы мен дәстүрлері қоғамды тәрбиелеудің маңызды құралы болды.

Қазақ қоғамындағы руханияттың тағы бір маңызды аспектісі — ислам дінінің қабылдануы. VIII-X ғасырларда исламды қабылдаған қазақ халқы бұл діннің діни сенімдерінен бөлек, мәдениет, әдебиет, ғылым мен білімді дамытуда үлкен үлес қосқан. Исламның қазақ қоғамына әсері оның әлеуметтік құрылымын өзгертуге, білім мен ғылымның дамуына, сондай-ақ рухани құндылықтарды нығайтуға септігін тигізді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы ұзақ уақыт бойы көшпелі өмір салтына негізделген. Бұл құрылымда ру, отбасы, туыстық байланыстар үлкен мәнге ие болған. Осы жүйенің негізінде қазақ қоғамында бірліктің, ынтымақтастықтың және өзара көмек көрсету принциптері жоғары бағаланған. Руханият осы принциптердің қалыптасуына әсер еткен. Мысалы, қонақжайлық, үлкенді сыйлау, адалдық, әділдік сияқты құндылықтар қазақ қоғамының моральдық негіздерін құрады. Бұл құндылықтар арқылы қазақтар бір-біріне көмек көрсетіп, қоғамдық қатынастарды реттеп отырған.

Қазақ қоғамындағы руханияттың маңызды аспектісі — мұрагерлік және ұрпақ тәрбиесі. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған әндер, жырлар, аңыздар мен дәстүрлер балаларды тәрбиелеуде маңызды құралға айналған. Әсіресе, ақындар мен жыршылардың рөлі қазақ қоғамында үлкен болды. Олардың айтқан өлеңдері мен жырлары жастарды адамгершілікке, патриотизмге, рухани құндылықтарға тәрбиелеп, қоғамдық қатынастарды қалыптастыруда маңызды орын алған.

Сондай-ақ, қазақ қоғамында әлеуметтік теңсіздікті реттеуде де руханият маңызды рөл атқарған. Қоғамның жоғарғы және төменгі таптарының арасындағы айырмашылықтар болмаған. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, оның ішінде батырлық жырлары, ақындық өнер, дін мен сенім қазақ қоғамында әлеуметтік теңдікті сақтауға көмектескен. Мысалы, қазақ батырлары мен ақындары өз шығармаларында әділетсіздікті сынға алып, халықты рухани тұрғыдан біріктіріп, әлеуметтік әділдікке шақырған.

3. Руханият пен қазақтың әлеуметтік салаларының байланысы

Қазақ қоғамының әлеуметтік өмірінде руханияттың ықпалы білім мен ғылым саласында да көрініс тапты. Қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен мәдениеті үлкен ғылыми мұра қалдырды. Қазақтың ұлы ғалымдары мен ойшылдары, мысалы, әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұни, олардың шығармалары руханияттың ғылыми негіздерін қалыптастыруға ықпал етті. Қазақтың дәстүрлі білім беру жүйесінде руханияттың маңызы зор болды, өйткені бұл жүйе адамгершілік пен рухани құндылықтарды алдыңғы орынға қойды.

Мәдениет саласында да руханияттың ықпалы айқын көрінеді. Қазақтың музыкалық, әдеби және көркем өнер туындылары қоғамның рухани өміріне тікелей әсер еткен. Қазақтың халық әндері мен күй өнері, дәстүрлі халық әдебиеті, батырлық эпос және жырлар халықтың мәдени өмірінің маңызды құрамдас бөлігі болды. Бұл өнер түрлері қазақ қоғамының рухани өмірінің айнасы болып табылады.

Дін мен діни сенімдер де қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Исламның келуімен бірге қазақ қоғамы жаңа діни нормаларға сәйкес өмір сүруге үйренді. Діни құндылықтар мен әдет-ғұрыптар қазақ қоғамының заңдары мен моральдық нормаларын реттеп отырды. Мысалы, діннің адамдар арасында әділеттілік пен сыйластықты сақтау, көмек көрсету, ата-ананы құрметтеу, алыс-жақын туыстармен жақсы қарым-қатынас жасау сияқты моральдық принциптері қазақ халқының әлеуметтік қатынастарына әсер етті.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы үлкен әлеуметтік өзгерістерді бастан өткерді. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін руханиятқа және дәстүрлі құндылықтарға деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Кеңес үкіметі ұлттық руханиятты, ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрлерді басып, олардың орнына кеңестік идеологияны енгізді. Бұл кезеңде қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен руханиятына зор зиян келтірілді.

Алайда, Кеңес үкіметі кезінде қазақ халқының рухани мұрасының көп бөлігін сақтау мен зерттеу, әсіресе фольклор мен әдебиет саласындағы жұмыстар жалғасып отырды. Қазақ әдебиеті мен өнері кеңес дәуірінің өзінде өз дамуын жалғастырды, бірақ идеология мен цензураның әсерінен көп жағдайда шектеулерге ұшырады. Сол кезеңде қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар мен стильдер қалыптасып, ақындар мен жазушылар өз шығармаларында қоғамдық мәселелерді қозғады.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін руханияттың орны мен маңызы қайтадан жаңғырды. Ел тәуелсіздігімен бірге ұлттық мәдениет, дәстүр мен руханиятты қайта жандандыру басталды. Қазақ халқының тарихи, мәдени мұрасына деген қызығушылық артты. Қазақтың дәстүрлі өнері мен әдебиеті, музыкасы мен әндері қайта жаңғырды.

Тәуелсіз Қазақстандағы әлеуметтік үдерістерде руханияттың маңызы одан әрі күшейді. Әлеуметтік құрылымның өзгеруі, жастардың өз болашағына деген жауапкершілікті сезінуі, ұлттық сана мен патриотизмнің артуы осы рухани құндылықтардың негізінде жүзеге асты. Ұлттық руханияттың қайта жаңғыруы, соның ішінде тілдің, мәдениеттің және тарихтың қайта қаралуы қазақ қоғамының әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқарды.

Қазақ қоғамының әлеуметтік үдерістеріне руханияттың ықпалы өте зор. Руханият қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен мәдениетін қалыптастыруда, әлеуметтік қатынастарды реттеуде, адамгершілік құндылықтарды сақтауда үлкен рөл атқарды. Қазақтың дәстүрлері, діні, мәдениеті, әдебиеті мен өнері қоғамның рухани дамуын қамтамасыз етіп, әлеуметтік қатынастарды реттеу, ұлттық бірлікті сақтау, жастарды тәрбиелеу сияқты маңызды функцияларды атқарды. Тәуелсіздік кезеңінде руханияттың орны одан әрі күшейіп, қоғамның рухани жаңғыруына септігін тигізуде.

Қазақ қоғамы өзінің тарихы бойында көптеген әлеуметтік және мәдени өзгерістерді бастан кешірді. Бұл өзгерістердің ішінде руханияттың ықпалы ерекше болды. Руханият – бұл адамның, қоғамның рухани дүниесі, оның моральдық, діни, мәдени және психологиялық аспектілерін қамтитын кең ұғым. Қазақ қоғамында руханияттың алатын орны мен оның әлеуметтік өзгерістерге әсері терең және көпқырлы. Әр дәуірде руханият қоғамның әлеуметтік құрылымына, мәдениетіне, тіпті саяси қатынастарға әсер етті.

Қазақ халқының қоғамы негізінен көшпелі өмір салтымен, ауылдық сипатымен ерекшеленді, және бұл қоғамның әлеуметтік құрылымына руханияттың айтарлықтай ықпалы болды. Қазақтың әлеуметтік өмірінде үлкен орын алған моральдық құндылықтар мен дәстүрлер, діни сенімдер мен тұрмыс салты, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ұлттық мұралар қоғамдағы түрлі әлеуметтік өзгерістерге әсер етті. Мақалада руханияттың қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістерге тигізген әсері, оның әлеуметтік құрылымдағы рөлі, мәдени және діни ықпалы, сондай-ақ ХХ ғасырдағы кеңес үкіметі кезеңінде руханиятқа қатысты жүргізілген саясат талданады.

Қазақ халқының мәдениеті мен руханиятының түп-тамыры көне түркі дәуіріне, одан кейін ислам дінімен ұштасқан дәстүрлерге тереңдейді. Қазақ халқының әлеуметтік құрылымы мен қоғамдағы ережелер көбінесе рухани құндылықтарға негізделген болатын. Дәстүрлер, моральдық нормалар, діни сенімдер, әдет-ғұрыптар мен тәлім-тәрбие қазақ қоғамының негізгі тірегіне айналды. Руханият қазақ халқы үшін тек діни түсініктермен ғана шектелмеген, ол ұрпақ тәрбиесіне, халықтық болмысқа, тұрмыс-салтқа, ғылым мен білімге қатысты маңызды ұғым болды.

Қазақтың ең басты рухани құндылықтары – ата-бабадан қалған білім мен тәлім, халықтық өнер мен әдебиет, әсіресе ақын-жыраулардың шығармашылығы, батырлар жырлары мен эпосы, халықтың әндері мен күйлері болды. Қазақтардың рухани өмірінде бұл құндылықтардың рөлі ерекше болды, себебі олар қоғамды біріктіріп, адамның рухани әлемін қалыптастырып отырды.

Қазақ қоғамындағы руханияттың тағы бір маңызды қыры – ислам дінінің әсері. VIII-X ғасырларда исламның таралуы қазақ қоғамының діни өмірін өзгертіп қана

қойған жоқ, сонымен бірге қазақтардың дүниетанымын, моральдық нормаларын, мәдениетін жаңа деңгейге көтерді. Исламның қағидаттары қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына, оның нормалары мен салт-дәстүрлеріне белгілі бір өзгерістер енгізді. Дегенмен, қазақ халқы исламды өз мәдениетіне сай бейімдеп, дәстүрлі сенімдері мен тұрмыс-тіршілігімен ұштастырды. Бұл ислам дінінің қазақ қоғамындағы рухани ықпалының бірегей ерекшелігі болды.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы руханияттың әсерінен үлкен өзгерістерге ұшырады. Қоғамда туыстық, ру және жанұялық байланыстар басты рөл атқарды. Руханияттың осы әлеуметтік құрылымға әсері көпжақты болды. Мысалы, қазақтарда отбасы мен ру ішіндегі тәрбие, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтар мен дәстүрлер қоғамды біріктіретін күшке айналды.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылым мен моральдық құндылықтар негізінен туыстық және руаралық байланыстардан тұрды. Бұл байланыстардың өзіндік тәртіптері мен ережелері болды. Қоғамда үлкендерді құрметтеу, көмек көрсету, бір-біріне қол ұшын беру сияқты принциптер жоғары бағаланды. Мұндай әлеуметтік қатынастарда руханияттың маңызды рөлі болды. Бұл құндылықтар қазақтың «бұзылмас» әлеуметтік құрылымының сақталуына ықпал етті.

Жалпы алғанда, қазақ халқының әлеуметтік құрылымында ең басты орын алатын құндылықтардың бірі – ұрпақ тәрбиесі болды. Қазақ халқы үшін жастарды жақсы азамат етіп тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру маңызды болды. Бұл тұрғыда руханият өз ықпалын тигізді. Жастарды тәрбиелеуде халықтың фольклоры, батырлар жыры, аңыз-әңгімелер, нақыл сөздер мен философиялық ойлар үлкен рөл атқарды. Олардың көмегімен жастар өмірлік қағидаларды үйреніп, үлкендерге деген құрмет пен мейірімділік сезімдерін бойларына сіңірді.

Қазақ мәдениетінің дамуы мен қалыптасуына руханияттың ықпалы орасан зор болды. Қазақтың әдебиеті мен өнері рухани құндылықтармен тығыз байланысты болды. Әсіресе, халықтың ауызша әдебиеті, оның ішінде батырлық эпос, ән мен күй, халықтық жырлар қазақ қоғамында үлкен рөл атқарды. Бұл шығармашылық түрлері қазақ қоғамының мәдени өмірінде маңызды орын алған. Олар қоғамды біріктіріп, жастарды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, патриотизмге тәрбиеледі. Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі өнері мен мәдениеті қоғамның әлеуметтік құрылымына, моральдық нормаларына әсер етіп отырды.

Әдебиет саласында да руханияттың ықпалы айқын болды. Ақан сері, Біржан сал, Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты тұлғалар қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерді. Олардың шығармалары қазақ халқының дүниетанымын, әлеуметтік құрылымын, рухани құндылықтарын көрсететін айқын дерек көздері болып табылады. Бұл шығармаларда қазақ халқының әлеуметтік әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа, жамандыққа қарсы тұруы, патриоттық сезімдері айқын көрінеді.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы үлкен әлеуметтік өзгерістерді бастан кешірді. Кеңес үкіметінің орнауы мен коллективтендіру кезеңі қазақ қоғамының руханиятына үлкен әсер етті. Кеңес үкіметі ұлттардың мәдениетін, рухани құндылықтарын жоюға тырысып, ұлттық дәстүрлер мен діни сенімдерге қарсы саясат жүргізді. Қазақтың дәстүрлі руханиятына қарсы жүргізілген саясат халықтың әлеуметтік құрылымына, мәдениетіне, күнделікті тұрмысына әсер етті.

Кеңес үкіметі кезінде мәдениет пен білім беру жүйесі орталықтандырылды. Ұлттық әдебиет пен өнер кеңестік идеологияға сәйкес өзгертілді. Бұл кезеңде қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен рухани құндылықтарын сақтау өте қиын болды. Алайда, ұлт зиялылары мен әдебиетшілері, мәдениет қайраткерлері бұл кезеңде қазақтың рухани мұрасын сақтап қалуға барын салды. Қанша қиындықтар мен шектеулер болғанына қарамастан, қазақ әдебиетінде жаңа стильдер мен жанрлар қалыптасып, әдебиет пен мәдениет қайта жаңғырды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін руханияттың орны қайтадан күшейді. Ұлттық мәдениет, тіл, дәстүрлер мен дін қайта жаңғырды. Тәуелсіздік кезеңінде қазақ қоғамы өзінің рухани дүниесіне қайта оралды. Ұлттық өнер мен әдебиеттің дамуы, тіл мен мәдениеттің қалпына келуі, халықтың рухани құндылықтарына деген қызығушылық артты. Бұл кезеңде руханият қазақ қоғамының әлеуметтік өзгерістеріне терең ықпал етіп, ұлттың жаңғыруына, бірлігін сақтауға, ұлттық сана-сезімнің өсуіне үлкен әсер етті.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік кезеңінде қазақ халқының дәстүрлері мен құндылықтарын жаңаша түрде қарастыру процесі басталды. Қазақ әдебиеті мен өнерінің озық үлгілері әлемдік деңгейде танылды. Әсіресе, ұлттық мәдениеттің қайта өркендеуі, жастардың рухани дүниесінің қалыптасуы, олардың әлемдік аренадағы орны маңызды болып отыр. Қазақ руханиятының жаңғыруы қоғамның әлеуметтік құрылымын, ұлттық бірлікті нығайтуға ықпал етті.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерге руханияттың әсері зор болды. Қазақ халқының дәстүрлері, мәдениеті, діни сенімдері мен моральдық құндылықтары әлеуметтік өзгерістердің бағытын айқындады.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев, М. Қазақтың қоғамдық өміріндегі рухани құндылықтар. Алматы: «Дәуір». 2001
2. Айтматов, Ч. Рухани мұра және ұлттық бірлік. Ұлт әдебиеті мен мәдениеті тарихы. Алматы: «Жазушы».2018
3. Сейітов, АТәуелсіз Қазақстандағы рухани жаңғыру. Алматы: «Туған жер». 2016
4. Иманғали, М. Қазақтың ұлттық дәстүрлері мен рухани құндылықтары. Қазақ қоғамының дамуы және мәдениет. Алматы: «Қазғарыш».2014

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ

Тухмарова Шырынкүл Кішкентайқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, саяси ғылымдарының кандидаты,
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қоғамның негізгі тенденцияларының бірі білім саласының жастар өміріндегі рөлі әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылып, пәнаралық байланыс негізінде талданады. Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамның даму бағыттары мен жағдайларының заман талабына сай ауысып жатқаны мәлім. Осы өзгерістің білім саласындағы әсері мақалада ашылады.

Кіліт сөздер: білім, әлеуметтені, жастар, қоғам.

Аннотация. В статье рассматривается одна из основных тенденций общества роль сферы образования в жизни молодежи как социальной проблемы и анализируется на основе межпредметных связей. Как известно, в настоящее время направления и условия развития казахстанского общества меняются в соответствии с современными требованиями. Влияние этого изменения в области знаний раскрывается в статье.

Ключевые слова: образование, социология, молодежь, общество.

Abstract. The article examines the role of one of the main trends of society in the life of young people in the field of education as a social problem and analyzes it on the basis of interdisciplinary communication. It is known that at present, the directions and conditions of development of Kazakhstan's society are changing in accordance with the requirements of the times. The impact of this change in the field of education is disclosed in the article.

Key words: education, sociology, Youth, Society.

Әлеуметтану пәні туралы және қоғамның әлеуметтік құрылымының танымы тереңдеген сайын білімнің қызметі туралы түсініктің де танымы тереңдей түсуде. Ол мәдениеттің ауыспалы құралы ретінде емес, керісінше «әлеуметтік өмірге дайын емес өскелең ұрпаққа - есейген ұрпақтың әсері» сияқты қарастырылады (Дюркгейм). Бұдан белгілі бір мәдениет түрінің таралымы нақты іске асады (мемлекеттің келісімімен), олай болса, ұйымдасқан әлеуметтену мен жастарды әлеуметтік бақылауды көруге болады.

Білімнің қызметіне белгілі талдауларды қарастыру барысында әлеуметтік-саяси парадигмалар білім жүйесі немесе тәрбиенің табысты бастамаларына ауысады. Білім мен тәрбиенің танымал моделдері зерттеу объектілерін қажетті дәрежеде көрсете алмайды, өйткені олар жиі қоғамдық интеллектіге және рухани дамуға бағытталады, аз көлемде білімнің маңызды байланысына, бір жағынан, билікпен, әлеуметтік стратификациямен және т.б. баса назар аударады. Білім жүйесі қоғамның өндірістік және бүтіндей экономикалық жүйесінің қарым-қатынасында бірнеше қызметтің орындалуын қамтамасыз етеді.

Бірінші кезекте халықтың кәсіби-біліктілік құрылысының қалыптасуы. Осы қызметтерді ашу барысында, басқалар сияқты, сапалы және мөлшерлі сипаттамасы тұрғысында қарастырылуы мүмкін. Қоғамдық білім жүйесінің мөлшерлі көзқарасымен қарау, халықтың кәсіби-білім жүйесінің қалыптасуына жауап береді.

Білім жүйесінің қарам-қайшы тенденциясы сол, оның кейбір білікті мамандарды дайындай алмауында. Мұндай жағдайда білімі мен дайындық деңгейі сәйкес келмейтін маман иелерінің ағыны күшейеді, сондай-ақ көп көлемде базалық-теориялық білімі мен шығармашылық қабілеті жоқтығынан жұмыс орнында мамандығын оқу және игеруге

кіріседі. Бұл тенденциялар қоғамның әлеуметтік-кәсіби құрылымына кері әсерін тигізеді.

Білімді әлеуметтік құрылыстың элементтері, әлеуметтік топтарды бекітудің және бөлудің бірден-бір тетіктері ретінде қарастыруға болады. Ол жеке тұлғаның өмірлік табысына кепілдік бермейді, бірақ қазіргі қоғамда мүмкіндіктерін арттырады. Білімдегі жетістіктер мен түрлі айырмашылықтардың түрі бұл білімдегі әлеуметтік теңсіздіктер механизмінің табиғи орын алуы. Жалпы және кәсіби білім жүйесінің қоғамдық дамуы мен қалыптасуының қажеттілігі индустриалды қоғамның ең басты артықшылықтарының бірі болып табылады.

Жоғарғы білімнің қолжетімділік мәселесі бойынша зерттеу, кеңестік кезеңде әлеуметтік біркелкіліктің пайда болу мәселесінің кең көлемдегі артықшылығымен байланысты [1]. Кеңестік қоғамда олар еліміздің барлық аймақтарында жүргізілген талдау қорытындысы әлеуметтік құрылыстың түрлі бөліктерінде жоғарғы білімнің қолжетімділігі және жоғарғы мектептің әлеуметтік өзгерісі мен әлеуметтік құрылысының өсіміне әсерін көрсетті.

Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамның даму бағыттары мен жағдайларының ауысуы, жоғарғы білімнің қолжетімділік мәселесінің бұрынғы идеологиялық өткірлігін жоғалтып және басқа кестелер мен тұжырымдарға, көріністерге ие болды.

Білімнің қолжетімділік мәселесін талдау барысында үш негізгі өзара тығыз байланысты аспектіні бөліп көрсету қажет. Бәріне ортақ бірінші социотальды факторлар халықтың әртүрлі топтары үшін қолжетімді жоғарғы білімге әсер етеді. Бұл факторлардың ішінде қоғамда әлеуметтік-экономикалық теңсіздік пен әлеуметтік-мәдени өсім, әр түрлі топтар мен қабаттардың жүйелі құнды бағдарындағы жоғарғы білімнің орны, сондай-ақ олардың әлеуметтік және мәдени күші. Екінші аспект жоғарғы білімнің қолжетімділігі түрлі аймақтарда инфрақұрылыстың және стратегиялық дамудың кешеуілдеуіне орай қажеттіліктің артуы. Үшінші аспект қолжетімділік факторы елімізде білім сапасына, жеке білім беру мекемелерінде, білім жүйесінің қалыптасуына әсерін тигізеді.

Бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігінен жоғарғы оқу орындары өздерінің қызмет түрін нарықта алға жылжытуды және жұмыс күшін өндіруді көздейді. Бірақ, барлық жауапкершілікті жоғарғы оқу орнының құрамына арта салуға болмайды. Дегенмен мемлекеттің жоғарғы білім жүйесін басқару мен ондағы мемлекеттің рөлін ескерген жөн. Ғылыми ортада жоғарғы білім нарықтық жүйенің тауарлық формадағы өніміне айналуының қолайсыздығы туралы ой кең таралған, сонымен қатар қоғамдық мұқтаждыққа сәйкес мемлекеттік немесе жеке мекемелер көлемінде жоғарғы мектептерді басқаруды жақындату маңыздылығы түрлі аймақтарда және еліміздің деңгейінде есепке алуды және зерттеуді керек етеді.

Еңбекке төленетін жалақының өте төмен деңгейі жұмысшылардың, әсіресе, білім, денсаулық, мәдениет және басқа да саладағы мемлекеттік мекемелердегі мамандардың ұдайы тұрақсыздығына жол ашты. Осы саладағы жұмыс берушілер жақсы, сауатты мамандарға зәру екендіктерін, бірақ жаңадан бітіріп келген жас толқындардың уақытша болса да жұмыс орнын толықтыратындығын айтады. Сонымен бірге кәсіби жұмыскер мамандардың жетіспеушілігі жоғарғы білімнің қызметінде сан мен сапаның өзара қарама-қайшылығын тудыратынында жеткізеді.

Мемлекет немесе жұмыс берушілер тарапынан түсініксіз тапсырыстар мен ұсыныстардың өсуі кезінде жоғарғы оқу орны әртүрлі кәсіби білім деңгейі арасындағы байланысты төмендетті. Кәсіби білімнің деңгейлік құрылымындағы тиімді бөлініс қоғамдағы кәсіби-біліктілік құрылымының ұдайы өндіріс талабына бір табан жақын болуға тиісті. Дегенмен, жоғарғы оқу орындары еңбекке орналасу ақиқатынан бөлек оқу бітірушілерді дайындау көлемін арттыруда, яғни экономикалық дағдарыс жағдайында жалақымен қанағаттандыра алатын орта топтар мен элитаға едәуір дәрежеде бағытталған корпоративтік мүддені басшылыққа алады.

Жарқын болашақта университеттердің адынан жаңа талаптар шығады. Біріншісі, кәсіби білім мен еңбекпен қамтамасыз ету сферасында әлеуметтік әріптестікке қатысты. Ол осы сферадағы барлық мүдде танытқан субъектілерді – билік, жұмыс берушілер, отбасылар мен кәсіби білім алған жастарды және жұмыс орнына үміткерлерді біріктіуге күш салуға тиісті.

Екінші міндет, кәсіби білім мен әртүрлі білім беру бағдарламаларын дамытудың әлеуметтік кеңістігін игеруден тұрады.

Білім саласындағы әлеуметтік жіктелістің механизмдері арасында білім алуды ақыландыру және осының негізінде ақылы білім алушылар арасындағы әлеуметтік-экономикалық сұрыпталу үрдісін бөліп қарастыруға болады. Білім алуды ақыландыру отбасының экономикалық дәрежесіне қарай шамалайтын, элиталық білімнің қалыптасуына жол ашатын, сондай-ақ жеке кәсіби топтарды өндіруге бағыттайтын білім саласындағы адамдардың жіктелуі. Қазіргі қазақ қоғамында бұл өзекті мәселе ақылы білім беретін оқу орындарының түрі мен оның факультеті, отбасының дәрежесін анықтайтын әлеуметтік құрамның арасындағы берік статистикалық байланысты көрсетеді. Осы негізде отбасының экономикалық қорымен белгілі дәрежеде байланысты білім беретін беделді оқу орындарының шоғыры қалыптасты.

Студенттер мен жоғарғы оқу орнын бітірушілердің кәсіби әлеуметтену үрдісінде әлеуметтік жіктелісін анықтау қазіргі қазақ қоғамында, білім отбасының ықыласы мен материалдық жағдайына байланысты жоғарғы мектеп моделдеріне әсер етуін атап кеткен жөн. Осыдан кейін әлеуметтік теңсіздік құрылымының күрделенуі ұзақ уақыт бойы студенттердің әлеуметтік-мәдени мінез-құлық мотивациясына, болашақ мамандардың бәсекелестікке қабілеттілігіне әсер етуі толастамайды.

Осындай жоғарғы білімнің қалыптасқан қолжетімділігі нарықтық экономиканы жаулап алудың бір көрінісі, бірақ еңбекақы деңгейі мен білім дәрежесінің сипаттамасы арасында өзара байланыстың шарттары әлеуметтік шиеленіс пен әлеуметтік интеграцияға алып келеді. Жоғарғы кәсіби білім беру мекемелеріндегі оқыту жүйесі, сондай-ақ жоғарғы мектептің ережелері, нормалары әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті азайту үшін құрылған және сол үшін қызмет атқарады.

Елеулі өзгеріске ұшыраған Қазақстанда жоғарғы білім алуға мүлдем қолы жетпейтін бүтіндей бір әлеуметтік топтар пайда болуда (олар: халық тұратын орталық аймақтан оқшау, инфрақұрылысы төмен «нашар» мектептің түлектері, кедей аудандардың тұрғындары, жағдайы төмен отбасының мүшелері, мүгедектер, балалар үйінің түлектері және т.б.). Жоғарғы сапалы білімге қолжетімділіктің жіктелуі қоғамның әлеуметтік және құндылық құрылысына әсер етеді. Сонымен бірге әлеуметтік жұмылдыру мен әлеуметтік бөлініс мақсатында жоғарғы мектептің әлеуметтік қызметіне талдау жасау және теориялық қарастыру қажет етеді. Жеке тұлғаның табысты мансапқа жету бағытында рухани, әлеуметтік және кәсіби тұрғыда студенттердің өзін-өзі анықтауы септігін тигізеді, алайда ол жоғарғы оқу орнын бітірумен ғана емес, бәсекеге төтеп берушілік деңгейімен де анықталады.

Әлеуметтік жіктеліс теориясының негізгі түсінігі – әлеуметтік дәреже. Бұл әдетте «тұрақты мінез-құлық нормаларының үлгісі, марапаттау көлемі және түрі, әлеуметтік төзімділік, құқық пен міндеттер жиынтығы» ретінде түсінік береді [2]. Әлеуметтік дәрежені иелену жолы бойынша қолжеткізгендер және ұмтылушылар деп бөлу қарастырылған. Кез-келген әлеуметтік жіктелісті зерттеудің басты қиындығы біршама көлемде дәлме-дәл қоғамның құрылысын сипаттайтын эмпирикалық индикаторды табу. Олардың ішінде дәстүрлі аталатындар: билік, кіріс, бедел, яғни қолданбалы деңгейде мамандық арқылы өлшенетіндер, еңбек шарттары, білім деңгейі, материалдық жетіспеушілік. Батыстық әлеуметтанушылар үшін жоғарғы білім сөз жоқ жоғарғы дәрежелік ұстанымның көрсеткіші. Жоғарғы білім алу - жеке тұлғаның экономикалық мүмкіндігін арттыратын және пайда әкелетін бөлек мәдени капиталды иеленумен байланыстырады. Ал біздің елімізде білімнің дәрежелік ұстанымының қалыптасуына

сондайлықты рөлі жоқ. Бір жағынан 90 жылдары жоғарғы оқу орнын бітірген, бірақ жоғарғы білім талап етпейтін жерлерде мамандық бойынша жұмыс істеуге мәжбүр болған адамдар саны көбейді. Басқа жағынан алып қарағанда, жоғарғы оқу орындарында конкурстық қабылдау жылдам өсті, өйткені көпшілік жас жеткіншектер мен жасөспірімдер жоғарғы білімді «өмірде дұрыс орын табуға» мүмкіндік береді деп есептейді. Осы бір-біріне қарама-қайшылы факторлардан туындайтын заңды сұрақ: қазіргі қазақстандық қоғамда білім қаншалықты деңгейде азаматтардың бағытын анықтайды және басқа да әлеуметтік дәрежелер индикаторы арасында оның орны қандай?

Жоғарыда атап өтілгендей, жастардың жіктелу ерекшелігі ата-ананың әлеуметтік жағдайына байланысты, яғни жастардың дәрежесінің сипаттамасында ұмтылушылар басымдау, қолжеткізген атрибут емес. Бұдан жоғарғы білімнің қолжетімділігі әртүрлі әлеуметтік топтар үшін бірдей емес. Оның үстіне отбасының материалдық жағдайы туралы айтпағанда, жоғарғы білімнің құндылығы туралы түсінік, төменгі топқа жататындар үшін маңызын әлдеқашан жоғалтқан, олардың балаларының өмірі жоғарғы білімсіз сәтті жалғасын табатынын сенімді түрде айтуға болады. Сондықтан отбасының дәрежесі балалардың білім алу жағдайына әлеуметтік ұмтылыс үлкен әсерін тигізеді.

Қазақстандағы білім саясатының негізгі субъектісі мемлекет болып қалып отыр, өйткені, мемлекет білім сферасының жағдайына, қоғамның барлық мүшесі үшін білімнің қолжетімділігіне жауапкершілікті өз мойнына алып отыр. Алайда мемлекет шектеулі бюджеттік мүмкіндіктер тұрғысынан білім үрдісіне бірыңғай талаптар қойып, әрбір азаматтың мүмкіндігін теңестіруді қамтамасыз ету, заман талабына сәйкес қажеттілікке орай білім сапасы мен қолжетімділік, білімді дамытудағы ұлттық басымдылықты арттыру бойынша қызметтің көлемін кеңейтуді іске асырып жатыр.

Мемлекет білімді алдағы уақытта ұзақмерзімді дамытуға байланысты кейбір күрделі мәселелерді шешуге кірісті, әсіресе, қазақстандық қоғамда үлкен көлемде қайта құру үшін рухани, адамгершілік императивтік жағдайларды жасауға баса көңіл бөлуде. Білім стратегиясы, білім стандарттары, білім жүйесін басқару әрқашан мемлекеттің білім сферасында жүзеге асыратын өзінің маңызды қызметтерінің бірегейі болып қалуда. Күрделі экономикалық мәселенің бірі, ол – айтарлықтай жағдайда білім жүйесін қажетті деңгейде қадағалап, бақылауда ұстап отыру.

Соңғы онжылдықта білім саласында ерекше өзгерістер орын алды. Жүргізілген реформалар шешілмеген мәселелер мен қиындықтардың толықтай шешімін табуына мұрша бермеді. Ең негізгі мәселелер білімді аймақтандыру, түрлі аймақтардың арасында білім теңсіздігінің тереңдеуі, сапалы білім алуға тілек білдірушілер мен оны алуға мүмкіндігі барлар, адамдар арасында пайда болған жіктің өмір сүруі әлемдік тенденцияда көрініс тапты. Қазақстанның түрлі аймақтарында өмір сүретін тұрғындар үшін білім алу мүмкіндігі тәжірибе жүзінде бірдей емес.

Қазақстанда күрделі мәселелер жинақталып жатыр, өйткені білім қоғамдағы адам потенциалының көрсеткішін текқана әлеуметтік-экономикалық факторлар дұрыс жұмыс істемеген жағдайда ғана қолдайтын факторлардың бірі болып отыр. Білім потенциалының осындай орнықтылығы бізге білім жүйесінің барлық факторлармен өзінің дамуы барысында күшті кері байланыс сақтай алатындығын айтуға мүмкіндік береді. Осы негізде әлемдік инновациялық білім үрдісіне Қазақстанның белсенді қатысуының объектісі болатын қазақстандық қоғамның өзінің дәстүрлі білім беру жүйесін сақтай отырып әлемдік білім кеңістіне енуге нақты мүмкіндіктері бар.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев, М. Қазақтың қоғамдық өміріндегі рухани құндылықтар. Алматы: «Дәуір». 2001
2. Айтматов, Ч. Рухани мұра және ұлттық бірлік. Ұлт әдебиеті мен мәдениеті тарихы. Алматы: «Жазушы». 2018

3. Сейітов, АТәуелсіз Қазақстандағы рухани жаңғыру. Алматы: «Туған жер». 2016
4. Иманғали, М. Қақтың ұлттық дәстүрлері мен рухани құндылықтары. Қазақ қоғамының дамуы және мәдениет. Алматы: «Қазғарыш».2014

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУ

Мырзабекова Айгерим Базарбековна

М.Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейдің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.
Қызылорда, Қазақстан

Ұлттық құндылықтарды ағылшын тілін үйрену процесіне енгізу оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға және өз мәдениетін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқыту тиімділігін арттырып қана қоймай, ұлттық бірегейлікті сақтауға да ықпал етеді. Сондықтан шетел тілін меңгеруде ана тілі мен мәдениетке негізделген тәсілдерді қолдану маңызды.

Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың мәдени мұрасы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен рухани байлығы. Шетел тілін меңгеру – жаһандану дәуірінде маңызды дағдылардың бірі. Алайда, жаңа тілді үйрену барысында өз халқының ұлттық құндылықтарын сақтау өте маңызды. Бұл тәсіл тілді меңгеруді тереңдетіп қана қоймай, ұлттық бірегейлікті нығайтуға көмектеседі. Ұлттық құндылықтарымызды шетел тілін үйрену процесіне енгізу оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың тілдік дағдыларын жетілдіруге де ықпал етеді. Ағылшын тілін үйрену барысында қазақ халқының ұлттық құндылықтарын пайдалану білім алушылардың ана тілін құрметтеуге, мәдени ерекшеліктерді сақтауға және өз халқының тарихын әлемге танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдіс тілді үйрену үдерісін жандандырып, шынайы қарым-қатынас құруға көмектеседі. Шетел тілін үйрену кезінде ана тілі мен ұлттық мәдениетті ұмыт қалдырмау қажет. Бұл өз мәдениетіне деген құрметті сақтап, жаңа тіл мен мәдениетті дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдениетін, дүниетанымын және тарихи мұрасын сақтайтын басты фактор. Тілдік сәйкестік – ұлттық бірегейліктің ажырамас бөлігі, сондықтан оны сақтаудың маңызы зор. Тілді үйрену тек грамматика мен сөздік қорды меңгерумен шектелмеуі тиіс. Ол жаңа мәдениетті тану мен салыстыру арқылы да жүзеге асады. Мысалға: қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің ұқсастығын зерттеу; қазақ және шетелдік мерекелерді салыстырып, олардың мән-мағынасын талқылау; әртүрлі елдердің отбасы құндылықтары мен дәстүрлерін салыстыруды айта аламыз. Көптеген елдер өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, шетел тілдерін үйретудің тиімді әдістерін қолданады. Мұндай елдер өздерінің мәдени мұрасын тілдік біліммен ұштастырып, оқушыларға тіл үйренуді қызықты әрі мағыналы етеді. Атап айтсақ:

1. Финляндия. Финляндияда шетел тілдерін оқыту кезінде ұлттық мәдениетке үлкен мән беріледі. Оқушылар фин эпостары (Калевала), халық әндері мен дәстүрлерін зерттей отырып, ағылшын, швед немесе басқа тілдерді үйренеді.

2. Жапония. Жапониядағы тілін оқытуда ұлттық мәдениет үлкен рөл атқарады. Самурай дәстүрлері, шай рәсімі, жапондық өнер мен анимация арқылы оқушылар шетел тілдерін меңгереді.

3. Франция. Францияда француз тілі мен мәдениеті тығыз байланысты. Шетелдік азаматтарға тілді үйреткенде, француз әдебиеті, асханасы және өнері арқылы оқыту әдісі кеңінен қолданылады.

4. Қытай. Қытайда мандарин тілін үйреткенде, конфуцийлік философия, ұлттық мерекелер (Қытай Жаңа жылы) және каллиграфия сияқты элементтерді пайдалану кең таралған.

Ұлттық тағамдар арқылы үйрену. Ағылшын тілінде қазақтың ұлттық тағамдары туралы ақпарат беру, оларды сипаттау, ингредиенттерін түсіндіру – тілдік қорды байытудың бір жолы. Мысалы, оқушылар «beshbarmak», «kurt», «shubat» сияқты сөздерді үйреніп қана қоймай, олардың дайындалу тәсілін ағылшын тілінде сипаттай алады. Сондай-ақ, оқушыларға ұлттық тағамдарға байланысты диалогтар құру, рецепт

жазу сияқты тапсырмалар берілуі мүмкін. Бұл әдіс сөздік қорды кеңейтіп қана қоймай, жазу және сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары «Betashar», «Tusau kesu», «Shildekhana» сияқты дәстүрлерді ағылшын тілінде түсіндіру арқылы оқушылар тілдік дағдыларын дамытады. "Betashar", "Tusau kesu", "Kuz uzatu" сияқты дәстүрлерді ағылшын тілінде талқылау оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытады. Олар осы дәстүрлер туралы әңгімелесу, сұхбат жүргізу арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіреді. Сонымен қатар, оқушылар ұлттық дәстүрлер туралы презентациялар жасап, ағылшын тілінде баяндама дайындап, түрлі пікірталастарға қатыса алады. Бұл тәсіл олардың коммуникативтік дағдыларын арттырады және CLIL (Content and Language Integrated Learning) – мазмұн арқылы тіл үйрету әдісіне негізделген. XIX ғасырда көптеген ғалымдар осы саланы зерттеген. Әлемдік ғалым Krashen (1982) шет тілін үйренудің ең тиімді әдістерінің бірі – оның табиғи, мәдени контекстке енгізілуі екенін дәлелдеген. Swain & Lapkin (1995) зерттеулері мәдени мазмұнға негізделген шет тілі сабақтары оқушылардың есте сақтау қабілетін жақсартып, оқу мотивациясын арттыратынын көрсетті. Мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді қолдану. Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерін салыстыру арқылы оқушылар екі халықтың мәдени ерекшеліктерін түсініп, олардың мағынасын талдай алады. Мысалы, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» мақалы ағылшын тіліндегі «No pain, no gain» мақалымен сәйкес келеді. Сонымен қатар, мақал-мәтелдерді контекстке байланысты қолдану дағдыларын дамыту үшін оларды диалогтар мен әңгімелерде пайдалану тиімді әдіс болып табылады.

Ұлттық ойындар арқылы тіл үйрену. «Кокпар», «Asyk atu», «Altybakan» сияқты ойындарды ағылшын тілінде сипаттау оқушылардың сөздік қорын арттырады. Сонымен қатар, ұлттық ойындар арқылы ойын түріндегі тіл үйрену әдістерін қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттырады. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға негізделген. Сонымен қатар, ұлттық ойындардың шығу тарихын зерттеу арқылы оқушылар тарихи-мәдени білімдерін кеңейте алады.

Қазақтың тарихи тұлғаларын зерттеу. Оқушыларға Күлтегін, Абылай хан, Абай Құнанбайұлы, Қажымұқан Мұңайтпасұлы сияқты тарихи тұлғалар туралы мәліметтерді ағылшын тілінде баяндауға үйрету олардың тілдік дағдыларын дамытып қана қоймай, тарихи сананы қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылар эссе жазу, рөлдік ойындар ұйымдастыру және сұхбат форматында зерттеулер жүргізу арқылы осы тұлғалардың өмірін тереңірек түсінеді. Сонымен қатар, ағылшын тілінде тарихи дереккөздерді талдау да пайдалы тәжірибе болмақ.

Мәдениет пен әдебиет арқылы тіл үйрену. Қазақ әдебиеті мен мәдениетін ағылшын тілінде зерттеу оқушыларға тілді меңгеруге және өз халқының шығармашылық мұрасын кеңінен тануға көмектеседі. Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов сияқты қазақ классиктерінің шығармаларын ағылшын тіліне аудару немесе оларды талдау – тілдік білімді тереңдетудің тағы бір әдісі. Сонымен қатар, қазақ мәдениеті туралы ағылшын тілінде мақалалар жазу, шағын драмалық қойылымдар ұйымдастыру оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырады. Шет тілін үйренуде тілдік орта (language immersion) маңызды рөл атқарады. Оқушылар өздеріне таныс тақырыптар мен ұғымдар арқылы тілді қабылдағанда, олар жаңа материалды оңайырақ меңгереді. Екі мәдениетті салыстыру арқылы тілді меңгеру. Шет тілін үйрену барысында ана тілі мен мақсатты тілді салыстыру тілді тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысалы: "Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" – "No pain, no gain" сияқты ұқсас мағынадағы мақалдарды талдау арқылы оқушылардың ойлау дағдылары дамиды. Қазақтың "Наурыз" мейрамын ағылшын тілінде сипаттап, оны "Christmas" немесе "Thanksgiving" мерекесімен салыстыру оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытады. Cummins (2000) "Interdependence Hypothesis" тұжырымдамасында оқушылар өз ана тіліндегі білімін шет тілінде қолдана алатынын дәлелдеді. Byram (1997) мәдениетаралық білім беру тілдік

дағдыларды жақсартып, оқушылардың басқа халықтарға деген құрметін арттыратынын көрсетті. Ағылшын тілін үйрену барысында ұлттық құндылықтарды сақтау оқушылардың патриоттық сезімін нығайтады. Абай, Шәкәрім, Қажымұқан сияқты тұлғаларды өзге тілде зерттеу қызығушылықты оятады. Сонымен қатар ұлы тұлғалардың өмірі мен еңбектерін ағылшын тілінде баяндау тілдік дағдыларды ғана емес, тарихи сананы да дамытады. Қазақ музыкасы, әдебиеті, сәулет өнері туралы ағылшын тілінде баяндау оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді. Осы тұста төмендегі ғалымдарын зерттеулерін негізге аламыз. Gardner (1985) тіл үйренудегі мотивацияның рөлін зерттеп, мәдени сәйкестік сақталған жағдайда, оқушылардың шет тілін меңгеруі әлдеқайда жылдам жүретінін дәлелдеді.

Шетел тілдерін үйрету әдістері үнемі жаңарып, жетілдіріліп отырады. Зерттеулер көрсеткендей, ұлттық құндылықтарды шет тілін меңгеру процесіне енгізу оқушылардың тілді тез әрі тиімді үйренуіне ықпал етеді. Бұл тәсіл когнитивтік (ойлау), эмоционалдық және әлеуметтік аспектілерге оң әсер етеді. Ана тілі мен мәдениетке негізделген оқытудың тиімділігі өте жоғары. Лингвистика және педагогика саласындағы зерттеулер көрсеткендей, шетел тілін үйрену ана тілінің құрылымына және мәдени ерекшеліктеріне сүйенген жағдайда әлдеқайда нәтижелі болады. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы (Л.С. Выготский, 1934) бойынша, адамның когнитивтік дамуы оның мәдени ортасына байланысты. Яғни, ағылшын тілін үйрену кезінде оқушыларға таныс ұлттық мазмұн ұсынылса, олар жаңа ақпаратты тез қабылдайды. Джером Брунердің белсенді оқыту теориясы (Bruner, 1966) тілді үйретуде оқушылардың өз тәжірибесі мен мәдениетін ескеру қажет екенін дәлелдеді. Егер жаңа тіл ұлттық құндылықтар арқылы оқытылса, оқушылар оны жақсырақ меңгереді. Практикалық зерттеулер көрсеткендей, ұлттық мәдениетке негізделген тапсырмалар тілді үйренудің жылдамдығын 20-30%-ға арттырады (Hofstede, 2001).

Қорытынды. Ұлттық құндылықтарды ағылшын тілін үйрену процесіне енгізу оқушыларға тілді тез меңгеруге, өз мәдениетін тереңірек түсінуге және жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтауға көмектеседі. Бұл тәсіл оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың патриоттық сезімін нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, ұлттық мәдениет пен тіл үйрену үдерісін ұштастыру – тілдік дағдыларды жетілдірудің оңтайлы тәсілі. ЮНЕСКО зерттеулері бойынша, тілдік және мәдени сәйкестікті сақтау – халықтың тұрақты дамуының негізгі факторы. Осы факторды негізге ала отырып, оқытушылар осы істі қолдану арқылы оқушылардың тілдік қабілеттерін дамытуда үлкен жетістіктерге жете алады. Қорытындылай келе білім беру бағдарламаларына ұлттық құндылықтарды негізге алған тақырыптарды молынан енгізуге және интерактивті ойындар мен платформаларды кеңінен пайдалану ұсыныс айтамын. Осы тұста өзімнің жазған «Ұлттық құндылықтар негізінде жасанды интеллектті қолданып ағылшын тілін үйрету» атты авторлық бағдарламамды ұсынамын.

Әдебиеттер:

1. Айтбаева, А. (2018). Ұлттық құндылықтар және тіл үйрету әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті
2. Қалиева, Ш., & Сағынбаева, А. (2020). Шетел тілін оқытудың ұлттық- мәдени компоненттерін қолдану. Астана: Фолиант.
3. «Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын: әлемдік тәжірибеде және қазіргі үрдістер» (2023) жинақ
4. «Ұлттық құндылық-тәрбиенің көзі» А.Шілдебайқызы 2018 жыл
5. Жұмабаева, Г. (2019). Қазақ халқының ұлттық құндылықтары. Білім және Ғылым журналы журналы, 5(24), 45-52.
6. Crystal, D. (2012). English as a Global Language. Cambridge University press

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

Дүйсенова Жанар Мұсаханқызы

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі. Қызылорда, Қазақстан

*Еліміздің дамуына әрбір азамат өз үлесін қосу керек
Баймырза Қожамберлиев*

Аңдатпа. Бұл мақалада Баймырза Қожамберлиевтің қазақ халқының рухани және әлеуметтік өміріндегі рөлі қарастырылады. Автордың еңбектері ұлттық мәдениетті сақтау мен оны жаңа заман талаптарына бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, Қожамберлиевтің идеяларын қазіргі қоғамда қолдану бағытында бірқатар ұсыныстар берілген. Бұл жұмыс ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және қазақ мәдениетінің болашақтағы дамуын айқындауға арналған.

Аннотация. В данной статье рассматривается роль Баймырзы Кожамберлиева в духовной и социальной жизни казахского народа. Его труды подчеркивают важность сохранения национальной культуры и ее адаптации к требованиям современности. Кроме того, представлены рекомендации по применению идей Кожамберлиева в современном социуме. Данная работа направлена на популяризацию национальных ценностей и определение дальнейшего развития казахской культуры.

Abstract. This article examines the role of Baimyrza Kozhamberliev in the spiritual and social life of the Kazakh people. His works emphasize the importance of preserving national culture while adapting it to modern requirements. Additionally, recommendations are provided on applying Kozhamberliev's ideas in contemporary society. This research aims to promote national values and outline the future development of Kazakh culture.

Адамзат баласы үшін әсіресе қазіргі кезеңде рухани құндылықтардың маңызы өте зор. Технологияның тез өсіп, ақпараттың жедел таралуы және жаһандандудың әсері күнделікті өміріне үлкен өзгерістер әкелуде. Дегенмен, осы өзгерістермен қатар, адамгершілік, мәдениет және этика сияқты рухани құндылықтар да өз маңыздылығын жоғалтпауы тиіс. Қазақ халқының ұлттық және рухани құндылықтар жөнінде танымы мен сенімі ерекше десе де болады. Олар ұлттық құндылықтарды ерекше қадірлеп, қастерлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Ал асыл дінімізді адам мен қоғам арасын жалғастырушы, жарастырушы ретінде бағалаған. Оны адамға үлгі-өнеге беретін, көкірекке мейірім ұялататын және жан мен тән тазалығын сақтайтын рухани қасиет деп бағалаған. Ұлттық құндылықтар – ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары болып саналады. Ежелден бізге жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.

Баймырза Қожамберлиев – қазақ мәдениеті мен ғылымына өзіндік үлес қосып келе жатырған тұлғалардың бірі. Оның өмірі мен еңбектері қазақ халқының рухани және әлеуметтік дамуына айтарлықтай әсер етті.

Баймырза Қожамберлиев ғылым, әдебиет немесе мәдениет салаларында жемісті еңбек еткен, өз дәуірінің көрнекті тұлғаларының бірі, қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірінде белсенді қызмет атқаруда. Ол ұлт мәдениетін дамыту, жас ұрпаққа білім беру және ұлттық құндылықтарды сақтау жолында көптеген еңбектер атқарды. Оның еңбектері мен идеялары қазақ халқының мәдениеті мен біліміне үлкен үлес қосты және келешек ұрпақ үшін маңызды болары сөзсіз [1].

Баймырза Қожамберлиев: Қазақ халқының рухани және әлеуметтік өміріндегі рөлі

Баймырза Қожамберлиев – қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірінде айрықша орны бар тұлға. Ол ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды жаңа заман талаптарына сай бейімдеу ісінде үлкен үлес қосты. Оның еңбектері халықтың мәдениеті мен тарихын тереңірек түсінуге, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысын қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қожамберлиевтің көзқарастары ұлттың рухани жаңғыру үдерісімен тығыз байланысты. ХХІ ғасырда қазақ халқының тарихи жады мен мәдени мұрасын сақтау қажеттілігі артып келеді. Осы тұрғыда оның идеялары ұлттық сана-сезімді нығайтуға, төл мәдениетімізді әлемдік деңгейде танытуға ықпал етеді [4].

Тарихи сабақтастық пен жаңашылдықтың үйлесімі бүгінгі күнде бұл бағытта мемлекет тарапынан және қоғам деңгейінде бірнеше маңызды бастамалар жүзеге асуда:

➤ "Рухани жаңғыру" бағдарламасы. Бұл бағдарлама ұлттық кодты сақтау, мәдени мұраны насихаттау және қазақ халқының рухани байлығын әлемдік деңгейде таныту бағытында іске асуда.

➤ Білім мен ғылымдағы жаңашылдық. Қазіргі таңда ұлттық тарих пен мәдениет мектеп пен университет бағдарламалары арқылы тереңірек оқытылуда. Сонымен қатар, шетелдегі қандастарымызға арналған қазақ тілін үйрету курстары ашылуда.

➤ Жастардың мәдени мұраға қызығушылығы. Міне, осы бағыттарда Б.Қожамберлиевтің еңбектері де ұшан теңіз.

➤ Әлеуметтік өмір мен тарихи сабақтастықтағы жаңашылдық. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына, тұрмыс-тіршілігіне және тарихи сабақтастығына қатысты Б. Қожамберлиевтің еңбектері ерекше орын алады [2]. Ол қоғамның дамуы мен жаңаруында тарихи сабақтастықтың маңыздылығын атап көрсеткен. Яғни, қоғамның дамуы өткеннің тәжірибесін ескере отырып қана жүзеге асады деген тұжырым жасайды. Жаңашылдық пен дәстүрдің үйлесімділігі – Қожамберлиев еңбектерінің негізгі бағыттарының бірі. Ол қазақ халқының көшпелі өмір салты мен дәстүрлі құндылықтарын қазіргі заманғы өзгерістермен үйлестіру мәселесіне ерекше мән берді. Оның пікірінше, дәстүр мен жаңашылдық қарама-қайшы ұғымдар емес, керісінше, бірін-бірі толықтыратын, ұлттың дамуындағы маңызды факторлар. Қазақ халқының тарихи тәжірибесін, оның ішінде әлеуметтік құрылымы мен басқару жүйесін жаңаша бағалау арқылы, ол ұлттың заманауи өркениеттік үрдістерге бейімделу жолдарын қарастырды. Бұл тұрғыда оның еңбектері Қазақстан қоғамындағы ұлттық құндылықтар мен әлеуметтік дамудың үйлесімді жолдарын табуға ықпал етеді. Б.Қожамберлиев қазақ халқының рухани мұрасын зерттеуде, ұлттық бірегейлікті сақтауда және дамытуда маңызды рөл атқарды. Оның еңбектері халықтың әдет-ғұрыптарын, дүниетанымын, фольклорын, дін мен моральдық құндылықтарын тереңірек қарастырады. Ол рухани мұраны тек сақтау ғана емес, оны жаңаша түсініп, жаңа заман талабына сай бейімдеудің маңыздылығын атап көрсетті. Сонымен қатар, Қожамберлиевтің көзқарастары ұлттың рухани жаңғыру үдерісімен тығыз байланысты. ХХІ ғасырда қазақ халқының тарихи жады мен мәдени мұрасын сақтау қажеттілігі артып келеді. Осы тұрғыда оның идеялары ұлттық сана-сезімді нығайтуға, төл мәдениетімізді әлемдік деңгейде танытуға ықпал етеді. [4].

Қазақ халқының рухани мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан, ұлттың болмысын айқындайтын, оның өмір салты мен дүниетанымының ажырамас бөлігі. Тарихи сабақтастық пен жаңашылдық қазақ мәдениетінің дамуының екі маңызды аспектісі болып табылады.

Қорыта айтқанда, тарихи сабақтастық:

1. Дәстүрлі рухани құндылықтар:

➤ Қазақ халқының рухани мәдениетінің негізінде көне түркі, көшпенді өркениет пен ислам құндылықтары жатыр.

➤ Ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, эпостық жырлар, шешендік өнер, музыкалық мұралар (қобыз, домбыра күйлері) – қазақ халқының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі.

➤ Абай, Шәкәрім, Ыбырай сияқты ойшылдар рухани мұраны жаңа деңгейге көтеріп, халықтың рухани дамуына зор үлес қосты.

2. Жаңашылдық: заманауи мәдени дамудың ерекшеліктері

➤ Ғылым мен технологияның дамуы қазақ мәдениетінің жаңа бағытта өркендеуіне ықпал етті.

➤ Театр, кино, әдебиет, музыка және басқа өнер салаларында жаңа стильдер мен ағымдар пайда болды.

➤ Қазақ тілінің цифрлық кеңістікте дамуы, әдеби шығармалардың электронды нұсқаларының көбеюі және аудиокітаптар дәстүрлі мәдениеттің заманауи бейнесін қалыптастырады.

➤ Қазақстанның жаһандану үрдісіне қосылуы ұлттық мәдениеттің әлемдік аренада танылуына мүмкіндік береді.

3. Тарихи сабақтастық пен жаңашылдықтың үйлесімі

➤ Ұлттық код пен мәдени бірегейлікті сақтау – маңызды міндет. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін жаңаша форматта дәріптеу (кино, анимация, әлеуметтік желілер арқылы) ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайтады.

➤ "Рухани жаңғыру" бағдарламасы қазақ халқының мәдени мұрасын жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам болды.

➤ Бүгінгі таңда жастар арасында ұлттық мәдениетке деген қызығушылық артып, заманауи өнер мен технология арқылы дәстүрлі мәдениет қайта жанданып келеді [3].

Ұсыныстар:

1. Қазақ халқының рухани мұрасын насихаттау үшін ғылыми еңбектер мен зерттеулерді көпшілікке қолжетімді ету қажет. Қазақ мәдениеті мен тарихына арналған зерттеулерді халықаралық ғылыми кеңістікте насихаттау маңызды.

2. Б.Қожамберлиевтің еңбектерін мектеп пен жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық пәндер бағдарламасына енгізу арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға болады.

3. Қазақ халқының тарихи сабақтастығы мен жаңашылдықты үйлестіру жолдарын тереңірек зерттеу үшін заманауи технологияларды (цифрлық архивтер, дерекқорлар) пайдалану қажет.

4. Жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеу үшін интерактивті жобалар мен әлеуметтік желілердегі ақпараттық науқандар ұйымдастыру тиімді болмақ.

Баймырза Қожамберлиевтің еңбектері қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірін жан-жақты зерттеуге бағытталған. Оның көзқарастары дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысын көрсету арқылы ұлттың болашағына бағдар жасайды. Сондықтан, оның зерттеулері ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту ісінде ерекше орын алады.

Қазақ халқының рухани мәдениеті ғасырлар бойы тарихи сабақтастық негізінде дамып, жаңа заманға бейімделіп келеді. Ұлттық дәстүрлер мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, қазақ мәдениеті жаңа биіктерге көтерілуі тиіс. Рухани мұраны сақтау мен жаңғырту – әрбір азаматтың борышы.

Әдебиеттер:

1. <https://stud.kz/referat/show/35765>

2. <https://massaget.kz/kkzhiek/adebietteg-dastur-men-janashyildyik--45777/>

3. <https://martebe.kz/kaza-filosofijasynnda-y-d-st-r-men-zha-shyldy/>

4. <https://old.syrboyi.kz/suhbat/37877-baymyrza-ozhamberliev-mrdeg-bylys-kezdeyso-payda-bolmaydy.html>

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

Дүйсен Махаббат Бекежанқызы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, филология факультетінің
1-курс магистранты. Қарағанды, Қазақстан.
Ғылыми жетекші – Ф.ғ.д. Смағұлов Ж.Қ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиеттануындағы типологиялық зерттеулердің қалыптасу жолдары қарастырылады. Қазақ әдебиетінің дамуында типологиялық әдістердің қолданылу ерекшеліктері, олардың тарихи кезеңдерге бөлінуі және әдеби үдерістерді жүйелеудегі маңызы талданады. XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ зерттеушілерінің типологиялық тұрғыдан жасаған ғылыми еңбектері талқыланып, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі әдеби-теориялық ізденістер сарапталады. Сонымен қатар, типологиялық зерттеулердің қазіргі қазақ әдебиеттануындағы орны мен болашағы жайлы пікірлер ұсынылады.

Кілт сөздер: әдеби типология, қазақ әдебиеті, салыстырмалы әдебиеттану, әдеби бағыттар, жанрлық жүйелеу, көркемдік әдіс, типологиялық зерттеу

Материал мен әдістер. Мақалада қазақ әдебиеттануындағы типологиялық зерттеулерге қатысты отандық ғылыми еңбектер талданды. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, типологиялық, құрылымдық әдістер қолданылды. Қазақ әдебиетіндегі түрлі кезеңдердің ерекшеліктерін жүйелеу үшін әдеби-теориялық көзқарастар негізге алынып, ұлттық және әлемдік әдеби процестер арасындағы байланыстар қарастырылды.

Әдебиеттанудағы типология – бұл әдеби құбылыстарды олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына қарай зерттеу және жіктеу, сондай-ақ әртүрлі дәуірлердегі, мәдениеттегі және ұлттық дәстүрлердегі әдебиеттің дамуындағы жалпы заңдылықтарды анықтау. Жаңа «Британ энциклопедиясында» типологияның мынадай анықтамасы бар: «Типология – ғылымдардың алдыңғы қатарында тұр және оны жүйелеумен салыстырғанда сирек қолданады, бірақ ол белгілі бір құбылысты әрі қарай зерттеудің тәсілі ретінде сипатталуы қажет» [1; 221]. Типологиялық тұрғыдан зерттеу әдебиеттердің арасындағы ұқсастықтарды көркем шығарманың құрылысы, идеясы, образ, сюжет, стиль, әдеби жанр, әдеби ағым, әдеби бағыт, әдеби дәуір, әдеби процесс, ұлттық әдебиет деңгейлерінде қарастырып, олардың ортақ заңдылықтарын ашуға көмектеседі. Яғни, қоғамдық ортаның әдебиетке тікелей әсерлерін, көркемдіктің қыр-сырларын әлеуметтік жағынан келіп ашуға ұмтылады. Типологиялық зерттеулердің дұрыс бағытта жүруіне дүниетанымдық көзқарас ерекше рөл атқарады. Зерттеушінің білім деңгейінің, өмірлік тәжірибесінің мол болуы, зерттеу әдістерін меңгеріп, оларды орынды қолдана білуі типологиялық ізденістердің жемісті болуының бірден бір шарты [2; 49].

Талқылануы. XX ғасырдың бірінші жартысы, «Алаштық кезең» деп аталатын бұл кезең – қазақ әдебиетінің ғылыми жүйесін қалыптастыруға негіз болды. Алаш қайраткерлері әдебиетті жанрлық, тарихи және көркемдік типология тұрғысынан зерттеп, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ерекшеліктерін нақтылады. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» әдеби теорияның алғашқы ғылыми тұғынамасы болса, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды ғалымдар тарихи кезеңдерді жүйелеп, әдеби бағыттарды анықтады. Бұл еңбектер қазақ әдебиетіне ұлттық көзқарас, теориялық әдіс және әдеби мұраға жаңа ғылыми баға берудің негізін қалады. Сондай-ақ XX ғасырдағы қазақ баспасөзі де ұлттық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер етті. Газеттер мен журналдарда

көрнекті ақын-жазушылардың шығармалары жарық көріп, әдеби сынның дамуына жол ашылды. «Қазақ», «Айқап», «Шолпан», «Сана» сияқты басылымдарда жарияланған мақалалар мен көркем туындылар қазақ әдебиетінде жаңа бағыттардың пайда болуына ықпал етті. Ұлттық баспасөз әдебиеттің тақырыптық және жанрлық кеңеюіне негіз жасап, әдеби ағымдар мен стильдердің алуан түрлілігінің қалыптасуына септігін тигізді. Типологиялық зерттеулерге арналған арнайы еңбектер шықпаса да, жоғарыда атап өткен газет беттерінде мақалалар жарияланды. Мысалы, «Қазақ» газетінің 1915 жылғы №112-113 сандарында жарияланған Р.Мәрсековтың «Қазақ әдебиеті жайынан» атты мақаласында автор қазақ әдебиетін кезең-кезеңі бойынша жүйелеген. Біздің қазақ әдебиетінің осы кезге шейінгісін үш дәуірге бөлуге болады: Бірінші дәуірі - ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кез. Ол заманда қазақ өз алдына тұрып, кең далада еркін дәурен сүріп, көк орай шалғын жерлерде, шалқыған көл, сарқыраған өзен жағасын жайлап жүрген күндері. Кеңшілікте туып, бар керегі өзінен табылып, төрт түлік малдан бөрі шығып тұрған мезгіл, ойлауға уақыты кең, сөз сөйлеуге тілі еркін болған заман. Біреумен біреу кез келіп, сөйлесе қалса, жай сөз қылып өлеңмен, жұмбақпен, пернемен сөйлескен. Той болса, жиын болса, ақынсыз, өлеңсіз болмаған, айтысу парыз сияқты болған. Екінші дәуірі жазудың халық арасына көбірек таралған заманы. Әр жақтан әр түрлі халықтың адамдары келе бастап, қалың қазақтың ортасына орнап қалғаны да болған. Осындай адамдар өлең айтып, сауық қылу, домбыра шерту дұрыс емес деген. Бұл «дұрыс емес» деу қожа, молдалар көбейген сайын молайған. Сөйтіп, жұртқа тыю салына бастаған. Абай марқұмнан бастап қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталды. Әдебиет те жас баламен бірдей, сүйеу күтеді. Халық жақсы көзбен қараса, әдебиетке демеу болып, әдебиет өрге басады. Абайдан бері һәм одан үлгі алған кейінгі жастарымыздың ыждақатымен әдебиетіміз түзу жолға түсті [3; 155-157]. Осылайша, Р.Мәрсеков қазақ әдебиетін үш кезеңге бөліп, әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Сондай-ақ автор ұлттық әдебиеттің даму жолын айқындап, Абайдың жаңа кезеңді бастаудағы рөлін де назардан тыс қалдырмайды. Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінің 1914 жылғы №58 санындағы «Абай» атты мақаласында ұлы ақынды орыс ақындарымен салыстырады. Орыста бірнеше жазушы Ломоносов, бір балықшының баласы еді. Онан кейін сан жүйріктер шығып жатыр, сонда да орыс әдебиетінің тарихында бірнеше орын, бас бәйге Ломоносовқа арнаулы. Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы көңілінде һәм тілінде сақтап келеді. Мұнан соң мың жылдар өтсе де оған көрсетілген қадір-құрметтері артпаса, кему жоқ. Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек. Абайдың есімін, сөзін өте құрметтеп ұмытпастай басына белгі орнатып, құрметіне ізге жайлар ашарға керек [3; 104]. Абай Құнанбайұлынан бергі қазақ әдебиеті жаңа түр тапқанын, одан кейінгі жазушылардың барлығын Абай өзінің шәкірті етіп әкеткенін қаламгер Жүсіпбек Аймауытұлы да жазады. Өзінің «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласында Ж.Аймауытұлы Абайға дейінгі ақындар жайлы сөз етеді. Автордың пайымдауынша, Абай қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық әкелді. Бұрынғы ақындар негізінен мақтау, даттау немесе зарлау бағытында жазса, Абай адам мінезін терең суреттеп, адамгершілікке жол сілтеді. Ол қазақ тілін түрлеп, көркемдік деңгейге көтерді. Ж.Аймауытұлы Абайға дейін ақындардың қоғамда беделінің төмен болғанын, олардың өнерден гөрі күнкөріске басымдық бергенін сынға алады. Осылайша, Абайдың даналығы қазақ әдебиеті мен тілін жаңа белеске шығарды деп тұжырымдайды [4; 133]. Осы тұста Ж. Аймауытұлының «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласына да тоқталмасқа болмайды. Ж.Аймауытұлы ұлы ақыннан кейінгі ақындарды бірнеше топқа бөледі. 1) Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәметовтікі. Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар. Жүрегінің сезімін суреттейтін, жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар. 2) Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәһкәрім, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңі сырты төгілген, сұлу, тілі

кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады. Осы күнде сәні кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, желе-жортақтатып, құбажондатып келетін Ғұмар Қарашев [4; 138]. Автордың пікірінше алғашқы топтың Міржақып Дулатұлынан басқаларында (Мағжан, Сұлтанмахмұт, Ахмет) орыс ақындарында еліктеу бар. Автор сондай-ақ бұл ақындар еліктеген Пушкин мен Лермонтовтың өздері көбінде Байронға еліктеген деп жазады, дегенмен автордың пікірінше ақындық жолында еліктегіштік – мін емес. Ал екінші топ жоғарыда атап өткеніміздей - халықшыл ақындар. Ғұмар Қарашевтың өзі жеке бір топ болып тұруында қандай ерекшелік бар? Қаламгер Ғұмар Қарашевта Марабай ақын, Бұқар жырау секілді бұрынғы ақындардың сарқыты бар деп есептейді. Халықтың мінезін суреттеп, мінін айтып, терең пәлсапа сөздерді жетілдіріп, ескектетіп айту бұл заманда артық, ұнаспайды [4; 140].

«Қазақ» газетінің 1915 жылғы №121 санында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Қалқаман-Мамыр» атты сын мақаласы жарияланды. Мақала Шәкәрім Құдайбердіұлының алғаш рет 1912 жылы Семейде кітап болып басылып шыққан «Қалқаман – Мамыр» дастаны жайлы. Автор бұл дастанды «өлең» деп атап, оны орыс «өлеңдерімен» салыстырады. «Қалқаман-Мамыр» өлеңі орыс тілінде «Историческая хроника» аталады. Бұл сияқты тарихта болғанды өлең қылған, мысалы: Пушкинде «Царь Борис Годунов», Лермонтовта «Песня о купце Калашникове». Бұл орыс өлеңдерінде өткен замандағы адамдардың мінезі, тұрмыс салты айнадағыдай көрінеді. Оқушыларға мұны тәржімә қылып көрсетуге, ақындықтан аман боп, амал құрып тұр [3; 185]. Осылайша, XX ғасырдың бірінші жартысы – типологиялық зерттеулердің алғашқы кезеңі болды. Бұл кезеңде әдебиеттану ғылымында салыстырмалы-тарихи әдіс кеңінен қолданылып, әртүрлі әдеби құбылыстардың типологиялық ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықтала бастады. Зерттеушілер халықтар арасындағы өзара ықпалдастықты, әр ел әдебиетінің дамуының ортақ заңдылықтарын қарастырып, әдеби ағымдар мен бағыттардың өзара байланысын айқындауға ұмтылуға тырысты, және бұл сол кезең үшін танымы биік деңгейдегі зерттеулер еді.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы типологиялық зерттеулердің ауқымды бөлігін қамтитын бір сала – фольклор. Этнограф-зерттеуші Шоқан Уәлиханов – қазақ халық ауыз әдебиетін түркі және шығыс халықтарының әдебиетімен салыстыра зерттеп, ұқсастықтарын сипаттаған алғашқы ғалым. Фольклорлық мұраларды зерттеу мен жүйелеу процесінде тек ғылыми-танымдық мақсаттар ғана емес, сонымен қатар миссионерлік қызметтің мүдделері де қамтылды. Орыс зерттеушілері мен миссионерлері қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды тілдік, тарихи және мәдени тұрғыдан талдаумен қатар, жергілікті халықты христиан дініне тарту және отарлық саясаттың идеологиялық негіздерін нығайту үшін де пайдаланды. А. Левшин, Н.Ильминский, П.Мелиоранский сынды миссионер-зерттеушілердің еңбектері қазақ әдебиетінің үлгілерін сақтауға көмектескенімен, олар көбінесе Ресейдің отарлық саясатының мүддесіне қызмет етті. Ғалым Нәзір Төреқұловтың «Фольклорлық жанрлардың ұлттық интернационалдық сипаты» атты мақаласында автор қазақ фольклорындағы жанрлардың Орта Азия халықтары фольклорындағы жанрларымен ұқсастығын және айырмашылығын жазады. Интернационалдық сипат «Эпос», «Дастан» жанрларында айқын аңғарылады. «Алпамыс» эпосын көбірек тексеріп жүрген ғалымдар зерттеуіне қарағанда бұл эпостың қазақтан басқа өзбек, карақалпақ, тәжік, башқұрт, татар және алтай халықтарында да жырланып, зерттеліп жүргені көрсетілген. Қазақтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» лиро-эпосының алтайлық («Қозым Эркеш»), башқұрттың («Күз Күрпияч»), татарша («Қозы Қорпец») және басқа да нұсқаларының бар екені белгілі. «Көрұғлы», «Ашық-Гериб», «Тотынама», «Ескендір-нама», «Шаһнама», «Шәкір-Шәкірат», «Сейфүлмәлік» сияқты Шығыстың классикалық

туындыларының интернационалдық ауқымы бұдан да кең жатыр [5; 248]. М. Әуезовтің классификация жасауы бойынша қазақ халық ауыз әдебиеті жанрлық жағынан төмендегідей топтастырылады:

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі 1900-1904 жж.)

I. Сыршылдық салт өлеңдер. 1. Жалпақ елдің салтымен байланысқан шер өлеңдер. а) Жоқтау; ә) Естірту; б) Қоштасу; в) Көңіл айту.

2. Дін салты мен дін ұғымынан туатын өлеңдер. а) Жар-жар; ә) Қоштасу-танысу; б) Беташар.

II. Әңгімелі өлеңдер.

1. Батырлар әңгімесі. а) Ұлы батырлар; ә) Кіші батырлар. 2. Ел поэмалары. 3. Тарихи өлеңдер.

III. Ертегілер.

IV. Айтыс өлеңдер. а) Ақындар айтысы, ә) Билер айтысы. [6; 116 б]. 4

Ал Х.Досмұхамедұлы фольклорлық жанрларды классификациялау барысында оларды 46 түрге бөлді: Эпос (жыр) а) батырлық; б) тарихи; в) хайуанаттар, ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ, ырым сөз, жаңылтпаш, наным-сенім, әпсана, он екі жылдық жыл есебі – мүшел (жыл мезгілі, ай, апта күндері, олардың шығуы мен мәні туралы әңгімелер), перілік хикаялар (Жалмауыз кемпір, жезтырнақ, марту, қара, албасты, обыр, үбе, жын, пері), космогониялық әңгімелер (ас пан шырақтары, күн күркіреу, найза ғай, аққан жұлдыз, Темірқазық, Жеті қарақшы, Үркер, т.б.

Ғалым С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» еңбегінде батырлық ертегілердің қалай топтастырылатыны туралы жазылған. «Батырлық ертегі» деген термин фольклортану ғылымында төрт түрлі мағынада қолданылады. В. М. Жирмунский бұл жанрға Оңтүстік Сібірдегі түркі-монғол халықтарының көне эпосын жатқызады «1. Қаһармандық эпостың шығу тарихын зерттеген Е. М. Мелетинский «батырлық ертегі» деп угорлар мен тунгус-маньчжур және кейбір Сібір халықтарының әңгіме түрінде келетін эпостан басқа шығармаларын атайды 2. Орыс былиналарының білгір зерттеушісі А. М. Астахова «батырлық ертегі» түріне халық эпосының батырлары туралы кейінгі замандарда пайда болған ертегі түріндегі шығармаларды жатқызады [7; 204]. Сондай-ақ автор бұл еңбекте «Ер Төстік» ертегісінің Сібірде тұратын алтай, шоры, хакас, тува сияқты халықтардың ертегілік эпостарымен туыстас екенін жазады. Осы секілді қазақ фольклорына қатысты типологиялық зерттеулер қатары көп. Атап айтқанда Р. Бердібаев «Түркі-монғол халықтары эпосындағы кейбір ортақ желілер», Б. Уахатов «Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінің типологиясы», Б. Адамбаев «Тарихи аңыз-әңгімелер», Е.Тұрсынов «Типологияның комплексті жүйесі туралы», С.Қасқабасов «Ертегі пен эпостың сюжеттің типологиясы», Ш. Ибраев «Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі», Б. Қорғанбеков «Алпамыс батыр» және «Қозы көрпеш-Баян сұлу» эпостарындағы ортақ желілер, Б. Әбжет «Көшпелі түркілер мен отырықшы халықтардағы айдаһар бейнесінің типологиясы», Ж. Танауова «Түркі халықтарында айтылатын күлдіргі әңгіме кейіпкерлері» сынды ғылыми зерттеу-мақалалары жазылған.

Кеңестік кезеңде қазақ әдебиетіндегі типологиялық зерттеулер маркстік-лениндік әдіснама негізінде жүргізілді. Әдебиеттің даму заңдылықтары таптық көзқарас тұрғысынан қарастырылып, социалистік реализм аясында талданды. Бұл кезеңде қазақ әдебиетін басқа халықтардың әдебиетімен салыстыруға басымдық беріліп, әсіресе кеңестік халықтар әдебиетімен типологиялық ұқсастықтарын анықтау маңызды зерттеу бағытына айналды. Фольклор мен жазба әдебиеттің байланысы, олардың қоғамдық өзгерістерге әсері зерттеліп, қазақ әдебиетінің эпикалық дәстүрлері социалистік құрылысты насихаттаушы жаңа әдебиетпен сабақтастықта қарастырылды. Сонымен қатар, Шығыс пен Батыс әдебиеттерінің ықпалы зерттелгенімен, ұлттық ерекшеліктерден гөрі ортақ социалистік мазмұнға мән берілді. Кеңестік зерттеушілер үшін Батыс әдебиеттануы жабық әлем болды. Кеңестік кезеңдегі типологиялық

зерттеулер негізінен әдебиеттің халықтық сипаты, интернационалдық байланыстары және революциялық-демократиялық дәстүрлерімен сабақтастығы аясында жүргізілді. Ал әдеби ағым және көркемдік әдіс сынды ауқымды мәселе әдеби-тарихи бағыттағы зерттеулерде үнемі ескеріліп келгенімен қатар, А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» бастау алған Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940), З. Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970), Р. Нұрғалиевтің «Өнер алды – қызыл тіл» (1974), «Өнердің эстетикалық нысанасы. Көркемдік дамудағы дәстүр мен жалғастық» (1979) тәрізді теориялық еңбектерде арнайы қарастырылып, әдістің типологиялық табиғаты туралы тұжырымдар жасалды [8; 5].

Тәуелсіздік кезеңінде әдебиеттану ғылымы елеулі өзгерістер мен даму жолынан өтті. Бұл кезеңде әдебиеттану ғылымы бірнеше негізгі бағытта жүзеге асты. Ең алдымен, ұлттық сана мен тарихи мұраға бетбұрыс жасалды: тәуелсіздік әдебиеттанушыларға бұрынғы кеңестік идеология шеңберінен шығып, қазақ әдебиетінің тарихын тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді. Бұған дейін цензураға ұшыраған немесе назардан тыс қалған шығармалар, мысалы, Алаш әдебиеті мен репрессияға ұшыраған қаламгерлердің туындылары қайта қаралып, зерттеле бастады. Сонымен қатар, теориялық және методологиялық жаңару байқалды: кеңестік кезеңде маркстік-лениндік методология басым болса, тәуелсіздікпен бірге батыстық әдебиеттану мектептері – структурализм, постструктурализм, деконструкция, модернизм және постмодернизм сияқты бағыттар әсер етті. Бұл қазақ әдебиетін талдауда жаңа көзқарастардың қалыптасуына ықпал етті. Оған қоса, жаңа буын әдебиеттанушылары пайда болды, олар ұлттық әдебиеттің ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі үдерістерін кеңінен зерттей бастады. Р.Нұрғали, Б.Майтанов, Г.Пірәлиева, Ж.Жарылғапов, С.Такиров сынды ғалымдар қазіргі кезеңде қазақ әдебиеттану теориясының дамуына әсер етіп, ұлттық әдебиетті әлемдік контексте зерттеуге жол ашты. Олардың еңбектері дәстүрлі әдістерді жаңа теориялық тәсілдермен (нарратология, дискурстық анализ, постмодернизм) үйлестіріп, әдебиеттанудың қазіргі кезеңдегі бағыттарын айқындап жүр. Тәуелсіздік кезеңінде әдебиеттанудың типологиялық зерттеу аспектілері де айқындала түсті. Қазақ әдебиетін жалпы адамзаттық көркемдік үдерістің бір бөлігі ретінде қарастыру арқылы оны әлемдік әдеби бағыттармен салыстыра талдау күшейді. Мысал ретінде сыншы, әдебиеттанушы А.Кеңшіліктің әлем және қазақ әдебиеті жайлы эсселерін алуға болады. Әсіресе, жанрлық, стильдік және тақырыптық ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау арқылы қазақ әдебиетінің өзіндік типологиялық моделі жасала басталғаны байқалады.

Қорытынды. XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ әдебиетінің типологиялық зерттеулердің негізі қаланып, ұлттық әдеби мұраны жүйелеу мен ғылыми тұрғыдан бағалау үрдісі қалыптаса бастады. Кеңестік кезеңде бұл бағыт социалистік реализм аясында дамығанымен, ұлттық әдеби ерекшеліктерді сақтауға ұмтылыс байқалды. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиеттану ғылымы жана әдіснамалық ұстанымдармен толықтырылып, әдеби ағымдарды, жанрлар мен стильдерді әлемдік контексте зерттеу мүмкіндігі кеңейді. Осылайша, типологиялық зерттеулердің болашағы әдеби процестерді терең талдау арқылы қазақ әдебиетінің ғылыми негіздерін нығайтуға, оның теориялық-методологиялық базасын кеңейтуге бағытталуы тиіс. Бұл бағыттағы ізденістер қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарын терең түсінуге және оның әлемдік әдебиеттегі орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. 30 томдық Жаңа Британ энциклопедиясы. 10 том. Чикаго: Британ энциклопедиясы, 1980.
2. Смағұлов Ж. Әдебиеттану әдіснамасы. Монография. – Қарағанды: Арко, 2014. – 139 бет.

3. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысапбаев. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
4. Аймауытұлы Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме), мақалалар, хаттар. Құраст. Н.Қуантаев. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. – 384 б.
5. Қазақ фольклорының типологиясы / ; Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. – Түркістан : Тұран, 2009. - 376 б.
6. Смағұлов Ж.Қ XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы: Оқулық. – Астана, 2017. – 480 бет.
7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы : Ғылым, 1984. – 272 бет.
8. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: Монография. – Қарағанды: ЖПС «Гласир», 2009. – 400 б.

ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ АНТИУТОПИЯ РӨЛІ

Бақытқызы Дана

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің магистранты,
Қарағанды, Қазақстан

Андатпа: утопия және антиутопия – адамзат қоғамының идеалды немесе керісінше, кемшіліктерге толы моделін сипаттайтын маңызды әдеби және философиялық ұғымдар. Утопия – әділетті, теңдікке негізделген, мінсіз қоғам туралы қиял, ал антиутопия – керісінше, тоталитарлық билік пен әлеуметтік әділетсіздікке толы әлемді бейнелейді. Бұл екі концепция адамның болашаққа деген көзқарасын қалыптастырып, әлеуметтік мәселелерді талқылауға ықпал етеді. Антиутопияда оқырманның алдында бұйрыққа бағынудан, қоғамның тек әлеуметтік қана емес, жеке тұлғалық деңгейде де таңған авторитарлық идеалдарын орындаудан шаршаған бунтарь кейіпкер көрініс табады.

Аннотация. Утопия и антиутопия – это важные литературные и философские понятия, описывающие идеальную или, наоборот, полную недостатков модель человеческого общества. Утопия – это мечта о справедливом, равноправном и совершенном обществе, тогда как антиутопия, напротив, изображает мир, наполненный тоталитарной властью и социальной несправедливостью. Эти две концепции формируют взгляд человека на будущее и способствуют обсуждению социальных проблем. В антиутопии перед читателем предстает герой-бунтарь, уставший подчиняться приказам и следовать авторитарным идеалам, навязанным обществом не только на социальном, но и на личностном уровне.

Abstract. Utopia and dystopia are important literary and philosophical concepts that describe an ideal or, on the contrary, a flawed model of human society. Utopia is a vision of a just, equal, and perfect society, whereas dystopia, on the other hand, portrays a world filled with totalitarian rule and social injustice. These two concepts shape humanity's perspective on the future and encourage discussions on social issues. In a dystopia, the reader encounters a rebellious protagonist who is tired of obeying orders and conforming to authoritarian ideals imposed by society, not only on a social level but also on a personal one.

Кейіпкер арқылы автор адамның табиғи және психологиялық компоненттерін басып-жаншудың жол беруге болмайтынын көрсетеді. Алайда, шын мәнінде, мұндай әрекеттердің нәтижесіз болатыны анық, өйткені адам тіршілік иесі ретінде қалыпты қызмет ете алмайды. Антиутопияда «жеке тұлға – қоғам» қақтығысы көбінесе адамның сезім еркіндігіне қатысты өрбиді. Демек, қақтығыс негізінен психологиялық салада орын алады, ал адам ақыл-ойына (рациосына) мұнда дерлік орын берілмейді [1; 56]. Мұны авторлық қателік деп тануға бола ма? Бұл сұраққа «иә» деп жауап бере алмаймыз, өйткені антиутопия авторларын адамның психикадан ғана емес, санадан да тұратынын көркем бейнелеу шеңберінен шығарып тастағаны үшін сынға алуға болады. Дегенмен, ХХ ғасырдың бірінші жартысында толыққанды қалыптасқан антиутопия жанры уақыт талаптарына сәйкес дамыды, сондықтан сол кезең авторлары адамның биологиялық табиғатын басып-жаншуға болмайтынына ерекше назар аударды.

Бұл жерде маңызды тағы бір жайт – қажеттіліктер иерархиясында биологиялық қажеттіліктердің алғашқы орында тұратыны. Егер бастапқы қажеттіліктер жүзеге аспаса, кейінгі (психологиялық және рухани) қажеттіліктер де қанағаттандырылмайды. Бірақ авторлар бұл мәселені ақылмен шешудің маңыздылығын толық ашып көрсетпеді. Демек олар психика мен идеологиядан белгілі бір деңгейде абстракцияланып, жағдайды рационалды түрде қарастыру қажеттігін ескермеді.

Кейіпкер психологиялық жолмен, яғни бүлік арқылы әрекет етеді – және жеңіліс табады. Осылайша, мәселені дұрыс шеше алатын, яғни шындықтан қашпайтын және оған көз жұма қарамайтын оңтайлы ақылға қонымды кейіпкер жоқ. Кейіпкер бостандықтың «танылған қажеттілік» екенін түсінбейді. Алайда, бұл антиутопияны көркемдік «реализм» жүйесінен алшақ немесе онымен еш байланысы жоқ деп санауға себеп емес. Өйткені, «адам арқылы жеткізілген кез келген факт – бұл көзқарас» [1; 108].

Өнер тұрғысынан бірдеңені баяндау әрдайым жеке тұлға тұжырымдамасын қалыптастырып, оны бағалауды білдіреді. Бұл негізсіз болса, көркем шығармашылық пен өзіндік көркемдік ойды білдіру мүмкін емес. Реализмді реалистік бейнелеумен шатастыруға болмайды. Біріншісі – шығармашылық әдіс немесе көркемдік жүйе болса, екіншісі әртүрлі шығармашылық әдістерге тән болуы мүмкін. Белгілі бір объектіні, құбылысты немесе жағдайды реалистік бейнелеу классицизмде, романтизмде және басқа да бағыттарда кездеседі. Реалистік сипат көркемдік типизацияның құралы ретінде қолданылады және автордың кейіпкер тұжырымдамасын ұсынуындағы қажетті негіз ретінде қызмет етеді.

Антиутопия – қоғамның болашақтағы мүмкін болатын теріс бейнесін сипаттайтын әдеби жанр. Бұл жанр утопияға қарама-қарсы болып, көбіне әлеуметтік, саяси және философиялық мәселелерді көтереді.

Антиутопияның әдебиеттанудағы рөлі:

1. Сын және ескерту

Антиутопиялық шығармалар қоғамдағы әлеуетті қауіптерді көрсету арқылы оқырманға ой салады. Олар тоталитаризм, бақылау, адам құқықтарының шектелуі сияқты мәселелерді сынайды. Джордж Оруэллдің “1984”, Олдос Хакслидің “Жаңа тамаша әлем” шығармалары осыған мысал бола алады.

2. Қоғамдық құндылықтарды зерттеу

Антиутопияда жазушылар адамгершілік, бостандық, әділеттілік сияқты ұғымдардың маңыздылығын көрсетеді. Бұл жанр арқылы авторлар “егер белгілі бір құндылықтар жойылса, қоғам қандай болады?” деген сұраққа жауап іздейді.

3. Философиялық және моральдық дилеммалар

Антиутопия адамдарды өздерінің жеке тандауы мен жүйенің қысымының арасындағы күрес туралы ойлануға мәжбүрлейді. Мысалы, Рэй Брэдберидің “451 градус бойынша Фаренгейт” романында кітаптардың жойылуы арқылы білімнің құндылығы көрсетіледі.

4. Ғылыми-фантастикалық және әлеуметтік эксперименттер

Кейбір антиутопиялық шығармалар ғылыми және технологиялық жетістіктердің адамзатқа қалай әсер ететінін талдайды. Мысалы, Замятиннің “Біз” романында адамдардың біртектілігі мен мемлекеттік бақылаудың шегі зерттеледі.

5. Қоғамдық дискуссия мен өзгерістерге түрткі болу

Көптеген антиутопиялық шығармалар қоғамда резонанс тудырып, белгілі бір өзгерістерге ықпал еткен. Мысалы, Оруэллдің шығармалары “Үлкен аға” (Big Brother) ұғымын саяси риторикаға енгізді [2; 54]. Адамзат қоғамының мінсіз құрылымы туралы дәстүрлі сипаттамалар антикалық аңыздардан бастау алады, мысалы, «алтын ғасыр», «жердегі жұмақ» немесе ұлы географиялық ашулар дәуірінде (XV–XVIII ғғ.) теңізшілер тапқан деп айтылатын «бақыт аралдары». Бұған Томмазо Кампанелланың «Город солнца», Фрэнсис Бэконның «Новая Атлантида», Дени Верастың «Истории севарамбов» және сол сияқты көптеген шығармалар жатады. XVII–XIX ғасырларда әлеуметтік әділеттілік идеалдарын жүзеге асыруға арналған түрлі утопиялық жобалар кең таралды. Жаңа заман утопиялық шығармаларының бір түрі – «мәңгілік бейбітшілік» туралы трактаттар болды [1; 56].

Утопиялар әлеуметтік мазмұны мен әдеби формасы жағынан әртүрлі. Олар утопиялық социализм бағыттарын, Платон мен Ксенофонттың құл иеленуші утопияларын, Иоахим Флорскийдің феодалдық-теократиялық утопияларын,

В.Андреаның «Христианополисін», буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық утопияларды қамтиды[2; 110]. Сондай-ақ көптеген технократиялық және анархиялық утопиялар бар. Көптеген утопиялық шығармалар белгілі бір мәселелерді шешуді ұсынған: «мәңгілік бейбітшілік» туралы трактаттар, педагогикалық еңбектер, ғылыми-техникалық мәселелер. Утопия ежелгі және ортағасырлық Қытай, Таяу және Орта Шығыс халықтарының қоғамдық ойында, сондай-ақ XVIII–XIX ғасырлардағы Ресей әдебиетінде М.М.Щербатов «Соғыс пен бейбітшілік туралы пайымдау» В.Ф.Малиновский, декабристер мен революциялық демократтардың шығармалары көрініс тапты.

Ғылымның дамуы барысында утопия өзінің танымдық және болжамдық рөлін біршама жоғалтты. XX ғасырда утопия өзінің жандануын Г.Уэллске қарыздар болды, ол көптеген утопиялық шығармалар жазып қана қоймай, утопияларды құру мен сынға алуды әлеуметтанудың бір міндеті ретінде қарастырды. Сонымен қатар Ж.Сорель утопияны интеллигенцияның рационализацияланған жалған санасы ретінде қарастырып, оны қоғамдық қажеттіліктердің стихиялық көрінісі ретінде сипатталған әлеуметтік мифпен салыстырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында утопия «қайта құру утопиясы» (қоғамды түбегейлі өзгертуге бағытталған) және «қашу утопиясы» (әлеуметтік шындықтан қашу) деп екіге бөлінді. 1970-1990 жылдары «негізделген утопия» термині пайда болды, бұл «қалаған болашақты» жүзеге асыруға арналған әлеуметтік бағдарламаларды сипаттады.

Антиутопия, керісінше, әлеуметтік идеалдардың қол жетпейтіндігін және әділетті қоғам құру әрекеттерінің әлеуметтік шындық пен адамға қарсы зорлық-зомбылыққа айналатынын көрсетеді. Антиутопия жанры тоталитарлық жүйені айыптауға, ғылыми-техникалық революцияның теріс салдарына алаңдаушылықты және адам құқықтарын қорғау қажеттілігін көрсетуге бағытталған. Антиутопия жанрына тән ең танымал шығармалар қатарында Евгений Замятиннің «Мы», Оруэллдің «1984», Брэдберидің «451 градус по Фаренгейту» сынды туындылары бар [3; 104]. Антиутопияның пайда болуын Дж.Свифт, Вольтер, Салтыков-Щедриннің сатиралық дәстүрінен байқауға болады. Сонымен қатар антиутопия әлеуметтік және гуманистік идеалдарды мазақ етіп, қолданыстағы тәртіпті жақтаудың құралына айналды.

Утопия мен антиутопия адамның болашаққа деген үміті мен алаңдаушылығын, әлеуметтік әділеттілікке ұмтылысын және қоғамның дамуындағы кедергілерді зерттеудің маңызды құралдары ретінде ерекше орын алады.

Әдебиет пен философияда утопия және антиутопия ұғымдары адамзат қоғамының мүмкін болашақтарын сипаттауда маңызды орын алады. Бұл екі концепция өмір сүрудің әртүрлі идеалдары мен қиындықтарын бейнелей отырып, адамдардың құндылықтары, мақсаттары мен үміттері туралы терең ойлануға жетелейді. Утопия мен антиутопия бір-біріне қарама-қарсы бағыттағы идеяларды көрсетсе де, екеуі де болашақ қоғамға деген көзқарасымызды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Утопия – бұл мінсіз, кемелденген қоғам туралы қиял. Бұл терминді алғаш рет ағылшын ойшылы Томас Мор 1516 жылы өзінің «Утопия» атты еңбегінде қолданды. Утопияда қоғам мүшелері арасындағы теңдік, әділеттілік және еркіндік орнайды деп сипатталады.

Мәселен, утопиялық идеяларға негізделген қоғамның ерекшеліктері:

Барлық адамдардың қажеттіліктері қанағаттандырылған;

— Әлеуметтік, экономикалық және саяси теңдік;

— Қоғамдық тәртіп пен тұрақтылық.

— Утопия идеясы адамзаттың ең жақсы болашағын армандаудың көрінісі. Дегенмен, утопиялық қоғамдар көбіне идеалдық сипатта ғана қалатыны белгілі, өйткені оларды жүзеге асыру қиын. Утопия — идеалды қоғамды сипаттайтын әдебиет жанры немесе философиялық тұжырымдама. Бұл түсінік мораль, этика, психология және саяси философияға негізделеді, сондай-ақ ақыл мен интеллект қоғамды жақсартуға

көмектеседі деген сенімнен туындайды. Утопиялық әдебиет шығармалары көбінесе мінсіз қоғамды егжей-тегжейлі және практикалық түрде суреттейді, бірақ мұндай қоғамды құрудың мүмкін еместігін көрсететін фаталды кемшілігі болады. Утопиялар демократиялық қозғалыстардың негізгі принциптерін қалыптастыруға, моральдық және заңнамалық нормаларды зерттеуге, сондай-ақ адам қызметінің қоғамға тигізетін ықтимал теріс салдарын болжауға ықпал етті. Социологияда утопиялар сценарийлерді құру әдістерін дамытуға, болжамды оқиғалардың даму ықтималдығы мен қалаулылығын бағалауға үлес қосты. Утопияның ерекшеліктері:

1. Утопия нақты уақыт шеңберінде өмір сүреді, өткен немесе болашақ туралы айта бермейді.
2. Қоғам мүшелері өз әлемдерінің әділеттілігіне және мінсіздігіне сенімді.
3. Жаңашылдық пен жеке ерекшеліктер қолдау табады.
4. Қоғам мүшелері арасында қақтығыстар болмайды.
5. Утопиялық қоғам сыртқы әлеммен байланыс жасамайды және одан келетін қауіп-қатерлерді білмейді.
6. Барлық процестер жоспарлы түрде жүреді, әрбір қадам ойластырылған.
7. Табиғат басты орынға қойылады, қоғам табиғатпен үйлесімді өмір сүруге тырысады [4; 156].

Ал, антиутопия – бұл қоғамның жетілмеген немесе теріс үлгісі. Бұл термин утопияның қарама-қарсы, антоним ретінде пайда болды. Антиутопия адамзат қоғамының кемшіліктерін, биліктің шектен шығуын немесе технологияның адамзатқа теріс әсерін бейнелейді. Жазушылар көбіне антиутопияны қоғамның мүмкін болашақта қандай проблемаларға тап болатынын көрсету үшін қолданады.

Антиутопиялық шығармаларға тән сипаттамалар:

- Жеке бас бостандығының шектелуі;
- Тоталитарлық немесе бақылаушы биліктің үстемдігі;
- Технологияның теріс әсері;
- Адамгершілік құндылықтардың жоғалуы [4; 78].

Мәселен, Джордж Оруэллдің «1984» романы мен Олдос Хакслидің «О дивный новый мир» туындылары антиутопияның көрнекті үлгілері болып табылады. Олдос Хакслидің бұл шығармасы бар әлемді бір тұтас мемлекетке айналдырып, тұтыну культін ұстануы жайлы жазылған. Кейін келе, жазушы дәл осы шығарманы жалғастырып, жаңа әлемнің сыры мен шынын айқындаған «Возвращение в дивный новый мир» туындысын жариялайды. Бұл шығармадан да антиутопиялық белгілерді айқын байқауға болады: нашақорлық, планетаның тарлығы [5; 97].

Тақырыпқа сәйкес, антиутопия мен утопия ұғымдарының негізгі айырмашылықтарын кестеге түсіріп, сипаттадық:

Сипаттама	Утопия	Антиутопия
Мақсаты:	Мінсіз қоғам модельін сипаттау	Қоғамның теріс жақтарын бейнелеу
Белгісі:	Теңдік, әділеттілік, гармония	Тоталитаризм, еркіндікті шектеу
Әсері:	Үміт пен оптимизм туғызады	Ескерту және сын тудырады
Бейнесі:	Идеал қоғам	Қорқынышқа толы қоғам

Утопия мен антиутопияның басты мақсаты – адамзаттың болашағы туралы ойлануға түрткі болу. Утопия адамзатқа шабыт сыйлап, болашаққа деген үмітін нығайтса, антиутопия адамдарды қазіргі проблемаларды шешуге және болашақта қателіктерді болдырмауға ынталандырады. Осы арқылы бұл екі ұғым қоғамның этикалық және әлеуметтік мәселелерін зерттеуде маңызды құрал болып табылады.

Қорытындылай келгенде, утопия мен антиутопияның айырмашылықтары айқын болғанымен, екеуі де қоғамның болашағы туралы ой қозғауға негізделген. Утопия адамзаттың арманы ретінде қарастырылса, антиутопия осы армандардың дұрыс жүзеге

аспауының салдарын көрсетеді. Бұл ұғымдар адамдарды тереңірек ойлануға және қоғамды жақсарту жолдарын іздеуге итермелейді.

Әдебиеттер:

1. Кирхенгейм А. Вечная утопия. СПб., 1902
2. Ширяев А. Философия утопий. – Санкт-Петербург: Академия, 2010
3. Свентховский А. История утопии. М., 1910
4. Бердяев Н. Смысл истории. Берлин, 1923
5. Баталов Э. Социальная утопия и утопическое сознание. М., 1982

РУХАНИЯТ – ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Мұхат Салтанат Жұмабекқызы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің экономика пәнінің оқытушысы, экономика ғылымының магистрі. Қызылорда, Қазақстан

Қазақтың тарихы ұлы тарих, мұқабасы жұқа ғана.

Қ.Мырзалі

Аңдатпа. Баяндамада руханияттың қазақ қоғамына әсері туралы зерттеулер салынған. Адамзат пайда болғаннан бергі тұлғалық даму сатылары үшін қажет құндылықтарды еңбек ету, білім алу, қарым-қатынас жасау арқылы алады. Ол құндылықтар өмір бойы жетіліп, дамып ұлттық сипатта көрініс табуы тиіс. Руханият елдің тек мәдени деңгейіне ғана емес экономикасының тұрақты дамуына ықпал етеді. Сондықтан өркениеті озық елдердің даму стратегияларынан үлгі алып, ерекше идеялармен жұмыс жасаған дұрыс.

Аннотация. В докладе представлены исследования влияния духовности на казахское общество. Ценности, необходимые для стадий личностного развития с момента зарождения человечества, приобретаются через труд, образование, общение. Эти ценности должны совершенствоваться и развиваться на протяжении всей жизни. Духовность способствует устойчивому развитию экономики страны, а не только ее культурному уровню. Поэтому лучше брать пример со стратегий развития стран с развитой цивилизацией и работать над необычными идеями.

Abstract. The report presents research on the impact of spirituality on Kazakh society. The values necessary for the stages of personal development since the emergence of humanity are acquired through labor, education, and communication. These values should be improved and developed throughout life. Spirituality contributes to the sustainable development of a country's economy, not just its cultural level. Therefore, it is better to take inspiration from the development strategies of highly civilized countries and work on innovative ideas.

Адам – қоғамның негізгі құндылығы. Қоғамның дамуы мен оның құрылымы ондағы халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатына, өмір сүру деңгейіне тікелей байланысты. Тарихи кезеңдерде түрлі сын-қатерлерге тап болғанымен, қазақ халқы өзінің тарихи жолынан ауытқымай, өркениеттік үдерістерге сай дамуын жалғастырды. Қазақ ұлтының қалыптасуы мен сақталуы жолында ұлт зиялылары мен қайраткерлері маңызды рөл атқарды. Олар ел болашағы үшін сан түрлі қиындықтарға тап болып, қуғын-сүргінге ұшырады, алайда ұлттық мүддені қорғау жолынан таймады.

Қазақ халқының әлемдік өркениеттен ерте кезеңнен-ақ хабардар болғаны белгілі. Мәселен, «Жануардың үлкені – балық, шөптің үлкені – қамыс» деген халық даналығы қазақтардың табиғат пен қоршаған ортаны терең түсініп, өзге мәдениеттермен байланыста болғанын көрсетеді. Мұнда «балық» ұғымы ірі теңіз жыртқышы – ақулаға, ал «қамыс» сөзі өсімдіктер әлеміндегі бамбук ағашына қатысты айтылған болуы мүмкін. Бұл тұжырым қазақтардың алыс елдермен байланыс орнатқанын және кең ауқымды мәдени-экономикалық қарым-қатынас жүргізгенін айғақтайды.

Қазақ қоғамында руханият ерекше маңызға ие болды. Ұлттың мәдени мұрасын қалыптастыруда Абай дәстүрі, жыраулық поэзия және көшпелі өркениет ерекше орын алды. Рухани құндылықтар қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылды.

Руханият ұғымы адамның ішкі жан дүниесімен, рухани құндылықтарымен және моральдық-этикалық қағидаларымен тығыз байланысты. Ол адамгершілік, сенім, мәдениет, өнер, білім және дәстүр секілді іргелі ұғымдарды қамтиды. Руханият

қоғамның дамуына ықпал ететін және оның құндылықтық негізін айқындайтын басты категориялардың бірі ретінде қарастырылады. Руханият жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның дамуына әсер етеді. Ол адамның ішкі тазалығы мен ізгі ниетін, қайырымдылық пен әділеттілікті насихаттайды. Қоғамда руханияттың жоғары деңгейде болуы адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, үйлесімді өмір сүруге ықпал етеді [1].

Қазақ халқының руханияты ғасырлар бойы ұлттық дәстүрлер, дін, әдебиет, өнер және философиялық көзқарастар арқылы қалыптасып келеді. Руханият – халықтың мәдениеті, әдебиеті, діні, дәстүрі мен құндылықтарының жиынтығы болғандықтан, ол қоғамның барлық саласына ықпал етті. Біріншіден, қазақтың біртұтас мәдениеті мен ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы, нақтырақ айтқанда тіл, діл және дін қазақ халқын біріктіріп, ұлттық тұтастықты нығайтты. Қонақжайлық, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты дәстүрлер әлеуметтік байланыстарды нығайтты.

Екіншіден, қазақтың ауыз әдебиеті (жырлар, эпостар, шешендік сөздер) халықтың тарихи санасын қалыптастырды және салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қоғамдағы тәртіп пен үйлесімділікті сақтауға көмектесті. Сондай-ақ, әлеуметтік өмір мен моральдық құндылықтарға да әсері зор болды.

Қазақ қоғамындағы руханияттың тағы бір көрінісі – білім мен ғылым жетістіктерінен көрініс табады. Орта ғасырларда әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн сияқты ғұламалар ғылым мен философияны дамытып, қазақ руханиятының іргетасын қалады.

XX ғасырда Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов ағартушылық арқылы қоғамды өркениетке жетеледі. Алаш дәуірінде Әлихан, Ахмет, Мағжан, Міржақып бастаған ағартушылардың еңбегі өлшеусіз. Қазақ қоғамына білім жаңалықтарын алып келіп, батыс пен шығыс өркениетін өз болмысымызға сай бейімдеу идеясын қорғаумен болды. Бірі қараңғы қазаққа күн болып жарқырады, бірі ұйқыдан шағып оятатын маса болды, бірі адасқан қазаққа шырақ ұстап, жол көрсетті. Алаш қозғалысы – ұлттық сананың оянуына түрткі болды. Рухани дамыған қоғам білім мен ғылымды бағалайды, ал бұл өз кезегінде технологиялық жаңалықтарға, инновацияға және экономикалық өсімге жол ашады[2].

Ал руханияттың экономикаға қандай әсері бар?

Руханияттың экономикаға әсері – бұл қоғамның рухани құндылықтарының экономикалық дамуымен өлшенеді. Қарапайым тілмен айтқанда адамдардың материалдық құндылықтарды тұтыну мәдениеті. Егер кез келген материалдық құндылықты (табиғат, білім, қаржы, денсаулық) орынды, ұқыпты пайдалана білсеңіз сіздің экономикалық өсімге қосқан үлесіңіз болар еді. Рухани құндылықтары жоғары елдерде адалдық, еңбекқорлық, әділеттілік сияқты қасиеттер басым болады. Бұл бизнес жүргізу мәдениетін жақсартып, жемқорлықтың алдын алуға ықпал етеді. Бұл ретте еңбек мәдениеті мен кәсіпкерлік этикасы қалыптасады.

Қоғамдағы руханияттың экономикадағы көрінісі:

◆ Әлеуметтік тұрақтылық пен сенім (Қоғамда руханият деңгейі жоғары болса, адамдар арасындағы сенім артады. Бұл экономикалық тұрақтылыққа, инвестиция тартуға және ұзақ мерзімді даму стратегияларын жүзеге асыру);

◆ Тұтыну мәдениеті (Рухани бай қоғам материалдық құндылықтарды шектен тыс тұтынудан гөрі, саналы және экологиялық таза өмір салтын ұстануға бейім келеді. Бұл тұрақты даму мен жауапкершілік принциптерін күшейту);

◆ Әлеуметтік жауапкершілік (Руханияты жоғары кәсіпкерлер мен компаниялар өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді, қайырымдылықпен айналысады, қызметкерлеріне әділетті жағдай жасайды, бұл жалпы экономикалық ахуалды жақсарту)[3].

Ал әлем экономикасындағы рухани құндылықтардың рөлі туралы да үлгі болатындай деңгейде. Мысалы: Жапон халқының негізгі рухани құндылықтарының бірі

– "Kaizen" (үздіксіз жетілу) және "Giri" (әлеуметтік жауапкершілік). Бұл қағидалар жапон кәсіпорындарының жоғары сапалы өнім өндіруіне, инновацияға ұмтылуына және адал бизнес жүргізуіне негіз болды. Toyota, Sony, Honda сияқты алпауыт компаниялардың табысы осы құндылықтармен тығыз байланысты. Неміс экономикасының күші – дисциплина, дәлдік және сапаға мән беру. Германияда жұмыс мәдениеті өте жоғары, ал "Made in Germany" белгісі сенімділіктің символына айналған. Бұл рухани құндылықтар елдің экономикалық тұрақтылығы мен өндірістік көшбасшылығын қамтамасыз етті. Америка экономикасының негізгі қозғаушы күші – индивидуализм, еркіндік және жаңашылдық. Кремний алқабы (Silicon Valley) технологиялық төңкеріс жасап, Apple, Google, Tesla сияқты компанияларды өмірге әкелді. Америкалық кәсіпкерлердің басты қағидасы – тәуекелге бел буып, жаңа идеяларды іске асыру. Ислам экономикасы – адалдық және әділдік болса, мұсылман елдерінде исламдық қаржы жүйесі кең таралған. Мысалы, Сауд Арабиясы, Малайзия, БАӘ елдерінде пайызсыз банк жүйесі (ислам банкингі) қолданылады. Бұл жүйе әділеттілікке негізделген, ал табыс пен шығын тәуекелін банктер мен клиенттер бірге бөліседі.

Қорыта келе, әлемдік экономиканың дамуы тек материалдық ресурстарға емес, рухани құндылықтарға да байланысты. Бұл мәселе біздің ел экономикасын көтеру тәжірибесінде де кеңінен насихатталып жүр. Жауапкершілік, әділеттілік, еңбекқорлық, сенім сияқты құндылықтар экономиканы тұрақты етіп, ұзақ мерзімді табысқа жеткізеді. Осылайша, руханият тек мәдени немесе жеке мәселе емес, ол экономиканың тұрақты дамуына, оның әділ және теңгерімді болуына үлкен ықпал етеді.

Рухани жаңғыру бағдарламасы – қазіргі заманда ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, қоғамның дамуын көздейді [4].

Әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары// 2019 ж.
2. Egemen.kz . Ә.Бөкейханов. Қазақ жерінің экономикалық негіздері. //2021 ж.
3. Kaz.zakon.kz. М.Әбенев. Рухани жаңғыру және ұлттық экономика.//2023 ж.
4. О.Сәбден. Болашақ экономикасы және рухани құндылықтар. //2017 ж.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК КАК ОСНОВА НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ

Сария Минбаева

Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан

Мади Елекенов

Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Қазақ тілі ежелгі түркі тілдерінің бірі болып табылады және бай тарихы мен мәдени мұрасы бар. Оның дамуы көптеген тарихи кезеңдерден өтіп, ежелгі замандардан қазіргі уақытқа дейін жеткен. Бүгінгі таңда қазақ тілі Қазақстан өмірінде маңызды рөл атқарады.

Аннотация. Казахский язык, один из древнейших тюркских языков, имеет богатую историю и культурное наследие. Его развитие прошло через многочисленные исторические этапы, начиная с древних времен и до современности. Сегодня казахский язык играет важную роль в жизни Казахстана.

Abstract. Kazakh language is one of the ancient Turkic languages, possessing a rich history and cultural heritage. Its development has gone through numerous historical stages, from ancient times to the present day. Today, the Kazakh language plays an important role in the life of Kazakhstan.

Казахский язык, один из древнейших тюркских языков, играет ключевую роль в формировании и сохранении национальной идентичности казахского народа. В эпоху глобализации, стремительной урбанизации и технологического прогресса его значение не только не уменьшается, а, напротив, возрастает. Казахский язык – это не просто хранитель богатейшего культурного наследия и истории, но и мощный инструмент укрепления государственного суверенитета и развития национального самосознания. Данная работа посвящена анализу значения и роли казахского языка в современном мире, рассматривая его исторический контекст, государственную языковую политику, систему образования и место в глобальном коммуникативном пространстве.

Казахский язык сформировался в результате длительного исторического процесса, охватывающего различные этапы культурного и политического развития казахского народа. Его корни уходят в древние времена, когда на территории современного Казахстана жили кочевые племена, общавшиеся на тюркских диалектах, восходящих к эпохе Тюркского каганата (VI-VIII века). Он принадлежит к кипчакской подгруппе тюркской языковой семьи и имеет значительное сходство с киргизским, татарским и ногайским языками.

В разные исторические периоды на развитие казахского языка оказывали влияние соседние культуры и цивилизации, включая арабскую, персидскую и русскую. В XIV-XVI веках он окончательно оформился как самостоятельный язык, а в XVIII-XIX веках получил письменную форму на основе арабского алфавита. В советский период казахский язык сначала использовал латиницу, затем кириллицу, что значительно повлияло на его орфографию и лексику.

Сегодня Казахстан активно ведёт политику языковой модернизации, планируя постепенный переход на латинскую графику, что позволит лучше интегрироваться в глобальное информационное пространство и упростить изучение казахского языка для международного сообщества [1].

Казахский язык является не только символом независимости страны, но и важным инструментом для сохранения и передачи культурных традиций, истории и ценностей казахского народа. Он играет ключевую роль в формировании национальной

идентичности и служит средством общения, объединяющим людей разных поколений. Более того, казахский язык способствует укреплению суверенитета, развитию образовательных и научных программ, а также активному участию Казахстана в международном сообществе.

Казахстанская государственная политика направлена на укрепление статуса казахского языка. Согласно закону «О языках» от 11 июля 1997 г. впервые в стране появляется понятие как «двуязычие», так казахский язык является государственным, а русский язык языком общения [2].

Основные инициативы правительства включают: введение казахского языка в систему образования начиная с дошкольного возраста; повышение доли казахоязычного контента в СМИ; развитие цифровых платформ и приложений для изучения языка; упрощение бюрократических процедур на казахском языке.

Образовательные учреждения Казахстана стремятся обеспечить высокий уровень владения казахским языком среди молодого поколения. Введение новых учебных программ и методик способствует более эффективному обучению, а современные технологии, такие как онлайн-курсы и мобильные приложения, помогают сделать процесс изучения более доступным.

Однако одной из актуальных проблем остаётся сохранение интереса к изучению казахского языка в русскоязычных и многонациональных регионах страны. Для решения этой задачи внедряются инновационные педагогические подходы, привлекаются молодёжные инициативы и развивается двуязычная образовательная среда.

Особое значение придаётся сохранению и популяризации казахского языка среди молодого поколения через культурные мероприятия, конкурсы и фестивали, которые помогают раскрыть богатство и красоту казахской речи. Это позволяет не только сохранить традиции и культурное наследие, но и адаптировать язык к современным реалиям, делая его актуальным и востребованным в условиях глобализации.

На фоне глобализации и цифровизации казахский язык приобретает новую роль как инструмент культурной дипломатии и международного сотрудничества. Казахстан активно участвует в международных образовательных и культурных проектах, продвигая свою культуру и язык на мировой арене.

Важным аспектом является сотрудничество с международными организациями и участие в глобальных инициативах, направленных на сохранение и развитие языкового многообразия. Это позволяет не только повышать престиж казахского языка, но и создавать условия для его использования в различных областях науки, техники и культуры.

Введение казахского языка в международные образовательные программы и обменные проекты способствует повышению уровня знаний и понимания казахского языка и культуры за пределами Казахстана. Молодежь, обучающаяся за границей, становится послами своей культуры, способствуя укреплению культурных и деловых связей с другими странами.

Казахский язык становится не только символом национального самосознания, но и важным инструментом для продвижения Казахстана на мировой арене, обеспечивая культурное и научное взаимодействие на международном уровне [3].

С развитием технологий казахский язык всё активнее представлен в интернете. Запуск национальных доменов, появление образовательных платформ, перевод научных и художественных произведений на казахский язык – всё это способствует его популяризации в виртуальном пространстве. Примеры цифровых инициатив:

Онлайн-словари и переводчики, такие как QazaqDict и Sozdik.kz; казахоязычные подкасты, блоги и социальные сети; создание мультимедийного контента (фильмов, сериалов и анимации на казахском языке).

Одним из ярких примеров является QazaqDict, который предоставляет удобный доступ к словарям и переводам на казахском языке. Также платформы, такие как Sozdik.kz, играют важную роль в распространении и популяризации казахского языка.

Казахоязычные подкасты и блоги становятся всё более популярными, предоставляя широкий спектр контента для различных аудиторий. Социальные сети, такие как Facebook и Instagram, служат платформами для распространения информации и обмена мнениями на казахском языке.

Создание мультимедийного контента, такого как фильмы, сериалы и анимация на казахском языке, также играет важную роль в популяризации языка. Эти проекты помогают привлекать внимание молодежи и делать казахский язык более привлекательным и доступным.

В конечном итоге, цифровые технологии открывают новые горизонты для развития казахского языка, способствуя его сохранению и распространению в современном мире.

С увеличением экономического влияния Казахстана на международной арене возрастает интерес к казахскому языку со стороны иностранных инвесторов и партнёров. Государство делает упор на привлечение иностранных студентов и специалистов, мотивируя их изучать язык для успешной адаптации и работы в стране.

Для этого создаются специализированные образовательные программы и курсы казахского языка, ориентированные на иностранцев. Вузами и языковыми центрами организуются интенсивные курсы и практические занятия, которые позволяют быстро освоить базовые навыки общения и понимания казахского языка.

Кроме того, реализуются проекты по культурному обмену и стажировкам, где иностранные студенты и специалисты могут не только изучать язык, но и погружаться в культурную среду Казахстана. Это способствует формированию положительного имиджа страны и укреплению международных связей.

Такие меры помогают сделать казахский язык более востребованным и распространённым среди иностранных граждан, что в свою очередь поддерживает усилия по его сохранению и развитию.

Несмотря на значительные успехи в продвижении казахского языка, перед ним всё ещё стоят определённые вызовы: конкуренция с русским и английским языками; необходимость повышения качества преподавания; развитие терминологии в научных и технических областях.

Однако перспективы развития казахского языка весьма позитивны:

1. Успешный переход на латиницу может облегчить его изучение для международного сообщества и улучшить интеграцию в глобальную информационную среду.

2. Развитие казахской литературы, искусства и медиа способствует укреплению культурной идентичности и популяризации языка среди молодёжи.

3. Государственная поддержка и общественные инициативы помогают внедрять казахский язык в бизнес, науку и культуру.

Казахский язык играет важнейшую роль в сохранении национальной идентичности и культурного наследия Казахстана. Его историческое развитие прошло через множество этапов, каждое из которых оставило свой отпечаток на языке. Современное общество сталкивается с новыми вызовами и возможностями, и казахский язык продолжает адаптироваться к этим изменениям, оставаясь важным инструментом для укрепления суверенитета и культурного самосознания.

Государственная политика, направленная на поддержку и развитие казахского языка, образовательные инициативы, и современные технологии помогают сохранить и популяризировать язык среди молодого поколения. В условиях глобализации и цифровизации казахский язык приобретает новое значение как средство культурной дипломатии и международного сотрудничества.

С ростом экономического влияния Казахстана на международной арене, интерес к казахскому языку со стороны иностранных инвесторов и партнеров также возрастает. Введение языковых образовательных программ для иностранцев способствует укреплению международных связей и повышению значимости казахского языка.

Таким образом, казахский язык не только сохраняет свою культурную и историческую значимость, но и открывает новые горизонты для будущих поколений, играя важную роль в формировании современного общества и его ценностей.

Литературы.

1. Шустов А. Казахстан: плюсы и минусы латинизации. 2006-12-06 / А. Шустов // www.apn.kz/author/sauthor733/htm
2. Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» (от 11 июля 1997 года № 151-1, с изменениями, внесенными Законом РК от 20 декабря 2004 г. № 13-III). // Казахстанская правда. 16 июля 1997 года.
3. Минбаева С.М., Келауов А.М. Государственный язык как средство формирования казахстанского патриотизма / Материалы IX Респ. науч.-техн. конф. Творчество молодых - инновационному развитию Казахстана - Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2009. - С. 151-153.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ- ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Тулегенова Зухра Рустемовна

Ы.Жақаев атындағы №244 орта мектебінің ағылшын тілі пән мұғалімі.
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл зерттеу цифрлық дәуірдегі қазақ руханиятының дамуын қарастырады, Қазақ мәдениеті мен тілінің цифрлық кеңістікте таралуы ұлттық құндылықтарды сақтаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Зерттеу нәтижесінде сапалы контенттің аздығы мен цифрлық сауаттылықтың төмендігі сияқты мәселелер анықталды.

Аннотация. Это исследование рассматривает развитие казахской духовности в цифровую эпоху. Цифровизация культуры и языка открывает новые возможности для сохранения национальных ценностей. В ходе работы выявлены недостаток качественного контента и низкий уровень цифровой грамотности.

Abstract. This research explores the development of Kazakh spirituality in the digital age. The digitalization of culture and language creates new opportunities for preserving national values. The study highlights issues like the lack of quality content and low digital literacy.

Қазіргі заман – ақпараттық технологиялар дәуірі. Қазақ руханияты да бұл өзгерістерден тыс қалмай, жаңа форматта дамуда. Кітаптар, тарихи мұралар, ұлттық өнер мен әдебиет цифрлық кеңістікте кеңінен таралуда. Бұл ұлттық мәдениетті сақтау мен насихаттаудың жаңа мүмкіндіктерін ашты. Бүгінде қазақ әдебиеті мен мәдениеті онлайн платформалар арқылы оқырманға жақындай түсті.

Электронды кітапханалар, аудиокітаптар мен цифрлық мұрағаттар ұлт қазынасын кеңінен таныстыруға жол ашуда. Мұғалім ретінде оқушылардың осы ресурстарға қызығушылық танытып, қазақ әдебиеті мен мәдениетін тереңірек зерттей бастағанын байқаймын. Бұл – жаңа буынның ұлттық рухани мұраны жаңаша қабылдауына үлкен мүмкіндік. Цифрлық медиа мен әлеуметтік желілер қазақ руханиятының дамуына ерекше әсер етуде. YouTube, TikTok, Instagram сияқты платформаларда ұлттық мәдениетке қатысты танымдық контент көбейіп келеді. Жас блогерлер қазақтың тарихын, әдебиетін, өнерін насихаттап, кең аудиторияға жеткізуде. Дегенмен, интернеттегі ақпараттың шынайылығын тексеру маңызды. Сондықтан оқушыларды сыни ойлауға үйретіп, тек сенімді дереккөздерге сүйенуге баулу қажет. Дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі – қазақ руханиятын цифрлық дәуірде сақтаудың басты шарты. Қазақтың жыр-дастандары аудиоформатта жаңғырып, анимациялық фильмдер арқылы қайта өмірге келуде. Бұл жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырады.

Қоғамдық гуманитарлық ғылымдардың цифрлануы.

Цифрлық технологиялардың дамуы қоғамдық гуманитарлық ғылымдарға да елеулі өзгерістер әкелді. Тарих, филология, философия, әлеуметтану және психология салалары жаңа технологиялардың көмегімен зерттеліп, ақпарат жинау мен талдаудың жаңа деңгейіне көтерілді. Бұл ғылымдардың цифрлануы деректерді сақтау, зерттеу әдістерін жетілдіру және білім беруде заманауи тәсілдерді қолдануға мүмкіндік беруде. Тарих ғылымында электрондық мұрағаттар мен цифрлық деректер базаларының пайда болуы зерттеушілерге бұрын қолжетімсіз болған құжаттарды зерттеуге жол ашты. Мысалы, қолжазбалар, архив материалдары мен тарихи карталар арнайы онлайн платформаларға жүктеліп, зерттеушілердің еркін қолданысына берілуде. Филология

мен философия саласында да цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады. Ғылыми мәтіндерді автоматты түрде өңдеу, деректерді сандық форматта сақтау және үлкен көлемдегі ақпаратты талдау жасанды интеллект көмегімен жүзеге асуда. Әлеуметтану мен психология салаларында да цифрлық құралдар кеңінен қолданылуда. Онлайн сауалнамалар, үлкен деректерді (Big Data) талдау және жасанды интеллект арқылы статистикалық зерттеулер жүргізу бұл салалардың даму қарқынын арттырды. Бұрын ұзақ уақыт алатын зерттеулер қазір жылдам әрі дәл жүргізіледі. Білім беру жүйесінде цифрлық платформалардың пайда болуы гуманитарлық ғылымдардың оқытылу әдістеріне де айтарлықтай әсер етті. Онлайн курстар, виртуалды кітапханалар, интерактивті оқулықтар мен деректер базалары студенттерге білімді кез келген жерде, кез келген уақытта алуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе қашықтан оқыту жүйесінде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, жасанды интеллект негізінде құрылған білім беру платформалары студенттердің деңгейіне бейімделіп, жеке оқыту бағдарламаларын ұсынуға қабілетті.

Цифрлық технологиялар және қазақ тілінің дамуы.

Қазіргі цифрлық дәуір қазақ тілінің дамуына тың мүмкіндіктер ашуда. Интернет кеңістігінде қазақ тіліндегі контенттің көбеюі, білім беру платформаларының дамуы және жасанды интеллекттің тілді қолдау бағытында жетілдірілуі – қазақ тілінің болашағына оң әсер ететін маңызды үрдістердің бірі. Бүгінде қазақ тіліндегі онлайн контент айтарлықтай артып келеді. Вики-жобалар, электронды кітаптар, подкасттар мен аудиоконтент қазақтілді аудиторияның ақпаратқа қолжетімділігін кеңейтуде. Wikipedia, Open Library сияқты жобаларда қазақ тіліндегі мақалалар саны өсіп, ұлттық мәдениет пен білімге қатысты материалдар қолжетімді бола бастады. Сонымен қатар, YouTube, TikTok, Instagram сияқты платформаларда қазақ тілінде танымдық, ғылыми және ойын-сауық мазмұндағы видеолар көбейіп келеді. Цифрлық платформалар қазақ тілін үйренуге де жаңа мүмкіндіктер беруде. Duolingo, QazTalk, BalaTech сияқты қосымшалар арқылы кез келген адам қазақ тілін меңгеріп, сөйлеу дағдыларын дамыта алады. Бұл тек шетелдіктер үшін емес, қазақ тілін еркін меңгергісі келетін азаматтар үшін де таптырмас мүмкіндік. Сондай-ақ, онлайн курстар мен интерактивті оқулықтар тілді үйрену процесін жеңілдетіп, оны қызықты әрі қолжетімді етеді. Қазақ тіліндегі жасанды интеллект және автоматтандырылған аударма жүйелері де дамып келеді. Google Translate пен Яндекс Аудармашының қазақша нұсқасы жетілдіріліп, мәтіндерді дәл аудару мүмкіндігі артуда. Сондай-ақ, қазақ тіліне бағытталған нейрондық желілер, дауысты тану және дыбысты мәтінге айналдыру технологиялары жасалып жатыр. Бұл технологиялар мемлекеттік органдарда, білім беру саласында және БАҚ-та кеңінен қолданылуда.

Қазақ руханияты мен гуманитарлық ғылымдарды цифрландырудағы проблемалар.

Цифрлық дәуір қазақ руханияты мен гуманитарлық ғылымдарға жаңа мүмкіндіктер әкелгенімен, бұл салаларда бірқатар маңызды мәселелер де бар. Қазақ тіліндегі сапалы контенттің аздығы, ұлттық мәдени мұраның ғаламторда жеткіліксіз таралуы және цифрлық сауаттылықтың төмендігі – осы бағыттағы негізгі кедергілердің бірі. Қазақша сапалы контенттің жеткіліксіздігі – ең өзекті мәселелердің бірі. Интернетте қазақ тілінде білім беру материалдары, ғылыми мақалалар, цифрлық кітаптар аз, ал бар контенттің сапасы әрдайым жоғары деңгейде бола бермейді. Бұл қазақтілді қолданушылардың өз ана тілінде ақпарат алу мүмкіндігін шектейді және оқушылар мен студенттердің сапалы білім алуына кедергі келтіреді. Ұлттық мәдени мұраны ғаламторда кеңінен таратуда да қиындықтар бар. Қазақ әдебиетінің классикалық шығармалары, тарихи деректер мен мәдени жәдігерлердің цифрлық форматта жетіспеуі – үлкен мәселе. Мысалы, шетелдік платформаларда қазақ әдебиеті туралы ақпарат аз, ал аударылған еңбектер саны да шектеулі. Сонымен қатар, авторлық құқық мәселесі де мәдени мұраны еркін таратуға кедергі келтіруде. Цифрлық

сауаттылықтың төмендігі де қазақ руханияты мен гуманитарлық ғылымдардың цифрлық кеңістікте дамуына кедергі жасайды. Көптеген мұғалімдер, зерттеушілер және оқырмандар жаңа технологияларды толық меңгермегендіктен, цифрлық құралдарды қолдану мүмкіндігі шектеулі болып отыр. Бұл мәселені шешу үшін арнайы курстар ұйымдастыру, мұғалімдер мен зерттеушілерге арналған оқыту бағдарламаларын әзірлеу қажет.

Цифрлық дәуір және қазақ руханияты: зерттеу жұмысы.

Қазіргі заман – ақпараттық технологиялар дәуірі. Қазақ руханияты да бұл өзгерістерден тыс қалмай, жаңа форматта дамып келеді. Кітаптар, тарихи мұралар, ұлттық өнер мен әдебиет цифрлық кеңістікте кеңінен таралуда. Бұл ұлттық мәдениетті сақтау мен насихаттаудың жаңа мүмкіндіктерін ашты. Осы тақырып аясында мен 7-сынып оқушыларымен зерттеу жұмысын жүргіздім. Біздің мақсатымыз – қазақ руханиятының цифрлық дәуірде қалай дамып жатқанын зерттеу және осы процестің артықшылықтары мен мәселелерін анықтау болды.

Зерттеу жұмысын үш кезеңде жүргіздік. *Бірінші кезеңде* оқушыларға цифрлық технологиялар мен қазақ руханиятының байланысы туралы бастапқы ақпарат берілді. Олар цифрлық кітапханалар, онлайн платформалар, аудиокітаптар және әлеуметтік желілердегі қазақ мәдениетіне қатысты контент туралы мәлімет алды.

Екінші кезеңде оқушылар тәжірибелік жұмыс жасады. Біз топтарға бөлініп, қазақ тіліндегі цифрлық ресурстарды зерттедік. Бір топ электронды кітапханаларды (Қазақстан Ұлттық электронды кітапханасы, Kitap.kz) қарастырса, екінші топ YouTube, TikTok, Instagram желілеріндегі қазақша контентті саралады. Үшінші топ қазақ тілін үйренуге арналған цифрлық құралдарды (QazTalk, BalaTech, Google Translate) талдады.

Үшінші кезеңде зерттеу қорытындылары жасалды. Оқушылар қазақша онлайн контенттің көбейіп келе жатқанын, бірақ оның сапасы мен қолжетімділігі бойынша әлі де мәселелер бар екенін анықтады. Олар ұлттық мұралар мен әдеби шығармалардың цифрлық кеңістікте таралуын оң бағалады, алайда қазақ тіліндегі ғылыми контенттің аздығын байқады.

Зерттеу нәтижесінде қазақ руханиятының цифрлық кеңістікте қарқынды дамып келе жатқанын анықтадық. Электронды кітапханалар, аудиокітаптар, блогтар және бейнематериалдар қазақ мәдениеті мен әдебиетінің жаңа форматта таралуына мүмкіндік беруде. Алайда, қазақ тіліндегі сапалы контенттің жеткіліксіздігі байқалды, әсіресе ғылыми-зерттеу материалдары мен тарихи деректер аз қолжетімді. Сонымен қатар, жасанды интеллект пен аударма жүйелерінің қазақ тіліне толықтай икемделмегені анықталды. Әлеуметтік желілер қазақ мәдениетін насихаттауда маңызды рөл атқарғанымен, ұлттық мазмұндағы контенттің саны әлі де шектеулі. Жалпы, цифрлық технологиялар қазақ руханиятының дамуына жаңа мүмкіндіктер ашуда, бірақ бұл бағытта қазақша материалдардың сапасын арттыру, жасанды интеллектті жетілдіру және оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту қажет.

Қорытынды

Қазақ руханияты мен гуманитарлық ғылымдардың цифрлануы – заман талабы. Цифрлық технологиялар қазақ мәдениеті мен тілінің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашып, білім мен ақпаратқа қолжетімділікті арттырып отыр. Электронды кітапханалар, аудиокітаптар, цифрлық мұрағаттар мен онлайн оқыту платформалары ұлттық мәдени мұраны сақтап, оны кеңінен насихаттауға жол ашты. Зерттеу барысында оқушылар қазақ руханиятының цифрлық дәуірде қалай дамып жатқанын зерттеп, бұл процестің артықшылықтары мен мәселелерін анықтады. Нәтижесінде, қазақша сапалы контенттің әлі де жеткіліксіз екенін, ұлттық мәдени мұраны кеңінен тарату қажеттігін және цифрлық сауаттылықты арттырудың маңыздылығын байқадық. Осылайша, қазақ руханиятын цифрлық дәуірде дамыту үшін сапалы контент жасауды қолдау, жаңа технологияларды игеруге бағытталған оқыту бағдарламаларын жетілдіру және цифрлық платформалардағы қазақ тіліндегі ресурстарды көбейту қажет. Тек осы

жағдайда ғана ұлттық мәдениетіміз бен тілімізді заманауи технологиялармен үйлестіріп, болашақ ұрпаққа лайықты деңгейде жеткізе аламыз.

Әдебиеттер:

1. «Цифрлық даму дәуіріндегі ғылыми зерттеулер және білім беру саясаты» халықаралық дөңгелек үстелі.

2. «Цифрлық дәуір педагогикасы: ХХІ ғасырдағы білім беру». https://openu.kz/storage/lessons/376/cifrlly-dur-pedagogikasy-hh-asyrday-blm-beru_15_lecture.pdf?utm_source=chatgpt.com

3. «Цифрлық революция дәуіріндегі философия» мақаласы. https://aqmeshit-zhastary.kz/bilim/strong-ghylym-men-aelewmettik-progresti-ilgeriletw-bolashaq-ghzi-bastamalary-strong-76769/?utm_source=chatgpt.com

4. «Ғылым мен әлеуметтік прогресті ілгерілету: «Болашақ» ҒЗИ бастамалары» мақаласы. https://aqmeshit-zhastary.kz/bilim/strong-ghylym-men-aelewmettik-progresti-ilgeriletw-bolashaq-ghzi-bastamalary-strong-76769/?utm_source=chatgpt.com

5. «Цифрлық тарихты қарастырудағы заманауи трендтер» ғылыми зерттеуі. https://repo.kspi.kz/bitstream/handle/123456789/4341/19-02-2021-Altynsarinskie-chteniya-II%20kniga_36-40.pdf?sequence=1&utm_source=chatgpt.com

6. «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» жұмыс тобының материалдары.

7. «Цифрлық даму дәуіріндегі ғылыми зерттеулер және білім беру саясаты» халықаралық дөңгелек үстелі.

8. «Цифрлық дәуір педагогикасы: ХХІ ғасырдағы білім беру».

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ - РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АСПЕКТІСІ

Ибрагимова Сания Ермаганбетқызы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, Педагогика және психология ғылымдарының магистрі, ағылшын тілі пәні оқытушысы, педагог-зерттеуші. Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл баяндамада қазақ халқының сөйлеу мәдениеті, оның ерекшеліктері, тарихи контексті және қазіргі қоғамдағы рөлі қарастырылады. Сөйлеу мәдениеті – ұлттық тіл мен дәстүрлердің маңызды бөлігі, ол халықтың рухани құндылықтарын, мәдениетін және тарихын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Қазақтың шешендік өнері, сөздің құдіреті мен мәнерлілігі, білім беру мекемелеріндегі сөз мәдениетінің деңгейі туралы талқыланады. Баяндамада шешендік өнердің түрлері, оның ішінде академиялық, соттық және әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің ерекшеліктері атап көрсетіледі.

Аннотация. В докладе рассматривается речевая культура казахского народа, ее особенности, исторический контекст и роль в современном обществе. Культура речи является важной частью национального языка и традиций, которая сохраняет и передает из поколения в поколение духовные ценности, культуру и историю народа. Будут обсуждаться казахское ораторское искусство, сила и выразительность речи, уровень речевой культуры в учебных заведениях. В докладе рассматриваются типы ораторского искусства, включая особенности академического, судебного и социально-бытового ораторского искусства.

Abstract. This report discusses the speech culture of the Kazakh people, its features, historical context, and role in modern society. Speech culture is an essential part of national language and traditions, preserving and passing on the spiritual values, culture, and history of the people. The report highlights the uniqueness of Kazakh oratory, the power and expressiveness of speech, and the level of speech culture in educational institutions. It also details the different types of oratory, including academic, judicial, and social-domestic oratory.

Сөйлеу мәдениеті – адамзаттың әлеуметтік өмірінің маңызды аспектісі. Ол тіл арқылы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Қазақ халқының сөйлеу мәдениеті – оның рухани құндылықтарының бірегей бөлігі. Тіл мәдениеті, сөз мәдениеті, шешендік өнер – бәрі де қазақ халқының мәдениетінің ажырамас элементтері. Тіл арқылы адамдардың өзара қарым-қатынас жасау процесін сөйлеу деп атаймыз «Сөйлеу» мен «тіл» ұғымдары бірдей ұғымдар емес. Сөйлеу дегеніміз – адамдардың тіл арқылы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау әрекеті. Бұл қарым-қатынасты әр адам өзінше, бірақ та сол ұлттың қолданып жүрген тіл құралдары арқылы іске асырады. Ал тіл болса осы құралдардың (дыбыс, сөз, сөйлем, осылардың арасындағы байланысы) жүйесі, яғни дыбыс қоры және сөздік қоры сондай-ақ грамматикалық формалар болып табылады. Тіл қоғамдық өндірістің дамуы барысында, адамдардың өзара сөйлесу процесінде пайда болады, сөйтіп адам дайын тілді игереді. [1,416]

«Тіл мәдениеті» негізінен «сөз мәдениеті», сөзді орынды қолдану деген ұғымды білдіреді. Өйткені тіл мәдениетінің негізгі объектісі – сөз. Сөзсіз пікір алысу мүмкін емес. Сөз күші мен құдіреті жөнінде айтылған афоризмдер (қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой) мен нақыл сөздер өте көп: Сөз - өмірдің ұлы қаруы (В.Г. Короленко); Сөз – ойдың көрінісі: ой бұлдыр болса, сөз де бұлдыр. (В.Г. Белинский);

Сөз өнері - өнер атаулының ең қиыны және күрделісі (Оноре де Бальзак); Сөз өнерінің сұлулығынан халықтың жан сұлулығы көрінеді.

Әрбір ұлт, ұлыс өз тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін қалай құрметтесе, өзінің ана тіліне де солай қарауы керек. М. Әуезовтің “кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды” деген пікірінің маңызы өте зор. Олай дейтініміз өткенімізге, тарихқа үңілсек, қаһарлы хандар да, айбынды батырлардың өзі де аузынан от шашқан орақ тілді шешендердің уәжді сөзіне тоқтап отырған. Адамдарды ажалдан, өлімнен, ауыл мен ауылды жауласудан құтқарған, татуластырған сөздің құдіреті, қасиеті екені бәрімізге мәлім. Осыдан дуалы, киелі сөздің қасиеті мен құдіреті бүгінгі күнге дейін өз күшін жойған жоқ және жоймайды да деп ашық та айқын айта аламыз.

Тіл және сөйлеу. Тіл – бұл адамдардың қоғамдасуы мен қарым-қатынасын жүзеге асыратын құрал. Ал сөйлеу – тіл арқылы пікір алысу процесі. Қазақ халқының сөйлеу мәдениеті – оның тарихы мен дәстүрлерін, рухани байлығын сақтауға, дамытуға мүмкіндік береді. Жалпы сөзді яғни, дауысты тәрбиелеу мәдениеті Италиядан басталады делінген, сол себепті те болар, ең даусы әдемі, құлаққа жағымды халық итальяндықтар болып саналады. Керемет дауысты атақты әншілер де сол Италиядан шыққан. Мүмкін бұның бәрі олардың табиғат ерекшеліктеріне де байланысты шығар, дегенмен адамның бойындағы талант табиғатынан да болады.[3,516]

Сөз мәдениеті. Сөз мәдениеті – сөздің мағынасын, оның дұрыс қолданылуын, мәнерлілігін қамтиды. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен шешендік өнері сөздің құдіретін, оның әсерлілігін танытады. М.Әуезовтің «Ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, мәдениетті адам деп санауға болмайды» деген пікірі сөз мәдениетін бағалаудың маңыздылығын көрсетеді.

Шешендік өнер. Қазақ халқының сөйлеу ерекшелігі жайлы атар болсақ, шешендік өнерді ерекшелеп айтуға болады. Шешен сөзі қазақ тілінде ертеден қолданылып келеді. Бұл сөздің мағынасы кез-келген жерде түрлі ситуацияларда даналықпен шешендікпен түйінді мәселелерді шешіп сөйлейтін данышпан, дана деген ұғымдармен ұқсас, шешен сөзі қазақ тілінде сөзшең, айтқыш, тапқыр, суырып салма, ділмар, қызыл тілге жүйрік деген сөздермен қатар қолданыла береді. Тарихтардан ұлы шешендердің көп оқыған, аса білімдар, әдебиет, тарих, өнер, әр түрлі ғылым мен техника салаларын жетік білетін адам болуы керек.

Қазақтың шешендік өнері – ұлттық ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде қазақ фольклорының өзіндік бітім-болмысын айқындайтын, халық дүниетанымын көрсететін ерекше жанр. Ал әлеуметтік феномен тұрғысынан алғанда, шешендік дәстүр – белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалайда бір адами қағидаға байланысты туып, қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырып салмалықпен, көркем тілмен айтылатын үлгілік ойлар, мұраттар, тұжырымдар үрдісі.[2,286]

Шешендік өнерді, академиялық, соттық, әлеуметтік-тұрмыстық, рухани (мешіттік) сипаттағы шешендік өнер деп бөліп қараса болады. Қазақ шешендігі – ұлттық ауыз әдебиетінің бір саласы, халықтың дүниетанымын бейнелейтін ерекше жанр.

Шешендік өнердің академиялық, соттық және әлеуметтік-тұрмыстық түрлері бар. Академиялық шешендік ғылыми мазмұнға негізделсе, соттағы шешендік әділдік пен адалдықты көрсетуге бағытталған.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік мерекелер мен салт-дәстүрлердің құрамында көрініс табады. Көпшілік алдында мерейтойларда белгілі бір атаулы күндерге, немесе жеке тұлғаның мүддесін көтеру үшін мерекелік сипат алып, мерекелік сөзге, құттықтау, отырыс сөздерімен түрленеді де ішінара тұрмыстық жағынан жалғасын табады. Мәселен, кісі қайтқанда сөйлеу, естірту, жоқтау, т.б. Шешен сөйлеудің бұл түрінде әдеби тіліміздің барлық тілдік көркемдіктері, бейнелі сөз тіркестері, көркем сөз маржандары толқыған сусындай тасу керек. Өлең-жыр, арнау, толғау, мақал-мәтелдер,

ойын-сауық, той-думандардың әрін ашып қазақтың қарапайым күнделікті тіршілігінде қызыл тілдің ұтымды, әсерлі сөздерді туғызғанын көресіз.

Мәселен XVIII ғасырдағы атақты Үмбетей жырау қазақтың белгілі қолбасшысы, қалмақтарға қарсы ұлт-азаттық соғыстарының басшыларының бірі, Бөгенбай батырдың қазасын Абылай ханға былай деп естірткен екен (үзінді):

Ей, Абылай, Абылай,
Абылай ханым, бұл қалай,
Бұл қалайдан сескеніп,
Сөзімді қойма тыңдамай...
Өзіңнен біраз жасы үлкен,
Жасыңда болған сырласың,
Үлкен де болса сырласың,
Сексеннен аса бергенде,
Қайрылмас қаза келгенде,
Батырың өлді – Бөгенбай!

Қазіргі қоғамдағы сөйлеу мәдениеті. Білім беру мекемелерінде, дәрістер мен семинарларда сөз мәдениетінің маңызы арта түсуде. Бүгінгі таңда сөз сөйлеу мәдениеті – ойдың анықтылығы, дәлдігі, тазалығы, мәнерлілігі мен естуге жағымдылығы арқылы анықталады. Қазақ халқының сөйлеу мәдениеті, оның сөз құдіреті – өткеннің, бүгіннің және болашақтың өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Қорыта келе қазақ халқы кезінде жазу, сызу болмаған өзінде де, сөйлеу мәдениетін көркем сөйлеуді жақсы ұққан. Қандай да бір мәселе болсын көркем сөзбен немесе шешендік сөзбен ойындағы сөзін туралап жеткізіп отырған. Жоғарыда келгендей қайғы мен қуанышты жеткізу үшін мәдениетті әрі ерекше қылып жеткізе білген. Бұл деген қазақ халқы сөйлеудің ерекшелігін және жеткізу мәнерін жақсы білгендігіне дәлел. Қазақ халқының сөйлеу мәдениеті ұлттық құндылықты сақтау мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Сөздің құдіреті мен шешендік өнер қазақ мәдениетінің негізі болып табылады. Сөйлеу мәдениеті жастарға ұлттық құндылықтарды, тарихты және дәстүрлерді насихаттаудың тиімді құралы ретінде қызмет етеді.

Әдебиеттер:

1. Сәуле Ержанова, Сөз мәдениеті және көркем мәтін. Алматы, Каратау КБ, ЖШС, Дәстүр, 2015, 232б.[1,41б]
2. Балтабай Адамбаев, Қазақ шешендері. Алматы, Білім баспасы, 2014, 320б.[2,28б]
3. ӘЛТС (әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі). –Астана, 2008[3,51б]
4. Сейсенова А. Сөйлеу мәдениеті және қарым-қатынас әрекеті// Әділеттің ғылыми еңбектері, №1(9), 2001
5. Нұғыманов И., Қашқынбаева З. Сөйлеу мәдениетінің теориялық негіздері// Қазақстан мектебі, №3, 2000
6. Мақырұлы С. Сөйлеу мәдениеті – үлкен жауапкершілік// Ана тілі, №20, 2003
7. Тамаева Б. Сөйлеу әдебінің қарым-қатынастағы прагматикалық көрсеткіші// Ұлағат, №6, 2010
8. Балақаев М. Қазақ тіліндегі изафеттік құбылыс//Халық мұғалімі, №1-2, 1946

КАЗАХСКАЯ ДУХОВНОСТЬ И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ

Жалимбетова Гульмира Атабековна

Средняя школа № 292 города Аральск Кызылординской области

Андатпа. Бұл баяндамада қазақ руханиятының қалыптасу тарихын, оның қоғамдық-саяси дамуға әсерін және қазіргі заманғы сын-қатерлерін қарастырады. Тарихи шолу ежелгі түркі мәдениетінен бастап, ислам өркениетінің ықпалына, Қазақ хандығы дәуіріне, Алаш қозғалысына және кеңестік кезеңге дейін қамтиды. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ руханияты жаңғыру мен жаңару кезеңіне өтті. Мемлекеттік бағдарламалар ұлттық бірегейлікті сақтауға және дамытуға бағытталған. Бүгінде жаһандану заманында қазақ мәдениетін сақтау мен нығайту өзекті мәселе болып отыр.

Аннотация. В данном докладе рассматривается история формирования казахской духовности, её влияние на общественно-политическое развитие и современные вызовы. Исторический обзор охватывает период от древнетюркской культуры, влияния исламской цивилизации, эпохи Казахского ханства, Алашского движения и советского периода. С обретением независимости казахская духовность пережила этап обновления и возрождения. Государственные программы направлены на сохранение и развитие национальной идентичности. В условиях глобализации актуальной задачей является укрепление казахской культуры и духовных ценностей.

Abstract. This report examines the history of Kazakh spirituality, its impact on socio-political development, and modern challenges. The historical overview covers the period from ancient Turkic culture, the influence of Islamic civilization, the era of the Kazakh Khanate, the Alash movement, and the Soviet period. After gaining independence, Kazakh spirituality entered a phase of renewal and revival. State programs are aimed at preserving and developing national identity. In the era of globalization, the key challenge is to strengthen Kazakh culture and spiritual values.

Казахская духовность представляет собой совокупность национальных ценностей, традиций, культуры и мировоззренческих принципов, которые формировались на протяжении веков. Она неразрывно связана с историей народа и его общественно-политическим развитием.

В разные исторические периоды духовность казахского народа претерпевала значительные изменения. В эпоху тюркских каганатов она основывалась на принципах воинской доблести, справедливости и единства.

С распространением ислама духовные основы казахов обогатились новыми морально-этическими принципами. В период Казахского ханства идеи независимости, единства и справедливости находили отражение в творчестве жырау.

В XX веке казахская духовность столкнулась с новыми вызовами: колонизация, советская идеология и глобализация оказали сильное влияние на национальную идентичность. Сегодня, в эпоху независимости, сохранение и развитие духовности – важная задача государственной политики.

Историческое развитие казахской духовности. Тюркская эпоха: зарождение духовных традиций.

Духовные основы казахского народа формировались еще в древнетюркский период. Одним из важнейших письменных памятников этой эпохи являются Орхоно-Енисейские надписи (VII-VIII вв.), содержащие принципы государственного управления, нравственности и патриотизма.

В надписи Бильге-кагана говорится:

“Если народ разобщен, то его ждет падение. Если народ един, он будет сильным.” Этот принцип лег в основу дальнейшего формирования казахской духовности, основанной на идее единства и справедливости.

Влияние ислама. С VIII века на территорию Казахстана начинает проникать ислам, который оказал огромное влияние на духовные основы народа.

- Кожа Ахмет Яссауи в своем труде “Диуани хикмет” проповедовал идеи нравственности, терпимости и духовного совершенствования.

- Исламская философия способствовала развитию письменности, науки и образования.

Несмотря на влияние ислама, казахи сумели сохранить свои традиционные верования, что привело к формированию уникального синкретического мировоззрения.

Казахское ханство: духовность как основа государства

С образованием Казахского ханства (XV век) национальная духовность приобрела новое значение. В этот период сформировалась система ценностей, основанная на трех ключевых элементах:

1. Единство народа – идея сплоченности казахских родов.
2. Справедливость власти – хан должен был заботиться о народе.
3. Мужество и честь – особая роль батыров и жырау.

Бухар жырау и Асан Кайгы сыграли ключевую роль в формировании моральных принципов того времени.

Влияние духовности на общественно-политические процессы. XIX век: колонизация и просвещение.

В XIX веке, когда Казахстан вошел в состав Российской империи, духовная жизнь народа оказалась под давлением. Однако именно в этот период появился просветительский слой казахского общества.

- Ыбрай Алтынсарин основал первые казахские школы, выступая за сохранение родного языка и культуры.

- Абай Кунанбаев стремился соединить восточную мудрость, исламские принципы и идеи европейского Просвещения. В стихах Абая звучат призывы к образованию и самосовершенствованию:

“Только знания и труд сделают народ сильным.”

Алашское движение и духовное возрождение

В начале XX века казахская интеллигенция выступила за национальное самосознание и независимость.

- Ахмет Байтурсинов реформировал казахский алфавит, способствуя развитию письменности.

- Магжан Жумабаев писал о важности национального духа.

Идеи алашординцев во многом предвосхитили процессы, происходящие сегодня.

Советский период: идеологическое давление.

Советская власть уничтожила большую часть национальной интеллигенции, что негативно сказалось на духовности народа.

Однако несмотря на репрессии, писатели и поэты продолжали сохранять национальные традиции:

- Мухтар Ауэзов в “Пути Абая” отразил борьбу казахской интеллигенции.

- Габит Мусрепов через литературу поднимал вопросы национального самосознания.

Духовность в независимом Казахстане. Государственные программы по сохранению духовности.

С обретением независимости в 1991 году начался процесс возрождения национальной культуры. Были приняты важные программы:

- “Мәдени мұра” (“Культурное наследие”) – направлена на восстановление исторических памятников.
- “Рухани жаңғыру” (“Духовное обновление”) – программа модернизации национального сознания.

Глобализация и вызовы для казахской духовности.

Сегодня перед Казахстаном стоят новые вызовы:

- Усиление влияния западной культуры.
- Снижение интереса молодежи к традиционным ценностям.

Для их преодоления необходимо:

- Развивать казахский язык и культуру.
- Внедрять национальные ценности в систему образования.
- Поддерживать традиционное искусство.

Заключение. Казахская духовность – это неотъемлемая часть национальной идентичности. Она прошла сложный путь от древнетюркской эпохи до современности, претерпевая многочисленные изменения.

Сегодня главная задача – сохранить и развить духовные традиции, адаптировав их к современным реалиям. Это возможно только через укрепление национального самосознания, поддержку родного языка и пропаганду культуры среди молодежи.

Сохранение духовности – залог сильного, независимого Казахстана.

Литературы:

1. Койгельдиев М. Алашское движение. – Алматы, 1995.
2. Ауэзов М. Путь Абая. – Алматы, 1942-1956.
3. Назарбаев Н. Рухани жаңғыру. – 2017.

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ: ӨТКЕННІҢ МҰРАСЫ, БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ

Мамбетбаева Салтанат Идаятовна

№207 «Жанатұрмыс» орта мектебі, Шиелі ауданы, Қызылорда обл., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ руханиятының қалыптасу және даму кезеңдеріне шолу жасалады. Бұл процеске әсер еткен бірнеше факторларға талдау жүргізіледі.

Аннотация. В статье дается обзор этапов становления и развития казахской духовности. Проводится анализ нескольких факторов, повлиявших на этот процесс.

Abstract. The article provides an overview of the stages of formation and development of Kazakh spirituality. The analysis of several factors that influenced this process is carried out.

Қазақ руханияты мен қоғамдық-саяси дамуы тарихтың әр түрлі кезеңдерінде өзгеріп, дамып отырды. Бұл процесс көптеген ішкі және сыртқы факторларға байланысты, бірақ оның негізінде қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, тілі мен діні, сондай-ақ ұлттық идеялар мен құндылықтар жатыр. Осы баяндамада біз қазақ руханиятының даму кезеңдеріне және қоғамның саяси өзгерістеріне қысқаша шолу жасаймыз.

Қазақ руханиятының тарихи дамуы. Қазақ руханияты — халқымыздың мәдениеті мен дүниетанымының негізгі элементі. Оның дамуы тарихтың түрлі кезеңдеріне, саяси жағдайларға байланысты әр түрлі сипатқа ие болды.

• Алғашқы кезең (сақ, үйсін, ғұн кезеңдері) — Қазақ руханиятының алғашқы негіздері осы кезеңде қаланды. Сақтардың, үйсіндердің дүниетанымы мен мифологиясы, халықтың аңыздары мен ертегілері рухани мәдениеттің маңызды бөлігі болды.

• Ислам дәуірі — VIII-X ғасырларда Қазақстан жеріне ислам дінінің келуі қазақ руханиятының дамуына жаңа бағыт берді. Бұл кезеңде мұсылмандық философиясы мен мәдениетінің әсері күшті болды, араб жазуы, әдебиет және ғылым салаларында көптеген ілгерілеулер болды. Қазақ хандығының құрылуымен ислам діні қоғамның рухани өмірінде маңызды орын алды.

• Жаңа заман — XX ғасырдың басында қазақ халқы ұлттық жаңғыруды бастады. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы секілді тұлғалар қазақ руханиятын жаңа деңгейге көтеріп, қазақ халқының тәуелсіздік пен еркіндікке деген ұмтылысын арттырды.

Қазақ қоғамының саяси даму кезеңдері. Қазақ халқының саяси дамуы да әр кезеңде әр түрлі сипатта болды.

• Қазақ хандығының кезеңі — Қазақ хандығының құрылуы және оның саяси ұйымы қазақ қоғамының саяси мәдениетінің алғашқы кезеңдерін белгілейді. Қазақ хандары мен батырлары халықтың саяси құрылымы мен басқару жүйесін қалыптастырды.

• Ресей империясының құрамында — XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінің Ресей империясына қосылуы қазақ қоғамының саяси өміріне терең өзгерістер енгізді. Қазақтың саяси және әлеуметтік құрылымы өзгерді, ал империяның отарлық саясаты қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресін күшейтті.

• Совет кезеңі — 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі тұсында қазақ халқы өз тәуелсіздігінен айырылып, жаңа саяси жүйе қалыптасты. Бұл кезеңде коммунистік идеология мен партиялық басқару жүйесі үстемдік құрды. Алайда бұл кезең қазақ халқы үшін көптеген қиыншылықтар мен сынақтарға толы болды, оның ішінде ашаршылық, репрессиялар және мәдени жоюлар болды.

• Тәуелсіздік кезеңі — 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, қазақ қоғамының саяси дамуы жаңа кезеңге өтті. Тәуелсіздік алудың қуанышы мен болашаққа деген үміт жаңа саяси бағыттардың қалыптасуына, демократиялық процестер мен әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүзеге асуына себеп болды. Сонымен бірге, жаңа ұлттық идеялардың қалыптасуы, тілдің дамуы және ұлттық мәдениетті қайта жаңғырту процесі басталды.

Қазақ руханияты мен саяси дамудың өзара байланысы. Қазақ халқының руханияты мен саяси дамуы бір-бірімен тығыз байланыста болды. Руханият қоғамның саяси өміріне, ал саяси өзгерістер халықтың мәдениеті мен руханиятына әсер етті.

• Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқы өз тарихи тамырларына қайта оралып, ұлттық мәдениетін, тілін, дәстүрін сақтап қалуға және дамытуға ұмтылды. Сонымен қатар, қазақтың рухани құндылықтары қоғамдағы саяси өмірде де маңызды рөл атқара бастады.

• Қазақ руханиятының дамуы ұлттық идеологияның қалыптасуына ықпал етіп, халықтың бірлігі мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етті. Қазақ тілінің, әдебиеті мен мәдениетінің дамуы тәуелсіз Қазақстанның ішкі саяси өмірінде де маңызды өзгерістерге әкелді.

Қазақ халқының руханияты мен саяси дамуы арасындағы байланыс — тарихи процестердің бірегей ерекшелігі болып табылады. Бұл екі сала бір-бірімен тығыз байланысты және әрқашан өзара әсер етті. Қазақ халқының рухани құндылықтары мен саяси құрылымы өзара әсерлесіп, қоғамның даму бағытын айқындап отырды.

Руханият пен саясаттың арақатынасы. Қазақ руханияты — халықтың мәдениеті, діні, тілі, әдебиеті мен өнері — оның саяси өмірімен тікелей байланысты. Рухани дүниетанымның негіздері халықтың саяси көзқарастары мен іс-әрекеттеріне әсер етті. Қазақ халқының тарихи даму барысында руханият қоғамның саяси құрылымына үлкен ықпал етті, ал саяси жағдайлар рухани бағыттарды өзгертуге әсер етті.

Тарихи кезеңдердегі руханият пен саяси дамудың байланысы.

Қазақ хандығы дәуірі: Қазақ хандығының құрылуы мен оның алғашқы кезеңдеріндегі саяси жүйе халықтың рухани мәдениетімен тығыз байланысты болды. Хандар мен батырлар билік жүргізу кезінде халықтың дәстүрлі құндылықтары мен рухани мұрасын ұстанды. Қазақ хандығының ішкі саяси құрылымы, көшпелі өмір салты мен әлеуметтік институттары ұлттық руханияттың қалыптасуына әсер етті. Сонымен қатар, хандықтың сыртқы саясаты мен көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы да қазақ халқының рухани әлемін қалыптастыруға ықпал етті.

Ресей империясының құрамында: XIX ғасырда Ресей империясының құрамына кірген қазақ қоғамы сыртқы қысымдар мен отарлық саясаттың әсеріне ұшырады. Бұл кезеңде қазақ халқының рухани дүниетанымы мен ұлттық сана-сезімі саяси тұрғыда тежелді. Алайда, бұл қиыншылықтар қазақ зиялыларының ұлттық руханиятты сақтап қалу үшін күресін күшейтті. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты тұлғалар қазақ тілін, әдебиетін, мәдениетін дамыту арқылы халықтың саяси және рухани қайта өрлеуіне жол ашты.

Кеңес үкіметі кезеңі: Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қазақ халқының руханиятына ерекше қысым жасалды. Коммунистік партия идеологиясы мен социалистік құрылыс талаптары ұлттық мәдениетті жоюға бағытталды. Бұл кезеңде саяси жүйе халықтың дәстүрлі діни сенімдеріне, тілін сақтауға және мәдениетіне қарсы тұрды. Бірақ, соған қарамастан, қазақ халқы өзінің ұлттық руханиятын сақтап қалу үшін күресіп, әдебиет, өнер, философия және дін саласында түрлі шығармашылық жұмыстарды жүзеге асырды.

Тәуелсіздік кезеңі: 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ халқының руханияты мен саяси дамуы жаңа кезеңге өтті. Тәуелсіздік ұлттық руханияттың қайта жаңғыруына мүмкіндік берді. Қазақ тілінің, әдебиетінің, мәдениетінің дамуының негізі қаланып, бұл ұлттық идеология мен саяси жүйеде үлкен

өзгерістер әкелді. Қазіргі кезеңде қазақ халқының рухани жаңғыруы мен саяси тұрақтылығы өзара байланысты, өйткені елдің саяси өмірі ұлттық мәдениеттің өркендеуіне, рухани құндылықтардың қалыптасуына негіз болып отыр.

Руханият пен саяси дамудың өзара ықпалы. Қазақ руханияты мен саяси дамуының өзара байланысы бірнеше бағытта көрінеді:

Ұлттық сана және тәуелсіздік идеясы: Қазақ халқының рухани мәдениеті ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына ықпал етті. Руханияттың дамуы халықтың тәуелсіздікке деген ұмтылысын арттырды. Әдебиет пен өнерде ұлттық болмыс пен қазақ хандығының тарихи маңызын жаңғырту саяси өзгерістердің негізіне айналды.

Дін мен саясат: Қазақ халқының ислам дініне сенуі оның рухани өмірінде маңызды рөл атқарды. Дін мен саясаттың арасында тығыз байланыс орнады. Кеңес үкіметі кезеңінде дінге қарсы саясат жүргізілсе де, тәуелсіздік алғаннан кейін діннің қоғамдағы рөлі қайта жаңғырды, бұл саяси тұрақтылықты қалыптастыруға ықпал етті.

Тіл мен мәдениет: Тілдің дамуы — қазақ руханиятының маңызды құрамдас бөлігі. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде танылуы мен мәдениеттің қайта өрлеуі саяси процестердің бір бөлігі болып табылады. Ұлттық идеологияның қалыптасуы мен саяси жаңғырудың өзара байланысы осы үрдістер арқылы жүзеге асып отыр.

Қорытынды. Қазақ руханияты мен қоғамдық-саяси дамуы әрқашан бір-бірімен байланысты дамыған және сол арқылы қазақ қоғамының өмірінде маңызды өзгерістер орын алған. Тәуелсіздік кезеңінде қазақ руханияты мен саяси даму жаңа бағыттарға ие болып, қазақ халқының өзін-өзі танып, өз болашағын анықтауына мүмкіндік берді. Осы процестердің нәтижесінде Қазақстан қазіргі заманғы көпұлтты, көпдінді қоғам ретінде қалыптасып келеді.

Әдебиеттер:

1. Ахметов, З. (2006). Қазақтың рухани мәдениеті. Алматы: Қазақ университеті.
2. Байтұрсынұлы, А. (1991). Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы: Қазақстан.
3. Жұмабаев, М. (2000). Шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы.
4. Құдайбердіұлы, Ш. (2001). Өмір жолы. Алматы: Арыс.
5. Мұхамедьяр, А. (2015). Қазақ хандығы: тарихы мен тағдыры. Алматы: Нұр-Медиа.
6. Сұлтанғазина, Ш. (2013). Қазақстанның жаңа саяси тарихы. Астана: Елорда.
7. Тынышпаев, М. (2009). Қазақ тарихы және қазақ халқының саяси дамуы. Алматы: Қазақ университеті.
8. Тұрсынов, Қ. (2018). Қазақ мәдениеті: тарихы мен қазіргі жағдайы. Алматы: Ғылым.
9. Хасенова, Г. (2012). Қазақ тілінің тарихи-әлеуметтік дамуы. Алматы: Қазақ университеті.
10. Шоқан Уәлиханов. (2017). Шығармаларының толық жинағы. Алматы: Ғылым.

КИІЗ ҮЙ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МӘДЕНИЕТТІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

Тулеуова Жанар Ертугановна, Алтаева Фатима Жалаладиновна, Қуаңбаева Марта Мырзабекқызы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада халқымыздың болмысы мен тарихын ұштастырған, көшпелі мәдениет негізінде пайда болған қазақ халқының баспанасы киіз үйдің ғылыми-философиялық мәнін ғалымдар еңбектері негізінде ашылды.

Аннотация. В данной статье раскрывается научно-философское значение традиционного жилища казахского народа — юрты, которое возникло на основе кочевой культуры и связано с бытом и историей народа, с использованием трудов ученых.

Abstract. This article explores the scientific and philosophical significance of the traditional dwelling of the Kazakh people, the yurt, which originated from the nomadic culture and is intertwined with the life and history of the people, based on the works of scholars.

Қазақ халқының дүниетанымы – халқымыздың болмысы мен тарихын ұштастырып, мәдениетімен үйлестіре отырып танып-білу. Қазақ халқының философиялық дүниетанымының дамуы қалай жүзеге асты? Ата-бабамыздан бізге дейін жеткен дүниетанымымызды қалыптастырған төл мәдениетіміз – көшпелілік мәдениеті.

Көшпелі мәдениет – қоршаған ортаны, әлемді танып білуге, табиғатпен тығыз қарым-қатынаста болуға мүмкіндік беретін тарихи құбылыс. Көшпелілік – табиғатқа бейімделу, табиғатпен тілдесу және бауырласа өмір сүру салты. Көшпелі қазақ халқы өмір сүруге керекті қажеттіліктерін табиғаттан алған [1]

«Атамыз-Алаш», керегеміз-ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз» деп, аталы сөз айтып қалдырған ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы киіз үй. Бұл көшпелі мәдениетті қалыптастырған ата-бабамыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған басты материалдық мәдениеттің өзегін құрайтын баспанасы.

Киіз үй – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ-мекені. Солай бола тұрса да, оны қастерлеп ұстап, ғасырдан ғасырға оның мән-маңызын өзгертпей жеткізген біздің қазақ халқы екенін әрдайым мақтанышпен айтамыз.

Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді біздің халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың тұрағы, құтты мекен-жайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланды. Әрине, киіз үйді әркім біледі, бағалайды. Шынында да, арғы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйіміздің атқарған қызметі мен ролі өте зор екеніне көз жеткіземіз. Оған қарап отырсақ, бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс мәдениеті, талғамы еш халықтан кем емес екен. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктілігі, мәдениет пен өнердегі талғамы-жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал XII-XIII ғасырлардағы мемлекеттердің Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Ш.Уәлиханов айтқан[2].

Алып аспанды «көк күмбез» деп атаған халқымыз аспанды шаңыраққа, одан төменгі кеңістікті уыққа, көкжиекті керегеге ұқсатып, киіз үйді әлемнің кіндігі деген. Белгілі зерттеуші Атилла Сансызбайұлы былай деп тұжырымдайды: «Киіз үйдегі

кеңістік – қазақ дүниетанымының тоғысқан жері. Киіз үй – ғаламның моделі. Шаңырақ – күннің символы. Күлдіреуіш – төрт тарап. Уықтар – күннің сәулесі. Ошақ – адамның оты. Төр – ақ пен қараның аражігін ажырататын адамның орны. Сол жақ босаға – әйелдің, оң босаға – еркектің символы». Қазақ халқының «Есігің – есің, босағаң – сесің, табалдырық – тәубең, маңдайша–мәртебең, шаңырақ – пірің, туыс – керегең, төр – дәрежең, ошағың – ырыс, түтінің – тыныс, белдеуің – қорған, түндігің – тегің, туырлық – елің, уығың – ерің, осының бәрін көтерер–қасиетті қара жерің» деген нақыл сөздерінің мәні бар.

Сан ғасырлық тәжірибені бойына жинаған көшпелілердің өмір сүру қажеттілігінен, ой-өрісі мен талғам–тынысы, танымынан туындаған көрініс киіз үйдің бойына шоғырланған. Қазақтың киіз үйінің символикасы киіз үйдің рухани, мәдени және ғылыми-философиялық мәнін аша отырып, ерекше назар аударуды қажет етеді. Көшпелілер мәдениетінің символизмі әлемге деген философиялық көзқарасты білдіріп, өмір сүру нормасы болды. Дүние мен өмір философиясы бөлінбей олар өзара байланысты болды. Бірқатар қазақ ғалымдары Ә.Төлеубаев, Н.Шаханова, М.Қаракұзова, Ж.Хасанов, Б.Ибраев және басқалары қазақтың киіз үйінің дизайнындағы ежелгі ғарыштық жүйенің көрінісі туралы еңбектер жазды[3].

Киіз үйі – ғаламның моделі, бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы киелі орын. Киіз үйдегі кеңістік – қазақ дүниетанымының тоғысқан жері. Ғасырлар бойы адамның өмірі өтетін тұрақты мекен-тұрағы[4].

Көшпенділер киіз үйі – ұзақ мерзімді дамудың, қарабайыр тұрғын үй түрлерінің біртіндеп жетілген түрі. Қазақ киіз үйінің рухани-мәдени және ғылыми-философиялық мәнін ашатын киіз үй рәміздері ерекше назар аударуға лайық. Көшпелі мәдениеттің символизмі әлемге деген философиялық қатынасты білдірді және халықтың өмір сүру нормасы саналды. Қазақ үшін қоршаған әлем мен өмір философиясы бір-бірінен ажырамай, тығыз байланысты болды.

Шаңырақ. Киіз үй шаңырағы қазақ баспанасының ең қасиетті бөліктерінің бірі, ұрпақ жалғасының символы болып табылады. Шаңырақпен көптеген мәдени-тарихи оқиғалар, ұғымдар, рәміздер, қазақтың киелі дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары тығыз байланысты. Шаңырақтың семантикасын, оның шеңбер түріндегі жоспарын зерттей отырып, Р.Р. Фатиков шаңырақтың құрылымын сақ-скифтердің әлем моделі түсінігіне жақын деген қорытындыға келді. Біздің ойымызша, әлем моделін тек жеке шаңырақ ғана емес, жалпы киіз үйдің өзі құрап тұр.

Киіз үйдің кеңістігі төрт бөліктен тұрады: «төр», «есік», «оң жақ», «сол жақ». Осылайша, киіз үйдің жалпы құрылымы шеңберге салынған төртбұрыш (шаршы) тәрізді екендігін байқауға болады, уықтар мен шаңырақ құрған күмбез аспан мен жердің бірігуін бейнелейді.

Шаңырақ «макрокосмос және баспана» жүйесінде киіз үй бөліктерінің ең жоғарғы деңгейі бола отырып, халық түсінігінде аспанмен тікелей байланысты саналды. Бақсылардың өздерінің рухтары-көмекшілерімен кездесу үшін шаңыраққа көтерілуін біз Сібір халықтарында кең тараған бақсының жоғарғы әлемге, яғни аспанға саяхаттауы жайлы түсінігімен байланыстырамыз. Ежелгі түркілердің, кейінірек қазақтардың шамандық ұғымындада шаңырақ пен аспан салыстырмалы, өзара қайталанатын түсініктер. Көк аспан Тәңірі культімен терең мәндік байланысқа ие. М.П. Хомоновтың пікірінше, «Тәңірі» атауының өзі Алтай тілдерінің ортақтығы кезеңінде қалыптасқан және тән (күмбез, арка, бағана) және гэр (киіз үй, үй, баспана) деген екі компоненттен тұрады.

Біздің ойымызша, шаңырақтың ерекше сакрализациясын, оның ежелгі түркілердің тәңірі мен ата-баба культтерімен байланысы арқылы түсіндіруге болады. Халық түсінігінде шаңырақ жоғарғы мен төменгі, сондай-ақ сыртқы және ішкі арасындағы шекара болып есептелді. Шаңырақ арқылы үй ішіндегі адамдар күн, ай және жұлдыз сияқты қасиетті аспан шырақтарымен байланыс орната алды. Шаңырақ

арқылы үйдің ішіне күндізгі жарықтың, күн сәулесінің түсуіне қазақтар ерекше мән берді. Сондықтан болар, тұрмыс құрғаннан кейінгі алғашқы айларда жас келін күн шыға сала тұрып, шаңырақтың түндігін ашуға міндетті болды. Сондай-ақ, қазақ үшін шаңырақ отбасылық игіліктің, береке, бірліктің символы болып табылады.

Қазақта шаңыраққа қарап ант беру рәсімі де бар. Қарттар бата жасаған кезде «шаңырағың шайқалмасын» деуінің өзі шаңырақ бірліктің символы екендігін көрсетеді. Бұл «отбасында береке, бірлік пен бауырластық орнасын» деген мағынаны білдіреді.

Ұлттық санада, қазақ дүниетанымында «шаңырақ» – «үй», «отбасы», «ұрпақ» болып саналса, рухани-философиялық түсінікте ол ошақтың символы, ұрпақтың, дәстүр мен тәрбиенің, рухани жақындықтың жалғасы болып табылады.

Бір әулеттің ұрпақтары туралы ризашылықпен айтқанда, әдетте «әкесінің шаңырағын құлатпай, түтінін түтетіп отыр» деп жатады. Қазақ үшін шаңырақ отбасы ұғымымен тығыз байланысты, сондықтан отбасында үлкен қайғы-қасірет болғанда немесе отбасы ажырасып кеткенде, «шаңырағы шайқалды» деп айтылуының өзінде үлкен мағына жатыр. Қазақ түсінігінде шаңырақ культтік ғұрыптармен тығыз байланысты болды және отбасының, тектің жалғасы ретінде қызмет етті. Сондықтан киіз үйдің шаңырағын ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отыруға тырысты. Ұрпағы жоқ адам қайтыс болса, шаңырағын қабірінде қалдырды және сол тектің, ұрпақтың тоқтауын білдірді.

Осыған орай, отбасын құрып жатқан жастарға айтылатын «шаңырағың биік, босаған берік болсын» – деген тілек амандық пен бақыт идеясын қамтиды. Сондай-ақ, киіз үйдің шаңырағы зұлым күштерден қорғалған қасиетті бөлігі болып саналады. Шаңырақтың пішіні, оның бөліктері, материалы, сапасы – мұның бәрі отбасының игілігін қорғаушы «құт» ұғымымен тікелей байланысты.

Шаңырақ шеңберіндегі бір-біріне тығыз бекітілген үш күлдіреуіш қазақтың үш жүзінің ынтымағын көрсетеді және қазақ киіз үйіне жоғарыдан төмен қарай қарасақ, шаңырақ күнге, ал уықтар күн сәулелеріне ұқсайды. Халық ұғымында шаңырақ баспананың баламасы ретінде де қолданылады. Мәселен, әке-шеше үйін «үлкен шаңырақ», «қара шаңырақ» десе, ертеде әр үйге салынатын салықты «шаңырақ салық» деп атаған.

Босаға және есік. Киіз үйдің киелі бөліктерінің бірі – босаға. Қазақ халқының түсінігінде есіктің босағасы мен табалдырығы қасиетті орын болып, яғни дәл осы жерде молшылық пен амандықтың сақталған жері саналды. Мәселен, босағаны бірінші рет аттағанда жас келін табалдырықта үш рет иіліп, босағаға сәлем салады, босағаға сүйеніп, табалдырықты алдымен оң аяғымен аттап өтуі керек.

Қазақ халқы есіктің босағасына сүйенуге («босағаға сүйенбе»), кіре берісте тұруға («босағада тұрма») тыйым салды; баласы шетіней бергенде келесі туған баланың кіндігін босағада кесетін жағдайлар да кездесті; кейбір өңірлерде қайтыс болған адамды үйден шығарар алдында табалдырық үстінен үш рет көтеріп, түсірді.

Қазақ жерінде болған еуропалық елшілер хан ордасына келген уақытта табалдырықты баспауға тырысты, себебі бұл қара ниеттің белгісі саналды. Ертеде «жаман» хабармен келген хабаршы «қаралы» хабарды оң аяғымен табалдырықты басып, екі қолымен есіктің босағасын керіп тұрып айтқан. Түркі қағанаты заманынан бері белгілі бұл әдет XX ғ. басындағы қазақтарға да жетті.

Бүгінгі күні де халық ішінде осы тиымдар сақталған, «табалдырыққа тұрма, босағаны керме» деген сөздер балаларға айтылып жатады. Халық түсінігінде баспанадан тыс кеңістік апат пен жабайы табиғат әлемін бейнеледі, осыған байланысты қазақта «Есіктен қырық қадам басқан адам мүсәпір» деген сөз осындай ұғымдармен тығыз байланысты.

Ертеде шаңырақ көтергелі отырған жас жұбайлардың отауын қалыңдықтың туыстары дайындады, ал отаудың есігін жігіттің туыстары жасатып әкелді. Бұл туралы белгілі этнограф Н.Ж. Шаханова: «Киіз үй мен есіктің қаңқасын әр түрлі шеберлердің

жасауы, екі бастаудың (ерлер мен әйелдер) киіз үйде бірігуі қалыңдық пен күйеу жігіттің отау құруымен астасып жатыр» – деп саралайды.

Шаңырақ пен есік сыртқы дүниемен арадағы көлденең және тік жатқан өткізгіш шекаралары ретінде санала отырып, киіз үйдің ең осал бөліктері болып есептелді. Сондықтан шаңырақ пен есік түнде міндетті түрде жабылып, оларға апотропиялық (қорғаныс) мәні бар заттарды іліп қойды.

Мәселен, әртүрлі жаманшылықтан сақтайды деп есіктің босағасына қойдың кәрі жілігін (қарыжілік деп те аталады) ілді, киіз үйдегі адамдарға жыланның зияны тимес үшін түнде табалдырыққа сүт («ақ») құйылған ыдыс қойды; әйел толғатып жатқанда зұлым рухтардың жақындауына жол бермеу мақсатында есіктің алдына «ақшағыр атты», ал шаңыраққа – бүркітті ұстады. Кейде киіз үйдің кіреберісіне ондағы отбасының әл-ауқатын қорғаушы-тұмар ретінде найзаны қадап қойды.

Уықтар және кереге. Шаңырақпен тығыз байланысты келесі элемент – киіз үйдің уықтары. Кейбір ғалымдар саны 60-қа дейін жететін уықтардың ұштарына киіз үйдің шаңырағы арқылы күн сәулесінің түсуіне қарап уақытты анықтауға болады деп санайды.

Көшпелі халықтардың басқа да жылжымалы тұрғын үйлерінен киіз үйдің негізгі айырмашылығының бірі – жиналмалы керегесінің болуы.

Ұлы даланың ерекше рухы, салт-санасы мен құндылықтары, қазақтың өмірлік философиясы көшпелі халықтардың баспанасы болған киіз үйден көрінеді. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы киіз үйдің философиялық мәнін ғалымдар еңбектері негізінде тұжырымдауға тырыстық.

Әдебиеттер:

1. Нысанбаев Ә. «Қазақ халқының философиялық мұрасы». VII том. Астана : Аударма, 2007 ж.
2. С.Кенжеахметұлы. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы, кітап, 2007ж.
3. С.Крыкбаева. А Нығметова. Киіз үйдің даму генезисі-көшпенділер өркениеті. XI Beynəlxalq Türk Dünıyası Arařdırmaları Simpoziumu, 11-13 İyun 2024 / Baku.
4. [Электронный ресурс] Камал Әлпейісова, жазушы. Үшкір бұрыштарға ұрынбай өмір сүру философиясы, https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/53446/
5. М.Қ. Егізбаева Қазақ киіз үйінің зерттелу мәселелері және мәдениеттің белгілік жүйесіндегі орны. Том 109 № 2 (2023): Вестник КазНУ. Серия историческая / Раздел 3 Археология и этнология

НЕОТЕНГРИАНСТВО КАК РЕВЕРСИЯ К ДУХОВНЫМ ИСТОКАМ

Галия Кулбашева

Кызылординский университет имени Коркыт Ата.

Кызылорда, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается неотенгрианство как возвращение к корням, но в обновлённой форме, адаптированной к современным условиям. Оно представляет собой новое прочтение тенгрианства, отвечающее на вызовы XXI века.

Ключевые слова: тенгрианство, неотенгрианство, реверсия, возвращение к истокам, Тенгри.

Аңдатпа. Мақалада неотенгриандық тамырға қайта оралу ретінде, бірақ заманауи жағдайларға бейімделген жаңартылған түрде қарастырылады. Ол 21-ғасырдың сын-көтерлеріне жауап беретін тәңіршілдіктің жаңа түсіндірмесін білдіреді.

Кілт сөздер: тенгриандық, неотенгриандық, реверсия, шығу тегіне оралу, Тенгри.

Abstract. The article examines neo-Tengrianism as a return to the roots, but in an updated form adapted to modern conditions. It represents a new reading of Tengrianism that responds to the challenges of the 21st century.

Key words: tengriism, neo-tengriism, reversal, back to the roots, the Tengri.

Неотенгрианство представляют собой современный этап развития духовных практик и мировоззрений, связанных с почитанием Тенгри — бога неба у тюрко-монгольских народов. Современные последователи тенгрианства не просто копируют древние верования, но и переосмысливают их, сочетая с научными, философскими знаниями. Это выражается, например, в синкретизме с шаманизмом и даже философией пантеизма или в интерпретации Тенгри не только как божества, но и как универсального космического закона. Нередко в неотенгрианстве встречается включение современных экологических и гуманистических концепций. Неотенгрианство связано с современным возрождением и переосмыслением тенгрианских верований. Некоторые последователи воспринимают его как религию, другие — как философию или этническую традицию.

Сонымен қатар, қазақ педагогы адамгершілік тәрбиенің маңызды құралы ретінде эстетикалық тәрбиені қарастырды. Ол оқушыда эстетикалық талғам мен көркемдік өзін-өзі көрсету қабілетін дамытуды, өнер мен шығармашылыққа деген

қызығушылықты оятуды маңызды деп санады. Оқушылардың адамгершілік тәрбиесінің әдістері ретінде Жұмабаев үлгі көрсету, сендіру, әңгімелесу әдістерін қолдануды ұсынды, бірақ дене жазаларына қарсы болды.

Жұмабаев педагог мәртебесіне ерекше мән берді. Ол мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды айқындады: кәсіби шеберлік, балаларға деген сүйіспеншілік, тілді жетік меңгеру, жақсы сөйлеу дағдылары және оқушы тұлғасына құрмет.

Жұмабаевтың пікірінше, оқытудың басым әдісі дәстүрлі сабақ емес, оқушылармен еркін әңгімелесу болуы тиіс. Осылайша, балалар оқу, жазу, арифметика, грамматика, тарих, география және табиғаттану негіздерін меңгереді.

Мағжан Жұмабаев педагогиканың ғылыми сипатын анықтады. Ол мұғалімдерді тәжірибе жасауға, осылайша педагогиканың ғылым ретінде дамуына ықпал етуге шақырды. "Педагогика ғылымы философиялық ойлармен емес, бүкілхалықтық табанды тәжірибемен дамиды", – деген ол [4].

Жұмабаевтың педагогикадағы басты ұстанымы – еркіндік, ал жалғыз әдіс – тәжірибе. Ол білім беру мәселелерін шешуде жаңашыл тәсілдер ұсынды.

Жұмабаевтың педагогикалық принциптері:

- саналық және белсенділік принципі;
- білімнің өмірмен байланысы;
- оқытудың қолжетімділігі;
- білімнің беріктігі;
- табиғатқа сәйкестік принципі [5].

Ол оқытуды біржақты процесс емес, көпқырлы үдеріс ретінде қарастырды. Оқушыны өз бетінше ойлауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету маңызды екенін атап өтті [6].

Жұмабаевтың оқыту әдістері:

- көрнекілік (балалардың елестету қабілетін ояту, заттарды терең тануға ынталандыру);
- әңгімелеу (моральдық әсер ету құралы, кейіпкерлерге жанашырлық білдіру);
- эмоциялық ықпал ету әдісі (қызығушылықты ояту, ойлау белсенділігін арттыру);
- қиындық тудыру әдісі (білімді біріктіру арқылы жаңа нәрсені жасау);
- жеке көзқарас (оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру).

Қорытындылай келе, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеялары өз дәуірі үшін озық қана емес, бүгінгі күннің талабына да сай келеді. Бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесінің басты міндеті – білімді, шығармашыл, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Бұл міндеттің шешімі Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастарымен толық үндеседі.

Мағжан Жұмабаев – қазақтың ұлы ақыны ғана емес, сонымен қатар көрнекті ағартушы, педагог, ұлттық білім беру жүйесінің реформаторы. Ол оқыту процесінде эмоциялық әсер ету әдістерін кеңінен пайдаланып, оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын оятып, олардың ойлау қабілетін белсендіруді мақсат етті.

Мағжан Жұмабаев оқыту әдістерін икемді қолдануды талап етті. Оның пікірінше, кез келген әдіс егер оны формалды түрде ғана қабылдап, оның мәнін түсінбей қолданса, тиімділігін жоғалтады. Бұл тұжырым ағылшын педагогы А.Нилдің идеяларымен үндеседі. Нил баланы еркін тәрбиелеуді жақтап, оның табиғи дамуына мүмкіндік беру керек деп санады. Оның негізгі қағидасы – "баланың бақытынан маңызды ештеңе жоқ, ал бақыт жеке бостандықсыз мүмкін емес."

Мағжанның көзқарастары да осы идеялармен үйлеседі. Ол оқытудың мақсаты – баланың ойын дамыту, оны тек ақпаратпен толтыру емес деп білді. Нәтижесінде, мұндай тәсілмен білім алған бала еркін, өзіне сенімді және шығармашылық тұрғыда ойлайтын тұлға болып қалыптасады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік тәрбие маңызды орын алуда. Бұл тұрғыда Жұмабаевтың педагогикалық идеялары ерекше мәнге ие:

- Гуманизация және тұлғалық бағыт – білім тек теория емес, тұлғаның жан-жақты дамуына қызмет етуі тиіс.
- Оқытудың икемділігі – әр балаға жеке тәсіл қолдану.
- Ұлттық құндылықтар мен әлемдік білімнің үйлесімі – оқушыларға өз халқының мәдениетін үйретіп, оларды әлемдік білім кеңістігіне енгізу [7].

Мағжан Жұмабаевтың ағартушылық қызметі қазақ педагогикасының дамуына үлкен үлес қосты. Оның педагогикалық идеялары жаңартылған білім мазмұны аясында өзектілігін жоймай, жаңа заман мұғалімдері үшін үлгі болып табылады.

Мағжан Жұмабаев – әлемдік деңгейдегі педагог, оның прогрессивті педагогикалық көзқарастары оны В.Г. Белинский, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, Дж. Дьюи, А. Нилл сияқты әлемдік педагогтар қатарына қосады. Ол – тек поэзияда ғана емес, білім беру саласында да өшпес із қалдырған қайраткер.

Әдебиеттер:

1. Храпченко Г.М. Қазақстандағы мектеп пен педагогикалық ойдың тарихы /Храпченко Г.М., В.Г. Храпченко. Алматы: Қайнар, 2008 ж.
2. Жұмабаев М. «Педагогика» / М. Жұмабаев. – Алматы, 2007 ж.
3. XVIII ғасырдан XX ғасырдың ортасына дейінгі педагогика тарихы. Оқу құралы /А.И. Пискуновтың редакциясымен. – Мәскеу, 2008 ж.
4. Көшенова Р.Н. М. Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастары. – Алматы, 1995 ж.
5. Измаилов В. Халық педагогикасы; Орта Азия мен Қазақстан халықтарының педагогикалық көзқарастары. – Мәскеу, 1991 ж.
6. Журавлев И. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогика. – Мәскеу, 1990 ж.
7. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақстан педагогикалық ойлар антологиясы. – Алматы, 1995 ж.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ

Жунусов Досан Болатұлы

№290 орта мектеп мұғалімі. Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының ағартушысы, педагог және қоғам қайраткері. Оның педагогикалық идеялары қазіргі білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Ол ана тілінде білім берудің маңыздылығын, кәсіби білімнің қажеттілігін және тәрбиенің оқытумен үйлесуін ерекше атап өтті. Бүгінгі таңда оның идеялары инклюзивті білім беру, құндылықтарға негізделген оқыту, кәсіптік білім беру және цифрлық технологияларды қолдану арқылы жаңаша жүзеге асырылуда.

Аннотация. Ыбырай Алтынсарин – просветитель, педагог и общественный деятель казахского народа. Его педагогические идеи тесно связаны с современной системой образования. Он особо подчеркивал важность обучения на родном языке, необходимость профессионального образования и сочетание воспитания с обучением. В настоящее время его идеи реализуются в новом формате через инклюзивное образование, обучение на основе ценностей, профессиональное образование и использование цифровых технологий.

Abstract. Ybyrai Altynsarin was an educator, teacher, and public figure of the Kazakh people. His pedagogical ideas are closely related to the modern education system. He emphasized the importance of education in the native language, the necessity of vocational training, and the integration of education with moral upbringing. Today, his ideas are being implemented in a modern way through inclusive education, value-based learning, vocational training, and the use of digital technologies.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі оқу үдерісін технологияландыруды, түрлі инновациялық технологияларды енгізуді көздейді. Мұның бәрі уақыт талабына сай және қажетті қадамдар. Алайда олар тарихи тәжірибеге, педагогикада бұрыннан ашылған жаңалықтарға сүйенбей жүзеге асуы мүмкін емес. Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» шығармасындағы «Адамдар қайда?» деген сұраққа Гүлдің «Оларды жел айдап әкетеді, олардың тамыры жоқ...» деп жауап беруі тегін емес. Ұрпақтар сабақтастығынсыз, халық педагогикасының гуманистік идеяларына, халықтың моральдық және рухани дәстүрлеріне, ұлттық педагогика мен психология ерекшеліктеріне сүйенбей, білім беру жүйесін қалыптастыру және дамыту мүмкін емес.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында көрнекті ағартушы, педагог және қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық мұрасын елеусіз қалдыруға болмайды. Ол – қазақ педагогикасындағы алғашқы теориялық негіздерді қалаушы, оның идеялары қазіргі білім беру жүйесіндегі модернизациялық үрдістермен үндеседі. Егер Ыбырай Алтынсарин біздің заманымызда өмір сүрген болса, ол білім беру реформаторларының бірі болар еді деп ойлаймын, себебі Қазақстан Республикасындағы жаңартылған білім беру тұжырымдамасына және ұлы ағартушының еңбектеріне үңілгенде, олардың арасында көптеген ортақ тұстарды және бүгінгі күннің өзекті сұрақтарына жауап табуға болады. Алтынсарин үшін ағартушылық – прогрестің маңызды құрамдас бөлігі, бүкіл ұлттың дамуына қозғаушы күш болды. Ол мектепте алынған білім мен дағдыларды құр теория емес, өмірде қолдануға болатын пайдалы тәжірибе деп қарастырды. Бұл идеялар тек өтпелі кезеңдерде ғана емес, қазіргі өзгерістер мен жаңашылдықтар заманында да өзекті.

Қазіргі білім берудің басты міндеттерінің бірі – ойлауды дамыту және оқушылардың кәсіби бағдарын саналы түрде таңдауына ықпал ету. Егер мектеп түлегі

өз мамандығын саналы түрде таңдап, ол туралы терең білімге ие болса, онда болашақта бұл жұмыс оған тек материалдық табыс әкеліп қана қоймай, үлкен қанағат сезімін де сыйлайды. Ал ол өз кезегінде түлектің білікті маман болып қалыптасуына және еліне пайдасын тигізуіне септігін тигізеді. Бұл туралы Ыбырай Алтынсарин де айтқан, ол жастарды Отаны үшін еңбек етіп, өз білімдері мен дағдыларын халық игілігіне жұмсауға шақырған. Оның хрестоматиялық еңбектерінде әлеуметтік-кәсіптік білім беру және еңбек тәрбиесі мәселелері ерекше орын алады. Ол саналы және мақсатты еңбексіз «өмір бақытты бола алмайды» деп санады [1]. Сондықтан ағартушы-педагог шынайы білімге басымдық беріп, оқушылардың алған білімін тәжірибе жүзінде бекітуіне ерекше мән берді. Ол ең алдымен жаратылыстану пәндерін оқытуға және білім алушылардың кәсіби дайындығына көңіл бөлді. Қазіргі қазақстандық мектептерде де осы үрдістер байқалады.

Ыбырай Алтынсариннің пікірінше, педагогикадағы ең басты нәрсе – мұғалімнің дұрыс оқыту әдістерін таба білуі. Ол өз еңбектерінде мұғалімдерге балаларды жаттауға мәжбүрлемей, олардың оқуын мағыналы әрі жүйелі ету жолдарын түсіндіруге тырысты. Бүгінгі педагогика да дәл осыны мақсат етеді – ойлай алатын оқушы мен өз ісіне рефлексия жасай алатын мұғалімді қалыптастыру.

Алтынсарин педагогикалық еңбектерінде мұғалім бейнесіне ерекше мән берді. Халық даналығында «Ұстаз ұлт пен қоғамды қалыптастырады» деген сөз бар. Ол мұғалімдер өз оқушыларын құрметтеуі керек деп санап, олардың ата-аналарының да құрметіне ие болуға тиіс екенін атап өтті. Сонда ғана білім мен тәрбие берудегі мақсаттарға қол жеткізуге болады. Оқушы мектеп табалдырығын аттағанда өзін еркін сезінуі керек, ол қысым мен шектеуді сезінбеуі тиіс. Ұлы педагогтың сол кездегі арманы орындалып, елімізде мұғалім мәртебесін қорғайтын заң да қабылданды. *"Педагог мәртебесі туралы"* заң Қазақстан Республикасындағы мұғалімдердің әлеуметтік, экономикалық және кәсіби құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды құжат. Ол білім беру сапасын арттырып, педагогтардың мәртебесін көтеруге ықпал етеді [2].

Оқушы сабаққа жаңа біліммен танысуға қуанып келуі керек. Ол сыныпқа кіргенде ең бірінші мұғалімнің жылы жымиысын көріп, мейірімді сәлемін естуі тиіс. Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесі тек құрғақ «Сәлеметсіңдер ме, балалар. Отырыңдар» деген сөзбен шектелмей, сабақтың басында оқушыларды жұмысқа бейімдейтін, тіпті ойын элементтерін қамтитын әдістерді қарастырады. Осындай сабақтар жаңа материалды жақсы қабылдауға ғана емес, сонымен бірге мұғалімге деген сенімділік пен құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Яғни, қазіргі білім беру жүйесі Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қағидаттарымен үндесіп, оқыту мен тәрбиені бірлікте қарастырып, жан-жақты үйлесімді тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі.

Алтынсаринның ойынша, мектеп жаңа мәдени өмірдің үлгісі болуы керек, ал мұғалім – баршаға үлгі болуы тиіс. Себебі оқушының қандай тұлға болып қалыптасатыны, болашақта немен айналысатыны, қандай адамгершілік қасиеттерге ие болатыны – ең алдымен мұғалімнің кәсіби дайындығына, өз ісіне деген сүйіспеншілігіне байланысты. Егер мұғалім өзі дамымаса, білімін бөлісуге ықыласты болмаса, оқытудың жаңа әдістерін іздемесе, онда ешқандай бағдарлама мен оқулық көмектеспейді. Мұғалімге деген қамқорлық, оған лайықты еңбек жағдайын жасау, педагог кадрларын даярлау мәселесі Ыбырай Алтынсарин үшін өмірлік мақсатқа, ұстаздық қызметке деген адалдыққа айналды [3]. Бүгінде мұғалімнің кәсіби дамуына барлық жағдай жасалған. Себебі қазіргі мектепте мұғалім өз қызметінің ерекшеліктеріне сай кәсіби қасиеттерге ие болуы қажет. Табысты мұғалім – зерттеуші. Білім беру үшін ең алдымен өзінде сол білім болуы керек. Білікті педагог әрдайым өзін жетілдіріп, заман ағымына ілесіп, өзін-өзі дамытуға, жаңа әдістер мен дағдыларды меңгеруге көңіл бөлуі тиіс. Оқыту – үздіксіз үйрену процесі. Ұлы педагог елдің басты

байлығы – оның халқы екенін жақсы түсінді, өйткені тек білімді, талантты, табысты адамдар ғана мемлекеттің стратегиялық дамуына негіз бола алады. Олар – прогрестің қозғаушы күші, жаңа мүмкіндіктердің қайнар көзі. Алтынсариннің берік сенімі бойынша, білім – жеке адамның да, мемлекеттің де табысты дамуының негізі және маңызды құндылығы. Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесі ескірген әдістемелік негіздерді түбегейлі өзгертуде. Бұрынғы жүйеде жеке тұлғаға бағытталған тәсіл, әлеуметтендіру мен кәсіби бағдар беру жетіспейтін. Бұл мәселелерді өз уақытында Ыбырай Алтынсарин де көтерген болатын. Ол әр балаға жеке көзқараспен қарау қажеттігін айтып, мұғалім оқушының бойындағы қабілеттерді ашуы тиіс деп есептеді. Себебі баланың білім алуға деген құлшынысын арттыру үшін оны қызықтыру қажет. Оқушыны қызықтыру үшін оның өзіне тән қасиеттерін ескеру маңызды. Осылайша, білім мен дағдыларды тиімді қалыптастыруға болады.

Ыбырай Алтынсарин халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, мектеп нақты білім беруі керек деп санады. Тек осылай ғана адам қоғамда лайықты орнын таба алады. Қазіргі білім беру жүйесінде конструктивтік теорияларға негізделген оқыту әдістері кеңінен қолданылуда. Бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, оларды өздігінен шешім қабылдай алатын, өзін-өзі ынталандыра алатын және білім алуға құштар тұлға етіп қалыптастыруға бағытталған. Алтынсариннің пікірінше, оқушының өз қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беріп, оны әртүрлі іс-әрекет салаларына тартып, өзін-өзі жүзеге асыруына шексіз мүмкіндік жасау қажет. Бұл өз кезегінде оқушылардың әлеуметтік-кәсіби бағдарын айқындауға ықпал етеді. Мұның барлығы қазіргі мектепке қойылатын талаптармен толық сәйкес келеді. Қазіргі таңда негізгі қағидалардың бірі – көптілділік принципі. Мұғалімнің міндеті – оқушыларды ақпаратты өз бетінше іздеуге, оны талдауға, жүйелеуге және тиімді пайдалануға үйрету. Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі оқушыларға әлемнің кез келген дереккөзімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ол үшін жас ұрпақ шет тілдерін жоғары деңгейде меңгеруі қажет. Бұл міндетті орындау үшін мұғалім өз білімін үнемі жетілдіріп, оқушылардың тілдік және ақпараттық сауаттылығын дамытуы тиіс. Ыбырай Алтынсариннің сонау өткен ғасырда жазған «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты еңбегінің өзінде қос тілділік принципі қамтылған болатын [4]. Бір ғасырдан астам уақыт бұрын өмір сүрген ағартушы шет тілдерін білудің білімді, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудағы рөлін жақсы түсінді. Ол сол кездің өзінде шет тілдерін оқытуды сол халықтың мәдениетімен, әдет-ғұрыптарымен және дәстүрлерімен танысумен ұштастырған. Бұл қағидат бүгінгі таңда да өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының ағартушысы, педагогика саласындағы алғашқы реформаторлардың бірі. Оның педагогикалық идеялары қазақ халқының білім алуына жаңа серпін беріп, ұлттық мектеп жүйесінің қалыптасуына негіз қалады. Ал бүгінгі таңда әлемде педагогиканың жаңа трендтері дамып келеді. Енді осы екі тақырыпты байланыстыра отырып қарастырайық.

Қазіргі педагогикалық трендтердің Алтынсарин идеяларымен байланысы

1. *Инклюзивті білім беру* (Барлығына тең мүмкіндік беру). Ыбырай ұсынған идеялар білімнің қолжетімді болуын көздеді. Бүгінде инклюзивті білім беру барлық балаларға, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға да сапалы білім алуға жағдай жасауға бағытталған.

2. *Құндылықтарға негізделген білім беру*. Алтынсарин оқытудың басты мақсаты – тек білім беру ғана емес, сонымен қатар, адамгершілікке тәрбиелеу екенін атап өтті. Қазіргі таңда бұл идея құндылықтарға негізделген білім беру жүйесінде көрініс тауып отыр.

○ *STEAM және кәсіптік білім беру*. Ыбырай кәсіби білімнің маңыздылығын ерте түсініп, ауыл шаруашылығы және қолөнер мектептерін ашты. Бүгінде әлемдік трендтер STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер, математика) және кәсіптік білім беруге басымдық береді.

○ *Цифрлық білім беру және инновациялар.* Қазіргі заманғы білім беру технологиялары (онлайн курстар, жасанды интеллект, қашықтықтан оқыту) дамып келеді. Ыбырай заманында мұндай технологиялар болмағанымен, оның жаңашылдыққа деген ұмтылысы бүгінгі цифрлық білім беру трендтерімен үндеседі.

Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық идеяларына жаңаша көзқарас. Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының ағартушылық дәуіріндегі жарқын тұлғалардың бірі. Оның педагогикалық идеялары заманына сай жаңашылдықтың бастауы болды. Бірақ бүгінгі заманда оның көзқарастарын жаңаша саралап, қазіргі білім беру жүйесімен байланыстыра отырып талдау маңызды. Алтынсарин идеяларының заманауилығы. Ана тілінде білім беру – ұлттық кодтың сақталуы. Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларына білім беруді ана тілінде жүргізу керектігін ерекше атап өтті. Ол қазақ тілінде оқулықтар жазып, әдеби тілдің дамуына үлес қосты.

Қазіргі замандық көзқарас:

- ✓ Бүгінде ана тілінде білім беру – ұлттық мәдениеттің дамуының негізі.
- ✓ Мемлекеттік тілде сапалы оқулықтар жасау мен оны цифрландыру мәселесі өзекті.
- ✓ Көптілді білім беру жүйесі дамып келеді, бірақ ана тілінде терең білім беру қажеттілігі артып отыр.

Кәсіби білім беру – еңбек нарығымен үйлестіру. Алтынсарин ауыл шаруашылығы мен қолөнерге баулитын мектептер ашып, кәсіптік білім беруді дамытуға баса назар аударды.

Қазіргі замандық көзқарас:

- ✓ Еңбек нарығының өзгеруіне байланысты кәсіптік білім беру қайта жаңғыруда.
- ✓ STEM, IT салалары, инженерия, робототехника сынды бағыттарға басымдық берілуде.
- ✓ Қазақстанда "Жас маман" бағдарламасы арқылы кәсіптік білім беру қайта дамып келеді.

Тұлға тәрбиелеу – құндылықтарға негізделген білім беру. Ыбырай білім мен тәрбиенің ажырамас екенін баса айтып, оқытуда адамгершілікке, еңбекқорлыққа, патриотизмге мән берді.

Қазіргі замандық көзқарас:

- ✓ Бүгінгі білім беру жүйесінде soft skills (жұмсақ дағдылар) маңызды рөлге ие болып отыр.
- ✓ Жеке тұлғаның әлеуметтік, эмоционалдық дамуы білім жүйесінің негізгі бағыттарының біріне айналды.
- ✓ Балаға тек білім беру емес, оны өзін-өзі дамытуға, өмірлік дағдыларды қалыптастыруға баулу қажет.

Алтынсарин идеяларының жаңа интерпретациясы

Инклюзивті білім беру және тең мүмкіндіктер. Ыбырай әрбір баланың білім алуға құқығы бар екенін айтты. Ол қыз балалардың оқуына ерекше мән беріп, олардың білім алуына жол ашты.

Бүгінгі көзқарас:

- ✓ Білім барлығына бірдей қолжетімді болуы тиіс.
- ✓ Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларға да сапалы білім беруді қамтамасыз ету.
- ✓ Онлайн оқыту мен цифрлық білім платформалары арқылы білім алу мүмкіндіктері кеңейді.

Цифрлық білім беру – Алтынсарин идеяларын жаңа деңгейге көтеру. Ыбырай жаңа технологияларды енгізуге тырысты, оның заманы үшін мектеп ашу, оқулық дайындау – үлкен реформа болды [5].

Қазіргі жағдай:

✓ Білім беру цифрлық платформаға көшуде (EdTech, онлайн курстар, AI-педагогика).

✓ Аудионұсқалар, интерактивті оқулықтар, VR/AR технологиялары арқылы оқыту әдістері кеңейіп жатыр.

✓ Мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, білім алуға бағыт беруші тұлғаға айналуға.

Ыбырай Алтынсарин идеялары бүгінгі білім беру жүйесімен үйлесімді жалғасуда. Оның педагогикалық тұжырымдары қазіргі заманға сай жаңартылып, жаңа технологиялар мен трендтер арқылы дамып келеді.

✓ *Ана тілінде білім беру* – ұлттық бірегейлікті сақтау.

✓ *Кәсіптік білім беру* – еңбек нарығына бейімделу.

✓ *Құндылыққа негізделген білім* – адамгершілікті, патриотизмді дамыту.

✓ *Инклюзивті білім беру* – тең мүмкіндіктер.

✓ *Цифрлық технологиялар* – білім беруді жаңа деңгейге көтеру.

Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық идеялары қазақ білім жүйесінің негізін қалады және олардың көпшілігі бүгінгі білім беру жүйесінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі педагогикалық трендтер оның жаңашыл көзқарастарымен ұштасып, заман талабына сай жаңа деңгейге көтерілуде. Алтынсарин бастаған ағартушылық дәстүр бүгінгі күні жаңа форматта жалғасын тауып, заманауи білім беру жүйесінің іргетасы болып отыр.

Әдебиеттер:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. -Алматы: Ғылым, 1994
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.
3. «Ыбырай Алтынсарин тағлымы», әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер, Алматы «Жазушы» 1991
4. Жұмалиев Қ. Ы.Алтынсарин – педагог, жазушы./ Ыбырай Алтынсарин тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б. ,
5. Сыдықов Ә. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. - Алматы, 1969

ӨМІРІН ХАЛҚЫНЫҢ ИГІЛІГІНЕ ЖҰМСАҒАН ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ

Ильясова Элмира Умирзаковна

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, әлеуметтік ғылымдарының магистрі, аға оқытушы. Қызылорда, Қазақстан

Аннотация. Өзінің өмірден алғанын қоғамға қайтара білген Т. Тәжібаевтың өмір жолы мен психологиялық еңбектерінің негізгі мазмұны, білім мен тынбай еткен еңбектің адамның әлеуметтік ортадағы алатын орнының мағынасына мән беру қажеттілігі айтылған. Уақытылы еленген бала тәрбиесі, адамның бос жүрмей өмірінің мәні болатын ортада адамдар мен бірге мұқтаждықтарына жету кезіндегі аянбай тер төгуі қажеттігі жөнінде жазылған.

Тірек сөздер: Өмір, білім, еңбек, қажеттілік, үлгілі істер.

Аннотация. Т. Тажибаев, сумевший вернуть обществу то, что он получил от жизни, отметил основное содержание жизненного пути и психологического труда, необходимость придать смысл месту, которое человек занимает в социальной среде. Написано о своевременном воспитании детей, о необходимости неустанного потопотделения в среде, где жизнь человека без праздности имеет смысл, когда люди вместе достигают своих нужд.

Ключевые слова: Жизнь, образование, труд, потребность, образцовые дела.

Abstract. T. Tazhibaev, who managed to return to society what he received from life, noted the main content of the life path and psychological work, the need to give meaning to the place that a person occupies in a social environment. It is written about the timely upbringing of children, about the need for relentless sweating in an environment where a person's life without idleness makes sense when people achieve their needs together.

Keywords: Life, education, work, need, exemplary deeds.

Төлеген Тәжібаевтың өмір жолдары мен еңбектерін оқи отырып, адамның дамуының оған әсер ететін ортаның, әлеуметтік өмірдегі әрбір адамның отбасынан бастап алатын өнегесі мен ортаның беретін қатынасының арқасында жетілетінін айтып жеткізеді. Адамның жеке дара ешнәрсеге қолы жетпейтінін және оны өмір бойы алған мүмкіндіктерін игілігіне пайдаланатынын, керек уақытында оның да сұрауы бар екендігін көре білген. Өзінің өмір жолында осындай толық адамдық өмірді, тұлғалық өмірді сүре білген қоғам қайреткері туралы бірер мәліметтермен бөліскенді дұрыс деп ойлаймын.

Т.Тәжібаев Абайдың толып жатқан өлеңдері мен айтқандарынан адамның психологиясын жете білуге аса зер салғандығын және оның өзін күнделік өмір үшін қажетті нәрсе деп есептегендігін көруге болады. Әлеуметтік еңбек өмірінде және тұрмыста дұрыс қарым-қатынас жасай білу, ниеті жат жауларды таный білу және олармен қалай қатынас жасау – міне, осылардың бәрі де Абай түсінігінде, адамдардың психологиясы мен мінездерінің (характерлерінің) ерекшеліктерін таный білуді талап етеді,- дей отырып өзінің қызметте болған уақыттарында барлық алдына келген адамның көңілінен шығатын көмегін беріп, адамгершілік қасиетін таныта білген ұлы тұлғаға Абай атамыздың шығармаларының мазмұны өмірлік сабақ пен тәжірбие бергендей. Сол шығармалардан қуат ала отырып өзінің барлық күшін ғылымға жұмсай білген ұлы тұлға. Т. Тәжібаевтың «Еңбексіз бос жүру адамды моральдық жағынан құлдыраушылыққа, жалқаулыққа, зерігушілікке, жұрт еңбегінің есебінен күн көруге әкеп соғады, табиғи талантын мұқалтады», - деген сөздерінің өзінде үлкен мән-мағына

жатыр, түсінген адамға. Өмірінің қиыншылық пен күреске толы болғанына қарамастан өмірден, әлеуметтік ортада өзінің орнын ойып тұрып алып өткен ұлы ұстаз.[1]

Т. Т. Тәжібаевтың жеке басының қалыптасуының алғашқы кезеңіндегі отбасылық-тұрмыстық жағдайлар өте қайшылықты, өте қатал болғандығын көреміз. Оның балалық шақтағы бүкіл өмірі ең ауыр қиындықтармен анықталды. Бұл жағдай сол жылдары болған саяси процестердің салдары ретінде жалпыға бірдей сипатта болды. Төлеген Тәжібаев 1910 жылы 23 ақпанда Қарааспан болысының Сүткент ауылында, бұрынғы Сырдария губерниясында (қазіргі Арыс қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысы) кедей шаруа отбасында дүниеге келген.

1917 жылы бүкіл мемлекетте төңкеріс ұшығып жатқан кезде, Тәжібаевтардың отбасы тұрған Сырдария облысында әсіресе кедей қазақ елді мекендерінде жаппай аштық жүріп жатты. Балалық шағы ауыр азап, қайғы-қасіретпен басталған, жеті жасар бала Төлеген әке-шешесінен, туған-туыстарынан айырылып, тұл жетім қалған. Аштықтан ауыр қайғыдан әлсіреген Төлегенді, Арыс станциясының теміржолшысы, И.Ф.Кабанов тауып алып, аузына су тамызып, медициналық көмек көрсетіп, тамақ берілгеннен кейін, баланың аты Төлеген екенін біліп, өзінің көп бала шағасына қарамастан, үйіне әкеліп, біршама уақыт тәрбиелеген көрінеді.

Барлық уақытта сол кезеңге сай ғылымға, технологияға, қоғамның бүкіл өміріне тез бейімделуге, қабылдауға, үйренуге қабілетті болуы керек. Ол адамның өз мақсаттарына жету барысында тез алға жылжып қозғала алатындығын көрсетеді. Білім барлық уақытта маңыздылығын жойған емес, өйткені адамның санасының дамуы, оның өркендеуін қажет етеді. Ал ол өз кезегінде біліммен қаруланып отыруды талап етеді. Бірақ маңызды білімі бар адамдар, өз саласында жақсы бейімделе алады. Осындай білімнің маңыздылығын өз уақытысында түсініп, күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналдырған қазақ зиялы қауымының өкілдері, қазақ ұлтының ұрпағын өз заманына сай білімді игеріп, көзі ашық, көкірегі ояу адам ретінде алға жылжуға ұмтылуына барынша ат салысып, барлық өмір жолын арнады десек артық болмас деп ойлаймын. Ортада жүру қабілетімен көзге түскен, болашақта жауапкершілігі мол істерді жүзеге асыру, көңілден, ойдан шығарлық істерімен елдің үмітін ақтаған перзенті, өзінен кейінгі салған дара жолын, бала кезіндегі іс-әрекеттерінен де көрінгендігін байқауға болады.

Кабановтар отбасы тарапынан төлеген барлық оқу уақытында материалдық қолдау алды, бірақ бұл өте жеткіліксіз болды және Төлеген жас кезінен бастап қосымша тіршілік құралдарын іздеуге таң қалды. Ол үйде сабақ тауып, содан кейін пионер болып жұмыс істеді, бұл оның материалдық жағдайын жеңілдетуге көмектесті. Еңбекқорлық-оның басты ерекшелігі, ізденімпаз ақыл-ойы және оқуға деген ерекше қабілеттері оған басқалардың құрметі мен сүйіспеншілігін тудырды. Бала кезінен ол белсенді адам болған. Төлеген не нәрсеге қызығушылық танытпады! Мұның бәрі оның қызығушылықтары саласында болды – музыка (ол фортепианода аздап ойнады, скрипка мен мандолинада жақсы ойнады), көркемөнерпаздар мен спортқа қатысты. Ол интернатта біраз уақыт тұрды.[2.27]

Адамның екі аяғымен басып тік жүруі дүниені түгел көруге, айналадағыны тексеріп тануға, өзге айуандарға үстемдік етуге мүмкіншілік береді. «Хайуанға адамның ақылын берсе де, мұнша шеберлік, мұнша дәрігерлік, бір-біріне ғылым үйретерлік, шешендік, сөйлей білушілік оның денесіне лайық келмейді». Жануарлар адамша «шаһар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық, шеберліктің үдесінен шыға алмайды»[1] , - дегені оқыған, білімге жақын, көкірегі ояу адамға, қоғамның болашақ ізбасарларына, ұлы ғалым Т. Тәжібаев білімнің арқасында, саналылықтың арқасында алға басып озып, еңбек етіп, әлсіздерге күш көрсетпей, қатардан қалмай озық шығуға мүмкіндік беріліп отырғандығын жеткізеді. Абайды осындай адамға көкірегі ояу жастарға мол мұра болатындай, түсіне алса өмірлік мақсатына жету жолында қолдана алатындай асыл сөздерін мысалға келтіре отырып,

психологиялық әсер етудің жолдарын ашып көрсетеді. Өзінің өмірің қиын-қысауға толы болғанына қарамастан ізінде қалдырған шығармалары мен шәкірттері арқылы да өнеге бола білген ұлы тұлға. Мен Төлеген Тәжібаевтың өмір жолы мен ол кісі туралы жазылған жазбаларды оқи отыра, өмірлік күш-қайратына, мықты тұлғалық қарапайымдылығына тәнті болып, осы мақаланы жазуға көңілім ауды. Соынмен бірге өмірлік жолдарын, еңбектерімен таныса отырып, өзімнің де шешімін таппай жүрген көптеген ойларыма да жауап алғандаймын, айналама қарап, қаншама мықты да, қарапайым ұлы адамдардың шығармаларының өзінің өмірі өткеннен кейін де үлкен ғылыми бағдарға айналып отырғандығын байқаудамын. Оны түсінер жан болса, осындай ғылыми жолмен жүре отырып, ұстаздық етіп, айналасына тек қана білім нұрын шаша білген, кісілігімен, қазақи қарапайым адамгершілігін көрсете білген ұлы адамдарға риза болдым. Өмір деген осындай қарапайымдылығымен құнды екендігін ұққандай болдым.

Қоғамда қиыншылығы мен қызығы мол, үміті мол өмірде Абай атамның айтқандарын жетесіне жеткізе отырып түсіндіріп өткен, «Дүниеде ешнәрсе, соның ішінде зұлымдық, жамандық та мәңгі емес екендігін есте сақтай отырып, оған қарсы күресу керек. «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек қайратсыздық, дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас: жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің. Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?», - деген дей отырып, барлық нәрсенің де өткінші екендігін, оған ұзақ уақыт бойы таңылып қалмауды өсиет етеді.

Және де осындай тәрбиенің адамның бала кезінен еңбекке балули аулынан, бос уақытын тиімді пайдалана алатын адамның, алған білімінің, қабілетінің, еңбек етсе ғана зая кетпейтінін өзінің еңбегінде толық баяндап шығады. Рухани мұқтаждықтар материалдық мұқтаждықтарға негізделіп пайда болғанымен, рухани мұқтаждығына әсер етіп және материалдық мұқтаждықтардың дамуына себепші болып отырады. Мұқтаждық, яғни қажеттілік адамның барлық әрекеттерінің қылығының себепшісі болып, оларды дамытушы күш болып табылады. Адам дүние табуда да, техниканы, өнерді, мәдениетті дамытуда болсын өзінің, қоғамдық мұқтаждығына сәйкес әрекет етіп отырады. Егер адамда мұқтаждық, яғни қажеттілік болмаса, алдына мақсат қойып, істейтін ешбір әрекеті де, қылығы да болмайды. Түбінде адамның мұқтаждығы өз қылығының, әрекеттерінің негізі болып, соларды басқарып, меңгеріп отырады. Адам тіршілік етіп, әрекет етуі үшін өмір сүруі керек. Бірақ адам өмір сүруі үшін тамақ, баспана, киім, су сияқты нәрселер қажет. Бұл жөнінде Маркс пен Энгельс «Неміс идеологиясы» дейтін шығармасында: «Адам тіршілік ету үшін өмір сүруі қажет. Адам өмір сүріп, тарихта жасауы керек. Бірақ ол үшін ең алдымен ас, су, үй, киім және осы сияқты нәрселер қажет» дегенді айтады. Егер адамдар осы айтылған нәрселерді пайда болдырмаса, оларды жасамаса, осы айтылған мұқтаждықтарын қанағаттандырып отырмаса, адам адам болып күн көре алмай, өмір де сүре алмас еді. Жоғарыда айтылған нәрселерсіз адам өмір сүре алмайтын, тіршілік ете алмайтын мұқтаждықтар болып табылады.[3.100]

Үлкендердің әсері балалардың дамуына тиімді ықпал тигізуі үшін, ол әсер сыртқы әсер болмай, дамуға жетектейтін ішкі күш болуы керек. Баланы дамуға жетектеп отыратын ешбір сыртқы күш болмайды; даму – ішкі процесс, баланың даму мүмкіншіліктері оның өзінде болады. Бірақ ол мүмкіншіліктер өзінен-өзі дамып кете бермей, тәрбие арқылы және баланың айналасындағы дүниедегі әрекеті арқылы іс жүзіне, ақиқаттыққа айналып отырады. Тәрбие баланың бойына біткен мүмкіншіліктерін дамытумен бірге, жаңа мүмкіншіліктер, сапалар туғызып бұрынғыларын қайта құрып, дамытып отырады.[2.173]

Сонымен қатар Абай атамның «Он бесінші сөзінен» ақын адам баласы алдына мақсат қоймайынша өмір сүруі мүмкін емес деп көрсетеді. Ақылды адам құмарлықтың айта қаларлықтай жақсы, пайдалы мақсатын дұрыс тауып алса, соны меңгеруге,

игеруге, соған қолын жеткізуге тырысады, мақсатқа жету жолындағы күрес пен іздену дәуірі адам өмірінің ең таңдаулы, таптырмайтын кезеңі болып табылады. «Ақымақ адам өмірден өзіне орын таба алмайды». Бәрін көріп-білуге ұғынып, зерттеп, тануға ұмтылу адам жанының ең өзгеше тамаша қасиеті болып табылады. Егер адам табиғаттың көзге көрінген я көрінбеген жасырын сырларын я толық, я жартылап, бөлшектеп болса да тануға ұмтылмайтын болса, онда ол адам емес, ондайларда адам жаны емес, айуан жаны ғана болады деп көрсетеді, - деген сөздерін келтірі отырып, кейінгі ұрпақтарға мол үміт қалдырады. Дұрыс өмір сүруге жетектейді, мақсат қойып, оған жету жолдарын анықтап, сонымен өмір бойы күресіп, қанатыңды қатайтып, жету керектігін көрсетіп береді.

Адам айналасындағы тұрмысқа қатысып тіршілік еткенде ғана, тұрмыс адамға әсер етеді, адамның өзін де өзгертеді. Сол сияқты баланың айналасындағы қоршау өзінен-өзі механистік және атоматизм түрінде балаға әсер етіп, оның психикасын дамыта бермейді. Ең алдымен баланың қоршауын туғызып отыру үшін үлкендердің саналы әрекеттер жасап отыруы керек болады. Бірақ сонымен бірге бала өскен сайын, оның мұқтаждықтары көбейген сайын, алдымен санасыз және еріксіз әрекеттері арқылы одан кейін бара-бара саналы әрекеттері арқылы бала өзінің айналасындағы қоршауды өзгерте бастайды. Өзінің айналасындағы қоршауды өзгерте бастайды. Балаға әсер ететін қоршау, үлкендердің бала беретін тәрбиесі арқылы және баланың өзінің сол қоршаудағы белсенді әрекеттері арқылы ғана балаға әсер етеді.[3.85]

Жеке адам – әлеуметтік қатынастырмен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, өзін басқалардан ажыраты білетін, өзінің кім екенін түсінетін есі кірген ересек кісі. Адам қоғамнан тыс, тәуелсіз өмір сүре алмайды. Өйткені оның тәні де, жаны да айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үстінде, тек әлеуметтік әсер жағдайында ғана адам кісілік мән-мағынаға ие болады. Адам санасының дамып, өсіп жетілуі оның ортасымен (отбасы, мектеп, т.б.) тығыз байланысты. Әлеумет әсері тимейтін, әлеуметтік құрықтан шығып кететін ешбір адам болмақ емес. Сондықтан адам психологиясын дұрыс ұғыну үшін, ең алдымен, оның әлеуметтік жағдайын, яғни оның қандай ортаның өкілі екендігіне, сондай-ақ оның қандай көзқарасы, наным-сенімі, бағыт-бағдары, білім мен іс-тәжірибесі, икем-бейімділігі, нақты кәсібі, білім бар екендігіне назар аударуымыз қажет. Осы айтылғандар жөнінде мағлұмат алғанда ғана біз оның психологиясы жайлы азды-көпті пікір білдіруге мүмкіндік аламыз.[3.95]

Жалпы, Т. Тәжібаевтың көп қырлы шығармашылық, саяси қызметі КСРО-да тоталитарлық жүйе жағдайында дамыды, оның құрамында Қазақстан болды. Осыған байланысты Т.Тәжібаевтың мемлекет, саяси қайраткер, дипломат, ғалым, педагог ретіндегі саяси тұлғасы, оның қалыптасуы Қазақстанның тоталитаризмнен демократияға, нарықтық қатынастарға көшуінің қазіргі кезеңінде де ерекше қызығушылық, ғылыми саяси құндылық болып табылады. Бұл әсіресе Қазақстанда құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам салу кезеңінде аса құнды. Қазіргі кезеңде Қазақстанда болып жатқан саяси процестерге Мемлекеттік-саяси басшылықты жүзеге асыруда Т.Тәжібаевтың саяси қызметінің тәжірибесі өте пайдалы.[2.144]

Сонымен бірге Т. Тәжібаев туралы М. Бутин «Айнымас дос, адал жан» деген айдармен өзінің Т. Тажибаев туралы естеліктерінде қиыншылыққа қарсы тұрып, өмірінің биік белестерінде өмір сүрген адал адам туралы айтып өтеді.

«Әр адамның өмір жолы әр қилы. Біреулердің өмір жолы қуанышпен басталып, қайғымен бітер еді. Екіншілері қайғының жолын қуанышқа жеңдірер еді. Енді біреулері қуаныштың да, қайғының да не екенін ұқпай өмірдей өтер еді. Ал Төлеген болса, ащы мұңның да, тәтті қуаныштың да дәмін татып, жүрегімен сезінген жан ғой. Олай дейтінім, Төлеген әке мен шешеден ерте балдырған шағында айырылып, жетімдіктің туақыметін тартып өсті. Өмірде пана боларлық абзал адамдар көп қой. Арыс қаласында тұратын Кабанов дейтін орыс адамы жас баланы өзінің тәрбиесіне алды. Әке орнына әке болған бұл кісі Төлегеннің ержетіп, есейіп, ел қатарына қосылуына көмектесті.

Талай қиындықтарға қажыр—қайратпен қарсы тұрған Төлеген жастайынан-ақ білім биігіне ұмтылды. Білім алу деген мағынаның негізінде Отан алдындағы борышты өтей білу, яғни "алғаныңды" өмірге, халыққа қайтара білу деген сыр бар. Өйткені адам дүниеге бірден ғұлама өнер иесі болып келмейтіні шындық. Осыған орай: "Егер мен өмірді басқалардан бұрынырақ, тереңірек болжасам, онда мұның өзі менің өзімнен зор адамдарды арқа тұтқаным, соларға сүйенгенім" деген екен Иссак Ньютон.

Төлеген болса, өзінің бойына біткен бар қуатын, күш-жігерін, ақыл-парасатын халқына, елінің игілігіне жұмасам деп армандайтын және соны іске асыруға ұмтылған абзал азамат еді. Бәрінен бұрын оның ойындағы ең асыл қасиет-адамдарды сүю еді. Адамдарға жақсылық жасасам деген махаббат бола тұғын», - деген естеліктерін жазған екен. [2.193]

Осындай үлкен міндеттің жеке дара емес, бүкіл қоғам жұмыла жасағанда оң нәтиже беретінін Әл-Фараби атамыз да өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактатының арнайы параграфында адамдардың бірлесуі мен өзара көмегі жайлы зерттеу жүргізді. "Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек. Ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әр қайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады, оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестігі арқылы ғана өзінің жаратылысына сай кемелдік дәрежесіне жете алады!" деген болатын [4,171].

«Талант и мудрость Т.Т.Тажимаева» деген естелігінде В.К. Сидоров мынандай сөздерімен толықтыра түседі "Сонымен, Шымкент облысы Арыс ауданының ауылдық жігіті мен Сүткент өзінің мақсатына байланысты республикада, Кеңес Одағында бірінші дәрежелі мұғалім, оқытушы, ірі ғалым, зерттеуші, дипломат, мемлекет, қоғамдық-саяси қайраткер болып қалыптасты. Туғаннан дарынды Төлеген Тәжібайұлы салыстырмалы түрде қысқа, бірақ айқын өмір сүрді. Осылайша ол менің есімде қалды. Мен көп нәрсені білдім және өмірде, практикалық істерде принциптерін басшылыққа алдым".[2.227]

Осындай қиыншылық кезеңде туылғанмен, рухы сынбаған, қайта ортада жүре отырып, мықтылардан сабақ алып қанатын кеңге жайған ұлы тұлғаның, қоғамның мықты қайраткерінің оның өмір жолымен таныс болған әрбір оқырманның да шабыты оянып, рухы толыға түсері айдан анық. Мықты азаматтарымыздың арқасында, солардың тынбай жүріп өткен жолдарының үстінде, еткен еңбектерінің, төккен терлерінің, асқақ армандарының арқасында бүгінгі күні тәуелсіз елде өмір сүріп отырмыз. Мұны бүгінгі үлкен ұрпақ пен кейінгі кіші ұрпақта түсіне білуі керек.

Әдебиеттер:

1. Төлеген Тәжібаев: Абайдың психологиялық көзқарастары. [Abaialemi.kz >post/view? Id =1121](http://Abaialemi.kz/post/view?Id=1121)
2. Гаипов Зулфухар. Тулеген Тажимаев (Первый нарком иностранных дел Казахстана). Публицистическое эссе. Алматы "Арда" 2006. – 232 стр.
3. Төлеген Тәжібаев. Жалпы психология. Оқу құралы. Алматы, «Қазақ университеті», 1993.-240 бет.
4. Қорқыт атаның табиғат туралы нақыл сөздері. Э.Ильясова. Қорқыттану II кітап. Қызылорда "Тұмар"2004
5. Төлеген Тәжібаевтың ғибратты ғұмыры. Qazaquni.kz > Жаңалықтар >
6. Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев – Уикипедия. Kk.wikipedia.org> Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ «БІЛІМ» ТУРАЛЫ

Ильясова Элмира Умирзаковна, Әбішова Айнұр Жандосқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, әлеуметтік ғылымдарының
магистрі, аға оқытушы. Қызылорда, Қазақстан

Рахымжан Әліарыстанұлы атындағы мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада білім беру туралы, А. Байтұрсынұлының ағарту ісін дамыту жөнінде жасаған еңбектері айтылады. Білім берудің маңыздылығы, еңбекпен байланысы жазылған.

Кілт сөздер: білім, білім беру, ұрпақ, қарым-қатынас.

Аннотация. В этой статье рассматривается роль образования в жизни человека и труды А. Байтұрсынова в сфере науки. А также рассматривается важность сферы образования в отношениях человека.

Ключевые слова: образование, учение, поколение, отношение

Abstract. This article examines the role of education in human life and the works of A. Baitursynov in the field of science. And also the importance of the sphere of education in human relations is considered.

Keywords: education, teaching, generation, attitude.

Ахмет Байтұрсынұлы білімнің адамның қоғамдағы орны мен өміріндегі маңызын ерекше атап өтті. Ол білімді тек күнделікті тіршілікке қажетті ақпаратты алу ғана емес, рухани жетілу мен адамгершілікке тәрбиелеудің құралы деп санады. Білімнің адам өміріндегі маңызын, білім адамды тек материалдық емес, рухани тұрғыда да байытатындығын айтып өтті. Сонымен қатар қазақ мектептерінің мұғалімдеріне арналған оқыту әдістемесін де дамытуға үлкен үлес қосты. Ол оқытудың басты мақсаты — тек оқу мен жазуды үйрету ғана емес, сонымен қатар адамды ізгілікке, моральдық құндылықтарға тәрбиелеу деген пікірде болды.

Адам өз өмірінде, барлық уақытта сол кезеңге сай ғылымға, технологияға, қоғамның бүкіл өміріне тез бейімделуге, қабылдауға, үйренуге қабілетті болуы керек. Ол адамның өз мақсаттарына жету барысында тез алға жылжып қозғала алатындығын көрсетеді. Білім барлық уақытта маңыздылығын жойған емес, өйткені адамның санасының дамуы, оның өркендеуін қажет етеді. Ал ол өз кезегінде біліммен қаруланып отыруды талап етеді. Бірақ маңызды білімі бар адамдар, өз саласында жақсы бейімделе алады. Осындай білімнің маңыздылығын өз уақытысында түсініп, күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналдырған қазақ зиялы қауымының өкілдері, қазақ ұлтының ұрпағын өз заманына сай білімді игеріп, көзі ашық, көкірегі ояу адам ретінде алға жылжуға ұмтылуына барынша ат салысып, барлық өмір жолын арнады десек артық болмас.

Ол білімі бар адамның қоғамда өз орнын таба алатынын және ұлттың дамуына, өркендеуіне ықпал ететінін түсіндірді. Білімді ұрпақ еліміздің дамуына, ғылыми жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді деп ...

Ахмет Байтұрсынұлының «білім» туралы ойлары оның қазақ халқының мәдениеті мен тілін сақтап, оны одан әрі дамыту үшін жасаған еңбектерімен тығыз байланысты. Ол білімді тек техникалық дағдыларды меңгеру ғана емес, адамның жан дүниесінің тереңдігі мен адамгершілік қасиеттерін дамыту құралы ретінде қарастырды. Байтұрсынұлының білімге деген көзқарастары қазіргі таңда да өзекті болып қала береді, себебі ол ұлттың болашағы мен өркениетті дамуы үшін білімнің аса маңызды екенін түсінді.

XX ғасырдың басында үркердей топтанып шыққан қазақ зиялы қауымының аса көрнекті өкілі, өзінің жалпы рухани болмысы жағынан «оқыған азаматтардың тұңғыш көсемі» ретінде танылған Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Ол өзі өмір сүрген қоғамның көкейкесті әлеуметтік мәселелерін биік деңгейде қозғаған, адамды рухани қалыптастырудағы оқу-білімнің құдіретін терең түсінген ағартушы – реформатор еді [1.47].

Ол А. Бөкейхан бастаған қазақ зиялыларымен біріге отырып, ұлтын ұйқыдан оятудың бірден – бір тиімді құралы ретінде «Қазақ» газетін шығаруды ұйғарды.

Газет бұл миссияны абыроймен атқарды. Оны алғашқы кезде 3000-нан астам адам жаздырып алса, кейіннен жабылар алдында таралымы 8000-ға жетеді. Мұның сол кез үшін үлкен жетістік болғаны даусыз. Газеттің бұқаралық сипат алуында оның 1913 жылдың наурызынан 1917 жылдың қыркүйегіне дейін редакторы болған А. Байтұрсынұлының үлесі ұшан-теңіз.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917-ші жылғы Ақпан революциясының нәтижесінде талай ғасырдан шексіз билеп-төстеп келе жатқан монархияның құлауын халықтарға азаттық әкелген оқиға ретінде шын көңілмен қабылдады. Ол революция ектінімен және көзі ашық, озық ойлы зиялы қауыммен бірге 1917 –ші жылдың 21-28 шілдесі аралығында өткен Бірінші бүкілқазақ съезін ұйымдастырушылардың бірі болды. Ал осы жылдың желтоқсан айының 5-13 күндері өткен Екінші бүкілқазақ съезінде Алашорда өкіметі құрылғанда А. Байтұрсынұлы жаңа үкіметтің халық ағарту саласындағы оқулықтар дайындайтын комиссияның құрамына кіреді [1.49].

Алаш жетекшілері қазаққа мұсылманша да, орысша да оқу керектігін жақсы сезінді. Оны даусыз мәселе деп қарады. Әңгіме мұсылманша қалай оқу, орысша қалай оқу, қандай мектеп, медреселер, школдар (әңгіме орыс мектебі туралы болып отыр - автор) ашу керектігінде еді. Жалпы міндетті бастауыш оқудың аса қажеттігі және ол оқу ана тілінде болуы, сонымен қатар жалпы халықтың сауатын ашу мәселесі де күн тәртібіне қойылды.

«Тіл-құрал» кітабы арқылы қазақ балаларын сауаттандыруда жаңа жүйе енгізді. Сонымен қатар, ол жалпы білім беруді қазақ тілінде ұсыну қажеттілігін атап өтті, яғни ұлттық білім берудің негізі қазақ тілінде болуы тиіс деп санады. Халықтың ағартушылық арқылы саяси бостандыққа, экономикалық тәуелсіздікке жететінін алға тартты.

Қазақ елі ғылым дамуынан кенже қалуы себепті зауыт-фабрика дегенді біле қоймады. Сондықтан А. Байтұрсынұлы ғылымсыз, өндіріс орындарынсыз қазақтың бар байлығы өзгелердің қолына көшетінін жақсы білді, халықты білімді болуға, бай және күшті болуға үндеді. Елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауды ұсына отырып, ол: «Қазақ керегінің көбі әркімге-ақ мағлұм ғой; біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»- деп жазды [1,53].

Осындай үлкен міндеттің жеке дара емес, бүкіл қоғам жұмыла жасағанда оң нәтиже беретінін Әл-Фараби атамыз да өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактатының арнайы параграфында адамдардың бірлесуі мен өзара көмегі жайлы зерттеу жүргізді. "Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек. Ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әр қайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады, оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестігі арқылы ғана өзінің жаратылысына сай кемелдік дәрежесіне жете алады!" деген болатын [2,171].

Бірлесе отырып жұмыс жасау, қоғаммен үнемі бір болу, бұл адамдардың әлеуметтік өмірінде жеке дара ештеңеге қол жеткізе алмайтынын, тек қана бірлесе отырып, қоғамдық мақсатты жүзеге асыра отырып өз мақсатына ұмтылып, еңбегінің жемісін көретінін нақ айтып отыр. Бұдан қазақ қоғамының қайраткерлері қай уақытта болмасын білім мен бірлік, қарым-қатынас мәселесінің маңызды екендігін сөз еткен және де еңбектерінде толық жазып өткен.

Қазақ қоғамындағы оқыту үдерісінде, әсіресе, қазақша оқуда кемшілік көптұғын. Сол себепті қазақ балаларын өз тілінде оқыту ісі кәсібилікті талап ететінін арнайы мәселе дәрежесінде көтеріледі. Сондықтан А. Байтұрсынұлының: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғанынан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі қалынан хабар аларлық болу керек... Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында» - деп жазуы тегіннен-тегін емес еді [1,53].

Алайда, ол кезде қазақ қоғамында білім тарататын, оқу үйрететін орындар тіптен жетімсіз болатын. Қазақ балаларына арнап ана тілінде мектептер ашудың 1905 жылғы Қарқаралы петициясында басқа да өзекті мәселелермен қатар көтерілуі жайдан-жай емес еді. Сондықтан да А. Байтұрсынұлы бұл мәселеге 1914 жылы жарық көрген «Бастауыш мектеп» атты мақаласын арнап, сол кездегі бастауыш мектеп ретінде пайдаланылып жүрген мектептердің жақсы жағы мен кемшіліктерін көрсете отырып, жарамдыларын алуды ұсынады. Оның пікірінше, бастауыш мектеп балалардың толықхат танырлық сауаттылығын ашатындай және әрі қарай оқимын дегенге негіз қаларлықтай болуы қажет. Бұл арада мектептің ұрпақ қалыптастыратын маңызды әлеуметтік орта екенін ескеруіміз керек [1,54].

Қоғамның негізін еңбек құрайды. Қоғам еңбек етпей өмір сүре алмайды. Ол үшін білім алу керектігі туындайды. Бұл өз заманына сай білім алуды талап етеді. Қазіргі кезеңде де, барлық уақытта да адамдар материалдық және рухани қажеттіліктерді бірге өндіріп отырған. Мысалы: жұмыс берушіні алсақ, ол өз жұмысын жалдамалы жұмысшыларсыз жалғыз өзі атқара алмаған болар еді. Көліктер жанар майсыз жүре алмаған болар еді. Міне, осылай барлығы бір-бірімен байланысқа түскен, өзара тәуелді қарым-қатынаста болады.

Үнемі жалғасын табатын әрекет бар кезде (мысалы, еңбек, балаларды тәрбиелеу, теле бағдарламаларды қарау, денсаулықты қорғау және т.б.), яғни адамдардың арасындағы үнемі байланыстың болуы, жаңа білімдерді де қажет етіп отырады. Ол білімнің толықтырылып, жаңа жағдайға сай болуын көрсетеді.

Осындай байланыс адамдар арасында топта және үнемі жалғасын тауып тұрса, олардың арасындағы байланыс нығая түседі. Олардың арасында белгілі бір қатынас жүйесі пайда болады. Соның арқасында әлеуметтік институттар, яғни адамдардың бірлескен әрекеттерінің тұрақты формасы ретінде пайда болады.

Ұзақ өмір сүрген көрнекті неміс физигі Макс Борн (1882-1970) былай деп жазды: "қазір менің жастық шағымда фантастика саласына қатысты деп саналатын сансыз заттар бар... автокөліктер мен ұшақтар болмады, радио қабылдағыштар болмады, фильмдер мен теледидарлар болмады, конвейерлер мен жаппай өндіріс болмады... Мұның бәрі менің көз алдымда шындыққа айналды және адамдардың өміріндегі экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге, өткен тарихтың ондаған ғасырындағы кез-келген нәрсеге қарағанда тереңірек және іргелі болды..." [4,11].

Исламның таралуы қазақ халқының рухани дүниесіне үлкен өзгерістер әкелді. Бұл дін тек қана діни ілімдермен шектеліп қоймай, қазақтардың қоғамдық өмірі мен тұрмыс-салтын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Түркі дәуірі қазақ халқының мәдениетіне өзіне тән ерекшеліктер мен құндылықтар әкелді, ал исламның таралуы қазақ халқының рухани әлемін кеңейтті, білім мен ғылымға деген көзқарасты жаңартты. Исламның философиялық, діни және мәдени ықпалы қазақ халқының рухани-мәдени дамуына зор әсер етті. Бұл ықпалдар қазақтың ұлттық ерекшеліктерін сақтау мен дамытудың негізіне айналды.

Жаңашылдық пен ұлттық мәдениет. XIX ғасырдағы рухани өзгерістер

XIX ғасырда қазақ қоғамы бірнеше үлкен әлеуметтік және саяси өзгерістерді бастан кешірді. Ресей империясының Қазақстанды отарлауы қазақ халқының тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, мәдениетін едәуір өзгертуге ықпал етті. Ресейдің отарлық саясатының нәтижесінде қазақ қоғамында әлеуметтік теңсіздік күшейді, жер мәселесі

шиеленісіп, қазақтар қоныс аударуға мәжбүр болды. Осы қиын-қыстау кезеңде қазақ халқы өзінің ұлттық дәстүрлерін сақтап қалу үшін күресті. Алайда, бұл кезеңде қазақ қоғамында мәдениет пен руханияттың дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Жаңашылдық пен дәстүрлердің өзара байланысы, ұлттық мәдениетке жаңа идеялардың қосылуы маңызды рөл атқарды.

Ағартушылар қазақ қоғамында білім мен ғылымның маңыздылығын түсіндіріп, ұлттық мәдениетті дамыту үшін білімділіктің артуы қажет екендігін алға тартты. Ағартушылық идеяларын насихаттаған басты тұлғалардың бірі — *Ыбырай Алтынсарин*. Ол қазақтың алғашқы мектептерін ашып, халықтың білімге деген қызығушылығын арттырды. Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетін жаңғыртуға көп күш жұмсады. Оның шығармалары мен аудармалары қазақ балаларын оқытуда маңызды құралға айналды. Ол сонымен бірге қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, білім беру жүйесін жаңартуды ұсынды. *Ахмет Байтұрсынұлы* мен *Міржақып Дулатов* секілді ұлттық ағартушылар да осы кезеңде мәдени жаңашылдықты алға тартты. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің грамматикасын жасап, оның оқу құралдарын шығару арқылы білім мен мәдениет саласында үлкен жаңашылдық жасады. Оның еңбектері қазақ халқының әдебиеті мен жазу мәдениетінің дамуына үлкен ықпал етті. Қазақ халқының рухани өмірінде *Абай Құнанбайұлының* ерекше орны бар. Абай — қазақ әдебиетінің негізін қалаушы және жаңашылдықтың жаршысы. Оның шығармаларында қазақ қоғамындағы кемшіліктер мен қоғмдық өзгерістердің қажеттілігі туралы ойлар баяндалады. Абайдың философиялық көзқарастары, адамгершілік құндылықтары және өз ұлтына деген сүйіспеншілікті арттырды.

Ағартушылық идеялары, әдебиет пен өнердің жаңаруы, білім мен ғылымның дамуы қазақ қоғамын жаңа деңгейге көтерді. Ұлы тұлғалардың шығармашылық мұрасы қазақ халқының мәдениетінің байлығын, тереңдігін және рухани жаңғыруын көрсетеді. Жаңашылдық пен ұлттық мәдениет арасындағы байланысты тереңірек түсіну үшін, XIX ғасырдағы рухани өзгерістердің маңыздылығын түсіну қажет.

Қазақ халқының мәдениетінің қазіргі жағдайы

Қазіргі уақытта қазақ мәдениеті өзінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қана қоймай, сонымен қатар жаңа бағыттар мен жаңашылдықтарды қабылдауда. Бұл ретте «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жасалып жатқан жұмыстар маңызды рөл атқарады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған бұл бағдарлама қазақ халқының мәдениетіне жаңа тыныс алып келді. Бағдарламаның мақсаты — ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды жаңғыртып, оларды қазіргі заманға сай дәріптеу. Мәдени мұралар мен дәстүрлердің сақталуы мен насихатталуы үшін Қазақстанда көптеген мемлекеттік және қоғамдық бастамалар іске асырылуда. Осы мақсатта ұлттық театрлар, кітапханалар, мұражайлар, өнер мектептері ашылып, қазақ мәдениетінің түрлі аспектілері кеңінен таныстырылуда.

Қазіргі қазақ қоғамында ең маңызды мәселелердің бірі — қазақ тілінің қолданылуы және оның мәртебесін арттыру. Тіл — мәдениеттің басты элементі болғандықтан, оны сақтап, дамыту ұлттық мәдениеттің дамуы үшін маңызды болып табылады. Қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп, мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеруге бағытталған көптеген реформалар іске асырылуда. Білім беру саласында да қазақ тілінде оқытудың үлесі ұлғайып, жастар арасында қазақ тілін меңгеру деңгейі артуда.

Жаһандану заманында мәдениетаралық байланыстар мен интеграцияның маңызы артып отыр. Қазақстанның мәдениеті әлемдік мәдениетпен тығыз байланыс орнатуда. Әлемнің әртүрлі елдерінде қазақ мәдениетінің өкілдері өз өнерін паш етіп, ұлттық құндылықтарды насихаттайды. Бұл мәдени шаралар мен фестивальдер, көрмелер мен концерттер қазақ мәдениетінің әлемдегі орнын айқындайды.

Қазіргі қазақ мәдениетінде ұлттық мәдениетті сақтап қана қоймай, оны әлемдік мәдениетпен үйлестіре отырып, жаңа идеяларды қабылдау процесі жүріп жатыр. Бұл үдеріс қазақ халқының мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Қазақ халқының мәдениетінің қазіргі жағдайы жан-жақты дамып келе жатқан кезеңді бастан кешуде. Ұлттық дәстүрлер мен мәдени құндылықтар сақталып, жаңашылдықтармен толықтырылған. Қазақстанның тәуелсіздігі мен әлемдік қоғамдастықтағы орнының нығаюы ұлттық мәдениетке жаңа серпін беріп, оны сақтап қана қоймай, әрі қарай дамытуға мүмкіндік туғызуда. Әдебиет, өнер, музыка, қолөнер және тіл — қазақ халқының мәдениеті қазіргі кезде әлемдік деңгейде таныла бастады.

Қорытынды

Қазақ халқының рухани-мәдени дамуы ғасырлар бойы тарихи сабақтастық пен жаңашылдықтың үндестігінен қалыптасты. Бүгінде ұлттық мәдениетіміз өз терең дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа заманауи үрдістерді қабылдап, жаңғырып отыр. Қазақ халқының рухани мұрасы, оның ішінде әдебиет, музыка, өнер, тіл және салт-дәстүрлерінің дамуы, жаңа әлеуметтік-саяси өзгерістер мен мәдени ықпалдастыққа жауап ретінде үздіксіз әрі органикалық түрде жүруде.

Қазақ халқының рухани-мәдени дамуының тарихы әрбір ұрпақ үшін жаңа мүмкіндіктер мен жауапкершіліктерді ашты. Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Шоқан Уәлиханов сияқты тұлғалардың еңбектері бүгінгі күнге дейін қазақ мәдениетінің іргетасын нығайтатын үлкен мұра болып табылады.

Қазіргі таңда қазақ халқының мәдениеті заманауи қоғамдағы өзгерістерге бейімделіп, ұлттық ерекшеліктер мен жаңашылдықты үйлестіре отырып дамуда. Мәдениеттің жаңғыруы, білім мен ғылымның дамуы, ұлттық өнердің сақталуы мен өсуі - бүгінгі ұрпақтың басты міндеті. Қазақстанның тәуелсіздігі мен халықаралық қоғамдастықтағы орнының нығаюы қазақ халқының мәдениетінің дамуына оң ықпал етіп, ұлттық құндылықтардың қадірін арттырды.

Қорыта келгенде, қазақ халқының рухани-мәдени дамуы өз тарихи сабақтастығын сақтап, қазіргі заманның жаңашылдықтарына жауап бере отырып, әрі қарай да дамуын жалғастыруда. Ұлттық мәдениет пен руханиятты сақтап, оны қазіргі қоғамдағы талаптарға сай жаңарту - бұл тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзаттық құндылықтардың дамуына үлкен үлес қосатыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Құнанбайұлы А. «Шығармалары», Алматы: Ғылым, 1969
2. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. (2020). Қазақ халқының мәдениеті мен тарихы. Алматы: Қазақ университеті.
3. Нұрсұлтан Әбішұлы. (2019). Қазақтың рухани мұрасы. Алматы: Ғылым баспасы.
4. Тәуелсіз Қазақстан: рухани жаңғыру, Алматы: Қазақстан, 2019.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ: ОРТА МЕКТЕПТЕ НАСИХАТТАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Андызбаева Жанат Шоменовна

3. Шүкіров атындағы №20 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен педагог-сарапшы
Арал, Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қазақ руханиятының дамуына қосқан үлесі туралы жазылған. Ғалымның қазақ мәдениетіне қосқан үлесін орта мектепте насихаттау және ғалым мұрасын ұлттық құндылықтармен сабақтастыра отырып жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолдары ұсынылған.

Аннотация. В этой статье рассказывается о вкладе Сатбаева Каныша Имантаевича в развитие казахской духовности. Предложены эффективные способы пропаганды вклада ученого в казахскую культуру в средней школе и воспитания подрастающего поколения с увязкой наследия ученого с национальными ценностями.

Abstract. This article describes the contribution of Kanysh Imantayevich Satbayev to the development of Kazakh spirituality. Effective ways to promote the scientist's contribution to Kazakh culture in high school and educate the younger generation by combining the scientist's heritage with national values are proposed.

Қазақ елі – рухы биік, біртуар перзенттерге бай. Ел игілігі үшін қызмет еткен Алаш арыстарының ізін жалғаған ұлт зиялылары аз емес. Солардың бірі де бірегейі – қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженер-геологі, академик-ғалым, Ұлттық Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, Қазақстан геологтері ғылыми мектебінің және отандық металлогения ғылымының негізін салушы, қоғам қайраткері, Лениндік сыйлықтың лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Ел арасында тараған мына әңгімені білмейтін қазақ аз болар: «1947 жылы кеңестік делегацияның құрамында Лондонға Қаныш Сәтбаев барған екен. Қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У. Черчилль қалжындап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» – деп сұрапты. Сонда академик Қ. Сәтбаев «– О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік», – деп жауап беріпті. Осы бір ауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады [1, б. 6].

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қазақ ғылымын дамытуға қосқан үлесін, тұлғалық бейнесін, ғылымдағы жетістіктерін, елі үшін атқарған қызметтерін жас ұрпақ арасында насихаттаудың маңызы зор. Насихат жұмыстарын мектептің тәрбие ісі бойынша атқарылатын тұлғатану бағытындағы жұмыстардан, пән бойынша оқулықтардан, ғалым туралы жазылған көркем шығармалардан бастаған абзал. Жас білім алушылардың ғалымның өнегелі ғұмыр жолын терең білуі, академиктің ғылыми мұрасын кеңінен зерттеп, зерделей алуы, ғалым туралы ақпараттарды қазіргі жалпы білім беру ісінде оңтайлы қолдану ұрпақтар сабақтастығын арттырады.

Жаңартылған білім мазмұны аясында білім алушылар 10-сыныпта қазақ әдебиеті пәні бойынша Қаныш Имантайұлының адами болмысы, өмірінің ерекше кезеңдері, бастан өткерген қиындықтары мен қуанышты сәттерін шеберлікпен суреттеген Медеу Сапаұлы Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесімен танысады [2, б.47]. Қаныш Имантайұлының өмірінің бел-белестерін бүкпесіз ашып, ұлағатты, ерлікке толы істерін саралап ұлықтаған ғұмырнамалық туынды қазақ және орыс тілдерінде 11 рет басылып, әлемнің 112 еліне тарағандығы белгілі. Біртуар ғалымның жарқын бейнесін, замандастары мен туыстарының, үй ішінің жүрекжарды әңгімелерін, хаттары мен

естеліктерін, геологиялық-ғылыми құжаттарды, ғұлама өмірін қиял-қоспасыз, шынайы оқиғаларын әсірелеусіз жеткізген қаламгердің бұл туындысы әдебиет сүйер көпшіліктің көңілінен шықты. Бұл туралы әдебиет зерттеушісі, ғалым Рымғали Нұрғали: «...Қазақтың осындай текті дәстүрінің соңғы кезде өрісін ұзартқан тегеурінді туындыларының бірі – жазушы Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» атты ғұмырнамалық роман-эссесі. Романда Қаныш Сәтбаев бейнесі қазақ халқының ХХ ғасырда басынан өткерген барша жетістігі мен жеңісінің, қиындығы мен қасіретінің куәгері ретінде ғана суреттеліп қоймайды, сол күрделі кезеңнің бел ортасында жүрген қаһарманы тұрғысында сомдалған. Автор тек суреткер ретінде ғана емес, инженер-металлург ретінде де Қ. Сәтбаевтың кәсіби және ғылыми өмір жолын саралай суреттеуге келгенде қаламгерлік қарымдылығына қоса, тақырыпты кәнігі біліктілікпен игерген тереңдік танытып отыр. Ғұмырнамалық романды шынайы көркемдік биікке көтере алған себептердің бірі осы екені шәк келтірмейді», – деп пікір білдіреді [3].

Қаныш Имантайұлындай дара тұлғаның өмірін боямасыз ұлықтаған ғұмырнама туындыны қорыта келе автор академик ғалымның төмендегі игі істерін санамалап көрсетеді:

...Академик Сәтбаев дүниеден қайтқан жылы-ақ геолог әріптесі, ғылым докторы, профессор В.С. Коптев-Дворников: «Ол артына үш түрлі ұлы игілік қалдырып кетті: *Жезқазған – бір, Қазақстанның Ғылым академиясы – екі, Геологиялық ғылымдар институты – үш...* Мұның үшеуінде де ғалым, геолог, қазақ халқының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев іргесін қалаған игі істерді әр қарай дамытуға құлшынған мыңдаған адамдар еңбек етеді...» – деп жазған-ды.

Қаныш ұлының қаһармандық ерлікке пара-пар төртінші заңғар ісі – Ұлы Отан соғысының ең ауыр кезеңінде Жезді кенішін жедел ашқызып... Жезқазғанның аса құнарлы мыс кенін Балқаш зауытына тәулік сайын эшолондап жөнелтуге мұрындық болғандығы. Нәтижесінде әскери мақсатқа қажет құрыштық марганецтің үштен екі бөлігі, мыстың үштен бірі Ұлытау атырабындағы кен қоймаларынан өндірілген. Қазақ ғалымының осы еңбегі сол кезде де, қазірде де лайықты бағасын алған жоқ. Ұлы Отан соғысының төрт томдық тарихында бұл деректер бадырайта жазылғанмен, соны жасаушының есімі түсініксіз себеппен аталмай қалған...

Қарағанды атырабында бүгінде де жұмыс істеп тұрған үлкенді-кішілі барлық өндіріс ошақтары және Жәйремге дейінгі ірі кеніштер, демек, осы өлкедегі күллі жылу-қуат стансалары, қалалар мен елді мекендер (бұлардың ішінде Қарағанды, Екібастұз, Теміртау және Астана сияқты үлкен шәрлер де бар) пайдаланып отырған мол су Ертістен жарма арқылы алынады. Осы игілікті өмірге келтіру үшін Қаныш Имантайұлы өзінің отыз жылдай ғұмырын сарп етіп, Сарыарқа қиырында мәңгі өлмес және дүниеде теңдесі жоқ алып құрылыстың дүниеге келуіне дәнекер болған. Ғұламаның бесінші ерлігі – бұл.

Маңғыстау түбегі мен күллі Атыраудың бүгінде дүниежүзін таңғалдырып әрі қызықтырып жүрген қисапсыз мол мұнайын, газ қоймасын ашудағы академик Сәтбаевтың көрегендік жорамалы, сол оқиғаны тездетудегі қам-қарекеті де бір адам үшін, сірә, тарихта қалуға жетерлік ұлағат. Оны біз ғалымның халқына қалдырған алтыншы мұрасы дейміз!..

XXI ғасырда өмір сүретін ұрпақ үшін, бәлкім, одан да алыс уақыттың – үш мыңыншы жылдардың білімдар қауымына ұлы Қаныш қалдырған ең өзекті һәм жетінші ісі жоғарыда аталған ғылыми еңбегінен тарайды, ол болса – ГҒИ-дың қорында сақтаулы «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасы».

1997 жылы Алматыда, «Ғылым» баспасынан жарық көрген, «Академик Қ.И. Сәтбаев және әлемдік геология ғылымы» аталған таңдаулы ғылыми еңбектер жинағында баяндалған ұйғарымға үңіле қарағанда аңғарғанымыз – Қаныш Имантайұлы күрделі мәселенің күрмеуін шешуге жақын болған, Ресей және Еуропа ғалымдарының бұл жайындағы ізденістерімен салыстырғанда, ол көш ілгері алға шығып, ал кейбір

тұжырымдар бойынша әлемдік алып тұлға В.И. Вернадскийдің жаратылыстың тегі хақындағы таңғажайып болжамдарымен жанасар тың ойлар білдірген. Мұны біз маңдайымызға біткен біртуар асылымыздың кеменгерлікпен толғап, тек аяқтай алмай кеткен сегізінші биігі дейміз [4, б. 626]. «Қазақтың Қанышы» атты ғұмырнамалық роман-эссесіндегі жазушы сипаттаған ғалымның «сегіз түрлі биігі» яғни қазақ елінің экономикалық, қоғамдық дамуына қосқан үлесін білім алушылар аса бір қызығушылықпен оқиды. Әдеби туындыда берілген деректерді ғылыми әрі публицистикалық еңбектер, мақалалармен салыстыра қарайды. Көптеген қызықты ақпараттарды зерделеп, қазақ ғылымының атасы саналатын кен іздеген Сәтбаевтың ерен еңбектерін жаңашылдықпен бағалайды, өзіндік көзқарастарын білдіреді. Оқушылар ұлт зиялысының ғибратты ғұмырымен таныса отырып, өздеріне үлгі етеді. Медеу Сәрсекенің әдеби туындысын өзара талқылап, шығарманың бас қаһарманы Қаныштың көркем бейнесінен шынайы образға айналдырады. «Құндылыққа бағдарланған тәсілді» кеңінен қолдана алған әрбір педагог Қаныш Имантайұлының көркем образы арқылы жастардың бойына жалпыадамзаттық әрі ұлттық құндылықтарды сіңіреді.

Көркем шығарма оқыту, салыстырмалы талдау, әдеби талдау жұмыстарын тәрбие бағытындағы іс-шаралармен сабақтастырып, кіріктіруден ұтарымыз мол. Ғалымның ерекше бейнесін, дара болмысынан үлгі алу мақсатындағы тәрбиелік әрі мазмұнды іс-шаралардың жиі ұйымдастыру да артық емес. Қазақтың Қанышы атанған тұлғаның әдебиеттегі көркем әрі тарихи бейнесі, елі үшін еткен өлшеусіз еңбегі, жастарға айтқан өсиет-өнегесі қазіргі буын жас ұрпақтың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруге, еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеуге ықпал етеді. Ғалымның көркем бейнесін, шынайы болмысын, қазақ ғылымын дамытудағы өлшеусіз еңбегі мен ғылым жолындағы жанқиярлық ерліктерін драматургияда, кино секілді өнер әлемінде көрсету де кезек күттірмейді.

Сонымен қатар, жаңартылған білім бағдарламасы аясында қазақ тілі пәні оқулығындағы «Тарихи тұлғалар» бөлімінде Қаныш Имантайұлы туралы *Құрманбай Толыбаевтың «Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы» кітабынан* үзінді берілген:

«Үй ішінде әкесі Қанышты өзінше баулыды. Жасы онға толған баласын есі кірген адамға жорыды. Бұған баланың зеректігі мен ұғымталдығы да себеп болды. Сабағын әзірлеп бітіргеннен кейін әкесі Қанышты қасына отырғызып алады да, қисса-дастандар оқытады. Өзі тапжылмаған қалпы бас шұлғи тындайды. Бұдан басқа ұлы бабасы Бұхар жыраудың өзі жазып алып, қастерлей сақтап жүрген жыр-толғауларын да жатқа айтқызады. Осылайша Қаныштың көкейінде талай дастандардың сарыны сақталып қалды. Әсіресе, әкесі үзбей оқытатын «Едіге» жырының оқиғасы жадында өшпестей жатталды.

Саналы бидің үзбей жыр-дастан айтқызуының мәнісі – баласының ана тілін меңгеруіне себін тигізудің тәсілі еді. Әке мұраты біртіндеп жүзеге асып та жатты. Қаныш туған халқының салт-дәстүріне, өлең өнеріне, мәдени мұраларына қаныға берді. Сүйіспеншілігі тасқындады. Әсіресе Жаяу Мұса атасының әуендеріне және сол кісінің ықпалымен халық әуендеріне әуестігі артты. Әндердің ырғақ-үйірімін бұзбай, бұрмаламай айтудың тәсілін үйренді. Қариялар сөзіне құлақ түре жүріп, қазақтың таралым шежіресінен де көп жайларды білді. Сырғыған жылдар Қанышты ширатып, жаңа-жаңа белестерге өрмелетті... [5, б. 9]. Бұл көркем шығарма мәтінінен жас білім алушылар академиктің балалық шағы туралы мәлімет алады және іздену, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Көркем шығармадан алынған мәтін үзіндісін талдау барысында білім алушылар ғалымның бойында қалыптасқан ұлттық әрі отбасылық құндылықтарды анықтайды. Осы арқылы балалар өз отбасындағы және өзіне қажетті құндылықтарды анықтап, бүгінгі өмір тәжірибесімен салыстыра алады. Отбасылық құндылықтарды бойына сіңіреді. Ұлтымыздың дәстүр-салтын, мәдениетін қадірлейтін жеке тұлға ретінде қалыптасуға талпынады. Тағылымы мен өнегесі мол көркем

шығарма үлгілері әрқашанда өміршеңдігін жоғалтпайды. Осындай шағын мәтіндерді оқу, талдау жұмыстарын жетілдіре отырып, тәрбие бағытындағы «Оқуға құштар мектеп», «Мектеп театры» жобаларына ұластыруға болады. Сонда мектеп ізгілік қағидаларын, адамзатқа ортақ құндылықтарды балалардың бойына сіңіретін орынға айнала алады. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие мен озық білім беру ісінде қазақтың ардақты азаматтары мен олардың өнегелі еңбектерін түрлі форматта қолданудың тиімділігі жоғары. Осы арқылы негізгі құндылықтарды қазақстандық патриотизм, азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық пен өмір бойы білім алу құндылықтарына баули аламыз.

Туған даласының құдіретін таныту жолында аянбай күш-жігерін сарп етіп, қазақтың сары даласын өндіріс ошағына айналдырып, өз дарынын геология саласында айшықтап, көксеген мұрат жолында аянбай тер төккен қоғам қайраткерінің жаңа бір қырын ашатын ақпараттық мәтінді де назарға алайық. 6-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығындағы «Ғылым мен технология жетістіктері» бөлімінде «Қазақстан ғылымы» тақырыбы аясында Қазақ Ұлттық Ғылым академиясы туралы ақпарат берілген: «1938 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақстандық бөлімі ашылып, ол 1946 жылы Қазақ КСР-інің Ғылым академиясы болып қайта құрылды. 1990 жылға қарай академия жанында 50-ден астам ғылыми-зерттеу институты болып, оларда ғылымның барлық бағыттары бойынша 10 мыңнан аса ғылыми қызметкер жұмыс істеді. Академияның тұңғыш президенті көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, танымал ғалым, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болды» [6, б.194]. Бала ұғымына, жас ерекшеліктеріне орайластырып берілген бұл мәтіннің ақпараттық, танымдық әрі тәрбиелік мәні де зор. Өйткені осындай шағын мәтіндер мазмұнын түсіндіру арқылы азаматтық қасиеттері бар Отанының патриоты бола алатын тұлға қалыптастыру жұмыстары жалғасын табады. Қазіргі таңдағы қоғамдық маңызды мәселе ретінде азаматтық қасиеттері басым, патриот тұлға қалыптастыру және оны дамыту өзекті болып отыр. Тұлғатану және еліміздің ғылымының даму бағыттары туралы тақырыптардың зерттеу ауқымын дамыта отырып, білім алушылар көптеген шағын шығармашылық зерттеу түрлерін атқара алады. Орта мектептерде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» және *Құрманбай Толыбаевтың «Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы»* шығармаларын оқу жұмыстарын қарқынды жандандыру арқылы да ғалымның ғибратты ғұмырын, ғылыми мұрасын тиімді әрі заманауи тұрғыдан, цифрлық технологиялар көмегімен де насихаттай аламыз.

Бүгінгі таңда орта мектеп оқулықтарының сапасы жөнінде әр алуан пікірлер бар. Бұл жайтқа неге тоқталып отырмыз? Өйткені Қ. Сәтбаев жазған «Алгебра» оқулығы – өткен ғасырда ана тілімізде жазылған тұңғыш оқулықтардың бірі. Өткен ғасырда жазылған оқулық жөнінде зерттеушілер: «... Кітаптың ерекшелігі – оның сапасында. Сәтбаев «Алгебрасының» тілі жатық, есеп беру логикасы берік, есеп шығару түзілімдері ширақ та шымыр. Осы күнгі терминкомның қаперіне салатындай, аталмыш басылымдағы атаулы терминдер халқымыздың төл сөздерімен сипатталған. Мәселен: формула – өрнек, диаметр – өре, прогрессия-дәуірлеу, квадратное уравнение – шаршылық теңдеу, сопряженные числа – түйіндес сандар, коэффициент – сан өсіргіш, симметрия – үйлесім, комплексные числа – шоғырлы сандар, кратное-бөлінбе, т.с.с. Бұл кітап – әлі де өз құнын жоймаған, қазіргі сапалы оқулыққа қат заманда оқушыларға да, мұғалімдерге де баға жетпес асыл қазына», – дейді [7. б, 3].

Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш. Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман

ескерткіштері» атты еңбегін жазған. 1931 жылы басылған А. Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері»

жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу- маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп, енгізгені көпшілік арасында кеңінен тараған. Ғұлама ғалымның бұл еңбектерін білім беру саласының тәрбие бағытында, оқушыларға арналған «Оқуға құштар мектеп», «Мектеп театры», «Дебат» клубтарында кеңінен қолдануға болады. Қаныш Сәтбаевтың шығармашылық, ғылыми мұрасын қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, музыка, көркем еңбек пәндерінде де жиі қолдану білім алушылардың базалық құндылықтарын нығайтуға мүмкіндік береді.

Қаныш Сәтбаевтың ел арасына жиі тараған нақыл сөздерін (афоризмдері) жастар арасында кеңінен қолдану ауадай қажет. Ғалымның нақыл сөздері ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, елжанды болуға, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті әрі білімді қоғам құруға, жастардың еліне деген сүйіспеншілігін арттыруға, білім алуға, ізденімпаз, ғылым жолына түсуге, жауапкершілік алуға, туған жерді, елді қорғауға баулып, адал да отаншыл ұрпақ толқынын қалыптастыруды көздейді. Ғалымның жас ұрпағына өсиет етіп қалдырған бірнеше нақыл сөздеріне тоқталайық:

«Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпас»;

Жеткен жетістік пен табысқа мақтану, масаттану – сіздер үшін қасиет емес. Бүгінгі табыстан келер таңдағы міндеттер үлкен. Сол міндеттерді орындауға ұмтылыңыз. Бүгінгі білгеніңізден ертеңгі білетініңіз көп. Сол білетініңізді білуге асығыңыз. Сонда ғана сіздер Отанымызға пайдалы азамат боласыздар. Білімді болу, ғалым болу өмірді танудан, көп оқып, көп ізденуден, шаршамай, талмай еңбек етуден болады» [8.15].

Ғалымның аталы өсиеті бүгінгі күнгі тәрбиемен өзектес, сабақтас. Әрбір жас осы нақыл сөздерді жадына мықтап тоқыса, бүгінгі күннің нағыз керекті әрі қажетті мотивациясы, берік ұстанар сөзі де осы емес пе?

Әдебиеттер:

1. XIX Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының: халықар. ғыл. конф. мат-дары Академик Қ. И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019.

2. Ақтанова А.С. т.б. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытымен оқитын 10-сынып оқушыларына арналған оқулық/ А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева, Л. К. Жұмакенова. – Алматы: Атамұра, 2019. –160 бет.

3. Әдебиет порталы. Рымғали Нұрғалиұлы "Қазақтың Қанышы".

4. Сәрсекке М. Шығармалары / М. Сәрсекке. – Астана: Фолиант, 2015.

5. Толыбаев Қ. Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы: әңгімелер / Құрманбай Толыбаев; Қ. Толыбаев.- Алматы: Балауса, 1999.- 77 б.

6. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 6- сыныбына арналған оқулық /Б.А. Әрінова, Г.М. Раева, Г.С. Кәрімова, Л.К. Жұмекенова. – Алматы: Атамұра, 2018. – 224 бет.

7. «Ана тілі» газеті, 14 мамыр, 2009 жыл. Б. Тобаяқов. ҚР Ұлттық инженерлік академиясының мүше-корреспонденті. «Сәтбаев жазған «Алгебра» мақаласы.

8. «Аңыз адам» журналы.

KAZAKH SPIRITUALITY AND SOCIO – POLITICAL DEVELOPMENT IN THE SECOND HALF OF THE XX CENTURY AND EARLY XXI CENTURY

Kangeldi Aigerim Altynbekqyzy
278 IT –school-lyceum by B. Momyrbayev
Kyzylorda city, Kyzylorda, Kazakhstan

Аңдатпа. Қазақ руханияты 20 ғасырдың екінші жартысы мен 21 ғасырдың басында Қазақстанның қоғамдық – саяси дамуына елеулі әсер етті. Бұл мақалада рухани құндылықтардың ұлт бірегейлігін қалыптастырудағы, саяси өзгерістерге ықпал етудегі және мемлекеттік құрылымдарға әсерін талдауға назар аударылады. Сонымен қатар, тәуелсіздік алғаннан кейінгі рузақ руханиятының жаңғыруы мен оның әлеуметтік – саяси үрдірдерімен байланысы қарастырылады.

Кілт сөздер: Қазақ руханияты, қоғамдық-саяси даму, ұлттық бірегейлік, дәстүрлі құндылықтар, жаңғыру.

Аннотация. Казахская духовность оказала значительное влияние на социально-политическое развитие Казахстана во второй половине XX века и в начале XXI века. В данной статье рассматриваются вопросы формирования национальной идентичности, влияние духовных ценностей на политические процессы и трансформации государственных институтов. Особое внимание уделено периоду после обретения независимости и возрождению казахской духовности в современных условиях.

Ключевые слова: Казахская духовность, социально-политическое развитие, национальная идентичность, традиционные ценности, модернизация.

Abstract. Kazakh spirituality has played a significant role in shaping Kazakhstan's socio-political development in the second half of the XX century and early XXI century. This paper explores the formation of national identity, the impact of spiritual values on political transformations, and the role of spirituality in shaping state institutions. Particular attention is given to the revival of Kazakh spirituality after independence and its connection to contemporary socio-political trends.

Key words: Kazakh spirituality, socio-political development, national identity, traditional values, modernization.

Introduction

Kazakhstan's socio-political development has been deeply influenced by its spiritual heritage. During the Soviet period, efforts were made to suppress national identity, religious practices, and traditional beliefs. However, with Kazakhstan's independence in 1991, there was a resurgence of interest in cultural and spiritual heritage. This paper examines the role of Kazakh spirituality in shaping the country's political landscape, fostering national unity, and contributing to modern governance.

Methodology

The research employs a combination of historical and sociological methods. Historical analysis focuses on archival sources, government policies, and academic literature to track the evolution of spiritual and political trends. A sociological perspective helps assess the impact of spirituality on contemporary political structures and national consciousness. Additionally, qualitative data from speeches, policy documents, and public statements are used to illustrate key developments.

The Formation of Kazakh Spirituality in the XX and Early XXI century

In the late XX century and early XXI centuries, Kazakh spirituality experienced significant transformation influenced by historical, political, and cultural shifts. During the Soviet era, religious practices and traditional beliefs in Kazakhstan were heavily suppressed as the state promoted atheism and sought to diminish the influence of Islam and other faiths. Despite these efforts, many Kazakhs maintained their spiritual identity through clandestine practices and the preservation of cultural traditions within families.

With the dissolution of the Soviet Union in 1991, Kazakhstan gained independence, leading to a resurgence of interest in national identity and spiritual heritage. The newfound freedom allowed for the revival of religious practices, the reconstruction of mosques, and the open practice of Islam, which is the predominant religion in the country. This period also saw a renewed interest in pre-Islamic traditions, including Tengrism—a shamanistic and animistic belief system rooted in the worship of the sky deity Tengri. Tengrism experienced a revival as individuals and groups sought to reconnect with ancient spiritual roots and cultural identity.

In 2017, the Kazakh government launched the “Rukhani Zhangyru” (Spiritual Revival) program, aiming to modernize societal consciousness while preserving the nation’s cultural and spiritual values. This initiative emphasizes the importance of embracing modernity and technological advancement without losing touch with traditional heritage. It includes projects focused on translating global literature into Kazakh, promoting the Latin alphabet, and preserving historical sites, thereby fostering a sense of national pride and unity.

The leadership in Kazakhstan has also played a role in promoting interfaith dialogue and religious tolerance. Former President Nursultan Nazarbayev initiated the Congress of Leaders of World and Traditional Religions, first held in 2003, to foster mutual understanding among different religious communities. This initiative reflects Kazakhstan’s commitment to positioning itself as a bridge between various cultures and religions, promoting peace and cooperation on a global scale.

In Abstract., the late XX and early XXI centuries have been a period of spiritual renaissance in Kazakhstan. The nation has navigated the challenges of modernity while actively seeking to preserve and revitalize its rich spiritual and cultural heritage, fostering a unique blend of traditional values and contemporary progress.

The Power of Socio-Political Development

In the late XX and early XXI centuries, Kazakhstan underwent significant socio-political transformations as it transitioned from a Soviet republic to an independent nation. These changes were marked by efforts to modernize the economy, establish a distinct national identity, and navigate complex international relations.

Political Reforms and Governance

Following its independence in 1991, Kazakhstan faced the challenge of building new political institutions. The adaptation of the 1995 Constitution introduced a presidential republic with a bicameral legislature, comprising the Senate and the Mazhilis. This framework aimed to balance power between different branches of government. However, over time, the political landscape remained largely authoritarian, with significant power concentrated in the executive branch. Efforts to liberalize the political system were limited, and opposition parties often faced restrictions. In the early XXI century, there were attempts to introduce reforms, but these were often criticized for being superficial and maintaining the status quo.

Economics Modernization

Kazakhstan’s vast natural resources, particularly oil and gas, became the cornerstone of its economic strategy. The government pursued policies to attract foreign investment and develop the energy sector, leading to substantial economic growth in the early 2000s. This resource-driven development aimed to elevate the country’s global economic standing and improve the standard of living for its citizens. However, reliance on natural resources also made the economy vulnerable to global market fluctuations, prompting discussion on the need for diversification and sustainable development.

National Identity and Cultural Revival

Post-independence, Kazakhstan embarked on a journey to redefine its national identity. Initiatives such as a “Rukhani Zhandyru” (Spiritual Revival) program were launched to rejuvenate cultural heritage, promote the Kazakh language, and instill a sense of national pride. These efforts sought to reconcile the country’s Soviet past with its aspirations for a unique national identity. The promotion of cultural projects and the revival of traditional practices played a significant role in this cultural renaissance.

International Relations and Foreign Policy

Strategically positioned between major powers, Kazakhstan adopted a ‘multi-vector’ foreign policy, seeking balanced relations with Russia, China, and Western countries. This approach aimed to safeguard national interests while fostering economic and political partnerships. In recent years, Kazakhstan has shown an increasing willingness to assert its sovereignty and navigate complex geopolitical dynamics, especially in light of regional developments. The country’s efforts to mediate international conflicts and host diplomatic talks underscore its role as a regional stabilizer.

Challenges and Future Prospects

Despite progress, Kazakhstan continues to grapple with challenges such as political pluralism, economic diversification, and social inequality. The early 2020s witnessed public demonstrations reflecting societal demands for greater political freedoms and economic opportunities. The government’s response to these challenges will significantly influence Kazakhstan’s socio-political trajectory in the coming years. Addressing these issues requires comprehensive reforms and a commitment to inclusive development.

In Abstract., Kazakhstan’s socio-political development in the late 20TH and early 21ST centuries has been characterized by a complex interplay of political reforms, economic strategies, cultural revival, and diplomatic balancing acts. Understanding these dynamics offers valuable insights into nation’s ongoing evolution and its role on the global stage.

Conclusion

Kazakh spirituality remains a powerful force in shaping national identity and political development. Despite decades of external influence, traditional values have adapted to modern realities, playing a key role in state governance and public life. Moving forward, balancing, spiritual heritage with modernization will be essential for Kazakhstan’s continued socio-political progress.

References

1. Nysanbayev, A. (2018). **Kazakh Philosophy and National Identity**. Almaty: Kazakh University Press.
2. Abdrassilov, K. (2019). **Modernization and Tradition: The Kazakh Context**. Cambridge University Press.
3. Official Website of the 'Rukhani Zhandyru' Program: www.ruhanizhandyru.kz
4. Kazakh Government Reports on National Development Policies.
5. Kassenova, N. (2020). 'Kazakhstan’s Multi-Vector Diplomacy and Its Cultural Foundations,' **Central Asian Review**, 18(2), 45-63.
6. Werner, C. (2021). 'Kazakhstan and the Revival of Spiritual Traditions,' **Central Eurasian Studies Review**, 20(1), 34-50.
7. International Center for the Rapprochement of Cultures under the UNESCO: www.unesco.org/kazakhstan
8. www.britanica.com// Government and society
9. www.silkroadstudies.org/book. Political and Economic Reforms in Kazakhstan Under President Tokayev
10. www.astanatimes.com// Modernization of social and cultural spheres: global experiences and Kazakhstan
11. www.ft.com// Explore our full range of subscriptions.

САКРАЛЬДЫ ЛЕКСИКАНЫ ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ЖЕТІЛДІРУ

Сагиева Гаухар Серғалиевна, Сағынтаева Жұлдыз Кайратовна
Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті. Павлодар,
Қазақстан

Аңдатпа: бұл мақалада сакральды лексика түсінігі мен оның тілдегі рөлі зерттелген. Сакральды сөздер – діни, рухани және мәдени ұғымдарды білдіретін ерекше семантикалық бірліктер болып табылады. Зерттеу барысында сакральды лексиканың пайда болу тарихы, мәні, қызметі және ұлттық мәдениетке әсері қарастырылған. Мақалада мысалдар арқылы сакральды сөздердің қолданылу ерекшеліктері мен олардың қоғамдағы орны талданған. Бұл зерттеу сакральды тіл элементтерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, дүниетанымдық бейнелерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Аннотация: в этой статье исследуется понятие сакральной лексики и ее роль в языке. Сакральные слова-это особые смысловые единицы, обозначающие религиозные, духовные и культурные понятия. В исследовании рассматривается история возникновения, сущность, функция сакральной лексики и ее влияние на национальную культуру. В статье на примерах проанализированы особенности употребления сакральных слов и их место в обществе. Данное исследование позволяет глубже понять национально-культурные особенности, мировоззренческие образы элементов сакрального языка.

Abstract: this article explores the concept of sacral vocabulary and its role in language. Sacral words are special semantic units that express religious, spiritual and cultural concepts. In the course of the study, the history of the emergence, meaning, function and influence of sacral vocabulary on national culture is considered. The article analyzes the features of the use of sacral words and their place in society using examples. This study allows you to more deeply understand the national-cultural features, worldview images of the elements of the sacral language.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында біздің ұлттық бірегейлігімізді нығайтуымыз қажет. Ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Себебі, мемлекеттің ең басты байлығы – адам, яғни азаматтар. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс. Сол сияқты мектеп те – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оларды табиғатқа жанашырлықпен карауға үйреткен жөн. Мәдени мұраларымызды танып-білуге, қорғауға дағдыландыру керек. Әрбір адам жауапсыз қадамның арты бүкіл елге қасірет әкелуі мүмкін екенін терең түсінуге тиіс. Балаларымыздың танымы кең болуына жағдай жасауымыз қажет екендігін айтты. Сондықтан мектеп бағдарламасының тақырыптарына дәстүрлі санамызда қалыптасқан киелі сандар, киелі аңдар, қасиетті ұғымдар және т.с.с. ұлттық ұғымдар кіріктіріле бастады.

Киелі деген сөздің ағылшынша баламасы – Sacral. Шетел ғалымдары киелі ұғымдарды «сакралды лексика» деп атап кетті. Сакралды деген не? Бұл сұраққа жауап іздеу үшін сөздік пен анықтамаларға жүгіндік. Sacral сөзі ағылшын тілінде кездеседі. «Oxford kazak dictionary» оны анатомиялық тұрғыда сегізкөз деп аударса, діни тұрғыда киелі немесе рәсімдік деп алады. Түбірлес сөздер: sacramental – киелі, қасиетті,

шарапатты; sacredness – әулиелік, киелілік; sacrifice – құрбан, құрбан шалу; sacrificial – құрбандық мағынасында қолданылады екен.

Француз тілінде де sacre сын есімі қасиетті, берік, мызғымас, киелі немесе әулие мәнде қолданылады. Бұл тілде оның екінші мағынасы да бар: қарғыс тиген және қарғыс атқан. Тіпті ол тілде «sacrebleu!» деген фразаны адамдар жиі пайдаланады. Оның мағынасы – «Құдай атқыр!» Sacrifice сөзі француз тілінде де «құрбан» деген мағынаны білдіреді. Sacrifier – құрбан ету, қию. Sacrilege – сын есім формасында құдайға тіл тигізетін мағынасында қолданылады.

С.И.Ожегов өзінің түсіндірме сөздігінде «Сакраментальный» сөзін екі жолмен түсіндірді: 1) қасиетті, қастерлі; 2) сиқырлы мағынасы бар, дуаға ұқсас.

Осыдан келіп, сакралды лексиканы тану үшін «кие» сөзінің мағынасын анықтау керек екендігін шештік. Р.Г.Сыздыкова мен Х.Ш.Хусаинның «Казахско-русский словарь» еңбегінде «Кие» сөзінің аудармасы: мифическо-религиозная святыня (1. Слова запрета действия над тем или иным предметом или животным, которые считаются священными (мысалы, аққуды атуға болмайды, желіні кесуге болмайды, бақанды аттауға болмайды, нанды басуға болмайды); 2. Мифический покровитель – жылқының киесі – Қамбар ата. Дәл осы сөздікте «қасиетті» сөзіне достойный, благородный немесе святой, священный деген аударма берілген. «Кие» сөзі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қасиет, аруақ, бірдеңенің кесапаты, зияны тиеді деген мәндегі мифологиялық ұғым екендігі жазылған. Дәл сол жерде С.Сейфуллинның шығармаларынан мынандай мысал берілген: Ақ бура таудың тағы түйесі деп, О-дағы қасиеті бар иесі деп, Тұқымы сотқар ханның оңбағаны – жұрт айтад: «Сол түйенің киесі», - деп. С. Мұқановтың «Аққан жұлдызынан»: Аланның алдында «Бурабай» аталатын шалқар көл , жан-жағында асуы қиын таулардың кезеңі. Таулардың бәрін қосқандағы аты – «Бурабай», жергілікті жұрттың ертегі ғып айтуынша, осы таудың киесі боп жүретін мифологиялық ақ бас қара бура бар деседі. Және Қ.Қасимановтың «Қазақстан қолөнері» еңбегінен келтірілген мысал бар: Мысалы, жылқының киесі – Қамбар ата, қойдікі – Шопан ата, түйенікі – Ойсылқара, Сиырдікі – Зеңгі баба, ешкінікі – Бәуадин әулие деген діни сенім болған. Дәл осы сөздікте «киелі» деген сөзді киесі бар, қасиетті деп нақтылап, белгілі ғалымдар мен ақын-жазушылардың еңбектерінде осы сөзді қолданған тұстарын көрсетеді. І.Омаровтың «Серпін» еңбегінде халық – жеңілмейтін, күрескер, бостандық сүйгіш киелі күш болғаны айтылады. Бұл арада автор киелі деген сөзге діни ұғым бермейді. Халықтың бойындағы көп қасиеттердің баламасы есебінде алып отыр. О.Сәрсенбаев «Таңбалы тас» повесінде тасқа таңба салып, ант еткен мына жерді осы төңіректегі ел киелі, қасиетті мекенге санайтынын жазады. Қ. Мырза Әлі « Домбыра» өлеңінде де осындай мағынада даланы киелі ер анаға теңейді. Олар киелі сөзін қол сұғуға болмайтын, қастерлі деген мағынада қолданады.

Сакралды лексиканы ғылыми тұрғыдан зерттей бастаған алғашқы ғалымдарды келесі зерттеушілер деп атауға болады:

Я. Гримм және А.Н. Афанасьев. Олардың жұмыстары ХІХ ғасырдың ортасында қасиетті ғылыми-теориялық зерттеулердің тақырыбы болды.

ХХ ғасырдың бірінші үштен бірінде әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің өкілдері киелі кітапты зерттеу мәселелерімен белсенді айналысты. Олардың арасында Р. Отто, М.Элиаде, Р. Кайуа, Э. Дюркгейм, М. Шелер, Ф. Шлейермахер, М. Мосс, Н. Зедерблом болды.

Қасиетті лексиканы зерттеген қазіргі ғалымдардың ішінде келесі зерттеушілерді бөліп көрсетуге болады: Ф. И .Буслаев; Н. А. Ганина; Р. И. Горюшина; И. А. Королева; Т. В. Кузьмина; А. К. Моросо-Флорес; А. М. Тортина.

Біз зерттеу жүргіздік, соның аясында 3-11 сынып оқушыларының арасында ұлтымызға тән қасиетті ұғымдар мен атауларды қаншалықты таниатынын анықтайтын сауалнама жүргіздік. Сауалнама қорытындысы төмендегі кестеде берілген.

1-кесте.

Сұрақ / жауап үлгілері	Сандық көрсеткіш
1	2
1. Сіз нешінші сыныпта оқисыз?	
3-4 сыныпта оқитын мектеп оқушылары	35%
5-8 сыныпта оқитын мектеп оқушылары	35%
9-11 сыныпта оқитын мектеп оқушылары	30%
2. Жынысыңыз қандай?	
Ұлдар	50%
Қыздар	50%
3. Сіздің жасыңыз нешеде?	
8-11 жастағы мектеп оқушылары	35%
12-14 жастағы мектеп оқушылары	35%
15-18 жастағы мектеп оқушылары	30%
4. Берілген тақырыптардың ішінен сіз қайсысын білесіз?	
«Кие» сөзінің мағынасын түсінемін.	95%
Киелі сан атауларын білемін.	90%
Киелі жануарлардың атауларын білемін.	60%
Киелі өсімдіктердің атауларын білемін.	20%
Киелі құстардың атауларын білемін.	30%
Киелі орындардың атауларын білемін.	40%
5. Сіз оларды қайдан білесіз?	
Аңыз-әңгімелерді оқыдым.	30%
Ата-аналарым үйретті.	40%
Күнделікті өмірде естимін.	20%
Ақпараттық техника және желілер арқылы таныдым	10%
6. Сіз қандай пікірді ұстанасыз?	
Киелі ұғымдарды білу керек, қасиетін қадірлеу керек.	80%
Киелі ұғым – ол жай ғана аңыз.	20%

Осылайша, киелі ұғымдарды танып-білу өзекті екенін аңғардық. Балалар киелі ұғымдарды ажыратқанымен, қасиеті мен маңыздылығын білмейді. Атауларын атағанымен, мәнін аша алмайды. Сондықтан мектеп оқушыларына күнделікті сабақ барысында киеліліктің мәнін түсіндіру қажет. Оған қоса, қазақ әдебиеті пәні бағдарламасының басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шындауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Білім алушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді.

Әдебиеттер:

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. Астана, 2023. 7 б.
2. Р. Кенжеханұлы. Oxford kazak dictionary: қазақша-ағылшынша және ағылшынша-қазақша сөздік. Ұлттық аударма бюросы. 2023.
3. А.Бақытов, Р.Жұманова. Қазақша-французша сөздік. «Ануар – kz». 2010.
4. С.Г.Ахметова, Ж.Б.Тұрсынбаева, Ж.Ы.Ысқақова, Е.Ф.Яровая. Ағылшын-қазақ сөздігі. Мектеп. 1974.
5. С.И.Ожегов. Словарь русского языка. Мәскеу. 1975.
6. Р.Г.Сыздыкова,Х.Ш.Хусаин. Казахско-русский словарь. 2008.
7. А.М.Ибатов. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Ғылым. 1980.
8. Қ.Күдерина, О.Жұбаева, М.Жолшаева. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы. 2011.

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығына 2-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Асылбекова Индира Асылбекқызы

№ 43 Ж. Махамбетов атындағы қазақ орта мектебі. Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ руханияты мен қоғамдық саланың дамуы қарастырылады. Қазақ халқының рухани құндылықтары – мәдениет, дәстүр, тіл, әдебиет, дін және өнер арқылы қалыптасқан ұлттық бірегейліктің негізі. Сонымен қатар, қоғамдық саланың дамуы руханиятпен тығыз байланысты екені көрсетіледі. Білім беру, жастар тәрбиесі, мәдени саясат және ақпараттық кеңістіктің ықпалы талданады. Қазақ руханиятының болашағы ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғыртуға, тіл мен мәдениетті дамытуға, заманауи технологияларды тиімді пайдалануға байланысты екені айтылған.

Аннотация. В данной статье рассматривается развитие казахской духовности и общественной сферы. Духовные ценности казахского народа — это основа национальной идентичности, сформированная через культуру, традиции, язык, литературу, религию и искусство. Также подчеркивается тесная связь общественного развития с духовностью. Анализируется влияние образования, воспитания молодежи, культурной политики и информационного пространства. Будущее казахской духовности связано с сохранением и обновлением национальных ценностей, развитием языка и культуры, а также эффективным использованием современных технологий

Annotation. This article explores the development of Kazakh spirituality and the public sphere. The spiritual values of the Kazakh people form the foundation of national identity through culture, traditions, language, literature, religion, and art. The article highlights the close connection between social development and spirituality. It analyzes the impact of education, youth upbringing, cultural policy, and the information space. The future of Kazakh spirituality depends on preserving and revitalizing national values, developing language and culture, and effectively utilizing modern technologies.

Кіріспе

Қазақ халқының руханияты – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтардың, салт-дәстүрлердің, әдебиет пен өнердің, дін мен дүниетанымның біртұтас жүйесі. Бұл рухани мұра ұлттың өзіндік болмысын сақтауға, ұрпақ сабақтастығын жалғастыруға және қоғамдық сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Қоғамдық сала – халықтың әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси өмірін қамтитын маңызды бағыттардың бірі. Бүгінгі таңда Қазақстанда рухани жаңғыру үрдісі мен қоғамдық дамудың жаңа белестері байқалады. Бұл мақалада қазақ руханиятының ерекшеліктері және оның қоғамдық салаға тигізетін ықпалы қарастырылады.

Қазақ руханиятының негіздері

Қазақ халқының руханияты бірнеше негізгі факторларға сүйенеді:

1. *Тарихи мұра және дәстүрлер.* Қазақ халқының рухани мәдениеті ежелден қалыптасқан ауыз әдебиеті, эпостық жырлар, салт-дәстүрлер арқылы сақталған. Батырлар жыры, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер халықтың рухани қазынасына айналды. Бүгінде бұл дәстүрлер ұлттық тәрбиенің негізі болып қала бермек.

2. *Дін және рухани құндылықтар.* Қазақ халқының рухани өмірінде ислам дінінің орны ерекше. Ислам діні адамгершілік құндылықтарды, әділдікті, білімге ұмтылуды дәріптейді. Сонымен қатар, қазақ халқының дүниетанымы көне түркілік наным-сенімдермен астасып, өзіндік ерекшелігін сақтап қалды.

3. *Қазақ тілі мен әдебиеті.* Қазақ тілінің дамуы – ұлттық руханияттың негізгі тірегі. Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары халықтың рухани әлемін

байытып, қоғамдық сананы қалыптастырады. Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты тұлғалар қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерді.

4. *Музыка және өнер.* Қазақтың ұлттық музыкасы мен өнері – халықтың рухани байлығының ажырамас бөлігі. Күй, жыр, терме – қазақтың жан-дүниесін, тарихи болмысын бейнелейтін өнер түрлері. Бүгінде дәстүрлі өнер мен заманауи музыка ұштасып, ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал етуде.

Қоғамдық дамудағы руханияттың рөлі

Қазақ руханиятының қоғамдық өмірге тигізетін ықпалы зор. Ол ұлттық бірегейлікті сақтауға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға, азаматтық сананы қалыптастыруға әсер етеді.

1. *Білім беру және жастар тәрбиесі.* Руханият жастардың тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру бағдарламалары енгізілуде. "Рухани жаңғыру" бағдарламасы арқылы жастардың тарихи санасы қалыптасып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы артуда.

2. *Мәдени саясат және мемлекеттің қолдауы.* Қазақстанда мәдениетті дамытуға бағытталған көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Театрлар, музейлер, кітапханалар мен мәдени орталықтар халықтың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

3. *Ақпараттық кеңістік және жаһандану әсері.* Бүгінде қазақ руханияты жаһанданудың ықпалына ұшырауда. Ғаламтор мен әлеуметтік желілердің дамуы арқылы ұлттық мәдениет пен дәстүрлер жаңа форматта насихатталуда. Алайда шетелдік мәдени ықпалдың артуы қазақтың төл мәдениетін сақтауды талап етеді.

Қазақ руханияты мен қоғамдық дамудың болашағы

Қазақ руханияты мен қоғамдық даму өзара тығыз байланысты. Ұлттық рухани құндылықтарды сақтау және жаңғырту үшін келесі қадамдар маңызды:

- *Қазақ тілін дамыту* – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдану;
- *Ұлттық тәрбие мен білім* – жастардың санасына ұлттық рухты сіңіру, рухани құндылықтарды дәріштеу;
- *Заманауи технологияларды пайдалану* – қазақ мәдениетін цифрлық форматта тарату, әлемдік мәдениетке интеграциялану;
- *Мемлекеттік қолдау* – ұлттық өнер мен мәдениетке мемлекет тарапынан қолдау көрсету, мәдени жобаларды дамыту.

Қорытынды

Қазақ руханияты – ұлттың жаны мен жүрегі. Ол халықтың тарихи болмысын сақтауға, қоғамдық өмірді тұрақтандыруға және жаңа ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулуға ықпал етеді. Бүгінде қазақ руханиятының жаңғыруы мен қоғамдық саланың дамуы – елдің тұрақты дамуының маңызды кепілі. Ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды сақтау арқылы Қазақстан жаһандану жағдайында өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, жаңа жетістіктерге қол жеткізе алады.

Әдебиеттер:

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. Астана, 2023. 7 б.
2. Р. Кенжеханұлы. Oxford kazak dictionary: қазақша-ағылшынша және ағылшынша-қазақша сөздік. Ұлттық аударма бюросы. 2023.
3. А.Бақытов, Р.Жұманова. Қазақша-французша сөздік. «Ануар – kz». 2010.
4. С.Г.Ахметова, Ж.Б.Тұрсынбаева, Ж.Ы.Ысқақова, Е.Ф.Яровая. Ағылшын-қазақ сөздігі. Мектеп. 1974.
5. С.И.Ожегов. Словарь русского языка. Мәскеу. 1975.
6. Р.Г.Сыздыкова, Х.Ш.Хусаин. Казахско-русский словарь. 2008.
7. А.М.Ибатов. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Ғылым. 1980.
8. Қ.Күдерінова, О.Жұбаева, М.Жолшаева. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы. 2011.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨМІРГЕ МАҒЫНА БЕРЕДІ, БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШАДЫ

Аймырзаева Айнұр Өтебайқызы

№292 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Арал, Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада адамға әдебиет, өнер, халық даналығы, салт, мәдени дәстүрлер, ғылым, білім арқылы келетін руханият және «Балалар кітапханасы» бағдарламасының жүзеге асыру аспектілері қарастырылады. Сондай-ақ, мақалада өмірге мағына беріп, болашаққа жол ашатын құндылықтар ұғымы талданады. Руханиятты қадірлейтін қоғамның ғана болашағы бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырған болатын. Осыған байланысты Оқу-ағарту министрілігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасында білім алушылардың «Балалар кітапханасы» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында оқуға деген қызығушылығын арттыратын рухани бай кітапқұмарлар ортасын құру жолдары талданады.

Аннотация: В статье рассматриваются аспекты реализации программы «Детская библиотека» и духовность, приходящие к человеку через литературу, искусство, народную мудрость, обычаи, культурные традиции, науку, образование. В статье также анализируется понятие ценностей, которые придают смысл жизни и открывают путь в будущее. Только общество, которое ценит духовность, имеет будущее. Глава государства Касым-Жомарт Токаев поручил реализовать новую программу «Детская библиотека» на национальном курултае в Туркестане. В этой связи в республиканской научно-педагогической библиотеке Министерства просвещения в целях реализации программы «Детская библиотека» будут проанализированы пути создания духовно богатой книжной среды, способствующей повышению интереса обучающихся к чтению.

Annotation: The article discusses the spirituality that comes to a person through literature, art, folk wisdom, customs, cultural traditions, Science, Education and aspects of the implementation of the program "children's library". The article also analyzes the concept of values that give meaning to life and open the way to the future. Only a society that values spirituality has a future. Head of state Kassym-Jomart Tokayev instructed to implement the new program "children's library" at the National kurultai in Turkestan. In this regard, the Republican scientific and pedagogical library of the Ministry of Education and education analyzes ways to create a spiritually rich book-loving environment that increases students' interest in reading in order to implement the program "children's library".

Руханияттың балалармен байланысы өте терең және көпқырлы. Ол олардың тұлғалық қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің дамуына, дүниетанымының кеңеюіне ықпал етеді. Балалар ертегілер, аңыздар, поэзия және прозамен танысу арқылы мейірімділік, әділдік, адалдық сияқты құндылықтарды бойларына сіңіреді. Өнер (музыка, сурет, театр) олардың шығармашылық қабілетін дамытып, сұлулықты сезінуге үйретеді. Ғылым мен білімнің рухани мәні кітапта.

Білім тек ақпарат алу ғана емес, адамды ізденуге, ойлауға, өзін дамытуға жетелейді. Балалар кітап оқу, ғылыми жаңалықтармен танысу арқылы рухани баюға мүмкіндік алады. Қазіргі технология дәуірінде балалар рухани құндылықтардан алыстамауы үшін кітап оқу, өнермен айналысу, табиғатпен үндестік табу, әлеуметтік жауапкершілікті сезіну сияқты факторларға көңіл бөлу қажет. Балалардың рухани

дамуы – болашақ қоғамның мәдениетті, саналы, жауапты болуына негіз қалайды. Сол себепті рухани құндылықтарды сіңіру – әрбір ата-ана, мұғалім, қоғам алдындағы маңызды міндет.

Рухани құндылықтар – адамзат өмірінің мәні мен болашағының негізі болып табылады. Олар адам өміріне мағына беріп, қоғамның тұрақтылығы мен дамуына ықпал етеді. Рухани құндылықтардың маңыздылығын терең түсіну арқылы жеке тұлғаның, отбасының және қоғамның үйлесімді дамуына қол жеткізуге болады. Бұл мақалада рухани құндылықтардың адамның өміріне тигізетін әсері және олардың болашаққа апаратын жолы қарастырылады.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы қазіргі қоғамда өзекті болып қала береді. Балалар планшеттерде, компьютерлерде және телефондарда ойнауды, сондай-ақ теледидар көруді ұнатады. Күні бойы телефоннан бас алмай отырған баланың миы қызып, жүйке жүйесі әлсіреп, адам ағзасындағы жүрек қан тамырларының айналымы нашарлайды. Қазіргі заман балаларының басты мәселесі – сөйлеу тілінің дамымай қалуы.

Көркем әдебиеттің балалардың сөйлеуін дамытуға және байытуға орасан зор ықпал ететіндігін, ол балаларды ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиелеудің қуатты, тиімді құралы ретінде қызмет ететіндігін дәлелдеді. Көркем әдебиет арқылы баланың грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған сөйлеуі қалыптасады, кітаппен үнемі қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыс пайда болады. Кітап оқу мен жазу дағдыларын дамытудың маңызды құралы болып табылады. Сондықтан цифрлы дәуірде оқу дағдыларын дамыту қажет. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді, іс – шараларды қолдану арқылы білім алушыларға оқуға құштар орта қалыптастыра отырып, пән бойынша білімінің терең әрі сапалы болуына, қабілеттерінің ашылуына септігін тигізеді. Балалар кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы біледі. Балалар кітап оқуға деген қызығушылық артады. Балалардың сөздік қоры молаяды.

Сауатты оқырманды тәрбиелеу мәселелерінде отбасы мүшелерінің құзыреттілігі артады.

Көп адамдар кітап оқығысы келетінін, бірақ қалай бастау керек екеніндігін білмейтінін айтады. Барлық адам телефоннан көз алмайтын қазіргі кезеңде, бұл қасіретті әдет неден пайда болды деп сараптап көрсек, қызығу, елту, аяғында ол қызығушылықтың шартты рефлекске айналып кететіні белгілі болып отыр. Ал көркем әдебиетті оқытудың жолдарын қарастыруда оқу дағдысын қалыптастыру және оны қалыптасқан рефлекске айналдыру керек деп ойлаймын. Ол үшін күніне 5-10 бет кітап оқуды әдетке айналдыруға күш салуымыз керек. Телефоннан саналы түрде бас тартып, күніне жүйелі түрде кемі 5-10 бет кітап оқыса, бұл әдетке айналары сөзсіз!

«Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады», – дейді Ы.Алтынсарин. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында әуел баста салынған. Мұғалімнің міндеті-оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндікті ашып көрсету. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу сауаттылығын жетілдіруді, оқуға деген қызығушылығын және әлеуметтік қарым- қатынасын жақсартатын балаларға әлеуметтік кітапқұмарлар ортасын құруды мақсат еттім. Мұғалімдердің кәсіби шығармашылығы дамиды. Бұл кітапқұмарлар ортасына бастауыш сынып оқушылары, мұғалімдері, кітапханашылар, мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері, ата-аналар тартылды.

Балалар кітапты ықыласпен, іздеп жүріп, сүйіп оқуы үшін балаларға арналған әдебиетті насихаттап, жаңалықтармен таныстырып, кітаптарды оқуға ұсынып отырылды.

Кітап оқудың пайдасы:

- Балалардың дүниетанымы, ойлау қабілеті артады;
- Тілдік қоры молаяды;

- Есте сақтау қабілеті жақсарады;
- Бос уақыттарын пайдалы іске арнайды;
- Шығармашылықпен жұмыс істеуге ынталанып, тұлға болып қалыптасады.

Жақсы шығарма ғана оқырманның жүрегіне ізгі қасиеттің дәнін сеуіп, адам жанын тәрбиелей алады. Сондықтан “Кітап оқу сағатының” балалар тәрбиесінде алар орны өте маңызды деп санаймын. Өз әріптестеріме және ата -аналарға өз әс - тәжірибемнен кітап оқудың пайдасы туралы және кітап оқыту әдісінің бірнеше түрлерін ұсынуға болады. Кітап оқыту әдістері:

1.Кітаптың алғашқы беттерін қағазға шығарып беріп, оқыту арқылы жалғасын оқуға ынтықтыру тәсілі;

2. Кітапты оқу барысында бірге талдап, талқылау; Қызықты тұстарын айтып беру арқылы кітапты толық оқуға қызықтыру;

3. Кітапханалармен таныстыру;

4. Кітап оқып, жетістікке жеткен танымал тұлғалар туралы әңгімелеп беру;

5. Елімізде шығатын балаларға арналған басылымдармен таныстыру;

6. Шағын әңгімелерді оқып, талдау;

7. Қызықты ойындар ойнату (жалығып кетпес үшін арасында сергіту сәті секілді пайдалы ойын)

8. "Кітап жасау кезеңдері"

9.Шығармаларға иллюстрацияларды, ертегі кейіпкерлері бейнеленген суреттерді дайындау

10.Рөлдік ойындар "Кітаптарға арналған аурухана", "Кітапхана", "Кітап дүкені", "Баспахана"

11.Өз қолдарынан кішкентайларға арнап "Балалар кітабын" шығару.

12.Көркем шығармалар бойынша балалардың салған суреттерден көрмелер ұйымдастыру

13.Көркем әдебиетті оқу байқауларын ұйымдастыру

14. Кітапқұмарлар клубын ұйымдастыру

15. Рөлдік ойындарға атрибуттар жасау

16.Сынып кабинетіндегі кітап бұрышын безендіру. Сапалы білім алу-әр баланың құқығы.

17. Мазмұнды алдын-ала болжау Мәтіннің тақырыбы мен суретіне қарап, оқушылардан мазмұнын болжауын сұраңыз. Бұл әдіс оқушылардың қиялын дамытуға және мәтінді қызығушылықпен оқуға итермелейді.

18. Рөлдік оқылым оқушыларды мәтін кейіпкерлеріне бөліп, рөлдік оқылым ұйымдастырыңыз. Бұл әдіс кейіпкерлердің эмоцияларын түсінуге және мәтінді жан-жақты қабылдауға көмектеседі.

19. Сұрақ-жауап әдісі Мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыз:

Мәтіннің негізгі ойы қандай?Авторының мақсаты қандай болуы мүмкін? Бұл әдіс оқушылардың мәтінді талдау қабілетін арттырады.

20. Кластер құру Негізгі тақырыпты тақтаға жазып, соның төңірегінде кластер немесе ой картасын құруға болады.

Бұл әдіс мәтіннің құрылымын жақсы түсінуге және идеяларды жүйелеуге көмектеседі.

21. "Постер қорғау" әдісі Мәтін бойынша топтарға бөлініп, постер дайындауды тапсырыңыз.

Кейін әр топ өз жұмысын қорғайды. Бұл оқушылардың шығармашылығын дамытады.

22. Инсерт әдісі (түртіп алу жүйесі). Оқушыларға мәтінді оқып отырып, маңызды жерлерді белгілеуді ұсыныңыз: ✓ – таныс ақпарат. ? – жаңа немесе түсініксіз ақпарат. ! – маңызды немесе қызықты ақпарат

23. Дискуссия немесе пікірталас. Мәтіндегі мәселе бойынша топтық немесе жұптық дискуссия ұйымдастыруға болады. Бұл оқушыларды өз ойын жеткізуге және қарсы пікірлерді тыңдауға үйретеді.

24. "Бес саусақ" әдісі Мәтінді түсінгендерін тексеру үшін, әр саусаққа сұрақ қою: Бас бармақ – мәтіннің негізгі ойы.

Сұқ саусақ – мәтіндегі маңызды мәлімет.

Ортаңғы саусақ – сізге түсініксіз болған тұс.

Аты жоқ саусақ – сізді ерекше қызықтырған бөлім.

Шынашақ – мәтінді бағалау.

25. Кітапханамен жұмыс Оқушыларды мектеп кітапханасына апарып, оларды өз бетімен кітап таңдауға үйрету. Кейін сол кітап бойынша презентация немесе эссе жаздыру.

26. Цифрлық технологияларды пайдалану. Электронды кітаптар, аудиокітаптар немесе интерактивті платформаларды қолдану арқылы кітап оқуға ынталандыру.

Бұл әдістер оқушылардың жас ерекшелігі мен оқу деңгейіне қарай бейімделуі мүмкін. Сізде нақты бір сыныпқа арналған қажеттілік болса, сол бағытта нақтылап ұсыным жасай аламын. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың негізгі құралы- мәтін. Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында ақпаратты табу және оны қолдану ,мәтіндегі ақпаратты түсіндіру мен байланыстыру ,ақпаратты бағалауға бағытталған тапсырмаларды ұсына отырып ,оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға болады. Оқушы әртүрлі мәтінмен жұмыс істей алу қажет. PISA форматындағы мәтін әртүрлі тәсілмен (кітаптар,парақшалар,ғаламтор-форумдар мен жаңалықтар лентасы), нысандармен(көркем әдебиет ,ғылыми-көпшілік мәтіндер ,ресми құжаттар ,қоғамдық маңызы бар оқиғалар туралы ақпараттар ,кестелер,графиктер,диаграммалар,карталар) беріледі.

-бастауыш мектепте-мектепке бейімделуін қамтамасыз ету; өнерге, білімге деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу мотивациясын дамыту, баланың өз тәртібін реттеуін дамыту, ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып әр білім алушының шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Көрсетілген коммуникативті тілдік төрт дағдыны оқушыға қалыптастыру арқылы біз оқушының функционалды сауаттылығын қамтамасыз ете аламыз, яғни олар оқи алады, жаза алады, түсіне алады, салыстыра алады, реттей алады ,өз ойын жеткізе алады сонымен қатар,т.б жұмыс әдістеріне дайын бола алады деп ойлаймын.

Білім алушылардың, ата-аналардың және педагогтардың оқу қозғалысына қатысуы арқылы бірыңғай оқырмандық қауымдастық қалыптастыру.

Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат - әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан - жақты дамуына ата - ана, мектеп жағдай жасауы керек.

Нәтижесінде мақсатты жұмыс жасау арқылы әр түрлі әдіс-тәсілдерді,іс – шараларды қолдану арқылы білім алушыларға оқуға құштар орта қалыптастыра отырып, пән бойынша білімінің терең әрі сапалы болуына, қабілеттерінің ашылуына септігін тигізді.

➤ «Ең көп кітап оқитын сынып», «Сыныптың үздік оқырманы»атты балаларды кітап оқуға деген қызығушылығын арттыратын байқаулар ұйымдастырылуда.

- Сауатты оқырманды тәрбиелеу мәселелерінде отбасы мүшелерінің құзыреттілігі артты.
- Мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларына арналған әдебиеттердің қорын жинақтады;
- Оқушыларды кітапханаға жаздырып, кітапханамен бірлесе жұмыс жүргізіп отырады;
- Пән мұғалімдері «Оқырман журналы» дәптерін арнатып жүргізілуін қадағалап отырады.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында жас ұрпақты оқытуға және тәрбиелеуге көмекші құрал ретінде балалар басылымдарына жазылды.

Кітап оқу рухани байлықтың негізі. Рухани құндылықтар – бұл адам бойындағы ізгілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, сүйіспеншілік, сенім және ар-ождан сияқты қасиеттерді қамтитын ұғым. Олар адамның ішкі дүниесін қалыптастырып, оның өмірлік ұстанымдарын айқындайды. Сонымен қатар, рухани құндылықтар қоғамның мәдени және моральдық деңгейін көрсететін басты көрсеткіштердің бірі болып саналады.

Рухани құндылықтардың ішінде имандылық, адамгершілік, ар-ұят, ұлтжандылық және махаббат ерекше орын алады. Бұл қасиеттер әрбір адамның өмірінде маңызды рөл атқарады және оның моральдық тұғырын қалыптастырады. Оларсыз қоғамның даму қарқыны бәсеңдеп, рухани құлдырауға ұшырауы мүмкін.

Қорытынды. Рухани құндылықтар – адам өмірінің мәні мен болашақтың негізі. Олар адамды адам ететін, оның ішкі дүниесін байытатын, болашаққа дұрыс жол сілтейтін маңызды факторлар. Қоғамның тұрақты дамуы үшін рухани құндылықтарға мән беру, оларды сақтау және насихаттау қажет. Сол арқылы біз мағыналы өмір сүріп, жарқын болашаққа жол аша аламыз.

Рухани құндылықтарды сақтау әрбір азаматтың борышы болуы керек. Өйткені адамгершілікке, әділеттілікке, мейірімділікке негізделген қоғам ғана тұрақты дамып, келешек ұрпаққа жарқын жол аша алады. Сол себепті рухани құндылықтарға құрметпен қарау – әрбір саналы адамның өмірлік қағидаларының бірі болуы тиіс.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫН ӨРКЕНДЕТУДЕГІ ТҮРКІЛІК РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Қоңырбаева К.М.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты
Қазақстан, Алматы

Омарова Г.С.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты
Қазақстан, Алматы

Аңдатпа: Заманауи қазақстандық қоғамды жетілдіруде және оның тұрақты дамуын нығайтуда халқымыздың философиялық мұраларына оралу, олардың дүниетанымдық негіздерін санада жаңғырту қажет. Ал түркілік рухани құндылықтар қазіргі қоғамның жаңаруы жағдайында ұлттық код пен ментальдылыққа негізделген іргетасы болып табылады. Өйткені түркілік ой-толғаулардың идеялық негізін құрайтын: адалдық, әділеттілік, уәдеге беріктік, намысшылдық қатарлы рухани-мәдени философиялық құндылықтар солғын тартқан қазақтың өзіндік санасының архетиптерін оятуға әсер етері сөзсіз. Сондықтан түркілік ой жауһарларын философиялық тұрғыдан талдау, оның этикалық, эстетикалық қырларын ашу – бұл ұлттық түп тамырдан тарқатылған рухани әлемді танып қана қоймай, болашаққа бағдар ретінде тиянақ болатын негіз деп білеміз. Түркілік рухани құндылықтарды жаңғыртудың мақсаты ұлттық өзіндік санасы мен намысын ояту.

Аннотация: Для совершенствования современного казахстанского общества и укрепления его устойчивого развития необходимо вернуться к философскому наследию нашего народа и актуализировать его мировоззренческие основы в общественном сознании. Тюркские духовные ценности в условиях обновления современного общества служат фундаментом, основанным на национальном коде и ментальности. Идейную основу тюркской философской мысли составляют такие духовно-культурные ценности, как честность, справедливость, верность данному слову, чувство чести. Именно эти принципы способны пробудить ослабленные архетипы самосознания казахского народа. Поэтому философский анализ тюркского мировоззрения, раскрытие его этических и эстетических аспектов – это не только путь к познанию духовного мира, уходящего корнями в национальные истоки, но и прочная основа для ориентира в будущее. Основная цель возрождения тюркских духовных ценностей – пробуждение национального самосознания и чувства чести.

Abstract: To enhance modern Kazakhstani society and strengthen its sustainable development, it is essential to return to the philosophical heritage of our people and revive its worldview foundations in public consciousness. In the context of societal renewal, Turkic spiritual values serve as a fundamental basis rooted in the national code and mentality. The ideological foundation of Turkic philosophical thought consists of spiritual and cultural values such as honesty, justice, commitment to one's word, and a sense of honor. These principles are capable of awakening the weakened archetypes of Kazakh national self-awareness. Therefore, a philosophical analysis of Turkic thought and an exploration of its ethical and aesthetic dimensions not only provide insight into a spiritual world deeply rooted in national heritage but also establish a solid foundation for future orientation. The primary goal of reviving Turkic spiritual values is to awaken national self-awareness and a sense of honor.

BR 20280977 Мақала «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамды іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер» атты жоба бойынша шығарылып отыр

Халықтың төл әдеби-мәдени туындыларының адамға жоғары деңгейде әсер ету күші арқылы тарих қойнауынан үн қатуы, оның қазіргі және болашақ ұрпақтың рухын оятарлық әлеуетін дәйектейді. Қазақ философиясының аясы көне рухани мұраларды зерттеп-зерделеу нәтижесінде әлі де қарқынды түрде кеңі түсері сөзсіз. Ұлттық ділдің арқауы түркілік рухани құндылықтардың дүниетанымдық қырларын зерделеу, қазіргі жаңа Қазақстанның рухани кеңістігін қалыптастыруда өзінің өзектілігімен алға шығуда.

Сонымен қатар тарихи сананың үнемі жаңғырып отыруының көрінісі. Сондықтан еліміздің мәдениеті мен руханиятының барлық салаларында рухтандырушы екпінге айналуы тиіс.

Түркі философиялық ой-толғулары өзіне тән өзгеше үлгіде және мазмұны жағынан да өзіндік ерекшелікке ие. Өйткені түркі халықтарына ойдың негізгі түйінін поэтикалық түрде тұжырымдау тән болды. Осы негізде олар философиялық пайымдауларын, әдеби мұраларын жасады. Түркілер дүниетүсінігінде *әдептілік, сыпайылық, ибалық, қырмызылық, бекзаттық* сияқты этикалық ұғым-түсініктер өзін берік бекіткен болатын.

Түркілер апайтөс Ұлы Далада мәдениет мәйегінен жеміс көріп, өркениет ошағын құрған төлтума қасиетін сақтап қалған бірден-бір ұлт. Олар Батыс пен Шығыс елдері арасындағы адам аралық қарым-қатынастың, тауар алмасудың, капиталдың, көлік және қонақжайлылық пен қызмет көрсету мәдениетінің ырғақты қозғалысының ережесін жасады. Өздерінің еркін, ашық, қонақжай, жомарт қатарлы онды да оңтайлы қасиеттері арқылы Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда мәдениеті тетіктерін жетілдіруге зор үлесін қосты.

Түркілердің этно мәдениетін мұқият зерделеген Л.Н. Гумилевтің: «түріктердің қоғамдық тұрмысы мен әлеуметтік институттарының маңызы зор: ел, елшілік-тәспихтық жүйе, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарама-қарсы қоятын мұқият әзірленген дүниетанымның болғаны таң қалдырмай қоймайды», – деген пайымдаулары ұлы Қағанаттар құрған түркілердің ұлттық сана мен мәңгілік ел болудың іргетасы сонау түркілік кезеңнен де ертеректе қалыптасқандығының айғағы [1, 86 б.]. Осындай мызғымастай берік те бекем орныққан түркілік дәстүрлердің діңгегі теңселсе де, қазіргі кезге дейін өзінің түпқазығынан ажырамай сақталып келді. Бұл өміршендіктің сырын ғалымдардың олардың шаруашылық тәсілі мен өркениет түрінің өзгеріссіз қалуы деген пікірі мақұлдауға тұрарлық.

Түріктердің VI–VIII ғасырлардағы тарихы мен тағдыры «Күлтегін» (Үлкен жазу) тас ескерткішінде баяндалған. Жырда Иоллығ-тегін: «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған, адам баласы үстіне ата тегім Бумын Қаған, Істеми қаған отырған, отырып, түрік халқының ел жұртын қалыптастырған, иелік еткен. ... Басы барды идірдік, тізесі барды бүктірдік» [2, 43,46 бб.], – деген салтанатты мәлімдемелері қазіргі Қытай қорғанынан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы, бір-бірімен аудармашысыз-ақ түсінісе алатын қырыққа тарта түркі тілдес ұлт өкілдерінің рухын көтеріп, мақтаныш сезімдерін тудырады. Күлтегін жырының негізгі мақсаты мен идеясы елін-жерін қорғауда, сыртқы жауларымен шайқаста түркілердің ауызбіршілігін сақтап, ата-баба дәстүрлерінен айрылып қалмауға үндейді. Ең бастысы түркілерді қытайлардың тәтті сөздері мен алтын, күміс, ішімдік пен астық, жібектеріне қызығып кетіп өздерінің

тәуелсіздіктерінен айрылып қалмауын басты қару ретінде ұстанды. Н.Л. Гумилевтің пайымдауынша, мұнда тек мемлекеттердің күресі ғана емес, сонымен бірге мәдениеттердің де күресі, екі дүниетаным мен дүниетүсініктердің күресі бар. Ұлы Дала өз манифесімен қытай болмау, ол тек өзінше болу құқын мәлімдеді. Мұндай күрес тіпті хундық Модэ-шанью уақытынан бері қарай созылып келеді, бірақ мұнда ол құжатта қисынды мазмұндалып жазылып қойылған. Қытайдың ырқына берілмеу үшін орасан зор күш-жігер жұмсау керек болды, әне соны Құтлұғ, Тоныкөк, Күлтегін және Иолыгтегін сықылды көк түріктер жүзеге асырды [1, 339 б.]

Түркі елінің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан, түркілер жайында мәңгілік мұра қалдырған Тоныкөк тұлғасынан өнеге аларлық тұстар аз емес. Қытай сарайында жүріп, олардың көрші түркілермен қандай саясат ұстанатыны жөнінде жақсы хабары бар Тоныкөк түркі тайпаларын ортақ жауға қарсы ұйымдастыруда асқан шеберлік танытады. Тоныкөк ақыл-парасаты мен білімділігінің арқасында түрік жұртын біріктіру, дербес ел болуы жолында аянбай тер төкті. Екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы «көк түркінің көк семсері» атанған Күлтегін 731 жылы қайтыс болғанда төркүл дүниенің елшілері келіп тағзым етті. Бұл оқиға VIII ғасырдағы түркілердің көрші мемлекеттермен халықаралық қатынастары деңгейінің жоғары болғандығын көрсетеді. Күлтегінге орнатылған ескерткіш тас адамгершілікке негізделген түркі этикасының құндылығын және түркілік философиялық-этикалық ойдың шыңдалуын паш етті. Түркілердің дәстүрлі этикалық ой парасаттылығынан хабар беретін ескерткіштің ғылыми көшірмесі қазіргі Қазақстанның Астанасында Еуразия университетінің бас ғимаратының төрінен орын алды. Түркілердің рухани мәдениеті терең дәстүрлі, алуан қырлы, көп деңгейлі құбылыс екендігін, «борыш», «жауапкершілік», «ізгілік», «жақсылық» қатарлы қағидаттардың қатаң сақталуын талап ететін императивтерді ұстанғаны анық байқалады.

Түркілерде туған жер, ата-баба бейіт-қорымдары, ел-жұрт қасиетті ұғым-түсініктер. Түркілер қайтыс болған бабалары рухын қатты құрметтеген. Оларда қайтыс болған алғы тектерінің рухтары ұрпақтарын үнемі желеп-жебеп отырады деген ұғым қалыптасқан. Тіптен қайтыс болған адамнан қалған киім-кешек, қару-жарақтары көздің қарашығындай сақталған. Кеңістік пен уақыттан тәуелсіз ата-баба аруағы өз ұрпақтарын қайғы-қасіреттен сақтап, алапат соғыстарда жеңіске жетуіне көмектесетіндігіне сенімдері күшті болды.

Халықтың дүниетанымы әрдайым оның адамгершіліктік идеалдарында көрініс тауып отырады. Жетілген өркениетті қоғамның ең басты көрсеткіші сапалы адам. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда түркілік кезең этикалық-философиялық ой-толғаулары адамының адамгершілік сапасын арттыруға өз үлесін қосты деп толықтай айта аламыз. Бүгінгі таңда көтеріліп отырған мәселелерінің бірегейі, қазақтың кісілік келбетінің қалыптасуына келіп тіреледі. Көшпелі өмір салты орныққан, өзіндік кісілік бітім-болмысы толысқан дала жұрты сырттан таңылған кез-келген жаңалықты қабылдай салмаған.

Орта ғасырларда түркілік рухани әлем өздеріне дейінгі мәдени мұраның қордаланған бай тәжірибесін байыптап, философиялық ой-кешудің алғашқы тұжырымдамаларын шығармашылықпен жүзеге асыра бастады. Түркі әлемінің дәстүрлі дүниетанымдық негізде қалыптасқан жыр-дастандары басқаша реңде түрленіп, сопылық ағымдағы философиялық еңбектер пайда болды. Түркілік философияда терең дүниетанымдық түсініктер қалыптасып ислам діні адамгершілік тұғырлардың биіктей түсуіне, мәдени жетілдірулерге ықпал етті. Араб, парсы классикалық туындылары түркі халықтарының рухани кеңістігінде сенім мен білім көкжиегін кеңейтуге жол ашып, ислам діні сахара жұртшылығының араб жазуын игеруіне де игі әсерін тигізді. Адам тіршілігінің философиясы, этика мен эстетикасы жаңғыртылған түрге енді, түрік тілінде этикалық-дидактикалық, ғылыми-танымдық, философиялық еңбектер жазылды. Мұсылман мәдениеті жайылған Ұлы Дала елінің сәулеті, әдебиеті, ғылымы, музыкасы

мен қала құрылысы өнері қайта құрулар нәтижесінде басқаша реңкте қайта жаңғырды. Ислам діні тарала бастаған кездері көне түркі жазуларының орнын араб жазулары алмастырды. Араб және парсы әдебиеті қазақтың линвистикалық кеңістігінде жиырма пайыздан асып барады деген тіл білімі ғалымдарының көрсеткішіне назар салсақ, қазақтар ол сөздерді талғамсыз қабылдай бермеген. Жаңадан енген сөздердің дені категориялық ұғымдар болып табылады. Мәселен адам – араб сөзі. Түркілерде ол – кісі деп аталады. Саясат, мәдениет, кемел, шапағат, мұғалім – деген сөздер де ислам арқылы еніп сөз қорымызды толықтырған ұғым-түсініктер.

Түркілік кезеңдегі ойшылдардың шығармашылығының дені этикалық-моральдік, адамгершілік мәселелеріне арналғандығын олардың бізге жеткен мұраларын талдап-тарқатсақ көз жеткізеріміз анық. Түркілік қайнарлар ұлттық шеңберден шығып жалпы адамзаттық категориялармен ой кешті. Адамзатты ізгілікке баулыды. XI ғасырда өмір сүрген көрнекті ақын, аса ірі мемлекет қайраткері, философ-этик Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» 85 тарау, 6520 бәйіт және 124 қосымша бәйіттер тұрады. Бұл шығарма түркі халықтарының тілінде жазылған алғашқы энциклопедиялық еңбек. Түркі династиясының аса бір гүлденген шақтарында Қараханидтер дәуірінде жазылды. Баласағұнның бұл еңбегі исламның үстемдік құрған дәуірінде жазылса да, автордың өмірге көзқарастарының философиялық мәні ашып көрсететін мол материал жинақталып тұжырымдалады. Жүсіп Баласағұнның гуманизм принциптеріне терең мән бере адамгершілік пен имандылыққа, білімділік пен біліктілікке, әділдік пен еңбекке үндеген философиялық-этикалық еңбегінің маңызына көптеген зерттеушілер баса назар аударады. М. Орынбеков пайымдауынша: «Егер «Құтты білікті» этикалық тұрғыдан қарастырсақ, оның пәндік сұхбаттан айырмашылығы – мұнда қызмет етуші адамның қиналысы мен адамгершілігінен және парасаттылығынан бастау алатын ар-ождан басты нәрсе болып табылады. Этиканың онтологиядан және метафизикадан айырмашылығының өзі адамның қайғы-қасіретке тап болған жан дүниесіне бойлауында жатыр. Баласағұн сондықтан да көбінесе кедейліктің, қайғы-қасіреттің тауқыметін тартқан адамдардың жан айғайын тақырыпқа арқау еткен. Сондықтан да гносеология мен ғылымдағы орталық ұғым ретіндегі ақиқаттың орнын этикада қасірет иеленген» [3, 66 б.].

Қарахан әулеті билік құрған кезеңінде өзінің мемлекеттік ел басқару жүйесін нығайта бастайды. Елдің билік басында Қара-Бограхан отырды. Ол өзінің әділдігі, тазалығы, батырлығына қоса адамгершілікті қасиетімен және білімділігімен халық арасында зор беделге ие болған хан. Қарахан мемлекетінің осындай соғыссыз, бейбіт өмір сүрген кезеңінде рухани дербес шақтарында Ж. Баласағұн өзінің атақты шығармасын Қара-Бограханға тарту еткен. Еңбекті жоғары бағалаған хан Жүсіпті «Ұлы Хас Хажыб» – хан сарайының бас кеңесшісі, бас уәзірі етіп тағайындайды. Бұл лауазым қызметіне – мемлекет заңдары мен елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалау, сонымен қатар сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен қолөнершілерге патша атынан әмір беру. Елшілерді қабылдау, оларды шығарып салу, ресми түрдегі жиындардың өтуін қадағалау. Сондай-ақ кедей адамдар мен жетім-жесірлердің арызын ханға жеткізумен айналысу жатады. Осы атқарған қызметінен-ақ Жүсіп Баласағұнның қайраткерлігі танылады. Зерттеушілер бұл шығарманың Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарғандығына тоқталады. Шығармада жетілген қоғам орнатудың әлеуметтік-этикалық мәселелерін дүниетанымдық тұрғыдан шешуге талпыныс жасалған. Өйткені бұл еңбекте мемлекеттегі жоғарыдан бастап төменге дейінгі әлеуметтік топтардың мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқығы мен міндеті қандай болуы қажет екендігі баяндалады. Алдымен ел басқарушысының бойынан табылар қасиеттерге: ұшан-теңіз ақыл-парасат, түзу ниет, білімді, өнерлі, шешен, жомарт, кең пейілділік, жарқын жүзділік, кекшіл болмауды жатқызады. Ел билеушіге барынша жоғары талаптар қояды. Мемлекеттің гүлденуі мен халқының бақытқа кенелуі

ел билеушінің өте зеректігі мен іскерлігіне байланысты деп топшылайды. Дастанда елбасының бойынан табылуы тиіс қасиеттерді:

Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,
Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,
Бектің аты бар жаһанға тараса,
Күн-күн сайын құты артса тамаша.
Бектік үшін туған олар анадан,
Бектік сүтпен, іспен бойға тараған.
Бектің ісі, тек бектердің еншісі –
Бектер ісін ұғар бекке тең кісі.
Бек халықты тек білікпен сендірер,
Барлығын да ақылына жеңдірер.
Бек дегенің білікпенен берік тұр
Білік кетсе, бек қалады – желік құр [4, 215 б.].

Ел билеушінің этикалық-адамгершілікті тұғырлары: парасаттылық, ізгілік, қайырымдылық болуға тиіс. Ал мемлекеттің елшісі бойынан: көріктілік, зеректік, жат-жұрттықтардың тілдерін меңгерген шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы, түс жорып білетін, музыкаға бейімділікті тала етеді. Түркілік этикалық ойдың негізгі қарастырған мәселелерінің бірі «бақыт» туралы ұғым. Жүсіп пікірінше, «Кім бақытты? Жомарт бақытты, Мәрт бақытты, Басқаларға бақыт берген адамның өзіне де бақыт тиесі. Құлқы пәк, қылығы ізгі бектердің көрген күні де сүйінішті, рахымды. Жаратушы кімге ізгі құлық берсе, сол құлқымен жән-жосық келер, сол құлқымен көгеріп, көктер. Бақ адамның құлқына бұйырар» [6, 180 б.]. Жүсіп пайымдауында адамға бақ, дәулет, құт оны қадірлей алмаса тұрақтамайды. Бақытты болсам, дәулетті болсам, құт қонса екен үйіме деп армандамайтын адам жоқ. Бірақ бұл игіліктер ойшылдың топшылауында қасиетті адамға қонады. «Кісіге екі дүниедегі пайдалы (нәрсе), ізгі іс немесе мінезі түзулік, екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік, бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады, үшеуі біріксе сүйініш болды (де) ... » [5, 107 б.].

Сондықтан жан тазалығы, ар тазалығы алдыңғы орынға шығуы тиіс. Ойшыл адамзаттың мәңгілік этикалық-философиялық мәселелері болып табылатын қанағат, ынсап, дүниеқұмарлық, ашкөздік, тойымсыздық қатарлы ұғым түсініктерге тоқталады. Ашкөзденбе, ұятты ойла, адал бол, Ашық айтып, әділ іске жарар бол! Мешкей тынып, сұғанақ көз, тояр ма? Ашкөзділер жаһанды жеп, тояр ма? Мемлекет қызметіндегі шенеуніктерді парақорлықтан ада болуға шақырады. Бүгінгі ашкөзік жайлаған қоғамда осы парақорлық өршіп, өз шегіне жеткендігін көрсетіп отыр.

Адамдардың мейірімділігі мен зұлымдығының табиғаты туа бітетіндігі және қалыптасатындығы жайлы Ж. Баласағұнның ой-толғауларында, шығыс перипатетиктерінің қоғамдық орта мен тәрбиенің адам мінезін өзгертетіні туралы әлеуметтік тұрғыдағы дәлелдері мен алдын-ала анықталады дейтін діни идея жатқандығы байқалады. Алайда Жүсіп Хас Хиджабтың этикалық тұжырымдамасының философиялық мәні мен мағынасы: жақсы адамның аты – мәңгі өлмей артында қалдырған шапағаты, оған деген құрмет деген даналықпен астасып жатыр. Түркі ойшылының қазір де ұрпақтарының рухани жетілуіне атсалысып жатқандығының айғағы.

Әдебиеттер:

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім 478 б.
2. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы. 1990. – 328 б.
3. Орынбеков М. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар. Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.) Алматы: Ғылым. 1995. – 160 б.

4. Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
5. Егеубаев А. Жүсіп Баласағұн. – Алматы: Арда, 2005. – 311 б.

СЫР ӨңІРІ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Нурпеисова Эльмира Серикбаевна

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің тарих пәні оқытушысы,
п.ғ магистрі. Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Автор бұл мақалада Сыр жерінің ұлттық рухани қазыналарымызға толы екендігін, рухани жәдігерлерімізді қастерлеу қажет екендігін, осы арқылы болашағымызға келелі нәрсе қалдыра алатынымызды баяндайды.

Аннотация. В этой статье автор рассказывает, что земля Сыр полна наших национальных духовных сокровищ, что необходимо беречь наши духовные реликвии, чтобы мы могли оставить что-то полезное для своего будущего.

Abstract. In this article, the author explains that the land of Syr is full of our national spiritual treasures, and that it is necessary to preserve our spiritual relics so that we can leave something useful for our future.

«Сыр – алаштың анасы» деп аталуы тегін емес, оған дәлел қазақтың қара шаңырағы болған жерімізде тас дәуірінің іздері, сақ, ғұн, қаңлы тайпаларынан қалған тарихи-мәдени ескерткіштер, Сыр жағасындағы көне қалалардың орындары, «Ұлы Жібек жолының» батыс пен терістікке шығатын тоғыз жолдың торабы болуы, алғашқы тайпалық бірлестіктердің және ортағасырлық мемлекеттердің орталығы болуы және т.б. дәлел. Сыр бойының бас қаласы – қазақтың тұңғыш астанасы болған Қызылорда өңірінің тарихы терең киелі мекен ретінде ежелгі және орта ғасырлардағы ұлттық мәдени құндылықтарымен ерекшеленеді. Тарихымыздағы төрт бірдей мемлекеттің астанасы болған киелі жерлерге толы осы ұлан байтақ даламызда кеңес өкіметі киелі атаулының тамырына балта шабуға барын салған болатын. Француздар киелі жері Нотр-Дамды мақтан тұтса, ағылшындар Стоунхендж тас мүсіндерін, немістер көне қалалары Ротенбургты ұлық етеді. Бір ғана Сыр өңірінің өзінде мақтанш ететін қасиетті орындар жеткілікті. Ол киелі орындарымызды әлем халқына танытумен қатар еліміздің болашағы жас ұрпаққа тереңірек таныстыру маңызды. Сондықтан да, өткен тарихымызды білмей, мәдени мұраларымызды зерделемей, бүгінгіміздің қасиетін жете бағалай алмаймыз, ал онсыз ертеңгі өмірімізді сезіну де қиын. Бұның түп қазығында қоғамдық сананың қалыптасуы, рухани жан дүниеміздің баюы, ұрпақ тәрбиесі жатыр. Тарихи жәдігерлеріміз 2017 жылы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» картасына енген болатын. Расында да, Қазақстанның киелі жерлерінің белдеуі – біздің рухани жұтандықтан сақтайтын қалқанымыз әрі ұлттық мақтаншымыз. Сол жылдары Қызылорда медициналық жоғары колледжінің «Рухани дамыту» орталығының ұйымдастыруымен «Туған өлкем - Қызылорда» атты тарихи-танымдық экспедициясы жасақталды. Тарихи-мәдени мұралармен танысуды мақсат еткен экспедиция өз жұмысын «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тізіліміне енген құндылығы жоғары Жанкент қорымынан бастады. Топтың құрамында колледждің «Әлеуметтік-экономикалық пәндер» бірлестігінің жетекшісі Махамбетова.А, оқытушы Баймишева.П, колледж жастар жетекшісі Шарапат.Р. болды. «Туған өлкем - Қызылорда» экспедициясының мақсаты – «Туған жер» бағдарламасы аясында Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы тарихи-мәдени мұралар және киелі орындарға саяхат жасау, зиярат ету арқылы Шірік-рабат секілді ерте мемлекеттік қаланың, Жанкент, Сығанақ, Сауран, Жент сияқты ортағасырлық қалалар, ортағасырлық тұлғалардың кесенелері тарихымен танысу. Тарихи-танымдық экспедицияны ұйымдастыруда қазақ халқының рухани құндылықтарын насихаттап, оқушыларға тарихи орындарды, киелі орындарды көрсетіп, туған өлкенің тарихы мен

мол рухани құндылықтар туралы білімдерін арттырып, отансүйгіштік қасиеттерін күшейту көзделді. Барлығы 20 адамнан құралған тарихи-танымдық экспедицияның мүшелері экспедицияны Қазалы ауданы территориясындағы Өркендеу ауылдық округінің орталығына іргелес жатқан биік төбе сияқты топырақ басқан қорғанның орнында VII-XIV ғасырларда өмір сүрген Жанкент (Янгикент) қаласынан бастады. Оғыздар ерте заманнан мекендеп, патшалары астана етіп отырғандығымен қатар, бұл қаланың Ұлы Жібек жолында жатқан сауда-саттықтың үлкен қаласы болғандығын, әдемі кілем шығарудың, тұскиіз жасаудың, ат сайманын, садақ жебе жасаудың, көзе – сауыт шығарудың орталығы болғандығы жөнінде таныстырылды. Оғыз еліне жүздеген жыл астана болып келген бұл шаһар орны Сыр өзенінің сол жақ бетінде, Қазалы қаласынан 15 шақырым жерде жатыр. Тарихи-танымдық экспедиция мүшелері сырға толы шаһар орны мен ерекшелігін қызығушылықпен тамашалады. Одан соң экспедиция мүшелері Қармақшы ауданында орналасқан «Қорқыт ата» мемориалдық кешенінде болды. 2000 жылы кешен жанынан мұражай ашылған болатын. Оның қорында 700-ге жуық экспонат сақталуда. Мұражай экспозициясында Қорқыт өмір сүрген дәуірдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәліметтер беретін материалдар қамтылған. Бұл музей түркі дүниесіне ортақ ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ, гуманист, қобыз аспабын алғаш жасаушы өнерпаз, абыз Қорқыт баба мұраларын бүгінгі және ертеңгі күннің игілігіне айналдыратын мәдени кешен болып табылады. Экспедиция мүшелері бұл кешенде жаңартылған жәдігерлермен танысу барысында ортағасырлық Жанкент қаласы орнынан табылған көне дүниелерге қатты қызығушылық танытып, құнды ескерткіштермен мұқият танысып шықты. Сонымен қатар экспедиция Қорқыт Ата мазары ескерткішінде болды. Шамамен 9-10 ғасырларда Қармақшы ауданы Қорқыт станциясынан 3 км жерде Қорқыт әулиеге тұрғызылған. Диваев пен Кастаньенің жазуы бойынша, құрылымы шикі кірпіштен қаланған дөңгелек пішінді 6-8 қырлы күмбезді құрылыс. Ішкі көрінісі биік, қабырғалары кереге өрнегімен нақышталған. Исламға дейінгі түрік сәулет құрылысы үлгісімен салынған. Мазардың бұрынғы орнына қазіргі заманғы мемориалдық ескерткіш орнатылған. 1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілген. Амфитеатр, қонақ үйі, т.б. нысандардан тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды. Бұл ескерткіш кешен күллі түркі халықтарына ортақ қасиетті зиярат орындарының бірі болып саналады. Оның іздеген мәңгілік өмірі «Мәңгілік ел» идеясының бір тармағы ретінде астасып жатқанындай. Түркі тайпаларының тарих қойнауындағы ірі тұлғаларының бірі – Қорқыт ата халқымыздың рухани мәдениетінің ділдік дәстүрінің белгілі бір бағытта өрбуіне үлкен ықпал еткен ғұлама. Оның көтерген рухани мәселелері, жеке басының өмір салты талай ұрпаққа өнеге болар деңгейде.

Тарихи-танымдық экспедицияның келесі екінші кезекті сапары Қаратау мен Сырдария өзенінің ортасында, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан бабаларымыздың көне қаласы Түркістанға бағытталды. Онда ортағасырлық сәулет өнерінің жарқын үлгісіне айналған көрнекті ескерткіш, ЮНЕСКО дүниежүзілік мұралар тізіміне қосылған Қазақстандағы бірінші құрылыс Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Яссауидің кесенесін тамашалады. Кесене сопылықтың негізін қалаушы, ойшыл, ақын, уағызшы Қожа Ахмет Яссауидің құрметіне тұрғызылған. Кесене жанындағы Қожа Ахмет Яссауи мешіті бүкіл дүние мұсылмандары үшін қасиетті орынға айналды. Оқушылар Яссауидің өміріне байланысты естеліктер, құжаттарды, өмірі туралы сыр шертетін экспонаттарды тамашалады. Колледж студенттері бар ынта-ықыластарымен тыңдап, сауалдар қойып мол ақпарат алуға тырысты.

Одан соң экспедиция мүшелері Түркістан қаласында орналасқан тарихи-этнографиялық мұражай мен қазақ халқының мұрасы мен рухани қазынасының көзі саналатын этноорталықта болды. Онда Түркістанның тарихы, рухани өмірі, қаланың мол

тарихи жәдігерлерімен танысты. Экспедиция бағыты содан соң Түркістан қаласынан батысынан 40 шақырым қашықтық және Оңтүстік Қазақстан облысының қиылысында орналасқан Сауран қалашығында болды.

Онда қаланың мұнараларының, қыш құмыраларының, қабырғаларының қалдықтары бар. Колледж оқушылары қаланың ішіне қақпа арқылы кіріп, қаланың іздерін, су құбырларының іздерін көріп тамашалады.

Тарихи-танымдық экспедицияның келесі бағыты Қазақ хандығының алғашқы астанасы – Сығанақ қаласына бағытталды. Сығанақ қаласының орны қазіргі Қызылорда облысы, Төменарық тау жыныстары стансасының солтүс-тік-батыс жағында 10 шақырым жерде, «Сунақ ата» елді мекенінен солтүстік-батысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан бес бұрышты төбе, аумағы 20 гектардай жерді алып жатыр. Бұл қала тарихымыздағы Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Қазақ хандығы секілді мемлекеттердің алғашқы туын тіккен аста-насы болған. Өздерінің «Қазақстан тарихы» пәнінен оқып жүрген мемлекет-тердің астанасының орналасқан жері өз өлкелерінен екендігіне оқушылар қуана отырып, қызыға тамашалады. Одан соң келесі бағыт «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша «Діни және ғибадат орындары» санатымен тізілімге еніп отырған «Оқшы ата» кесенесіне бағытталды. Сыр бойының рухани қайнар бұлағы болып отырған киелі мекеннің бірі Шиелі ауданындағы «Оқшы ата» мазаратында жеті әулие жерленген, көпшілік бұл жерді «әулиелер ордасы» деп те атайды. Қызылорда мен Шиелі аралығындағы жиырмасыншы бекетте, Жөлек ауылынан 7 шақырым жердегі темір жол торабында орналасқан. Мазарға жерленген кісінің шын аты – Ибраһим шайхы, лақап аты – Көгентүп, Оқшы ата – кейін ел қойған есімі. Ә.Қоңыратбаевтың көрстеуінше, Оқшы ата – қару, оқ жасаған оғыз батыры. XIV ғасырда Қожа Ахмет Иассаuidің даңқты кесенесін Ақсақ Темір салғанға дейін осы Оқшы Ата жері ежелгі Тұранның, оғыздар мен түркі қыпшақтарының игі көсемдерін, әулие көрегендерін, батырлары мен шешендерін жерлеген қорымы болған екен. Архитектуралық жәдігер тарихы IX-X ғасырлардан бастау алып, белгі XV- XVI ғасырларда салынса керек. Бұл жерде Оқшы атамен бірге Асан ата, Есабыз ата, Ғайып ата, Қыш ата, Досбол би, Бала би сынды ел ардақтылары орналасқан. Тарихи-танымдық экспедиция өз жұмысын сәтті аяқтады және алға қойылған мақсат орындалып, жастардың санасында өз өлкесінің киелі жерлерге бай екендігін, ол рухани қайнар бұлақтарымыздың әрқайсысының өзіндік тарихымен танысып, мол рухани ілім жинап қайтты. Жастардың бойындағы патриоттық сезімнің күшейтілуі үшін бұндай бастамалар тек қазіргі күнде ғана іске асырылмай, жыл сайын үнемі жүргізілу қажет. Бұл аталған киелі орындардан басқа өңіріміз қасиетті орындарға толы. Оларды ұқыпты ұстап, тиісінше қамқорлық жасап, келер ұрпаққа әспеттеп жеткізу басты міндетіміз болып, күн тәртібінен түспеуі керек. Тағылымды туған жерге тағзым етіп түлету – перзенттік парызымыз. Ұлттық бірегейлік темірқазығы саналатын «Туған жер» жобасы патриоттық тәрбиенің негізгі өзегі екенін ескерсек, өлкеміздің рухани осы құндылықтарын туризм тармағына түсіріп, болашағымызға келелі нәрсе қалдыруды көздейтін сала мамандары «Рухани жаңғы-руымыздың» бет-бейнесін жаңартатынына сеніміміз мол.

Әдебиеттер:

1. Келімбетов Н. Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – Алматы: Жазушы.- 2014.-402б
2. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар.- Алматы:Жазушы, 1985.-368 б.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1958. – 110 б.

XX ҒАСЫРДЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИ ДАМУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

Алдабергенова Гульнур Муслимовна

«№46 А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, филология магистрі
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа: Заманауи қоғамдағы рухани құндылықтардың жағдайы күрделі әрі өзекті мәселе болып саналады. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады. Баяндамада ХХ ғасыр мәдениеті дамуының басты бағыттары, ХХ ғасыр мәдениетінің жалпы адамзаттық және ұлттық сипатын (жалпы адамзат мәдениеті қалыптасуының басты себептері және оның құндылықтары, жалпы адамзаттық және ұлттық диалектика және т.б.) зеделеу мақсаты көзделді.

Аннотация: состояние духовных ценностей в современном обществе считается сложной и актуальной проблемой. Духовное возрождение-это обновление внутреннего мира человека, его сознания, его способности принимать новые перемены. В духовном возрождении мы связываем с подъемом цивилизации. Оглядываясь назад на историческую сцену, можно сказать, что это «рухани жаңғыру». Неоспоримым свидетельством являются древние города-достопримечательности, величественные памятники, культурное наследие. В докладе были обозначены основные направления развития культуры ХХ века, цель выделения общечеловеческого и национального характера культуры ХХ века (основные причины формирования общечеловеческой культуры и ее ценности, общечеловеческая и национальная диалектика и др.).

Abstract. The state of spiritual values in modern society is considered a complex and urgent problem. Spiritual revival is the renewal of the inner world of a person, consciousness, the ability to perceive new changes. In the spiritual revival, we are connected with the rise of civilization. This is evidenced by the "spiritual revival" of the growing nation. Our ancient cities, monuments of fashion, and cultural heritage are indisputable evidence.

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті – тарихи мәні бар, өзіндік ерекшеліктері бар құбылыс. Этнопедагогика - ұлттың мәдени мұрасы, тәрбие негіздері. Белгілі ғалым А.Қасымжанов: “Мәдени эмпирикалық деректер мен айғақтарға талдау жасай келе және ғылыми ілімдерге сүйене отырып, этномәдени уақыттың рухани дүниетанымдағы (негізінен қазақ халқының) кезеңдерін (мифологиялық уақыт, архетиптік уақыт, өркениеттік уақыт, дәстүрлік уақыт, инновациялық уақыт) ғылыми түрде, айқындап көрсетеді. Ағартушылық - қазақ халқының ХІХ ғасырдағы рухани мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады”, - дейді [1, 90]. Мәдениет туралы ХХ ғасыр гуманисі Альберт Швейцер былай дейді: «Мәдениет дегеніміз - адам ба-ласынын және бүкіл аламзаттын прогресінің жинтығы, ал бұл прогресс индивидтің рухани жетілуіне ықпал тигізуі тиіс. Олай етпеген жағдайда бұл прогресс мәдениетке апармайды» [2, 103]. Прогресс дегеніміз тек ғылыми техникалық прогресс емес, керісінше, рухани дүниенің, қазынаның, құндылықтың, болмыстың өркендеуі болуында.

Ал көшпенділік шаруашылық - мәдениеті Қазақстан жеріндегі климаттық және ландшафтық ерекшеліктерді ұтымды пайдалана білуге бағытталған. Оны маусымның, жайылымдардың алмасуы деп атауға болады және ол Қазақстан территориясында ХХ ғ. басына дейін басым болғандығын дәлелдейді. Жауын- шашыны молырақ және мал

азығы жеткілікті Солтүстік Қазақстанның орманды-далаларын, таулы альпілік шалғындарды, өзен-көл аңғарларын халық, жайлау ретінде пайдаланған. Қыста қары аз, тебінге қолайлы онтүстіктегі және орталықтағы аймақтар қыстау үшін таңдалым алынған. Көктеу мен күздеу мал қыстайтын жер-лерге тікелей жалғасып жатқан. Қалыптасқан дәстүр бойынша маусымдық жайылымдар рулар арасында бөліске түскенімен, мал қыстайтын жерлерден басқасын елдің бәрі бірдей пайдаланған. Осы жөнінде М. Әуезовтің «Абай жолы» романында шебер суреттелген көріністер көп.

Адамзат тарихында ХХ ғасыр мәдениетінің алатын орны ерекше. Өйткені, бұл кезең тарихи оқиғаларға, қантөгіс соғыстарға, санқилы дағдарыстарға толы сындарлы заман болды. Ғылым мен техниканың қарышты қадамы, жарқын болашаққа деген сенім өркениетті дамыған елдерде біртұтас жалпы адамзаттық мәдениеттің дамып, қалыптасуына әсерін тигізбей қойған жоқ. Ғасыр аяғында жер бетінде парасаттылық пен ізгіліктің кеңінен өріс алуы жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуына және оның ұлттық түрлерінің нәрленуіне, олардың өзара қарым-қатынастарының жаңа арнаға түсуіне ерекше әсер етті. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, ХХ ғасыр мәдениетінің мазмұнын ашып көрсетуде екі басты мәселеге баса назар аударғанды жөн көрдік. Оның біріншісі, ХХ ғасыр мәдениеті дамуының басты бағыттары (ХХ ғасыр мәдениетінің қалыптасуының сабақтастығы мен дәстүрлері, қазіргі заман мәдениетінің тоқырауға ұшырауы мен одан шығу жолдары және бұл процестің түрлі мәдени концепцияларда көрініс табуы және т.б. мәселелері), екіншісі, ХХ ғасыр мәдениетінің жалпы адамзаттық және ұлттық сипаты (жалпы адамзат мәдениеті қалыптасуының басты себептері және оның құндылықтары, жалпы адамзаттық және ұлттық диалектика және т.б.). Абайдан басталған казак мәдениетіндегі тың сырын ХХ г. бас кезінде әрі карай жалғасты. Казак мәдениеті ХХ ғасырды әрі үміттен, әрі түнімен карсы алды. Дуниежүзілік техникалық және демократиялық прогресс Азия орталығына да жете бастады. Әрине, ұлт-азаттық күреске бүкіл Ресей империясын қамтыған революциялық және реформалық қозғалыстар да әсерін тигізді. Алайда Қазақстандағы тек орыс революционерлерінің ықпалымен болды деу жансак пікір. ХХ ғасыр басында казактан шыққан алғашқы саяси кайраткерлердің бірі — Міржақым Дулатов казак халқынын манифесі -«Оян, казак!» өлеңін жариялады. Ол тұңғыш рет халықты ашық күреске шақырған ұран тастады.Өзіне тұскан халыктардағы сияқты Қазақстандағы мәдени қайтадан жанғыру орыс экспансиясына қарсы шығудан басталды. Екі ғасыр арасында қазақтың ұлтық санасының оянуына үлкен әсер еткен тұлғанын бірі - Әлихан Бекейханов. Ол қазақ хандарының, тікелей ұрпағы, ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, қазақтың алғашқы саяси партиясының басшысы, қазақтың бірінші ұлттық үкіметі - Алашорданың көсемі еді. Әлихан Бөкейханов сан қырлы қоғадқ қызметтерімен бірге қазақтың рухани мәдениетін алғашқы зерттеушілердің қатарында танымал. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі тубегейлі өзгерістер, сонымен, табиғи жолмен емес, куштеу принципі аркылы жүргізіліп отырылды. ХІХ ғасырдын ортасы мен ХХ ғасырдын басы - қазақ халқынын отаршылдыкка қарсы толассыз кетерілістер кезеңі. Қазақтың дәстүрлі есептік реттеу тетіктерінің біртіндеп істен шығуы далада тек мінез-құлықтық ретсіздік кана емес, сонымен бірге ұлтық сананың оянуна әкелді. Қазақ мәдениетінде ұлт-азаттық қозғалыс дамуы басталды және бұл қазіргі тәуелсіз Қазақстанға дейін апарған сара жолға жатады. Сонымен қатар, Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ тілінде «Мұсылмандық шарты» атты дінді қазақ әдебімен уйлесімді қосуға арналатын енбегін жа-риялады. Музыкалық әуен, ақындық шығармашылық, сәулеттік және қол өнері шығармашылықты бәрі бір-бірімен өте тығыз байланыста болды. Ол, әсіресе халықтық мерекелерде одан әрі ашыла түсті. Мысалы, өрнек затпен онын формасымен, пластикасымен және әсемдігімен тығыз байланыста шешілді. Бұл, әсіресе халықтың киген кимінен жақсы көрінеді. Бай, сан-салтанатты барқыт шапандар мен әйелдердің сыртқы киімдеріндегі алтын тігіспен көмкерілген бедерлі өрнектер үлкен талғаммен таңдап алынған дәстүрлі материалдың өзі мен куміс әшекейлі тапсырма арасындағы

дәнекер болып табылады. XX ғасырдаты енгізілген оқу жүйесіне байланысты жеке орындаушы, композитор, шығарманы өңдеуші сынды мамандар даярлауға назар аударылды. Жоғарыда айтқан домбыра тарту өнерінің қалалық және ауылдық бөлуінің нәтижесінде олардың шығармашылығын да екі арнада дамыды.

Бұл тұрғыдан алғанда музыканттардың мәдени-әлеуметтік жағдайына байланысты темендегіше топтар қалыптасқан:

- домбырашылық дәстүрдің қалалық тармағына жататын, арнайы музыкалық білімі бар жазба дәстүріндегі кәсіби музыканттар;
- домбырашылық дәстүрдің ауылдық тармағына жататын, ауызекі дәстүрдегі кәсіби өнер иелері;
- қалалық таралудағы әуеской өнерпаздар;
- ауылдық таралудағы әуеской өнер иелері.

Сонымен бірге бұл топтарға түрлі өнер иелері де кіреді. Бұл жағдай - қазіргі күй өнерімен тенденциясы, яғни композиторлық стильдік жүйенің ерекшелігіне, жекелей қалыптасуына мүмкіндік берді. Бұл ұғым авторлық жүйенің қалыптасуына игі ықпал ететін, сол арқылы музыкалық өнерлілікті жанаша қабылдау, жаңа музыкалық образды шеңбердің қалыптасуы сынды. XX ғасырдың басына дейін қазақ мәдениеті, соның ішінде күй өнері көшпенділік негізде дамыды. XIX ғасырдаты ресейлік отарлау саясаты дәстүрлі өнер түрлеріне де озын теріс әсерін тигізбей қоймады. Э. Мухамбетова атап өткендей, осының салдарынан Орталық Азия халықтарының өркениетінде құлдырау үдерістері жүріп жатты. Біртіндеп тәуелсіздіктен айырыла бастау көркем мәдениетіне де нышан бере бастады. Расында да бүкіл халықтың қол-аяты тусалып, жіпті енді шешілместей күрмелгенін олар өз көзімен көріп, сезіп отырған заманда жарқын болашақ туралы сөз қозғауды көпшілік тусінбеген де, қабылдамайтыны да болар еді. Болашақты таңғажайып мамыражай заман түрінде елестету үшін, алдымен, сондай үмітке жетелейтін осы шақтағы шындық керек. Ал отарлау деуірінін шындығы құлаған хандықтан, оңдаған сәтсіз күрестен, күннен-күнге кушейген темір құрсаудан тұрғандықтан келе жатқан жақсы өмір туралы көсіліп жырлауды көпшілік берісі қиялылыққа, арысы кез жумбай алдаушылыққа жорыған болар еді.

Сонымен, қазақ халқыны күйшілік дәстүрінің қалалық және ауылдық деп екіге бөлінуі және осыған орай, музыканттардың, әр түрлі әлеуметтік топтарыны пайда болуы - XX ғасырдағы күй өнерінің дамуының нәтижесі. Күйшілік өнердің әлеуметтік жағынан қалыптасуы және жана мәдениет үлгісіне сай дамуы оның санқырланғанын танытып, өзіне тән ерекшеліктердің табиғатын аша туседі. Сөз жоқ, мұның барлығы күйшілік өнер дәстүрлі эволюциялық даму жолына түсіп, кеп даустылық барытқа бет алғанымен, оның жеке адамдық өнер тұртысынан табиғи дамуна қатысты тиісті бағыт-бағдар беру және жан-жақты көмек көрсету қажеттілігін көрсетеді. Соны жүзеге асырғанда ғана дәстүрлі күй өнерінің бүгінгі өмірдегі алар ерекше орнын белгілей аламыз. Халықтық өнер жалпы мәдениет сахнасының негізгі көркемдік белгі екені мәлім. Ол өз заңдылығымен дамыды және оның күретамаыры – халықтық өнерпаздар шығармашылығы. Дәстүрлі ұлттық құндылықтарды бойына жинайтын халықтық өнер барлық уақытта, соның ішінде, бүгінгі таңда да бағалы болу себебі - елдің мұнын жоқтап, бақытқа жетер жолындағы ауыр азабын алшақтату. Ф. Фукуяма тарихтан кейінгі қоғамда идеология да, философия да, қақтығыс пен мүдделер күресі де жоқ бірлестік деп суреттеді. Алайда қазіргі өркениеттілік бағдарларын объективтік талдау аталған «жерұйықтың» әлі алыс екендігін көрсетеді.

XX ғ. аяғында әлемдік мәдениетке қалыптасқандарының бірі ахуал - озық технологияны гуманистік этикамен үйлесімді қосу талпынысында. Біздің заманымыздың ұлы ойшылдары А. Швейцер, М. Ганди, Л. Толстой, Тейяр, де Шарден, Э. Фромм, т.б. адамгершілікті негізгі құндылық деп жариялап, Шәкәрім «бар білімі» деп атаған этиканы тағылымдардың, ішінде бірінші орынға қойды. Бұл туралы әлемге кеп айтылып-жазылып журумен шектелмей, нақтылы істер де жүзеге асуда. Мысалы,

бұрын әр түрлі елдердің экономикалық даму деңгейіне, тауар өндіруге байланысты салыс-тырулар етек жайса, ал қазірге мүлдем басқаша. Республикада адамгершілік мәдениетін дамыту бағытында аз істер істеліп жатқан жоқ. Бұл ретте жас қауымды халықтың дәстүрлік, адамгершілік нормаларына, ұстанымдарына, ережелеріне үйлесімді тәрбиелеумен қатар қазіргі заман талаптарына сәйкес өркениетті елдерде басты назар аударылатын этикет ережелерін де білуге және күнделікті өмірде орындау қажет. Адамгершілік мәдениетін қалыптастырғанда әдептің құқықпен жақын екендігін, қоғамда тәртіп пен заңдылықты реттейтіндігін естен шығармаған жөн. Алайда XX г. аяғына таман адамды бағалау мен оның әрекетінің жемісін тұтынудың нарықтан басқа әділетті тетігін адамзат әлі ойлап тапқан жоғ деген қорытындыға келдік. Нарықтың негізгі принципі - жеке адамның өзі үшін белсенді әрекетін қоғамдық, байлықты арттыруға бағыттау. «Егер мен өзім үшін болмасам, онда мен үшін кім?», - дейді нарық адамы. Нарықтың төрешісі – ұсыныс пен сұраныстың арасы. Мәдениеттің қалыпты дамуы шығармашыл кадрларды тұрақты түрде жасал шығару жадайларында ғана мүмкін. Бұл мақсатта мәдениет пен өнер саласында көпдеңгейлі кәсіби білім беруді дамыту ойластырылып және мәдениет қызметкерлерін дайындау және кадрларды ротациялауда тұтас жүйені көру, менеджерлер мен әлеуметтік қызметкерлер сияқты, жаңа мамандықтар бойынша мамандар дайындау ісіне басымдылық, ұйғарылған. Кәсіби өнерді колдаумен қатар, олар бүгін жан-жақты өрістеген және біздің Отанымыздан тыс елдерде де үлкен табыстарға жеткен, халықтық, фольклорлық тундылар зор маңыздылыққа ие. Қазақ халқы рухани мәдениетінің даму динамикасы қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты қайшылықты және күрделі удеріс болып көрініс табады.

Әдебиеттер:

1. Қасымжанов А. Рухани тамырлар. //Қазақ, А., Білім, 1994, 97 б.
2. Швейцер А. Культура и этика. / Перевод с немецкого Н.А. Захарченко, Г.В. Колшанского. - М.: Прогресс, 1973. - 343 с.;
3. Асия Мухамбетова. Некоторые эстетические проблемы казахской инструментальной культуры // Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы: F, 1993. - 290 с.].

«ҚЫЗЫҚТЫ ТІЛ ӘЛЕМІ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУ

Алтаева Зауре Жалаладиновна

Қ. Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілі пәнінде ұлттық мінезді қалыптастырудың және білім алушыларды құндылықтарға баулудың маңызы көрсетілген. Оқу-ағарту саласында ана тілін оқытудың маңызы және педагогтің авторлық әдістемесі, өлкетану бағытындағы мәтіндерді пәнге кіріктірудің ерекшелігі де айтылған.

Аннотация. В статье показано значение формирования национального характера и приобщения обучающихся к ценностям в дисциплине казахский язык. В учебно-просветительской сфере подчеркивается важность преподавания родного языка и авторская методика педагога, специфика интеграции в предмет текстов краеведческого направления.

Abstract. The article highlights the importance of forming a national character in the subject of the Kazakh language and instilling students in values. The importance of teaching the native language in the field of education and the author's methodology of the teacher, the specifics of integrating texts of the local history direction into the discipline are also noted.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласындағы «Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс», – деген [1] сөзі ұлттық құндылықтарымыз бен мұраларымыздың тек руханият саласында ғана емес, ұлттық сананы жаңғыртуда ерекше маңызға ие екендігін көрсетеді. Жаһандану дәуірінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі басты тетіктің бірі ұлттық құндылықтарға негізделуі – қазіргі ғылым жетістігі. Осы ретте ана тіліміздің орны ерекше. Жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерін қалыптастыру үшін туған тілге, ана тіліне, тарихына, ұлт мүддесі жолында қызмет еткен тарихи тұлғаларды құрметтеуге үйрету аса маңызды. Қазақ тілінің ерекшелігі мен құндылығын Әлихан Бөкейханов өз еңбектерінде атап өткен болатын: «Түрік затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып, қалың отырған іргелі ел жоқ. ... Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта. ... Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мір Яғқұп, Шаһкәрім, Тарғыннан һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой», – деп ұлт тілі мен оның намысын көзінің қарашығындай қорғады [2.30].

Қазіргі таңда оқу-ағарту және тәрбие саласында білім алушыларды құндылықтарға баулу бағыты ерекше назарға алынып отыр. Құндылыққа бағдарланған білім беруді оқу бағдарламасына (оқу пәндеріне) кіріктіру арқылы мектеп оқушылары бойында түрлі дағдылар мен алуан құндылықтарды қалыптастыру көзделеді. «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік және жауапкершілік», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Заң және тәртіп», «Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылықтары жүйелі түрде пән сабақтарынан көрініс табуы тиіс. «Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады». [3.6].

Пән мұғалімі ретінде білім алушыларды қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде құндылықтарға баулу жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, нәтижелі жұмыстарға қол жеткізу мақсаты жолға қойылды.

Қазақ тілі пәнінде қосымша ресурс ретінде қолданылып жүрген «Қазақ тілі пәні бойынша Сыр бойының табиғаты, мәдениеті және ғылымына қатысты мәтіндер жинағы» құралы арқылы білім алушыларды оқу сауаттылығына баулу жұмыстарын жиі жүргізіп отырамын [4]. Мәтіндер жинағында «Сырдың сұлу табиғаты», «Сырдың сәнді сәулеті», «Сырдың сыр тұнған аңыздары», «Сыр бойынан шыққан аты мәшһүр тұлғалар», «Сырдың кемел ғылымы», «Тілдік талдау түрлері» тақырыптары бойынша мәтіндер топтастырылған және мәтін бойынша оқу сауаттылығына арналған тест, тілдік талдау тапсырмалары берілген. Алуан стильдегі мәтіндерді білім алушыларға ұсына отырып, өлкетану бағытындағы ақпараттармен жұмыс жасауға қызығушылығын арттырып әрі шығармашылық зерттеу дағдыларын дамыта аламыз. Осы мәтіндермен жұмыс барысында білім алушыларды халықтың өткеніне, бүгініне және болашағына қатыстылығын түсіну, Отанға адалдықтың маңызын бағалау, елінің тарихы мен мәдениетін құрметтеу құндылықтарына үйретіп, туған жер, өлке мәдениеті туралы көптеген мәліметтермен ақпараттандырамыз. Аталған жұмыс білім алушының өз өлкесіне деген қызығушылығын туғызып қана қоймайды, зерттеу, талдау дағдыларын ұштап, танымын кеңейте түсері анық.

5-сыныпқа арнап вариативті білім беру бойынша «Қызықты тіл әлемі» тақырыбында авторлық бағдарлама әзірлеп, өз тәжірибемде қолданып жүрмін. Аталған авторлық бағдарлама 2022 оқу жылында қалалық «Авторлық бағдарлама» сайысында жүлделі 2- орын иеленген болатын. Бағдарламаның мақсаты – білім алушыларға сөз мәдениеті мен тіл білімі салалары бойынша тереңдетілген білім бере отырып, пәндік олимпиадалар мен интеллектуалдық сайыстарға дайындау. «Қызықты тіл әлемі» атты бағдарлама 5-сыныпқа арналған, жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының толықтырылуы болып саналады. Бағдарлама мазмұнына аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. Жалпы білім беретін мектептердің 5-сыныптарға қазақ тілі пәнінде қолдануға ұсынылған және оқушылардың жас ерекшелігіне, танымдық қабілеттерінің мүмкіндік деңгейлеріне сай жасалған. Бағдарлама оқушыларды шығармашылық ойлауға бағыттау, өз ойларын ауызша, еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және талдау, бағалау, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық талдау жасай білу дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Бағдарламада түрлі тақырыптардағы мәтіндер де қамтылған. Оқушыларға ұсынылған мәтіндер білім алушылардың оқу сауаттылығын дамытуға, олардың бойында жағымды, ұлттық мінез бен құндылықтарды қалыптастыруға, білім алушының жан-жақты дамуын және болашақ өмірге дайындалуын қамтамасыз етуге айтарлықтай әсер етуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіл біліміндегі грамматиканың ықпалын нақты мысалы негізінде дәйектеп көрейік. Бұл біздің күнделікті тілдік қарым-қатынас барысынан айқын байқалады. Қазақ тілінде жіктеу есімдігінің екінші жағы жекеше және көпше формада «сен» және «сіз» нұсқалары қолданылады. Көрсетілген тілдік бірліктің сыпайылық мәнді иеленуі адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, олардың мінезіне әсер етпей қоймайды. Сөйлеу тілінде «сен» қолданысы адамдар арасында түсініспеушілікке алып келеді. Әлеуметтік құбылыс ретінде «көргенсіздіктің» белгілері ретінде мыналарды көрсетуге болады: «Тек көргенсіз ғана өз тілінде дөрекі мәнді қалжындарды айтады, анайы түрде «сен» нұсқасын жиі қолданады» [5.180]. Қазақ тілінде «сен» және «сіз» тілдік қолданыста түрлі реңктермен ерекшеленеді. «Сіз» деп сөйлеу арқылы біз өзіміздің адамдарға деген құрметімізді көрсетеміз. Дәстүрлі тәрбие бойынша біз өзімізден үлкен кісілерге «сіз» деп қана сөйлесек, осы тілдің көмегімен кішкентай балаларға үлкен кісілерді сыйлап құрметтеуге үйретеміз. Біздің мәдениетте өзіңнен үлкен кісілердің барлығына «сіз» деп сөйлеу қалыптасқан. Біздің анамызға «сіз» деп сөйлеуіміз өзге ұлт өкілдерін қатты таңғалдырады. Бұл көрініс қазақ тілінде «сен» немесе «сіз» қолданысының қаншалықты маңызды екенін дәлелдей түседі. «Сіз» тілдік бірлік сол тіл өкілдерінің бір -біріне ресми қарым-қатынасын сақтауға негіз болады. Мұғалім өз оқушысына,

оқушы өз мұғаліміне, барлығы бір-бірімен сөйлескенде, осы «сіз» сөзін кеңінен қолданады. Осыдан қазақ тіліндегі сөйлеушілердің сыпайылығын аңғаруға болады. Білім алушыларға «сіз» және «сен» сөздерінің қолданысын түсіндіру арқылы сыпайы, әдепті, парасатты мінез ерекшеліктерін қалыптастырсақ, сонымен қатар, отбасы дәстүрлері мен құндылықтарын білу, оқуға, өз халқының рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде ана тіліне деген қызығушылығын ояту, өз елінің мәдениетін құрметтеу құндылықтарына баулимыз.

«Қызықты тіл әлемі» авторлық бағдарламасының «Сөздер құпиясын ашайық» бөлімінде тапсырмалар ретінде білім алушыларға қазақ халқының түрлі мақал-мәтелдері, тұрақты сөз тіркестері, көнерген сөздер, терминдер, қолдану аясы шектеулі сөздер, кірме сөздер, ауыспалы мағыналы сөздер, метафора, метонимия, тағы басқа тақырыптар ұсынылған. Тұрақты тіркестер мен мақал-мәтел тақырыптары бойынша қазақ тілі жүйесіне арнайы зерттеу жүргізіп, жоғары бағаланатын адами құндылықтарды, кемшіліктерді қарастырған болатынбыз. Адамгершілік қасиеттердің жағымды, жағымсыз бағалауыштық сипатты иеленетін мақал-мәтелдер жүйесінің сандық, сапалық көрсеткіштеріне қарай отырып, сол халықтың ұстанатын әдеп нормаларын, қоғамдық тәртіп, өмір салтын ұстану ережелерін, өз мәдениеті арқылы өзге мәдениетке деген қарым-қатынасын, көзқарасын тануға болады. Мәселен, көпшіл болу мен көп сөйлеу жағымсыз бағалауыштық мағынасы: «Айтылған сөз – атылған оқ», «Ерегісі көп, есті ісі жоқ», «Көп сөйлеген көптен айрылар». Сөйлеудегі ұстамдылық, тұйықтықты білдіретін ұғымдар бойынша: «Ақылдың сөзі нақ», «Ойлап істеген іс оңды болады», «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір», «Жеті рет өлшеп, бір рет кес», «Жақсы байқап сөйлеп, жаман шайқап сөйлер», т.б. «Қонақжайлылық» ұғымы қазақ тілінде көбірек қолданылады: «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады», «Сыйласқанға не жетсін, сөйлескеннен не кетсін», «Қонағыңнан алтынын алма, алғысын ал», «Қонақ асын тәңірі өтейді». «Отансүйгіштік» ұғымы туралы қазақтың мақал-мәтелдері: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл», «Отан оттан да ыстық», «Туған жердің жері де көрікті, елі де сүйікті», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» [6.8]. Осы ақпарат көздерінің нәтижесінде жеке тұлғаға тән көптеген қасиеттер анықталды. Тұжырым жасайтын болсақ:

– мақал-мәтелдердің, фразеологизмдердің білдіретін экспрессивті мәніне қарай қазақ қоғамына тән ортақ құндылықтар жүйесі ретінде мыналарды көрсетуге болады: сыпайылық, сауаттылық, тәлім-тәрбие, батылдық.

– қазақ тілінің фразеологиялық жүйесі негізінде мынадай ұғым-түсініктердің белсенділік танытатынын байқауға болады: адалдық, еңбекқорлық, кәсібилік, еркіндік, сөйлеудегі ұстамдылық, сақтық, жауапкершілік, оптимистік, өзімшілдік, өзі туралы ақпараттың сақталуы, тіл табысқыш, отансүйгіштік, әділдік, ұйымшылдық. Қазақ халқына тән негізгі құндылықтың бірі ретінде қонақжайлылықты атап өтуге болады.

Қазіргі қазақ тілінің байырғы қазақ қоғамындағыдай кең өрісте, бүкіл қарым-қабілетімен, көркемдегімен, шешендігімен қолданыла алмауы салдарынан көптеген мақал-мәтелдер, көркем теңеулер, шешендік оралымдар, ұйқасты, мәнерлі сөздер қолданыстан шығып барады. Егер ұлттың тілі жұтаса, мінезі өзгереді. Орыстілді қазақ балаларының мінезі тік, құрмет сезімінің кем болатыны – ұлттық мінез бен құндылықтардан хабарсыз қалуының салдары дегенді ғалымдар дәлелдеп отыр. Тіл адамның қоршаған ортасын, сол ортада қалыптасқан мәдениетті бейнелейді, мәдениетті сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға жеткізеді. Осыны ескерсек, тіл мамандары мен қазақ тілі және әдебиеті пән мұғалімдерінің қоғамдағы жауапкершілігі жоғары, қазақ тілі бағыты бойынша білім беру үдерісін жаңаша сипатта жүргізуді қолға алу маңызды.

Тіл – тұлғаны қалыптастырушы қару әрі құрал. Біз ата-бабамыздан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен тіл арқылы әрі сол тілде жинақталған мәдениет арқылы өркендедік.

Осы мәдениетті, құндылықтар жүйесін сақтау үшін немесе дамыту үшін оқыту әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып, жанашылдыққа басымдық бере отырып, өткенмен, тарихпен сабақтастырып, әрбір сабағымызды шығармашылық үдеріс ретінде қарастыруымыз қажет. Әрбір ұлттық тіл сол ұлттың ұлттық мінезін бейнелеп қана қоймайды, оны қалыптастырудың нақты факторы.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Қ.Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. <https://egemen.kz/article/21724>
2. Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения. / Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры. – 4-15 томдар. - 2018.
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, Астана, 2024 жыл.
4. Қазақ тілі пәні бойынша Сыр бойының табиғаты, мәдениеті және ғылымына қатысты мәтіндер жинағы» мәтіндер жинағы. –Қызылорда: Көкжиек, 2022 жыл.
5. Тер Миасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл
6. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. –Алматы: Білім, 2007.
7. Жанділдин Н. Жеткіншектердің ұлттық мінез – құлқын қалыптастырудың педагогикалық- психологиялық негіздері. – Алматы, 2000.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЖАҢҒЫРУ ҮДЕРІСТЕРІ

Абдукаликова Гульнар Жаксылыковна

№46 А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейі КММ, Шиелі, Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ мәдениетінің тарихи сабақтастығы мен оның заманауи жаңғыру үдерістеріндегі рөлі қарастырылады. Ұлттық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының тарихи кезеңдері, оның қазіргі қоғамдағы орны, сондай-ақ жаңғырту жолдары талданады. Зерттеу барысында қазақ халқының рухани құндылықтарының сақталуы мен жаңаруына ықпал ететін факторлар анықталып, олардың мәдени тұтастыққа әсері қарастырылады.

Аннотация. В данной статье рассматривается историческая преемственность казахской культуры и её роль в современных процессах обновления. Анализируются исторические этапы формирования и развития национальной культуры, её место в современном обществе, а также пути модернизации. В ходе исследования определены факторы, влияющие на сохранение и обновление духовных ценностей казахского народа, а также их воздействие на культурную целостность.

Abstract. The Historical Continuity of Kazakh Culture and Modern Renewal Processes. This article examines the historical continuity of Kazakh culture and its role in modern renewal processes. It analyzes the historical stages of the formation and development of national culture, its place in contemporary society, and ways of modernization. The study identifies factors influencing the preservation and revitalization of the spiritual values of the Kazakh people and their impact on cultural integrity.

Қазақ халқының рухани-мәдени дамуы ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи сабақтастық пен жаңашылдық үрдістерінің негізінде дамып келеді. Бұл мақалада қазақ мәдениетінің тарихи сабақтастығы, оның сақталуы және бүгінгі жаңғыру үдерістері қарастырылады. Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан терең рухани мұра мен құндылықтар жүйесі. Ұлттың тарихи сабақтастығы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен құндылықтардың сақталуында көрінеді. Ал қазіргі заманда бұл мұра жаңғыру үдерістері арқылы жаңаша сипат алып, ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық мәдениетпен үндесуде.

Тарихи сабақтастық және оның маңызы: Қазақ халқының мәдениеті көне түркі өркениетінен бастау алады. Жыраулық дәстүр, би-шешендік өнер, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар – барлығы ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындайтын құндылықтар. Көшпелі өмір салты халықтың дүниетанымы мен философиясын қалыптастырды. Мысалы, жылқы мәдениеті, аңшылық пен мал шаруашылығына негізделген әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар мен музыкалық мұралар – барлығы да қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі. Қазақ хандығы дәуірінде ұлттық бірегейлік күшейіп, халықтың рухани және материалдық мәдениеті дамыды. Жыраулар мен билер институты арқылы тарихи жады сақталып, рухани сабақтастық қамтамасыз етілді. Кеңес дәуірінде мәдениетімізге әртүрлі ықпалдар болғанымен, қазақ тілі мен дәстүрлі өнер түрлері халықтың болмысы ретінде сақталып қалды. Бүгінгі таңда жаһандану қазақ мәдениетіне жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлер әкелуде. Ұлттық мәдениетімізді сақтау және дамыту мақсатында мемлекет «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда. Бұл бағдарлама аясында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, тарихи мұраларды зерттеу және ұлттық құндылықтарды заманауи форматта насихаттау бағытында маңызды жобалар қолға алынды. Цифрлық дәуірде қазақ мәдениеті де жаңа деңгейге көтерілуде. Қазақ музыкасы, әдебиеті мен өнері жаһандық сахнаға шығып,

әлемдік деңгейде таныла бастады. Түрлі онлайн платформалар арқылы қазақ тіліндегі контенттің көбеюі ұлттық мәдениеттің жандануына ықпал етуде. Сонымен қатар, жастар арасында ұлттық киім үлгілеріне, дәстүрлі тағамдарға және ұлттық ойындарға деген қызығушылық артып келеді. Қазақ мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен рухани құндылықтарға негізделеді. Оның басты ерекшеліктерінің бірі – ауыз әдебиеті, музыкалық мұра және ұлттық салт-дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі. Қазақ фольклоры, жыраулар мен ақындардың шығармалары ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарған.

Тарихи сабақтастықтың негізгі көріністері: Қазақтың ауыз әдебиеті мен жыраулық дәстүрінің сақталуы; Ұлттық киімдер мен дәстүрлі ою-өрнектердің бүгінгі сән индустриясында қолданылуы; Қазақ музыкасы мен ұлттық аспаптарының қазіргі заманғы музыкаға ықпалы; Ұлттық тағам дәстүрлерінің қазіргі заманғы гастрономияда сақталуы мен жаңғыруы.

Қазақ мәдениетінің заманауи жаңғыру үдерістері. Қазіргі уақытта жаһандану жағдайында қазақ мәдениеті жаңа даму кезеңіне өтті. Сандық технологиялардың дамуы, интернет кеңістігінде ұлттық мазмұнның таралуы, сондай-ақ мемлекеттік қолдау қазақ мәдениетінің жаңаруына ықпал етуде. "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында қазақ мәдениетін сақтау және насихаттау; Қазақ тілінің цифрлық кеңістікте дамуы және қазақша контенттің көбеюі; Ұлттық құндылықтардың қазіргі кинематографияда, әдебиетте, өнерде көрініс табуы; Жастардың мәдени мұраны заманауи тұрғыда жаңғыртуы (креативті индустриялар, жаңа музыкалық стильдер, сән мен өнердегі ұлттық элементтер). Қазақ халқының мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан, терең тамырлы құндылықтарға ие рухани мұра. Ұлттық мәдениеттің тарихи сабақтастығы мен заманауи жаңғыруы – қоғамның тұрақты дамуының басты негіздерінің бірі. Бұл баяндамада қазақ мәдениетінің тарихи сабақтастығы және оның қазіргі заманғы жаңғыру үрдістері қарастырылады. Қазақ халқының мәдениеті көне дәуірден бастау алып, сан ғасырлық тарихында көптеген өркениеттермен байланыста болды. Ұлы дала көшпелілерінің мәдениеті сақ, ғұн, түркі дәуірлерінің мұраларын бойына сіңіріп, ислам өркениетінің де ықпалын қабылдады. Тарихи сабақтастықтың негізі келесі факторларда көрініс тапқан: Қазақ тілі түркі тілдес халықтар арасындағы ең бай тілдердің бірі болып саналады. Көне түркі жазба мұралары, қазақ жыраулары мен ақындарының шығармалары ұлттық мәдениеттің тұғырлы тірегі болып табылады. Қазақтың киіз үйі, зергерлік бұйымдары, ою-өрнектері мен ұлттық киімдері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени мұралар. Қобыз, домбыра сияқты ұлттық музыкалық аспаптар мен жыр-термелер қазақ халқының рухани өмірінде ерекше орын алады. Батыс пен Шығыстың мәдени ықпалдарына қарамастан, қазақтың дәстүрлі ән-күйлері өз ерекшелігін сақтап келеді. Қазіргі заманғы жаһандану мен технологиялық прогресс қазақ мәдениетіне жаңа серпін берді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық мәдениетті заманауи талаптарға сай жаңғыртуға бағытталған. Бұл үдерісте төмендегі аспектілер маңызды рөл атқарады: Қазақ халқының мәдени мұралары электронды форматқа көшіріліп, кеңінен насихатталуда. «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы арқылы тарихи ескерткіштер мен мәдени мұралар сақталып, халықаралық деңгейде таныстырылуда. Қазіргі қазақ әдебиеті, киноиндустриясы мен театр өнері ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, заманауи стильдер мен бағыттарды қабылдауда. Қазақтың тарихи тұлғалары туралы түсірілген фильмдер мен сериалдар ұлттық сананың жаңғыруына ықпал етуде. Бүгінгі қазақ жастары ұлттық мәдениет пен заманауи құндылықтарды қатар ұстана отырып, әлемдік аренада өз орнын табуда. Ұлттық киімдер мен дәстүрлі өнер түрлерінің қайта жандануы – мәдени жаңғырудың айқын көрінісі. Қазақ мәдениеті – терең тарихи тамырлары бар, дәстүр мен жаңашылдықты үйлестірген ерекше құбылыс. ХХІ ғасырдағы жаһандану жағдайында қазақ мәдениеті өз ерекшелігін сақтай отырып, жаңару үдерісін бастан кешіруде. Бұл үдеріс ұлттық құндылықтарды сақтау, жаңа технологияларды пайдалану, мәдени

көптүрлілікті дамыту және әлемдік мәдени кеңістікке интеграциялану бағыттарында жүріп жатыр. 2017 жылы жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы қазақ мәдениетінің жаңғыруына үлкен серпін берді. Бұл бағдарлама ұлттық бірегейлікті нығайту, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» және «Туған жер» жобалары арқылы мәдени мұраны жаңғыртуға бағытталған. Қазақ тілі заман талаптарына сай жаңғыруда. Латын графикасына көшу үдерісі тілді халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуы қазақ тілінің интернет кеңістігінде белсенді дамуына ықпал етуде. Қазіргі қазақ өнері дәстүрлі бағыттарды сақтай отырып, заманауи үрдістермен үйлесуде. Киноиндустрияда «Қазақфильм» киностудиясы мен жеке продюсерлік орталықтар ұлттық нақыштағы сапалы фильмдерді шығаруда. Әдебиетте жас жазушылар қазақ тіліндегі заманауи шығармалар жазып, жаңа тақырыптар мен жанрларды игеруде. Мәдениеттің цифрлануы ұлттық мұраны сақтау мен таратудың тиімді тәсіліне айналды. Қазақстанда тарихи-мәдени мұраны цифрландыру жұмыстары жүргізіліп, электронды кітапханалар, онлайн музейлер және цифрлық өнер жобалары кең таралуда. Қазақстан әлемдік мәдени кеңістікке белсенді түрде енуде. Дәстүрлі өнер фестивальдері, қазақ өнерпаздарының шетелдік турлары, халықаралық көрмелер мен форумдар ұлттық мәдениетті танытуда маңызды рөл атқаруда.

Қазақ мәдениетінің заманауи жаңғыру үдерісі – ұлттық дәстүрлер мен заманауи технологиялардың үйлесім табуының жарқын көрінісі. Рухани жаңғыру, қазақ тілінің дамуы, әдебиет пен өнердегі өзгерістер, мәдениеттің цифрлануы және халықаралық ықпалдастық – осы үдерістің негізгі бағыттары. Бұл процестер Қазақстанның мәдениетін әлемдік деңгейге көтеріп, болашақ ұрпаққа бай мұраны жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақ мәдениетінің тарихи сабақтастығы – халықтың рухани байлығының маңызды бөлігі. Заманауи жаңғыру үрдістері арқылы мәдени мұра жаңаша сипатқа ие болып, келешек ұрпаққа жетуде. Сондықтан дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі ұлттық мәдениеттің дамуына серпін береді. Қазақ мәдениетінің тарихи сабақтастығы – ұлттың рухани беріктігінің белгісі. Ал заманауи жаңғыру – бұл мәдени мұраны сақтай отырып, оны жаңа заман талаптарына сай бейімдеу. Тарих пен жаңашылдықтың үндесуі қазақ халқының мәдениеті мен бірегейлігін нығайтуға септігін тигізеді. Сондықтан дәстүрді дәріптеу мен жаңашылдықты ұштастыру – ұлттық дамудың басты шарты. Қазақ мәдениетінің тарихи сабақтастығы мен жаңғыруы – халықтың рухани дамуының басты кепілі. Өткеннің озық дәстүрлерін сақтай отырып, заманауи бағыттарға бейімделу мәдениеттің үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғырту – болашақ ұрпақтың тарихи мұрасын байытуға бағытталған маңызды қадам. Осылайша, қазақ мәдениеті ғаламдық өзгерістерге төтеп беріп, өзінің бірегейлігін сақтап қалатыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" // Егемен Қазақстан, 2017.
2. Әуезов М. "Әдебиет тарихы" – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Қасқабасов С. "Қазақ фольклорының тарихы" – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
4. Сейітова Г. "Қазақ мәдениеті және жаһандану" – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
5. Қазақ ұлттық энциклопедиясы – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004.
6. Қойгелдиев М. "Тарих және мәдениет" – Астана: Фолиант, 2018.
7. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайты (www.mks.gov.kz).
8. Назарбаев Н. Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан, 2017.
9. Айтбаев Ә. «Қазақ тілінің дамуы және латын әліпбиіне көшу» // Абай атындағы ҚазҰПУ баспасы, 2020.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНТЕРАКТИВТІ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Жаманова Гүлжаз Елубаевна

Сақтап берген Әлжіков атындағы 144 орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі.
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл білім берудегі интерактивті-инновациялық оқыту тенденциялары қарастырылады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде технология прогресс пен педагогикалық әдістердің дамуы оқыту процесіне жаңа мүмкіндіктер әкелуде. Интерактивті әдістер білім алушылардың белсенділігін арттырып, оларды шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Жоғары деңгей, инновациялық оқыту құралдары – цифрлық платформалар, виртуалды және толықтырылған шындық, геймификация, жасанды интеллект және адаптациялық оқыту әдістері білім деңгейін жақсартуға көмектеседі. Мақалада осы үрдістердің білім беру жүйесіне ықпал етеді

Кілт сөздер: білім беру, инновациялық оқыту, оқыту технологиялары.

Аннотация. В нем рассматриваются тенденции интерактивно-инновационного обучения в образовании. В современной системе образования прогресс технологии и развитие педагогических методов открывают новые возможности для процесса обучения. Интерактивные методы повышают активность обучающихся и развивают их творческие способности и навыки критического мышления. высокий уровень, инновационные инструменты обучения-цифровые платформы, виртуальная и дополненная реальность, геймификация, искусственный интеллект и адаптивные методы обучения-помогают повысить уровень знаний. В статье рассматривается влияние этих процессов на систему образования

Ключевые слова: образование, инновационное обучение, технологии обучения.

Abstract. This examines trends in interactive-innovative learning in education. In the modern education system, the progress of technology and the development of pedagogical methods are bringing new opportunities to the learning process. Interactive methods increase the activity of students and develop their creative and critical thinking skills. high-end, innovative learning tools-digital platforms, virtual and augmented reality, gamification, artificial intelligence and adaptive learning methods will help improve the level of knowledge. In the article, these trends contribute to the education system

Keywords: education, innovative teaching, teaching technologies.

Қазіргі күні адамзат баласы мүлдем жаңа индустрияландыру дәуіріне өтуде. Осыған байланысты болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесіне де қатысты.

Білім беру ісі аса маңызды әлеуметтік институттар қатарына жатады және өзінің мәні, көлемі мен мазмұны бойынша қоғам өмірінде шешуші рөл атқарады. Соған байланысты оны индустриялы қоғам талаптарына сәйкес жетілдіру проблемасы өткір болып отыр.

Бүгінгі күні білім беруді модернизациялауға (жаңарту) баса назар аударылғанына қарамастан, ол әлі де болса уақыт талабына жауап бере алмай отыр, көбінесе қазіргі заман парадигмасына сәйкес келмейтін ескі дәстүрлерді сақтап келеді, бүгінгі күнге дейін осы заман мамандарын даярлаудағы инновациялық тәсілдер мен технологияның рөлі қаншалықты маңызды екені айқындалған жоқ. Мұндай теорияның болмауы қазіргі заманғы білім беру саласының инновациялық ортасын құрудың жалпы заңдылықтарын айқындау мүмкіндіктеріне едәуір шектеу қайып отыр.

Бүгінгі таңда сыни тұрғыда ойлауға қабілетті, ақпаратпен сауатты жұмыс істей алатын, креативті және өзін-өзі оқытуға қабілетті адамдар сұранысқа ие. Мұндай

элеуметтік тапсырыс, әрине, қазіргі заманғы жоғарғы мектепті реформалаудың негізгі бағыттарын да анықтап берді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді және осы мәселе бойынша қазіргі жағдайды талдау негізінде орта білім берудегі мынадай негізгі үрдістер айқын көрінеді:

- білім берудің негізгі парадигмасының алмасуы;
- орта білім беруді гуманизациялау және гуманитаризациялау;
- оқушылар білімін тереңдету тенденциясы;
- білім беруді ақпараттандыру тенденциясы;
- инновациялық оқыту тенденциясы.

Біз өз баяндамамызда бүгінгі таңда білім беру жүйесінде ең актуальды және қажетті болып отырған инновациялық оқыту тенденциясының мазмұнын ашуға тоқталамыз.

Инновациялық оқыту тенденциялары репродуктивтіктен оқыту процесіндегі оқушының өзіндік қызметін және оның оқытушымен өзара әрекеттестігін ұйымдастыруды ұйғаратын оқытудың белсенді тәсіліне өтудегі үлкен қадам. 90-жылдардың басында білім беретін бұл идеялар халықаралық сенімге ие болды да, Ресей оқу орындары бағдарламаларында жұмыстық бағдар болды. Ресейдің педагог-ғалымы А.Бордовский өзінің «Инновационные процессы в современной системе высшего педагогического образования»(1998) сияқты ғылыми еңбектерінде инновациялық оқыту оқытудың жекелеген тәсілдерін қолданумен қамтамасыз етілмейді, ол білім алу процесін қайта қарау және оқытудың жаңа стилін жасаумен байланысты деп атап көрсетеді. [1] білім беру саласының инновациялық білім беру ортасын жасау мәселесімен айналысатын педагог-ғалымдардың пікірлерін талдау төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: біріншіден, инновациялық оқыту (ағылшын тілінде innovation – маңызды жаңалық)-білімді игерудің ерекше түрі, өйткені мұнда болашаққа деген ашықтық, ұмтылыс жеке тұлғаға деген бағыттылық, оның дамуы, шығармашылық элементтерінің міндетті түрде болуы, қарым-қатынастың серіктестік түрі, бірлесе жұмыс істеу, өзара көмек жұмысы бар. Екіншіден, инновациялық оқыту болашақтағы жаңа әрекеттерге, беймәлім жағдайларға және бүгінгі күннің үнемі өзгеріп тұратын, беймәлімдеу көрінетін жаңалығына дайындайды, сондықтан білім алушы белсенділік, бірлесе жұмыс істеу, ұжымда жұмыс істеу, өзара оқыту, бағалау, проблемаларды шешу, ақпарат алумен пайдалану, жоспарлау, ең басты ептілік- оқи алу ептілігі сияқты қасиеттерге қабілетті болуы керек. Үшіншіден, мінез-құлық пен ойлаудың қабылданған нормаларын жеткізумен (трансляциялаумен) айналысатын дәстүрлі оқытуға қарағанда, бұл оқыту адамның бойында жаңа өнімдер, нормалар, ережелер жасауға мүмкіндік беретін қасиеттер мен ептіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Демек, инновациялық оқыту- жеке тұлғаға жақындау, білім берудің негізділігі, шығармашылық бастау, мәндік және акмеологиялық ұстаным, кәсібилік екі мәдениеттің (техникалық және гуманитарлық) синтезі, жаңа технологияны пайдалану. Осы құрамдастардың көпшілігі (әрқайсысы жеке-жеке) азды-көпті таныс. Салыстырмалы түрде мұндағы акмеологиялық ұстаным жаңа, әлі толық мәлім емес. Акме (латынша асте-ның)- кәсібиліктің шыңы, жұмыстағы жоғары нәтижелер тұрақтылығы, сенімділік. Өкінішке орай инновациялық оқыту мен оның негізгі құрамдастарын – акмеологиялық ұстанымды – өмірге ендіру жолдары әлі толық жасалған жоқ. [2]. Дегенмен, осы акмеологиялық факторлар жұмыс істеуі үшін күшті қозғаушы себептер қажет. Жетістіктер мотивтері осындай бола алады. Педагогтың міндеті- білім алушыларға осы мотивтер мен қажеттіліктерді қалыптастыруға көмектесу. Жаңа инновациялық технологияны қолданбай инновациялық оқытуды енгізу мүмкін емес. Олардың бәрі оқытуды компьютерлендірумен, автоматтандырылған оқыту жүйелерін жасаумен интернет желісін пайдаланумен

тікелей байланысты. Сондықтан интерактивтік оқытудың ашық жүйесін жасау мен ендіру күттірмейтін қажеттілік болып табылады.

Бұл жүйелер білім алушыға оқыту технологиясының өзіне қолайлысын таңдауға және қалыптасудың, жеке тұлға ретінде актуалдануының жеке бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді.

Сөз жоқ, жоғарыда айтылған жағдайлардың бәрі жоғары мектептің әрбір оқытушысының өз қызметінде педагогикалық ғылымдағы қолданыста бар заңдылықтар мен оқытудағы инновациялық үдеріс принциптерін жақсы біліп, қолдана алуын талап етеді.

Сонымен, жаңашылдықтар- бұл жаңа тәртіп, бұл жаңалықты тәжірибеге енгізу үдерісі. Жаңашылдық- жаңалық табушы деп аталатын адамдардың мақсатты бағытталған, ұйымдасқан қызмет үдерісі. Бұл үдерісте 6 кезең көзге түседі:

1. кезең – жаңа идеялардың туу кезеңі;
2. кезең – жаңалық жасау кезеңі, яғни не материалдық, не рухани өнімді, яғни үлгіні ойлап табу кезеңі;
3. кезең – жаңалық өнімі тәжірибеде қолданысқа ие болу кезеңі; Одан әрі бұл жаңашылдықтың өзінше өмір сүру үдерісі бастады.
4. кезең – жаңалықтың жаңа салаларға кеңінен таралуы, енуі, қолданылуы;
5. кезең – бұл жаңашылдықтың басымдыққа ие болуы, яғни жаңалық ретінде мүлде танылмауы кезеңі. Бұл кезең бұл жаңашылдықтан да тиімдірек жаңалықтармен алмасуымен аяқталады.
6. кезең – жаңа өніммен алмасуына байланысты жаңашылдықтың қолданылу өрісінің қысқаруы [3].

Инновациялық үдерістің жоғарыда айтылған барлық кезеңдерін бірізді және үзіліссіз енгізуі міндетті емес. Алайда, білім берудегі зерттеуші - ғалымдар анықтаған инновациялық үдерістің мысалы, саналы – басқаруға үдерістер ағымының стихиялық механизмдерінен өту, принципі, инновациялық ортада тұрақсыздандудың қайтымдылығы немесе қайтымсыздығы үдерістерін болжау принципі немесе инновациялық үдерістердің тұрақтылығын күшейту принципі сияқты заңдылықтар мен принциптер негізінде бұл үдерісті саналы басқаруға, тиімді және тұрақты етуге болады.

Зерттеушілердің көпшілігі бұл міндеттің шешілуін білім беру мекемелеріндегі педагогтардың кәсіби даму ортасын ұйымдастырумен, кәсіби педагогикалық ортаның білім берудің жаңа міндеттеріне барабар ерекше қасиетін модельдеудің қажеттілігімен байланыстырады.

Педагогтарды инновациялық қызметке ынталандыратын ортаның ерекше қасиеті оны кәсіби- педагогикалық ортаның ерекше түрі – инновациялық түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық ортаға деген қызығушылықтың өсуіне қарамастан кәсіби педагогикалық ортаның бұл түрі туралы ғылыми түсініктер жоқ. «Инновациялық орта» деген түсініктің өзі де, оның шығу табиғатын түсіну, құрамы, қызмет ету механизмдері де қалыптаспаған. Оның педагогтарға әсері де жеткілікті зерттелмеген. Нақты шынайы тәжірибеде мұндай орта аяқ астынан қалыптасады, педагогтардың оны жаңашылдық ретінде игеруі қажетті шарт ретінде қабылдап, қолдауға әрекет етуі барлық уақытта табысты деп айтуға болмайды. Арасында педагогтар еңбек ететін білім беру мекемелеріне енгізілетін жаңашылдықтың жиынтығы ретіндегі инновациялық орта олардың кәсіби дамуына әр түрлі (жағымды және жағымсыз) әсер ете алады. Әсер позитивті болуы үшін ол арнайы ұйымдастырылуы керек, ал оның құрылымдық – функционалдық үлгісі ол туралы басқару мақсаттарға жетудің интегралды құралы ретіндегі түсінікті енгізе алады. Егер оны үлгілеуде мына міндеттерден:

- а) педагогтардың қызметке, білім алушылардың өзіне де қарым- қатынасын қалыптастыру міндеттерінен;

ә) инновациялық ортаның екіжақты табиғатын: жаңа мүмкіндіктер көзі ретінде және оларды тәжірибеде жүзеге асыру шарты ретіндегі түсінуден шықса, онда инновациялық ортаның әсері позитивті болады. Сонымен, білім беру саласының инновациялық оқыту процесінің даму проблемасы, дәлірек айтқанда, инновациялық білім беру ортасы мәселесі, әлеуметтік, ғылыми және тәжірибелік маңызды проблема болып табылады. Әлеуметтік маңыздылығы қоғам мен экономика дамуының өндірістің бәсекеге қабілеттілігіне қызметтік сапасы мен деңгейі белгілі мөлшерде әсер ететін мамандарды дайындаудағы табыстылығымен байланысты анықталады. Ғылыми актуальдылығы сәйкес келетін білім беру саласының дамуын болжау жобалауға және оның тиімділігімен нәтижелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білім беру саласының инновациялық білім беру ортасын жасау теориясына қажеттілікпен, яғни мамандарды дайындаудың лайықты сапасын қамтамасыз етумен себептелген.

Проблеманың актуальдылығы білім беру саласының инновациялық білім беру ортаны жасаумен және оның қоғамды индустрияландыруға өту жағдайындағы дамумен байланысты міндеттермен де анықталады.

Мұндай кластерлерді қалыптастыру мен дамытудағы жүйе жасау рөлін озық мамандарды дайындауға өтуге нақты түрде мүмкіндік бере алатын инновациялық білім беру саласының орындай алады. Мәдениет пен әлеуметтік ортадағы инновациялық өзгерістерге жағдай жасай алатын оқыту- оқыту болып табылатын инновациялық білім беру саласының табысты дамуы үшін XX ғасырдың сыни ойлау, проблемаларды, шығармашылық пен бірлесе жұмыс істей алу сияқты дағдыларын игерген оқушыларды табысқа жетелей алатын инновациялық оқытушылар маңызды рөл атқаруы керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2015 жылға арналған тұжырымдамасы. – Алматы. -2005
2. Педагогика. Большая современная энциклопедия. Минск: Современное слово. – 2005
3. Нурахметов Н.Н. Новое направление развития казахстанской школы //ШколаКазахстана. – 1996. - №2. –С.11-15
4. Бордовский А. Инновационные процессы в современной системе высшего педагогического образования. – М., 1998.
5. Душков Б.А., Королев А.В., Смирнов Б.А. Энциклопедический словарь
6. Анисимов В.В. и др. Общие основы педагогики. – М., 2006. – С.420-139.
7. Фролова Н. Х. Проблемы применения мультимедийных технологий в высшей школе //Высокие технологии в педагогическом процессе: тезисы докладов межвузовской научно-методической конференции преподавателей вузов, ученых и специалистов.— Н. Новгород, ВГПИ, 2000. — с. 96–98
8. Полат Е. С. Инновационные технологии на уроках иностранного языка. Журнал «Иностранные языки в школе», № 3. 2001, с. 97–98

ШЕТ ТІЛІН ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ

Жаманова Гүлжаз Елубаевна

Сақтапберген Әлжіков атындағы 144 орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі.
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада шет тілін оқытудағы заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесі қарастырылады. Білім беру процесінде цифрлық технологияларды енгізу оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Интерактивті платформалар, мобильді қосымшалар, жасанды интеллект негізіндегі аударма және сөйлеуді тану жүйелері шет тілін меңгеру үдерісін жеңілдетіп, оқушылардың мотивациясын арттырады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту, мультимедиялық құралдар және онлайн ресурстардың рөлі ерекше атап өтіледі. Мақалада ақпараттық технологияларды шет тілі сабақтарында қолданудың артықшылықтары мен болашағы талданады.

Кілт сөздер: ақпараттық технологиялар, білім беру, жасанды интеллект.

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема использования современных информационных технологий в обучении иностранному языку. Внедрение цифровых технологий в образовательном процессе позволит повысить эффективность обучения и улучшить языковые навыки учеников. Интерактивные платформы, мобильные приложения, системы перевода и распознавания речи на основе искусственного интеллекта облегчают процесс овладения иностранным языком и повышают мотивацию учащихся. Кроме того, подчеркивается роль дистанционного обучения, мультимедийных инструментов и онлайн-ресурсов. В статье анализируются преимущества и перспективы использования информационных технологий на уроках иностранного языка.

Ключевые слова: информационные технологии, образование, искусственный интеллект.

Abstract. This article discusses the problem of using modern information technologies in teaching a foreign language. The introduction of digital technologies in the educational process will increase the effectiveness of teaching and improve the language skills of students. Interactive platforms, mobile applications, translation and speech recognition systems based on artificial intelligence simplify the process of mastering a foreign language and increase students' motivation. In addition, the role of distance learning, multimedia tools and online resources is highlighted. The article analyzes the advantages and prospects of using information technology in foreign language lessons.

Keywords: information technology, education, artificial intelligence.

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында жаңа ақпараттық технологияларды (АТ) пайдалану мәселесі жиі талқыға алынуда. АТ жаңа техникалық құралдарды ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа формалары мен әдістерін де қамтиды. Оқытудың әртүрлі кезеңдерінде грамматиканы меңгеруге көмектесетін шет тілдерінің грамматикасын үйренуге арналған көптеген веб-сайттар бар. Осы мақалада мен оқу үдерісі үшін ең қызықты және маңызды болып табылатын сайттар арқасында жаңа программаны шығарып, оны сіздерге сипаттағым келеді.

Шет тілдерін оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, шет тілін практикалық меңгеруге үйрету. Шет тілі дүниежүзілік қоғамдастықтың әртүрлі өкілдерінің өмірінің әртүрлі салаларында өзара түсіністіктің әлеуметтік-экономикалық және саяси механизмі мәртебесіне ие

болуда. Білім беру жүйесі, көптеген зерттеушілердің пікірінше, мемлекеттің қоғамдық саяси құрылымынан тәуелсіз бола алмайды, ол әрқашан әлеуметтік тапсырысқа жауап берді. Нақ сондықтан да соңғы кездері мемлекеттік саясат жоғары оқу орындарына ІТ-ді енгізуге, жаңа оқу материалдарымен жұмыс істеуге пәндік сала мамандарын тартуға, компьютерлік компанияларды оқушыларға арналған электронды өнімдерді жасауға ынталандыруға бағытталған.

Әрбір мұғалім осыны түсінуі керек: оқу процесінде ІТ – бұл механикалық мұғалім емес, мұғалімнің орнын басатын немесе аналогы емес, оқушыларды немесе оқушыларды оқыту кезінде олардың оқу іс-әрекетінің мүмкіндіктерін күшейтетін және кеңейтетін құрал. Сондықтан АТ арқылы шет тілдерін оқытудың әдістемелік негіздерін дамыту шет тілдерін оқытудағы негізгі іс болып табылады. Мұның негізгі мақсатты – коммуникативтік құзіреттіліктің дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін дидактикалық және әдістемелік мүмкіндіктерді терең талдауға негізделуі керек. Бұдан шығатыны, мультимедиялық құралдар коммуникативті іс-әрекеттің жағдайларын модельдеуге; лексикалық және грамматикалық дағдыларды игеруге; оқытуды даралау және саралау; мотивацияны арттыру; тілдік оқыту көлемін арттыру; оқушылардың өзін-өзі бағалауын дамытуға ықпал ету; тілдік материалды сөйлеу әрекетінің басқа түрлеріне ауыстыруды қамтамасыз етеді.

Мұғалімнің міндеті – әрбір оқушының тілді іс жүзінде меңгеруіне жағдай жасау, әр оқушының белсенділігін, шығармашылығын көрсете алатындай оқыту әдістерін таңдай білу. Ынтымақтастықта оқыту, жобалық әдістеме, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, интернет ресурстары сияқты заманауи педагогикалық технологиялар бұлардың барлығы оқушыға бағдарланған оқыту тәсілін жүзеге асыруға көмектеседі. Оқушылардың қабілеттерін, олардың оқу деңгейін ескере отырып, оқытуды дараландыру мен саралауды қамтамасыз ету болып табылады.

Грамматикалық, лексикалық дағдыларды дамыту, білімді тексеру үшін интернетті тиімді қосымша ретінде пайдалануға болатыны сөзсіз. Бұған лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жаттығулар, оқуға арналған тесттер, грамматика, ІQ тесттерінің барлық түрлері кіреді. Бұл мақалада мен грамматиканы АТ қолдану арқылы оқытуға тоқталғым келеді. Грамматикалық материалмен жұмыс істеу барысында оқушылар бірте-бірте тілдік білімдерін жинақтап, грамматикалық дағдылары қалыптаса бастайды.

Жаңа грамматикалық материалмен танысу көп уақытты қажет етпеуі керек. Әсіресе интернет көмектесе. Біріншіден, мұғалімге әртүрлі тірек схемаларды дайындауға уақыт жұмсаудың қажеті жоқ. Екіншіден, оқушылар үшін Интернетте саралап оқытуға арналған көптеген ғылыми-сауықтыру материалдары бар. Үшіншіден, мұғалім оны бақылау үшін оқушыларға көп уақыт жұмсаудың қажеті жоқ, барлығын интернет «жасайтын» болады. Бұл кезеңде грамматикалық құрылымның мағынасын, қалыптасуы мен қолданылуын ашып, оны оқушылардың түсінуін бақылауды және алғашқы бекітуді қамтамасыз ету қажет. Оқытудың әртүрлі кезеңдерінде грамматиканы меңгеруге көмектесетін шет тілдерінің грамматикасын үйренуге арналған көптеген веб-сайттар бар.

Ағылшын тілінің грамматикасы туралы көп ақпарат бар бірнеше сайттарды қарастырайық. Сайттардың бірегейлігі сол, «Грамматика» бөлімінде ағылшын тілінде көптеген мысалдармен әртүрлі тақырыптар бойынша орыс тілінде ережелер бар. Бұл сайттарды пайдалану орта және жоғары сыныптардағы грамматикалық тақырыптарды түсіндіруге көмектеседі.

English tenses with cartoons (www.englishtenseswithcartoons.com) сайты ағылшын тілін үйренуге көмектесу үшін оқытудың бастауыш және орта деңгейлері үшін арнайы әзірленген. Оның маңыздылығы мен уәжі мынада: ағылшын тілінің 12 грамматикалық шақтары арқылы түрлі-түсті анимациялық бейнелер әртүрлі тақырыптарды түсіну және меңгеру процесін қызықты етуге мүмкіндік беретін ережелер мен мысалдарға беріледі.

Бұл сайтты қолданудың негізгі мақсаты: ағылшын тілін оқушыға қызықты етіп үйрету. Бұл көбіне бастауыш деңгейлерін оқыту үшін қолданылады.

English Grammar Online веб-сайты ...ағылшын тілін үйренудің қызықты тәсілі (www.ego4u.com) бастауыш және аралық сыныптарда қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ «Грамматика» бөлімінде егжей-тегжейлі түсіндірмелер мен мысалдар және көп деңгейлі тапсырмалар бар ережелерді таба аласыз. Түрлі-түсті кестелер, әртүрлі ережелердің көптеген мысалдары оқушыларға тақырыптарды түсінуге және тапсырмаларды дұрыс орындауға көмектеседі. Яғни бұл сайт арқылы оқушы өз білімін өзі шыңдап үйренеді.

Learn English веб-сайтында (www.learnenglish.de) грамматикалық тақырыптар бойынша көптеген ережелер бар және ережелерге сәйкес алынған білімді бекіту үшін әртүрлі жаттығулар ұсынылады.

Funny English веб-сайты (<http://www.karusel-tv.ru/announce/8686>) сыныпта оқушыларға ең кішкентай оқушыларға ағылшын тілінің грамматикасын бастапқы оқытуға көмектеседі. Funny English білім беру бағдарламасы – ағылшын тілінде сөйлеуді үйренудің ең қызықты және оңай жолы.

Ағылшын тілі онлайн (*English online*) (www.abc-englishgrammar.com) – әртүрлі заманауи әндерге арналған көптеген бейнеклиптерді, сондай-ақ оларға арналған сөздерді қамтитын бірегей сайт. Бұл сайттың көмегімен оқушылар бейнероликті тыңдап, әндегі грамматикалық құбылыстарды анықтайды, содан кейін мәтінмен салыстыру арқылы тапсырмалардың дұрыстығын тексереді.

Learning English Online (www.englisch-hilfen.de/en), To Learn English (www.tolearnenglish.com) және Learn English (www.learnenglish.de) веб-сайттарын пайдалана отырып, оқушылар әртүрлі грамматикалық жаттығуларды орындауға мүмкіндік алады. Осылайша олар өз білімдерін өздері шыңдап отырады.

Алған білімді шыңдау үшін грамматикалық материалды жүйелеу мен қайталаудың маңызы өте зор.

ESL Exercises (www.englishmedialab.com), ESL Fun Games for Teachers & Students Practice & Play (www.eslgamesworld.com) және LearnEnglish-Today (www.learn-english-today.com) веб-сайттарында ағылшын грамматикасын қайталауға арналған, көптеген ойындар, кроссвордтар ала алады.

Келесі кезең – грамматикалық дағдылардың қалыптасуын бақылау. Грамматикалық формаларды білу бір форманы екіншісіне түрлендіруге, бос орындарды толтыруға, бірнеше формалардан дұрыс жауапты таңдауға, түзетуге арналған жаттығулар арқылы бақыланады. Жаттығулардың көпшілігі сынақтық сипатта болуы керек, өйткені олар уақыт бойынша үнемді, бағалау объективті және массивтік сипатқа ие.

Learn English (www.learnenglish.de), English Grammar 101 (www.EnglishGrammar101.com), сізге арналған ағылшын тілі тесттері (testyourenglish.org) және English language.ru (www.english.language.ru) сияқты веб-сайттар сынақтарды орындау кезінде пікірлерді көре алады. Әрбір тестте 20 сұрақтан аспайды, мұнда етістіктің түрін енгізу, сұрақ қою, сөйлемді қалпына келтіру керек. Қорытынды сынақтар екі немесе одан да көп грамматикалық құбылыстарды салыстыруды қамтиды. Тапсырманың нәтижесі бойынша оқушы нәтижені пайызбен алады және мұғалім белгілеген критерийлерге байланысты өз бетінше баға қоя алады.

Интернетте оқу және ғылыми ақпаратты қамтитын ағылшын тіліндегі бірнеше миллиардтаған мультимедиялық файлдар жарияланды, бұл нақты уақыт режимінде жедел консультациялық көмекті ұйымдастыруға, ғылыми-зерттеу әрекеттерін имитациялауға және виртуалды оқу сабақтарын (семинарлар, дәрістер) өткізуге мүмкіндік береді.

Егер сіз мәтінмен (диалог) жұмыс істегіңіз келсе, London English Course бағдарламасы белгілі бір тақырып бойынша мәтінді оқуға мүмкіндік беріп қана қоймай,

тыңдау және жазу сияқты классикалық әдісті біріктіруге мүмкіндік береді. Бағдарламада ағылшын және орыс тілдерінде әртүрлі тақырыптар бойынша бірнеше диалогтар бар. Бұл бағдарламаны пайдаланатын оқушы мұғалімнің қарқынымен шектелмейді, бірақ интерактивті режимде қажетті мәтін бөлігін ерікті түрде бірнеше рет тыңдай алады. Бұл диалогты тыңдай отырып, оқушы оны ағылшын тілінде жазуға тырысуы керек. Бұл курс сөйлеу практикасы мен теориясының, оқу үлгерімін компьютерлік бақылаудың, ағылшын тілінің грамматикасының және лексикасының нәзік тұстарының тиімді үйлесімі болып табылады. Оқушы сөздік қорын оңай толықтырып, күнделікті қарым-қатынаста қажетті сөз тіркестерін өз бетінше құрастыруға үйренеді. Бұған ағылшын тілін оқыту әдістемесі және әртүрлі практикалық тапсырмалар ықпал етеді.

Reward InterN@tive – Интернет арқылы қашықтан оқыту құралдары орнатылған мультимедиялық курс. «Жаңалықтар», «Форум», «Ойындар» қызметтері тілдік ортаға еруге және оқу процесінде ағылшын тілінде сөйлесуге мүмкіндік береді. «Мұғалім» интернет қызметінің арқасында білікті мұғалім жазбаша тапсырмаларды тексеріп, оқуды қашықтан басқара алады. Бұл курс оқытудың дәстүрлі түрлерінің артықшылықтары мен соңғы ақпараттық технологиялардың прогрессивтілігін біріктіреді. Мультимедиялық курс төрт деңгейді қамтиды: Elementary, Pre-Intermediate, Intermediate, Upper-Intermediate.

Кез келген шет тілін оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеру: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым. Осы сөйлеу дағдыларын меңгеру үшін келесі бөлімдерді білу қажет: лексика, грамматика, фонетика. «Tell me more» мультимедиялық курсы үш бөлімді де қамтиды.

Сөздік бөлімі келесі жаттығуларды қамтиды:

- Сөздік ассоциациялары (диалогта берілген сөздерден өз сөздікті жасауға мүмкіндік береді). Жаттығудың мақсаты – екі бағандағы сөздердің антонимдері мен синонимдерін байланыстыру.

- Сөздердің реті (сөздік пен синтаксистік білімді жақсартады). Жаттығудың мақсаты: «Қорытынды сөйлем» терезесінде сөздерді пайдаланып сөйлем құрау. Параметрлер экранында сөзді тану мүмкіндігін қоссаңыз, микрофонға сөйлеу арқылы сөздерді жылжытуға болады.

- Бос орындарды толтыру (сөздік қорын және грамматикадан білімдерін бекітуге көмектеседі). Жаттығудың мақсаты – беттің төменгі жағындағы сөздерді пайдаланып сөйлемдерді аяқтау.

- «Эрудит» сөздік қорын және жазу дағдыларын арттыруға көмектеседі. Жаттығудың мақсаты - көрсетілген кеңеске сәйкес келетін сөзді дұрыс айту.

- Диктант тыңдап түсіну мен жазбаша сөйлеуді дамытуға көмектеседі. Жаттығудың мақсаты - мұқият тыңдап, естіген мәтінді пернетақтада теру.

- Кескін-сөз ассоциациялары (сөздік қорды дамытуға және айтылым бойынша жұмыс жасауға көмектеседі). Жаттығудың мақсаты - экрандағы суретке сәйкес келетін сөзді табу.

- Сөз таңдау (грамматиканы жаттықтыруға және сабақта алған сөздік қорын бекітуге мүмкіндік береді). Жаттығудың мақсаты берілген таңдаулардың бірін пайдаланып сөйлемдерді аяқтау.

- Сөзжұмбақ (сабақтағы сөздерді білуді, сонымен қатар тыңдап түсінуді тексеруге мүмкіндік береді.). Жаттығудың мақсаты – экранда көрсетілген аударма арқылы немесе сөздің жазылуын тыңдау арқылы кроссвордты аяқтау.

«Фонетика» бөлімінде ағылшын тілінің фонетикалық құрылымының негіздері, әрбір дыбысты, екпінді, интонацияны, сөйлеу жылдамдығы мен ырғағын пысықтауға арналған жаттығулар бар. Ерекшелігі - көрнекі және дыбыстық ақпараттың үйлесуі; «Speak» түймесін басу арқылы сіз өз дауысыңызды жазып, оны ана тілінде сөйлейтін стандартпен салыстыра аласыз.

«Грамматика» бөлімі теориялық материалмен және жазу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулармен ұсынылған: бірнеше таңдау әдісін қолданатын тесттер (бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар); қабылданбаған мәтіндер (пайдаланушыны қолдаудың әртүрлі нұсқалары бар); лингвистикалық ойындар (сөзжұмбақ, сөзжұмбақ), диктант. Бұл жаттығулардың көпшілігін біз сөздік бөлімінде сипаттаған болатынбыз.

Әрине, мультимедиялық бағдарламалар толыққанды ағылшын тілі курсына бере алмайды, бірақ олар тілдің лексикалық деңгейін дамытып, грамматикалық құбылыстарды талдауға үйретері сөзсіз.

Шетел тілі сабақтарында лексика мен грамматиканы оқытуда АКТ-ны қолданудың маңызды аспектісі электрондық сөздіктерді пайдалану болып табылады. Жетілдірілген оқушыларға арналған Macmillan English Dictionary - бұл ағылшын тілін үйренушілерге арналған жақсы ағылшын сөздігі. Сөздік жоғары деңгейлі оқушыларға арналған. Бұл жағдайда «ілгері» деңгей 22,5 мың сөзден тұратын негізгі сөздік қорын иелену болып табылады.

Грамматикалық дағдыларды қалыптастыруда интернет ресурстарын пайдалану мұғалімдер үшін өте тартымды: Интернет оқушылардың қабілеттері мен білімін жақсы бағалауға көмектеседі, оларды оқытудың жаңа, дәстүрлі емес формалары мен әдістерін іздеуге ынталандырады, сондай-ақ бос орын береді. Педагогикалық шығармашылық үшін. Сонымен бірге компьютер мұғалімді алмастырмайды, тек оны толықтырады, дұрыс пайдаланған кезде педагогикалық процестің тиімділігін айтарлықтай арттыратын құрал рөлін атқарады.

Әрине, АТ-ны шет тілі сабақтарында үнемі қолдану мүмкін емес, өйткені тікелей қарым-қатынас арқылы ғана шешілетін басқа да көптеген міндеттер бар. Бірақ мұндай әрекеттердің рөлін бағаламауға болмайды. Бұл үлкен мотивациялық әлеуетке ие және білім беруді даралау принциптеріне сәйкес келетін компьютерлік оқыту.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қазіргі заман күнделікті қарым-қатынаста және кәсіби салада шет тілінің практикалық білімін үйретуге барған сайын жоғары талаптар қояды деп қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер:

1. Гальскова Н.Д. *Межкультурное обучение: проблема целей и содержания обучения иностранным языкам//Иностранные языки в школе.* – 2004. – № 1. – С. 38.
2. Гребенев И.В. *Методические проблемы компьютеризации обучения в школе // Педагогика.* №5. – 1994.
3. Мильруд Р.П., Максимова И.Р. *Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам//Иностранные языки в школе.* – 2000. № 5. –С. 9-15.
4. Потапова Р.К. *Новые информационные технологии и лингвистика.* – М., 2005. – 368 с.
5. Цатурова И.А., Петухова А.А. *Компьютерные технологии в обучении иностранным языкам.* – М.: «Высшая школа», 2004. – 96 с.
6. Азимов Э.Г., Вильшинецкая, Е.Н. *Материалы Интернета на уроке английского языка // Иностранные языки в школе.* - 2001. № 1. С. 12
7. Полякова Т.Ю. *Английский язык для диалога с компьютером.* М.: «Высшая школа», 1997. С. 90.
8. Кушниренко А.Г., Леонов А.Г., Кузьменко М.А. *Что такое Интернет? Информационные и коммуникационные технологии в образовании//Информатика и образование.* 1998. №5. С. 39
9. Полат, Е.С. *Интернет на уроках иностранного языка//Иностранные языки в школе.* -2001. № 2. С. 21-25
10. Лиферов, А.П., Степанов Н.А. *Образование Будущего: глобальные проблемы локальные решения.* М.: «Педагогический поиск», 1996. С. 156

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПРАКТИКА

Нұрадин Г.Б., Кульбаева Д.Д., Аккулиева А.Е.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қаласы, Қазақстан.

Түйіндеме: Мақаладағы философиялық практика және оның атқаратын қызметтері қазақ халқының мәдени-тарихи сабақтастығы аясында ашылады. Қазақтардың өмір жолы мен өмір салтының жоғары этикасы халықтың рухани тәжірибесі ретінде заманды жетілдіру тәсіліне айнала алды. Қазақ халқының өз практикалық өмірінде философиялық білімді ұтымды пайдалану мүмкіндігі зор болды. Қазақ халқының өміршеңдігі дұрыс өмір сүру салтын дәріптейтін философиялық практика ретінде ұсынылады.

Резюме: в статье философская практика и ее функции раскрываются в контексте культурно-исторической преемственности казахского народа. Высокая этика жизненного пути и образа жизни казахов как духовный опыт народа смогла стать способом совершенствования современности. У казахского народа была большая возможность рационально использовать философские знания в своей практической жизни. Жизнеспособность казахского народа представляется как философская практика, прославляющая правильный образ жизни.

Summary: the article reveals philosophical practice and its functions in the context of the cultural and historical continuity of the Kazakh people. The high ethics of the Kazakhs' way of life and lifestyle as a spiritual experience of the people could become a way to improve modernity. The Kazakh people had a great opportunity to rationally use philosophical knowledge in their practical life. The vitality of the Kazakh people is presented as a philosophical practice that glorifies the right way of life.

Адамзат тарихының жолында философия мен ғылым өзінің үздіксіз ізденіс формасы екенін айғақтады. Философия тарихы ғылымдардың пайда болуы, қалыптасуы жолдарымен астасып жатыр. Ғылыми ізденістердің философиялық рефлексиясы философия аренасында көрнекті орынға ие болды. Практикалық философия құндылықтарға, этикаға және мінез-құлық пен жүріс-тұрыс нормаларына ерекше назар аударып, «практикалық ойдың» мәдени-философиялық негіздерін зерттеді. Осы тұста мәдени процестердің күрделілігін талдап көрелік:

- талдаудың мүмкіндіктері мен параметрлері;
- процестер шеңберіндегі қайшылықтары;
- проблемалық тарих таңбалары немесе қоғамдық жады;
- өткен уақыттың құрылымы және оның мәдениетті түсіндірудегі мәні;
- әртүрлі тәсілдер арқылы өрбіген мәдениет ұғымдары;
- күнделікті өмірді өзгерту арқылы қоғам мен өркениеттерді өзгертетін

зандылықтар мен күштер [1].

Қазақ халқының өмір жолы өте бай рухани және мәдени мұраға ие, алайда жоғарыда айтылғандай мәдени-тарихи процесс жолының күрделілігіне байланысты көптеген оң және теріс өзгерістерге ұшырады. Талай бұрмалаңдарға кезіккен қазақ халқы өзінің ұлттық санасы мен дүниетанымын үнемі жаңартып, жаңашылдыққа бейімдеп, ежелден қалыптасқан ұлттық дәстүрлерін сабақтастыра жалғап отырды. Мұндай меметикалық ерекшелік қазақ халқының өміршеңдігінің дәлелі. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілуге аз қалған шақтары қазақ тарихында аз болған жоқ, алайда қазақтардың дұрыс өмір сүруге деген құштарлығы, жоғары этикасы, философиялық білімі оларды аман алып қалып отырды. Халықтың мәдени-тарихи, діни, әдеби және тұрмыстық сипатамаларының ерекшеліктері оның қалыптасқан өмір

салтымен санасады, сондықтанда оны философиялық практика ретінде қарастыруға болады.

Қазақ халқының өмірлік бағытындағы бағдаршамы ізгілік, қайырымдылық, адамшылық, турашылдық болды және ол дұрыс өмір сүрудің қағидасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Әлемде біз сияты өміршең халықтар қатары баршылық, алайда олардың өмірлік принциптері мен өмір сүру жолының арасындағы байланыс сабақтастығы болмаса, онда ол бүтін бір халықтық контекстің құра алмайды. Сол себепті философиялық практика үшін сабақтастық механизмінің болуы және жұмыс істеуі аса маңызды. Сабақтастық дегеніміз белгілі бір ақпаратты сақтау ғана емес, сонымен қатар, ақпараттарды сыртқа шығару, тарату, жалғау, ауысу, өзгерту, қайта қалпына келтіру, мұрағаттау сынды бірқатар қызметтерді атқарады. Тарихи кезеңдерде алдыңғы ұрпақтардың белсенді қатысуымен жасалған материалдар, қорлар, өндіріс күштерін бір ұрпақтың келесі ұрпақпен ауысу сәтінде сабақтастықтың қызметіне жүгінеді.

Ғалым Мұрат Әуезов: «Сабақтастық негізінен уақыттағы тұтас өмір. Сондықтанда қоғам саналы түрде өткенімен байланысты белгілі бір тұтастықты игеруге ұмтылады және болашаққа талпыныста ол сабақтастық заңдарынның мәнін түсінуге тап келеді. Ғалым сабақтастықты бір деңгейден келесі деңгейге өтетін дамудың негізі ретінде қарастыра отырып, «үдемелі» және «тоқтамалы» сабақтастықтар ұғымдарын енгізді. «Үдемелі сабақтастық» - дегеніміз өткен ғасырлардағы қол жеткен жағымды нәтижелердің, сапалы жаңа деңгейлерінің сақталауы және дамуы болса, тоқтамалы сабақтастық жағдайында бұрынырақ қол жеткізген бірнеше нәтижелердің, сол немесе басқа белгілер шығысының, белгілі бір нысанын өзгертетін сапалардың сақталуы, жоғалып кетумен бірге жүреді. Осының арқасында сабақтастық ұғымы жәй ғана абстрактылы категория болуды тоқтатады [2, 216 б.]. Ғалым пікіріне сүйене отырып, қазақ халқының өмір жолының жалғасымдылығын «тоқтамалы» сабақтастыққа жатқызуға болады. Халықтың сабақтастыққа негізделген тұтас өмірін «отаршылдық», «ашаршылық», «репрессия», «соғыс» сынды түйткілдерге негіздей отырып шартты түрде бірнеше бөліктерге бөлсек, әр бөлігіндегі қазақ халқының ұлттық ойлау жүйесі әртүрлі болғандығын түсінеміз.

Ғалым Э.А.Баллер: «Сабақтастық - бұл әртүрлі кезеңдер немесе қадамдар арасындағы байланыс тұтас жүйе ретінде өзгерген кезде оның ұйымының белгілі бір жақтарын сақтау болып табылатын даму. Ол қазіргі уақытты өткенмен және болашақпен байланыстыратын сабақтастық тұтастығының тұрақтылығын анықтайды» дей келе, бір жағынан, сабақтастық формасының мазмұны, үзіліссіздігі және үздіксіздігі бойынша, екінші жағынан сапалық және сандық белгілері бойынша жіктейді:

- салыстырмалы түрде тұрақты сапа шеңберіндегі сандық өзгерістер процесінде орын алатын бір деңгейлі сабақтастық;

- сапалық өзгерістермен байланысты, үдемелі өзгерістерді ескеретін әр түрлі деңгейлі сабақтастық;

- регрессивті өзгерістерге тән инволюциялық сабақтастық [3, 115 с.]. деп үш түрге ажыратты. Демек, қазақ халқының жоғарыда атаған түйткілдерге байланысты әртүрлі болып өзгеруінің белгілі бір жақтары ғана сақталған және дәл сол сақталған бөліктері ғана бізді өткенмен жалғап бүгінгі күнге дейін әкеліп отыр деп түсінуге толық негіз бар.

Ғалым Г.И.Исаенко: «Сабақтастық - бұл философиялық категория, ол жаңа жағдайларға сәйкес өзгертілгендерді жекелеген жағдайларға байланысты ауыстырудан тұратын процесс. Алдыңғы сатының жаңа сатысына көтерілгенде оның ескірген ерекшеліктерін алып тастауға мүдделі сапалық және сандық даму кезеңдеріндегі теріске шығару сабақтастығы ұғымдарының қатынастарын талдауда» дей отырып сабақтастықтың екі түрін негіздейді:

Біріншісі, ескі негізді ішінара теріске шығару кезінде субъект мазмұнының сабақтастығы;

Екіншісі, ескі негізді жоққа шығару мен жоюдың кейбір белгілері, нәтижелері мен формаларының сабақтастығы [4]. Ғалымның сабақтастық туралы негіздемесіне жүгіне отырып қазақ халқының бүгінгі болмысы мен өткеніндегі болмысының үлкен айырмасының себебін түсінуге болады. Ел тарихындағы ірілі-ұсақты түйткілдердің салдарлары сабақтастық процесінде әлеуметтік жағдайларға байланысты екшеленіп отырған. Философиялық практиканың бүгінгі қызметі бүтіннің бөлшектерін түгендеу, зерттеу, құрастыру және тарату болып табылады. Осы тұста бөлінген бөлшектерді құрастырудың тиімді жолы ретінде сол бөлшектердің айшықты тұстарын табу және оны келесі бөлшектің айшықты тұстарымен жанастыру әдісі тиімді бола алады.

Әр кезеңде қазақ халқынан шыққан танымал тұлғалар қатары көп. Солардың ішіндегі ең жарқын тұлға ретінде Абайды алсақ болады. Қазіргі таңда жалпы саны төрт мыңға жуық атаудан тұратын Абай жайлы Әдебиеттер: – бұл ұлы ақынның рухани мұрасына деген терең де ауқымды іңкәрлікті ғана емес, сонымен бірге өз дәуірінің айнасы бола білген жанның рухани қазынасына назар салмай, сол халықтың шынайы тарихы мен дәстүрін, идеялық ынтасы мен ділін, қазақ халқының өткені мен келешегін тану мүмкін еместігіне кепілдік етеді [5, 68 б.]. Алайда хәкім Абайда өздігінен Абай болған жоқ, ол да арысы араб-парсы, грек ғұламаларынан, берісі орыс ақын-жазушыларынан және өзіміздің төл мұрамыздан ауыздықтанып барып күшейді. Кейіннен Абайдың толыққан, кемелденген философиясы Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің үндестігі мен қазақ халқының рухани байлығының жинақталған біртұтас көрінісіне айналды. Бұл процесті сабақтастықтың ішкі айналымы деп атаса да болады.

Сабақтастықтың тағы бір керемет қасиеттерінің бірі оның үнемі жаңа тенденциялармен жасырын астасуы болып табылады. Мысалы Абайдың толық адам идеясындағы «Нұрлы ақыл», «Жылы жүрек», «Ыстық қайраттың» бірігуі «Толық адам» концепциясын құрайды. Дәл осы кестені ХХІ ғасырдың белсенді адамының негізін құрайтын «IQ-Intelligence Quotient - Интеллект коэффициенті», «EQ-Emotional Quotient - Эмоционалдылық коэффициенті», «PQ-Physical Quotient - Күш коэффициенті» және «SQ-Spirituelle Quotient – Руханилық коэффициентімен» беттестіруге болады. Абай идеясының бүгінгі күн талабымен тұспа-тұс келуі де сабақтастық механизміне негізделген философиялық практикаға мегзейді. Бұл өз кезегінде адамның өзін-өзі диагностикалауға да жатады. Әр адам жоғарыдағы негізгі төрт көрсеткіштің өз бойындағы өлшемін пайыздық көрсеткіш арқылы белгіліп, осал көрсеткішін жетілдіру мүмкіндігіне ие бола алады. Абайдың адамды адамшылыққа шақыратын «Адам бол!» ұраны шет елдің «Азаматтық ғылым» деп аталатын заманауи ұғымымен де етене шендеседі. Азаматтық ғылым - азаматтардың ғылыми зерттеулердегі ынтымақтастығы арқылы жаңа білім мен түсінік қалыптастыратын өсіп келе жатқан зерттеу және тәжірибе саласы. Бұл да жаңа ұғым ретінде дәл қазір танымалдыққа ие болғанымен өз бастауын Т. Гоббостың «азаматтық философия» ұғымынан алады.

Қазақ халқының мәдени-тарихи сабақтастығының контексті өте ауқымды. Халқымыздың өмір сүру салтына сүйенген тұрмыстық философиясы жоғары этикамен бекіген. Осы тұста қазақ халқының кәсіби философияға дейінгі өткен философиялық білімдерін зерттеп, қазақ халқының философиясына айналуы үшін ғылыми еңбектер жазып жүрген бірқатар философ-ғалымдары атауға тұрарлық. Олардың қатарына С.Н.Ақатай, Ж.А.Алтаев, Т.Қ.Айтқазин, Н.Ж.Байтенова, Т.Х.Ғабитов, Ғарифолла Есім, Қ.Е.Ермеков, Б.Р.Қазыханова, А.Қ.Қасабек, А.Т.Құлсариева, Д.Кішібеков, З.А.Мұқашев, Ж.Ж.Молдабеков, Ж.Мүтәліпов, Б.Ғ.Нұржанов, Г.Ж.Нұрышева, Ә.Н.Нысанбаев, С.Нұрмұратов, М.С.Орынбеков, Е.С.Омаров, О.Сегізбаев, А.Сейдімбек, Н.Ж.Шаханова, Д.С.Раев және т.б. жатқызуға болады.

Қорыта келе, сабақтастықтың практикалық тұсын былай қорытындылауға болады:

- 1) әрбір дамып келе жатқан құбылысқа сабақтастық тән;
- 2) сабақтастық үдемелі дамудың міндетті шарты болып табылады;
- 3) сабақтастықтың мәні даму кезеңдері, ескінің ішінара қайталануы, олардың сапалы жаңаруы, бірақ олардың барлығы дамудың неғұрлым жоғары сатысындағы байланыста болады;
- 4) сабақтастықтың көрінісі объектінің мазмұнына және оның даму жағдайларына байланысты өрбиді;
- 5) сабақтастық тек құрылымдалған нысандарға қатысты ғана қаралуы мүмкін.

Сабақтастық қоғам дамуының ең негізгі циклі. Ол үздіксіз әрі жалғасымды сипатымен мәдени-тарихи тәжірибе ретінде сабақтала береді.

Мақала ЖТН АР23485390 «Практикалық философия - әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудағы интегралды білім беру мен дизайн-ойлау тұжырымдамалық метамоделі» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

Әдебиеттер

1. Herbert Arlt, Donald G. Daviau Culture, civilization, and human society. EOLSS Publications, 2009. – 340 p.
2. Әуезов М. 12 томдық. - 12 т. - Алматы: Жазушы, 1969. - 532 б.
3. Баллер Э.А. Преемственность в развитии культуры. – М.: Наука, 1969. – 249с.
4. Исаенко Г.Н. Роль исторической преемственности в развитии науки. – М.: Знание, 1969. – 24с.
5. Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған академик Ә.Н. Нысанбаевтың таңдаулы ғылыми еңбектерінің 10-томдық жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016.

РОЛЬ ВООБРАЖЕНИЯ ДЛЯ ДЕТСКОГО ТВОРЧЕСТВА И ВИРТУАЛЬНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ

Алексей Крюков

Самаркандский государственный университет им. Ш. Рашидова, Узбекистан

Аннотация: в докладе обосновывается тезис, что акт зрения – это не пассивный процесс, но отдельная, достаточно сложная функция мозга. Отталкиваясь от понятия «воображения» у Канта, приводится пример с детскими рисунками. Делается вывод, что детское воображение – это особая виртуальная реальность, которая функционирует по простейшему способу производства представляемых объектов.

Abstract: the paper substantiates the thesis that the act of seeing is not a passive process, but a separate, rather complex function of the brain. Starting from Kant's notion of 'imagination', an example with children's drawings is given. It is concluded that children's imagination is a special virtual reality, which functions according to the simplest method of production of represented objects.

Описание творческого процесса достаточно сложная задача. Неоспоримо то, что в нем задействована важная составляющая интеллектуального усилия – способность воображения. Данная способность была описана еще Кантом в его «Критике чистого разума». Приведу цитату немецкого мыслителя: «Воображение есть способность представлять предмет также и без его присутствия в созерцании. Поскольку способность воображения есть спонтанность, я называю ее иногда также продуктивной способностью воображения [1, С. 204–205]».

Кантом планомерно проводится различие между продуктивной и репродуктивной способностями воображения. Продуктивная способность воображения – способность представлять предмет без его наличия. Важное отличие и характеристика данного способа воображения состоит в том, что мы можем воспроизводить в нашем сознании не только те предметы, которые мы когда-либо видели (этому способствует репродуктивная способность), но также и предметы, которые мы никогда не видели и с которыми мы никогда не сталкивались. Т. е. хотя у нас и не было опыта восприятия этих предметов, но представить себе их можем. В таком случае мы можем иметь дело с фантастическими мирами, которые по мысли Канта являются ноуменальными сущностями, и причина возможности их возникновения заключается в том, что мы в состоянии оперировать априорными категориями без того, чтобы наполнять совой опыт чувственными данными. Об этом он говорит также в своей «Критике способности суждения», указывая на то, что воображение связано с априорным созерцанием [2, 190]. Для функционирования сознания необходимы воображение, согласующееся с априорными формами и объединяющее как многообразные формы созерцания опыта, так и деятельность рассудка [2, 219]. Можно сказать, что, с одной стороны, согласно Канту в нашем познании происходит объединение разных восприятий благодаря функции воображения, а с другой стороны в воображении формируются различные эстетические идеи.

Итак, мы обладаем способностью представлять, воображать себе вещи, которые никак не связаны с повседневным опытом. В этой связи интересны представления предметов детей, которые они пытаются изобразить на бумаге. Детские рисунки могут показаться наивными. Так оно и есть. Но важнее попытаться понять, не как, а что пытается изобразить ребенок на бумаге. Этот посыл оказывается достаточно сильным. Первый момент, на который необходимо указать: ребенок пытается перенести на бумагу видимое. И тогда он сталкивается с огромной трудностью адекватного изображения того, что он видит. Какие проблемы возникают прежде всего? Дело в том, что привычное нам изображение, наиболее адекватно описывающее нами

видимое с современной точки зрения, представляется посредством прямой линейной перспективы. Т. е. изображаемое на бумаге видится из определенной точки, как центра. Проблема, с которой сталкивается как ребенок, так и древние люди, заключается в том, что такая перспектива, хотя и наиболее близка нашему принципу зрительного восприятия, для прорисовки изображаемого объекта, явно недостаточна. Главное в изображении предмета, животного, человека, их сущность, говоря языком Аристотеля, заключается в том, чтобы изобразить самое существенное. И речь не идет о том, что древние люди и ребенок еще недостаточно владеют мастерством, для изображения предметов. Совершенно не в этом дело. Скорее всего, речь идет о том, что мы сталкиваемся с однобокостью перспективного рисунка. Это совершенно верно, что рисунок, как фотографическая карточка должен был бы отображать предмет так, как мы видим. Но ребенок при этом чувствует определенный изъян в своем творчестве. Благодаря способности воображения он представляет предмет целиком, а изображение в перспективе для него односторонне. Поэтому должна выбираться одна наиболее характерная проекция. Проведем параллель. Древние египтяне изображали людей, как правило, в профиль. С чем это связано? С тем, что такой ракурс дает наиболее полное, с их точки зрения, представление о человеке. Этот метод позволял им сохранить симметрию человеческой фигуры, с их точки зрения наиболее полно [3, 107]. К примеру, пруд и египтяне и ребенок не будут изображать, как обычно мы видим его на фотоснимках, поскольку фотокамера работает в прямой линейной перспективе. Пруд будет изображен, как прямоугольник, характеризуемый не искривленными формами, а по краям будут нарисованы деревья, но не в перспективе, а так, как будто каждое дерево рассматривается с отдельной точки зрения. Причина такого изображения заключается в неразрешимости проблемы адекватного перенесения на бумагу предмета в обычной прямой линейной перспективе, хотя она для нас является наиболее характерной. При этом необходимо учитывать, что простота детских рисунков не может характеризоваться исключительно их неумелостью. Возникает вопрос, а почему эти рисунки выглядят именно так, как они выглядят? Один из ответов заключается в том, что в сознании ребенка благодаря способности воображения, о которой мы говорили выше, происходит своего рода абстракция наиболее существенных признаков изображаемого объекта. Так, например, голова или ухо изображаются, как правило, при помощи кругов. Дело здесь совершенно не в том, что фигура круга является наиболее простой фигурой, доступной руке ребенка. Скорее круг представляет собой унифицированное воззрение ребенка на эти части тела. В его голове происходит своего рода абстрагирование существенных свойств рисуемого предмета. Получается, что при рисовании предметов ребенок как бы подменяет реальный видимый предмет, человека, животного, растение и т. д. на их виртуальный образ. Происходит своего рода переход к платоническому идеальному миру. В этой связи необходимо указать на тот факт, что видимое нами также конструируется и обладает своей специфической виртуальностью. Обычно склонны полагать, что процесс видения пассивен, и является своего рода регистрацией всего происходящего. Между тем сам это процесс чрезвычайно сложен и зависит от многих факторов: он обладает своеобразной генеалогией. Поэтому можно говорить о становлении визуальной субъективности [4, 163]. При анализе зрительного восприятия, как правило, учитываются следующие факторы: особенность восприятия цвета, палитры, цветовой гаммы, взаимное расположение объектов, их освещение, структура изображенного объекта, техника изображения, степень сходства с внешним объектом и многое другое. Нам бы хотелось обратить внимание на другой принципиальный момент: важно не столько принимать в расчет способы представленности зрительно воспринимаемого объекта, сколько понимать, что акт смотрения также фундируем определенными практиками. Иными словами, мы смотрим на эстетический предмет и видим его именно так, а не иначе. Можно сказать,

что не все, на что мы смотрим, мы видим, а если и видим, то определенным образом. То, что мы видим, по сути, виртуальная конструкция нашей способности воображения.

Литературы

1. *Кант И.* Критика чистого разума / Кант И. соч. : в 6 т. М., 1966. Т. 3.
2. *Кант И.* Критика способности суждения // Кант И. соч. : в 6 т. М., 1966. Т. 5.
3. *Арнхейм Р.* Искусство и визуальное восприятие. М., Прогресс, 1974.
4. *Dörpinghaus A.* Die Erziehung des Blicks – Technologien des Sehens. Zur genealogie visueller Subjektivität. In: *Sehen als Erfahrung.* Dörpinghaus A., Lembeck K. -H. Hsg. Freiburg/ München: Verlag Karl Alber, 2020.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІ Т. ЖҮРГЕНОВ

Омаров Дәулет Кәрібайұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Тарих және археология БББ аға оқытушысы, Философия докторы (PhD), Қызылорда, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен дамуы жөнінде баяндалады. Елдегі сол кезеңдегі реформалар, елді сауаттандыру ісінің жүргізілуі, мектептердің, оқулықтардың шығарылуы және алғашқы жоғары орындарының ашылуы жөнінде жан-жақты сипатталады. Ұлт қайраткері Т. Жүргеновтың халық-ағарту комиссары қызметін атқарған кезеңдегі ұлт руханияты мен білім беру жүйесінің дамуына қосқан үлесі, өмірі мен қызметі баяндалады.

Кілт сөздер: Т. Жүргенов, халық комиссары, Қазақстан, білім беру жүйесі

Аннотация. Т. Жүргенов и развитие народного просвещения в Казахстане в 1920-30 гг. В статье рассказывается о становлении и развитии народного образования в Казахстане в первые годы советской власти. Подробно описаны реформы того периода в стране, осуществление в стране работы по ликвидации неграмотности, выпуск школ, учебников и открытие первых высших учебных заведений. Народный деятель Т. Описан вклад в развитие системы образования, жизнь и деятельность Жүргенова в период его пребывания на посту по комиссара народного просвещения.

Ключевые слова: Т. Жүргенов, народный комиссар, Казахстан, система образования

Abstract. T. Zhurgenov and the development of public education in Kazakhstan in the 1920s and 30s. The article describes the formation and development of public education in Kazakhstan during the first years of Soviet rule. The reforms of that period in the country, the implementation of literacy work in the country, the production of schools, textbooks and the opening of the first higher education institutions are described in detail. National figure T. The contribution to the development of the education system, life and activities of Zhurgenov during his tenure as the Commissioner of Public Education are described.

Key words: T. Zhurgenov, national commissar, Kazakhstan, system education

Темірбек Қараұлы Жүргенов – қазақ елі мен Орта Азия халықтарының өмірінде, рухани-мәдени саласында, мемлекеттік жүйесінде, қоғамдық тарихында ерекше құбылыс болған, күрделі тұлға. Темірбек Жүргенов – Қазақстандағы білім, мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, өткен ғасыр басындағы республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болды. Темірбек Жүргенов ірі мемлекет қайраткері ретінде Қазақстанның XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұлт руханияты, мәдениеті мен саяси-қоғамдық тарихында лайықты орын алған саяси тұлға.

Ұлт қайраткерінің өмір жолына қысқаша шолу жасасақ Темірбек Жүргенов қазіргі Жалағаш ауданы, Жаңаталап ауылында дүниеге келген. Т. Жүргеновтің әкесі Қара елге қадірлі, іскер азамат болыпты, болыс қызметін атқарған. Үш әйел алған, олардан оншақты перзент сүйген, үлкен әулеттің арқасүйері болған. 1917-жылғы төңкерістен кейін біраз малынан айырылған ол 1928-жылдары ірі бай ретінде тәркілеуге ұшырап, жер аударылған. Еліне қайта оралғасын «халық жауы» деп айыпталып, ату жазасына кесілген.

Көзі ашық, көкірегі ояу Қара Жүргенұлы өзінің екінші әйелінен туған перзенті Темірбекті алғашында ауыл мұғаліміне оқытқан, кейін Перовскідегі (Қызылорда)

орыс-қазақ училищесіне берген екен. Темірбек аталған училищені Ұлы Қазан төңкерісі болатын 1917-жылы бітіріп шығады. Осы аралықта ол ауыл мұғалімі Мұхамеджаннан, ағартушы ақын Тұрмағанбет Ізтілеуұлынан, тұңғыш орыс-қазақ сөздігін жазған Досмұхаммед Букиннен Шығыс пен Ресей және Еуропа әдебиеті мен ғылымы жөнінде дәріс алып, көп нәрсені игеріп шыққан. Ол орыс тілін еркін меңгерген, екі тілде де өте сауатты жазатын болған. 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. Темірбек Қараұлының саяси-қоғамдық көзқарасының қалыптасуына оның осы Уфадағы кезеңі ықпал етті десе болады. Уфада оқып жүргенде студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына белсене қатысады. Бірақ Азамат соғысының кесірінен ол оқу орны көп ұзамай жабылып қалады. Қазан төңкерісі Темірбек Жүргеновтың саяси тұлғасын қалыптастыруда шешуші роль атқарды. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің редакциялық алқасы құрамына енумен қатар Торғайдағы кеңестер съезін шақыру бюросының мүшесі болды. 1919 жылы Ырғыз уезі Кенжеқара болысы революциялық комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалып, 1920 жылы БК (б)П қатарына өтіп, Ырғыз уездік революциялық комитетінің, уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып сайланған. 1921-1923 жылдары Орынборда жұмысшы факультетінде білім алады. 1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберіледі. Университетте оқып жүріп-ақ, Т. Жүргенов баспасөз беттерінде көптеген зерттеулері мен мақалаларын жариялайды. Оның еңбектерінде қазан төңкерісі қарсаңындағы Орта Азия мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және демографиялық жағдайы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің алғы шарттары мен қозғаушы күштері, социалистік мәдениеттің дамуы туралы пікірлері қарастырылған. Мәселен, «1916 жылғы қазақтар көтерілісі кезіндегі қала мен ауыл», «Қазақ университетін құру жөнінде», «Мектептің түрі, тілі туралы», «Қазақстанның ақындары мен жыршылары» деген еңбектері Т. Жүргеновтің зерттеушілік қабілетін жоғары екенін көрсетеді. Осында оқи жүріп, ол Қазақ АКСР-ының Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады, Қазақ АКСР-ы мен Түркістан Республикасының орталық атқару комитеттеріне мүше болып сайланып, өлкелік және республикалық партия ұйымдарының конференциялары мен пленумдарына қатысады. Орталық Азияда құрылған республикалар аумағының ұлттық-территориялық межеленуіне де атсалысқан. Осы бір өзекті мәселе төңірегінде «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттерінде жарияланған «Орта Азия Республикасында тұратын қазақтардың хал-жайы» атты тарихи-этнографиялық очерктерінде қазақтардың жалпы жағдайын, санын, кәсібін, шаруашылығы мен әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді, атқарылуға тиісті міндеттерді жеке-жеке қарастырып, орын алған жаңсақ пікірлерді сынады. Елді аудандастыру қарсаңындағы теориялық-практикалық жұмыстарға, талқылауларға қатыса отырып, университетті бітіретін қарсаңда «СССР мен Қазақстанды әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы» деп аталатын тақырыпта диплом жұмысын жазды. Диплом жұмысы 1928 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шықты. Патша үкіметінің отаршылдық ниетпен қазақ жерін қайткенде біріктірмеу мақсатында Қоқанға, Бұхар әмірлігіне, Хиуа хандығына қосқан қазақ жерлерін тарихи-ғылыми тұрғыдан сараптап, Түркістан республикасының қарамағындағы Жетісу, Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу ісіне әрі студент, әрі елші Т. Жүргеновтің қосқан үлесі зор. Сол кезеңнің басты мәселесі – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межелеу ісіне белсене араласқан ол Қазақстан іргесінің ұлттық тұтастануына, оңтүстік өңірдің қалың қазағының бір шаңырақ астына топтасуына айтарлықтай атсалысты. 1926 жылы ашылған Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының тұңғыш директоры қызметіне тағайындалып, Институтқа академик В. В. Бартольд, профессор С. Е. Малов секілді ғалымдарды шақыртып, жастардың терең білімді болып жетілуі үшін қызмет етті. Бір қызығы Темірбек Қараұлы институт директоры болып тағайындалғанда, ол Орталық

Азия университетінің құқық мамандығының 4 курс студенті болатын. Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж. Аймауытулы, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов т. б. авторлардың шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау т. б. туралы құнды мәліметтер берген. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе, терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Тіпті, жоғары оқу орындарына арналған саяси экономия және құқықтану пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен айналысты.

Орта Азия аймағындағы саяси оқиғалардың бел ортасында жүрген Темірбек Жүргенов қазақ халқының саяси және қоғамдық-мәдени өмір сахнасына дербес ұлт ретінде шығуына, тартысқа түскен ұлттық шекараның дұрыс белгіленуіне айрықша белсене араласты. Экономиканы жақсы меңгерген Т. Жүргенов 1929-1930 жылдары –Тәжікстан Республикасының қаржы комиссары болып қызмет атқарды. Ол Тәжікстанның экономикасын дамытуда көптеген іс-шаралар ұйымдастырды. Республика дамуының бірінші бесжылдық жоспарын жасауға қатысты. Индустрияландыру ісін, мақта заводтарын, жібек фабрикаларын, кен өндіру өнеркәсібін, Варзоб ГЭС-нің бірінші кезегінің құрылыстары мен авто және теміржол құрылыстары жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуін қадағалады. 1930-1933 жылдары – Өзбекстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарды. Қызмет істеген жылдары Тәжікстан мен Өзбекстанның экономикасын нығайтуға, мәдениетін көтеруге, халыққа білім беру ісін жолға қоюға, сол кезде қолға алынған үлкен реформа- мәдени революцияны іске асыруға құлшына кірісіп, жүздеген мектептер ашты, оқулықтар шығару ісіне мұрындық болды. Оның бұл бауырлас халықтар арасында жоғары сенімге ие болуының басты себебі – осы екі ұлттың тілдерін жетік меңгергендігінен деп айтуға болады. Бала кезінен Тұрмағамбет шайырдан өзбек, тәжік, парсы, араб тілдерін үйренуі қызмет істеп жүрген кезінде жергілікті халықпен емін-еркін сөйлесіп, олардың тілінде баяндамалар жасауға септігін тигізді. 1933-1937 жылдары Қазақ билігінің арнайы шақыртуымен елге оралып Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарды. 1937 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Саяси билікте жүріп Халық ағарту комиссариаты жұмысына С. Аспандияров, Қ. Жұбанов, Ғ. Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Сондай-ақ, ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М. Әуезов, Ж. Шанин, Ә. Қастеев сынды басқа да өнер майталмандарының шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына негіз қаланды. Т. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Өзі басқарған салаларда іргелі табыстарға қол жеткізеді. 1933 жылы Т. Жүргеновтің ұсынысы бойынша өлкелік комитет «Ұлттық өнерді дамыту туралы» қаулы қабылдады. Көркем өнердің жаңа ошақтары ашылды. Республикалық драма театрынан Қазақ музыкалық театры бөлініп шықты. Филармония, ұлт аспаптар оркестрі, хореографиялық училище, ұйғыр театры ұйымдастырылды. 1934 жылы Алматыда Қазақстан жазушыларының бірінші съезі, Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының I-слетінің негізгі ұйымдастырушыларының бірі болды. 1935 жылы Қазақстан мәдениеті қызметкерлерінің тұңғыш съезі өтті. Онда Т. Жүргеновтің жасаған «Қазақстандағы мәдениет революциясы» атты баяндамасы сол кездегі қазақ мәдениетінің проблемаларын кең көлемде көтеріп, оның өткені мен бүгінгі жағдайын, болашағын теориялық және практикалық бағытта түйіндеген құжат болған еді. Ал 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін ұйымдастыру арқылы халқымыздың төл өнерін төрткүл дүниеге танытуға ерекше еңбек сіңірді.

Т. Жүргенов республика Халық ағарту комиссары болып небәрі төрт жыл ғана істеді. Бірақ сол төрт жылда қазақ өнері мен мәдениеті, білім беру ісі салаларында өте көп істер тындырылды. Т. Жүргенов қазақ халық музыкалық өнерінің шығармаларын зерттеу және шығармашылық игеру ісінде көрнекті музыканттар мен хореографтар А. В. Затаевичтің, Али Ардабустың, И. В. Коцықтың және басқалардың ізденіс еңбегін жоғары бағалады және жан-жақты қолдады. «Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін белгісіз болған қазақ эпосы, - деп жазды Жүргенов, - халық шығармашылығының ең бай қазынасын білдіреді. Кеңес өкіметі кезінде азаматтық құқығын алған домбыра аспабы қазақ өнерінің шеберлерінің қолында виртуоздық музыкалық биіктерге көтеріледі»-деді.

Сонымен қатар Т. Жүргеновтің қаламынан көптеген публицистикалық шығармалар жарық көріп, ұшқыр ой, көсемсөздерді мұра етіп қалдырды. «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою кітаптары», «Саяси экономия оқулығы», «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары», т. б. очерктері мен мақалалары сол кезеңдегі қоғамдағы түйткіл мәселелерге арналып жазылды.

Т. К. Жүргеновтің бұрынғы халық өнерінің жаңа талантты орындаушыларын іздеудегі қажымастығы мен шынайы құмарлығын сипаттай отырып, досы Арбап Сарынов өзінің естеліктерінде көптеген замандастарын оның республиканың түрлі өңірлеріндегі көркемдік салт-дәстүрлердегі, тұрмыстың, киімнің, музыкалық және тілдік ерекшеліктеріндегі және жергілікті халықтың өнеріне қызығушылығы мен білімдарлығы, оған терең ізденіспен келуі, ой тереңдігі мен ерекше кеңдігі таң қалдырғанын айтады.

Елге сіңірген еңбегі үшін Т. Жүргенов 1936-жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Оның ел игілігі үшін атқаратын шаруалары әлі де алда еді. Дегенмен 1937-жылы басталған жаппай саяси қуғын-сүргін науқаны қыруар игі істердің басы-қасында жүрген Т. Жүргеновті де өзінің шеңгеліне іле кетті. Оған «халық жауы, ұлтшыл, Кеңеске қарсы терроршы-көтерілісші, шпиондық-диверсанттық ұйымдарға басшылық еткен, жұмыстарына белсене араласқан» деген сияқты ақылға сыймайтын бірнеше айыптар тағылған. Кейін сот оны ату жазасына кесті. Үкім 1938-жылы 25-ақпанда Алматының іргесіндегі Қандысай деген жерде орындалған. Бұл кезде есіл ердің жасы небәрі 39-да еді. Қоғам және мемлекет қайраткері Темірбек Жүргенов халықтың мұң-мұқтажын жоқтап, жұртшылықпен етене араласқан басшы ретінде елдің есінде қалды. Қазақы қалпымызды сақтауға және мәдениетіміз бен өнерімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосқан ардақты азаматтың ұлттық идеология мен руханият тарихында алатын орны бөлек. Темірбек Жүргенов халқының мүддесі үшін қызмет еткен мықты саясаткер, халқының рухани байлығын дамыту жолындағы еңбегімен тарихта аты қалған тарихи тұлға деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Иманғалиев Б. С. Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттаржинағы), Алматы, 2012, Б. 20-21.
2. П. Б. Сейітқазы. Темірбек Жүргенов еңбектеріндегі оқу-ағарту мәселелері «Орта Азия мен Қазақстанның білімі мен мәдениетін дамытудағы Т. Жүргеновтың рөлі және рухани мұрасы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. Астана қыркүйек. 2014 жыл.
3. Иманғалиев Б. С. Жүргенов Темірбек Қараұлы // Ана тілі. 2009, 5 маусым, 6 б.
4. Жолдасбеков М. Қазақ руханиятының жарық жұлдызы// Ақтөбе, 2011, 20 қыркүйек. 3 б.
5. Жақсыкелдинов Ж. Темірбек Жүргенов - Кеңес заманындағы ұлттық ойсананың ілгерілетушісі. 2015, 27 сәуір.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ -МӘДЕНИ ДАМУЫ

Айтасова Қарлығаш

«№148 орта мектебі» КММ-нің тарих пән мұғалімі, Шиелі ауданы, Қызылорда облысы

Аңдатпа. Бұл баяндамада қазақ халқының рухани-мәдени дамуына жаңаша көзқараспен талдау жасалады. Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі мәдени мұралар мен дәстүрлі құндылықтар сарапталады. Сонымен қатар, қазіргі заман жағдайында рухани құндылықтардың трансформациясы мен жастар арасындағы мәдени сананың қалыптасуы қарастырылады. Жұмыстың жаңалығы — ұлттық мәдениетті қазіргі қоғаммен үйлестіре отырып, оның жаңа қырларын көрсету.

Аннотация. В данном докладе представлен современный взгляд на духовно-культурное развитие казахского народа. Анализируются культурное наследие и традиционные ценности от древности до современности. Особое внимание уделяется трансформации духовных ориентиров в условиях современности и формированию культурного сознания среди молодежи. Новизна работы заключается в попытке осмысления национальной культуры в контексте актуальных общественных реалий.

Abstract. This report provides a modern perspective on the spiritual and cultural development of the Kazakh people. It analyzes cultural heritage and traditional values from ancient times to the present. Special attention is given to the transformation of spiritual values in modern society and the formation of cultural awareness among youth. The novelty of the work lies in interpreting national culture through the lens of current societal trends.

Қазақ халқының рухани мәдениеті – ұлттың тарихи жады мен дүниетанымының айнасы. Ол ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан бай рухани тәжірибе мен даналықты қамтиды. Бүгінгі жаһандану дәуірінде бұл мәдениеттің жаңа мазмұнға ие болуы мен жаңаша сипат алуы – өзекті ғылыми мәселе. Осы орайда тарихи сабақтастық пен мәдени жаңашылдық арасындағы үйлесімділікке назар аудару қажет.

Қазақ халқының рухани мәдениеті кең ұғымды қамтиды. Оның құрамына тіл, әдебиет, дін, салт-дәстүр, өнер, ұлттық мораль және философиялық көзқарастар кіреді. Бұл мәдениеттің басты ерекшелігі – халықтың Қазақ халқының тарихында рухани мәдениет ауыз әдебиеті, жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер, жыраулық дәстүр арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. Мысалы, Қорқыт ата, Асан қайғы, Бұқар жырау сынды ойшылдардың еңбектері — халықтың дүниетанымын, салт-санасын сақтаушы құрал болды. Сонымен қатар, шежіре мен тектілік ұғымы, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлер де қазақтың рухани сабақтастығының көрінісі. Табиғатпен үйлесімді өмір сүру салты мен ауызша дәстүр арқылы берілуі. Мысалы, жыраулық поэзия мен шежірелер халықтың тарихи жады ретіндегі қызмет атқарады. [2,27бет]

Тарихи сабақтастық – ұлт мәдениетінің дамуын үздіксіз қамтамасыз ететін тетік. Қазақ қоғамында бұл үрдіс отбасы тәрбиесі, әдет-ғұрып, жырлар мен ертегілер, діни сенімдер арқылы жүзеге асты. Атадан балаға берілген рухани мұра – халықты Қазақ халқының рухани мәдениетінің құрамына тіл, дін, әдебиет, музыка, өнер, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер кіреді. Домбырамен орындалатын күй өнері, терме мен айтыс – ұлттық өнердің жауһарлары. Қазақ тілі – рухани мәдениеттің басты тірегі, ал ислам діні – адамгершілік пен рухани тәрбие көзінің біртұтастығын сақтау мен ұлт ретіндегі өміршеңдігін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, ислам діні қазақ мәдениетінің этикалық және рухани негізін нығайта түсті.

Қоғам дамыған сайын рухани мәдениет те жаңа мазмұнмен толығып отырады. ХХІ ғасырда ақпараттық технологиялар мен жаһандану үдерістері ұлттық мәдениетке әсер етуде. Дегенмен, бұл үдерістер тек қауіп төндіріп қоймай, сонымен қатар мәдени жаңғыруға да мүмкіндік береді. Қазіргі жастардың ұлттық өнерге, әдебиетке, тілге

қызығушылықты жаңа формада арттыруы — жаңашылдықтың мысалы. Мемлекеттік деңгейде қабылданған «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары рухани құндылықтарды жаңғыртуға септігін тигізді. Білім беру жүйесіне ұлттық тәрбие элементтерін енгізу, тарихи жәдігерлерді цифрландыру, дәстүрлі өнерді насихаттау — мәдениетті сақтау жолындағы маңызды қадамдар. Қазіргі заманда рухани мәдениет жаңа бағыттармен толықты. Заманауи технологиялар арқылы ұлттық өнер мен дәстүрлер жаңаша сипатқа ие болып, кеңінен таралуда. Мысалы, ұлттық музыка мен әдебиет цифрлық форматта дамып, интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жастарға жақындай түсті. Жаңа буын ұлттық құндылықтарды заманауи стильде қайта жандандыруда. Мектептерде ұлттық тәрбиені насихаттау, дәстүрлі өнерді үйрету, ана тілінде сөйлеуге баулу — ұлттың болашағы үшін аса маңызды. Ұлттық рухта тәрбиеленген жас ұрпақ елінің тарихын біліп, болашағына сеніммен қадам басады. [5. 14бет]

Рухани мәдениет — халықтың ішкі жан дүниесі мен санасының көрінісі, ұлттық құндылықтардың, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың, дін мен дүниетанымның жиынтығы. Уақыт ағымына байланысты бұл мәдениет те дамып, жаңарып отырады. ХХІ ғасырда рухани мәдени дамуға жаңаша серпін беретін түрлі факторлар пайда болды: жаһандану, цифрландыру, білім мен ғылымның жаңа деңгейге көтерілуі. Осы өзгерістер рухани дамуға қалай әсер етіп отыр? Бұл сұрақ бүгінгі баяндаманың өзегін құрайды. Рухани мәдениет — адам мен қоғамның ішкі әлемін байытатын, өмірге деген көзқарасын айқындайтын құндылықтар жиынтығы. Қазақ халқының рухани мәдениетінің бастауында ата-баба мұрасы, мақал-мәтелдер, жыраулар поэзиясы, ислам діні, ұлттық дәстүрлер тұр. Бұл құндылықтар қоғамның моралдық қағидаларын, тарихи жадын және ұлт бірлігін қалыптастырды [3. 24бет]

Осындай қоғамға өз үлесін қосқан, оны жан-жақты зерттеген Баймырза Қожанберлиевті атап айтуға болады. Баймырза Қожанберлиев — философия ғылымдарының докторы, профессор. Ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде қызмет атқарады. Ғылыми-зерттеу саласы ретінде философия және тарих тақырыптарында еңбектер жазған. Мысалы, «Мұстафа Шоқайдың ұлт-тәуелсіздігі идеясы» атты мақаласында Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздікке қатысты көзқарастарын талдаған

Бүгінгі таңда рухани мәдениетті жаңғыртудың басты шарты — оны заман талабына сай бейімдеу. Жаңашылдықтың бірнеше көрінісін атап өтуге болады:

Цифрлық дәуірдің ықпалы: Мәдени мұралар, кітаптар, жырлар, деректі фильмдер цифрлық форматта таралып, кең аудиторияға қолжетімді болуда.

Білім беру жүйесінде ұлттық руханиятты енгізу: Мектеп пен ЖОО бағдарламаларына «Қазақ мәдениеті», «Рухани жаңғыру» сияқты пәндердің енгізілуі.

Жастардың жаңаша рухани ізденісі: Қазіргі буын қазақы дүниетаным мен қазіргі заманғы құндылықтарды үйлестіре отырып, өзіндік көзқарас қалыптастыруда.

2017 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық руханиятты жаңғырту жолында маңызды қадам болды. Бұл бағдарлама аясында:

Ұлттық мұралар зерттеліп, қалпына келтірілуде;

Қазақ тілін латын графикасына көшіру жұмыстары басталды;

Жергілікті қасиетті орындар картасы жасалды;

«100 жаңа оқулық» жобасы іске асты.

Этнофестивальдер мен ұлттық брендтер — заманауи үлгіде жаңғырған қазақ киімдері, музыкасы, тағамдары.

Ұлттық кодқа бет бұру — жеке тұлғалардың, әсіресе шығармашылық өкілдерінің өз болмысын ұлттық құндылықтармен айшықтауы.

Әлеуметтік желідегі мәдени ағарту — TikTok, YouTube, Instagram секілді платформаларда дәстүрді насихаттайтын блогерлер мен парақшалар көбеюде.

Қорытынды. Қазақ халқының рухани мәдени дамуы — күрделі әрі көпқырлы үдеріс. Тарихи сабақтастық мәдени мұраның беріктігін қамтамасыз етсе, жаңашылдық оның заман талабына сай дамуына жол ашады. Осы қос бағыттың үйлесімі арқылы ұлттың рухани болмысы сақталып қана қоймай, жаңа деңгейге көтеріледі. Сондықтан да қазақ халқының рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда зерттеу мен дамыту – уақыт талабына сай маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер.

1. Мырзалы С. Қазақ халқының рухани мәдениеті және қазіргі заман. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
2. Нұрмұратов С. Н. Қазақ мәдениетіндегі дәстүр мен жаңашылдық: философиялық талдау // Философия және саясаттану журналы. – 2014. – №2. – Б. 21–27.
3. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір. [3. 24бет]
4. Қалмырзаев Т. Қазақ жыраулық дәстүрі: тарихи-мәдени аспектілері. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2020.
5. UNESCO. List of Intangible Cultural Heritage. – 2019. <https://ich.unesco.org>

ҚОҒАМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАЛДАУ

Кунтупова Аяулым Маратқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің студенті,
Қарағанды, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Анламасова Ырсалды Жиентаевна

Андатпа. Қазіргі жаһандану дәуірінде технологиялық даму қоғамның идеологиялық құндылықтарына ықпал етіп, жастардың рухани бағдарларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Цифрлық дәуірде ақпараттық кеңістік пен жаһандық үрдістер жастардың дүниетанымы мен лидерлік қасиеттерін айқындап, оларға бағыт-бағдар береді. Көшбасшылық харизма, прагматизм және мәдени өзгерістер қоғамның рухани және моральдық құрылымын жаңа қырынан тануға мүмкіндік жасайды. Ақпараттық дәуірдегі Z жастары цифрлық мәдениеттің ықпалымен тәрбиеленіп, дәстүрлі рухани құндылықтар мен заманауи идеология арасында тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Бұл үрдіс жастардың элеуметтенуі мен өзіндік мәдени ортасын қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады.

Аннотация. В современную эпоху глобализации технологическое развитие оказывает влияние на идеологические ценности общества, играя важную роль в формировании духовных ориентиров молодежи. В цифровую эру информационное пространство и глобальные тенденции формируют мировоззрение молодежи и их лидерские качества, направляя их развитие. Лидерская харизма, прагматизм и культурные изменения способствуют новому осмыслению духовных и моральных структур общества. Поколение Z, воспитанное под влиянием цифровой культуры, стремится поддерживать баланс между традиционными духовными ценностями и современной идеологией. Этот процесс является ключевым фактором в социализации молодежи и формировании их культурной среды.

Abstract. In the modern era of globalization, technological development influences the ideological values of society, playing a crucial role in shaping the spiritual orientation of young people. In the digital age, the information space and global trends define the worldview and leadership qualities of youth, guiding their development. Leadership charisma, pragmatism, and cultural changes contribute to a new perception of society's spiritual and moral structures. The Z generation, raised under the influence of digital culture, strives to maintain a balance between traditional spiritual values and modern ideology. This process serves as a key factor in the socialization of young people and the formation of their cultural environment.

Әлемнің жаһандануындағы технологиялық даму үдерісі, қазіргі қоғамның идеологиялық құндылықтарына байланысты қалыптасудың әр қилы кезеңдерін бастан кешіріп отыр. Осы өзгерістер жағдайында жастардың рухани құндылықтарына байланысты туындайтын маңызды мәселе - қоғамдағы тұлғалық қалыптасуы мен орнын айта аламыз. Әртүрлі факторлардың, оның ішінде лидерлік харизманың, қазіргі адамның прагматизмі мен жаһандық сын-кәтерлердің қоғам мен мәдениетке тигізетін әсері, жастардың тұлға ретінде идеологиясының рухани қалыптасуына зор ықпал етеді.

Қоғам мен мәдениет – адамзат өркениетінің негізін қалаушы екі ұғым болып табылады. Қоғам – адамдардың бірлестігі мен элеуметтік қатынастарының жүйесі болса, ал мәдениет – сол қоғамның құндылықтар жүйесі, рухани және материалдық мұраларының көрінісі. Қоғам мен мәдениет өзара тығыз байланыста дамиды. Қоғамдық

өмірдегі өзгерістер мәдениетке әсер етсе, мәдениет қоғамның рухани және идеологиялық дамуына ықпал етеді. Қазіргі қоғамдағы жастар – мәдениет пен қоғамның қозғаушы күші және ары қарай дамуына әсер етеді. Жастардың құндылықтары, көзқарастары және өмір сүру қағидаттары қоғам мен мәдениеттің болашағын айқындайды. Томас томасдың "Утопия" еңбегінде идеалды қоғам концепциясы жастардың қазіргі рухани ізденістеріне ұқсас медиа бағыттарын ұсынады. Мор идеалды қоғамды әділеттілік пен теңдікке негіздеді [4,71-бет]. Қазіргі қоғамдағы мәдени жаңғыру мен лидерлік концепциясы осы утопиялық идеялармен үндеседі. Жастардың мәдени дамуы мен рухани ізденістері Мордың утопиялық құндылықтарына ұқсас және жастардың социум арасында мәдени орта қалыптастыруына ықпалды адамдардың қатарынан екенімен толық сәйкес келеді.

Жаһандану жағдайында әлемнің бәрі өзара байланысты болып жатқан кезде, жастар көптеген жаңа сынақтармен бетпе-бет келуде, олардың ішінде дәстүрлі рухани бағдарлардың сабақтастығы бүгінгі қоғамның шынайы құндылықтарымен дамудың ерекше басқа нысанасын көздейді. Технологиялық жаңалықтар мен ақпарат ағынына бейімделген Z жастары, өз әлемінің үлгісіндегі қоғамның идеологиясын қабылдайды, бұл рухани бағдарлардың сындарлы дамуына алып келеді. Рухани құндылықтар, мысалы, моральдық ұстанымдар, дәстүрдің бұрмалануы орын алып, прагматизм мен жеке қызығушылықтардың басымшылығына жол беруде. Осындай мәселелерге байланысты қоғамның мәдени идеологиясындағы кейбір әлеуметтік шикілік пен шиеленістерге алып келетін түсініспеушіліктер орын алады. Z жастары қазіргі заманның цифрлық әлемінде өмір сүру барысында ақпараттың көптігі мен өркениетпен алмастырылған мәдениетке тап болады. Бұл жағдай олардың дүниетанымын интерпретациялық идеологиямен ойлауға және заманауи үлгідегі сыни көзқарастарға алып келеді. Алайда, әлеуметтік желілердегі идеализация шынайы өмірдің ақиқатына сәйкес келмейді. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, жастардың көпшілігі қазіргі уақытта материалдық табыс пен жеке жетістіктерге аса назар аударып, ұқыпты рухани және моральдық қалыптасуға аз көңіл бөлетіні өтірік емес. Бұл жағдай өз кезегінде, қоғамдағы әлеуметтік бірліктің артықшылығы өзгеше қарқында көрініс беріп, адамгершілік нормалардың табыс көзімен өлшенуіне алып келеді. И.Кант «Бәрінің не бағасы не құндылығы бар, егер бағасы болса бірдеңені айырбас ретінде қоя аламыз, ал бағадан жоғары және өзгермейтін болса ол құндылыққа ие. Мораль кез-келген бағадан жоғары және тыс. Мораль мен оған шама-шарқынша қабілетті адамзат қана құндылыққа ие» деп қарастырады.

Қазіргі қоғамда көшбасшылық феномені әлеуметтік, саяси және мәдени процестердің ажырамас бөлігіне айналды. Лидерлік харизма — бұл көшбасшының өз идеялары мен көзқарастарын көпшілікке жеткізе алу қабілеті ғана емес, сонымен қатар адамдарды өзінің соңынан ерту, оларға рухани және интеллектуалдық ықпал ету мақсатында әрекет етеді. Харизма – адамның ішкі сенімі мен өз ісіне адалдығының көрінісі ретінде әлеуметтік ықпалдастықтың қуатты билік күшіне айналады. Қоғамдық даму процесінде лидерлік харизма әлеуметтік құрылымдардың тұрақтылығы мен қоғамның моральдық және мәдени құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Харизмалы көшбасшының беделі мен ықпалы халықтың санасына, мінез-құлқына және құндылықтарына әсер етеді. Харизмалы көшбасшылар жастарға мотивация беріп, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Тарихи контексте көптеген ұлы көшбасшылар, мысалы, Александр Македонский, Наполеон немесе Махатма Ганди, өздерінің харизмалары арқасында халықтың назарын аударып, рухани және мәдени қоғам құндылықтарын қалыптастыра отырып, жаңа мәдени және қоғамдық төңкерістер жасап қана қоймай, әлеуеттің ойлауына жаңа формациялық ойлар алып келді. Бұндай тұлғалар қазақ қоғамында да аз болмады. Тарихта харизматикалық көшбасшылар – Абылай хан, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы секілді алаштың қозғаушы күшіне айналған, Ә. Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтың ұлттық мәдениеттің

сақталуы мен дамуына айтарлықтай үлес қосқан көшбасшылар жетерлік. Қазіргі әлемде осы қызметті саяси, экономикалық және мәдени көшбасшылар атқарады деуге де болады. Олар өз іс-әрекеттері мен идеялары арқылы жастарға әсер етеді және олардың құндылықтарын қалыптастырады. Идеалды прототип-қоғамның басым бөлігін құрайтын жастардың мәдениеті мен өмірге деген көзқарастарын формациялап қана қоймай, жиекте жаңа мәдениеттің дамуына әсер етеді. Идеал прототип ретінде қоғамға жол көрсететін, құндылықтарды сақтайтын және жаңғыртатын тұлғаның болуы қоғамның тұрақтылығын көрсетеді. Алайда, көшбасшылардың жастарға әсері оң немесе теріс болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Абайдың жиырма бірінші қара сөзінде айтылатын – мақтан деген қасиет осы тұста көшбасшылық харизманы қалыптастыруда медиа сфера әсерінен және технологиялар ықпалынан қатты өзгергенін байқау керек [1,55-бет]. Қазақ халқының бойындағы мақтан сезімі туралы Абайдың айтқандары бүгінгі күні жаңа сатыға көтеріліп, мемлекетіміздің стратегиялық идеологиясына айналды. Жауырды жаба тоқу, кілең жылт еткен жақсыны ғана термелеу, «айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады» дегендей түймедейді түйедей етіп жарияға жар салу, қоғам үшін істелуі керек қажетті дүниелерді қоғам игілігі, азаматтардың бақытты өмір сүруі үшін емес, ұпай жинау, мансап, көрініп қалу, жағыну, елді алдау үшін істейтін даңғаза деңгейіне жеткізу белең алып кеткені жасырын емес. Әлеуметтік желілерде жиі кездесетін «қара пиарды» қолданудың өзінде көп мәселенің бетін ашады. Поп-мәдениеттер мен жаһандық медиа дәуірінде лидерлік харизма көп жағдайда қоғамдық сананы манипуляциялау үшін пайдаланылып, қоғамда бұрыннан қалыптасқан құндылықтар мен нормаларды жетістік есебінде пайдалануға әкеледі.

Прагматизм философиясы негізінен шындық пен құндылықтарды олардың пайдалы әрі практикалық қолданылуына қарай бағалауды ұсынады. Елбасымыз Назарбаев өзінің мақаласында прагматизм жайлы: «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.» деп тұжырымдама жасады [5,2-3 бет]. Қазіргі қоғамда прагматизм жастардың құндылық жүйесіне үлкен әсер етеді. Жастар көбінесе материалдық жетістіктер, тиімділік пен жылдам нәтижелерге бағдарланып, рухани және мәдени аспектілерді екінші орынға қояды. Жылдам нәтиженің соңынан еру барысында қоғамда айшықталған тақырыптарға тек материалдық көзқараспен қарап, адами құндылықтардың маңыздылығын ескере бермейді. Дегенмен, прагматизмнің жағдайында жеке табыс пен рухани құндылықтардың сақталуы арасында теңгерімді табу маңызды. Адамның ішкі әлемін байыту, жеке үйлесімділікті дамыту және қоғамның мәдени мұрасымен байланыс орнату идеялары прагматизмнің шектеулерін жеңіп, рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуға негіз бола алады. МБұл мәселенің тарихында игіліктің астары бар екенін түсінген жөн.

Өзгерістердің жағымды жақтарына білімге қолжетімділіктің артуы, мәдени әртүрлілік және өзін-өзі білдіру мүмкіндіктерінің кеңеюін жатқызуға болады. Жаһандану жаңа даму көкжиектерін ашып, тұлғаның ғылым, өнер және философия салаларында дамуына мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар дәуірінде білімге қолжетімділік бұрынғыдан да кеңейе түсті. Жастар әртүрлі философиялық және мәдени дәстүрлерді зерттеп, жаңа идеялар мен концепцияларды меңгеруге мүмкіндік алды. Бұл олардың дүниетанымының кеңеюіне және сыни ойлаудың қалыптасуына ықпал етеді. Мысалы, Сократ шәкірттерімен диалогтарында өзін-өзі тану мен ақиқатты іздеудің маңыздылығын ерекше атап өткен [3,4-бет]. Бүгінде ғаламтор жас буынға «сұрақ қоюға» және сол сұрақтарға жауап іздеуге зор мүмкіндік береді. Онлайн курстар, жетекші университеттердің ашық дәрістері, мәдени алмасу бағдарламалары және сандық кітапханалар жастарға әлемнің әртүрлі салалары бойынша терең білім алуға жағдай жасауда. Қазіргі халықаралық жобалар мен мәдени алмасу бағдарламалары

жастарға мәдениетаралық байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Өртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас орнату басқа дәстүрлерді түсінуге және қабылдауға ықпал етеді. Ақпараттық қоғамның идеологиясы Z жастарының құндылықтардағы сұранысқа қызмет ете алады.

Бірақ мұнымен қатар, жаһандану мәдени және рухани қақтығыстарды, жеке тұлғаның артықшылықтарын және ұжымдық құндылықтардың жоғалуын тудырады, бұл жастар үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады. Одан бөлек, технологиялардың бақылаусыз дамуы терең қарым-қатынастардың жоғалуына, әлеуметтік оқшаулануға және жеке қатынастардың сапасының төмендеуіне әкеледі. Бұл өз кезегінде жастардың рухани және мәдени байланыстарындағы тарихи сабақтастықтың төмендеуіне алып келеді. Ақпараттық шамадан тыс жүктеме қазіргі жастардың ақпаратты қабылдау және талдау қабілетіне кері әсерін тигізуде. Әлеуметтік желілер, жаңалықтар арналарынан келетін ақпарат ағыны сыни ойлау мен терең талдауды қиындатады.

Жастардың рухани құндылықтарының өзгеруі, әсіресе прагматизмнің күшеюі, қоғамның әлеуметтік және моральдық құрылымын әлсіретуі мүмкін. Жеке табысқа деген ұмтылыс, материалдық байлық пен қысқа мерзімді мақсаттарға бағдарлану жастардың рухани байлығы мен ұзақ мерзімді құндылықтарды түсінбеуге әкеліп соғады. Сонымен қатар, рухани құндылықтар мен әлеуметтік байланыстардың болмауы әлеуметтік оқшаулануға және қақтығыстарға әкеледі. Әсте бұл мәселелердің шешімін табуға да болады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында философия, этика, логика, аксиология және мәдениеттану пәндерін енгізу жастардың рухани құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, Гарвард, Стэнфорд сияқты университеттердегі гуманитарлық бағыттағы курстар жастардың сыни ойлау қабілетін дамытып, олардың адамгершілік нормаларын нығайтады. Қоғамдағы социалды мәдениет пен рухани мәдениет тоғысқан кезде ғана алға ілгерілеу болады. Одан бөлек, жастарға арналған көшбасшылық тренингтер мен семинарлар өздерінің ішкі әлеуетін ашып, позитивті идеалдарды насихаттауға мүмкіндік береді. Еуропадағы “Лидерлер мектебі” бағдарламасы жастарды жауапты азаматтық белсенділікке және моральдық құндылықтарды ұстануға және интеллектуалды мәдениетке тәрбиелейді. Ақпараттық дәуірде жастардың ақпаратты талдау және сыни бағалау қабілеттерін дамыту аса маңызды. Бұл оларға әлеуметтік медиа мен интернеттегі ақпаратты дұрыс пайдаланып, рухани құндылықтар мен моральдық нормаларды сақтап қалуға көмектеседі.

Қорыта келгенде, қазіргі қоғамдағы жастардың рухани құндылықтарының дағдарысы — бұл ғаламдық өзгерістер мен әлеуметтік, мәдени және технологиялық процестердің күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Қазақ халқы қашаннан бала тәрбиесіне, жас ұрпақтың дұрыс қалыптасуына ерекше мән берген ел. Сондықтан «баланы тал бесіктен» тәрбиелеу керек деген даналық сөз қалдырған. Жастарды, ел болашағы ретінде жасынан қайратты, қайырымды, ақылды, адал, әділ, өнерлі етіп өсіру мәселесі қай кезде де айрықша мәселе болған. Қоғамның қалыптасуы мен мемлекеттің өркениеттілігін арттыру үшін ондағы адамдардың, әсіресе өскелең ұрпақтың рухани тұрғыдан жетілген болуына баса назар аударылады. Олай болса, біздің еліміздің болашағы болатын жастардың белсенділігі қандай бағытта дамуы керектігі өзекті мәселелердің бірі екені даусыз. Жастардың рухани бағдарларының әлсіреуі және моральдық құндылықтардың екінші орынға ығысуы қоғамда рухани тұрақсыздықтың қалыптасуына алып келеді. Бұл құбылыс философия мен мәдениеттанудың маңызды мәселесіне айналып, заманауи қоғам үшін өзекті міндеттерді айқындайды. Философиялық тұрғыдан алғанда, жастардың рухани құндылықтарының дағдарысы туралы Карл Ясперстің идеялары өзекті болып табылады. Карл Ясперстің мәдени және рухани дағдарыстың себебін адамның ішкі дүниесінің әлсіреуінен, материалдық құндылықтардың рухани құндылықтардан басым түсуінен көреді. Оның пікірінше,

қоғамдағы рухани және мәдени дағдарысты еңсерудің жолы — адамның өз болмысын түсінуі, өзінің ішкі табиғатын тануы және экзистенциалдық мәнін ашуы болып табылады. Ясперстің «шекаралық жағдай» ұғымы осы мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [1,51-бет]. Оның ойынша, адам дағдарысты бастан кешірген кезде ғана өзінің шынайы болмысын түсінеді және рухани жаңғыруға қадам жасайды. Жастар арасында рухани құндылықтартомасды қалпына келтіру және дамыту үшін дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіру маңызды. Қоғамның тарихи және мәдени мұралары жастар санасына сіңіріліп, оларды жаңа технологиялар мен жаһандық мәдениет талаптарына сәйкес бейімдеу қажет. Дәстүрлер мен заманауи құндылықтардың синтезі жастардың рухани және интеллектуалдық дамуына ықпал етеді. Жастарға ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлануға, жалған ақпарат пен манипуляциядан қорғана білуге үйрету қажет. Сыни ойлау жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өз ұстанымдары мен көзқарастарын саналы түрде қорғауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жастардың рухани тұтастығын және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтады. Сонымен қатар, жастардың рухани дамуы үшін шығармашылық және өзін-өзі тану мүмкіндіктерін кеңейту қажет. Мәдениет пен өнер, білім мен ғылым саласындағы жобалар жастарға өз қабілеттерін ашуға және рухани байлығын толықтыруға көмектеседі. Жастардың рухани құндылықтарын қалпына келтіру және дамыту — бұл мемлекеттік және қоғамдық институттардың, білім беру жүйесінің, мәдениет пен өнер саласының ортақ міндеті. Білімді жастарды рухани және мәдени құндылықтарға баулу арқылы ғана, қоғамның тұрақтылығы мен рухани кемелдігіне қол жеткізуге болады. Философиялық және мәдени талдау жастардың рухани дамуы мен мәдени бағдарларын қалыптастыруда дәстүр мен жаңашылдықты үйлестірудің маңызды екенін көрсетеді. Сондықтан қазіргі қоғамдағы жастардың рухани дағдарысын еңсеру үшін философиялық рефлексия мен мәдениеттанулық талдауды тереңдету қажет.

Әдебиеттер.

1. Ясперс, К. Духовная ситуация времени// К. Ясперс. – Москва: Республика, 1991. ,51-бет
2. Диалоги с Сократом // А.В. Марков. – Издательство АСТ, 2023. 4-бет
3. Мор, Т. (2018). *Утопия*. Москва: «Юрайт» издательство, 71-бет
4. Назарбаев, Н. Ә. (2017). *Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру*. — Астана. 2-3 бет
5. Абай Құнанбайұлы. *Қара сөздер*. – Алматы: Жазушы, 2022. 55-бет

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОЦЕССТЕРГЕ ҢҚПАЛЫ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Сейілбекова Фариза Арманқызы

№46 А. С. Пушкин атындағы мектеп-лицейі, Шиелі ауданы, Қызылорда облысы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ руханиятының заманауи әлеуметтік процестерге ықпалы қарастырылады. Дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы ұлттық мәдениеттің дамуы мен қоғамдағы орнына әсер ететін маңызды фактор ретінде талданады. Қазақтың дәстүрлі құндылықтары мен қазіргі заманның өзгерістері арасындағы өзара ықпалдастық мәдени тұтастықты сақтауда және ұлттық бірегейлікті нығайтуда маңызды рөл атқарады. Зерттеуде қазақ руханиятының қазіргі қоғамдағы орны, оның әлеуметтік үрдістерге тигізетін ықпалы және ұлттық сананың жаңғыруындағы маңызы сараланады.

Аннотация. В данной статье рассматривается влияние казахской духовности на современные социальные процессы. Взаимосвязь традиций и новаторства анализируется как важный фактор развития национальной культуры и её роли в обществе. Взаимодействие между традиционными ценностями казахов и изменениями современности играет ключевую роль в сохранении культурной целостности и укреплении национальной идентичности. В исследовании анализируется место казахской духовности в современном обществе, её влияние на социальные процессы и значение в обновлении национального сознания.

Annotation. This article examines the influence of Kazakh spirituality on modern social processes. The interrelation of traditions and innovation is analyzed as an important factor in the development of national culture and its role in society. The interaction between traditional Kazakh values and modern changes plays a key role in preserving cultural integrity and strengthening national identity. The study analyzes the place of Kazakh spirituality in modern society, its influence on social processes and its importance in the renewal of national consciousness.

Кіріспе. Қазақ халқының руханияты ғасырлар бойы ұлттық бірегейліктің, мәдени құндылықтардың және қоғамдағы тұрақтылықтың негізі болып келді. Заманауи әлеуметтік үдерістер аясында дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімділігі қоғамның тұрақты дамуына және рухани тұтастығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бұл мақалада қазақ руханиятының қазіргі әлеуметтік өзгерістерге ықпалы қарастырылады. [4. 5 б]

Қазақ руханияты және оның дәстүрлі негіздері.

Қазақ руханияты — ұлттық салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, дінмен және әдеби-мәдени мұралармен тығыз байланыста дамыған күрделі құбылыс. Ол – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтардың, салт-дәстүрлердің, діл мен діннің, өнер мен мәдениеттің өзара сабақтастығынан тұратын тұтас жүйе. Қазақ халқының дүниетанымы мен өмір сүру салты осы рухани жүйенің негізінде қалыптасқан.

Қазақ руханиятының басты өзегі — ұлттық дәстүрлер. Сан ғасырлық тарихы бар бұл рухани мұра ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Атап айтқанда, қазақтың отбасы институты, қонақжайлылық дәстүрі, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсету, ұлттық қолөнер мен музыка, ауыз әдебиеті және діни наным-сенімдер ерекше мәнге ие.

Қазақ руханиятының бастауы — бай ауыз әдебиеті. Халық ертегілері, жырлар, эпостық дастандар, мақал-мәтелдер мен шешендік сөздер ұлттық сананың қалыптасуына елеулі үлес қосты. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек»

жырлары арқылы қазақ халқының арман-мұраттары, ерлік пен адалдық, махаббат пен достық сынды құндылықтары ұрпаққа аманат етілді.

Сонымен қатар, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне тән әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер рухани келбеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Бата беру, Наурыз мейрамын тойлау, ас беру, құда түсу, қонақ күту секілді рәсімдер ұлттық болмысты айқындайтын салттық кешендерге жатады.

Ұлт руханиятының қалыптасуында ислам дінінің орны ерекше. Дәстүрлі қазақ қоғамында ислам дінімен сабақтас рухани құндылықтар адамгершілік, әділеттілік, мейірімділік, сабырлылық сияқты қасиеттерді насихаттады. Ислам мәдениетінің ықпалымен қазақ халқы білім мен ғылымға, өнер мен әдебиетке зор мән берді.

Қазақтың дәстүрлі музыка өнері – ұлттық руханияттың маңызды құрамдас бөлігі. Қобыз, домбыра, жетіген секілді аспаптарда орындалған күйлер халықтың ішкі жан дүниесін, рухани күйзелісін және өмірлік мұраттарын көркем бейнеледі. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет сынды дәулескер күйшілердің шығармалары – қазақ мәдениетінің алтын қорына енген рухани мұралар. Сонымен қатар, айтыс өнері де қазақ халқының тапқырлығы мен шешендік дәстүрін танытатын маңызды рухани құндылық ретінде қарастырылады.

Заманауи әлеуметтік процестер және олардың қоғамға әсері

Қазіргі кезеңде жаһандану, урбанизация, цифрландыру және әлеуметтік желілердің кең таралуы қоғам өмірінде терең өзгерістерге әкелуде. Бұл үдерістер жаңа құндылықтардың қалыптасуына ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар дәстүрлі руханиятқа да түрлі деңгейде әсер етуде. Кейбір жағдайда бұл құбылыстар қазақ руханияты үшін сын-қатерлер туғызуы мүмкін. Алайда, олар дәстүрлі мәдениет пен заманауи жаңашылдықтың үйлесім табуына да жол аша алады.

Бүгінгі таңда әлеуметтік процестер қоғамның барлық саласына енетін негізгі факторлардың біріне айналды. Әлеуметтік өзгерістердің шапшандығы мен кең ауқымдылығы адамдардың өмір салтына, құндылықтық бағдарларына және өзара қарым-қатынас формаларына түбегейлі ықпал етуде. Мұндай процестерге дер кезінде ғылыми баға беріп, олардың оң және теріс жақтарын саралау – рухани жаңғыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі [7. 11 б].

Глобализация және ақпараттық қоғам. Глобализация – қазіргі заманның ең маңызды әлеуметтік процестерінің бірі. Ол әлем халықтарын жақындастырып, мәдени, экономикалық және саяси байланыстарды күшейтуде. Интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы ақпараттың жылдам таралуына, адамдардың пікір алмасуына және әртүрлі мәдениеттердің өзара ықпалдасуына мүмкіндік берді. Дегенмен, бұл процесс жергілікті мәдениеттер мен дәстүрлердің жойылу қаупін де тудырады.

Урбанизация және миграция. Қалаларға қоныс аударудың күшеюі урбанизация процесінің үдемелі жүруіне алып келді. Бұл жағдай экономикалық мүмкіндіктерді арттырғанымен, экологиялық мәселелердің ушығуына, халық санының шамадан тыс көбеюіне және инфрақұрылымға түсетін жүктеменің өсуіне себеп болуда. Сонымен қатар, ішкі және халықаралық миграция қоғамдағы этникалық және мәдени әртүрлілікті арттырып, жаңа әлеуметтік бейімделу процестерін туындатады. [7. 22 б]

Цифрлық технологиялардың дамуы және әлеуметтік өзгерістер. Цифрлық трансформация адамдардың өмір сүру салтына үлкен өзгерістер енгізуде. Онлайн білім беру, қашықтықтан жұмыс істеу, электрондық коммерция секілді үрдістер қоғамның құрылымын жаңаша қалыптастыруда. Бұл өзгерістер жұмыс күшінің жаңа дағдыларды игеруін талап етіп, дәстүрлі мамандықтардың жойылуына немесе түрленуіне ықпал етеді.

Экологиялық сана мен тұрақты даму. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері әлеуметтік процестердің ажырамас бөлігіне айналды. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың азаюы және экологиялық дағдарыстар қоғамда экологиялық сананың дамуына түрткі болды. Бүгінгі таңда көптеген елдер тұрақты даму қағидаттарын ұстана

отырып, жасыл технологияларды енгізуге және экологиялық проблемалармен күресуге ұмтылуда. [6. 10 б]

Гендерлік теңдік және әлеуметтік әділеттілік. Әлеуметтік әділеттілік пен теңдік мәселелері қазіргі қоғамда өзекті тақырыпқа айналды. Гендерлік теңдік, этникалық және діни әртүрлілік, адам құқықтары секілді ұғымдар қоғамдық пікірталастардың негізгі тақырыбына айналып, құқықтық және институционалдық өзгерістерге алып келуде. Бұл өзгерістер адамдар арасындағы теңдік пен өзара құрметті арттырып, қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді. Заманауи әлеуметтік процестер қоғамды түбегейлі өзгертуде. Олардың оң әсерлері инновациялар мен технологиялық дамуға серпін берсе, кейбір жағымсыз тұстары әлеуметтік теңсіздік, мәдени бірегейліктің жоғалуы және экологиялық мәселелердің ушығуы сияқты проблемаларды тудыруда. Сондықтан әрбір әлеуметтік өзгерісті саналы түрде қабылдап, оның салдарын сараптау маңызды. Қоғамның тұрақты дамуы үшін әлеуметтік процестерді тиімді басқару және олардың оң әсерін күшейту басты міндет болып табылады. [10. 6 б]

Дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы. Дәстүр мен жаңашылдық бір-біріне қарама-қайшы ұғымдар емес, керісінше, олар қазақ қоғамының дамуы үшін бірін-бірі толықтыратын екі маңызды элемент. Мысалы, ұлттық өнер мен мәдениет цифрлық платформа арқылы кеңінен насихатталуда, ал қазақ тілін сақтау мен дамыту бағытында жаңа технологиялар қолданысқа енгізілуде. Сонымен қатар, рухани құндылықтар заманауи білім беру жүйесінде маңызды орын алуда. Қоғам дамуының негізінде дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімділігі жатыр. Дәстүр – өткеннен жеткен асыл мұра, ал жаңашылдық – болашаққа бастар жол. Екеуінің қатар дамуы адамзат өркениетінің ілгерілеуіне септігін тигізеді. Дәстүр – халықтың рухани қазынасы, мәдени коды. Ол ұлттың ерекшелігін айқындап, қоғамның тұтастығын сақтайды. Қазақ халқының салт-дәстүрлері ұрпақ тәрбиесінде, әдеп-ғұрыптарда және ұлттық болмысты қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Мысалы, «Бесікке салу», «Тұсаукесер», «Ашамайға мінгізу» секілді дәстүрлер балаларды ерте жастан қоғамдық өмірге бейімдеуге бағытталған. Алайда заман өзгерген сайын қоғамның сұранысы да өзгереді. [4. 11 б]

Ғылым мен технология дамыған сайын, жаңа ойлар мен тың идеялар пайда болады. Жаңашылдық – қоғамды алға жетелейтін күш. Ол прогреске жетуге, адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мысалы, цифрлық технологиялардың дамуы білім беру жүйесін түбегейлі өзгертіп, оқыту үдерісін жеңілдетті. Дәстүр мен жаңашылдық қарама-қайшы ұғымдар емес, керісінше, бірін-бірі толықтырып отырады. Дәстүрге сүйене отырып, жаңашылдықты дамыту – ұлттың дамуына жол ашады. Мысалы, ұлттық киімдерді заманауи үлгіде тігу, ұлттық музыканы жаңа бағытта орындау, дәстүрлі тағамдарды қазіргі технологиямен әзірлеу – дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімді тоғысуының айқын көрінісі. Қорытындылай келе, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Дәстүрді сақтау – өткенді бағалау болса, жаңашылдықты дамыту – болашаққа бастар жол. Сондықтан да, екеуін тең ұштастыра білу – ұлттың өркендеуінің кепілі. [1. 13 б]

Қазақ руханиятының қоғамдағы рөлі мен келешегі. Рухани құндылықтар қазақ қоғамының әлеуметтік тұрақтылығын, ұлттық бірегейлігін және мәдени тұтастығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі мәдени мұраны заманауи жағдайларға бейімдеу арқылы ұлттың рухани әлеуетін нығайтуға болады. Жастардың рухани тәрбиесіне мән беру, ұлттық идеологияны нығайту, діни және мәдени бірегейлікті сақтауға бағытталған бағдарламаларды дамыту – бұл болашаққа бағытталған маңызды қадамдар. Қазақ халқының руханияты – ұлттық болмысымыздың айнасы, мәдениетіміздің дінгегі. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүріміз, тіліміз, әдебиетіміз, өнеріміз, салт-дәстүріміз арқылы халықтың ой-санасын, дүниетанымын айқындайды. Қазақ руханияты тек өткеннің мұрасы ғана емес, ол – болашақтың да бағдаршамы.

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы оның рухани байлығына байланысты. Қазақ руханиятының рөлі ең алдымен ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды. Тарихымызды білу, ұлы тұлғаларымыздың еңбектерін ұлықтау – жастарды отансүйгіштікке, парасаттылыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, руханият – халықтың адамгершілік құндылықтарының жиынтығы. Ұлы Абай, Шәкәрім, Мағжан Жұмабаев сынды тұлғаларымыз ұсынған идеялар бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Абайдың «Толық адам» концепциясы, Шәкәрімнің ар-ұждан туралы ойлары қазіргі қоғамда әлі де маңызын сақтап тұр. Тіл мен әдебиет те қазақ руханиятының өзегі. Қазақ тілі – ұлттың жаны, оны сақтап, дамыту – болашақ ұрпақтың міндеті. Бүгінде қазақ әдебиеті мен өнері жаңа деңгейге көтеріліп, әлемдік аренада мойындалып келеді. Бұл – рухани жаңғырудың бір көрінісі. Қазіргі жаһандану заманында рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту ерекше маңызға ие. Ақпараттық технологиялар мен сандық дәуірдің қарқынды дамуы ұлттық мәдениеттің өзгеруіне ықпал етуде. Дегенмен, қазақ халқының рухани мұрасын заман талабына сай жаңғырту – ұлттық тұтастықты сақтаудың басты шарты. Болашақта қазақ руханиятының дамуы бірнеше бағытта жүруі тиіс: **Тіл мен мәдениеттің жаңғыруы** – қазақ тілін ғылым, технология және бизнес салаларында кеңінен қолдану арқылы оның беделін арттыру. **Жас ұрпақтың тәрбиесіне басымдық беру** – ұлттық құндылықтарды дәріптейтін білім беру жүйесін нығайту. **Қазақ руханиятын әлемдік деңгейде насихаттау** – әдебиетіміз бен мәдениетімізді халықаралық деңгейде таныту үшін заманауи технологияларды пайдалану. Қазақ руханиятының болашағы – оны сақтайтын, дамытатын және жаңғыртатын ұрпақтың қолында. Егер біз өз құндылықтарымызды қадірлей білсек, руханиятымызды әлемдік өркениетпен ұштастыра отырып дамытсақ, онда халқымыздың болашағы жарқын болары сөзсіз. Қазақ руханияты – қоғамның тірегі, ұлттың айнасы. Оның қоғамдағы рөлі ұлтты біріктіру, мәдени мұраны сақтау, адамгершілік құндылықтарды насихаттауда жатыр. Ал оның болашағы – әрбір қазақтың өз рухани мұрасына деген құрметінде. Ұлттық руханиятты дамыту – тек өткенді сақтау емес, оны жаңа заманға бейімдеу, жаңғырту, әлемдік деңгейге көтеру. Осы мақсатта әрбір азамат ұлттық мәдениет пен рухани байлыққа үлес қосуы тиіс.

Қорытындылай келе, жалпы қазақ руханияты мен заманауи әлеуметтік үдерістер өзара тығыз байланыста дамуда екенін байқадық. Дәстүрлерді сақтау және оларды жаңа заман талаптарына сай бейімдеу арқылы қазақ қоғамы өзінің рухани негіздерін жоғалтпай, дамудың жаңа деңгейіне көтеріле алады. Ұлттық бірегейлікті сақтау және оны заманауи өркениетпен үйлестіру – тұрақты дамудың басты шарты. Осылайша, қазақ руханияты бүгінгі әлеуметтік үдерістерге ықпал етіп, қоғамның үйлесімді дамуына негіз бола алады. Қазақ руханияты – ұлттың жаны, оның өткені мен бүгіні, болашағының кепілі. Дәстүр мен рухани құндылықтар халықтың бірлігін нығайтып, ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ұлы Абай айтқандай, "Адамды адам еткен – тәрбие", ал сол тәрбиенің негізінде қазақ халқының рухани мұрасы жатыр. Ұлттық руханиятымызды сақтап, дамыту – әрбір азаматтың парызы. Қазақ руханияты – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтардың, тарихи-мәдени мұраның және заман талабына сай жаңғырудың үйлесімді көрінісі. Дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы ұлттық болмысты сақтаудың және оны жаңа деңгейге көтерудің маңызды шарты болып табылады.

Қазіргі әлеуметтік процестер ұлттық сана-сезімнің артуына, қазақ мәдениеті мен құндылықтарының қайта жаңғыруына ықпал етуде. Жаһандану дәуірінде рухани мұраның сақталуы мен оны жаңа мазмұнда дамыту – қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізгі тетіктерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен ұлттық бірегейлігі бүгінгі заман талаптарына бейімделе отырып, заманауи әлеуметтік өзгерістерге тиімді ықпал ете алады.

Дәстүр мен жаңашылдықтың өзара сабақтастығы арқылы қазақ қоғамы рухани тұтастықты сақтай отырып, бәсекеге қабілетті мәдени кеңістік қалыптастыра алады.

Бұл үрдіс ұлттық тәрбиенің маңыздылығын арттырып, рухани жаңғыру бағдарламасының стратегиялық бағыттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан қазақ руханиятының әлеуметтік процестерге ықпалын жан-жақты зерттеу мен дамыту – қоғам дамуының өзекті мәселелерінің бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер.

1. Алтай, А., & Қалиев, С. (2019). *Қазақ мәдениетінің жаңғыруы және дәстүр сабақтастығы*. Алматы: Қазақ университеті.
2. Әбдірасылова, Г. (2021). *Қазақ руханияты және ұлттық бірегейлік*. Астана: Фолиант.
3. Нұрғалиев, Р. (2020). *Қазақ әдебиеті және заманауи әлеуметтік құндылықтар*. Алматы: Атамұра.
4. Қойшыбаев, Е. (2018). *Қазақ руханиятының даму кезеңдері*. Алматы: Өнер.
5. Сейітова, Ш. (2022). *Дәстүр мен жаңашылдық: ұлттық құндылықтардың трансформациясы*. Нұр-Сұлтан: Экономика баспасы.
6. Мұқанов, С. (2017). *Қазақ халқының мәдени мұрасы және заманауи үрдістер*. Алматы: Білім.
7. Айталы, А. (2019). *Рухани жаңғыру және ұлттық идеология*. Астана: Фолиант.
8. Тұрсынов, Х. (2020). *Әлеуметтік өзгерістер мен қазақ қоғамының рухани дамуы*. Алматы: Қазақ университеті.
9. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. (2021). *Қазақ руханияты: өткені мен бүгіні*. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.
10. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" мақаласы. (2021). Egemen Qazaqstan газеті.

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ЗАМАНАУИ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-МӘДЕНИ КӨЗҚАРАСТАР

Сейдилдаев Амантай

«№148 орта мектебі» КММ-нің көркем еңбек пән мұғалімі,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы.

Аңдатпа. Бұл баяндамада қазақ руханиятындағы дүниетанымдық құндылықтар мен олардың заманауи философиялық және мәдени көзқарастармен байланысы қарастырылады. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік, моральдық және рухани құндылықтардың маңызы ерекше орын алады. Абай Құнанбаев және басқа да қазақ ойшылдарының философиялық мұралары арқылы қазақ дүниетанымының негіздері талданып, қазіргі қоғамдағы өзгерістер мен жаһандану үдерістерінің әсері қарастырылады. Баяндамада қазақтың дәстүрлі дүниетанымын сақтау мен жаңғырту, ұлттық құндылықтарды заманауи талаптарға сәйкес дамыту мәселелері көтерілді. Бұл жұмыс қазақ мәдениетінің рухани байлығын қорғау мен оны болашақ ұрпаққа жеткізу үшін маңызды мәселелерді қамтиды.

Аннотация. В данном докладе рассматриваются духовные ценности казахского народа и их связь с современными философскими и культурными взглядами. Важнейшие аспекты казахского мировоззрения, такие как гармония между природой и человеком, а также моральные и духовные ценности, занимают особое место в истории и культуре казахского народа. Через философское наследие таких мыслителей, как Абай Кунанбаев, анализируется основа казахского мировоззрения, а также влияние современных изменений и процессов глобализации на эти ценности. В докладе обсуждаются вопросы сохранения и обновления традиционного казахского мировоззрения, адаптации национальных ценностей к современным требованиям. Работа затрагивает важные вопросы защиты духовного богатства казахской культуры и передачи его будущим поколениям.

Abstract. This report explores the spiritual values of the Kazakh people and their connection to contemporary philosophical and cultural perspectives. Key aspects of Kazakh worldview, such as the harmony between nature and man, as well as moral and spiritual values, hold a special place in the history and culture of the Kazakh people. Through the philosophical legacy of thinkers such as Abai Kunanbayev, the foundation of the Kazakh worldview is analyzed, as well as the influence of modern changes and globalization processes on these values. The report discusses issues of preserving and renewing traditional Kazakh worldview and adapting national values to contemporary demands. The work addresses important issues related to the protection of the spiritual wealth of Kazakh culture and its transmission to future generations.

